

Л2016
3016к

Гүлжан ОРДА

СӨЗ ҚҰДІРЕТІ



Гүлжанан ОРДА

СӨЗ ҚҰДІРЕТИ

Зерттеулер мен мақалалар



Книга «Сөз құдіреті» - это сборник научных монографий и рецензий, посвященных проблемам изучения языка и языковедения в Казахстане. В книге представлены результаты научных исследований, выполненных в различных областях языкоизучения, в том числе в области лингвистики, языковедения, языкоискусства, языкообразования, языковой политики и т. д. Книга адресована широкому кругу читателей, интересующимся проблемами изучения языка и языковедения в Казахстане.

СДЕЛКА
УЧЕВ ЗЕРКЕ

055-202-114-000

АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

055-202-114-000

Гүлжан ОРДА

СӨЗ ҚҰДІРЕТІ

Зерттеулер мен мақалалар



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 қаз)

О 67

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандың мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрагат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» кіні бағдарламасы бойынша жарық көрді»

О 67

Орда Г.

Сөз құдіреті: Зерттеулер мен макалалар. /Г.Орда. – Алматы: «Каратай КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016.– 384 б.

ISBN 978-601-7505-22-6

Кітапқа автордың соңғы жылдары жазған зерттеулері мен макалалары топтастырылған. Бірінші бөлімдегі зерттеулер тәуелсіздік тұсында жазылған шығармаларда қаламгерлердің негізінен тарихымызды түгендеуге бет бұруын танытса, екінші бөлімдегі шығармашылық портреттер бүтінгі қазақ әдебиетінің аяқ алдысын бағамдайды. Зерттеуші қазіргі қазақ әдебиетінің қол жеткізген жетістіктерін жекелеген қаламгерлердің шығармалары арқылы сарапайды.

Үшінші бөлімге жекелеген кітаптарға жазған рецензиялары мен Ж.Ысмағұлов, Ә.Нарымбетов, Т.Кәкішев Б.Майтанов сынды әдебиеттанушы-ғалымдар туралы макалалар мен естеліктер топтастырылған.

Кітап әдебиеттанушы-ғалымдар мен докторанттар, магистранттарға және ұлт әдебиеті мен тарихын білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0



КБЖ 83.3 (5 қаз)

ISBN 978-601-7505-22-6

© Орда Г., 2016.

© «Дәстүр», 2016.

© «Каратай КБ» ЖШС, 2016.



БІРІНШІ БӨЛІМ

ЗЕРТТЕУЛЕР



ҚАЗІРГІ ПОЭМАДАҒЫ МӘҢГІЛІК МҰРАТТАР

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ ақындары өздерінің шығармалары арқылы тек қана ұлттық емес, жалпыадамдық мәселелерді көтере білді. Көркем шығармаларға қоғам мен заманнан үлкен орын алатын өзекті мәселелер негіз болса, қазіргі қазақ ақындарының шығармаларына арқау болған осындай қоғамдық мәні зор мәселенің бірі – азаттық, бостандық, тендік. Азаттық пен бостандық тек қазактың ғана емес, жалпы адамзат баласының арманы екені белгілі. Қазіргі таңда қазақ ақындары сан ғасырлар аңсаған егемендігіміз жолында қаншама қан төгіліп, қаншама жанның өмірі қыршынынан қыылғанын жан-жақты бейнелеуде. Адамзатқа ортақ бостандық мәселесінің қазақ халқы үшін де орны ерекше. Бұл мәселені ақындар тарихи тақырыптарға жан бітіру, қазіргі қоғамда өмір сүріп жатқан замандастарымыздың тағдырын көркем бейнелеу арқылы шешуге тырысты. Олардың қатарында Қ.Мырза-Әли, К.Салықов, М.Рәш, Н.Ораз, Ж.Бөдеш, Н.Айтұлы, Н.Оразалин, А.Егеубаев, Т.Әбдірахманқызы, К.Ахметова, Б.Жақып, Қ.Аманжол, И.Тасқараұлы, М.Бектемірова, А.Мұхаметқалиқызы және басқа ақындарды атауға болады.

Осы мақсатта тарихи поэмаларды көптең жазған ақынның бірі – Несіпбек Айтұлы. Оның «Тоғыз тарау» жинағына енген «Сардар», «Бердіқожа батыр», «Шақантай», «Сары қаз», «Көкала үйрек», «Ерлік пен тектілік», «Кәмей ұшқан», «Тұс – елес» сынды поэмаларының дені тарихи тақырыпты арқау еткені мәлім. 2006 жылы 31 тамызда Шығыс Қазақстан облысы, Аяқөз ауданы, Шұбартау өнірінде Шақантай батырдың 300 жылдық тойы аталаған өтті. «Шақантай» поэмасы егемен елдің батырына жасаған құрметтін одан да жоғары асқақтатып түр.

Ал, «Көз жасым» (2006) жинағына «Басүйектер», «Жа-сынның сыйнығы», «Әнім саған – аманат», «Үзілмендер, үндістер», «Мұқағали-Желтоқсан», «Бәйтерек» поэмалары енсе, «Ерлікке ескерткіш» (2008) кітабынан «Ту» және «Ақмола шайқасы» поэмалары орын алдыпты. Тарихи та-қырыпқа құрылған поэмалардың негізгі идеясы – жалпы адамзатқа ортақ азаттық пен бостандық.

«Басүйектер» поэмасында ақын зымыран уақыттың өткеніне көз жүгіртіп, ғасырлардың қойнауына енген тарихтан сыр шертеді.

*Ғасырлардың сілкін қалсам шаң басқан,
Шошынамын өз көзіме наңбастан.
Бір ғасырлар қолы шолақ, көзі жсоқ,
Бір ғасырлар шойырылған жамбастан.
Бір ғасырлар дрең тұрар орнынан,
Басы-көзін қан басқан...» [251-б.],*

– дейді ақын.

Мүгедек жаннның аянышты тағдырын көз алдымызға елестете отырып, қазактың өткен тарихын мүгедек адаммен пара-пар суреттеуге дең қойған. Мүгедек күй кешкен ғасырлардан хабар беру үшін оларды сейлетуді көздеген ақын бас сүйектер ортасында отырган антрополог жігіттің алдында жатқан бастарға тіл бітіреді. Жер бетінде бір сәт тыным алмай, бір-бірімен арпалысқан адамдардың кешегі тірлігі өткен тарихымыздан сыр шертеді.

Бас сүйектерден шыққан дауыстар сарнай жөнелгенде бірі: «Аз ғұмырда арпалысып бағып ек, Ойсыз көрге оп-онай омалды...» десе, келесі дауыс: «Мен – хан едім, Арыстандай ақырған, Жолбарыстай атылған. Жауларымды қоғадайын жапырған, Дүниені қара судай сапырған», – деп сөз бастайды. Басында тәжі тұрғанда өмірді белшесінен басқан хан өмірді сарайымен, малайымен, тәж бен тағымен, алтынымен, бал түнімен қымбат деп түсінеді. «Алтын тақтан – ағайындық садаға!» деп төнірегіне сауысқаннан сақ болған Хан өмірі «әкеге істегеніңін балаңнан қайтатындығына» иландырады:

Өз қолыммен құртқан едім әкемді,

*Туган балам маган ажсал әкелді.
Менің басым баспалдақ бол қаланды,
Таққа барап қанды жолга қатерлі [254-б.]*

«Жер құдайы – қаһарлы хан жүрегі, мәңгілікке тоқтамайды» деп түсінген ханның көзінен гүлзарына хордың қызы түнеген, бұлбұл сайрап саулығын тілеген күндер бал-бұл ұшады.

Бірінші дауыс қаһарлы ханның өмірінен хабар берсе, екінші дауыс – оған қарама-қарсы өмірі құлдықта өткен жанның зары.

*Сорнадайын қайнатты да сорымды,
Қожайыным сорды қан мен солімді.
Жон-арқамда қамышысы ойнат қайғының,
Кекірегім қарс айрылып сөгілді [256-б.]*

– деген дауыс мәндайының соры бес елі, өмірінде тыным көрмеген, байдың отымен кіріп, құлімен шыққан құлдың аянышты өмірінің көркем бейнесі. Ақын сан ғасырлар теңдік, азаттық аңсаған халықтың арман-тілегін құл аузына салған. Оны поэманның бес шумағының бірінші тармағы «О, Бостандық!» деп басталатынынан байқауға болады. Осы сөзді бірнеше рет қайталау арқылы бостандықтың мәніне назар аударуды көздеген ақынның бостандық сөзін өмірі құлдықта өткен жанның аузына салуы шындыққа жақын.

*О, Бостандық!
Бостандық! – деп талтындым,
Сондықтан да дар агашиң тартылдым,
Немесе:
Жауыздықтың зәбірін,
Көрді менің, өзім түгіл қабірім.
Білер, сірә, отқа жанса өз ары,
Білмегендер еркіндіктің қадірін... [259-б.]*

– деген жолдар еркіндікті аңсаған бір адамның емес, 300 жылдан аса отаршылдықтың бұғауын киген қазақ халқының тәуелсіздікті көксеген күйінен сыр шертеді. Атеизмнің дәурені жүріп тұрган кеңестік дәүір тұсында ата-баба мұрделерін тегістеп, көрде жатқан аруақтарға

тыныштық бермегеніміз белгілі. «Қия бассам ашты маған аранын Зындандар мен түрмелер» дейтін құл өмірі, оның аузымен айтылатын бостандық туралы ойлар санғасырлар аңсаған азаттығымыз екені жасырын емес. Ақын адам баласы аңсаған азаттықтың құнын бір адамның аузына салуда шеберлік танытқан.

Ушінші дауыс – «Елім, Елім, Сен деп кана құн кештім» дейтін жанның жан айқайы. Бұл – қазаның қас жауына тепкізбей, астауын итаяқ етіп кепкізбей, жас тауын терең қайғыға шөккізбей, елінің азаттығы жолында қалың қол бастаған батырдың даусы. Ақын басқаның іргесіне өрт салмаған, елі мен жерін сыртқы жаудан қорғаған, қаса-рысқан дұшпанының қабырғасын көк найзамен іреген қас батырдың халқымен бірге жасайтындығын былайша дәріптейді:

*Елім үшін бердім басты өлімге,
Енді алаңсыз жетам мәңгі көрімде.
Өмір – халқым!
Халқым барда, мен бармын,
Жасай берем жарық дүние төрінде [261-б.]*

Төртінші дауыс – «Қара бетпін, Қара бетпін, Мына мен» деп аһ ұрган қарақшының өкініші. Қан ішпесе ке-незесі қаңсып кепкен қарақшының мақсаты – кісі тонау, кісі өлтіру болатындығы белгілі. Қарақшылық жасап қа-ныпезер атанған қарақшының аузымен айтылған «Менің өкшем тиіп кеткен маңдарға, Адам тұрмак, жоламады ан-дар да. Сыйынбадым Аллаға да, адамға, Сыйындым тек екі жүзді қанжарға» дейтін сөздердің астарында шындық бар. Оны ақын «Қарақшы» деген сөзді бірнеше рет қай-талаумен суреттеген:

*Қарақшыда болмайды екен ана да,
Қарақшыда болмайды екен бала да.
Қарақшыға бұйырмайды баспана,
Қарақшыға бұйырмайды мола да [263-б.]*

Кезінде бұлак сұына сусыны қанбай қанға шөліркеп жүретін қарақшының істеген ісіне өкінуі оқырманға ой салады. Авторлық ұстаным «Жер жүрегін жарапаса біреу-

лер, Қарақшы екеш қарақшы Мен де қарғап-сілеймін....
Өмір деген жұмыр жер ғой, жұмыр жер, Үа, Тәнірім, жұ-
мыр жерге ғұмыр бер!?'» деген қарақшы сөзімен өрілген.

Бесінші дауыс – еш күнәсіз пәк сәбидің үні. «Өмір –
әлде айдың нұры, күн нұры, Өмір – әлде аққан судың
сылдыры» дейтін сәби үшін өмір ананың алақаны тәрізді.
Тал бесіктен жер бесікке тез аттанған сәбидің өзге сәби-
лердің ғұмыры ұзак болуын тілеуі шындыққа үйлеседі.
Өмірі қысқа болған ол басқа сәбилердің ғұмырлы болуы-
на тілектес.

Алтыншы дауыс – «ақ қайынды үйқысынан оятып,
тылсым түнге жан сырын ақтарып» жүретін махаббат-
тың құрбаны болған ерке қыздың мұн-зары. Ақ таңың
шүғыласына шомылып, шыққан күнмен бірге шаттана
құліп жүрген қыздың «етімді шал сипаған құрт жесін»
деп шынырауға құлауы – қалыңмалға сатылған көптеген
қазақ қыздарының мұн-зары. Жауқазындай құлпырған
гүлдердің мезгілінен ерте солып, сабағынан қылышп түс-
кенін қаламаған ақын махаббат өмірдің нәрі екендігіне
сенімді:

О, махаббат!

Құдіретті өмір – сен.

Армансызбын көз жасың бол төгілсем.

Жеңсем егер бір өзің деп жеңдім де,

Бір өзің деп жеңілдім тек жеңілсем!.. [269-б.]

Жетінші дауыс – жер емшегін еміп өскен диканның
сыры. Титтей дәннің бойындағы үлкен құдіретті түсін-
ген диканның «Бір уыс дән көрден-көрге түсіріп, Бір уыс
дән жеткізеді бақытқа», – деуі нанымды. Өшкенді тұ-
татып, үзілгенді жалғап жүретін диканшыны өз баласы
көз алдында аштан өлгендігі құйзелтеді. «Етікшінің етік-
ке жарымайтыны» тәрізді дикан баласының аштан өлуі
өкінішті.

Күс-күс қолым – қан тамыры тірліктиң,

Өмір – наң ғой, наң бар жерде мен бармын, –

Немесе:

Нан – үмітің,

*Нан – шаттығың,
Нан – қайғың!
Соры да – нан,
Тері де нан маңдайдың!
Арың да – нан,
Жаңың да – нан,
Қаның – нан!*

Нансыз өмір бар дегенге нанбаймын [272-б.],

– дейтін диқан – адамзатқа тіршілік нәрін себуші жан.

Сегізінші дауыс – тірліктің тірегі – ана айқайы. «Арына дақ түспесін деп өмірдің, Қара көзден қанды жас бол төгілдім» дейтін ананың қуаныштан гөрі қайғысының көп болғандығын оның өмір жолымен түсіндіреді. Арпалысып, жұлысқан адам, отка өртеніп құрысқан дала, бытшыт болып құлғе ұшқан қала, бесігінде құрсінген бала, қасіреттен құнысқан даналарды көрген ананың «Ей, зұлымдық, Атың өшсін зұлымдық! Қан жұтқанша, қасіреттің уын жұт» деп зұлымдыққа лағнет айтуы орынды. Себебі, ананың алдында бүкіл әлем кішірейіп, тағым етіп тұрады. Соңдықтан да ақын «Меніңше өмір – махаббаты ананың, Меніңше өмір – бесіктең балбөбек....» деп өмірді ананың махаббатына балайды.

Тоғызыншы дауыс – сөз дауылын сапырып, найзағай бол атылып жүрген өр ақынның дауысы. «Жұрт жыласа, Жыладым мен мың есе» дейтін ақындардың елінің жоғын жоқтап жүретіні белгілі. Шаршы топта сұрырылып сөз бастайтын ақындардың ана тілінде жазған жырлары сан ғасырлар бойы елмен бірге жасайтыны анық. Соңдықтан да ақын:

*Бәрі бекер...
Өтті хан да, қара да,
Қарақшының басы қалды далада.
Бала, Ана, Туган халқым, Туган тіл –
Солар үшін барлығы да садага!* [279-б.]

– деген түйін жасайды.

Поэмадағы ханның, құлдың, батырдың, қарақшының, сәбидің, қыздың, диқаншының сөздері тек ұлттық мұд-

делерді емес, жалпы адамзатқа ортақ мәңгілік құндылықтарды көтеріп тұрғаны белгілі. Ақын жалпы адамдық мәселелерді ел мен жердің, азаттық пен құлдықтың, өлім мен өмірдің, тоқшылық пен жоқшылықтың қадірін өз басынан өткізген адамдарды сөйлету арқылы көтерген. Бұдан байқалатын нәрсе – тәуелсіздік тұсында қазақ ақындары ұлттық ауқымнан шығып, жалпы адамзатқа ортақ мәселелерге көніл аудара бастандығы. Оны төмендегі поэмалардан да көруге негіз бар.

Н.Айтұлының «Жасынның сынығы» атты поэмасы Қасым Аманжоловқа арналған. Поэма Абдолламен бір майданда болған Қасымның госпиталдағы сәтін суреттейді. Өң мен түстің ортасында жаткан Қасым жер де, аспан да, мұхит та қып-қызыл қанға бөгіп, қан өзен лықсып ағып жатқанын көреді. Осы сәтте Абдолла ақбоз атпен келіп Қасымды құтқарып кетеді. Көзін ашса, қасында Абдолла емес, ақ қалатты қызды көрген ол «күніреніп шашын жайған қара орманның» қайда кеткендігіне таң қалады. Осы тұста қолына қаламын алған Қасым ақын «селдетіп, нөсерлөтіп, жасындағып» жаза жөнеледі:

*Өр толқын, асау тасқын, шулы ағындар,
Ариңды неге солай бұрмадыңдар?
Бір сәтке Абдоллага ара туғін,
Ажалды неге бетке ұрмадыңдар?! [286-б.]*

Мезгілінен ерте солған Абдолланың қазасына өр Алтайға емес, табиғат ананың егілгенін ақын «Табиғат тұрды егіліп, жоқтау айтып, Кәрі жер омырауын жасқа бояп» деп образды бейнелейді. Ақын Қасым мен Абдолланы жүздестірмегенмен олардың рухын тілдестіреді. Ақындар рухы бірі өмірмен, екіншісі өліммен бақұлдасады. Қасым «Көп еді ғой айтарың, көп еді ғой, Көкірегің өлеңнің кені еді ғой» десе, Абдолла «Қол-аяғы кісенсіз... Кару ұстап, Айқаста өлген ақында арман бар ма?!» дейді. Автор екі дүниедегі ақындардың бақұлдасуына көп нәрсе сыйғызған. Қасым Абдолланың өліміне «Самайына санамның қырау салып, Үмітімнің көз жасын тамшылатар» деп егілсе, Абдолла оны жұбатып «Ақырғы ақын өзің бол

аза тұтқан, Соғыста өлген соңғы ақын мен болайын» деп жүбатады. Абдолла мен Қасымды бір таудың теріскейі мен күнгейіне балаған ақын оларды Ертіс пен Жайыққа тенеиді. «Бір ғұмыр бір-ақ сәттік жарқыл екен, Жасының жерге түсken сынығындай...» боларын ескерткен ақын Қасым мен Абдолланы жасының сынығына бала-са, оған Қасымның Абдолла туралы жыры мысал.

Н.Айтұлының «Әнім саған – аманат» деген поэмасына XX ғасыр тарихынан үлкен орын алатын Ұлы Отан соғысының бір шындығы негіз болған. Ақын тас тунек майдан даласындағы дүниенің құлағын шыңылдатқан зеңбірек пен автоматтың дауысын бір сәтке токтатпақ болған ақ қанатты көгершін – әнге жан бітіреді. «Шеш, майдан! Үстіндегі қан кейлекті» дей отырып, өмір мен өлім беттескен сәтте майдандағы жауынгерлерге патриоттық рух берген әуелеген әннің құдіретіне назар аударады. Әннің құдіретін өмірдің, тіршіліктің белгісіндей етіп суреттеуі орынды:

*Сілкінтің сезіміңді ойрандаган,
Ерекше барлық әннен майдандагы ән.
Майданға жетті, міне, Жүсіпбек бон,
Кайран ән кең далада сайрандаган! [294-б.]*

Жүсіпбек пен Рамазанның майдан даласындағы бір сәттік кездесуі мен Рамазанның «Жас қазак!» атты ән-аманатын халыққа жеткізгендігі нанымды. Ол майдан даласына жана леп алып келген Жүсіпбек Елебековтің әні арқылы зұлымдық пен ізгілік, жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім, ақ пен қара тәрізді өзара арпалысқан бір-біrine қарама-қарсы ұғымдардарды параллел суреттеуде жетістікке жетті. Бұл ұғымдар адам баласына мәнгілік құндылықтар жөнінде ой салады. Оны ақынның өлім мен өмір беттескен сәтпен бейнелеуі орынды. Елі мен жерін сыртқы жаудан қорғау тек қазақ халқына емес, адамзат баласына ортақ қасиет.

Жер бетінде бейбітшілік орнауын арман еткен қазақ ақындары әлемде болып жаткан қақтығыстарға, қан төгістерге, соғыстарға үрейлене қарады. Оны ақынның

«Үзілмендер, үндістер» атты поэмасынан көруге негіз бар. Поэманың жазылуына Америка үндістерінің басшысы Рассел Минстің жазыксыз қамауға алынғандығы түрткі болған. Тұрмысы да, тынысы да, мұраты да, мұрасы да тоналған үндістердің бостандық алуын аңсаған Минстің тұтқынға алынуына күә болған ақын тығырыққа тірелген үндіс халқына адамзат баласынан көмек сұрайды:

*O, адамзат!
Қол үшін бер, көмек ет?!
Үндістердің мүшкіл халін көре кет?
Тынар ма екен мына сұмдық-сұрапты,
Көмек ет!
Көмек ет! [315-б.]*

Осылайша теңдік, еркіндік аңсаған үндістердің «Ұлан-байтақ өлкемізді Уысына сыйдырды. Біріміздің желкемізді Бірімізге қидырды» деген зар-мұны қыырда жатқан қазақ ақындарына да қалам ұстартты. Адамзат баласын аландағатқан оқиғаны өзек еткен поэма үндіс жүртүйнің мүшкіл халін бөлісуден туған еді. Жер бетінде гі адамзаттың бейбіт өмір суруін көзденген ақын әлемге бейбітшілік нәрін септі.

Ол «Мұқағали – Желтоқсан» поэмасына отаршыл империяға карсы құрескен қазақ жастарының 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын арқау етті. Бұл поэманың да негізгі лейтмотиві – азаттық, бостандық, теңдік. Сонымен бірге «Ту» және «Ақмола шайқасы» поэмаларына да қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы жанкешті ерлігі негіз болды. Азаттық, бостандық жолындағы құрес егемен елдің Астанасымен ұштаса бейнеленген. «Төбенен елдік нұрын тұрған құйып, Өмірде ешнәрсе жоқ Тудан биік» деп көк байракты жоғары бағалаған ақын оған арнап кең құлашты эпикалық поэма жазды. Қазақ пен жонғар арасындағы Аңырақай жазығындағы қанды шайқасты негіз еткен «Ту» поэмасында Төле би, Қазыбек би, Бұқар жырау, Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай, Ақтанберді, Дәүлетбай, Шыңқожа, Көкжап Барак, би Боранбай, Жәнібек,

Баймұрат, Наурызбай, Бердіқожа, Қазымбет сынды ба-
тырлар мен Әсет Найманбайұлы, Кәрібай Таңатарұлы,
Жақыпбек Кәріпбайұлы (1864-1972) тәрізді бірсыныра
тарихи тұлғалардың есімі мен жер атаулары кездеседі.
Тарбағатай, Көктүма, Барқытбел, Ақшәулі, Анырақай,
Зайсан, Қойманырак, Қозыманырак, Құршім, Жеменей,
Майқапшағай, Қандысу, Майлышат, Алтай, Сауыр-Сай-
қан, Бөкенбай жазығы, Жағалбайлы тауы, Жетісу, Алатау
сынды жер атаулары поэмалың деректілік, тарихилық си-
патын толықтырары анық. Тарбағатай өңірінде өмір сүр-
ген, Әсет пен Кәрібайдың сонына ерген Жақыпбек Кәріп-
байұлы сынды шежіре қарттың айтуы арқылы жеткен
тарихи оқиғаны нақты деректермен толықтырған ақын
әйгілі Анырақай жазығындағы қанды шайқас туралы бір
шындықтың көркем бейнесін жасаған. Тоқсандағы шежі-
ре қартты бес жасында көрген ақынның бала кезінде есті-
ген оқиғасы араға жылдар салып эпикалық шығармаға
айналуы – қазақ тарихынан үлкен орын алатын оқиғаның
ешқашан да ескірмейтіндігінің мысалы.

Тарихи оқиғаны арқау еткен поэмалың кейіпкерлері
өмірден алынғандықтан мұнда шындық басым. Қазақ
пен жонғар арасындағы шешуші шайқасты жалаң бей-
нелеуден бойын аулақ салған ол жекелеген эпизодтармен
сол қанды оқиғаға жан бітірген. Құйрық-бауыр асасқан
құдаларының қоқандап, қазақ жеріне сұғына бергеніне
төзбеген Абылай қазақтың бар батырын жинап, шешуші
шайқасқа шығатындығын хабарлайды. Оның:

*Торғаут оңайлықпен алдырмайды,
Когадай жайламасақ жел жасырған!
Кететін турлері жоқ ақылга сап,
Ойрандан, омыртқасын опырмасақ.
Алтайдан ары асыра айдан салып,
Қарасын көрместей гып батырмасақ! [27-28-
б.],*

– деген сөзі бұл шайқастың өмір мен өлім беттескен сәт-
тегі шешушілік сипатын танытуға қызмет етеді.

Қазақпен ұзақ уақыт ұстасқан жонғардың да оңай жау болмағандығы олардың жекелеген батырларының ерлігімен суреттелуі шындыққа жақын. Жонғардың Күршім батырының жекпе-жекке Қабанбай мен Бөгенбайды шақыруы олардың да осал болмағандығын байқатса, Күршімді жер жастандырган Көкжал Барактың ерлігі қазақ батырларын бір қырынан танытқан. Қазақ батырларының саны жағынан өздерінен бірнеше есе көп жонғарлармен текетіресі елі мен жері үшін ақтық шайқастың жанды картинасы ретінде танылады. Ақынның қазақ жеріндегі біраз жер атауларының ерлігімен көзге түсken жонғар батырларының атымен аталатындығын жадында ұстағандығы Күршім, Жеменей, Зайсан, Майқапшағай атауларынан байқалса, «Қандысу» қазақ пен жонғардың қаны судай аққан жер ретінде тарихтан белгілі. Тарбағатайда кіші жұз табын Бөкенбай батырдың қолы жаткан жердің «Бөкенбай жазығы» атануы, Жағалбайлы қолы жаткан Тарбағатайдың бір саласы «Жағалбайлы» тауы атануы туралы эпизодтар елі мен жері үшін шаһид болған батырларды халықтың ешқашан да ұмытпайтындығының жарқын мысалы.

Ақшәуліге туын тіккен Дарабоздың төнірегіндегі баһадүрлердің барлығы – қазақ тарихынан үлкен орын алғатын қазақ батырлары. Қазақтың онтүстігі пен солтүстігін, шығысы мен батысын мекен еткен батырларының барлығы да Абылай ханның жарлығымен бір жерге жиналуды – олардың ел басына күн туған сәтте бір жағадан бас, бір женен қол шығарған ауызбіршілігінің, ынтымағының белгісі ретінде суреттелген.

Ақын Абылайдың кенесшісі, алқышысы болған Бұқар жырауды да жекелеген эпизодтар арқылы поэмаға енгізуді жөн деп санаған. Оны Бұқар жыраудың жонғарға қарсы жорықтың тізгінін Ақшәулі мен Барқытбелдің, Тарбағатай мен Алтайдың құмы мен тасына, сұзы мен көліне дейін жақсы білетін Қабанбайға табыстау көректігі жөнінде айтқан:

Ей, Абылай, Абылай!

*Айтсам сөздің қысқасын,
Көңілдегі нұсқасын –
Ақтық айқас тізгінін,
Ер Қабанбай үстасын! [31-б.],*

– деген ақыл-кеңесіне сыйғызған. Қабанбайдың өздерінен бірнеше есе күші басым, әскер басы бірнеше есе артық жонғарға тіке шабуыл жасауы өзін оққа байлағанмен тең болса, бұл шайқаста басқаша әдіс қолданғандығы – туып-өскен жерінің сұзы мен тасын, сайы мен қырын жатқа білетіндігінің көрінісі. Қабанбай «Айналып ту сыртынан тиесің!» деп, бес мың қолды Дәuletбай батырға тапсырады.

Ақын екі жақтан да адам шығыны көп болғанын, қара жердің қызыл қанға бөгіп, қанның суша аққандығын төмөндегіше бейнелеген:

*Соққандай құйындастып дауыл қатты,
Тұлақтай кең даланың шаңын қақты.
Қан бояп ат тұяғын шашасынан,
Өзен-су қыт-қызыл бол ағып жетты [34-б.].*

Поэмаға негіз болған оқиға – ту ұстаған Қазымбеттің қазасы. Ат тізгінің тұқыртып қойған Қазымбеттің өндіршегіне тиген қос жебеден аккан қанның омырауын жуып кеткенін көргенде жыламаған жан қалмайды. Көзін жұмбаған күйі ат ұстінде ту ұстаған қолы касарысып қатып қалған ол жонғарларға «не қыласың енді маған?!» деп тұрғандай әсер береді. «Құн туар деген рас ұл туғанға, Тұсесің от пен суға жұртың барда. Ешқашан өлмек емес ер Қазымбет, Артында желбіреген ту тұрғанда!» деген ақын көк байрақтың қасиетін оқырманға түсіндірумен бірге тәуелсіз қазак елінің туын ұстар Қазымбеттей патриоттарды тәрбиелеу керектігіне көңіл аударады.

Поэмадан көзге түсетін тағы бір эпизод – жонғардан түскен мол олжаны Абылай хан елге үlestіріп жатқанда Қабанбайдың сол олжадан бас тартып, «Киелі бабамыздың басы жатқан, Жоқ бізге атажүрттан асқан олжа!» дейі. Бұл – туған жердің топырағына тең келер байлықтың жоқтығы. Ақын өткен тарихқа жан бітіре отырып,

бүгінгі замандастарымызға да ой тастаған. Оның бірі – ата-баба қанымен, қаншама шайқаспен аман-есен алып қалған жеріміздің туырлықтай туралып, жат жұрттықтарға құнсызданып сатылып жатуы болса, екіншісі – тарихи шындықты жасыруға болмайтындығы. Кеңестік дәүір тұсында қазакты тарихын білмейтін мәңгүрт етіп, нокталап ұстау көзделгенмен, араға жылдар салып неше ғасырлық тарихтың ізі бүгінде көз алдымында сайрап жатуы. Осындағы мысалдарды ақын кешегі 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасына» қатысты дұрыс мегзеген. Араға ширек ғасыр салса да жанын жегідей жеген Желтоқсан шындығының беті бүркемеленіп жатуы ақын үшін емес, барша қазақ үшін қасірет.

«Ақмола шайқасы» – қазіргі Астана қаласының бұрынғы атаяуы Ақмоланың шығу тарихынан хабар беретін тарихи поэма. «Астана – ескерткіштің ең ұлысы, Ұлт үшін құрбандардың барлығына!..» деген ақын қазактың өткен тарихынан сыр шертеді.

Жайсаңын жарға жығып тобыменен,

Өкіріп өлгеннен соң еңіреген.

Бауырын байлан беріп қолыменен,

Басқаның тұлышына мөңіреген [48-б.],

– дегендей, қазактың бірлігімен бірге алауыздығының қатар жүретіндігі жасырын емес. Әділ тарих жақсылар мен жайсандарын оққа байлан берген қазактың сатқындарын ешқашан да кешірмейді. Поэманның негізгі жетістіктерінің бірі – қазактың кешегісі мен бүгінін салыстыра отырып оқырманға ой тастау. «Қазактың айтып бітем кай қызығын» дейтін ақын қазақ біткеннің бойындағы мінез-құлыштарды саралай отырып, теріс пиғылдың жақсылыққа апармайтынын «Қызығып қайран қазақ дүние-боққа, Жем болып көрінгенге журген жоқ па?» деп бейнелеуі нағымды. «Қазактың өлісінің бәрі жақсы», «Қазактың атасының бәрі батыр» екенін өткен тарихтан нақты мысалдар келтірген ол бүгінгі қандастарына көnlі толмайды. Төнірегі толған екіжүзділер мен сайқалсыған саудагерлерден түңілген ақын Кетбұға, Ақтанберді, Дулат тәрізді

бабаларымыздың айтқандарын көкірекке тоқи алмаған тобырға ренжулі. Мыңмен жалғыз алысқан Абай рухына қаратыла айтылған «Қазағың кеше де осы, бүгін де осы» деген ойлардың астарында ұлken қоғамдық мәселелер мен мұндалайды. Кешегі Домалақ, Қызай, Мұрын, Айпара сынды аналарымыздың бүтінгі ұрпағы көкектерше секектеп, ұясында жұмыртқасын шайқай алмай жатқаны казіргі өзіміз күә болып жүрген XXI ғасырдың, дәлірек айтқанда егемен елдің бүтінгі өмірінің шынайы шындығы.

Өткеніміз бен бүгінімізді салыстыру арқылы көп мәселелердің бетін ашқан ақын қазақ даласында сан ғасырлар атадан-балаға мирас болып келген ел басқару жүйесінің қашан, қалай бұзылғандығы жөнінде мәлімет берген. Ол Абылай хан өлгеннен кейін мұрагері Уәліні Орта жүзге хан сайлағаннан бастап сөз қозғайды. Жонғардан құтылғанмен, қазақтың ақ патшаның боданына айналғанын «Даланың кусырылып еркін шағы, Хандардың қалтылдаған алтын тағы» деп суреттейді. Уәліні қуыршактай ойнатқан ақ патшаның ол дүние салған соң, хандықты бытшыт қылып бөлшектеп, ел арасына ши жүгіртіп, отка майды құя түскенін көркем бейнелеген. Қазақ біткеннің ата қонысынан қуылып, шұрайлы жерлерді орыстардың иемденіп, қазақтың өзіне қокан-лоққы көрсете бастағандығына аспан мен жердің қосыла жылағаны адам мен табиғат арасындағы байланыстан хабар береді. Уәліден кейін аз уақыт Абайділдәні хан сайлағанын тілге тиек еткен ақын ол кезде Кенесарының жас екенін жадында үстаған.

Ақмола мен Қараөткелді ата-бабасы қоныс еткен Сейтен мен Тайжан Қабанбайдың ақ моласының қасына келіп, орыстардың қазық қағып жатқанына шыдамай, олардың ішінде бас-көз болып жүрген Қоңырқұлжа төренің баласы Бегалыны «Төренің тумай кеткір арам ұлы!» деп тартып жібереді. Тайжанның бұл қылығынан сескенген олар келер жылы бекіністі әйгілі Бөгенбайдың Қараөткеліне көшіреді. Қоңырқұлжа аға сұltан болып

сайланған соң ескі кегін қайтармақ болып, Тайжан мен Сейтен ауылын Бегалы бастаған орыс әскері тонап, зорлап, білгенін істейді де тұтқындарды Ақмолаға айдал алыш кетеді. Қара құш иесі Алыпқара мен Тайжанның сұлу қызы Тоқбала да Қоңырқұлжаның тұтқынына айналады. Тоқбаланы өзі мазақ етіп, тоқалы Зейнептің кезі Алыпқара батырга түсіп, қылышп отырып оны босатып алғанына төзбеген Қоңырқұлжа Тоқбала мен Алыпқараны бір түйеге мінгестіріп, патша ағзамға сыйлық етіп Ерейменге айдайды. Бірақ үшінші күн дегенде қарауылдарын ұрып-жығып қызды аман алыш қайтқан батырына тағзым еткен халық оның атын мәңгілік есте қалдырғанына Ереймендегі «Алыпқара» тауы куә.

Қыз түгіл жесірлерін жатқа бермейтін қазаққа Қоңырқұлжаның мына қылышы қатты батады. Ақ патшаның жандайшаптары қазақтың ішіне өрт тигендей етіп, елді дүрліктіріп жібергеніне төзбеген олар атқа қонуға мәжбүр болды. Ата-баба қанымен алыш қалған жердің көз алдында біреудің меншігіне айналуы оларды тыныш жатқызбады. Ел осындай тығырыққа тірелген сәтте Абылайдың ұрпағы Кенені хан сайлап, одан үлкен үміт күтті. Атқа конған Кене қазақтың басын косып, ақ патшамен күресуге бел буды. Осы сәтте Қоңырқұлжа отырған Ақмоланы қалай шаппай кетеміз деген ой келеді де Кене қолды үшке бөліп, Ақмоланы шабады. «Оң» аталған қанатты Ағыбайға, «Сол» аталған қанатты Басықараға, ортасындағы «Ұлы туды» өзі басқарып, касына жас арыстан Наурызбайды серік етеді. Бұл эпизод Кененің соғыс тактикасын менгерген әккілігін танытуға қызмет етіп тұр. Ағыбай Қызылжар жағынан, Басықара шығыс жақ бүйірден, өзі қақ ортадан шабуыл жасап, Ақмоланың қулін көкке ұшырады. Ақын Ағыбай, Басықара, ер Бұғыбай, Наурызбай, Тайжан, Сейтен, Алыпқара сынды батырлардың ерлігін мақтан ету арқылы азаттық, бостандық жолында шаһид болғандардың рухына тағзым жасайды. Кенесары Арқадан ауғанда туган жерін қимай Тайжан мен Сейтен Арқада қалып қояды. Кезінде Тайжаннан жерге кірген тышқан

секілді зым-зия қашып құтылған Қоңырқұлжа мен Мұса кейін Кенесарыға ерген бүлікшілер деп Сейтен мен Тайжанды ақ патшага ұстал береді. Ақ патша жандаралдары Сейтенді үш мың шакырымға жер аударып, Тайжанды ату жазасына кеседі. Ақмола үшін қуресте қаза тапқан Басықара, Тайжан сынды батырлардың руҳына тағым еткен акын:

*Tірілер өз атына көше беріп,
Заманда емін-еркін тайраңдалған,
Астында мынау әсем Астананың,
Үн-тұнсіз жатырсың-ау, қайран бабам?! [95-
б.],*

— деген түйін жасайды. Осылайша өлілердің, яғни ата-бабаларымыздың ар өлімін үлгі-өнеге тұтқан ақын бүгінгі тірілердің тірлігін бетіне басып оларды мақтамен бауызыдаған. Поэмада азаттық үшін қуресте қаншама жас ағып, қаншама қан тәғілгенін, қаншама жанның қыршынынан қыылғанын еске салған ақын бүгінгі тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін түсінуге шақырады. Ерлік пен елдікті паш еткен ол елі мен жері үшін шаһид болғандардың руҳына тағым етіп, оларға құрмет жасау бүгінгі тірілердің міндеті екендігін жеткізе жырлады. Қазактың өткен тарихына жан бітіріп, елі мен жері үшін жанын окқа байлаған қазактың батырлары мен хандарын тәуелсіз қазақ халқымен қайта қауыштырған Несіпбек Айтұлы «елдіктің жампоз жыршысы» ретінде танылды.

Қазақ тарихынан сыр шертер шығарманың бірі – «Төлегетай». Орта жүздегі Найман руынан шыққан Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай тәрізді аталардың Төлегетайдан тарайтынын еске түсірген ақын Қытай атты баласынан туған төрт немересін бауырына басқан Төлек атай туралы толығырақ мәлімет беруге тырыскан. Қытайдай көп болсын деп баласына ырымдап ат қоюы – қазақ халқына тән ырымдарды еске түсіреді. Анға салған қыраны өзіне түскенін елді бастап келген Қанжығалы би:

— *Уа, Төке, ойда жоқта құлан түсті
Байрагың желбірген төбедегі.*

*Ұлыңыз жазым болды аңда жүрген,
Ұрынып өзі ұшырған кобелегі.
Алланың жазуына не шара бар,
Тұрмастай қара жерге шегеледі.
Болар іс болғаннан соң орны толмас,
Бар енді айтып-айттай не керегі?
Тәуба қыл, сабырга кел, аман жүрсе,
Артында төрт бұтағы көгереді...[69-б.],*

– деп естіртеді.

Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл төртеуінің көр-ген тсүтерін автор көркемдік деталь ретінде пайдаланған. Ақын төрт немересінің түсін жору арқылы олардың үрім-бұтағының болашағынан хабар береді. Тасқа басылған елу бес таңбаның басында тұрған Найманның таңбасы – сегіз тайпа болып өсіп-өнген іргелі елдің таңбасы екені жасырын емес. Ақын осы сегіз тайпа елдің тарихына лирикалық шегініс жасап, олардың өткенінен хабар береді. Шыңғысханнан жеңілген найман тайпасының тарыдай шашырап Алтайдан Самарханға дейін барғаны қазіргі таңда осы мекендерде Найман руының адамдары тұрып жатқанынан байқалады. Қаракерейдан шыққан Қабанбай батыр, Матайдан шыққан Қаптағай, Шонай батырларды еске ала отырып, Илияс Жансүгіровтің Қаптағайдың тұқымы екендігінен, ақын Сараның да осы елден шыққан-дығынан хабар береді. Телегетайдан тараған төрт рұлы елдің өткенінен сыр шерте отырып, казактың бір тарихын тірілткен ақын «Наймандар бастан кешкен тауқыметті Рудың қазактағы бері кешкен» деп түйіндейді. «Сабылып ары көшкен, бері көшкен» елдің тарихына жан бітірген ақын бүгінгі тәуелсіздігіміздің баянды болуын тілейді.

*Қаншама белшемізден сорға баттық,
Қызыл қан жарамыздан сорғалаттық.
«Мың өліп, мың тірілген» шағымызда
Әйткеір бағымызга келді Азаттық! [76-б.],*

– деген жолдар қазақ халқына Азаттықтың оңайлықпен келмегенін байқатады.

Жоғарыда сөз болған поэмалардан көргеніміздей ақын тек қана қазақ халқының емес, сонымен бірге үндіс халқының да бостандық пен азаттық жолындағы құресін өз поэмаларына арқау етті. Сондықтан да бір ұлттың ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ мәселені көтерген ақын қаламынан туған бұл поэмалар тек қазақ халқына емес, баrapha адамзат баласына қызмет етепі даусыз.

Азаттық, бостандық идеясын жыр еткен тарихи шығарманың бірі – Ә.Қайранның «Кенесары» атты тарихи дастаны. Ақын өзіне дейін жазылған хан Кене туралы көркем шығармаларды негізге ала отырып, бұған дейін айтылмаған, жазылмаған кейбір тарихи деректерге жан бітірген.

*Өз жолы бар ұлыт өтер бөрінің,
Өз жолы бар үріп өтер әр иптің.
Өз үні бар бақаның да... балықтың,
Өз үні бар көр-лақаттың, табыттың!* [3-б.],

– дейтін ақын жаны бардың бәрінің де өз өмірі, өз жолы, өз үні бар екенін айта келіп, тірі тарихтың жолы да, жөні де бөлек екендігіне көніл аударады. Осы ойын ақын хан Кененің өмірі мен өлімі арқылы көркем бейнелеу мақсатында еткен тарихқа лирикалық шегініс жасайды. Ақ патшаның қолына тапсырылған Кенесарының басын қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін іздеңдігі, осы жолда каншама қыншылықтарға кездескені белгілі. Петерборда Кунскамера ішінде тұрған көп бастың әрқайсысына тән өз сыры болғаны, сол бастардағы жаракаттардан байқалады. Ал, халқының азаттығы мен бостандығы жолында ер басын ер өлімге тіккен хан Кененің өліміне себеп болған жайттардың алғышарттары қандай еді деген саяулға жауап іздең автор, оның басты себептерін сол кездегі ел өмірімен ұштастыруы орынды. Қазактың сонғы ханы Кенесарыны 1841 жылы ақ киізге көтеріп, хан сайлағанын еске түсіру арқылы ханның күні қарашамен екенін жадында ұстаган ақын сол кездегі қараша халықтың тұрмыс-тіршілігі қандай болғандығына жауап іздейді. 1781 жылы Абылай хан дүниеден өткен соң, алпыс жылдан

кейін хан ордасын тіктірген Кенесарының Қасымнан туғандығын, өзі тіге алмаған ақ орданы Кенесары мен Наурызбайға аманаттап кеткендігін еске түсіре отырып, сол кездегі ел өмірінен хабар береді:

*Зеңбірек кең далага сұғынғалы,
Қазақты қатты согын, сүріндірді.
Абылай ақ ту тіккен ақ орданы
Қайтадан тіктелмestей бүліндірді [6-б.]*

Бұл кезде қазақ даласындағы ел басқару жүйесі бұзылып, ақ патшаның жандаралдары қазақ даласына өз зандарын орната бастады. Жер салығы, мал салығы деген сықылды салықтардың түрі көбейіп бұқара халықты тұралатқан үстіне тұралата тұсті. Бір жағынан ақ патшаның екінші жағынан Қокан хандығының алым-салығы көбейген үстіне көбейе берді. Халқының тығырыққа тірелгенін сезген Кене одан шығар жол іздеді.

Шығармадағы көркемдік тәсілдің бірі – тұс көру. Автор тұсті алдағы оқиғадан алдын ала хабар беру мақсатында пайдаланады. Кенесарының түсіне анасы Айкүміс кіреді. Адам баласына тік сөйлемейтін Айкүміс ана оқша қадалған кірпіктерін баласына қадап тұрып, «Қаңсып қалды ғой қара жұрт!», – дейді. Бұл тұс – сол кездегі бұқара халықтың қара суға қаңтарылып, әлеуметтік жағдайының тым төмендеп кеткенін мегзейтін көркемдік деталь. Алайда осы тұс Кенесарыға үлкен ой салып, қалай да халқын тығырықтан алып шығудың жолына кіріседі.

*Өрен бітімді елімнің
Қанды жасын жеңілмен,
Жеңілмен емес, кегілмен
Сұрту үшін тұғанмын!*

– дейтін Кенесары белін буынып атқа қонады. Бұқарадан бөлініп шықкан Қокан хандығы Әндіжан, Наманган, Маргелан сынды жерлерді жауап алышп, азаматын құл, қыздарын құн етіп, бастарына құлдық бұғауын кигізеді. Әлім бек Ташкентті өз қол астына алған соң, көрші жатқан қазақтардың жеріне көз алартып, Сайрам мен Түркістанға ауызды салады. Оларды жауап, өз әмірін жүргіз-

геннен кейін Жөлек, Меркі, Шымқорған, Күмісқорған, Жаңақорған тәрізді бекіністер салып, Ақмешіт, Әулиеата бекіністерін қоса басып алады. Осылайша Жетісуға дейін әмірін жүргізген Қокан хандығы қазақ жеріне дендеп кіріп, өз дегенін жүргізіп қазақтарға тізесін батырған үстіне батыра түседі. Әлім бектің озбырлығына төзбекен қазақтар кіндік қаны тамған, ата-баба қонысын тастап, Қытай асып босып кетеді. Осының бәріне күә болған Кенесары қазақ жерін азат етуге бел байлаған қазақ сардарлары ата қонысты жаудан тазалауға кіріседі. Созак, Ақмешіт, Жөлек, Жаңақорған, Сайрам, Шымкент сынды бекіністер мен Сыр бойын мекен еткен Ұлы жүздің жерін азат етеді. Ата жұрттың кіндігі саналған Сыр бойын азат етіп, сан мындаған тұтқынның басына бостандық алып берген соң, қалың жұрт Торғай жаққа көшеді.

Кенесарының сонына түскендер оны Сарыарқада да тынышына жатқызбайды. Ақ патшаның жандайшаптары Кенесарының бәйбішесі Құнімжанды тұтқынға алып, ойларына келгендерін істейді. Осы кезді ол: «Өрекпіп, өрттей жайлап айналамды, Төрт түлік малды түгел айдалап алды. Ахмет, Арystандай төрелерді, Айтактап, тебетіндей пайдаланды», – деп еске алады. Бұл жолдар баяғы қазақ салтындағы шарттасу, бітімдесулердің орнына патшаның шен, шекпенімен ел басқару жүйесі келгендігінен, оның басқару жүйесіне кері әсер тигізгенін мағлұмат береді. Ақ патшаның құрығынан қашып Торғай мен Ырғыздан Кенесарының артынан ере көшкен елдің күйі «Бауырын саған төсеп жылап жатыр, Артымнан еремін деп көшкен елің!» деген жолдарға сиып тұр. Жетісуды бетке алып, «Алла!» деп ақбоз атқа қонған Кенесарының кірпігінен домалақ жас тамшылары оның туған жерге деген сүйініші мен күйінішін толықтырып тұр.

Енді мен бір өзіңе «Қош! Қош!» деймін.

Көшкен жұрт көздің жасын төкпек деймін.

Дәм жазып қайта оралар күн болар ма,

Кәрі өліп, жас балдырган өспек деймін.

Дарига-ай, даламызга лықсын толсақ,

Өртөңге қаулап шыққан көк шөптейін! [20-б.]

Осылайша Жетісуға жер аударған Кенен ол жерге барған соң, ұлы жүзден жиырма мыңдай қол жинайды. Сұраншы, Тойшыбек, Саурық, Сыпатай сынды батырлар қолымен келіп Кенесарыға қосылады. Ол «Тұыс болып қалайық, Салауат өткен іске қылайық, Үйсін мен қырғыздардың қанын сорған Қоканға көтеріліп шығайық» деп үш рет қырғыздарға үндеу салады. Бірақ қырғыздар орыстардың айтағына ілесіп, Кененің қонған ауылдарын бірнеше рет шауып тыныштық бермейді. Қазақ пен қырғыз бірігіп кетсе, орыстардың өзіне қауіп туғызатынын білген олар үшін бұлардың қырғи қабак болып отырғаны тиімді еді. Қырғыздың Орман ханы Кенесарыдан гөрі Қоқанды өзіне жақын тартып, олармен ауыз жаласып бірігіп кетеді. Кенесарының қолы Меркені қырғыздардан азат еткен соң, енді көзін олардың астанасы Пішпек қаласына салады. Алты алаштан жиналған, арғын, табын, қыпшақ, шапырашты, тама, ботбайдың бетке ұстар батырларынан жасақталған қол қырғыз бен қоқанның от ауыз зенбіректеріне төтеп бере алмай, көп шығынға ұшырайды. Тасы да, тауы да жат қырғыз Алатауындағы соғыс дала казақтарының тау соғысын менгермегендігін растаса, «Қырғызы білмейсің-ау, таста ойнаған, Келсе де бой бермейтін неше мықтың!» деген жолдар – тау-тасты мекендерген қырғыздардың тау соғысын шебер игергендігін байқаттын деталь. Бұғыбай мен Наурызбай бастаған отыз жігіт «ұры жолмен» жүріп отырып, «Аскардың асу бермей биігіне Болғанда бие сауым зорға шықты». Жекпек жекте казак батыры Наурызбай қырғыздың Бедер, Ораз сынды батырларының басын алады. Бас батырларынан айрылған қырғыздар соңғы шайқасқа жан сала кіріседі. Осы шайқас үстінде ақын Бұқарбай, Наурызбай, Ержан, Шәкір, Қабан, Мендібай сынды батырлардың жанкешті ерлігін көркем бейнелеумен бірге іштен шыққан жаудың жаман болатындығын да жадында ұстап отырған. Оны он екі әскерін соңына ертіп, бір түнде Кенесарыны тастап тайып отырған Рұstem, Сыпатай сынды батырлардың

әрекеті растайды. Алтын мен атақта қызықпай, Қазақтың намысы үшін қоқан мен қырғызбен күрескен Кенесарының қолға түскен кездегі мүшкіл күйін:

*Кырық бес жыл болытты тұганына,
Жасынан ата жөолын қумады ма?!
«Түс аттан!» деп зекіді бір қара құл,
Шынымен, түп тамыры қурады ма? [31-б.],*

– деп суреттейді.

Тұтқындағы Ержанды құтқарам деп аңғалдықпен қолға түскен Наурызбайды қырғыздың батыры Бедеудің өтеуіне Ержанды Қалша бидің өтеуіне өлтірмек болған Орман хан құлақ естіп, көз көрмеген адам айтса нанғысыз аюандыққа барады.

*Науанды шалқасынан салды келіп,
Уистап құйды аузына қанды келіп.
Шыңғырып кісінеді жылқы біткен,
Қыт-қызыл ағып жасақан қанды көріп.*

*Болды ма мұндай қорлау бұрындары?
Қырғыздың сұмдық екен ырымдары –
Ержанның екі көзін ойып алып,
Аузына Наурызбайдың тығындаады [33-б.]*

Осыдан кейін екі ағашқа керіп қойған Науанның екі қолын, одан кейін басын шауып түсіреді. Кененнің көз алдында оң қолы болған Ержан мен Наурызбайды ит өліммен өлтіріп, оны тірідей қорлайды. Содан бері бір жарым ғасыр өтсе де Кенесары сынды соңғы ханын ұмытпаған қазақ оған қаншама жыр жолдарын арнады. Кенестік дәүір тұсында орыстарға қарсы шыққан Кенені қанішер етіп көрсеткенмен шындықты әділ тарих жасыра алмады. Кенесарының орыс пенен қоқанды, көрші жатқан қырғызды жауалау үшін шаппағанын, қазағына ар ісін аманаттап кеткенін жырлай отырып, қанжығада кеткен батырлардың бастарын:

*Дүние-ай, қырғызда өлген достарының!
Бастарын ілді Қоқан базарына!
Басы емес тек Кенениң, қаниша бастар*

*Тәлкек бол, түсті жаудың табанына [34-б.],
– деп жоқтайды.*

Поэманиң негізгі лейтмотиві – «Дәл бүгін Кенесары көтеріп тұр Қазақтың намысы мен ар-иманын!» деген жолдарға сыйып тұр. Кенесары көтерілісі арқылы «мың өліп, мың тірілген» қазақтың кешегі тарихының бір қырынан хабар берген ақын батыр өлімінің көшілік біле бірмейтін сырларына қанықтырған. Хан Кененің қоқаннан азат еткен ұлы жүздің батырлары өзіне сатқындық жасайтынын білмей, қапыда қолға тусуі – «қазақтың жауы – қазак» екендігін еске салады. Поэмада ерлік пен ездік, батырлық пен ездік, патриоттық пен сатқындық тәрізді бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар параллел суреттеп, олардың өмірдегі, тарихтағы орны ашила түскен.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэмаларының бірсынына астананың Сарыарқаға көшірілуі, сол тұстағы Елбасының көрегендігі, бүгінгі Астананың келбеті, ұлы көштің нұрлы көшке ұласуы тәрізді тарихи оқиғалар негіз болған. Н.Айтұлы «Бәйтерек», Ш.Сариеv «Елбасы сыйлаған барыс», Т.Әбдірахманқызы «Елтұтқа», К.Ахметова «Тендік үшін мұхитқа қайық салдық», М.Райымбек «Көшбасшы» поэмаларында егемен елдің азаттығын, Қазақстанның елордасына айналған Астанасын, бүгінгі көркейген казақ елін жырға қосты. Шаттық сезімге құрылған мұндай шығармаларда көтерінкі леп басым.

Н.Айтұлы қаламынан туған «Бәйтерек» – еліміз егемендік алғаннан кейін, тәуелсіздіктің алғашқы жеңістеріне күә болғаннан туған лирикалық поэма. Поэманиң негізгі идеясы – тәуелсіздікті насхаттау. Астана қаласынан бой көтерген тәуелсіздік монументі Бәйтеректі Елбасының өр тұлғасына балаған ақын бүгінгі азаттығымыздың оңайлықпен келмегендігін өткен тарихтан сыр тарта отырып бейнелеген.

Поэманиң эпилогында «Түсімде Тәуелсіздік Пади-шасы, Ақ қағаз, алтын қалам берді маған!» дейді ақын. Міне, осыдан кейін қазақ елінің бостандығы, тәуелсіздігі туралы жазуга бел буады. «Дүниенің кеңдігінен не пайда,

аяқкиімің тар болса» деген мақалды ақын «Не пайда дүниенің кеңдігінен, Болмаса бостандығы бір басыңың» деп түрлендіре пайдалану арқылы тәуелсіздіктің құнын арттыра түскен. Сан ғасырлар ансаған тәуелсіздігіміз жолында қаншама бабаларымыздың шаһид болғанын тілге тиек ете отырып, «Армысың, Азаттығым, қыран қанат, Қалықтап қайта қонған тұғырына» дейді. Азаттық жолында аласұрған арыстардың шарқ ұрғанын еске салған автор «Шынжырда шырайнальп тұрса-дағы, Ит қана семіреді тойғанына» деп, елі мен жерін ойлаған ерлер мен қарынның қамынан аспаған ездерді параллел суреттейді.

*Кең ашып берекеге есігіңді,
Түзетіп, тербете біл бесігіңді.
Сан ғасыр бүршиң салып мойыныңа,
Құдайдан тілеп едің осы күнді!* [341-б.]

— деп Томирис, Еділ патша, Елтеріс хандар ансаған азаттыққа, Асанқайғы жете алмаған жерүйікқа қазіргі қазақ елі жетіп отырғанын, Тәуелсіз Президенттің таққа мінгенін шаттана жырлайды. «Әлек боп ел басқару әркімге оңай, Халыққа Қөсем болу патшаға-сын!» екенін айта келіп, көк тулы Қазақстанның жер шарына танылуын Н.Назарбаев есімімен байланыстыра бейнелейді. «Балапаны кеш түлеген» қырандай Елбасының шарқ ұрып дамыл таппауын Қазақтың қолтығынан кім сүйектіні неғайбыл шақта, тобықтан қағып түсіретін дұшпандардың кездеспеуімен ұштастырған.

Ата-баба қанымен келген тәуелсіздігіміздің баянды болуын тек экономикалық емес, әлеуметтік, рухани байлығымен байланыстыра суреттеуі шындыққа жақын:

*Жоғалса қыздан иба, ұлдан иман,
Кең даңаң кімге керек құр даған.
Жолында Бостандықтың төгілген қан,
Кетеді судай зая құмга құйған* [342-б.]

Кеңестік дәүір тұсында атом бомбаларының сынағына айналған жердің қазіргі таңда қырық құрау күйде ала-құла болып жатқанын жадында ұстаған автор «Қарудан

ядролық бас тартпаса, Маза жоқ мұнға батқан Жер-Анаға» дей келіп, осы сынакқа тойтарыс берген Елбасының ерлігін мақтан етеді. Елінің аманатын арқалаған Елбасының ииғінде дәуірдің ауыр жүргі тұрғанын «Сұнқардың желкесіне сұқсыр мініп, Құланның құлағында құрбақа ойнаған» заманмен шендерестіре бейнелеген.

«Ұлтының табанына ызғар өтсе, ұлтарақ, ұлтаны да болуға бар!» Құлтегін мен Әз-Жәнібек, басы қанжығада кеткен хан Кене, уш жүздің басын қосқан Абылайдай алтын тәжді хандардың аруақтары жиналып келіп, «Ал, балам, бекем ұста ел тұтқасын, Тағыңды Тәңір сениң толқытпасын! Оралып шалғайына бақ пен дәulet, Қысылсаң Қызыры келіп қолтықтасын!» деп Елбасына бата беруі арқылы бүгінгі тәуелсіздігімізді бабалар рухы қолдап жатқандығына сендіреді. Естеми, Бумын, Білге, Құлтегін, Едіге, Абылай сынды хандар мен батырлардың өшпес ерлігін пәтуасыз ғұмыр кешкен патшаларға қарама қарсы суреттей отырып, олардың халқының қолын баққа жеткізгенін асыра дәріптеді.

Астананы Ақмолаға көшірген сәттегі Алатаудан Арқаға «жөңкілген Бостандықтың көші» бет түзегенін тілге тиек ете отырып, бес жылда Астананың самаладай жарқырап бой көтергенін көнілге медет тұтқан ақын оның болашағынан мол үміт күтеді. Ұлы көштің бүгінде нұрлы көшке ұласқанын мақтан еткен ол осының негізгі себепкері болған Елбасының ерлігін «Ішінде сайыпқыран көсемдердің, Шоқтығы шоқ жұлдыздай Нұр-агамның!» деп дәріптейді. Еуропа мен Азияның кіндігінде тұрған Астананың күн санап ғарыштап өсіп жатқанына марқайған автор Елбасының қазактың шекарасын сыйып, обақазық қағуымен, қазактың елордасы бүгінде Азаттықтың астанасы атануымен ұштастырған. Сөйтіп, тәуелсіздік, Бәйтерек жөнінде:

*Бәйтерек – Астананың төріндегі,
Өресі биіктіктің өмірдегі.
Аялы алақаны Елбасының,
Секілді өштейтүғын сенім морі.*

*Бәйтерек – Елбасының өр тұлғасы,
Әкеліп өз қолымен Тәңір қойған!,
– деген түйін жасайды.*

Ш.Сариевтің «Елбасы сыйлаған барыс» атты поэмада толғауы – өзіндік айтары бар туынды. Елбасы Н.Әбішұлы Жапонияға сыйлаған барысты Токиоға барғанда көрген ақын ерекше тебіренеді. Елбасы сыйлаған барысқа елшіліктеі Елші Болат «Шыңғыс – Ақбар» деп ат қояды. Токиоға барған ақын елшілермен бірге сол Шыңғысты іздеп сапар шегеді. Елден барған барысты іздеп барған кезде барыс Қазақстандықтарға сәлем бергендей ыңғай танытады. Осы сәтті ақын:

*Жатқандай темір торда әрең көніп,
Барыстың бейнесінен әлем көріп,
«Шыңғыс!», «Шыңғыс!» біз келдік
Алатрудан, Алатрудан,
О, Шыңғыс, Сәлем! – дедік.*

*Сагынған Алатрудын – мұң ғілемтін,
Жандай бір Қазақ үнін, тіл ғілемтін,
Сол сөзді түсінгендей Шыңғыс басын,
Көтеріп жанарымен бүрдө бетін [69-б.]*

Осы оқиғаның өзін ақын тәуелсіздікпен ұштастыра білген. Жапонияда жүрген барысты қазақ баласына ба-лаған автор онымен қимай қоштасады. Ол барысты казақ тілін түсінгендей етіп суреттеу арқылы Отан, ел, туған жер деген ұғымдарды біктете түскен. Сондықтан да:

*Оятты Тәуелсіздік гасыр елді
Көтеріп барыс түрдө басын енді.
Шыңғысты аядым ба ақындықпен,
Көзімнің, кәдімгідей жасы келді [72-б.],*

– деп жырлады.

Тұған жердің әрбір тасын баға жетпес байлыққа ба-лау қазақ поэзиясында бүрыннан қалыптасқан дәстүр. Ал, оның жырақта жүрген ан-құсының тұған жерге деген сағыныш сезімін шынайылықпен бейнелеген ақын

тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэмасына көркемдік ізденістер қосты деп айта аламыз. Мұның өзі қазіргі қазақ ақындарының мазмұн мен түр жаңалығын жасаудағы ізденістерін байқатады.

Бұл жылдары қазақ ақындары жекелеген тарихи тұлғалардың сом бейнесін жасауға бет бұрды. Қазақ тарихынан үлкен орын алғатын батырлар, ақындар, өнер иелерінің көркем бейнесін жасау әдебиетте қалыптасқан дәстүр болса, тәуелсіздік тұсында тарихи тұлғалар мен қоғамдық өмірде үлкен жетістіктерімен танылған замандастарымыздың образын көркем бейнелеген тың туындылар дүниеге келді. Олардың қатарында XXI ғасырдың ғарышкерлері, батырлары, спортшылары, өнер иелері бар.

Мәди Қайынбайдың «Қылует» поэмасы [41-45-б.] Қожа Ахмет Яссаяиға арналған. Пайғамбар жасында қылуетке түскен Ахмет Яссайдің отыз күн ораза ұстап, сол жерде қаншама еңбек жазғаны, қаншама шәкірт тәрбиелегені туралы сөз болады. Поэма Омар Хәйям мен Қожа Ахмет арасындағы диалогқа құрылған. Сүлеймен Бақырғани, Шәмси Өзгенті, Хазірет Бахауддин, Хазірет Нығметолла, Ахмет Иүгінеки сынды шәкірттерінің ішінен Ахмет Игүнекидің өз шығармасын оқып беруі арқылы оның шәкірт тәрбиелеудегі, оларды жолға қоюдағы істері сөз болады.

Ахмет Яссайдің пайғамбар жасына келген соң, қылуетке түсуі қазіргі пайғамбар жасынан асқан ағаларымызға ой салса нұр үстіне нұр болар еді.

Тұңғыш қазақ ғарышкери Тоқтар Әубәкіровтың бейнесін толықтыратын шығармалар қатарында Кәкімбек Салықовтың «Қаныш – Жұлдыз» қарсы алды», Маржан Ершудың «Ғарышкери» поэмаларын атауга болады. Алты тараудан тұратын соңғы поэмалың әрбір тарауы жекелеген мәселелерді көтеруімен ерекшеленеді. «Аспан – арман» деп аталатын бірінші тарауда соғыстан кейінгі жылдардағы ел ішіндегі жүдеу тіршілік Тоқтардың отбасындағы жағдаймен бейнеленген. Әкеден ерте айрылып,

аурушаң анасына қолғабыс тигізу мақсатында 15 жасында Аудандық ішкі істер басқармасына келіп, жұмыс істегісі келетінін, ол үшін паспорт қажеттігін түсінген жалынды жігіт өзінің қайсарлығымен ерекшелене бастайды. Күндіз жұмыс істеп, кешке орта мектептегі оқуын жалғастырған ол мектепті бітірген соң, ғарышкер болуды армандал, соның оқуына түсуге бел байлайды.

*Күннің жұзі төмендеп қызырыты,
Алақаным аниқ бол ұзарыты.
Бір әдемі кобелек ұшып келіп,
Көз алдымда – жұзі анық түр.*

*Аударып тастагандай түн түндігін,
Құлагыма келгендей сырлы бір үн:
Бұл сенің көбелегің, қанатың бұл –
Деді, – Күнім [94-б.],*

– деген ана түсін мегзеу мақсатында аян беру тәсілімен пайдаланған автор болашақ ғарышкердің алды жарқын болатындығынан хабар береді. Осы тараудағы «Оңғарбай атасының аты ауысып, «Әубәкіров» боп жазылған құжатына» деген жолдар кенестік дәүірде қазақ әріптерінің дұрыс жазылмауы салдарынан қазақ есімдерінің шектен тыс өзгеріске ұшырағандығынан хабар берер деталь.

«Сынақшы – ұшқыш» тарауында болашақ ғарышкердің оку-жаттығу жолындағы қыыншылықтарына кезігеміз. Өмір мен өлімнің арасын қас қағым сәттегі жылдамдықпен бейнелеген автор Токтар бойындағы ептілікке, тапқырлыққа көніл аударған. Люктің аузына мұз қатып қалғанын көрген командирдің тығырықтан шығар жолды таба алмай қиналған сәтінде Токтардың «Турбинадан қосалқы конусты» пайдалану керектігін есke түсіруінен болашақ ғарышкердің өмірден тәжірибе жинақтау арқылы өз кесібінің білікті маманы болып қалыптаса бастағаны байқалады.

«Рекорсмен 1989» деп аталатын тараушада оның «МИГ – 29» ұшагымен жасаған тәжіриbesі таратыла сөз болған.

Жер жаһанды өзіне қаратқан Тоқтардың рекордын қазақ халқының бағының жануы ретінде бейнелейді.

«Фарышкер» деп аталатын төртінші тарауга Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен 1991 жылы қазан айының екінші жүлдізында Байқоңырдан ұшқан Тоқтар еkipажы қазақ деген халықтың атын күллі әлемге паш етіп еді. Көк туында самғайтын қыраны бар байрағымызды ғарышқа алғып ұшқан Тоқтарға Елбасы «Сау бол, Тоқтар бауырым! Аман орал» деп сәт сапар тілесе, оның аман-есен туған жерге қайта қонуына барша қазақпен бірге табиғат-ана да тілекtestіk білдіргендей:

*Куанды ел жасты қозін кокке қадап,
Жыр – домбыра сөйлен кетті қара шанақ.
Жер – Ана тебіреніт толқын жастыр,
Күс біткен ән салғандай қағып қанат [96-б.]*

«Көкжал» атты тарауда еліміз егемендік алған жылдардағы ел ішіндегі экономикалық қыыншылық пен дала тағысының шаруаның азын аулақ малына тіс батыруы сол кездегі тұралған елді тығырыққа тіреп еді. «Қара қойдың тұяғы жатыр қансырап, Көз жасы акты омырауларға тамшылап. Азын-аулақ дәүлеті, малы бұйырмай, Жүдеу көңілді удай ашытты қамшылап» деген жолдар сол тұстағы елдің мүшкіл халін байқатар сурет. Міне, осылай тығырыққа тірелген ел көрші ауылда Тоқтардың қасқырды соғып алғанын естіп, содан бір медет күтеді. Ел ерге қараған тұста, Тоқтар жерге қарамай атқа қонып дала тағысының соңына түседі. Көкжалдан қорыққандар оған серік болуға жарамай қалып қояды да, жалғыз өзі аттанады. Соңына жалғыз түскен адамнан тайсалмаған бөрі өзіне қарсы шауып екеуі бетпе-бет келгенде оның мылтығы түкке жарамай қасқырдың бір тіс салғанынан қақ белінеді. Осы кезде анасының «Қасқырдың жаны тұмсығында ғана болады» деген сөзі есіне түскен ол көкжалды дәл тұмсықтан соғып, сұлатып салады.

«Бас түркі» деп аталатын тарауда «Ататүрік арманы іске асты» деп қуанған түріктердің көп түрік елінен айға ұшқан ғарышкермен мақтануы нанымды бейнеленген.

«Ғасырдың саңлағы» атанған Тоқтарды Туркияның «Бас түркі» деп тануы осының белгісі ретінде бейнеленген.

Ақын бұғынгі замандас бейнесін жасауда нақты деректерге сүйенеп отырған. Тарихи оқиғалардың уақыты шығарманың деректілік сипатын танытады.

Қазіргі таңда қазақ елін әлемге танытып жатқандардың бірі – спортшылар екені белгілі. Кешегі Сидней олимпиадасынан бермен қарай Қазақстандық сортшылар талай биіктөрді бағындырып, қазақтың көк байрағын көтеріп, ән ұранымызбен әлемді дүр сілкіндірді. Қебіне ұлтының абыройын асқақтатқан спортшыларды дайындастын жаттықтырушылар сахнаның сыртында қалып қойып жатады. Осындағы жаттықтырушының бірі – Қазақстан Республикасының бокстан еңбек сіңірген Бас жаттықтырушысы Тұрсынғали Еділов. Ол – Сиднейде өткен Олимпиада ойындарында алтыннан алқа таққан – Ермакhan Ибраимов пен Бекзат Саттарханов, күміс медальдің иегерлері – Болат Жұмаділов пен Мұқтархан Ділдабековтердің жаттықтырушысы. Сидней аспанында шырқалған әнұран мен желбіреген көк байрақ қазақ біткеннің мәртебесін бір көтеріп тастағанын күні бұғынге дейін ұмытқан жоқпыш. Мұндай сәтті қолына қалам ұстаған қазақ ақындары да қалт жібермей, қазіргі заманымыздың батырларына арнап жыр шашуларын шашты. Қөп ұзамай өмірден өткен былғары қолғап шебері, бокс тарихындағы акқан жүлдізы – Бекзат Саттархановтың жол апатынан каза болуы кім-кімді де ойландырмай қоймады. Қазақ біткен күніреніп азаматын жоқтады. Тосыннан келген ауыр қазаға елдің бәрі үлкен құдікпен қарағаны да жасырын емес. Бұл тұста шағын лирикалармен бірге эпикалық поэмалар да жазылды. Оқырманның оң бағасына ие болған осындағы туындылардың бірі – Зейнолла Тілеужанұлының «Қазақ батырлары» атты поэмасы. «Ақын Австралияда өткен жарыстан соң ұзамай дүние салған Бекзат Саттархановты, белгісіз жағдайда көз жұмған Таэквондодан алты даңының иегері – Мұстафа Өзтүрікті, қазақтың тұн-

ғыш былғары қолғап шебері – Әбдісалан Нұрмақановты жыр тілімен тебірене еске алады» [17-б.].

Бірнеше бөлімнен тұратын поэманды автор өз ішінен тақырып қойып, бірнеше тарауларға бөлген. Поэмандың прологында қазақ боксшыларын дайындаған жаттықтырушы жөнінде мәлімет береді. Сиднейде дүние жүзінен жиналып жатқан «мындан жүйрік, жүзден тұлпар» шыққан Америка, Қытай, Ресей, Куба сынды елдерден келген спорт шеберлерімен бірге бәйгеге қосылған, қазақ балаларының жаттықтырушысы Тұрсынғалидың сол кездегі көңіл-күйін оның өз сөзімен былай суреттейді:

Қазақтың Қек Байрагы биік тұрсын.

Алтын Құн Қек Байрақта күліп тұрсын!

Баптаған балапаннан қос қыраным

Мойнына Алтын алқа іліп тұрсын [18-б.].

Күллі әлем көз тіккен сайыстан қазақ жастары да үміткер екенін, себебі олардың ата-бабасы кешегі кең жазира даласын жаудан қорғаған Қабанбай, Райымбек сынды батырлар екенін, олардың да тақыр жерден шықпағанын еске түсіреді.

«Тұрсынғалидың балалық шағы» атты екінші бөлімде оның туып-өскен ортасы жөнінде мағлұмат береді. Шарынның бойындағы «Тасқарасу» деген жерде туған ол тоғызыбаланың ішінде өскен. Бала санын атаудың да өзіндік мәні бар. Ұлы Отан соғысына соңғы тұяғын беріп, бір ұрпақтың жойылып кету қаупі туған кезде қазақ аналарының бәрі де өз әuletін сақтап қалуды бірінші кезекке қойды. Сондықтан да – бір бала туса, бір тұп жусан артық шығады, – деп Құдайдың бергеніне қиянат жасамай, бала санын шектеуді ойларына да алған жоқ. Өткен ғасырдың 50-70 жылдарында қазақтың кез-келген отбасында тоғыздан, оннан бала-шаға өсіп-өнді. Көп баланың ішінде өскендердің бауырмал, еңбеккор болатынын өмірдің өзі көрсетті. Осындай отбасында өскен Тұрсынғали қалмакты түре қуған Хангелді батыр мен оның баласы Райымбектің, ақын Мұқағалидың туған жерінің ауасын жұтып, сүйн ішті. Міне осылардың барлығы да оның болашақ-

та үлкен азамат болып қалыптасуына септігін тигізді. Негізгі кейіпкердің өскен ортасы, туған жері жөнінде толығырақ мәлімет берілгендейден оның да кешегі қазақ батырларының бүгінгі жалғасы екендігіне иланасын.

Үшінші бөлімнің мазмұнына негіз болған «Тұрсынғалидың есесі жылдары» да қызығылтықты оқылады. Әкелерінің ат жалына қырау қатқан аязда жылқы соңында жүргенін көрген ол жастайынан қайсар, қайратты, ержүрек болып өседі. Оны мына жолдардан байқауға негіз бар:

*Кей әйел үйге келіп шантығатын,
Көк айыл, тілі ұдан аңы қатын.
Бет-аузы көнектей бол ісін кеткен,
Тұрсынды анасы үйден ап шығатын.
«Абыстай! Мә, ала гой, жұндей гой, – деп,
Саба да, бетін жөндеп түрлей гой, – деп,
Таласқан бала мен им бірдей гой, – деп»,
«Балалар тәбелесер күн-күн сайын,
Көршіміз, бірі құда, бірі қайын,
Үйге кір! Оңашада бір ішейік,
Ақ құйрық Алматының «ындын» шайын!» [20-б.]*

Бұл жолдар Тұрсынғалидың өз қатарларына күн бермей, ауыл-үйді шулататын сотқарлығымен бірге қазакы мінез-құлықты да танытады. Қазакта «баланың арасына түсуге болмайды» деген мәтел бар. Қазір ғана қызыл шеке болып тәбелескен олар көз ала бере бірге ойнап жүреді. Міне, осындаиды білетін аналарымыз бір-бірінің ашуын курен шаймен қайтаратыны белгілі. Ақын қазакы мінезді ауыл тұрғындарынан дұрыс тапқан. Талды ат етіп мінген ауыл балалары араша гуілдеп, ойынды қыздырып жүргенде «Таскарасуға» Шамалғанда білім алған гидротехник Михаил Краснянский келеді. Сонымен бірге ол бокстің кандидаты, былғары қолғап шебері болғандықтан ауыл балаларын классикалық өнерге баулуды көздейді.

Бойына күші сымай, бірінің тұмсығын бірі қанатып жүрген балалардың барлығы да бокстің қыр-сырын игеруге дең қойып, жаттықтырушыларымен бірге жұмыс іс-

тей бастайды. Арада бір жыл өткенде боксті толық игерген, он бес жасар Тұрсын Есік қаласында өтетін аудандық чемпионатқа жолдама алады. Осы тұста Қабанбай, Бөгөнбай, Жәпек, Ағынтай, Салқам Жәңгір сынды қазақ батырларының барлығы да он бес жасында жауға қарсы шауып, батырлығымен танылғанына лирикалық шегініс жасалады. Он бес жасар Тұрсынның үлкендер арасынан күміс медаль тағып қайтуы – кешегі батырлардың бүгінгі жалғасы екеніне мысал. Мектепті бітірген соң, құрылышта жүріп бапкері Салуянов Виктордың жаттықтыруымен өзін шындаған береді. Міне, осылай, жастайынан еңбекпен шындалған Тұрсынның алдында үлкен-үлкен армандары болды. Сол арманның бірі – қазақ атын асқақтату болса, мұның сәті бокстегі шәкірттерінің еңбегімен келді. 2000 жылғы Сиднейдегі женіс – онай келген олжа емес еді.

«Көлеңке адам немесе жааралы таң» деп аталатын тарапуда Сидней олимпиадасына барған Тұрсынға тағы да лирикалық шегініс жасатады. Америкада жүріп, қырық жыл бұрын алтыншы тамызда АҚШ-тың жазықсыз Хиросимаға атом бомбасын тастағанын еске алған кейіпкер соғыс өртінің бір аралға қасірет шектірғенін, оның қайғысы қырық жыл өтсе де жазылмағанын еске түсіреді.

«Басталды солай, Сидней олимпиадасында Қазақтың алғаш майданы» деп, сол олимпиададағы қазақ жігіттерінің табыстарына тоқталады:

*Ермахан шықты,
Бір үртім жықты негрді,
Американың намысы сонда сөгілді.
Бекзаттың ауыр соққысын жеген бір негр,
Чемпион болып тұрса да ақыр жеңілді!*

*Екі алтын, екі күміс ап қазақ сондагы,
Олимпиададан үйіне қайтты олжасы.
Он тогыз жасар қазақтың ұлы – жас
Бекзат,
Бәрібір жолы болмады... [28-б.]*

Көп нүктенің артында көп сыр жатыр. Жарқырап шық-кандардың аяқ астынан қазаға душар болуы кез келген жанға құдік ұлататыны белгілі. Тек Бекзат емес, басқа да қазақтың бір туар азаматтарының қазасы жабулы қүйінде қалды. Оны ақын былайша жеткізеді:

Атылды барі!..

Зманбек пenen Алтынбек!

Батырхан, Ахат, Армиял сынды асыл тек!

Ақындар жатыр той-тойлан қазақ жерінде,

Сатқындар жатыр Қазақтың жерін басып жесеп!

Жей берсін, мейлі!..

Олар да бір күн жарылар!..

Жарылар түгел

Қазақтан туган тағылар!

Шет елдік тыңшы қап-қара шапан жамылар,

Өз елін сатқан әзәзіл басы алынар...[28-б.]

Поэмада өршілдік рухы (оптимистік үн) басым. Автор-лық ұстаным жер байлығын «қолынан келгендер қонышынан басып» жан-жақтан талап жатқанмен, «Өлмейді қазақ! Аспанға мәңгі өрлейді» дегенге саяды. Шығарманың негізгі лейтмотиві «Намысын бермес Тұрсындай батыр тұрганда, Қазақты еш жүрт женбейді. Қазақтың күні аспанға мәңгі өрлейді» деген жолдардан анық байқалады.

Эпилог орнына берілген «Қазақ батырлары» деген алтыншы бөлімде қазақтың абыробын аскактатқан Мұстафа Өзтүрік пен Бекзат Саттархановтың рухына тағым жасайды:

Арыстан туган Қазақтың өңшең батыры,

Алатаяымнан, Қаратаяымнан ақырды.

Солардан қалған Мұстафа сынды асылды

Ажалға қалай көздері қиды сатқындар,

Әбдісаланды мылтыққа байлан аттыңдар!

Содан не пайда таптыңдар,

Қазақтан шыққан сатқындар?! [29-б.]

Қыраным Бекзат, қай ерден басы кем еді,
Намысты ерлер Қазақтың жауын жеңеді.

*Бұйығы түнде қолыма алсам қаламды,
Өкініш өксіп, көзімнің жасы келеді...
Бокстан Бекзат алтыннан медаль таққанда,
Қол согып алем, Сидней шулап жетқанда,
Менің де тәбем екі елі көкке жетпейді,
Бапкері Тұрсын, құшақтап сүйіп жетқанда [29-б.]*

Эпилог орнына берілген «Қазақ батырларының жекпе-жегі» деген ҮІІ бөлімде ақын қазақтың өткен тарихына лирикалық шегініс жасайды. Он сегіз жасында қалмақ батыры Шарыштың басын алған Әбілмансыұрды басына хан көтерген қазақтың қалмақ-жонғарды женғеніне тарих күә. Сан ғасырлар ансаған, тар бұғаудан босаған тәуелсіз қазақ елінің бүгінгі батырларына жасап жатқан опасыздығы жаныңды күйзелтеді. «Бір құмалак бір қарын майды шірітетіні» тәрізді қазақты өз ішінен ірітіп жатқан сатқындардың ісі «ішінен шыққан жау жаман» деген халық даналығына саяды. Жауымен жекпе-жекте ашық шайқасып үйренген аңғал батырлар іштен шыққан шұбар жыландарды байқамай қара жерді жастанып жатқаны бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған егемен елдің ең өзекті де шешімін күтіп тұрған мәселесі екені рас болса, қоғам өміріндегі осындай опасыздыққа, сатқындыққа жан бітірген қазақ ақындарының да батырлығын, ерлігін ерекше атауға негіз бар.

Көркем шығармаларда аныз-әнгімелерді, ертегілерді ретіне қарай пайдалану бұрыннан келе жатқан дәстүр. Қазақ әдебиетінде қалыптасқан осы дәстүр тәуелсіздік түсінінда да өз жалғасын тапты. Олардың қатарында Алмахан Мұхамедқалиқызының «Алтынның бұы» атты поэмасын атауға болады. Алмахан ақын бүгінде адам баласының ниет-пифылы бұзылып бара жатқанына жаны күйзеледі. Ол өзінің замандастарын ар-имандылыққа шақырып, дүниенің соңына түсер тоғышарларды шенейді.

*«Сиқыр ақша» алдымен сананы алды,
Қалың ел бай-кедей бол дараланды.
Қозамды кезіп жүрген бір қателік
Мендері тәтті үйқыны тонап алды [76-б.]*

— дейтін лирикалық кейіпкер анасынан естіген ертегісін бүгінгі замандастарына ой салу мақсатында пайдаланған. Бай мен кедей болып ара жігі бөліне бастаған мынау қоғамда замандастарымыздың ар-абыройдан дүниені жоғары қоятындығын күнделікті өмірден көріп жүрміз. Бай болуды арман еткен адамдардың сұрап алған аурудан жазыла алмай қор болып жатқанын көрген ол қазақ біткеннің санасты бұзылуынан қорқады. Сондықтан да елді сабырға, қанағатқа шақырады. Алтын мен күмістің сапалық, емдік қасиеттерін саралай келіп, «Алтын көрсе перште жолдан таятындығына» назар аударады.

Ағайынды екі жігіт атадан қалған балық аулау кәсібімен жан бағып жүреді. Күндердің күнінде інісі «Алтынның түсі қызғылт болады» деуші ед, Қызғылт сағым су түбінен шығады екен» деп осы судың бастауында алтын болу керек дейді. Олар неше күн жүріп, судың бастауына барса, шынында да судың астында қып-қызыл болып алтын жатады. Ағалы-інілі екеуі мол алтынды олжаларап, үйлеріне қайтып келе жатқанда ағасына арам ой келіп, алтын үшін бірге туған бауырын өлтіреді. Оны ақын былай бейнелейді:

*Айыбы азғындықтың ата күнә,
Жұттым суды – атаяу кере атады да.
Тапқанын таңдайына бір таттай-ақ
Аттанды іні киелі өлім сапарына...*

*Қап-қап алтын – пұлтының санын күнтен,
Брысым, ырыздығым, таңым құт деп,
Бір-ақ сәтте бай болып шыға келді,
Күрсақтас жалғызының қанын жүктен [78-б.]*

«Алтын көрсе, перште жолдан таятындығын» ағасының осы опасыздығымен нанымды суреттеген ақын ендігі жерде сұрап алған ауруға ем болмайтындығына назар аударады. Мынғырған малын бала-шағасы түгіл, өзінен қызғанатын ол тіпті өзгелермен көрші отыруға қорқып, айдалада бір өзі мекен етеді. Дүниекүмар ашкөздің сол тіршілігі:

*Қагатсыз қу жсаны тына алмады,
Дүние шырмауынан шыға алмады.
Сайтани бір сағымды қуамын деп,*

Иманын жсогалтқанын біле алмады [78-б.], – деген жолдарда нақтырақ көрініс тапқан. Қазақта «Батыр – бір оқтық, мал – бір жұттық» деген мақал бар. Осы мақалдың тегін айтылмағандығын дүниенің сонына түскен ашкөздің бір жұттан аман қалмағаны растайды:

*Ақ боран алай-тулей, санаулы шақ,
Астан-кестен етті де, бар әнді сап.
Бай ауылын бір сәтте басып қалды,
Табиғат қателеснейді адам құсан* [79-б.].

Қаһарына мінген қыстап мал-жанын аман алып қала алмаған оған жиған алтынынан көк тиын пайда болған жоқ. Қызғанғаны қызыл итке бұйырып, малшылардың еңбекақысын жеп, елдің қарғысына ұшыраған байдың бұл өлімін «Қыын дейді қарғысы адамдардың, Жаратушы құдайдың қарғысынан» деген ой толықтыра түседі. Ақша мен дүниенің қалай келсе, солай кететінін жадында ұстаған ақын адап еңбекпен мал табуға мегзейді. Тас асылы алтынды Алла тағала пенделерін сынау үшін жібергенін бүтінде біреу білсе, біреу білмейді. «Кедей бай, бай Құдай болсам» деген бүгінгі мынау коғамда өмір сүріп жаткан замандастарына алтын мен күмістің ара салмағын түсіндіруді көздең ақын алдына қойған мақсатына жеткен.

*Періштені «жсолынан» тайдырам деп,
Алтын деген қан тілеп тұрады еken...*

*Алтынның буына мас болған кезде
Ашқарақ көз түк көрмей кетеді еken...*

*Қарапайым, елеусіз көрінетін
Күмісте қасиет бар ардақтаган....
Құдай өзі күміске құат беріп,
Ал алтынды жіберген сынақ үшін..*

*Алтында еліктеу, елірту бар,
Күміс – ақыл, сабырды шақырады...*

*Алтын адам пейілін тарылтады,
Күміс сырқат дертиңен жазылтады...*

[9-б.], – деген жолдар алтын мен күмістің ара салмағын танытуда үлкен рөл атқарып тұрганы белгілі. Қазақ батырлардың ат әбзелдері мен белдіктерін, соғыс қаруын шайқаста сабыр, салмақ берер деген оймен күміспен қаптайтыны екен. Сабырлылық, салмақтылықпен бірге адамның денсаулығына пайдалы күмісті атамыз қазақ ерекше құрметтеген. Қазан-табақтың арасында жүретін әйелдер қолдарына міндепті түрде күміс жүзік салатын болған. Оны поэмадағы: «Күміс жүзік салмаған әйел қолы, «Таза емес» – деп кетеді асын ішпей», – деген жолдар растайды. Ақын күмістелген ыдыстан ішкен судың асқазанды тазалайтындығын, неке жүзігін күмістен салғанда не-кенің тұракты болатындығын, неке сүйн күміс ыдыстан не болмаса суға күміс салып ішкізетіндігін, ажырасудың алтын таға бастаған соң көбейгендігін айта келіп, мынадай түйін жасайды:

*Ей, адам!
Салмағың алтыныңды баса ала ма,
Ақылың дәүлетіңен аса ала ма?!
Байлықтың тұман-буын жесе алмасаң,
Алтынды, өзіңді де мазалама!* [9-б.]

Бүгінде дүниені ар мен иманнан жоғары қоятын замандастарымызға ой салатын поэмалың тәрбиелік мәні өте үлкен. Адам қанын анықтауда дәрігерлердің неке жүзігін салатын аты жоқ саусақтан кан алатындығын мысал ретінде пайдаланған ақын «Саусақтағы алтынның мыскал буы, сезімді сергелденге түсіреді» дейді. Айтса айтқандай, «Мешітте күміс жүзік салынғанда, Жоқ еді ажырасу деген ұғым». Ақын біріншіден, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрін қайта жаңғыртуды, екіншіден, тек қазақ емес адамзат баласына ортақ асыл қасиеттерді насиҳаттап отыр. Бүгінде жастардың арасында ажырасу-

дың көбеюінің себебін іздеген ақынның тұжырымдары дәлелсіз емес.

Қазіргі поэмадағы тағы бір шоғыр ақындардың өздері күә болған оқиғаларға жан бітіріп, қазіргі қогам мен замандастарымыздың жарқын бейнесін жасауы. Ә.Смайловтың «Баспана туралы баллада», «Жан дауысы», «Мениң меккем» поэмаларына қазіргі замандастар бейнесі негіз болған. Ә.Смайлов «Мениң меккем» атты балладасында туған жерін меккеге балайды:

*Жөргектегім-беймәлім, еңбектедім,
Және ақиқат-сан құлат жерді өткенім.
Мен Меккенің өзінде туынтын гой,
Тұырлықты ауылды көрмен не едің? [112-б.]*

Әрбір адамның өз туған жерін сыйлауға, құрметтеуге шақыратын мұндай шығармалар тәуелсіздік тұсындағы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде көп міндеттер атқарады. Мәселен «Баспана туралы баллада» поэмасында:

*Көшіп жүргін...
Бабам да көшипелі еді,
Көк шалғында – ауылда өскен мені
Көңіл – дөнен ап келді астанаға,
Көп інгрені бірақ ол ескермеді, – дейді [92-б.]*

Ақын поэмасында қазіргі заманның шындығын арқау еткен. Ол бұрынғы астана Алматыдағы пәтер мәселесін көтере отырып, халықтың экономиклық жай-күйінен хабар берген. Сонымен бірге қазіргі таңдағы ел өміріндегі келенсіз жайтарды ақын жасыра алмаған. «Жан дауысы» поэмасында қазіргі карттар үйі мен балалар үйінің көбейіп кеткендігін тілге тиек ете отырып, адам баласын имандылыққа шақырады.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК КӨКЖИЕГІ

Роман. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт аралығында қазақ прозасы дамудың жаңа белесіне көтерілді. Тәуелсіздік тұсында қазақ жазушылары тоталитаризм қыспағынан босап, еркін тыныстауға бет алды. Бұл жылдары прозаның жетекші жанры романның өрісі кеңейді. Тәуелсіздік жазушыларға сөз бостандығын алғып келді. Сөз бостандығы қазақ жазушыларына кеңестік дәүірде еркін бара алмаған, кең қозғай алмаған тақырыптарға қайта үнілуге мүмкіндік берді. Сондықтан да тәуелсіздік тұсында оған дейін біржакты бағаланған қазақ тарихы туралы шығармалар молынан жазылды. XX ғасырдың 70-80-жылдарындағы Ә.Әлімжанов, И.Есенберлин, С.С.матаев, Ә.Кекілбаевтардың тарихи романдарының қатары тәуелсіздік тұсында Ж.Ахмадидің «Дүрбелең» (1990), «Шырғалан» (1997), «Есенгелді би» (2004), «Жарылғап би» (2008), «Айтұмар» (2009), Қ.Исабаевтың «Серт» (1991), «Шон би» (1993), К.Ахметбековтің «Қасірет» (1991), Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» роман-дилогиясы (1994, 1996), Б.Мұқайдың «Өмірзая» (1998), Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» (1999), С.Сматаевтың «Елім-ай» (үшінші кітап. 2003), «Жарылғап батыр», Ұ.Доспанбетовтің төрт кітаптан құралған «Қызыл жолбарыс» (2000), «Абылайдың ақ туы» (2004, 2008), Х.Әдібаевтың «Отырар ойраны» (2001), К.Сегізбайдың «Беласкан» (2001), С.Әбілқасымұлының «Оспан батыр» (2001), Т.Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» (2003), Ж.Ахмадидің «Есенгелді би» (2004), Қалмұқан Исабайдың «Шон би» (2005) сынды жаңа шығармалармен толықты. Жазушылардың аталған романдарында түркі халықтарының

ежелгі дәуірінен бастап, әр кезеңдегі тарихи оқиғалар төнірегінде қазақ тарихының көркем суреттері жасалды. «Шырғалан» романында Шығыс Түркістан республикасының туу, қалыптасу, өсу, өшү дәуірінің көркем суреттері жасалса, К.Исабаевтың «Серт», «Шон би» трилогиясында жонғарларды жеңуден бастап Ресейге бодан болуға дейінгі аралықтағы ұлан-асыр материал қамтылған. «Дарабоз» романында қазақ халқының Жонғар басқыншыларына қарсы соғысы Ұлы Отан соғысы дәрежесінде суреттелсе, «Жарылғап батырга» Абылай хан тұсындағы оқиғалар негіз болған. Жазушы сол тұстағы Абылайдың атақты сардарының бірі Жарылғап батыр мен тұтқын қызы Шаған арасындағы қым-қиғаш оқиғалар арқылы қазақ тарихының көркем суретін жасаса, «Дарабоз» XVIII ғасырда Жетісу өніріндегі Жонғар шапқыншылығы кезіндегі қанды оқиғаларды баян етеді. Мұнда қазақ халқын «Елім-айлап» зарлатқан Ақтабан шұбырынды трагедиясын Ескелді би төнірегінде өрбітуде тарихи құжаттар мен ел аузындағы сан қылыш аныз-әңгімелерге сүйенген. Қазақ тарихы жөніндегі шығармалардың ішінен Қазақстанның тұнғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың назарына іліккен Б.Мұқайдың «Өмірзая» романы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын алды. Тәуелсіз қазақ елінің талап-тілегінен туындаған тарихи романдар осылайша көпшілік оқырманның ыстық ықыласына бөленді.

Егемен елдің тәуелсіздігі мұзғымай, көк байрағы желбіреп тұруын максат еткен шығармалар ішінен «Өмірзая» романы тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасының негізгі табыстары қатарынан саналады. Кешегі тарихымызға тіл бітірген жазушы бүгінгі егемен елдің оқырманына қарата ой қозғаса, Ә.Нұрпейісов «Сонғы парыз» романында ел, жер тағдырын көтерді. Шалғайда жатқан балықшылар ауылына құллі әлемді сыйғызған жазушы ұлттық қана емес, әлемдік мәселелерді көтерді.

Ұ.Доспанбетовтің «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы» атты төрт кітаптан тұратын роман-эпопеясына Қаратау мен Іле, Сырдария, Шу, Қаратал өзендерінің бойында осыдан үш ғасыр бұрын өткен, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен сақталған казак-қалмақ қақтығыстары көркем суреттелген. Жазушы елі мен жерін сыртқы жаудан қорғаудағы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы құрессінен адам, халық, ел, ұлт, мемлекет дербестігі туралы ой ұсынады.

«Отырар ойранында» сегіз ғасыр өмір сүріп, ақыры құл тәбеле айналған қала трагедиясы зұлмат қүштердің адам баласымен бірге жасап келе жатқандығы мәңгі толастамаған айқасымен суреттелсе, «Оспан батырда» Шығыс Түркістандағы халық көтерілісінің басшысы Оспан батырдың құрескерлік тұлғасы өзін қоршаган ортамен бірлікте қаралған.

Бұл жылдары жазылған романдардың тағы бір тобына XX ғасырдағы қазақ тарихының көркем суреттері негіз болды. Бұл қатарда К.Ахметбековтың «Қасірет» романы (1991), С.Елубайдың «Мінажат» (1993), А.Мекебаевтың «Қазына сыры» (1994), Ж.Шаштайұлының «Біздің заманың Аязбій» (1997), О.Сәрсенбаевтың «Шенбер» (1998), Ә.Таразидің «Жаза» (1998) «Қанмайдан», «Шер», И.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық» (2001), К.Қазыбаев «Сұрапыл» (1995), Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» (1992), Т.Әллейісовтің «Жонғардың соңғы қашқыны» (1997), М.Қожахметованың «Жантәсілім» (2001), К.Сегізбаевтың «Беласқан» (2001), Ф.Құлахметовтің «Үйірі жоқ көкжал» (2001), Т.Рыскелдиевтің «Ұлы көш» (2001), Т.Әлжантегінің «Қым-қиғаш тіршілік» (2001), Ә.Кәріпұлының «Тайталас» (2001), Т.Қосуақтың «Әйел айтқан хикая» (2001), Д.Батырдың «Ақ барыс» (2001), С.Әбілқасымұлының «Оспан батыр» (2001), Ж.Самитұлының «Қаһарлы Алтай» (2004) романдары. Қ.Жиенбаевтың «Данқ тұрмесінің тұтқыны» (2002), Ж.Шаштайұлының

«Жанғырық» (2004), Р.Тоқтаровтың «Бақытты құлдықтың ақыры» (2005), С.Досановтың «Қылбұрау» (2003), «Ұйық» (2005), Н.Дәутаевтың «Құдірет пен қасірет», Т.Тілеухановтың «37 жылдың балалары» (), С.Елубайдың «Ақбоз үй» (2005), К.Тұменбаевтың «Берекет көрмеген бейбактар», Т.Нұрмғамбетовтың «Мешкей» (2006), т.б. романдарын атауға болады. Аталған романдардың бірсынырасына ХХ ғасырдың көркем суреттері, енді біріне қазіргі заман оқиғасы арқау болған. Оларда өткен ғасырда қазақ халқының басынан өткен аумалы-төкпелі тарихи оқиғалар, дәлірек айтсақ, Қазан төңкерісі, жаппай колхоздастыру, тәркілеу, ашаршылық, Ұлы Отан соғысы, тың және тыңайған жерлерді игеру, адам және табиғат экологиясы, Желтоқсан оқиғалары тәрізді кеңестік дәүір шындығы көркем бейнеленді. Осылайша қазақ романы жаңа мазмұн, жаңа сипаттағы тарихи және көркем шығармалармен толықты.

Әр алуан тақырыпты көтерген жазушылар ел өміріндеңі негізгі мәселелердің бәрін де қамтуға тырысты. Қазақ халқының өзіне ғана тән бауырмалдық, туысқандық, қонақжайлыштың сынды ұлттық қасиеттерінен айырыла бастаудың ұлт қасіреті етіп көрсеткен шығарманың бірі – К.Ахметбековтың «Қасірет» романы (1991). Өткен ғасырда қала тұрғындары безбүйрек болып көрінетін, ал қазіргі таңда ауыл қазақтарының өзі туысқан мен бауырға қайырымы жоқ қайырымсыз болып бара жатқаны аңы болсада шындық. Жазушы қазаққа жат мінез-құлдықтардың қайдан, қалай пайда бола бастағандығына, оның жүқпаплы дерптей қаулап өсіп бара жатқандығына күйініп қана қоймайды, оған шипа іздейді.

Б.Тілегеновтың «Тұйық өмірдің құпиясы» атты роман-естелігінде (1992) ұзақ жылдар мемлекеттік қызметтер атқарған автор күллі КСРО-да болып жатқан ірілі-ұсақты оқиғаларды Мәскеудегі ЦК-ның қалт жібермей қадағалап

отырғандығын кеңестік дәуірдің ешкім біле бермейтін құпия сырларымен сөйлеткен болатын.

Откен ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқы үшін қасіретке толы болғаны тарихтан белгілі. Қазақ жерін тұтас жалмаған ашаршылықтан кейін келген отыз жетінің қырғыны онсыз да есенгіреп қалған елді тұралатып тасталды. Ә.Сараевтың «Еділ-Жайық» шығармасында XX ғасыр басындағы ұлт мұддесін жоғары қойған алаш азаматтарының елі мен жеріне сіңірген еңбегі Халел Досмұхамбетов бейнесі арқылы дәріптесе, С.Елубай «Мінажат» (1993) атты романында кеңестік дәуірде («Ақ боз үй») айта алмаган шындықты толықтыра түсті. Жеке басқа табынудан болған трагедияның басты себептері мен алғы шарттарын ашып көрсетуге ден қоя отырып, кешегі қасіретке толы жылдарға жан бітірді. Романның негізгі жетістігі – кезінде тиым салынған тақырыпқа терендең бару арқылы ел өмірінің қатпарлы да қайғылы тарихын тірілтуі.

Осы тақырыпты толықтыратын шығарманың бірі – А.Мекебаевтың «Қазына сыры» романы (1994). Отаршылдықтың салдарынан жасалған жаппай ашаршылықты негіз еткен роман қазақ халқының қасіретті тарихынан сыр шертті.

Бүгінде тарих қойнауына енген, кешегі кеңестік дәуір шындығын арқау еткен шығарманың бірі – Жайық Бектұровтың «Таңба» романы (1997). Ленинзм зандылықтарымен бірге тұтас қаралған Сталин күltі қазақ халқының басына қаншалықты қайғы-қасірет алып келгенін осы тәрізді шығармалардан байқауға негіз бар. Себебі мұнда фантазиядан шындық басым. Автор өзі куә болған, тікелей араласқан өмір шындығын көркем шындыққа айналдырған.

Кеңестік дәуірдегі өмірдің қайшылықты жактарын сынға алған шығарманың бірі – Ж.Шаштайұлының «Біздің заманның Аязбі» романы (1997). Төніректе болып жатқан жайттарды көрсө де көрмеген болатын басшылық-

тың отаршылдық саясатты ұстанғанын әлеуметтік-саяси кемшіліктермен көрсеткен жазушы XX ғасыр қасіретіне айналған кемшіліктердің бетін ашып, бір халықтың қасіретін арқалаған басшыларды әшкерелейді.

Өткен ғасырдағы ел өмірінің көркем бейнесін жасаған шығарманың бірі – О.Сәрсенбаевтың «Шенбер» (1998) романы. Жазушы бұл романында кеңестік дәуірдің күнгейіне емес, көленкелі жақтарына үнілді. «Бір аяғымыз социализмде, бір аяғымыз коммунизмде тұр» деп халықты өз саясатына имандай сендірген кеңестік идеологияның астарына үніле білген жазушы сол коммунизмге не себепті жете алмай, аяғымыз көктен келгендігін түсіндіруге ден қойған. Тәуелсіз Қазақстанның XXI ғасырдағы шипасы жоқ дертіне айналған қасіреттің бірі – сыйбайлас жемқорлық болса, сол жемқорлықтың бүгіннен бастау алмағанына назар аудару арқылы оның кеңестік дәуірдің түбіне жеткендігін көрсеткен. Бүгінгідей бай мен кедейі жоқ заманда, яғни елдің бәрі коммунистік идеологияға бағынған тұста да ел тұрмысының біркелкі болмағанын Аппаков пен Жаһилов өмірінен көруге негіз бар. Ақиқат үшін курескен Аппаковтың қызметтөн айрылып, қуғын көруі, Шерәлі Дүйсенбаевтың аяқ астынан қаза табуы, тосын қазаның себебі анықталмай сиыр құйымшақтанып кетуі – бәрі де республикаға сөзі өтімді Жаһиловтан келгені мәлім. Алайда бүкіл елді соқыр сенімге сендірген соқыр қоғамда болып жатқан осындағы кездейсоқ оқиғалардың барлығы жинақтала келіп, қоғамның жазылмайтын дертін көрсетсе, тәуелсіздік тұсында болып жатқан осындағы өлімдердің де артында республиканы емес, әлемді бағындырған миллионерлердің түрғандығын еске салады. Жазушының кеңестік дәуірдегі жемқорлықты сөз ету арқылы бүгінгі белен алған сыйбайлас жемқорлыққа шипа іздегені анық.

Ал Т.Әлжантегінің «Қым қиғаш тіршілігі», F.Құлахметовтің «Үйірі жоқ көкжал», Т.Нұрмамбетовтің «Меш-

кей» романдары бүгінгі күннің оқиғаларын арқау етуімен ерекшеленеді. Адамдар арасындағы бітбейтін тартыстардан қазіргі арамызда жүрген әр түрлі пифылдағы замандастарды тануға негіз бар.

Тәуелсіздік жылдары қазақ романы жаңа мазмұнмен толыға түсті. Олардың қатарынан кешегі ауған соғысы да орын алды. Ә. Таразидің «Жаза» романы (1998) ауған соғысы туралы жаңаша ой қозғайтын туынды. КСРО құрамындағы барлық республика өкілдерінің ауған соғысына бір кісінің баласындағы қатысқанын білеміз. Ал, соғыстан қайтпаған талай боздақтардың қаны не үшін, кім үшін төгілгеніне бүтінде жауап беру киын. Жазушы мақсатсыз соғыстың женісі де, женілісі де мақсатсыз болатындығын түсіндіруге тырысқан. Сондықтан да өмір мен өлім туралы үлкен философиялық ой қозғаган жазушының аталған романы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Сонымен бірге XX ғасырдың соңы ширегіндегі айтулы Желтоқсан оқиғасы жөніндегі эпикалық шығармалар дүниеге келді. Олардың қатарында Т. Сәукетаевтың «Ай қарандысы» (1998), «Желқайық» (2011), Н. Куантайұлының «Қараөзек» (2002), Міршайырдың «» романдарын атауға болады. Аталған романдарда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының қазақ халқына алып келген қасіреті жекелеген кейіпкерлер өмірімен шынайы бейнеленді. Саяси айыпты болып табылған құғын-сүргін құрбандағының кенес түрмелерінде өткен күндері тың деректермен оқырманың өзіне барады. Аталған романдардың барлығы да тәуелсіздік үшін құрлескен қазақ жастарының азаттық жолындағы арпалысы ретінде танылды. Желтоқсан оқиғасының аяқ астынан өршіп кетуі, аланғы шыққан жастарды қыспакқа алу, оларға жүргізілген сұрақ-жауап процестері, құғын-сүргін құрбандарының тағдырдың тауқыметі ұшырап қын-қыстау күн кешуі, түрмеге түсken жастардың мезгілсіз қыршынынан қылуы – барлығы да сол тұстағы ел өміріндегі шындық. Бұл романдардың

негізгі жетістігі – жетпіс жылдан аса өмір сүрген Коммунистік партияның халыққа жасаған қиянатын, яғни өмір шындығын көркем шындыққа айналдыруы.

Бұл жылдары жазылған шығармалардың бірсынырасы өмірде болған тарихи тұлғалардың көркем бейнесін жасаған тарихи-ғұмырнамалық романдар. Жекелеген қайраткерлердің өмірі арқылы сол тұстағы қоғам өмірінен хабар берген шығармалар қатарында Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» (1978-1994), Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» (1999), Ж.Молдағалиевтің «Алғашқы қонырау» (2005), Ә.Таразидың «Мұстафа Шоқай» (2008) романын атауға болады. «Қызыл жебе» «Революцияның Қызыл Жебесі» Т.Рысқұлов бейнесін қазақ әдебиетіне алып келген тарихи-ғұмырнамалық роман болса, «Алғашқы қонырау» Шоқан Уәлихановтың өмірі мен еңбегіне арналған. Р.Тоқтаровтың бес кітаптан тұратын роман-хамсасы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан кейін араға жартығасырдай уақыт салып жазылған көлемді дүние. Ә.Таразидың «Мұстафа Шоқай» романы түркі әлемін тұтас-тандыру жолында орыс отаршылдарымен куресіп өткен М.Шоқайдың өмірінен хабар береді. Романның бірінші кітабы Мұстафаның азамат болып қалыптасу жолдарын баян етеді. Ш.Мұртазаның «Қызыл Жебе» романындағы бала Тұраардың әкесімен бірге Верный түрмесінде отырып, қоғам, өмір туралы ой түйетіні секілді бұл кітапта да бозбала Мұстафаның өзін қоршаған ортадағы әр алуан оқиғаларға араласа жүріп, азамат ретінде қалыптаса бастағанына күә боламыз.

Тарихи тұлғалар тәрізді өнер адамдары туралы О.Сәрсенбаевтың «Шамшырақ» романы (1990) Нартуған ақынның, И.Жақановтың «Ықылас» романы (1990) Ықылас Дүкенұлының, З.Қабдолотовтың «Менің Әуезовім» роман-эссеци (1997), Д.Досжаннның «Алыштың азабы» (1997), Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» (1999) романдары Мұхтар Әуезовтің, Н.Әбуталиевтің «Наркескен» романы

(1989) Исатай мен Махамбеттің бейнесін сомдаған туындылар.

Тәуелсіздік тұсында мәнгілік тақырыптың бірі болып саналатын әйел тағдыры, махабbat мәселесі де жазушылар назарынан тыс қалған жоқ. Бұл қатарды қазақ әдебиетін әйел-ана, махабbat тақырыбымен байытқан Б.Нұржекеевтің «Күтумен кешкен ғұмыр» (1993), Қ.Қамбаровтың «Махабbat тұрағы» (1994), «Екі арудын махаббатты» (2002), Ш.Елеуkenovтің «Әттең, дүние» (2001), Ә.Ідірысовтың «Таншолпан» (2000-2004), Ш.Құмарованың «Сезім патшалығы» (2003) романдары толықтырды. Жазушылар аталған туындыларымен әйел-ана бейнесін жан-жақты ашуға тырысты. Олар әртүрлі уақыт, әртүрлі ортадағы әйелдер бейнесін сомдауда арналған шығармаларда махаббаттың сан-сауалына жауап іздеді. Бұл тақырыпты әр жазушы әр қырынан аша отырып, бір мәселені әртүрлі шеше білді. Махабbat атты ұлы сезімді көркем бейнелеуде қазақ жазушылары психологиязмді шебер игеріп, адам бойындағы ұлы сезімдерді әдемі іірімдермен ашуға ден қойды.

Кеңестік дәүір тұсында жазылған С.Сейфуллин, С.Мұқанов, F.Мұстафин, С.Көбеевтердің мемуарлық романдарының қатарын Қ.Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» (1999), М.Мағаунинның «Мен», Ә.Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», Х.Әдібаевтың «Өмір да-рия», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» (2000), Қ.Ысқақтың «Келмес құндер елесі» толықтырды. Аталған романдар авторлардың өзі қуә болған оқиғалар негізінде жазылғандықтан олардың барлығы да XX ғасырдағы ел өмірінен хабар береді. Алайда әр жазушы өзі қуә болған тарихи оқиғаларды әрқиытты дамытқан. Қ.Жұмаділов романында екі мемлекет арасындағы тарихи оқиғаны бір кезде қазақ халқының басына түскен ауыр қайғы арқылы кіндік кескен жерден үдерес көшүімен көрсетсе, бүгінде олардың туған жерге жаппай көшіп келіп жатуы туған

жерге деген сүйіспеншілігін ашуға қызмет етеді. Отаның оттан да ыстық екендігі сыртта жүрген ағайындардың тіршілігімен нанымды бейнелеген. Ал, Ш.Мұртаза романының бас кейіпкері Барсханның өмірі XX ғасырдың бірініші жартысындағы ел өміріндегі аумалы-тәкпелі жағдайдан хабар береді. Барсхан мен анасы Айшаның «халық жауының» отбасы ретінде тағдырдың тауқыметін тартуы кешегі мындаған жандарың типтік бейнесі екені рас. Э.Нұршайқовтың романы аты айтып тұргандай өзінің төнірегіндегі замандастары арқылы сол тұстағы қоғам өмірінен хабар берсе, М.Магауин шығармасындағы ғылыми жұмысына қатысты деректер кеңестік дәүір тұсында қазақтың тарихын теренірек зерттеуге, білуге тиым салынғандығын «Алласпан», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтары мен «Көк мұнар» шығармасына жасалған қияннаттар растайды.

Қ.Қамбарұлының «Әзірет Сұлтан» (2000) атты шығармасында мемуарлық сипат басым. Сондықтан кеңестік дәүір мен нарық заманын ерлі-зайыптылардың тірлік болмысымен қамтыған шығарманы мемуарлық романдар қатарына қосуға болады.

Жоғарыда аталған шығармалар және мифке құрылған А.Алтайдың «Алтай новелласы» (2001) мен Д.Өтековтің «Мон-Тандр құпиясы» (1997), Ж.Сахиевтің «Марстан шыққан жаңғырық» (2002), «Қимайтын әлем» (2003), «Шолпанға көшкен ауыл» (2004) атты фантастикалық туындылары тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романын мазмұны мен түрі жағынан байытты. Осылайша қазақ жазушылары тәуелсіздік тұсында роман жанрын жаңа белеске көтерді.

Елбасы: «Қазақстан жолы – 2050: бір максат, бір мұdde, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз – түркілердің Мәңгілік Ел идеясын Қазақ елінің ұлттық идеясы деп жариялаған болатын. Қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сан ғасырдан бері

ата-бабаларымыз біз бүгіндері айтып отырған мәңгілік ел үшін құрескеніне көзіміз жетеді. Халықтығымызды сақтап қалу мақсатында қаншама хандар мен билер, шешендер мен көсемдер, батырлар мен бағландардың өмірден баз кешкені белгілі. Тіліміз, діліміз, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз бен мәдениетімізді сақтау арқылы ғана Мәңгілік ел болатындығымызды ұмытпауымыз керек. Еліміздің мәңгілік болуы жолында мәдениетпен бірге әдебиеттің басты қызмет атқаратыны айтапаса да түсінікті. Осы тұрғыдан қарағанда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы өткенімізді құрметтеп, болашағымызды баянды етуге бастаса, осы жолға қазақ жазушылары да өз үлестерін қосуда.

Қазіргі таңда ақын-жазушылардың тарих қойнауына үніліп, бұған дейін айтылмаган, жазылмаган халықтың сан ғасырлық тарихының көркем шежіресін жасауы – соның жарқын мысалы. Соның нәтижесінде қазіргі қазақ әдебиеті бүгінгі тәуелсіздігіміз үшін құрескен хандар мен батырлардың, билер мен шешендердің, ақындар мен қоғам-кайраткерлерінің көркем бейнесімен толықты. Сондықтан көркем әдебиетте жас ұрпактың ұлттық санасын ояттын тарихи роман, мемуарлық роман (Х.Әдібаев «Өмірдария»), новеллалық роман (Ш.Мұртаза «Ай мен Айша»), роман-эссе (Е.Әкімқұловтың «Қалдаяқов – ән патшасы»), шырғалаң роман (С.Сматаев «Біз – құлмыз ба, кімбіз»), публицистикалық роман (К.Жиенбай «Жер үстінде жұмак бар»), деректі хикаяттар (В.Михаилов «Ұлы жүттің шежіресі») легі көбейді.

Қазіргі әдебиеттің мазмұны жаңа оқигалармен толықты. Жазушыларымыз монгол шапқыншылығы, жонғарлармен кескілескен ұрыс, отаршылдық зардаптары, азаттық үшін құрес, XX ғасырдың басындағы Қазан төңкерісі, Қазақстандағы «Кіші Октябрь», тәркілеу мен жаппай колхоздастырудың салдарынан қандастарымыздың елден үдере көшуі, қызылдар қырғыны, жаппай ашаршылық,

сталиндік репрессия, коммунистік тоталитаризм, Ұлы Отан соғысы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы ауыр тұрмыс, шаруашылықты қалпына келтіру, «Тың және тыңайған жерлерді игеру», 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысы, XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы ел экономикасының тығырыққа тірелуі, қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған қоғам шындығы, сырттағы қандастарымыздың тағдыры тәрізді қазақ халқының өмірінен үлкен орын алатын тарихи оқиғаларға жан бітіру арқылы өткеніміз бен бүгінімізді түгендеуге бет бүрді.

Осындай айтулы оқиғалардың нәтижесінде қазіргі әдебиетте ұлт көсемдерінің жарқын бейнесі сомдалды. Олардың қатарында Тонықек, Мәде хан, Шыңғыс хан, Бейбараис сұлтан, Есім хан, Абылай хан, Кенесары хан, Сырым батыр, Шу батыр, Кабанбай батыр, Шақантай батыр, Жарылғап батыр, Бердіқожа батыр, Оспан батыр, Мама батыр, Балуан шолак, Мұстафа Шоқай, Тұrap Рысқұлов есімдерін атауға негіз бар.

Ұлттық әдебиетте сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының тарихынан үлкен орын алатын Тұмар ханымнан бастап, Домалақ ана, Мәде ханның ақылды жары, Бөрте, Бопай, Құнімжан ханымдар мен Бәкей қызы, тәрізді қазақтың дана аруларының көркем галареясы жасалды.

З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», И.Жақановтың «Іқылас», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Н.Әбуталиевтің «Наркессен», Д.Досжанның «Алыптың азабы», «Абайдың рухы», Е.Әкімқұловтың «Қалдаяков – ән патшасы», Т.Мәмесейттің «Танжарық», Т.Әсемқұлов «Біржан сал», Е.Төлеутайдың «Жүсіпбек Елебеков», М.Сәрсекеевтің «Ермұхан Бекмаханов», «Қаныш Сәтбаев», «Евней Бекетов» тәрізді деректі романдарына әртүрлі өнер иелерінің қылыштары арқау болды. Бұлар – жазушылардың тәуелсіздік тұсындағы өнер және өнер адамдарының бейнесін сомдаудағы көркемдік-ізденістерін байқататын туындылар.

Повесть. ХХ ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ повестері де дамудың жана үрдісінен табыла білді. Бұл жылдары Қ.Исабаев, Т.Әбдіков, Т.Нұрмамбетов, Ж.Ахмади, К.Сегізбаев, Ә.Асқар, М.Ысқақбай, Н.Ақыш, А.Алтай сынды жазушылар қазақ повестерін тың шығармалармен байытып, жана табыстарға қол жеткізді.

М.Ысқақбайдың «Ғашық бол көрмеген келіншек» (1991) повесінде балалы-шағалы жандардың курортта демалып жатып бірі-біріне өлердей ғашық болып қалған хикаясына кезігеміз.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ повестерінің ішіндегі шоқтықты шығарманың бірі – Ә.Асқардың «Өр Алтай мен қайтейін биғінди» повесі (1997). Ш.Мұртазаның «Романга бергісіз повесть» деп бағалаған шығармасындағы негізгі оқиға жүз үйлі «Раздольное» совхозының орнында «өрт тиген қамыстай селдіреп қалған» жеті үйдің тыныс-тіршілігі арқылы ХХ ғасырдың тоқсанынышы жылдарындағы күллі қазақ ауылдарының көркем бейнесі жасалған. Бір ауылдағы кенсе, мектеп, дүкен, дәрігерлік пункт сынды халыққа қызмет көрсету орталықтарының түгелдей жабылуы – тоқсанынышы жылдардағы Қазақстанның экономикалық құлдырауының жарқын мысалы. Кеңестік жүйе ыдырап, колхоз, совхоздардың бәрі тарап, қоғам мүлкі жекешелене бастаған тұста жана қоғамға үрке қараған ауыл тұрғындарының мүшкіл халі Қазақстанның түкпір-түкпірінде жатқан барша ауылдарына ортақ жай еді. Туған ауылдарының болашағына сенген ауыл тұрғындарының наным-сенімі жазушының қыын-қыстау күндердің өзінен оптимистік рух таба білгендігін байқатады.

М.Мағаиннің «Қисық ағаш» повесі қазақтың кешегісі мен бүгінін бір көшениң екі жақ бетінде екі түрлі өскен ағашпен көрсету арқылы ой салады. Символдық мәнге ие болған қарағай мен қарағашты қатар суреттеу бір орта, бір қоғамның өзінде екі түрлі тәрбие алуға болатынды-

ғын байқатады. Сондықтан да сапта түрған сарбаздай тартылып, бой түзеген қарағай мен қиқы-жиқы өсөн қарағаштар тәрізді адамдардың ішкен суы мен жұтқан ауасы бір болса да бір-біріне ұқсамайтынына назар аударады.

Қазақ әдебиетіндегі әйел-ана, махабbat тақырыбына көп қалам тербекен Б.Нұржекеев «Қызы сезім» атты повесінде (1998) өзіне таныс ғашықтар хикаясына және оралды. Жазушы мұнда қызы сезімін кәмелеттік жасқа жаңағана іліккен Ләззәт есімді бойжеткеннің жүрек тынысымен ашуға ден қойған. Бұл повестің бұған дейін жазылған құпияға толы жұмбак келіншектерден басты ерекшелігі қызы сезімін ашуға ұмтылуында.

Ұлы Отан соғысының ардагері Қ.Исабаев «Мұндай қазақ болған» (1999) повесінде шет елдегі партизандар қозғалысын тілге тиек етеді. Ұлы Отан соғысы туралы шығармаларды және бір қырынан толықтырған повестің бас кейіпкері Кенес Армиясының сержантты Бейсен Райысов. Неміс тұтқынынан жанкештілікпен босап шыққан ол Югославия Халық Азаттық армиясында батальон командирінен дейін өсіп, поручик әскери шенін алады.

Бұл жылдары қазақ повестері жаңа табыстарға қол жеткізді. К.Сегізбаевтың «Арасан» (2001) повесі Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он жылдығына арналған байқауда екінші жүлдені иеленсе, Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» повесіне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы, Қазақ ПЕН-клубының Мұхтар Әуезов атындағы халықаралық сыйлығы берілді. Қоғам өзгерісін тез қабылдап, оған дер шағында үн қосқан К.Сегізбаевтің «Арасан» атты повесінен екі нәрсені анғаруға болады. Оның бірі – нарықтық тәртіптің қоғам экономикасын құлдыратуы, екіншісі – жеке меншікті дер шағында тусінгендердің өмір ағымына қарай тез икемделуі. «Парасат майданы» (2002) повесіне XXI ғасыр, яғни қазіргі заман шындығы арқау болған. Бұған дейін жазылған әңгіме, повестерінде мәңгілік категорияларды бірінші орынға қоя

білген жазушы мұнда да Абайдың «толық адамын» шарқ ұрып іздейді. Авторлық ұстаным повестің бас кейіпкері Күнделік иесі арқылы жинақталған. Күнделік иесі екі аяқтылардың хайуаннан қандай айырмасы бар деген сауал тастап, одан шығар жолды қарастырады. Ақпарат құралдары мен мерзімді басылым беттеріндегі адам ата жаралғалы құлақ естіп, көз көрмеген сұмдықтардың XXI ғасырда жасалып жатуы оқырманға да ой салады. Ұлттығымызға қысын келтіретін өрескел жайттардың қазақтардың ішінде кездесіп жатуы да бүгінгі тәуелсіздік заманың шындығы. Жазушы «қалың елі, қазағының» шешімін күтіп тұрған зәру мәселелерін дер шағында көтерген.

Ж.Ахмадидің «Бірі кем дүние» повесінде (2001) Сақтапберген атты кейіпкері өткенді жоқтап, бүгінгіні қаралайды. Ал, бұрынғы майдангер, тоқсан жастагы Байжан қарт дау айтып, төзімділікке, береке-бірлікке үндейді. Сақтапберген мен Байжанның айтысына құрылған хикаят кеше мен бүгіннің таласы ретінде өрбиді.

Д.Досжанов «Жан тәтті» хикаятына кеңестік дәуірде тыйым салған тақырыптардың бірі болып табылатын ислам дінін негіз еткен. Қазақ халқы ислам дінін қабылдағанға дейін де бір құдіретті күш иесінің бар екендігін сезініп, жаратушы алланы мойындаған. Тілі мен дінінен айырып, мәнгүрт етуді көздеңген кеңестік идеологияның атеистік тәрбиесінің өзі қазақтың атадан-балаға беріліп келе жатқан наһым-түсінігін өзгерте алмады. Жазушының ислам дінін насиҳаттап, жаратушы Алланың ұлылығын мінәжат арқылы түсіндіруді көздеңген повесі тәуелсіздік түсындағы қазақ повестерінің табысы болса, бұл қазақ прозасына мінажат жанрының ене бастауының мысалы.

Осындаи повестердің қатарын Т.Ахметжанның «Сұлу мен суретші», «Айсөule», «Тозақ оты», «Сұлу мен суретші» (2001), «Нобель сыйлығы» шығармалары толықтырады. «Сұлу мен суретші» атты романтикалық повесіне өнер, өнер адамдары туралы оқиғаға құрылған.

«Ақжаймаға қып-қызыл қан тамды...» деп басталған хикаятын алғашқы жолдарынан романтикалық үн байқалаады. Екі аяқты пенделердің ар-ұяттан безуі, ауырдың үсті, женілдің үстімен жүріп күн көруі, адамшылықты мансап пен данқтың, дақпырт пен данғазалықтың женуі арқылы өмір жайлы философиялық түйін жасаған.

«Айсәуле» атты повесіне Ақжан мен Айсәуле арасындағы ұлы да үлкен сезім негіз болса, «Тозақ оты» атты повесінде XX ғасырдағы 1928 жылғы ірі байларды, 1929 жылы ауқатты шаруаларды тәркілеуден кейінгі Қазақстанның түкпір-түкпіріне әп-сәтте жайылып, жан біткенді тұтас жалмаған ашаршылыққа жан бітірген. Қазақстанның бірінші басшысы Голощекиннің Қазақстанды Қазан төңкерісі айналып етіпті, Қазақстанға «Кіші Октябрь» жасаймын деген сандырагының тұтас бір халықты жойып жібере жаздағанын тәуелсіздік тұсындаға біліп, жазып журміз. Сол шындықтың шалғайда жаткан қазактың кішкене ауылында қалай жүзеге асқанына «Тозақ оты» атты повестен қаныға түсеміз.

Автор «Нобель сыйлығы» повесіне ию-кию шулаған, тынымсыз тіршілігі бір сәт те саябыр таппаған үлкен қала тіршілігін алған. Оған негізінен ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыпты, адамшылықты ұмыта бастаған қала қазактарының тіршілігі тұрткі болғандай. Оқиға Көктің жетінші қабатындағы Иран бағынан басталады. Жұмак дүниеден басталған оқиғаның негізгі кейіпкерлерінің бірі – ар-ұят перштесі. Ол қазіргі өзіміздің арамызда жүрген XXI ғасырдағы замандастарымыз берін жұмақтан келген ар-ұят перштесін бетпе-бет қоя отырып, өмір мен өлім беттескен сәтте адам өмірінен қалтасына түсетін көк қағазды артық санаған дәрігердің жалғыз баласына жедел жәрдем көрсетпегендіктен көз алдында дүниеден өтуі арқылы қазіргі екі аяқты пенделерді адамшылыққа, имандылыққа шақырады. Әңгіменің «Нобель сыйлығы» деп аталуы да тегін емес. Бұл қазіргі арамызда жүрген замандаста-

рымыздың атақ-даңқ үшін жаратушиның өзімен күресуге даяр тұрған екі аяқты пенделерге айтар дау да жоқ тәрізді. Талаптан Ахметжан хикаятының талдауы бүгінгі проза-ның жана өріске бет алып отырғанына айғақ. Сондай ай-фактың және бірі – жазушы Т.Нұрмағанбетовтың «Айқай» (2001) повесі.

Бұл жылдары қазақ повестеріне біршама үлес қосқан жазушының бірі – Н.Ақыш. Оның «Жатақхана қыздары» (1990), Ұры қызыдың тағдыры» (2001), «Алтынбек» (2003), «Саяқ жауынгер», «Сезім жетегіндегі жігіт» (2010), «Құз хикаясы» (2010) атты повестері тәуелсіздік жылдарының жемісі. Жазушының бұл повестері замандастар бейнесін әр қырынан аша білуімен қазақ прозасына белгілі бір үлес болып қосылды. Қай тақырыпқа арналса да, жазушының шығармалары жинақылығымен, ойының айқындығы және сюжетінің тартымдылығымен әдебиеттегі көркемдік талаптарының деңгейінен шығып жүр. Бұлардағы басты көркемдік шешім жеке адам мен қоғам арасындағы қайшылықтарды ашып көрсету арқылы көрініс табады.

Тоқсаныншы жылдары «Жатақхана қыздары» тек жа-тақханада тұратын студент жастарды емес, барша оқырман қауымның көнілін өзіне аударды. Сондықтан да қазақ жазушыларының ішінде әйел жанын Б.Нұржекеевтен кейін жақсы игерген жазушылар қатарында Н.Ақышты айтуға негіз бар. Себебі оның тоқсаныншы жылдардан бері жазылып келе жатқан әңгіме, повестерінің көпшілігіне күнделікті өмірде арамызда жүрген қара көз қыздары-мыздың өмір тіршілігі арқау болып жатады. Олардың бірі арды аттамаған ибалы қазақ қыздарының көркем бейнесі болса, енді бірі үйден қырық қадам шықкан соң, білгенін істеп жүрген замандастарымыздың жиынтық бейнесі.

Жазушы, аудармашы Н.Қамидың «Көк қақпа» (2010) жинағына «Шал», «Темірқазық», «Хан Мәде» сынды 2000 жылдың бер жағында жазылған хикаяттары ен-ген. Оның қалам тартқан тақырыпты тыңғылықты түрде

жете зерттейтіндігіне «Хан Мәде» повесі нақты мысал. Жазушы тәуелсіздігіміздің жылдық торқалы тойын тойлағалы отырғанда осы тәуелсіздіктің қалай келгендігін «бүгінінді білемін десен, өткенінді түгенде» дегендей, кешегі тарихымызға көз жүгіртеді. Қытайда «Тарих атасы» деген атаққа ие болған, б.з.б. I ғасырда өмір сүрген Сыма Цяньның деректеріне, орыс зерттеушісі Иакинф әкей (Н.Я.Бичурин) аударған материалдарға сүйене отырып, ой қозғайды. Қытайдың Орталық патшалық деп аталтын алып империясын құрған Ши Хуандидін (Сары император) қолбасшысы Мын Тъхянь ұсақ хандықтарға бөлініп, басы бірікпеген көшпендерді ата мекені – Өртөс тауынан қуып шығады. Арага он жылдай уақыт салып, ғұндардың билеушісі, өз әкесі Тұман ханды асқан қатыгездікпен өлтірген жас Мәде таққа отырады. Естігеннің бері қанқұмар санаған Мәденің негізгі көздеңін соғыс емес, халықтың тыныштығы, елі мен жерінің азаттығы екендігі Цинь әuletін тақтан тайдырып, Хань әuletінің негізін қалаған Қытайдың жаңа императорымен соғыс үстінде ашылады. Соғысқұмар императорды қыс ішінде жеті күн тау қоршауында ұстап, аштықтан тұрапап, сұыққа үсіп, әбден қажыған қытай әскерінің біріне де тимей, босатып жібереді. Тарихта болмаған бұл оқиға Мәденің даңқын асқақтатып жібереді. Б.з.б. 200-ші жылы болған оқиғаға жан бітірген автор кезінде баласын Қошан ханың қолымен өлтірмек болғанын білетін Мәде әкесін өз кегін алу үшін емес, халкының Мын Тъхянда кеткен кегін алу үшін өлтіргеніне назар аударады. Оны Мәденің: «Әкем тірі тұрганда бұл кегімізді ешқашан қайтара алмас едік. Ал, мен қайтарамын! Ата-бабымыз ежелден бері жайлап келген қасиетті мекенге қалай да қайтадан қоныстанамыз деп өзіннің алдында ант етемін, анашым!», – деген сөзімен жеткізген. Қытай тоқалының өз баласын ханың орнына дайындал жүргенін білген Мәде өз әкесін осылайша елі мен жері үшін өлтіргендігін автор нанымды

бейнелеген. 35 жыл патшалық құрған Хан Мөденің кеменгерлігі Қытай айдаһарымен тау-тәтті қарым-қатынас жасап, ел билеудің жана бейбіт үлгісін көрсетсе, осы саясатты казіргі тәуелсіз Қазақстанның тұнғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев та ұстап келе жатқандығы белгілі.

Фантастика жанрының қазіргі таңдағы белгілі өкілі А.Х.Мархабаевтың «Күнге тағы дақ түсті», «Жанды жерге жармасқан», «Р-2» құмар Арапға», «Саршая қайта оралды», «Бұйырмаған қолғабыс» атты повестері тәуелсіздік жылдарының жемісі.

«Жанды жерге жармасқан» повесіне «1986 жылдың желтоқсан қасіретіне паралель-қиял» деген тақырыпша қосып, эпиграфына Мұрат Мөнке ұлының: «Аузы түкті кәпірдің, Күшті болған салдары-ай!» жыр жолдарын келтірген. Шығармасының тақырыпшасында «паралель-қиял» дегенге үнілетін болсақ, автор негізгі оқиға болған – жылдың соңғы айы – 1986 жылдың 16 желтоқсанын мензеп тұрған тәрізді. Және планета басқыншыла-рының жетекшісі – «Бин Кол» атты кейіпкер 1986 жылы Қазақстанды басқаруға келген Колбин бейнесін еске түсіреді. Кенсайдағы қорымдардың қиратылғаны жайындағы акпараттар мәліметтері мен Наурыз мейрамының күғын-сүргінге түсіу тәрізді оқиғалар фантастикалық қиялдан гөрі шындыққа бір табан жақын. Дегенмен автор «тарих қайталануы мүмкін» деген күдігін қиял арқылы бергені рас. Фантаст жазушының «Р-2» құмар Арапға» атты шығармасы фантастикалық-детективтік хикаяттар қатарынан орын алса, «Бұйырмаған қолғабыс» повесі ғылыми-фантастика.

«Саршая қайта оралды» повесіндегі оқиға Жасыл Құннің Жетінші планетасында туып, сонда өрбиді. Көккөз, Ұзынтыра және Мықыр сынды үш жасөспірім туған топырағында жеткілікті дәрежеде білім алғасын, өмірдегі орындарын, айналысатын кәсіптерін карастырады. Повестің басты идеясы – аталмыш планетадағы «қатардағы

маскунем» Саршай – бөтен жұлдыз шоғырының планеталары үшін «Биомұражайға керемет көріністік» болғаны. Фантаст жазушы А-Х.Мархабаев қазақ повестерін фантастикалық, фантастикалық-детективтік, ғылыми-фантастикалық шығармалармен байытты. Сөйтіп, бұл жылдары қазақ повестері реалистік, романтикалық фантастикалық шығармалармен толықты.

Ал, соңғы ширек ғасырдағы хикаяттарды (повестерді) жинақтай келгенде, Қ.Жұмаділов, Н.Ақыш, Ә.Ахмет, Қ.Тұменбай тәрізді жазушылар өз шығармаларында кешегі тарихымыз бен бүгінімізге жан бітірсе, Т.Нұрмамбетов, Т.Сәукетаев, Н.Қапалбекұлы, Ә.Асқаров, Н.Дәутийұлы XXI ғасыр дертіне айналған қасіреттерге жауап іздеді. Ш.Құмарова, М.Базарбайқызы, С.Досжан, Ж.Қайранбай шығармаларында қазақ қыздарының әртүрлі тағдырларын арқау етсе, М.Қаназ, С.Нұғыман атбейлер өмірі арқылы дала қазактарының өмірінен сыр шертіп, ұлттық этнографиямызға жан бітірді. Хикаяттарында Е.Қойбағарұлы дәрігерлер өмірі арқылы аурудың алдын алу туралы ой қозғаса, Қ.Жиенбай мен С.Дүйсенбиев үлкен қаладағы кішкентай адамдардың тұрмыс тіршілігінен хабар берді.

Қазіргі әдебиеттің келесі жетістігі – ұлттық әдебиеттің бізге таныс, бейтаныс замандастарымыздың бейнесімен толығуы. Қазіргі әдебиетке жаңа кейіпкерлер галереясының келуі саясатқа негізделген жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді әдеби әлемнен ығыстыруды. Ақын-жазушылар адамды ет пен сүйектен жаралған пенде ретінде бейнелеп, әдебиеттің көркем өнер екенін сөз құдіретімен танытуда. Өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның жан айқайы мен шешімін күтіп тұрған өзекті мәселелерін арқау еткен туындыларда біздің заман қаһармандарының көркем бейнесі сомдалуда. Ол – кім? Ол – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлынан бастап қоғамның әр саласындағы, түрлі ортадағы, әр түрлі жастағы замандастарымыз.

Қазіргі прозаның негізгі жетістіктерінің бірі – өмірдің құнгейін емес, көленкелі жақтарын шынайы бейнеленуі. Сондықтан ұлттық әдебиетте әulet жүгін арқалаған қыздардың, жатырынан айрылған немесе жатырын жалға берген бейқунә аналардың, көше кезген қанғыбастардың, тастанды балалар мен тұлдыр жетімдердің, шалғайдығы ауылдан ұлken шаһарларға жұмыс іздең келген жігіттер мен қыздардың шынайы өмірден алынған нанымды бейнелері жасалды. Бұлардың барлығы – жазушылардың қиялышынан жасалған жасанды кейіпкерлер емес, өмірдің қайнаған ортасынан алынған өмір, тіршілік үшін құресте тағдыр тауқыметін тартқан кейіпкерлердің жиынтық бейнесі.

Ұлттық әдебиеттің даму үрдістерін сөз ететін болсақ, қазіргі казақ әдебиеті жаңа ағымдармен толығуда. Олардың қатарында сан ғасырлық тарихы бар, кеңестік дәуір тұсында дәстүрлі жолынан көз жазып қалған – дін-ағартушылық ағымды ерекше атауға негіз бар. Тәуелсіздігіміздің негізгі жетістіктерінің бірі – дініміздің қайта оралуы болса, ақын-жазушылармыздың осы бағытта жасап жатқан істері де жетерлік. Қаламгерлер ислам дінінің жақұттарын әдебиетке алғып келу арқылы имандылықтың не екенін қарапайым тілмен елге түсіндіруде. Дін мен әдебиетті бөліп қарауға болмайтындығын түсінген дінтанушылар бүгінгі танда діннің өзін Бұқар, Абай, Ыбырай, Шәкәрім тәрізді ұлттық әдебиет алыптарының шығармалары арқылы ұғындыруда.

Қазақ жазушылары әдебиетте қалыптасқан дәстүрлі жолды жалғастырумен бірге жаңа түрлік ізденістерге де баруда. Бұл қатарда қазіргі әдебиеттегі модернистік, постмодернистік бағыттағы шығармалар қатарын атауға негіз бар. Олардың қатарында М.Мағаинның «Жармак», Х.Әдібаевтың «Созвездие близнецов», А.Жақсылықовтың «Сны окаянных», Т.Әсемқұловтың «Талтұс», А.Кемелбаеваның «Мұнара», Д.Амантайдың «Гүлдер мен

кітаптар», М.Омарованаң «Ана-ғұмыр», А.Әлменбеттің «Мимырт» романдарын атауға болады. Бұл шығармалар қазіргі әдеби үдерісте жаңашыл әдеби-көркем үрдістердің қалыптаса бастағанын байқатады.

Қазіргі прозадағы түрлік ізденістер қатарында Д.Досжановтың неомифологизмге құрылған «Жан құмары», Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парызы», М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы», Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» романдарын атау ләзім. Тәжірибелі жазушылар ақпараттар тоғысында өмір сүріп отырған ХХІ ғасырдағы оқырманға әдебиеттегі дәстүрлі жолды жаңа ізденістерімен түрлендіру арқылы оқытуға болатындығын көрсетті.

Адам, қоғам, заман жөніндегі философиялық шығармалар замандастарымызды өмір жайындағы толғамдарға жетелесе, психологиялық шығармалар өмірдің тек қана қуаныш пен бақыттан түрмайтындығын, ақ пен қараның араласып келетіндігін нақты кейіпкерлер өмірі арқылы шынайы бейнелеуде. Ал сатиравы қызы, тамақ, күлкінің арсыз екенін нанымды бейнелеп, өмір бар жерде бұлардың қоса жүретінін қоғамдағы келенсіздіктерді сынаумен, әшкереумен санамызға сініруде.

Әңгіме. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік денгейін көтеруге Ш.Мұртаза, М.Мағаин, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмагамбетов, Қ.Тұменбай, Ә.Тарази сынды қаламгерлер үлес қосты.

Ш.Мұртазаның шағын жанрды ұмыт қалдырмай, оған өзіндік үлес қосып жүргендігін «Алапар мен Динго», «Бүршак», «Тәуекел той» сықылды әңгімелері растайды. «Тәуекел той» әңгімесінің атының өзі айтып түрғанында, шығармаға қазіргі замандағы бәсеке тойы арқау болған. Бақталастық пен қундестіктің шегінен асқынғандығы сонша той десе жанын салатын қазақ бүгінде дәстүрлі тойларды жоғалтып, тойдың өзін бәсекеге айналдыра бастады. Данқ пен дақпыртқа мастанған жандардың өзгеден

асып түсү мақсатында тойдан кейін қарызға белшесінен батып жатуы бүгінгі күннің шындығы.

М.Мағауин роман-эссе сінде бұл әңгімесін өзінің ең тандаулы әңгіме деп санайтының еске алатын болсақ, «Салах-ад-Диннің ұкімі» атты әңгімесі жаңалығы мол дүние екені рас. Жазушы «Қанғыбастар мен шағалалар», «Тортай шалдың есегі», «Бабаның оралуы» сынды әңгімелерінде үлкен ой қозғаған. «Қанғыбастар мен шағалалар» атты әңгімесіне қайыршылық жолға түскен жандар өмірі, екінші әңгімеге кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ халқының ауыр түрмисы негіз болса, соңғы әңгіменің айтарты тіптен бөлек. Мұнда зиратты қорлап, баба жілігін сындырған Алакайдың өмірі қазіргі жаңа қазактарға ой салады. Ол «Кұмырсқа қырғын», «Коммунистік реализм», «Қасқыр – Бөрі», «Қос ағаш» сынды әңгімелерінде құмырсқа, қасқыр, ағаш арқылы қазақтың кешегісінен хабар беріп, болашағын меңзейді. Қазақ халқының тағдырын көркем бейнелеген «Қос ағаш» әңгімесінен ұлттығымыздың жойылып бара жатқанын анғару оңай. Бір ауылдың айбыны тәрізді көрінетін Қос Ағаштың күйреп, тозып, ақыр соңында отынға айналуы бір жағынан уақыт дөңгелегінің толассыз домалауымен өмірдің озатындығынан хабар берсе, екіншіден, сол уақытпен бірге ұлттық қасиеттерімізден айырылып бара жатқандығымыз жөнінде ой салады. Оның «Ұлт аралық жанжал» қазақ халқы тәуелсіздік алса да құлдық психологиядан құтыла алмай отырғандығын шынайылықпен бейнелеген әңгіме. Отарлау саясатымен қазақ жеріне басқа ұлт өкілдерінің көптеп қоныстанғандығын бүгіндері ғана айтып жүрміз. Әңгімеде ең жақсы қонақжайлық қасиеті өзіне сор болып жабысқан қазақтың өз елінде жүріп келімсектерге жалтақтап, солардан асып кете алмай, жетім баланың күйін кешіп жатуы абыз болса да XXI ғасыр шындығы. Қоғамдағы өзекті мәселелерді көтере

білген жазушының аталған әнгімелерінің негізгі өзегі – тәуелсіз қазақ халқының жері мен еліне өзі ғана ие болуы.

Қ. Жұмаділовтің «Жалдамалы күйеу», «Жемдеген қырғауылдар», «Құдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші» (2000), «Бұқарбайдың бұқасы» (2000), «Ит базары» (2001) секілді әнгімелерінің негізгі өзегі де бүгінгі күннің оқиғалары, кейіпкерлері жаңа заманның адамдары. «Жалдамалы күйеудегі» (инженер) Баймырзаның өз бала-шагасын тастап, басқа бір бай әйелге (Айсұлу) кетіп қалуы өмірден алынған шындық. Сол секілді «Жемдеген қырғауылдардағы» аудан әкімі Нұрсаған Бектұрғановтың, «Құдайдың үйіндегі» Әкпар молданың, «Бұқарбайдың бұқасындағы» кәсіпкер Бұқарбайдың іс-әрекеттерін суреттеу арқылы жаңаған қоғамның сыптаның, кескін-келбетін, тынысын ашып көрсеткен. «Тіленші» әнгімесіне XX ғасырдың тоқсанынши жылдарындағы Кенес Одағы ыдыраған тұстағы қазақ халқының тығырыққа тіреліп, экономикалық құлдырауға душар болған кезіндегі күйі әнші жігіттің тағдырымен бейнеленген. «Бұқарбайдың бұқасы» атты әнгімесінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жаңа қоғамды тосырқай қабылдаған жандардың қоғамның ынғайына карай бейімделе бастағандығы көркем бейнеленсе, «Ақынның ақырғы күндері» (2000) атты әнгімесінде С. Сейфуллинің трагедиялы өмірі суреттелген.

Шағын жанрга үздіксіз үлес қосып келе жатқан жазушы Б. Нұржекеулының «Мұденің қатыны» (2000) атты әнгімесіне б.з.б. IY-II ғасырларда өмір сүрген көшпелі түркі халқы мен олардың данқты патшасы Мәде ханның қытай елімен қақтығыстарының бірі шынайы бейнеленген. Жазушының «Бейтаныс әйелдің құпиясы» (2002) атты жинағындағы әнгімелердің негізгі тақырыбы – маҳабbat. «Бейтаныс әйелдің құпиясы» – әйел мен ерекек арасындағы құпия сезім сырларын паш ететін әнгіме. «Қамыт жағалы қоңыр көйлек», «Қызы сезім», «Құпия ма-

хаббат», «Мұнтаздай Мұмтаз», «Қырғыз келіншек», «Өш алудан өршіген әдет», «Екі қырсық», «Күю» атты әңгімелердің де негізгі тақырыбы махабbat мәселесі болғандықтан жазушы ерек пен әйел арасындағы сезімдік байланыстарды ашуға ұмтылған. Әңгімелердің барлығы да махабbat мәселесін көтергенмен олардың бірі екіншісін қайталамайтын соны дүниелер.

Шағын әңгімелерінде ауыл өмірінің көркем суреттерін жасаған Т.Нұрмагамбетовтің тәуелсіздік тұсында жазылған «Анасын сағынған бала» әңгімесі тоқсаныншы жылдардағы өмір шындығына негізделген. Шаруашылықтар тарап, ауылдағы ер азаматтардың бәрі жұмыссызы қалған тұста бала-шаганы асырау қамымен әйел-аналардың ала қапты арқалап қалаға ағылғаны белгілі. Қала кезген ана мен ауылда қалып, Алматыдан келген Есмагамбеттен анасының хабарын күткен Сержанның үш күндік әңгімесімен сол тұстағы ауылдың қайғылы халі көркем бейнеленген.

Ә.Таразидың «2999999+1» әңгімесінен отызыншы жылдардағы жаппай кудалаудың салдарынан ОГПУ қызметкерлерінің қазақ даласына жасаған құғын-сүргінінің бір көрінісі елес береді. «Келін» әңгімесіндегі бір ауылды серілігімен дүрліктірғен Танабай, бір сәттік сезімнің құрбаны болған Жаңағаз, «Өлім» әңгімесіндегі Кірпішбайдың айрандай үйіған отбасына іріткі түсірген досы Еркебұлан, оның серілігіне ерген Бәтиха сынды жандардың арамызда жургені де жасырын емес. Осылайша жазушы таныс және бейтаныс кейіпкерлерін күнделікті өзімізben араласып журген жандардың арасынан іздейді. Жаратылышы бөлек, ешкімге ұқсамайтын Сұлтанмен оқырман бірнеше әңгімеде кездеседі. «Ауыл шетіндегі үйдегі» қарындастын құсқа сататын, «Жабы сәйгүліктегі» Көкала атты айғырларға талатып өлтіретін, «Саяал» әңгімесіндегі аракқа тойып елге масқара болатын Сұлтан әпенділігімен оқыман есінде ұзақ сақталатын кейіпкер.

Тоқырау жылдарындағы және тәуелсіздік тұсындағы қазақ ауылдары мен қала тіршілігінің тұрмыс-күйі Қ.Найманбаев, Д.Досжан, С.Елубаев, С.Балғабаев, М.Асылғазин, С.Асылбеков, Н.Ақыш, Д.Әшімханов, Т.Мәмесейт, т.б. жазушылардың әнгімелеріне негіз болды. Аталған жазушылар ауыл қазақтарының трагедиялы хал-күйін нақты мысалдармен шынайы бейнелей отырып, жер асты байлығының қазакқа бұйырмай жатқандығына күйінді. Пейілі кең, көнілі дархан, қонақжай да бауырмал қазақтың ұлттық қасиеттеріне үнілу арқылы ұлттық характерлерге ерекше көніл бөлді. Ауыл мен қала тіршілігін параллел суреттеумен бүгінгі ауыл өмірі мен қала тынысанан біршама хабар берді.

Кейінгі кездері әнгіме жанрына көбірек қalam тербел жүрген жазушы Қ.Түменбайдың «Көз» (1999) деп аталағын әнгімесіндегі сұрбойдак атанаң, жаңа үйленген жас отаулардың терезесін аңдитын Дәуренбай есімді жігіттің іс-әрекеттері еріксіз күлкі үйіреді.

Н.Ораздың «Терісағаш» әнгімесі М.Мағауиннің «Қиын ағаш» хикаятының жалғасы тәрізді. Жеткіншек бала өмірі мұнда жас шыбық ретінде бейнеленген. Теріс отырғызылған шыбықтың зәулім қарағашқа айналуы оның қалай отырғызылуында емес, бастысы ниеттің он екендігін байқатады.

Н.Ақыштың тәуелсіздік жылдары мерзімді басылым беттерінде жарияланып, «Бейуақта жанған от» (2010) атты жинағына енген «Бейуақта жанған от», «Қадірсіз қоңыр», «Нағыз әже қайда?», «Бұрынғы бастықтың әйелі», «Мұнды жанардың сәулесі», «Дон-Жуанның қалындығы», «Көнбіс бәйбішे», «Жұмыс іздеген қыз» және басқа да көптеген әнгімелері көркемдік үдесінен шыққан шығармалар. Жазушы аталған әнгімелерде қоғам мен адам арасындағы ежелден келе жатқан үйлесімсіздіктердің сырларына жекелеген жандардың бастарынан өткен қызықты оқиғалар арқылы үнілуге тырысады. Кез-кел-

ген әңгімесінде адам тағдыры ішкі қайшылықтарымен, әлеуметтік сипаттарымен дараланған. Тәуелсіздік пен демократия еркіндіктеріне ден койған кейіпкерлердің өмір жайындағы ұстанымдары оқырманды тосын ойларға жетелейді.

Осындай белгілі жазушылармен бірге К.Рахымжанов, Н.Қами, Р.Мұқанова, Т.Ахметжан, Н.Ораз, Ә.Салықбай, А.Алтай, Д.Рамазан, А.Кемелбаева, Ж.Қорғасбек, Қ.Мұқаш, Д.Амантай сынды бір топ жас қаламгерлер тәуелсіздік тұсындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтере түсті.

К.Рахымжанның «Қалғұты» (2007), «Қанатты жылдар» (2007), «Шилі өзен» (2008) атты әңгімелер жинағына тәуелсіздік тұсында мерзімді басылым беттерінде жарияланып, оқырман қауым мен сыншылар тарағынан он бағасын алған әңгімелері топтастырылды. Жазушы әңгімелері бүгінгі замандас бейнесін суреттеуде олардың жаңа дауірдегі қоғам ісіне белсene араласуы мен адалдық, достық сезімдерін, еңбек жолындағы курделі ізденістерін көркемдікпен өмір шындығына сәйкес бейнелеуімен ерекшеленеді.

Н.Қамидың «Кездесу» (2003), «Көк қақпа» (2010) жинағына енген әңгімелердің барлығы да тәуелсіздік жылдар әдебиетінің жемісі. Автор XXI ғасырдағы ел мен жер, адам мен оның жан дүниесін өзімізben бірге өмір сүріп жатқан қазіргі замандастарымыздың тыныс-тіршілігімен көрсетуге ден койған. «Көк қапа» әңгімесіндегі кейіпкердің түсінен қара домбыраның кетпей қоюынан көп сырды ұфуға болады. Хан Мәде құрган көшпендейлер империясын он төрт ғасырдан кейін билеген Шынғыс Қанғандардың XXI ғасыр перзентін мазалап жүргені бүгінгі тәуелсіздіктің онайшылықпен келмегенін ата-баба рухы ескертіп жүргендей әсер береді. Оны мына жолдардан анғаруға негіз бар: «Ешкімге тәуелді болмай, айдарынан жел есіп, алшан басып жүрер заманды жақындана түссем

деп мен де талпындым, амал не, ақыры қолым жетпей, айға шапқан арыстандай мерт болым, сол азаттыққа Алланың әмірімен өзің жеттің, енді сонын қадірін біліп, қастерлей білсең көнеки?» (267-б.). (Қами Н. Көк қақпа: хикаялтар мен әңгімелер. – Алматы: Қазақ тарихы, 2010. – 272 б.) Қара домбыра елі мен жерінің азаттығы, босстандығы үшін құрескен көшпелілерден қалған бірден-бір көнекөз шежіре. Оның шанағына Мөде ханнан бергі көшпенділердің барша тарихы сыйып қана тұрган жоқ, ол сол тарихты XXI ғасырға жеткізіп тұрган аталар аманаты.

Бірсыныра әңгімелерден кеңестік жүйенің ыдырап, кенес адамдарының тығырыққа тіреліп, одан шығатын жол таппай, жаңа әмірге икемделе алмай, әмірден торығып, болашақтан үміт үзе бастаған жандар бойындағы психологиялық құйзеліс байкалады. Жаңа қогамнаң, өзінен жеріне бастаған адамдар әмірі әңгіме жанрына экзистенциалистік, постмодернистік арнадағы ой толғамдарға жол ашты. Осындай көркемдік ізденистер Р.Мұқанованың «Кұбыжық» (2002), «Қаралы төбе», «Өзің», «Тұтқын» (2003), «Композитор», «Мұқағали» әңгімелерінен байкалады.

Т.Ахметжанның «О дүниенің қонағы» (2001) атты кітабында «Шәрбат», «Тұма», «Тергеу», «Төрт қанден», «Құнәһар», «Айқасқа» сияқты әңгімелері топтастырылса, 2006 жылы жарық көрген шығармалар жинағының 1 томына енген «Сынық қанат көбелек», «Қылбұрау» атты әңгімелері де өзіндік айтары бар шебер туындылар.

Өз замандастарының ар-ұяттан безе бастағанын көрген жазушы әңгімелерінің барлығында дерлік адамгершілік мәселесі көтеріледі. «О дүниенің қонағы» әңгімесіндегі о дүниелік болып келген Қияқ бейнесі оқырманға ой салауды. Әмір жайында философиялық ой түйген жазушы нарық заманындағы ақшалы азаматтардың мұнсыз өмірінен сыр шерте отырып имандылық мәселесін алға тартады.

Ар ілімін жоғары қойған жазушы «О дүниенің қонағы» (2000), «Күнәһар» әңгімесінде ар-ұят перштесі мен сайтандарды арбастыра отырып, адамшылық, имандылық мәселеңін алға тартса, «Махабbat әуені» (2006) шынайы пәк сезімге құрылған. Жазушының барлық әңгімелерінің негізгі өзегі – ар ілімі.

Әңгіме жанрына тұрақты түрде араласып жүрген жазушының бірі – Аскар Алтай. Оның «АҚШ консулының тас лақаты» (2000), «Лайбаран» (2000), «Тұсік» (2001), «Тараншы Жолбарыстың сатқындығы» (2001), «Кентавр» (2002), «Қызыл қасқыр» (2002), «Стакан» (2003), «Сібір офицері» (2004), «Альпинист» (2004), «Шанид» (2006), «Салбурын» (2006), «Прописка» (2007), «Көзжендет» (2008) әңгімелерінен мазмұндық, түрлік ізденістер байқалады. Ұлттық танымға ерекше мән беретін жазушының Мифке құрылған «Кентавр» әңгімесіндегі Басарыс атты «айғыркісі» мен «Салбурындағы» тотемдік таным қазіргі казақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістердің мысалы.

ХХ ғасырдың соңындағы тарихи мәні зор 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының құғын-сүргінін көрген жазушының «Сібір офицері» мен «Прописка» әңгімесіне кеңестік жүйенің ыдырауына, қазақ елінің тәуелсіздік алуына алып келген Желтоқсан оқиғасын негіз етіп алған. Бірінші әңгімегегі кеңес офицері Бураханның тағдыр тәлкегіне ұшырауы қазақ жастарының көз жасының өтеуі болса, екінші әңгімегегі Арқаттың прототипі Аскардың өзі. Қазақстанның астанасы Алматыдан пана таба алмай сабылған Арқаттың өз елінде журіп «өгей күй кешкен» қайғылы өмірі қазақ трагедиясы екені рас.

Әңгіме жанрында үздіксіз еңбек етіп келе жатқан жазушы Н.Ораздың «Аяқталмаған ертегі» әңгімесінде автор Алматыда тұратын Сағындық есімді ғылым кандидатының екі күндік өмірін суреттелсе, «Онаша арал» (2006) жалғызлікті әйелдер мұнынан сыр шертеді. Оның «Тұнгі жалғыздық» (2008) әңгімесінің де сағыныш пен мұн-

ға құрылғанын ескеретін болсақ, жазушы осындай қайы мен мұнға толы әңгімелерінде адам жанына үнілуде психологияздың терең игергендігін байқатты. Ол «Біз, ол, «Мерседес» және махаббат» атты әңгімесінде ауылдың жайма шуақ өмірі мен қаланың тынымысыз тіршілігін бір-біріне қарама-қарсы бейнелеу арқылы олардың арасындағы айырмашылықты көрсеткен. Ауыл тұрғындарының аңғал, адал, енбеккор болып, кала тұрғындарының безбүйрек, әгоист, дүниекоңыз болып келуі олардың қоршаган ортаға қарай икемделуін аңғартады. Жазушының «Жылқының көз жасы» (2007) әңгімесі Семей полигонына арналған. «Жын жайлана меніреу өлкенін» трагедиялы күйінен хабар берген жазушы бүкіл адамзат баласын алаңдатқан Семей полигоны туралы әңгімелерге өз үлесін қости. Бұл тақырыпта Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», «Қаралы тәбе», Д.Рамазанның «Соңғы дем» әңгімелері толықтырды.

Қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістер А.Кемельбаева әңгімелерінен де байқалады. Діни-философиялық негіздегі «Ғибадат» (2000) әңгімесінде публицистикалық сарын басым болса, бірінші жақтан баяндалған «Құс» әңгімесі философиялық ой-толғамдарға құрылған. Модернистік, постмодернистік ағымдарды жете менгерген жазушының алғашқы әңгімесінде дін тақырыбы көтерілген. Ол қасиетті Құран сүрелерінен мысалдар келтіре отырып, жалғанды жаратушы Алланың ұлылығын мойындаиды. Алла тағалаға жасалған құлышылық оған деген шексіз сүйіспеншіліктің белгісі болса, бұл әңгіме о дүниенің бар екендігіне сендіре отырып, ақырзаманнан Аллаға жасаған құлышылық қана алып қала алатындығын нағымды бейнелеген туынды. Екінші әңгімедегі зулаған көлік астында тапталып жататын құс пен қанғыбас иттердің өлекесіне көпшілік мән бере қоймауы мүмкін, алайда жазушы олардың да Алла тағала жаратқан тіршілік иесі екендігіне көніл аудартады. Осы ой «Тобылғысай»

әңгімесінде жалғасын тапқан. Автор тек қана жан-жануар емес, барша тіршілік иесін бір Алланың жаратқан-дығына сендеріді. «Қоңыр қаз» әңгімесінде адам баласының дертіне құстардың арасынан шипа ізделеген жазушы «Қияда» әңгімесінде Тұсіпхан еліміне қатысты ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа көніл бөлумен құнделікті өмірде кездесетін жайттардан өмір мен елім жөнінде философиялық түйін жасайды.

Д.Рамазан «Көкжал» (2001) әңгімесінде адам мен қасқыр арасындағы тартысты бейнелеу арқылы табиғаттың тылсым құштерін бағындыру мүмкін емес екендігін еске салса, «Алланың елшісінде» (2008) дін тақырыбын көтерген. Д.Рамазанның «Көкжал» әңгімесі тәуелсіздік жылда-рындағы «қазақ әңгімесінің көкжалы» ретінде танылған туынды. Қазақ әдебиетінде М.Әуезовтің «Көксерегінен» бастау алған қасқыр бейнесі тәуелсіздік тұсында Ж.Ахмадидың «Кезінгеннің кезі», «Ажал аузында», «Кие», А.Алтайдың «Қызыл бөлтірік», Д.Рамазанның «Көкжал» әңгімелерінде жалғасты. Аталған әңгімелердің барлығында дала тағысын екі аяқты пендelerдің бағындыра алмағандығы әр түрлі орта мен әр түрлі жағдайда жан-жақты бейнеленді. Жазушы екінші әңгімесінде «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Қазығұрттың басында кеме қалған» сынды белгілі аңыз-әңгімелерді қайта тірліткен. «Сағындым сен жанқалада» (2008) адам бойындағы бір сәттік сезімнен адамгершілік, ар мәселесін жоғары қоя білсе, «Сүйген жүрек» (2008) тек қана екі ғашық арасындағы емес, туған жерге деген махаббат қоса өрілген. Махаббат мәселесін бүгінде Отанына қайта оралып жатқан оралмандар тағдырымен ұтымды ұштастырған.

XXI ғасырда әңгіме жанрына тағы бір топ жас буын өкілдері келіп қосылды. Олардың қатарында мерзімді басылым беттерінде әңгімелері жиі жарияланып жүрген Қ.Аманжолұлы, Қ.Әбілқайырұлы, М.Омарова, Л.Қоныс, Ә.Қоспағарова, Б.Дәuletбаева, Л.Имашева, А.Мантаева,

Ж.Мамырәлі, М.Мұқашев, Б.Сарыбай, т.б. қаламгерлерді атауға болады. Қ.Аманжолұлы әңгімелерінен психологиямді терең игергендігін байқасақ, Қ.Әбілқайырұлында мұң basым. Шабыт фестивалінде проза жанры бойынша үшінші орынды иеленген Л.Қоныстың «Ібілістің көнілдесі» (2002) атты психологиялық әңгімесінде дамыған технологияның адамзаттың санасын уландырғаны сыналаса, «Күркүлтай ұясы», «Тиын» әңгімелеріне қазіргі замандағы өмір шындығы негіз болған. Ә.Қоспағарованаң «Ол» әңгімесіндегі акын жігіттің өзін қоршаған ортадан, төнірегіндегі адамдардан жириңіп, шарқ ұрып тазалық іздеуі Р.Мұқанова әңгімесімен үндестікті байқатады. Шетел әдебиетіндегі мистикалық үрдісті үлгі тұтқан М.Омарова магиялық сарынға құрылған «Жұмбак», «Жол үстінде» әңгімелерінде ұлттық таным мен модернистік ағым жүйесін ұштастыруға ұмтылған. Б.Дәүлетбаеванаң күнделік іспеттес, хат үлгісімен келетін новеллалық жeli-мен жазылған «Аспан әлемі» әңгімесінің де айтары мол. Мұнда автор күнделікті өмірде кездесетін керегар жайтарды шенеп отырады.

Тәуелсіздік жылдары қазақ жазушылары әңгіме жанрында қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, мазмұндық, түрлік ізденістерге барды. Бұл жанр кеңестік дәуір тұсында тыйым салынған діни-философиялық, эротикалық, интимдік әңгімелермен толықты. М.Мағаун, Б.Нұржеке, Қ.Жұмаділов, Т.Ахметжан, Н.Ораз, т.б. жазушылар адам жаңының ішкі іірімдеріне үнілуде психологиялық әңгімелер қатарын көбейтті. Дәстүрлі ұлттық таным тәуелсіздік тұсындағы әңгімелерде батыс әдебиетінде қалыптасқан әр түрлі ағымдармен жалғасты. Сондықтан да қазақ әңгімелерінде модернистік, постмодернистік ағымдар пайда болды.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтеруге Ш.Мұртаза, М.Мағаун, Қ.Жұ-

маділов, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмамбетов, Қ.Түменбай, Ә.Тарази сынды қаламгерлер үлес қосты.

Ш.Мұртазаның шағын жаңарды ұмыт калдырмай, оған өзіндік үлес қосып жүргендігін «Алапар мен Динго», «Бұршак», «Тәуекел той» сықылды әңгімелері раставиды. «Тәуекел той» әңгімесінің атының өзі айтып тұрғанындей, шығармаға қазіргі замандағы бәсеке тойы арқау болған. Бақталастық пен күнде стіктің шегінен асқынғандығы сонша той десе жаңын салатын қазақ бүгінде дәстүрлі тойларды жоғалтып, тойдың өзін бәсекеге айналдыра бастады. Даңқ пен дақпыртқа мастанған жандардың өзгеден асып тұсу мақсатында тойдан кейін қарызға белшесінен батып жатуы бүгінгі күннің шындығы.

М.Мағаин роман-эссе сінде бұл әңгімесін өзінің ең тандаулы әңгіме деп санайтының еске алатын болсақ, «Салах-ад-Диннің үкімі» атты әңгімесі жаңалығы мол дүние екені рас. Жазушы «Қаңғыбастар мен шағалалар», «Тортай шалдың есегі», «Бабаның оралуы» сынды әңгімелерінде үлкен ой қозғаған. «Қаңғыбастар мен шағалалар» атты әңгімесіне қайыршылық жолға түскен жандар өмірі, екінші әңгімеге кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ халқының ауыр тұрмысы негіз болса, соңғы әңгіменің айтары тіптен бөлек. Мұндағы зиратты қорлап, баба жілігін сыйндырған Алакайдың өмірі қазіргі жаңа қазақтарға ой салады. Ол «Құмырска қырғын», «Коммунистік реализм», «Қасқыр – Бөрі», «Қос ағаш» сынды әңгімелерінде құмырска, қасқыр, ағаш арқылы қазақтың кешегісінен хабар беріп, болашағын меңзейді. Қазақ халқының тағдырын көркем бейнелеген «Қос ағаш» әңгімесінен ұлттығымыздың жойылып бара жатқанын аңғару оңай. Бір ауылдың айбыны тәрізді көрінетін Қос Ағаштың күйреп, тозып, ақыр сонында отынға айналуы бір жағынан уақыт дөнгелегінің толассыз домалауымен өмірдің озатындығынан хабар берсе, екіншіден, сол уақытпен бірге ұлттық қасиеттерімізден айрылып бара

жатқандығымыз жөнінде ой салады. Оның «Ұлт аралық жанжал» қазақ халқы тәуелсіздік алса да құлдық психологиядан құтыла алмай отырғандығын шынайылықпен бейнелеген әңгіме. Отарлау саясатымен қазақ жеріне басқа ұлт өкілдерінің көптеп қоныстанғандығын бүгіндері ғана айтып жүрміз. Әңгімеде ең жақсы қонақжайлыш қасиеті өзіне сор болып жабысқан қазақтың өз елінде жүріп келімsectерге жалтақтап, солардан асып кете алмай, жетім баланың құйін кешіп жатуы абы болса да XXI ғасыр шындығы. Қоғамдағы өзекті мәселелерді көтере білген жазушының аталған әңгімелерінің негізгі өзегі – тәуелсіз қазақ халқының жері мен еліне өзі ғана ие болуы.

Қ.Жұмаділовтің «Жалдамалы қүйеу», «Жемдеген қырғауылдар», «Құдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші» (2000), «Бұқарбайдың бұқасы» (2000), «Ит базары» (2001) секілді әңгімелерінің негізгі өзегі де бүгінгі күннің оқигалары, кейіпкерлері жаңа заманның адамдары. «Жалдамалы қүйеудегі» (инженер) Баймырзаның өз бала-шағасын тастап, басқа бір бай әйелге (Айсұлу) кетіп қалуы өмірден алынған шындық. Сол секілді «Жемдеген қырғауылдардағы» аудан әкімі Нұрсаған Бектұрғановтың, «Құдайдың үйіндегі» Әкпар молданың, «Бұқарбайдың бұқасындағы» кәсіпкер Бұқарбайдың іс-әрекеттерін суреттеу арқылы жаңарған қоғамның сипатын, кескін-келбетін, тынысын ашып көрсеткен. «Тіленші» әңгімесіне XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы Кенес Одағы ыдыраған тұстағы қазақ халқының тығырыққа тіреліп, экономикалық құлдырауға душар болған кезіндегі қүйі әнші жігіттің тағдырымен бейнеленген. «Бұқарбайдың бұқасы» атты әңгімесінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жаңа қоғамды тосырқай қабылдаған жандардың қоғамның ынғайына қарай бейімделе бастағандығы көркем бейнеленсе, «Ақынның ақырғы күндері» (2000) атты әңгімесінде С.Сейфуллиннің трагедиялы өмірі суреттелген.

Шағын жанрга үздіксіз ұлес қосып келе жатқан жазушы Б.Нұржекеұлының «Мұденің қатыны» (2000) атты әңгімесіне б.з.б. ГҮ-II ғасырларда өмір сүрген көшпелі түркі халқы мен олардың даңқты патшасы Мөде ханның қытай елімен қақтығыстарының бірі шынайы бейнеленген. Жазушының «Бейтаныс әйелдің құпиясы» (2002) атты жинағындағы әңгімелердің негізгі тақырыбы – махабbat. «Бейтаныс әйелдің құпиясы» – әйел мен еркек арасындағы құпия сезім сырларын паши ететін әңгіме. «Қамыт жағалы қоңыр көйлек», «Қызы сезім», «Құпия махабbat», «Мұнтаздай Мұмтаз», «Қырғыз келіншек», «Өш алудан өршіген әдет», «Екі қырсық», «Күю» атты әңгімелердің де негізгі тақырыбы махабbat мәселесі болғандықтан жазушы еркек пен әйел арасындағы сезімдік байланыстарды ашуға ұмтылған. Әңгімелердің барлығы да махабbat мәселесін көтергеннен олардың бірі екіншісін қайталамайтын соны дүниелер.

Шағын әңгімелерінде ауыл өмірінің көркем суреттерін жасаған Т.Нұрмагамбетовтің тәуелсіздік тұсында жазылған «Анасын сағынған бала» әңгімесі тоқсаныншы жылдардағы өмір шындығына негізделген. Шаруашылықтар тарап, ауылдағы ер азаматтардың бәрі жумыссыз қалған тұста бала-шағаны асырау қамымен әйел-аналардың ала қапты әрқалап қалаға ағылғаны белгілі. Қала кезген ана мен ауылда қалып, Алматыдан келген Есмағамбеттен анасының хабарын күткен Сержанның үш күндік әңгімесімен сол тұстағы ауылдың қайғылы халі көркем бейнеленген.

Ә.Таразидың «2999999+1» әңгімесінен отызыншы жылдардағы жаппай кудалаудың салдарынан ОГПУ қызметкерлерінің қазақ даласына жасаған құғын-сүргінінің бір көрінісі елес береді. «Келін» әңгімесіндегі бір ауылды серілігімен дүрліктірген Таңабай, бір сәттік сезімнің құрбаны болған Жауһаз, «Өлім» әңгімесіндегі Кірпішбайдың айрандай үйіған отбасына іріткі түсірген досы Ер-

кебұлан, оның серілігіне ерген Бәтиха сынды жандардың арамызда жүргені де жасырын емес. Осылайша жазушы таныс және бейтаныс кейіпкерлерін күнделікті өзімізбен араласып жүрген жандардың арасынан іздейді. Жаратылышы бөлек, ешкімге ұқсамайтын Сұлтанмен оқырман бірнеше әнгімеде кездеседі. «Ауыл шетіндегі үйдегі» қарындастын құсқа сататын, «Жабы сәйгүліктегі» Көкала атты айғырларға талатып өлтіретін, «Саяал» әнгімесіндегі араққа тойып елге масқара болатын Сұлтан әпенділігімен оқыман есінде ұзак сақталатын кейіпкер.

Тоқырау жылдарындағы және тәуелсіздік тұсындағы қазақ ауылдары мен қала тіршілігінің тұрмыс-күйі Қ.Найманбаев, Д.Досжан, С.Елубаев, С.Балғабаев, М.Асылғазин, С.Асылбеков, Н.Ақыш, Д.Әшімханов, Т.Мәмесейт, т.б. жазушылардың әнгімелеріне негіз болды. Аталған жазушылар ауыл қазақтарының трагедиялы хал-күйін нақты мысалдармен шынайы бейнелей отырып, жер асты байлығының қазаққа бұйырмай жатқандығына күйінді. Пейілі кен, көнілі дархан, қонақжай да бауырмал қазақтың ұлттық қасиеттеріне үнілу арқылы ұлттық характерлерге ерекше көніл бөлді. Ауыл мен қала тіршілігін параллел суреттеумен бүгінгі ауыл өмірі мен қала тынысынан біршама хабар берді.

Кейінгі кездері әнгіме жанрына көбірек қalam тербеп жүрген жазушы Қ.Түменбайдың «Көз» (1999) деп аталағын әнгімесіндегі сұрбойдақ атанаып, жана үйленген жас отаулардың терезесін андитын Дәуренбай есімді жігіттің іс-әрекеттері еріксіз күлкі үйіреді.

Н.Ораздың «Терісағаш» әнгімесі М.Магауиннің «Қиындық ағаш» хикаятының жалғасы тәрізді. Жеткіншек бала өмірі мұнда жас шыбық ретінде бейнеленген. Теріс отырғызылған шыбықтың зәулім қарағашқа айналуы оның қалай отырғызылуында емес, бастысы ниеттің он екендігін байқатады.

Н.Ақыштың тәуелсіздік жылдары мерзімді басылым беттерінде жарияланып, «Бейуакта жанған от» (2010) атты жинағына енген «Бейуакта жанған от», «Қадірсіз қоңыр», «Нағыз әже қайда?», «Бұрынғы бастықтың әйелі», «Мұнды жанардың сәулесі», «Дон-Жуанның қалындығы», «Көнбіс бәйбіше», «Жұмыс іздеген қызы» және басқа да көптеген әңгімелері көркемдік үдесінен шыққан шығармалар. Жазушы аталған әңгімелерде қоғам мен адам арасындағы ежелден келе жатқан үйлесімсіздіктердің сырларына жекелеген жандардың бастирынан өткен қызықты оқиғалар арқылы үнілуге тырысады. Кез-келген әңгімесінде адам тағдыры ішкі қайшылықтарымен, әлеуметтік сипаттарымен дараланған. Тәуелсіздік пен демократия еркіндіктеріне ден қойған кейіпкерлердің өмір жайындағы ұстанымдары оқырманды тосын ойларға жетелейді.

Осындай белгілі жазушылармен бірге К.Рахымжанов, Н.Қами, Р.Мұқанова, Т.Ахметжан, Н.Ораз, Ә.Салықбай, А.Алтай, Д.Рамазан, А.Кемелбаева, Ж.Қорғасбек, Қ.Мұқаш, Д.Амантай сынды бір топ қalamгерлер тәуелсіздік тұсындағы казак әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтере түсті.

К.Рахымжанның «Қалғұты» (2007), «Қанатты жылдар» (2007), «Шилі өзен» (2008) атты әңгімелер жинағына тәуелсіздік тұсында мерзімді басылым беттерінде жарияланып, оқырман қауым мен сыншылар тарапынан он басасын алған әңгімелері топтастырылды.

Жазушының а纳斯ы Тілеуlestің рухына арнаған «Қалғұты» атты әңгімелер жинағы 2006 жылы Мәдениет, акпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша қолымызға тисе, «Шилі өзен» жинағы Қазақстан республикасы Мәдениет және акпарат министрлігі Акпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр. Мемлекет тарапынан қолдау жасалған бұл кітаптар оның

авторының осы жанрда үздіксіз еңбек етіп жүргенін байқатса керек.

«Қалғұты» жинағының беташары ретінде берілген «Қазына» әңгімесіне онтустігі Шұбартау мен Қарағандыға, батысы Абыралы мен Құндызыға тірелетін Ақшатау өніріндегі шалғайды жатқан ауылда болған бір оқиға негіз болған. Оқиға өтетін жердің кеңістігін жазушы былай сипаттайты «Көктемде жарыса ағып, алды Аякөз, Баканасқа құятын Ащысу, Қалғұты, Терісайрық өзендері жазғытұрым тасығанда өткел бермеуші еді. Қырық жыл бойы атом сыналған полигон кесірінен айналасы жиyrма-отыз жылда өзен-сулар тартылып, ағаштар қурап, табиғат өле бастаған» [3-б.]. Бұл – кеңестік дәүірде атомдық сынаққа айналған ұлы Абайдың туған жерінің бүгінгі мүшкіл халі. Оқиға өтетін жер сол болса, уақыты – кешегі мызғымас Одақ ыдырап, Қазақстанның экономикасы құлдырап, елдің басым көпшілігі жұмыссыз қалып, жан бағудың қамын әркім әртүрлі шеше бастаған кез. Әңгімеге XX ғасырдың соңғы онжылдығындағы ауыл өмірі негіз болған. Қолына тобылғы сапты қамшы ұстап, астына жирен ат мінген Тұяқбайдың жоқ іздеуінен басталған оқиғаға не бары екі-үш кейіпкер қатысады. Сандаулы кейіпкерлердің монологы, диалогы арқылы бар оқиғаға қаныға түсеміз. Ол бір аптадан бері сабылып жоқ іздеумен әлек, себебі, Ақшатау жер аумағы жағынан ең үлкен кеңшар болып саналатын. Екі бие, екі құнан, бір тайы қолды болған ақсақал ойы сан-саққа жүгіріп, түнімен ұйқы көрмейді. Танертең «Ойда жоқта із-түzsіz жоғалып кетіп, бес бірдей бастан кішкене тайдың шылбырын сүйретіп жалғыз оралуы Тұяқбайды еріксіз күдікке батырды» [5-б.]. Малының қолды болғанын сезген оның енді сұық қол ұрыны ұстамақ ойы түнімен шартарапты кезіп, тан атқан соң орталыққа жол тартады. Алдынан кездескен насыбайши Бөлдек шалдың жоқ іздеушіні Қыдырбай мұғалімге жұмсауы – алақандай ауылда не болып жатқанынан бүкіл

елдің хабардар болып отыратындығы. Бір күн бұрын аудан орталығына барып, арызданып, әкесінің ұрланған атының бір дерегін естіп қайтқан ол Тұяқбай ақсақалдың бір емес, төрт бас жоғалтқанын естігенде жағасын ұстайды.

«— Япыр-ай, біз бір басқа осынша қиналып, іздеу салып жатқанда, төрт бас дегеніңіз қыруар мал фой. Мал ашуы, жан ашуы. Ұры алса, аңдып, басынып алады. Танып, байқап барып алады. Табамыз. Бір із бар сияқты, қазір ауданға жүргелі отырмын... біздің мал сойылып базарға түсіп кетіпті. Бүгін мелисасына беріп, сойып өткізгендердің үйін тінтуге рұқсат аламыз. Көрініз бізben барып.

— Сойылып кетті, — дегенді естігенде жаман күдік жүргегін сұрып кеткендей болды. Тұрган орнында сәл тенсөліп, қамшысын уқалап, қысқылай берді» [6-б.], — деген үзінді біраз сырды аңғартады.

Біріншіден, жазушы осы диалог арқылы жоғалған малдан тольқ мәлімет беріп, тұrsa, екіншісі – ұрының мал иесін танитындығы. Осылай қаса қана жасалған әрекеттің кімнің қолымен іске асқанын естігенде Тұяқбай ақсақал ұрының атын атауға ұлады. Өз жиенінің нағашысының төрт бірдей басын жымқырып кеткендігін ел естісе не боллады деп уайымдаған ақсақал ұрының атын ешкімге айтпауын өтінеді.

Онымен де қоймай үйге келген соң, қой сойып Қыдырбай мұғалімді үйіне қонаққа шақырып, тіпті бір қойын коярда қоймай беріп жібергеніне не дерсін...

Жеке бастың қамынан ауыл-аймақтың, туған-тұстың, елдің мұддесін жоғары қоя білген ақсақалдардың қазақ ауылдарында топтап кездесетіні рас болса, автор өз кейіпкерін типтік дәрежеге көтере білген деуге саяды. Ал әңгіменің «Қазына» аталуы авторлық ұстанымды ашуға қызмет етеді. Ол – «қариясы бар үйдің қазынасы» бар екендігі болса, арамызда жүрген көнекөз қариялар казақ біткеннің қазынасы екендігін біреу білсе, біреу білмейді.

Бұл әңгіме оқырманды ұсақталмай жанымызда жүрген жақсы адамдардың ірі істерінен үлгі алуға шақырады. Қазақ баласын «кең болсан – кем болмайсын» деп өсіреді, осындай дархандық бүгінде сол ақсақалдармен бірге аза-йып бара жатқандығы өкінішті.

Жинаққа енген әңгімелердің ішінен ерекше көзге тү-сетіні – «Қалғұты» атты автобиографиялық әңгімесі. Мұнда да автор өз басынан өткен оқиғалар легін бірі-нен-соң бірін таратада сөз етеді. «Бір мың тоғыз жүз алпыс төртінші жылдың күзі еді» деп басталатын әңгімede де-ректілік сипат бар. Оқиға өтетін жер мен уақыттың нақ-тылығы шығарманың шынайылығына қызмет етеді.

Әңгімеде үлттүқ сипат басым, оның біріншісі – бірге туған ағайындардың бірінің баласын бірі бауырына басып, балаларды ортақ тәрбиелеп, бауырмалдыққа, көпшілдікке үйрету. Інісінің баласын бауырына басқандағы ойы – кен-же баласы Секенге серік болсын деген ниет. «Атамның баласы боламын» деп осы үйге келгенімде жеті жаста едім. Бала болуым жарты жылға да жетпеді. Енді міне, атамның баласы боламын деп бола алмағаным, оның Се-кеніме серік болсын деген зор үмітін актамағанымға іштей қысылып ұялсам да, «үйіне қайтарайық» дегенді естіген-де, әлдебір бұғаудан босайтындағы бойым жеңілдеп сала беретін күйге түстім. Менің бұл үйге сіңбегенімге апам да наразы» [38-б.], – деп бірінші жақтан баяндалған әңгі-меден Б. Соқпақбаевтың («Мениң атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», т.б.) стилі айқын сезіледі. Осылайша ата-сының баласы болып жүрген кейіпкер бірінші сыныптың алғашқы екі тоқсаның әрен бітіреді. Кішкентай баланың әке-шешесіне деген сағынышы – атасының ренжіп айт-қан сөздерін көтере алмай жетім балаша қамырып жал-ғызырауы арқылы нанымды бейнеленген. Интернattan каникулға қайтқан балаларға ілесіп, үйіне келе жатқан баланың отбасына, кіндік қаны қамған туған ауылыша деген сағынышы «Оң жақтағы Қарашоқы биігі төбемізден

төніп тұрғандай. Қара жол қалың шіліктің ортасын жарып өткен соң адыраң арба қырқа белге шыға келгенде, тақырда шашылған шақпак қанттай ақ шатырлы ауыл да көрінді. Міне, бұл – Қалғұты еді. Көзге ыстық көрінген аз үйлі кішкене ауыл, осында, анау шетте біздің үй тұр әне!» деген үзіндіден анық байқалады. Бұл – «Отанның отан да ыстық» екенінің белгісі. Кішкентай ғана кейіпкердің кішкене ғана ауылға, оның тұрғындарына деген бар ыстық сезімі осы екі-үш сейлемге сиып кеткен. Мұның өзі – шығарма авторының шағын жанрдың талап-тілектерін дұрыс орынданай білетіндігі.

Жазушы қаламына тән көркемдік жетістіктің бірі – психологиям болса, оны әрбір кейіпкердің жан-дүниесін ашуға деген ұмтылыстан байқаймыз. Ауыл балаларының қылыштары, олардың сөздері мен ойындары, т.б. қаламгердің бала психологиясын ашудағы шеберлігін танытады.

«Тауға шығып, шанаға қос-қостан мінгесіп алып, жұлдыздай ағып кеп, қазылған жерден секіріп ету ең қызығы» дейтін автор балалардың ойынға тоймайтындығын олардың кешке қарай үстеріне мұз катып, үйге қалжырап, сүйретіліп жететіндігімен бейнелеген. Осындаи ойын қуып жүрген балалардың әрқайсысының айтқызбай істейтін шаруалары, атқаратын міндеттері де бар. Аула сыпрып, қора тазалау, отын бұтап, су әкелу, үй жинап, ыдыс жуу деген шаруалардың барлығы да балалардың міндеті екенін ескеретін болсақ, жазушы еңбектің бала тәрбиесінен алатын үлкен рөлін көрсетуге тырысқан. «Шешей жаздай кірпіш құйды. Меліс өгіз айдал, шөмеле салды. Жеміс тырмaga отырып шөп жинады. Бұлардың ақылары ақшадай, шөптей, малдай алынды. Күз түсе бар табыс жиналыш қысқы киім-кешек, оку құралдарын сатып алуға жетті. Әкей окуда» [46-б.] деген үзінді ауыл балаларының еңбекпен өсетіндігінің мысалы. Ауыл мен қала балаларының атқаратын осындаи міндеттері олардың өмір

сүру дағдысын әр түрлі қалыптасатындығын байқатады. Еңбекпен өскен бала физиологиялық жағынан да мығым болып, ыстық-сұрыққа төзімді келеді.

Жинаққа енген әңгімелердің бас кейіпкерлерінің барлығы дерлік таныс және бейтандыс жандар. Таныс дейтініміз бұл кейіпкерлер қазақтың бар ауылында бар, бейтандыс дейтініміз – мұндағы кейіпкерлер Қалғұтының адамдары. Әңгімелерді оқып отырған кез келген оқырман соның ішінен өз ауылының адамдарын жазбай таниды. Мәселен ауылдың бар баласына шана жасап беретін Ақатай ұста мен бар үйдің соғымын сойып беретін ..., көрші-қолаңның бар баласын арбасына отырғызып шөп шабуға баратын сүйегі асыл Мәзжан апа, «Бой, бой, бой, бой-о-ой! Менің Сұркөжегім-ай» деп жүретін Садық шал, Беделхан ардагер, Серікқал шоптан, Бейсенжан поштабай, Орынғазы мұғалім, не болмаса бар тірліктің ортасында жүретін Ақпар, бүкіл ауыл жабылып іздептін Бұйрабас бала – қазақтың барлық ауылдарында кездесетін кейіпкерлер. «Меншік қой қырықса да, тай құзесе де, малын дәрігерге ектірсе де, ерекек малдарын піштірсе де танертенгі қарбаласта, не кешкілік, не тұс кезінде Ақпар жүреді ортасында» [179-б.] деген үзінді Ақпардың шаруаға қырлы, епті, іскер екендігін байқатса, жыл соңында сыйақыға өмірі ілікпейтіндігін сол дәуірдің әділетсіздігі етіп суреттеген. Алайда, мұндай әделетсіздіктер қай дәуірде де, кай заманда да болып жататыны өмір заңы. Бұл жағынан келгенде жазушының өмір болмысын бейнелеуде шындықтан аттап кете алмағандығы анық. Аталған әңгімелерде социалистік және тәуелсіздік деп аталатын екі қоғамдағы ауыл адамдарының тыныс-тіршілігі арқылы XX және XXI ғасырдың тоғысында өмір сүрген кешегі кеңестік дәуір мен бүтінгі тәуелсіздік тұсындағы замандастарымыздың жарқын бейнесі жасалған. Себебі, бәріміз – кешегі «ұлы көсемнің» бейнесін омырауымызға зор мақтานышпен таққан октябрят, қызыл галстук таққан пионер,

ант беріп комсомол қатарына өткен комсомолдармыз. XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы жоспарды артығымен орындау науқанын іске асыру кезіндегі жұмысшылардың таңның атысы, құннің батысына дейін тынымсыз тірлігі құнделікті ішіп-жеуден аспай, келесі айлыққа дейін қа-рызыға белшесінен батып жатуы («Қарыз»), тоқсаныншы жылдары Одақ ыдыраған тұста колхоздар мен совхоздар таратылып елдін дағдарыска ұшырауы, сол тұста ауыл арасында ұры-қарылардың есептен тыс көбейіп («Қазына»), көрші қорасына қол салуы («Қалғұты»), тәуелсіздік тұсындағы кара бастың қамын ойлаған құйбің тіршілік, қала қазактарының жаптай баспанасыздықтары («Шилі өзен») – барлығы да өзіміз күә болған, бүгіндері көріп жүрген жайттарымыз.

Сонымен бірге бұл әнгімелерден ұлттық ерекшеліктерді айқын аңғаруға негіз бар. «Үштабан», «Шенбер» сынды асық ойындары, қазақша құрес, көкпар, алтыбақан, аксүйек, т.б. ұлттық ойындар мен Сексеуілбайдың кемпірі Қарайшаны Ақжамал сияқты көзқөрген көнекөз қариялардың жоқтауын көнінен қамтыған жазушы олардың әрқайсысының өзіне тәне сыр-сипатын белгілі оқиға үстінде ашуға тырысқан. Осындағы қазақ халқына ғана тән ұлттық ойындар мен әдет-ғұрыптар шығармалардың ұлттық рухын көтере түскен.

Кейіпкер бейнесін толықтыратын көркемдік тәсілдің бірі – көркем портрет болса, жазушы әрбір кейіпкерінің түр-түсіне, бітіміне көніл бөліп, оқырманымен таныстырып отырады. Оны «Ардагердің сыйлығы» әнгімесіндегі Беделхан мен Әшімханның бейнесінен көруге болады. «Еңгезердей денелі шал, күпәйке мен көнетоз малақай киіп, терезе алдында сығырайып пима табандап отыр. Шегір көзінде – мүйіз көзілдірік. Алақандай көзімен қолындағы тебенге алара қарайды. Астына бөстек қойып, аласа орындыққа жайғасқан. Айналасында еденде жатқан түрлі аяқкиім, тарқатылған кендір жіп, біз, қайши,

балға, қалып, балта, қайрақ тас, қалбырға салынған әртүрлі шегелер. Таңымайтын адам осы отырысына қарап Беделханды етікші дер еді. Устінде жеңі қыршылып кеткен көнетоз костюм, оның ішінде жағасы биік свитер, сыртында – ағарып тозған ұлken ескі күпәйке. Көктем әлде қашан шықса да, күн жылынып кете қоймаған соң әлі пимамен жүр. Шаруа істеп отырып бірденеге шұқшия қарағанда үстінгі ерні дурдиіп тұрады. Дөнес мұрынды көсе шал шашын тақырлатып тастамай, айналасын жұқалатып қиғызып қояды. Басына анау-мынау такия сыймаған соң қолы білетіндерге қолдан тіктіріп алады» [61-б.] деген жолдар ардагер Беделханның кейіпін танытса, «Тызалақтап, дембелше денесімен қозғалақтап диванды сықырлатты. Алдыңғы тістері сойдақ, ерні қалың біткен, беті сопактау, аздап сепкілі бар шапшаң мінезді, сергек жігіт» [2, 65] деген портрет Әшімханның болмысынан хабар береді. Кейіпкер бейнесін толықтырудың тағы бір түрі – кейіпкер сөзі. Осындағы Беделхан туралы айтылған: «Шалдың тілін кетер кезде зорға тауып, тұннің бір уағында үшеуі қаранды көшемен тыптырлап, жаяулап, құбірлесіп, құтылғандарына куанып, үйге асықты.

– Ай, шалдар, все таки мықты, – деді Әшімхан.
– Әттең, бірақ білімсіз еді. Кітапты ашып ежіктең отырушы еді.

– Көрі қасқыр емес пе, ойбай-ау, – деді Елеусіз.
– Сексенге келсөң, сен одан бетер боласың.
– Көкжал де, – деп түзетті Мұрат. – Ұлдар көкжал ғой.
Әшекен мен біздікі тұлқі бұлан.

Әшімхан үндемеді. Мінім қайсы деп ойлады.
– Эй, Беделхан қасқыр ғой. Білімсіз-ақ сексен мұғалімінде отыз жыл селкілдетіп ұсташа деген...

Елеусіз басын шайқады. – Айбар ғой....» [67-б.] деген сөздер қан майданда шынықкан соғыс ардагерінің бейнесін толықтыруға қызмет етеді. Беделханның жеңіс күні өзін құттықтай келген жастарға «Әй, совет өкіметін жа-

мандаймыз. Тәртіп бар еді-ау...» деген сөзі талай сырды аңғартады.

Жазушының туған жерге деген сүйіспеншілігі «Қалғұты» әңгімесінен мен мұндалайды. Суын ішіп, топырағын басқан жерінің ол үшін ауасы да, суы да, нұы да, тасы да, құмы да – аса қымбат. Оны мына үзіндіден көруге негіз бар: «Бетіміз – Қараторғай. Ол Қалғұтыдан үш шақырым. Қаратогайда өспейтін нәрсе жоқ, мойыл, долана қарақат, бұлдірген – бәрі қалың. Әсіресе, қап-қара мойылы балдай. Таңдайға салсан, балдай боп езіліп жүре береді. Ауыл балалары жиылып жаздай терсе де бітпейді. Тіпті сонау қырық шақырым Аякөздегі қаланың орыстары да мотоциклдерін дырылдатып келіп жатады қарақат теруге. Қектемде мылтықтарын шошайтып өзен жағалап, үйрек атып аң аулайды». Осы жолдарды оқып отырганда казактың дархан даласына Алла тағала бар ризығын төккендей әсер аласың. Осындай риясyz жер асты, жер үсті байлыштары бүгінгі танда қара көз қазактарға бұйырмай шетке кетіп жатқаны жаңынды қынжылтады.

«Балалық шақты еске алу» диптихында ескі достардың араға уақыт салып кездесіп, таң атқанша балалық шаққа жасаған саяхатына кезігеміз. Енді бір әңгімелерде «жынды судын» казак ауылдарына кіре бастағанынан бастап, оның салған лаңына қаныға түсуге болады. Алпысыншы жылдардың сонында ауыл дүкеніне әбден орныққан «жынды суға» құмарлар алғашында бір көше тұрғындарының терезесін шағып кетіп жатса, келе-келе олардың бір ауылға бой бермей тауға қашып, тәлтіректеп шатқалдан өзі құлағанымен қоймай, елдің үстінен арызданып, ауыл үйдің берекесін алғаны нанымды суреттелген.

«Шилі өзен» әңгімесіндегі «жынды судын» кесірінен тағдыр тәлкегіне ұшырған Қалидың өмірі арқылы қала мен ауыл өміріне қанығамыз. Бос уақыты тын-тебен үшін әркімнің жұмысын істеп, пәтерден-пәтерге көшумен өткен Қалидың өмірі қалада жүрген баспанасыздар-

дың өмірінен хабар берсе, туыстарын сағына күткен ауыл адамдарының кең пейілі бүкіл қазақ біткеннің мінез-құлқын танытады. Отыз жылдан кейін іздеп келген бауырын Дәмелінің «ой құлымын-ау, бармысын» деп жыламсырап бас салуы жақын адамдар арасындағы туысқандық сезімді уақыттың да сұйта алмайтындығын байқатады. Оның ауылды көргенде елу жыл бұрынғы бастан өткен оқиғаларын, ауылдың тентек ұлдарының мінездері мен түр-түсін сипаттай жөнелгендігі – туған жерге деген сағынышының белгісі еді. Ауылдың балалары деп отырған достарының барлығы да бүгінде қаусаған шал болғандығын Қали сезген де жок. Себебі ол бала кезін есіне түсіретін ауылына келгенде өзі да бала болып кетіп еді. Осындай детальдар мен штрихтар жазушының кейіпкер жаңына үніле білгендейгінің мысалы.

Жинақта қазіргі қала тіршілігінен хабар беретін әнгімелер де бар. Олардың қатарында «Қаладағы қызы», «Профессордың шәкірті», «Отты ағын», т.б. әнгімелерін атауға болады. «Қаладағы қызы» әнгімесіндегі Қаншайымның өмірі адам қызығарлық емес. Себебі ол жарқын болашағын емес, бір күндік қызығын ғана ойлаған төмен етекті жан. Соңдықтан да оның болашағы бұлынғыр. Ол өмірдің – құрес екенін білсе де онымен құресуден гөрі әзірге мәзір тірлік кешкеніне мәз. Бірақ мұның бәрі алдамшы дүние екенін ол кеш білді.

Тарихшы ғалым Әбу Тәкеновтің рухына арналған «Профессордың шәкірті» деген әнгімеде XX ғасырдың соны мен XXI ғасырдың басындағы ел экономикасынан хабар берер эпизодтар бар. «Профессор бүгінгіні ойласа, өткенге көз салады, сол қын отаршылдық заманда шын мәніндегі оқымыстылар, ел мұддесіне берілген жандар қуғыннан, түрмеден, ату жазасынан корықпай қызмет етіпті. Енді бүгін сол адамдардың істеген істері анызға айналды да, ал ізбасар ұрпақтары ел мұддесінен алыстанап, арзан абырой, женіл табыс, жалған атақ қуып кеткендей»

деген сипаттама қазіргі замандастарымызға қаратыла айтылса, «тура айтқаны үшін туғанына жақпай» қызметтөн босап базарда жүрген журналистің тіршілігі – Қазақстан экономикасы құлдырап кеткен жылдардағы әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің күн көрістің қамымен базар жағалап кеткендігінің жарын бейнесі.

Жазушы «Отты ағын» әңгімесінде менмендік ауруына ұшыраған жандардың есіне Жаратқан иені ұмытпай, оның бес парызын орындағап, намазға жығылу керектігін Қали өмірі арқылы бейнелейді. Өзін басқалардан артық санайтын атеист Қалидың шыдамсыздық пен өркөкіректікten тапқан ауруының шипасы біреу-ак екендігін дәрігердің аузына салған жазушы екі аяқты пенделерді тәубаға шақырады.

Жазушы әңгімелері бүтінгі замандас бейнесін суреттеуде олардың жана дәүірдегі қоғам ісіне белсене араласуы мен адалдық, достық сезімдерін, еңбек жолындағы күрделі ізденістерін көркемдікпен өмір шындығына сәйкес бейнелеуімен ерекшеленеді. К.Рахымжанов – С.Мұратбеков, Д.Исабеков, Т.Нұрмамбетов тәрізді тәуелсіздік тұсында ауыл өмірі туралы жазып жүрген жазушылардың бірі.

Н.Қамидың «Кездесу» (2003), «Кек қақпа» (2010) жинағына енген әңгімелердің барлығы да тәуелсіздік жылдар әдебиетінің жемісі. Автор XXI ғасырдағы ел мен жер, адам мен оның жан дүниесін өзімізben бірге өмір сүріп жатқан қазіргі замандастарымыздың тыныс-тіршілігімен көрсетуге дең қойған. «Кек қақпа» әңгімесіндегі кейіпкердің түсінен қара домбыраның кетпей қоюынан көп сырды ұғуға болады. Хан Мәде құрған көшпендеріл империясын он төрт ғасырдан кейін билеген Шынғыс Қанадардың XXI ғасыр перзентін мазалап жүргені бүтінгі тәуелсіздіктің оңайшылықпен келмегенін ата-баба рухы ескертіп жүргендей әсер береді. Оны мына жолдардан антаруға негіз бар: «Ешкімге тәуелді болмай, айдарыннан

жел есіп, алшаң басып жүрер заманды жақындата түссем деп мен де талпындым, амал не, ақыры қолым жетпей, айға шапқан арыстандай мерт болым, сол азаттыққа Алланың әмірімен өзің жеттің, енді соның қадірін біліп, қастерлей білсең кәнеки?» [267-б.]. Қара домбыра елі мен жерінің азаттығы, бостандығы үшін күрескен көшпелілерден қалған бірден-бір көнекөз шежіре. Оның шанағына Мөде ханнан бергі көшпенділердің барша тарихы сыйып қана тұрган жоқ, ол сол тарихты XXI ғасыраға жеткізіп тұрган аталар аманаты.

Бірсыныра әңгімелерден кеңестік жүйенің ыдырап, кеңес адамдарының тығырыққа тіреліп, одан шығатын жол таппай, жаңа әмірге икемделе алмай, әмірден торығып, болашақтан үміт үзе бастаған жандар бойындағы психологиялық құйзеліс байкалады. Жаңа қогамнаң, өзінен жеріне бастаған адамдар әмірі әңгіме жанрына экзистенциалистік, постмодернистік арнадағы ой толғамдарға жол ашты. Осындағы көркемдік ізденистер Р.Мұқанованың «Кұбыжық» (2002), «Қаралы төбе», «Өзің», «Тұтқын» (2003), «Композитор», «Мұқағали» әңгімелерінен байкалады.

Т.Ахметжанның «О дүниенің қонағы» (2001) атты кітабында «Шәрбат», «Тұма», «Тергеу», «Төрт қанден», «Құнәһар», «Айқасқа» сияқты әңгімелері топтастырылса, 2006 жылы жарық көрген шығармалар жинағының 1 томына енген «Сынық қанат көбелек», «Қылбұрау» атты әңгімелері де өзіндік айтары бар шебер туындылар.

Өз замандастарының ар-ұяттан безе бастағанын көрген жазушы әңгімелерінің барлығында дерлік адамгершілік мәселесі көтеріледі. «О дүниенің қонағы» әңгімесіндегі о дүниелік болып келген Қияқ бейнесі оқырманға ой салауды. Әмір жайында философиялық ой түйген жазушы нарық заманындағы ақшалы азаматтардың мұнсыз өмірінен сыр шерте отырып имандылық мәселесін алға тартады.

Ар ілімін жоғары қойған жазушы «О дүниенің қонағы» (2000), «Күнәһар» әңгімесінде ар-ұят перштесі мен сайтандарды арбастыра отырып, адамшылық, имандылық мәселеſін алға тартса, «Махабbat әуені» (2006) шынайы пәк сезімге құрылған. Жазушының барлық әңгімелерінің негізгі өзегі – ар ілімі.

Әңгіме жанрына тұрақты түрде араласып жүрген жазушының бірі – Аскар Алтай. Оның «АҚШ консулының тас лақаты» (2000), «Лайбаран» (2000), «Тұсік» (2001), «Тараншы Жолбарыстың сатқындығы» (2001), «Кентавр» (2002), «Қызыл қасқыр» (2002), «Стакан» (2003), «Сібір офицері» (2004), «Альпинист» (2004), «Шанид» (2006), «Салбурын» (2006), «Прописка» (2007), «Көзжендет» (2008) әңгімелерінен мазмұндық, түрлік ізденістер байқалады. Ұлттық танымға ерекше мән беретін жазушының Мифке құрылған «Кентавр» әңгімесіндегі Басарыс атты «айғыркісі» мен «Салбурындағы» тотемдік таным қазіргі казақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістердің мысалы.

ХХ ғасырдың сонындағы тарихи мәні зор 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының құғын-сүргінін көрген жазушының «Сібір офицері» мен «Прописка» әңгімесіне кеңестік жүйенің ыдырауына, қазақ елінің тәуелсіздік алуына алып келген Желтоқсан оқиғасын негіз етіп алған. Бірінші әңгімегегі кеңес офицері Бураханның тағдыр тәлкегіне ұшырауы қазақ жастарының көз жасының өтеуі болса, екінші әңгімегегі Арқаттың прототипі Аскардың өзі. Қазақстанның астанасы Алматыдан пана таба алмай сабылған Арқаттың өз елінде журіп «өгей күй кешкен» қайғылы өмірі қазақ трагедиясы екені рас.

Әңгіме жанрында үздіксіз еңбек етіп келе жатқан жазушы Н.Ораздың «Аяқталмаған ертегі» әңгімесінде автор Алматыда тұратын Сағындық есімді ғылым кандидатының екі күндік өмірі суреттелсе, «Оңаша арал» (2006) жалғызлікті әйелдер мұнынан сыр шертеді. Оның «Тұнгі жалғыздық» (2008) әңгімесінің де сағыныш пен мұн-

ға құрылғанын ескеретін болсақ, жазушы осындай қайты мен мұнға толы әңгімелерінде адам жанына үнілуде психологияздың терең игергендігін байқатты. Ол «Біз, ол, «Мерседес» және махаббат» атты әңгімесінде ауылдың жайма шуақ өмірі мен қаланың тынымысыз тіршілігін бір-біріне қарама-қарсы бейнелеу арқылы олардың арасындағы айырмашылықты көрсеткен. Ауыл тұрғындарының аңғал, адал, енбеккор болып, кала тұрғындарының безбүйрек, әгоист, дүниекоңыз болып келуі олардың қоршаган ортаға қарай икемделуін аңғартады. Жазушының «Жылқының көз жасы» (2007) әңгімесі Семей полигонына арналған. «Жын жайлана меніреу өлкенін» трагедиялы күйінен хабар берген жазушы бүкіл адамзат баласын алаңдатқан Семей полигоны туралы әңгімелерге өз үлесін қости. Бұл тақырыпта Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», «Қаралы тәбе», Д.Рамазанның «Соңғы дем» әңгімелері толықтырды.

Қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістер А.Кемельбаева әңгімелерінен де байқалады. Діни-философиялық негіздегі «Ғибадат» (2000) әңгімесінде публицистикалық сарын басым болса, бірінші жақтан баяндалған «Құс» әңгімесі философиялық ой-толғамдарға құрылған. Модернистік, постмодернистік ағымдарды жете менгерген жазушының алғашқы әңгімесінде дін тақырыбы көтерілген. Ол қасиетті Құран сүрелерінен мысалдар келтіре отырып, жалғанды жаратушы Алланың ұлылығын мойындаиды. Алла тағалаға жасалған құлышылық оған деген шексіз сүйіспеншіліктің белгісі болса, бұл әңгіме о дүниенің бар екендігіне сендіре отырып, ақырзаманнан Аллаға жасаған құлышылық қана алып қала алатындығын нағымды бейнелеген туынды. Екінші әңгімедегі зулаған көлік астында тапталып жататын құс пен қанғыбас иттердің өлекесіне көпшілік мән бере қоймауы мүмкін, алайда жазушы олардың да Алла тағала жаратқан тіршілік иесі екендігіне көніл аудартады. Осы ой «Тобылғысай»

әңгімесінде жалғасын тапқан. Автор тек қана жан-жануар емес, барша тіршілік иесін бір Алланың жаратқан-дығына сендеріді. «Қоңыр қаз» әңгімесінде адам баласының дертіне құстардың арасынан шипа ізделеген жазушы «Қияда» әңгімесінде Түсіпхан еліміне қатысты ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа көніл бөлумен құнделікті өмірде кездесетін жайттардан өмір мен елім жөнінде философиялық түйін жасайды.

Д.Рамазан «Көкжал» (2001) әңгімесінде адам мен қасқыр арасындағы тартысты бейнелеу арқылы табиғаттың тылсым құштерін бағындыру мүмкін емес екендігін еске салса, «Алланың елшісінде» (2008) дін тақырыбын көтерген. Д.Рамазанның «Көкжал» әңгімесі тәуелсіздік жылда-рындағы «қазақ әңгімесінің көкжалы» ретінде танылған туынды. Қазақ әдебиетінде М.Әуезовтің «Көксерегінен» бастау алған қасқыр бейнесі тәуелсіздік тұсында Ж.Ахмадидың «Кезінгеннің кезі», «Ажал аузында», «Кие», А.Алтайдың «Қызыл бөлтірік», Д.Рамазанның «Көкжал» әңгімелерінде жалғасты. Аталған әңгімелердің барлығында дала тағысын екі аяқты пенделердің бағындыра алмағандығы әр түрлі орта мен әр түрлі жағдайда жан-жақты бейнеленді. Жазушы екінші әңгімесінде «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Қазығұрттың басында кеме қалған» сынды белгілі аңыз-әңгімелерді қайта тірілткен. «Сағындым сен жанқалада» (2008) адам бойындағы бір сәттік сезімнен адамгершілік, ар мәселесін жоғары қоя білсе, «Сүйген жүрек» (2008) әңгімесінде тек қана екі ғашық арасындағы емес, туған жерге деген махаббат қоса өрілген. Махаббат мәселесін бүгінде Отанына қайта оралып жатқан оралмандар тағдырымен ұтымды ұштастырыған.

XXI ғасырда әңгіме жанрына тағы бір топ жас буын өкілдері келіп қосылды. Олардың қатарында мерзімді басылым беттерінде әңгімелері жиі жарияланып жүрген Қ.Аманжолұлы, Қ.Әбілқайырұлы, М.Омарова, Л.Қоныс, Ә.Қоспағарова, Б.Дәuletбаева, Л.Имашева, А.Мантаева,

Ж.Мамырәлі, М.Мұқашев, Б.Сарыбай, т.б. қаламгерлерді атауға болады. Қ.Аманжолұлы әңгімелерінен психологиямді терең игергендігін байқасақ, Қ.Әбілқайырұлында мұң басым. Шабыт фестивалінде проза жанры бойынша үшінші орынды иеленген Л.Қоныстың «Ібілістің көнілдесі» (2002) атты психологиялық әңгімесінде дамыған технологияның адамзаттың санасын уландырғаны синалса, «Құрқылтай ұясы», «Тиын» әңгімелеріне қазіргі замандағы өмір шындығы негіз болған. Ә.Қоспағарованның «Ол» әңгімесіндегі ақын жігіттің өзін қоршаған ортадан, төнірегіндегі адамдардан жиреніп, шарқ ұрып тазалық іздеуі Р.Мұқанова әңгімесімен үндестікті байқатады. Аталған қаламгерлердің ішінен қазақ әдебиетіндегі Б.Нұржекеевтің дәстүрін «Шабыт» фестивалінің дипломанты Ә.Қосбағарованның жалғасырғаны байқалағы. Б.Нұржекеев әйел-ана, қыз-келіншектердің тірі жан білмейтін құпиясын олардың құнделіктері мен хаттары арқылы оқырманға жеткізіп отыратын. Қырық шырақты қыз-келіншектердің психологиязмін терең игерген жазушы олар туралы әңгіме еткенде тіпті өз басынан өткен оқиғаларды суреттегендей әсер беретін. Ә.Қосбағарованның «Қара кемпір», «Хризантема», «Қызыл орамал» әңгімелері мен «Сізге» атты эссе сіне әр түрлі жастағы әйел-аналардың қылыштары негіз болған. Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін толықтыратын бұл шығармалардың негізгі ерекшелігі – әр түрлі оқиғаға қатысадын кейіпкерлердің жас ерекшелігінің бір-біріне ұксамауы. Мәселен, «Қара кемпір» әңгімесіндегі жалғыз баласының асты-ұстіне түсіп, оны оқытып адам қатарына қосқан кемпірдің мұшкіл халі – аңы болса да өмір шындығы. Жазушы өмірдің қунгейін емес, көленкелі тұстарына көніл бөле отырып, тығырықтан шығар жолды іздейді. Кеңестік дәуір ыдырап, еліміз егемендік алғанмен, адам баласының психологиясы өзгере бастағаны жасырын емес. Әрине, көпке топырақ шашуға болмайды, себебі,

«бес саусақ бірдей емес». «Бір анадан ала да, құла да туатынын» ескеретін болсақ, кемпірдің ұлы мен қызы екі түрлі тәрбие көрген жандар секілді. Жазушы өмірдің жазылмаған зандарына үніле отырып, өмір жайлы философиялық түйін жасауға ұмтылған. Ол ұрпақ жалғастығы болып есептелетін, қара шаңырақтың иесі болып танылатын ер балалардың қызы балалардан жоғары бағалануы. Алайда, осы шаңырақ иелерінің көвшілігі үйленген сон, өз анасын мүлде ұмытып, бір шүйке бастың дегенінен аспай жататыны жасырын емес.

«– Бүгін жұма. Шалымның да басына бара алмадым.
«Жалғыз» алып барам деп еді.

– Қолы тиіп жүр дейсің бе?

– Білесің ғой, көріп жүрсін ғой» [77-б.], – деген үзінді қара кемпірдің жалғыз баласына шық жуытпайтынын байқатса, оның өз бетінше осылай күбірлеп жүретіндігін көрген ел «шалын сағынып жүрген болар» деп жориды. Бүгінде бір уыс болып қалған қара кемпір кеше кім еді? деген саяулға жауап беру мақсатында оның өткенине лирикалық шегініс жасайды. Бір үйдің еркетотайы болған Еркежан қазақтың дәстүрімен құда түсіп келген жігіттің қалындығы болып шыға келген. Он екі жасында босаға аттаған ол ата-енесіне мейірімді, барынша биязы келін бола білді. Күйеуі Орынбасарға еркелей жүріп, оған бауыр басып та кетті. Кезінде жастар бірін-бірін көрмей-ақ, сүймей-ақ осында тату-тәтті өмір кешетін. Ал, қазіргілерге не дерсін? Сүйгеніне қосылғанмен оның ата-анасын сыйламайтын келіндерге ой салу мақсатында кемпір мен келін өмірін салыстыра суреттеген қаламгер тек әйелдер қауымына емес, анасын сыйлауды білмейтін жігіттерге де ой тастаған. Әншейінде «қара қақбас», «қу қақбас», «Күрішіне тоямыз, өл, өл!» деп жүретін шайпанауыз келіннің үйге қонақ келгенде апа деп сзыла қалатынына қалай қүйінбейсін. Қаламгер шағын әңгімеге «Қызы ұя» әңгімесін әдемі қиюластырған. Қалмақтардан

қашып тығылған ағасын құтқарам деп құзда қалып қойған қызы туралы анызды беріп отырғандағы мақсат – біріншіден, қарындастың тілекшілігін білдіру болса, екіншіден, қазіргі таңда қазақтың бай ауыз әдебиетінен мүлдем хабарсыз ұрпақтың өсіп келе жатқандығын еске салу. Ертегі тындағамайтын, кітап оқымайтын, ғаламтормен бас қатыратын жас ұрпақтың өсіп келе жатқандығы көзі қарақты жандардың бәрін де құйзелтетінін автор жадында ұстап отырған.

Әңгімeden тағы бір көрінетін жайт – екі дүние арасындағы байланыс. Оны қара кемпірдің түсіне Орынбасардың қайта-қайта кіруімен бейнелеген. Артында қалған сүйген жарының мүшкіл халі оны да көрде тыныш жатқызбай мазалайды, сондықтан да ол кемпірін ертіп кету үшін айналшактап жүр. Дүниеден озарында жалғыз балсына шешесін аманаттап кеткенін еске салған автор «аруақ аттағанның оңбайтынын» да еске түсіргісі келеді. Шешесі өлгенде оған қайғырудың орнына қара джип машинесіне қарағыштап түрған жалғыздың қылышы оның бет-бейнесін толықтыруға қызмет етеді.

«Енді Қара кемпір жоқ сендерге. Бұкірейіп жүріп қи оймайды, көз жанарын тауысып жұн тұтпейді, кисалан-дап, шаршап-шалдығып су тасымайды» дегендеге күн күркіреп біраз түрді [87-б.] деп аяқталатын әңгімеде автор адам мен табигат арасындағы байланысқа да ерекше мән берген.

«Қызылорамал» әңгімесі казақ әдебиетінде қалыптасқан дүстүрдің занды жалғасы ретінде танылады. Мұндағы әйел сырғы оның көк сандықтағы күнделігі арқылы ашылады. Оны ашатын өзге емес – өз қызы. Мамасы көк сандығындағы қызыл орамалға көзі түскен соң, жиырма жыл сандық түбінде жатқан ең кымбат асылын қызына сыйлайды. Осыдан жиырма жыл бүрын Санкт-Петербургтен сатып алған қызыл орамал араға жылдар салып, енді оның қызының мойнында сол қалаға сапар шегеді.

Бірақ орамал сол сатып алған дүкенде жоғалады. Көзі бұлаудай болып, қанша жылағанмен жоғалтқанын таппай, маматайына не айтарын білмей елге оралады. Келсе анасы хал үстінде ауруханада жатыр. Дәрігерлердің айтуына қарағанда жүрекке күш түскен.

Құпияны ашуға тағы бір түрткі болған жайт – бейтаныс адамдардың мұны «Ой, Бахтиярымның жүрнағы» деп бас салып құшақтап сүйе бастауы.

Міне, осыдан кейін анасының жанарын мәңгі мекендеғен мұннның сырын ашпақ болады. Оған анасының көк сандығы көмектеседі.

Көк сандықта сақталып, ешкімге ұстаппайтын күнделіктегі жазбалар былай болатын:

«20.09.1995 жыл. Әскентай аумаған сен! Құдай ақы ол біздің маҳабатымыздың белгісі, күәсі. Шәріпке (әкемді айтады) адал, қыздай-ак келдім. Алланың құдіреті сені сүйгенімді мен жасырғанмен, Алла жасырмады. Өскен сайын сенен аумай келеді. Жиі есіме түсесің. Тіпті маҳабатым бұрынғыдан да өрши, биіктей түскендей. Шәріп мені кешсін. Оған мен ренжімеймін.

12.11.2000 жыл. Бүгін қызыл орамалды қызыым сұрады. Оған бәрін айтуым керек еді. Өз уақыты келер деп жүрмін. Екеуміздің маҳабатымыздың көзі болып қалған сол орамал ғой. Оны көрген сайын сен қасымда түрғандай боласың. Сағындым!» [6-б.]

Міне, осындағы сырды оқыған соң, шын мағынасында жарқылдап күлмейтін, шешіле көсіліп сөйлемейтін маматайының жүрегіне түскен ауыртпалықтың сыры ашыла түседі. Автор қызыл орамалды маҳабаттың символы ретінде алған. Бақтиярдың көзіндегі сақтаған қызыл орамал жоғалған кезде мұның ауруханаға түсуі, дерпті айықпай дүниеден өтуі – екі ғашықтың арасын жалғап түрған нәзік жіптің сол орамалмен бірге жоғалуы ретінде шыныбы бейнеленген.

«Хризантемада» жас бойжеткендер өмірінен сыр шерткен автор қала жастарының тіршілігінен хабар берсе, «Сізге» шығармасында махаббаттың адам жасына қарамайтындығына көніл аударған.

«Ол» әңгімесінде адаптацияның арам қоғамда өмір сүре алмайтындығы студент жастар өмірімен шынайы бейнелеген. Алғашында студенттердің үлкен ақын санап, одан қолтаңба алып жүрген ақын ағасының ішіндікке салынып кеткенінің сырын ашу арқылы табиғат сыйфа берген тұма таланттар мен ақынсымақтар арасындағы теке-тірес, халтурщиктердің пайдасына шешіліп жататынын әшкөрелеген. Жазғаның көршілері көшіріп алып, қолының ұзындығын пайдаланып жинақ етіп шығарып жатқанын көрген ол өзі өмір сүрген қоғамға лағнет айтқандай. Негізгі кейіпкердің атын атамай-ақ, ол деп бейнелей білген автор сол ақынның түбіне жеткен ақынсымақтарды мақтамен бауыздаған. Мұндай жайттардың өмірде кездесіп жататынын жадында ұстаған автор, өнер жолының онай еместігіне сендірген. «Тағдыр» әңгімесіндегі кандидаттық диссертациясын қорғап, ауылға барып мектепте мұғалім болып жүрген Берікті мектеп директорының жұмыстан қысқартуы оның тағдырын тәлекек етеді. Көп білгені, еңбеккорлығы, әділдігі, турашылдығы үшін көпкө жақпаған ол жұмыссыздықтың салдарынан ішіндікке салынып кетсе, «Күй» әңгімесіндегі күйшінің де тағдыры осы тақылеттес. Соңғы үш әңгімеде біздің қоғамның келенсіз жақтарын әшкере етумен бірге, өнер мен өнер иелеріне қазіргі таңда қамкорлықтың азайып кеткендігі көркем бейнеленген. Жазушы әңгіме жанрына тән көркемдік ерекшеліктерді жете менгерген. Шып-шымыр оқиға қатысатын кейіпкерлерінің өміріне лирикалық шегініс жасаған ол барлық кейіпкерлерінің толық бейнесін шынайы сомдаған. Сонымен бірге ол жансыз, дерексіз затқа жан бітіре бейнелеуге шебер. Оны осы әңгімегегі «Жаңбыр топырақтың миын шашып, жаншып жатыр», «Өзім әзер

отырғаным, жыным жағамнан алғандай еді», «– Классик ақын болу, түк те емес, – деп соқты. Жауырыны жер сүзіп отырған бірі», «Бәрі мына сиықсыз өмірде тыр жаланаш қалғандай ыржалақтап күле берді», «Даусым қабырғаларға соғылып құлап, қайта жаңғырып өзімді мазақ еткендей» деген бейнелі образдардан көруге болады.

Бұл тұста қазақ әңгімелері түрі жағына байи тұсті. Шетел әдебиетіндегі мистикалық үрдісті үлгі тұтқан М.Омарова магиялық сарынға құрылған «Жұмбак», «Жол үстінде» әңгімелерінде ұлттық таным мен модернистік ағым жүйесін ұштастыруға ұмтылған. Б.Дәuletбаеваның күнделік іспеттес, хат үлгісімен келетін новеллалық желімен жазылған «Аспан әлемі» әңгімесінің де айтары мол. Мұнда автор күнделікті өмірде кездесетін керегар жайттарды шенеп отырады.

Тәуелсіздік жылдары қазақ жазушылары әңгіме жанрында қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, мазмұндық, түрлік ізденистерге барды. Бұл жанр кенестік дәуір тұсында тыйым салынған діни-философиялық, эротикалық, интимдік әңгімелермен толықты. М.Мағаин, Б.Нұржеке, Қ.Жұмаділов, Т.Ахметжан, Н.Ораз, т.б. жазушылар адам жанының ішкі ірімдеріне үнілуде психологиялық әңгімелер қатарын көбейтті. Дәстүрлі ұлттық таным тәуелсіздік тұсындағы әңгімелерде батыс әдебиетінде қалыптасқан әр түрлі ағымдармен жалғасты. Сондықтан да қазақ әңгімелерінде модернистік, постмодернистік ағымдар пайда болды.

Жазушылар сүйекті жанрлармен бірге шағын жанрдың жүргі қашан да ауыр болатындығын фантастикалық, антропологиялық, этнографиялық, символдық, мифологиялық, автобиографиялық, мистикалық, сатиralық және қысқа әңгімелер арқылы дәлелдеп келеді.

ЖЕЛТОҚСАН ШЫНДЫҒЫ ӘДЕБИЕТТЕ¹

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт аралығында қазақ әдебиеті дамудың жаңа белесіне көтерілді. Бұл тұста қазақ жазушылары тоталитаризм қыспағынан босап, еркін тыныстауға бет алды. Тәуелсіздік жазушыларға сөз бостандығын алғып келді. Сөз бостандығы қазақ жазушыларына кеңестік дәүірде еркін бара алмаған, кең қозгай алмаған тақырыптарға қайта үнілуге мүмкіндік берді. Сондай тыйым салынған тақырыптардың бірі – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы еді.

Желтоқсанның 20 жылдығы қарсаңында Д.А.Қонаев қоры шығарған 10 томдық сүбелі еңбек пен Т.Айтбайұлы құрастырған 3 томдық «Желтоқсан» атты жинақтың, Қ.М.Табиев пен тарихшы Б.Төлепбергеннің бірнеше еңбектері Желтоқсанның талайларға ой салғандығын байқатты. Қазіргі таңда Желтоқсан оқиғасы негіз болған еңбектер қатары күн санап толығуда. Олардың қатарында тарихшы М.Қозыбаевтың «1986 Желтоқсан. Дақпырт пен шындық», Ж.Әнесұлы «Желтоқсаннан кейін ел мұддесі үшін айтылған шындық», Б.Төлепбергеннің «Біз білмейтін Желтоқсан», «Желтоқсан қарлығаштары», «Қасиеттім – Желтоқсан», Қ.Мұнар Табиевтің «Қазақтың Желтоқсаны», «Қайсар рухты қазақ», «Мұзда жанған алау» кітаптары мен А.Сәрсенбаев қоры шығарған 8 томдық «1986 Желтоқсан статьи и публикации 30 1986-1995 годы» және басқа көптеген еңбектерді атауға болады. Бұл еңбектерде негізінен тарихи құжаттар мен деректі шығар-

¹Мұнда Желтоқсан туралы шығармалардың толық қамтылмағандығын ескертеміз.

малар жинақталған. Алайда қазақ халқының тарихынан үлкен орын алған бұл оқиға ұлттық намысы бар ақын-жашылардың бәріне дерлік түгелдей қалам ұстартты. Сондықтан да қазақ әдебиеті Желтоқсан туралы ірілі-ұсақты поэзиялық, прозалық, драмалық туындылармен толықты. Оны әр жаңрдан көлтірілген мысалдардан көруге болады.

Поэзия.

Аға буын ақындардың ішінен Қадыр Мырза-әлидің «Заман-ай» атты поэмасында дәндеп кеткен XX ғасырдың деңгеліне жолығамыз. Поэманың «Жанталас және Желтоқсан» атты тарауы Желтоқсан оқиғасына негізделді. «Жаратқанның осы ма тенгермегі! Жастай солды жайсандар, Көгермеді», «Ұлы қазан әкелген жақсылықты Кіші қазан түк қоймай тартып алды» деген жолдармен қанды оқиғаны мегзеген ақын оған терең барған жоқ. Себебі ол туралы жазуға тыым салынған болатын. Сондықтан бұл тараудың мазмұны аты айтып түрғандай дәрежедегі мәселені көтерген жоқ. Бұл оқиғаны ашық жаза алмаған қаламгерлер оны мегзеп қана бейнелеу арқылы оқырманға қайғылы қаза жөнінде ой салып отырды.

Кейін еліміз егемендік алған соң бұл оқиғаға үлкенді-кішілі біраз шығармалар арналды. Солардың ішінде Ж.Бөдешұлы «1986. Желтоқсан» өлеңінде XX ғасырдың соңғы ширегінде азаттық үшін болған соңғы құреске былайша жан бітіреді:

*Желтоқсанның жесі ызгарлы,
Көшени бойлап қан ақты.
Шашынан сүйреп қыздарды,
Ұлдарды итке талатты.*

*Езгіден кеткен еті өліп,
Ел тіріліп, оянды.
Еркіндік еңсе көтеріп,
Бұрышқа тықты ноянды [1, 74].*

1986 жылғы ақ қар, көк мұзда болған бұл оқиға қазағым, елім деген қаламгерлердің бәрін де бей-жай қалдыра алма-

ды. Ал, ұлтшылдығымен, патриоттығымен танылған Жәркен ақын бұл тақырыпты жаны күйзеле, тебірене отырып жырлады. Ақынның шағын лирикасындағы осы ой кейінгі жылдары эпикалық шығармаларына да негіз болды.

«Фасырлар сарыны» өлеңінде тәуелсіздіктің арғы-бергі тарихына көз жүгіртсе, «Күзетте» бакташының аспанға оқ атпауын сұрайды. Маужырап ұйқыда жатқан тыныштыққа оқ атқандардың оңбайтынын ескерткен ол күзетшінің тұн тыныштығын бұзбауын ескерtedі. «Қонаевтың қаруы» атты өлеңде Д.А.Қонаевтың қаруы қоян мен қыргауылға ғана оқталса, Г.Н.Колбиннің қаруы қазақ жастарына қаратыла атылғанына күйінген ақын «Шын көсемнің қолына түскен қару – Адамзат баласына атылмайды» деген түйін жасайды. Ақын осы ой арқылы оқырмандарына ел басқарғандардың барлығы бірдей көсем бола бермейтіндігін ескерtedі.

Қазактың ақын қыздары да бұл оқиғаны жырлауға өз үлестерін қосты. Желтоқсан оқиғасына М.Айтхожина «Желтоқсанның желі гулеп» деген өлеңінде:

Жастарға толып кетті түрмелері,

Еске алсам оны тілім күрмеледі.

Жасқанып өз жерінде,

Жәбір көріп,

Қашанғы құлдық ұрып жүрмек еди [2],

– деп тәуелсіздік жолында жастардың басын бәйгеге тіккенине көніл аударды.

Қазақ халқын құллі әлемге танытқан оқиғаның еліміздің тәуелсіздік алуына өз септігін тигізгені белгілі. Олай болса, ақынның «айырар келді кезің ак-қараны, Қашанғы сені біреу басқарады. Бар кілті бақытыңың өз қолында, Енді сенің ғасырың басталады!..» деп қазақ халқының тәуелсіздігінің мәнгілік болуына көніл аударуы да орынды.

«Аласа емес, Қырандар! Құлайды өрден» деп, ата-бабалардың наизаның ұшымен қорғаған жерін көз алартқандардан қорғау керектігін баса айтқан ақын тәуелсіздігіміздің баянды болуын үнемі жырға қосып, егемендік жолында аянбай енбек етіп келеді. Осы оқиға түсында қазақ қызы-

дары қайсарлығымен, өрлігімен танылды. Сондықтан да қаракөздеріміздің ерлігін қалам ұстаған үлкенді-кішілі ақындардың барлығы мақтанды. Ж.Тұсайұлының «Арнамыстан жаратқан ба Қазағымның бар қызын?!» деп жырлауы да содан.

Ал, К.Ахметова «Ұмытуға бола ма сол дауысты» атты өлеңінде кешегі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына жан бітіріп, табиғаты нәзік қыздардың ерлігін, жауынгер казак халқының ұрпағын «Желтоқсанның дауылы шайқағанда Құлатпады арулар ар-намысты» деп жырлады.

А.Бактыгереева осы оқиғадан кейін, Жазушылар одағына кездесуге келген Г.Н.Колбинге кенестік дәуір түсінде шовинизмнен тайсалмай «Мен қазақпын!» деп жар салған Жұбан Молдағалиевтің: «Замандаспыз – деді оған, қатар жүрген. Желтоқсанның көргенше он алтысын Бір күн бұрын батсамшы батар күнмен» деген сөзін арқау ете отырып, майдангер ақынның ерлігін жырға қосты. Осы оқиға туралы топтамалардың қазақ әдебиетінде ақындығымен қалған Жұбанның азаматтық қырын аша түсері занды.

*Ұрпағыма халім бар не дер енді,
Қорладыңдар бұл қазақ деген елді.
Қыздарымды сүйретіп бұрымынан
Іт таласын деп пе едім немеремді?..*

*Деп үйреттің мәңгүртсің: бәрің надан,
Тіл мен діннен айрылды елім, бабам,
Кеши алаңда сабаган – сенің тегің,
Ал таяқты жегендер менің балам [3, 252-253],*
– деп Ұлы Отан соғысының төрт жылына төтеп берген ақынның белін Желотқсанның ызғары қайыстырғанын ақын қыз жеткізе жырлады. Жұбан ақынның осы ерлігін ақындардың барлығы дерлік жырға қосты. Осы қатарда Ш.Сариевтің «Желтоқсан» өлеңін атауға болады.

Желтоқсан жырларын толықтыратын шығармалар қатарында Қ.Аманжолдың «Желтоқсаным!» өлеңін ерекше атауға болады. Ақын Желтоқсандағы жастардың тірлігін

ар-намыстың өлшемі ретінде бағалап, діліміз берілгенін баса айтты. Бірақ арада өткен жиырма бес жыл уақытта сол ерлік үшін күрес рухын жалғастыра алдық па? деген саяул тастанады. «Желтоқсаным! Бостандықта – боданмын, Азаттықта – аланмын! Бордай үгіп намысты Құмға сіңіп жоғалдым» деген ақын сөзі Желтоқсан оқиғасының күні бүтінге дейін әділ бағасын ала алмай жүргенін еске түсірсе:

Желтоқсаным!

Жүрек алі мұз бер қар,

Жібімеген ызгар бар,

Күниуағың – алданыш,

Көңілдегі сызды аңгар [4, 64],

– деген жолдар Желтоқсанның талай жүректерді жаралап, көнілге кетпес қалың сыз салғанының наңымды суреті.

Мұндай мысалдарды тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясынан көптеп келтіруге болады. Кеңестік империяның дәуірлеп тұрған шағында барлық кеңес ақындары тәрізді қазақ ақындары да «қазағым», «ұлттым» деген сөзді қорқа соқтап айтушы еді. Ал бұл оқиға отызыншы жылдардағы жаппай қудалауды енді ұмыта бастаған халыққа онай тиген жоқ. Қазақ ақындары ол туралы айтуда, жазуға да жасқанып, әрі-сәрі күй кешкені белгілі. Бірақ поэзия өзінің жауынгер жанр екендігін бұл жолы да байқатты. Қағаз бетіне түскен қаншама жыр жолдары оқырманына дер шағында жете алмай бұлқынды. Сол бір алапат күндер аланда болғандардың жүрегін жаралап, қазағының, ұлтының өзге ұлттың алдында тізе бүккендігін қанжылап жырға қости. Сондай ақындардың бірі желтоқсанның зардабын тартқан – Болат Шарахымбай. Қаралы күнді көзімен көрген жандардың бірі болғандықтан, ақын жүрек оқиғаның ізін сүйтпай жатып қағаз бетіне түсірді. Оның қанды оқиғаның ертеңіне жазылған «1986 жыл. Желтоқсан» атты өлеңін оқып отырған жаннның көз алдынан сол күндер бейне бір елес тәрізді үздік-создық өтіп жатады. Көзбен көрген шындық қана осылай жырланбақ.

*Өгей қала. Өгей жұрт. Өгей бәрі,
Өгей дүние өгейсіп қарайды әні, –
Көше толы сенделген тірі өліктер,
Сары орыстың кездігі сорайғалы,
Өгей дүние. Өгей жұрт. Өгей бәрі [5],*

– деп басталған өлең «Өгей дүние. Өгей жұрт. Өгей бәрі...» деп аяқталады. Бір шумакта «өгей» сөзін сегіз рет қайталаған ақын осы сөзге ерекше мән берген. Бұл өз елінде өгей баланың күйін кешкен, казак халқының шынайы бейнесі еді. Жас шыбықтары қыршынынан қызылып жатқанда, қолдан келер дәрмені болмай, жоғары жаққа жәутенденген қазактың аянышты күйі сол қалпында шынайы бейнеленді. Ақын айтса айтқандай, оқиға басып-жанышылған соң, оған қатысушылардың барлығы да қара тізімге алышып, күғын-сүргінге ұшырады. Отаршыл империя алаңда болғандардың өршіл рухын қарумен, құшпен езіп-шашыды. Бірақ XX ғасырдың соңғы ширегіндегі «орыстардың» ойраның ашық жазған мұндай өлеңдерді баспа бетіне шығару мүмкін болмағандықтан осы жыр жолдары авторымен бірге біраз уақыт қаранды қапаста бұлқынып бақты. Еліміз тәуелсіздік алған соң, Желтоқсан шындығына жанбітірген шығармалар оқырманына қарай бет түзеді.

Қазақ біткеннің өзге ұлттардың жертөлесін жалдал тұратындығы егемендік алғанымызға 20 жыл болса да жойыла қойған жоқ. Ал XX ғасырдың сексенінші жылдарында қазақтардың жертөлелерді ғана мекен еткенін Б.Шарахымбайдың «Тиіп кетсең едені сықырлаған, Жеркепеде жатырмын үн шығармай» деген жолдары және бір еске салады. «Қоқсық пенен бықсыққа» араласқан қаланың суренсіз тіршілігін көрген табиғат ананың өзі мұнға батып, бұл сұмдықты қара жердің өзі көтере алмай белі қайқандады:

*Қала жасатыр қансырап кіндігінен,
Жеті күнде жерініп тірлігінен.
Кекке уланған кеудесі керіс тартма,
Қақ жартысы басының сынды білем.*

*Қопарылып кеудемнен мұң құлады,
Мың сан ойдан миым да мыңғырады.
Қабыргасы сөгіліп қара жердің,
Шыңырауда бір шындық шыңғырады... [5]*

Қазақстанның астанасында болған бұл сүмдүк қаланы ғана емес, қазақ халқын қансыратқаны белгілі. «Ғұмырнамам жазылып жатыр менің, Желтоқсаннның қып-қызыл қаныменен» деген сөзді Желтоқсан оқиғасының зардабын тартқан адам ғана айта алса керек. Бір жылдан кейін жазылған «Желтоқсан» өлеңінде ақынның бір жылға созылған сұрақ-жауап, тергеуден жүйкесі тозып, шаршағанын байқаймыз:

*Қасиетті Ерлік пен шуақты Арман,
Рухымды кайтып бер құлан қалған.
Құтқара ғөр кеудемді –
Тәңірімді,
Шақша басты дал қылған сұрақтардан [5].*

Осылайша тірі пендelerден көмек болмасын білген ол бір Алладан «Жебей көр, болсан Құдай! Азаттықты аңсаған менің демім» деп, медет сұрайды. «Азаттықты аңсаған менің демім, Бітетін де шығар-ау дәл осылай!» деп күйзелгенмен, жауынгер халықтың өр ұланы басына қандай қыншылық түссе де, мойымайды. Азаттық пен бостандық жолындағы бұл күреспен мақтанған ол «Жер бетінің үстін бір шаң қылармын. Қазағымды сөйтіп бір бар қыламын!» деген өршілдік рух танытады. «Мен жастарға сенемін» деп М.Жұмабаев айтқандай, қазақ халқының рухы күшті жастары 1986 жылы бостандық, азаттық үшін күреске шыққанын, ол күрестің нәтижелі болғанын қазақ ақындары соңғы жиырма жыл бередірнде айтып та, жазып та келе жатыр. Ақын «Желтоқсаннның 17-сі қандай күн? немесе ұлым Елдардың сұрағына жауап» атты өлең-эссе сінде жыл сайын аланға барып, күрбандарға тағзым етіп гүл шоғын қоюдың дәстүрге айналып келе жатқанын айта отырып, сол күннің қандай күн екенін бүгінгі жас

ұрпаққа түсіндірудің қажет екеніне көніл аударады. Ақын 17-Желтоқсанды:

*Сыны дер ем азап пен жанталастың,
Азаттығын аңсаган Алты Алаштың.
Үш жұз жылдық қатқан кек, зар мен ыза,
Қабыргамды күйреткен қара басқыр... [5],*

— деп түсіндіре келіп, «бүгінгі күн – ұзақ жылдар бойы арман-аңсарымыздың бастауы болған халқымыздың ақжолтай күні» деген тұжырым жасайды. Ақынның «бүгінгі күнге» он екі рет санамалап берген анықтамасының барлығы да дөп басып айтылғаны анық. Шын мәнісінде бұл күн ақын айтқандай, «тарихи Шындық пен тарихи Әділеттің, рухани азап пен қорлыққа қарсы қаймықпай бас көтерген, Қазақ намысы мен арының азаттығы жоғында қеудесін оққа төсеген, бостан Рухтың қанда тулаған Ождан – нұрға шарпылып, аспанда шалқыған, Ерлік пен Елдіктің, Қазактың ұлт болып ұйысқан Бірлік пен Тірлігінің, азат Қазақ елінің бақыты үшін қасық қанын төгіп, қыршынынан қыылған боздақтарды еске алу, Әділет үшін құрескен, сол үшін өмірлерін жанпида еткен ағаларымыз бен апа-әпкелерімізді сарыла күткен сағынышы мен қазағым, халқым деп намысқа қамшы басып аланға барған аяулы қазақ қыздарын алақанда аялайтын, ардақтайтын абыройы, Желтоқсан женімпаздарының, олардың балаларының, немерелерінің жүрегі ұлттық мақтаныш сезіміне бөленіп, лұпілдеп соғатын, Тәуелсіз Қазақ елінің жас қайраттары мен жас сәбиралары аға ұрпақ алдында, Желтоқсан боздақтары алдында, Отан алдында, аталары мен әкелері алдында қолдарын жүректеріне қойып тұрып өздерінің адалдықтары жөнінде ант беретін» күн еді.

Желтоқсанның жанды картинасын жасағандардың қатарында Аманғазы Кәріпжанөулеті сынды Желтоқсан зардабын тартқан ақынның да алар орны бөлек. Қанды оқиғаны көзімен көріп, жүрегімен сезінген Аманғазының кез-келген шығармасы желтоқсанның ызғары тәрізді бойынды мұздатып ала жөнеледі. Желтоқсанды азаттық,

тәуелсіздік жолындағы шешуші күрес ретінде таныған ол «Дәуірлердің сыйырган жон терісіне» жан бітіріп, азаттықтың оңайлықпен келмегенін тілге тиек етеді. «Намысынды жүргегіңе құндақта» деген ақын қазақ баласын намысты болуға шақырады. Сол тұстағы шындыққа жан бітіруде Аманғазы «Желтоқсанның төлі едік түнекте өнген», «Ердің бірі», «Қайрат кім?», «Толассызы бодандық», «Аландағы жарық», «Ортақ сырқат», «Шенгелдер» т.б. шагын лирикаларында біршама жетістікке жетті. «Шенгелдерде» 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына жан бітірген ол «Жарып өтіп талқан қылдық жендеттің Иықтасқан қабат-қабат тізбегін», «Өрт сөндіргіш сөндіре алмай шегінді Көзімізде лапылдаған оттарды» деп бейнеледі. Бірақ кезінде көлік өтпейтін Брежнев алаңының бүгінгі күйі ақындығана емес, жалпы елді алаңдатып жүргені белгілі. Оны ақын «Топырағымен алаңының төпеледік, Боздақтарым төгілген қала сыртын» деп бейнеледі. Оның шағын лирикасының бірсыптырасы – Желтоқсанның құрбандағына арналған арнау өлеңдер. Ләzzат Асановаға арналған «Ләzzаттың басына барғанда» өлеңінде мезгілсіз дүниеден өткен қазақ қызын «Танытам деп ұлтының ұлықтығын Қиянатта көз жұмды қылышты құн» деп дәріптесе, Сәбира Мұхаметжановаға арналған «Кезікпедім» өлеңінде «Тарбагатай тұлеткен екеумізді Шындық, бірақ, шынына жеткізбеді» деп сыр шертеді. «Басқа тиіп, бастағы сұрақты ұрды» деген Кенжегүл Молданазароваға арналған өлеңінде «Сыйдырмаған сорлы өмір жас арудың, Көз жасына тұншығып бара жатты» деп отаршылдыққа қарсы азаттық үшін қүресте шейіт болған қазақ қыздарының ерлігін дәріптесе, Түгелбай Тәшеновке арналған «Ердің бірі» өлеңінде «Еркіндікпен ашылсын деп аспаным, Жай оғындей жарқ еттің де қас-қағым, Жазатайым қайырылып қанатың, Жанынды әкеп абақтыға таstadtын» дейді. Қазіргі таңда қазақ ақындары осылайша Желтоқсан қаһармандағының көркем бейнесін жасап, олардың ерлігін дәріптеуде. Мәселен «Қайрат кім» өлеңінде «Қ.Рысқұлбеков деген

кім соншалықты дүрліктіретіндей? Ерлік жасаған Төле-ген емес, Мәншүк емес...» дегендерге қарата Қайраттың елі үшін құрбан болғанын «Мақтанаар ем: қазақтың сұнғылалы Болса егер де Қайраттай мың қыраны!» [6] деп жырлады. Осы мысалдар XXI ғасырдағы қазақ поэзиясының жаңа бейнелермен толығып, байып жатқанын байқатады.

Осылайша құллі қазақ ақындары шағын лирикаларында бұл оқиғаны әр түрлі дәрежеде жырлады.

Желтоқсан оқиғасы туралы шағын лирикалармен бірге кең құлашты эпикалық поэмалар жазылды. Алғашқы жазылған эпикалық шығармалардың бірі – Асқар Егеу-баевтың «Желтоқсан» поэмасы. 1986 жылы Желтоқсан айында күн құркіреп, наизағай ойнағаны ырымшыл қазақ халқына үлкен үрей алып келгені белгілі. Қыстың күні күн құркіреп, наизағай ойнауын жаман ырымға жоритын халық осының артында үлкен қасіреттің жатқанын сезіп те еді. Кезінде осы оқиға жөнінде «Қыскы наизағай» атты ұзак өлең жазған ақын Желтоқсан оқиғасы туралы айта алмады. Кеңестік дәүір түсінде Коммунистік партияның қатаң қадағалауында болған ақын-жазушылар еліміз егемендік алған соң, аты шулы оқиғаға қайта оралды. Еліміз тәуелсіздік алған соң, көп жылдар мазалап, ойдан кетпеген оқиға туралы ақынның «Желтоқсан» поэмасы (1991) жарық көрді.

1986 жылы 13 желтоқсандағы наизағай жарқылы былайша өлең жолына айналып еді:

*Кім көріпті о заман да, бұл заман,
Найзагайды көк аязга құлаган.
Кеуделерде Үрей – бөрі ұлиды::;
«Болсайшы аман, мына галам дін аман!»* [7, 56].

Адамдарға ғана емес, таифат үшін де тосын болған бұл құбылыс қайындардың жанарларын сұлатса, көк аспан қак айырылып егіл-тегіл көз жасын төккендігін ақын нағымды бейнелеген. «Бұлтты ійтіп боздайды боз шынарлар, Бұйдаланған ұқсап жетім ботаға», «Жер – Дүние ебіл-себіл егіліп, Ағытқандай тиегін бір шерінің», «Боз ін-

гендей Шудалы бақ шулаған», «Дәурені өткен серілердей бозарып, Бағы қашқан бақтар қалды тоналып» деп, жер мен көктің күркіреп, үлкен мұнға батуының ар жағында үлкен сыр жатқанын анғартқан ақын осылайша адам мен табиғатты бірлікті ұстайды. «Қысқы жасын жақсылық-қа көрінсін!..» деп тілеген халықтың мұндай сұмдықтың бірнеше мыңжылдықтарда ғана қайталанатынын еске алу арқылы алда үлкен оқиғаның болатындығына сендіріп, «Үрей сеуіп жатты жүйке-жұлынға...» деп оқырманың үрейлендіреді.

«Өмір күә-дүр» деген тараушаға Желтоқсанның 17-18 күні болған қанды оқиғаның бүкіл елді дүрліктірғенін «Екі күнде бүкіл дала егіліп, Бүкіл дала күніренді екі түн...» деп бейнелесе, табиғат-ананың осы мұны адамдарға да ортак болғандығы анық. Оны ақын:

Көңілдерге сауыс-сауыс мұз қатты,
Жүректерді аяздайын мұң қапты.
Қарттарымның Отан үшін оқ кешікен,
Жаралары жасын қинап, сыйдатты [7, 59],

– деп шынайы бейнеледі.

«Құлақта қалған үндер» атты тарауда драмалық сипат басым. Мұнда аландағы нөпір халық пен ел басшылары, қоғам қайраткерлері арасындағы бір-біріне қаратыла айтылған сөздерді диалогке құру арқылы жастардың қойған талаптары мен оларға айтылған жауаптарды еске түсіреді:

– «Ақылга кел, ақыл – сабыр, тараңдар!
Өткеніңе оң-солыңа қараңдар!
– «Өз қолымен бабаң құрган шаңырақ,
Өз қолыңмен шайқалмасын, қараң қап!»

– «Бұзакылар! Есірмендер, тараңдар!
Оңай тимес, қайтпасаңдар табанда!» [7, 60].
– «Жөніңді біл. Көйлегің – көк, қарын тоқ,
Жаныңды бақ! Таста алаңды аманда!..» [7, 61].

Мәдениет пен білім-ғылым ордасына айналған Қазақстанның астанасы Алматы қаласында болған бұл оқиға

күллі әлемді дүр сілкіндіргені белгілі. Арман қуып, Алматыға кеткен балаларының амандығын тілеген елдегі ата-аналар «Аман жүргей, қозым» деп көз жасын сығудан арыға бара алмай дағдарды. Ол кезде қалаға кіретін шығатын қатынас жолдарының (әуе, темір, тас жолдар) бәрі жабылып, қатаң күзетке алынды. Себебі, бұл оқиғаны естіген ірі облыстар мен қала төнірегіндегі ауылды мекендердің тұрғындары түгелдей дерлік, Алматыға бет түзеп қалған еді.

Екен... екен...

Екен, екен... екен гой...

Екенменен өткен өмір бекер гой.

Алданғанға – арбалғаның шекер гой.

Аңгарғанға – аяқ астың кесел гой [7, 64],

– деп ертегі үлгісін пайдаланған ақын ертегі кейіпкерлеріне имандай сенген аңғал жастардың күтпеген тоқсауылға душар болғандығына көніл аударады.

Шығармадағы ұлттық ерекшеліктің бірі – халықтың наным-сенімінен байқалады. Оның бірі – қыста найзағайдың жарқылдауы болса, екіншісі – сол қабактың тартуы. Мұның екеуі де ырымшыл қазақ халқына үрей, корқыныш алып келетін белгілер.

Әке жайын балалы бол білерсің,

Жаудың жайын жаралы бол білерсің.

Қазалы үйдің қабыргасын сөгілген,

Жан егіліп, қаралы бол білерсің [7, 68],

– деген жолдар өмір жайындағы үлкен ойларға жетелейді. Не нәрсені де басына түскен адам ғана толық мәнінде түсінетіні белгілі. Олай болса, күгін-сүргін көргендердің жағдайын екінің бірі түсінбейтіні анық.

Бұл оқиғаның сол кезде теріс бағаланғандығынан талай боздақтардың іздеусіз қалып, талай жандардың өз құқын қорғай алмай қор болғаны да өмірден алынған шындық. Енді біреулер жан айқайын сыртқа шығара алмай ішкүса болғаны мәлім. Осындаш шындықтарды ақын мынадай емеурінмен берген:

Жоқтаулар жүр қарттардың боз басында,
Жоқтаулар жүр әжениң көз жасында.
Жоқтау жатыр сұрақтардай жсауасыз,
Жоқтау жатыр, жаңишилып көр тасында... [7, 70].

Дер кезінде айтып жоқтай алмағандардың күйігі ішіне түсіп, үлкен дертке айналғанын ақын жүрек осылайша жырлады. Осы мысалдағы әрбір тармақтың «жоқтау» сөзімен басталып тұргандығына қарап отырып, ақынның жоқтауға ерекше ренк бергенін байқаймыз. «Жердің өзі кейде дауыс салғандай, Тітіретіп сілкінісі, көшкіні...», «Әлі дала жоқтау салып тұргандай, Күніреніп құллі ғалам кектенген» деген жолдар желтоқсан туралы жоқтаулардың жыл өткен сайын толыға түсетінін байқатады. Жоқтау жанры туралы зерттеушілердің: «Көркем жоқтаулардың сюжетін құрайтын негізгі сарындарды былайша топтастыруға болады: марқұмның арғы ата-бабасынан таратып, тізбектей жырлау; өлімнің себебін суреттеу; тірілердің қайғы-қасіретін суреттеу; ұрпағына үміт арту немесе тоқтам, тәубе ету сарыны» [8, 139-140], – деген пікіріне жүгінетін болсақ, бұл жоқтаудың соңғы түріне жатады. Мұнда өткенге опыну емес, болашаққа үміт арту, тоқтам сарыны басым.

Желтоқсан оқиғасы туралы шындықтың беті араға жиырма бес жыл уақыт салса да ашылмай келе жатыр. Күні бүгінге дейін беті бүркеуіл жатқан деректердің мол екендігін сол оқиғаның ортасында болған әрбір азамат сезінеді. Оны ақын былайша жырлады:

Күшагымда –
Қиқалаган қырышының,
Шындық жатыр қан-жынына тұнишиғып.
Сезім жатыр үлгірмеген бүр ашип,
Сергелденұмен Жер бетіне құлышынып [7, 74].

Поэманиң негізгі кейіпкери – Батыр қазақ, Балғын қазақ. Батыр болатыны қаншама шапқыншылықтан аман қалған, балғын болатыны отаршыл империяның құрығы-

нан босап, тәуелсіздік алғанына көп уақыт болмаған жас ел. Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген...», Қ.Аманжоловтың «Сен – фашистсің, – мен – қазақпын» деген сөздеріне сілтеме жасаған автор «Біз қазақпыз...» деген түйін жасайды. Тендік, бостандық, еркіндік жолында азат басын ер өлімге тіккен Кенесары, Бауыржан сынды батырлардың бүгінгі үрпағын Қайрат бойына жинақтаған ол балғын қазактың бойындағы батырлықтың, ерліктің, өрліктің қазактың қанында барлығына көніл аударады.

Желтоқсан оқиғасы өткеннен кейін, қоғамға қауіп ту-
дырғандар ретінде қазақтың бір топ жасөспірім боздақта-
ры темір тордың ар жағынан бір-ақ шыққаны белгілі. Со-
лардың ішінде Қайрат Рысқұлбековтің қаластағы хаттарын
әдеби деталь ретінде пайдаланған ақын оның өршілдік ру-
хын бүгінгі балғын қазақ бейнесінде жырлады.

Сонымен бірге бұл оқиға тұсында ұлтшылдығымен
тансылған Ж.Молдағалиев, С.Шаймерденов, О.Сулейме-
нов, М.Шаханов сынды ақын-жазушылардың «тіл кеспек
болса да, бас кеспек жоқ деп» Қазақстанға жаңа келген
бірінші хатшыға айтқан сөздері бүгіндері ауыздан-ауызға
тарап, анызға айналып кеткені мәлім. Осындай ел басына
құн туған қысыл-таяң уақытта елі үшін жаңын садаға ету-
ге даяр болған майдангер ақын жөніндегі:

Жұбан ақын жырламаган – жылаған,
Шықпай қалай түр деп бойда мына жсан.
Құлындарын шыңғыртқанда қылбұрау,
Құлагердей ышқының кеп құлаган... [7, 76],

– деген жолдар оның қазақ әдебиетіндегі көркем бейнесін
толықтыруға қызмет етеді. «Туған елден, туған жерден
алыста, не үшін күйреп, не үшін қанға бөктік Біз?..» деген
Жұбан ақын «Ырысым деп, қызын бетке қақпаған, Ты-
нысым деп, ұлға өсиет хаттаған» қазақ халқының жаста-
рына жасалған зорлықты кешірмегені белгілі. Авторлық
ұстанымды кейіпкер сөзімен беруді көздеңген автор Жұбан
акынның аузына «Қалай отыр, Қайран қалдым, ұл-қызын,

Табанына таптатқызып кигіздей. Өзі өсірген, қарын шашын қырғызып, Қойды қалай бұрымдарын жүлғызып» деген сөздерді салады. Олжасты Олжабай батырға тенесе, «Бауырымдап!» өртке кірген Мұхтар ақынның 1988 жылы 2-қыркүйекте, Қазақстан Жазушылар Одағының Пленумында, сосын 1989 жылы 6-маусымда, Кремльдің Съездер Сарайында бүкіл әлемнің назарын аудартып, Желтоксан оқиғасына қара күйе жағылғандығын жайып салып, қуғын-сүргінде жүрген мындаған боздақтарды ресми актауды талап еткені белгілі. Ақындарды осы істерімен XX ғасырдың соңғы ширегіндегі тәуелсіздік жолындағы күрестің қайраткерлері дәрежесіне көтерген.

Көркемдік тәсілдің бірі – бір-біріне қарама қарсы заттарды қатар пайдалану арқылы олардың негізгі ерекшелігіне көніл аудару. Оны «Қос өкпеден қар үргендей қалтырап, Қар үстіне жай түскендей жанамын» деген жолдағы қалтырау мен жанудан байқауға болады. Бірде суынып, бірде ысыну арқылы адам бойындағы арпалыс сезімді ашуға тырысқан ақын ерлік пен ездікті бір-біріне қарама-қарсы суреттейді. Қайрат сынды өрендер ерлігімен танылса, оларға қарама-қарсы жандардың да болғаны белгілі. Себебі әк пен қара, жақсы мен жаман, жуан мен жінішке тәрізді ерлік пен ездік те қатар өмір сүрмек.

Ашиқ күні аяғыңа, жығылар,

Бұлтты күні қойыныңа тығылар.

Көлеңкелер, аты бар да, заты жоқ,

Алды-артыңда күнді бағып құбылар [7, 92],

– деген жолдардан көленке тәрізді еріп жүретін ездерді тану қын емес. Сол секілді ойлар «Кәусәр сезім құдіретін сезгендер, Улы ауанды бал ішкендей сімірер», «Мен де өскенмін Орақ-балға «астында», Жүккан содан жаманым да, жақсым да», «Тұщы етіне ашы таяқ тигізген» деген тармақтарда мен мұндалайды. Осындағы у мен бал, жақсы мен жаман, тұщы мен ашы сөздерін қатар қолдану арқылы олардың өмірде қатар жүретініне көніл бөлінген.

Көркемдік тәсілдің бірі – орын ауыстырып қолдану болса, оны «Қалтырап бір кетті Креслолар», «Тұрды тірі Портреттер түр-өні», «Сөйлеп жатты подъездер, балкондар, Сөйлеп жатты, терезелер, есіктер. Сөйлеп жатты мінбелер мен аландар» деген мысалдардан көруге негіз бар.

Патриоттық рухпен жазылған поэма Ұлы отан соғысы жылдарында «Заман біздікі!» деп жар салған Б.Бұлқышевтің Шығыс ұлына қарата айтқан жалынды сөздерін еріксіз еске салады. Себебі мұнда көтерілген негізгі мәселе – Намыс ұлы. Ол – кешегі «Туған Отан. Туған қара шанырақ. Алып Отан. Атамекен, кіндік жүрттың» намысын қорғап, өзімсінген отаршылдарды жағасынан алып, тәубасына таяндырған қазақ жастары. «Отыз екі... Отыз жеті... Қырық бір... Бәрін кешіп, бәрін женіп көрген ел» дейді ақын. Бірақ алаңға шыққан жастар отыз екі мен отыз жетінің зұлматынан мүлде хабарсыз, соқыр сезімге сенген, Коммунистік партияның адал құлдары мен ұлдары еді. 1941 жылы тыныштығымызды бұзып тұтқылдан шабуыл жасаған, фашистік Германияны жер жастандырған «Мызғымас Кеңес Одағының» өршіл рухтағы қазақ жастары имандай сенім артқан партиясының өздеріне оқ ататының білмей қапияда жер жастанды. Өршілдік рухпен жазылған поэмада болашаққа сену, үміт күту сынды оптимистік үн басым. Оны «Кім ұғады талықсыған барыстай, Намысымды қабырғасы қайысқан» дейтін ақынның:

Жандырамын жүректерді жсанбаган,
Ерте есесін алдырамын алмаган:
Еңселерді еңкейтпейтін, ойткені,
Мен намыстын, мен намыстын маздаған.

*Кім естіген Намыс өлді дегенді,
Күл ішінен бас көтерем мен енді.
Қасіреттің табытынан тұргызып,
Халық – атты қасиетті денемді [7, 104-105],*

– деген ойынан аңғару оңай. «Таспен атқанды аспен ат» деген ұстанымды ұстанған аңғал қазақ халқының оны мен

солын танымаган жастары аспен атқанды таспен ататынын білмеді.

«Қарғыс сөзі» атты тараушада ақын жазықсыз жастардың қанын судай ағызған басшыларға қарғыс лағнетін жаудырады:

Зұлым біткен

Жұлынынан қылсын!

Зымиянга – зымияндық бүйірсын!

Көздің жасын көре алмаган соқырдың

Көз жұмғанша, көзіне құм құйылсын!.. [7, 107].

«Көк бөріге сыйыну» атты соңғы тарауда лирикалық шегініс жасаған ақын «Балам, біздің тұқымның иесі, көк бөрі. Сен ештеңеден қорықпа. Көк бөрі өзі қорғап-қоршап жүреді» деген атасының сөзін еске ала отырып, «Бесігімнен бөріктірген заманың Беті қайтпас көк бөрісі бола-йын» деген түйін жасайды. Айтса айтқандай, тәуелсіздік дәуірінің көк бөрісі секілді тыңға түрен салған ақын алғашқылардың бірі болып Желтоқсанды жырға қости. Себебі, 1991 жыл – еліміз жана ғана тәуелсіздік алған кез еді. Тәуелсіздік жолындағы соңғы күресті жырға қосқан бұл поэманды «Жаратылыс, табиғат, адам сезімі туралы сырлар» деп ұфуға болады.

Тәуелсіздік жылдарында жазылған Ж.Бөдешұлының қай туындысын алсаныз да ол бүгінгі бостандықтың қалай келгендігіне назар аударады. Сан мындаған жылдар бойы бостандық, еркіндік жолында төгілген ата-бабы қаны мен жанын қадірлеуге, құрметтеуге шақырған ол тәуелсіздіктің тұракты болуына тілекші. Соңдықтан да оның поэзиясының негізгі лейтмотиві – бостандық, егемендік, тәуелсіздік. «Исатайдың баласы» поэмасының бірінші белімінде қазак тарихынан үлкен орын алатын Исатай-Махамбет көтерілісінің негізгі себебін бостандықпен түсіндірген ақын тәуелсіздік жолындағы соңғы күрес ретінде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын алған. Исатай мен Махамбеттің күресін XX ғасырдағы қазак

жастары қалай жалғастырғанына назар аудару арқылы қа-
зақтың өткені мен бүгінін ұштастырған.

Поэмалың бірінші бөлімінде Махамбетпен сырласып, негізгі ойды Махамбеттің аузымен айтқызады. «Махамбеттің айтқаны» деп аталатын бірінші бөлімде Құм Нарынның кешегі күнінен хабар аламыз. Исаатай батыр баласы Жақия өмірге келгенде кіндігін өз тісімен қиғанын ақын былай суреттейді: «Кіндігінді Исаекен өз тісімен қылпты, Ата жаудан дегендей кегімді алсын тіс-
тесіп... Тағдыр бізге танды ғой құрып қалғыр құлдықты» [9, 109]. Балашағы ертегіге бергісіз болған Жақияны елдің бөрінің бөлтірігі деп атауы оның болашағынан мол үміт құттіреді. Поэмалың сөз кестесі өзгеше. Ақын бірде 7-8 буынды жыр үлгісімен құйып-құйып төпеп жіберсе, енді бірде дәстүрлі 11 буынды қара өлең үлгісімен ой қозғайды. Мұнда қатып қалған форма жоқ, ақын қыза келе 15 буынды өрнекке ауысады.

Жыр үлгісімен келетін:

*Сұңқарыңа – қанаттын,
Тұлпарыңа – тағамын,
Қанжарыңа – қайрақтын,
Сойылыңа – байрақтын,
Қосыныңа – айбаттын,
Иығыңа – сауыттын,
Дұлығамын – басыңа,
Тоныңа алтын жағамын* [9, 112],

– деген жолдар оның төкпе ақын екенін байқатса, әр жолмен берілген метафорадан ақынның көркемдік ізденіс-тері көрінеді.

«Еділ үшін бел кетті, Жайық үшін жақ сынды, Терлік шіріп теріне, ат беліне қақ түрдү» деген жолдардан Еділ менен Жайықты қорғап, ел мен жерді бодандықтан, құлдықтан құтқару жолындағы батырлардың ерлігін байқасақ, Махамбеттің «Сен – буыршын болғанда, мен – жараған бурамын, Сексеуілдің сінірін аузыммен турадым», «Елім жылап жатқанда баяны жоқ бақ куман», «Мен құр-

санған батырмын, Бауырым аяз, төсім мұз» деген батыр сөзі осыған мысал. Исадайдың аманаты Жақиядан қапияда айрылған Махамбет шерін ақын күллі қазактың қасіреті, қайғысы ретінде бейнелеген. Жақияның шыр етіп дүниеге келгенінен, жау қолынан каза тапқанына дейінгі аралықтағы ерлігін «Түлейді түнде жортқан жолбарыстай, Алдырыдым қабыланымды қапияда-ай» деп ах ұрған Махамбеттің аузына салған ақын XX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ жастарының ерлігін поэмандың екінші бөлімінде сөз етеді.

Колбин – қызыл шабарман.

Қызыл мұрын, қызыл көз,

Қызыл түкті, қызыл бет,

Қызыл аяқ,

Қызыл қол,

Қызыл хатышы бұлықты

(Бұлықты да у жұтты) [9, 121],

– деген үзінді де «қызыл» сөзін бірнеше рет қайталау арқылы осы сөзге көніл аударып отыр. Оның бірініші – қызыл империяның жүргізген отарлау саясаты болса, екіншісі – қызыл империяның жазықсыз қазақ жастарын қызыл қанға бөктіруі.

Махамбет секілді батырлар болды ма деген саяулға жауап іздеген ол Қазақстанның бірінші хатышы Колбиннің Қазақстан Жазушылар одағына келген сәтіндегі оқиғаны таңдал алған. Өзі күе болған оқиғага жан бітіре отырып, бостандық үшін күрескен Исадай мен Махамбеттей батырларды XX ғасырдағы замандастарымыз арасынан іздейді.

Ж.Нәжімedenovtің «Қазақстанным» өлеңіне жазылған Ш.Қалдаяқовтың әнін көкке қалғыта шырқап, Брежнев аланына (қазіргі Жана аланға) лек-легімен бет алған қазақ жастарының бойындағы патриоттық сезім күйін нанымды бейнелеген ақын 1986 жылғы желтоқсанның ызғарлы күнінде болған қаралы оқиғага жан бітіріп, кешегі тарихты сөйледті.

Өңілең қызыл дүлейлер мұздай қару-жарақты –

*Қырқын жсатты қияздан балауса жас қанатты,
Ұлды жығып сойылға, қызды итке талатты,*
Ат шаптырып Алаңда қызыл шылбыр қан ақты [9, 122], – деген сурет сол бір оқиғаның ешбір боямасыз шынайы да жанды картинасы. Бейбіт шерудің аяқ астынан осында үлкен қырғынға ұшырауын күтпегендердің сол кездегі қүйін сөзben жеткізу де онай емес. Жас шыбықтай жана өсіп келе жатқан жастардың қыршынынан қылып жатқанын көрген табиғат ананың өзі сол бір сәтте көз жасына ерік бергенін ақын былай суреттейді:

*Қалжыраган қанталап тау артына өшті күн –
Қызыл өртке оранды қызыл інір кешиқұрым.
Қызыл өрттің ішінен шырқыраган торғайдай*
Қарындасым Ләzzаттың жсан дауысын естідім [9, 122], Ақын Қайрат Рысқұлбеков, Мырзагұл Әбдіқұлов, Ербол Сыпатаев, Ләzzат Асановаларды Исатайдың Жакиясына баласа, қазіргінің Махамбеті ретінде Жұбан Молдағалиев пен Сафуан Шаймерденовті көрсетеді. «Миын шашып «мейманның» оярлықтай төбесін – Салалы он саусағы жұдырық бол түйілді» деген жолдар Сафуан Шаймерденовтің нар тұлғасын танытса, «...Бабаларым баласын қызыл итке талатпай, Балапандай мәпелеп, емін-еркін ұшырды. Жолың болсын, жортакшы айдалада адасқан, Тізгінің таласпан. Сіз кетіп, біз қалғанда, төбемізге құламас Тіреуі жоқ шар аспан» деген сөздері «Хан емессін қасқырысын» дейтін Махамбеттің бүгінгі ұрпағы арамызда жүргендігін байқатар эпизод.

Ж.Молдағалиевке сөз кезегі келгенде, оның С.Шаймерденовтен де асып түскені бүгінгі танда аңызға айналып кетті. Тәуелсіздік тұсында өмірге келген қазіргі ұрпақ біле бермейтін сол бір тарихи оқиғаны ақын былайша жанбітірді:

*...Гүлдерімнің желегін «Желтоқсанның» желі үзді.
Шықыр козім, не көрдің адыра қалғыр алаңнан:
Көк ала бол сабалған, көгенделген ұл көрдім,
Бұрымынан сүйрелген бұлдіришіндей қыз көрдім.*

*Бұл қорлыққа шыдамай, сызат алды жүрегім,
Мұндай қорлық кормеген, айырылғанда анамнан.
Айтып-айтпай не керек, қатты батты жсаныма,
Кылышымды жсаныдым арғымагым жалына.
Махамбеттің рухы маган ырза болар ма,
Қаламымды малмасам, жауым, сениң қаныңа [9, 124].*

Майдангер ақынның жүргінен шыққан жан айқайы – Махамбеттің «Хан емессі, қасқырсың, Қара албасты баскырысы» деген кекті сөзінің XX ғасырдағы жалғасы еді. Ең жақын адамы анасынан айрылғанда мұндай қорланбаған жүргінің отаршыл империяның жойқын қырғының көргенде дамыл таптай шарқ ұрғанын ақын нанымды бейнеледі. «Киіп келген өзінің кебініне оранып, Жазушылар үйінен Колбин шықты өліктей» деген жолдар «бас қеспек болса да тіл қеспек жок» дейтін қазақ ақындарының қашан да ханға қасқайып қарсы тұрып, бұқара халықтың мұны мен зарын жеткізе білетіндігіне назар аудартады. Махамбеттің Жәнгір ханға, Бұхардың Абылай ханға, Сафуан мен Жұбанның Г.В. Колбинге айтқан сөздері қазақ ақындарының қай кезенде де сөз бостандығын ұстанғандығының белгілі. Осылайша тыныштық, тәуелсіздік, демократия, молшылықты арман ете отырып, ендігі кезекте қазақ халқын террорист деген қызыл көзден қорғайтын Жаркен Бөдешұлы – қазіргі казақ поэзиясында өзінің ұлтшылдығымен, ұлтжандылығымен танылып жүрген ақын.

Осы қатарды толықтыратын шығарманың бірі – Н. Айтұлының «Мұқағали-Желтоқсан» атты лирикалық поэмасы. Үш поэмага да бір оқига негіз болғанмен ақындар оны әртүрлі тәсілмен жырлауға ден қойған. Мәселен, Н. Айтұлы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына билікте отырған қазақтардың қолынан ештене келмейтінін білгендейтін, қанды қырғынды тоқтатуға батырлар мен ақындардың рухын шақырады. Бұл қазақ әдебиетіндегі Қасым Аманжоловтың «Жамбыл тойында» поэмасындағы дүние жүзі ақындарын қиялмен жинайтын көркемдік әдістің тәуелсіздік түсіндағы жалғасы. Бір Алладан медет сұраған ақынға

бірінші болып, кеңестік дәуірдің ақының ақыны Мұқағали-
даң рухы жетеді. Сол кездегі Алматының бейнесін ол:

Қара бұлт қалбаңдайды жсан-жасында,
Жүніндей албастының алба-жұлба.
Шашардың үсті толған қарға-құзғын,
Қаһарын төккен бе әлде Алла мұнда?
Құжынап құбыжықтар бәрі осында,
Бәлекет жынымен ауыз жаласуда [10],

— деп бейнелеген.

Осылайша жын-перілер мен қарға-құзғындарды періш-
термен бетпе-бет кездестіріп, «Жаратқан, жар бола гөр,
Жар бола гөр» деп тілейді. Қызыл өртке оранып, азан-қа-
зан шулаған қаланың қак ортасында «Әділдік!, Әділдік
бер!» деп тілеген қалың жастар «қақаған қарлы боран ақ
қырауда» өрт сөндіргіш машиналардың сүмен атқылауы-
ның астында қалады. «Өңкей бір темір аяқ, темір таяқ,
Аяусыз тепкілеуде, соққылауда» деген жолдар бес қаруын
асынған жаналғыш кеңес әскерлерінің қазақ жастарын
дубинкамен ұрып-соққанын еске салса, «Жендеттің ко-
лында жүр бұратылып, Бұлдіршін қыздарының бұрымда-
ры» деген жолдар аланға шыққандардың тек ұл балалар
емес, олардың көпшілігі қызы балалар екенінен хабар бе-
ретін деталь.

«Қарап тұр империя терезеден, Колбиннің көзіменен
«тамашага». Биікте қарап отыр қара қабан, Сескеніп
аласұрған заманадан» деген жолдар Колбиннің сырт-
қа шығуға коркып, тек терезеден ғана бақылап отырға-
нын, Орталыққа бар мәліметті сол сәтте жеткізгенін еске
түсірсе, «Жастарды қызыл-ала қанға беккен, Дамылсыз
сүйрелеуде тұрме жаққа...» деген жолдар сол күннің жан-
ды суреті. Жастарды ұрып-тепкілеп, қолға түскенін ша-
шынан сүйреп машинаға лактырған көріністерді деректі
фильмдермен көрген тарихи құжаттар да растайды. Міне
осындағы сұрапылды көрген ақын «Аталар, аттанындар,
аттанындар, Аузында ұландардың аттарың бар... Аруақ-
тар, оянындар барлығың да, Тірілер шақыруда, шақыру-

да!» деп жар салады. Хан Абылай, Ер Қабанбай, Райымбек батырлардың рухтарын атап шақырган ақын «Баласы барлық ақын бір ананың» деп қазақтың күллі ақындарын көмекке шақырады. Тәуелсіздік жолында құрбан болған Кенесарының Нысанбайды жоқтауы арқылы сол тұстасы кері кеткен кер заманнан хабар берсе, жыр дәстүрімен жырлай жөнелген Нысанбай абыздың «Ақсұнкардың баласын, Құзғындарға талаттым», «Хас тұлпардың тұкымын, Қасқырларға жегіздім» деген зары Алаштың азаттығы Хан Кенемен бірге кеткен бе? дегенге мегзейді.

Батырлардан кейін ақын «Ақындар не кешпеген, не көрмеген? Көріп түр қан-қасапты көгендеген» деп ақындарға кезек береді. Бұлттай боздап Асанқайғы бастаған қазақтың Махамбет, Дулат сынды бостандық, теңдік үшін қүрескен ақындары алдымен жетеді. Автор осы тұста «Сен жақтан зауал соқты сар далама! Сенбесен, судай ақ-қан қанға қара» деп, Пушкиннің рухына шағынады. Бұл Кенестер Одағының орталығы Мәскеуден Алматыға ағытылған зауалды тоқтатуға қазақ ақындарының ғана емес, орыс ақындарының да араласуынан тұған тілек еді. Сондықтан да ол Пушкиннің аруағына қарата «Бар үміт сенде ғана, сенде ғана!» дейді.

*Тас тыққан тұқымдарың қалтасына,
Халқымның қанжар ұрды қолқасына!
Елімнің естігение жылаганын,
Құрдымга неге ғана құламадым?
Бауырлар, тапсаңдарың бір амалын,
Сендерден сұранамын, сұранамын!?,*

– деген зар тірілерден қолдау таппай, халі мұшкіл болған жанның жан айқайы, мұны мен шері еді.

Қаншама зұлматты көрсе де, мұндай сүмдикты құлақ естіп, көз көрмегені белгілі. Сондықтан да жастардың кескен баудай қырылып жатқанын көрген Момышұлы бастаған Мәншүк, Әлия сынды Ұлы Отан соғысының батырлары мен жыр альбы Жамбылдың да аруағы түрегеледі. Аланды шырқ айналған Мұқағали аруағы өзі жырға

қосқан батырларынан медет күтеді. «Бұл заман не боп кетті, Сәкен аға?!» деп кенес ақындарынан медет күткен ол Ілияска қарат «Қызылдар қызыл етке болды жерік, Тұрсың ба, Ілияс аға, енді көріп?» дейді. Осылайша әр дәуірдегі батырлар мен ақындардың аруағы аланға ағыла бастаған тұста Әлихан, Сұлтанмахмұт, Ахмет, Шекерім, Жүсіпбек, Міржақып, Мағжан сынды Алаш арыстарының рухы аланға бет түзейді. Бұл Алаш арыстарының ресми ақталмаған тұсы екенін еске алатын болсақ, осы оқиғаның арыстарымыздың ақталуына септігін тигізгені. Махамбеттің сарқытындағы болған, кенестік идеологияның тар ноктасына басы сыймаған Мұқағали Алаш арыстарының алдынан шығып, оларды қарсы қалады. Осылайша аландарғы жастардың жан айқайы тек қана қазақ батырлары мен ақындарын ғана емес, көне Түрік қағанатын да оятады. Намыстан назаланған Мұқағали:

Шетінен інге кіріп кеткен бе ери?
Байланып қалған ба әлде тасқа бәрі,
Жұбаннан қайда мұның басқалары.
Кірмейді көрге неге қаптаған шал,
Бергенше қойдай тізіп жас баланы?,

– деп күніренеді.

Махамбет, Мұқағали сынды ақындардың артында қалған Ж.Молдағалиевтің Колбинге айтқан сөздері осылайша күллі ақынның қalamына арқау болды. Желтоқсан оқиғасы Жұбан ақынды және бір қырынан танытты. «Мен – қазақпын» деп лениндік идеологияға қарсы шыққан ақыннның күрескерлік рухы қайсарлығымен, ұлтшылдығымен толықты. Жан алып, жан берісіп жатқан жастардың ерлігін мақтан еткен ақын адамнан көмек болмасын білген сон, «Аспанда құдай жалғыз, жерде қазақ, Жаратқан, жалғызыңа жар бола гөр?!» деп, бір Алладан медет сұрайды.

«Боздатып бауырларын өз қолымен, Түрменің тығып жатыр оқпанына» деген жолдар жаудың сырттан емес, іштен шығып, өз қандастарын қойдай тізіп берген бауыр-

ларымыздың аярлығын еске салса, «Ел үшін ерек токты құрбандық», «Атам десен, атындар!» деген «Ең сонғы Бостандықтың жас құрбаны!» Қайрат Рысқұлбековтің сөзі кешегі өршіл рухтағы Мағжан ақынның елі мен жері үшін өр басын ер өлімге тіккен өршілдігінің ғасыр соңындағы жалғасы еді. Бабалардың аруағын тебірентіп, оларды жатқан жерінен оятқан қазақ жастарының осы ерлігі тәуелсіздікке жол ашты. Ақын тәуелсіздік үшін күрестің сан ғасырларға үласқанын айта келіп, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін көп ұзамай тәуелсіздіктің келетінінен хабар береді. Ата-баба рухы мен Болашақты кездестіру арқылы тәуелсіздік жолындағы күрестердің бәрінде де қаншама қан төгілгенін ойға түсіреді. Мұзбалақ Мұқағалидың аруағы осы оқиғаның арты жақсы болатынына көзі жеткен соң, «Кия алмай Алматысын үш айналып, Асты да ғайып болды ала шыннан». Осылайша ақын тірілердің тәуелсіздік алуына бабалар аруағының көмектескеніне назар аударады. Қойдай момын қазақтың жылқы мінезді екенін танытқан бұл оқиға «Мызғымас Одақтың» ыдырауына септігін тигізді. Орталықта отырған басшылар осы оқиғадан кейін жауынгер қазақ халқын көп басынуға болмайтындығын түсінді.

М.Бектемірованың «Тәуелсіздік – тірегім» атты поэмасы түрі жағынан тарихи-публицистикалық поэмалар катарын толықтыратын туынды. «Көnlім күйге тоймасын, Пернеде саусақ ойнасын» деп басталатын поэмада шаттық үні басым. Себебі бұл – тәуелсіздігіміздің 10 жылдығына орай жазылған туынды. Ақын лирикалық шегініс арқылы азаттықтың ақ таңы қалай туғандығына назар аударады. Аспанның жүзін талай қара бұлт қаптағанын тарихтан сыр шерту арқылы түсінірген ақын отаршылдыққа қарсы күрескен зар замандарды еске салады. Кең жазира даладан тебінгідей жер бермейміз деп, отаршылдыққа қарсы шығып, бас бостандығы үшін бірсесе қалмақпен, енді бірде монголмен, одан соң ақ патша әскерімен кескілескен шайқастарда танылған жауынгер қазақ халқына

азаттықтың оңай келмегені рас. Шырылдаған торғай да азаттықты аңсайтының төрт аяқты аң мен ұшқан құс өмірі арқылы суреттеген ақын қазақ жастарының 1986 жылғы желтоқсандағы ерлігін тілге тиек етеді. 15 Республиканың астанасы Мәскеудегі Орталықтың шешіміне ақ қар, көк мұзда қарсы шыққан қазақ жастарының «ұлттардың өзін өзі билеу» құқығын бетке ұстап, Коммунистік партияның Ұлы көсемі В.И.Лениннің қағидаларын бүрмалауға болмайтындығымен дәлелдегенін мактан еткен автор сол тұстағы қоғам өмірінен біршама мағлұмат берген. Отаршылдардың бостандықты оп-оңай бермейтіндігін олардың қазақ жастарына «ұлтшыл», «бұзакы мен нашақор» деген айып таққанын, оған Жұбан Молдағалиев бастаған ұлтшылдардың қарсы болғанын накты мысалдармен бейнелеген ақын сол тұстағы өмір шындығына:

*Желтоқсанда көшеге,
Жендеттер кеп қан шашты,
Сабагынан гүлдердің,
Үзілді еken қаниасы?
Қызыл көзі қанталап,
Тайраңдады көшеде,
Төбеттердің тайшасы.
Қызыл қанга боялды,
Аналардың ақ шашы [11],*

– деп жан бітірген. Қайрат Рысқұлбековті Семей түрмесінде қанды қол жендеттің қолымен асып өлтіргені, талай жазықсыз жандардың жапа шеккені, кенес өкіметі жандайшаптарының қазақ жастарын қынадай қырғаны бәрі де боямасыз шындық. Қазақ жастарының көз жасы Кеңес Үкіметінің де ғұмырын қиғандығымен түсіндірген ақын қазақты тәуелсіздік жолында шаһид болған ата-ба аруақтарының қолдағанымен түсіндіреді.

Тәуелсіз елдің тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы болғанын, оның қазақ елін әлемге таныту мақсатында түркі халықтарының Құрылтайын шақырғанын, сыртта жүрген қандастарымызды бауырнымызға басып, олар-

ды елге қоныстандыра бастағанымыз, Біріккен Ұлттар Ұйымында Елбасының сөз алуы, қазақтың өз тенгесінің (валютасының) шығуы, Есік қаласынан «Алтын адамның» табылуы, Бозок қаласының табылуы, хандар мен батырлардың, билер мен төрелердің тарихтан әділ бағасын алуы, Сарыарқаның төрінен Астанадай Ақ орданың қоныс тебуі, Қазақстанның астанасы Астана қаласына көшірілуі, Отанның жүргегі мен тәуелсіздіктің тірегіндей болған Бәйтерек, Достық Ассемблеясы – осының бері де тәуелсіздіктің жетістігі ретінде танылған. Поэмалың негізгі лейтмотиві жер асты, жер үсті байлығын тиімді пайдаланып, «Бар айтарым сендерге, Қазақ жерін сат-пандар» дегенге саяды. Қазақ тілі мен жерінің, діні мен ділінің көркейуін мақсат еткен ақын қазақ халқы женісінің көбірек болуын тілейді.

Проза.

Бұл оқиға жөніндегі прозалық шығармалардың қата-рында Т.Сәукетаевтың «Қылыштағдыр» («Ай қаранғысы» 1998), «Желқайық» (2011), Н.Куантайұлының «Караөзек» (2002), Ә.Ыбырайымұлының «Ұяластар», Ө.Тоқтаровтың және Б.Тілегеновтің «1986 жыл» атты романдары мен Мир Шайырдың (акын Мырзағали Інірбаевтың) «О, Да-нышпан дүние» атты трилогиясын, Н.Ораздың «Тазқара», Ө.Ахметтің «Желтоқсан ызғары» хикаяттарын, А.Алтай-дың «Сібір офицері», «Прописка» әңгімелерін, т.б. іріл-ұсақты шығармаларды атауға болады.

Үстіміздегі жылы аты шулы Желтоқсан оқиғасына 30 жыл толғалы отыр. Осы аралықта біздін қаламгерлер де қарап қалған жоқ. Журналистер жекелеген желтоқсан-шылар, жекелеген оқиғалар туралы мақалалалар жаса, ақын-жазушылар күрескерлердің көркем бейнесін жасауда. Осы қатарды толықтыратын эпикалық шығарманың бірі – Т.Сәукетаевтың «Айқаранғысы» романы.

Қазақ әдебиетіндегі негізгі жанрлардың барлығында да бұл оқиға түгелдей қамтылды. Қаламгерлер шағын жанрдан бастап, кең құлашты эпикалық шығармаларға дейін

арқау еткен Желтоқсан шындығы Т.Сәукетаевтың «Ай-қараңғысы» (1991-1993, 1995-1996, 2011) Н.Қуантайұлының «Қараөзек» (2002) романдарына да негіз болды. Бұл романдардың екеуі де тарихи оқиғаны арқау еткендіктен қазақ прозасындағы тарихи шығармалар қатарын толықтыратын туынды деп айтуға болады. Себебі, екеуінің де бас кейіпкерінің прототипі – Қайрат Рысқұлбеков. Екі романға негіз болған оқиғалар бір адам өмірінен алынғандықтан аталған романдарда оқиға қайталаулары кездеседі. Оны бас кейіпкердің басына тағылған айып, сұрапқ-жауапқа тартылу, жасамағанын күштеп мойындану, тарқапастағы адам аузы бармайтын қорлау, ату жазасына кесілу, соттың соңғы шешімін хабарлағанда еніреп жыламай, керісінше қайраттанып, көзінен от шашып өршіл рухты өлең окуы – барлығы да екі шығармада да бар. Мұның өзі жазушылардың көркем шындықтан гөрі тарихи шындыққа баса көніл аударғанын байқатады.

Бір адам басынан өткен негізгі оқиғаны орталыққа ала отырып, желтоқсан шындығын көркем бейнелеуде Т.Сәукетаевтың біраз ізденгенін роман мәтініне талдау жасау арқылы көрсетуге болады. Оқиға жарты Алматы тау басына шығатын жексенбі күні Сәбира мен Әзиз-Сұлтанның иықтарына шаңғы асып Шымбұлақтың қия беткейінде жүргенінен басталады. Сүйіскен екі ғашықтың бақытқа толы осы сәттерін аяқ-астынан аспанды қара түнек қаптауы мен жарқылдаған найзағай оты бұзып жібереді. 1986 жылы желтоқсан айында найзағайдың ойнауы қазақ әдебиетінде А.Егеубаевтың «Желтоқсан» поэмасына да арқау болған. Қазақта қыс ауасында найзағайдың ойнауын жаман ырымға жориды. Ондай кезде апаларымыз, – бала-шағамнан, халықтан аулақ, патшаның қара басына көрінсін, – деп жататын. Патшаның деп айтатыны баяғы ақ патша ма, әлде кейінгі патшалар ма ол жағын жете білмейміз, әйтеуір, жағаларын ұстап, тіфә-тіфә деп шошынып жататынын көргенбіз. Бұл жолғы найзағайдың бейmezgіl ойнауы патшаның басына

(М.С.Горбачев) емес, қазақ жастарының қанына көрінген еді.

Шығармада түсті көркемдік құрал ретінде пайдалану – әдебиетте қалыптасқан тәсіл. Жазушы түсті алдағы оқиғадан хабар беріп, болашақты болжау үшін пайдаланған. Оқиға басындағы Әзиз-Сұлтанның түсіне әкесінің ұсынысыз түрмен енуі, қызылشاқа баланы Сәбираның қолына ұстата салуы – алдағы болар оқиғадан хабар беріп тұр. Әкесінің бұл түрі оның хал үстінде ауырып жатқанын байқатса, қазақ халқы түске енген қызылشاқа баланы ауыртпалыққа, қыншылыққа жориды. Оқырман осы түстен Сәбираның алдында кесе көлденен қыншылықтың болатындығын айтпай-ақ іші сезеді.

Автор Желтоқсан оқиғасын ауыл, қала тіршілігімен бірліктे өрбітіп отырған. Кеңестік дәуір тұсындағы ауыл тынысын Әзиз-Сұлтанның елге келген кездегі сол отбасының тыныс-тіршілігіне сыйғыза суреттеуге ұмтылған. Өмір бойы қой соңында жүріп, «өкімет өлтірмейді» деп тіршілік еткен қойшының жасы ұлғайған шақты сырқаттануымен орынды ұштастырған. Ат үстінде жүргенде аудан мен облыстың бетке ұстарлары мен сырттан келген комиссиясының барлығына қолынан дәм татырып, елдің алғысын алып жүрген озат қойшының белі шойырылған кезде ескі тұлып құрлы керексіз болып қалуы – абы болса да өмір шындығы. Ол кезде қазына ортақ болды да, ешкім жекеменшік дүние жиоды ойлаған жоқ. Мал басы бір отбасыға қашадан болу керектігін есептеп отыратын Коммунистік партия халықты жаппай кедейшілікте ұстады. Мұның өзі бірде аш, бірде тоқ халықты өз дегеніне көндірудің басты шарттарының бірі болатын. Әзиз-Сұлтанның екі інісі мектептің шалғайлығынан мектепке бірде барып, бірде бармай жатады. Мұның өзі адам өмірінің ешкімге қажет еместігін байқатса, олардың жасына жетпей ересек адамдарша ірі сөйлеп, есейіп кетуі –заманның ауырлығынан, жоқшылық пен тапшылықтан хабар берер эпизод.

Қазақтың дүшпаны ұзақтан келмейтіндігі, қашан да жауды сырттан емес, іштен іздеу керектігі романдағы Айтуаров бейнесімен суреттелген. Оны автор: «Айтуаров білім-парасаты, қарым-қабілетімен мойыны озып, ешқашан жарқырап көрінген емес. Бұл жағынан қоныртебел. Тек пысықтыққа келгенде алдына жан салмайтын. Жақсы атағы шығатын, көрініп қалатын жерді құр жібермейді. Ондайда ештеңеден қымсынбайды, ұят-намысты белден басып жүре береді», – деп сипаттайды [12, 48]. Жоғары жаққа жағынып, «ұзын шалдың» 40% қазагы бар елдің басшыларының көпшілігін қазақтардан сайлап жүргенін, астанада қазак жастарының көптеп білім ала бастағанын, завод, фабрика жұмыстарына қазақтардың тартыла бастағандығын, т.б. ұлшылдық әрекеттерін жіпке тізіп, оны кешегі Алаш орда партиясының сарқыншағы етіп көрсетуге тырысқан Айтуаров XX ғасыр басындағы қазақтың біртуарларын жіпке көгендеп тізіп берген сатқындардың сарқыншағы еді. Оның: «... Қонаев бюджеттің қаржысын онды-солды шашып, мектеп, балабақша салудың орнына, Алматыда қымбатқа түсетін салтанатты ғимараттар, сәүлетті сарайлар, шығыс үлгісінде монша салғызумен әуестенді!...» [12, 52], – деген сықылды арыздың неше атасын жазып, Қонаевтың ұлтшылдық әрекеттерін әшкереудегі негізгі мақсаты – біріншілікті иелену болатын. Өзінен білім-парасаты, қабілет-қарымы, іскерлігі мен алғырлығы әлде қайда жоғары тұрган Ардабековтің де жолын кескестеп, өзінен басқаның бәрінің көзін жойған Айтуаровтың билік үшін бәріне дайын екендігі нақты әрекет үстінде толыға түскен.

Қонаевты Айтуаров сатса, Әзиз-Сұлтанды бір бөлмеде жатып, бір үзім қара наңды бөліп жеген Қосымхан сынды бөлмелесі ұстап береді. Алаңдағы оқиға туралы Қосымханның жазып берген өтірігі алғашқы айғақтардың бірі ретінде танылды. Қосымхан сынды қорқау қасқырлар қай дәүірде де өмір сүреді. Ондай екіжүзділер болмаса, Әзиз-Сұлтан сынды асылдардың бейнесі қалай көрінбек. Бұл

жағынан келгенде жазушы бір-біріне ниет-пигылы, мақсат-мұддесі қарама-қарсы кейіпкерлерді дұрыс таңдаған. Себебі олар әрбір оқиға тұсында бір-бірінің бейнесін то-лықтырып отырады. Осы тұста романға жетпей жатқан Сәбираға қарама-қарсы бір қайсар, қайтпас қыздың кемдігі.

Кейіпкер жаңына үніле білген жазушы психологиязмді терен игергенін байқатады. Оны қуаныш пен қайғы, шаттық пен қасірет сынды бір-біріне қарама-қарсы сезімдерді басынан өткізген кейіпкерлерлер өміріне қатысты оқиғалардан байқауға болады. Роман басындағы «Қойны-қоныштары толған қар. Мынау жалпақ әлемді жалғыз екеуі жайланаңдай, еркелей асыр сап, сакылдай күліп мәз-мәйрам» болып жүретін Әзиз-Сұлтан мен Сәбираның кейінгі күндері адам шошырлық еді. Осындай мысалды Д.А.Қонаевқа қатысты да келтіруге болады. «Ал Қазақстаннан ұлтшылдық іздеу – жоқ жерден проблема жасау деген сөз. Сіз, Михаил Сергеевич, бүкіл совет халқының лидері, көсемісіз. Бәріне ортақсыз. Ал Сіздің алабөтен орыс халқының мұддесіне аландайтыныңызға қайранмын. Сіз менен бірінші кезекте Қазақстандағы әлеуметтік ахуал туралы сұрауының керек еді. Мен сонда сізге қазақстандықтардың үлкен бір бөлігі қырық жылдан бері ядролық сынаптан зардап шегіп жатқаны, тың игеру, алып құрылыштар салу салдарынан шетке ығысқан отыздан астам қазақ аудандарының сұзы тапшы, өмір сүргө өтеп қолайсыз шөлейт аймақтарға орналасқаны туралы айтар едім...», – деп, бас имей шалқайып шығатын оны бірінші хатшы сол күні-ақ қырына алып еді: «Бүгін мына ұзын шалдың иілмей, еңсесін тік ұстап кеткені арқасына аяздай батып отыр. Ен болмаса күмілжіп сәл аяқ тартса екен-ау Сіз, біз деп отырып-ақ дымын құртты» [12, 105]. Он бес республикадан құралған Кеңестер одағының бірінші хатшысына бас имейтін өркөкірек хатшыны орнынан түсіріп тастаған кездегі мына күйі оған қарама-қарсы суреттелген: «... Президиумдағылар орнын тұрып, шығуға ыңғайланғаны сол-ақ екен, залдағылар жапырыла лықсып жаңа басшы-

ның жолын кескестеді. Қаумалай қоршап жіберер емес. Жарыса қол созып қауқылдасып жатыр. Бұл президумның екінші шетінде состивып жалғыз тұр. Жан адам жуитын емес. Лезде ешкімге керегі болмай қалды. Бәрі жапырлап жана қожайынды шыркөбелек айналды. Зор денесі еңкіш тартып, көnlіне бір түрлі жалғыздық енгендей мүжіліп тұр. Бір жағынан өзіне жаза сияқты сезінді. «Шок-шок, өзіңе де сол керек, қасына кімдерді жинағаныңа енді көзің жетті ме!» деді көкірек түбінен бір табалаған дауыс. Құлқілі көрініске жиіркене қарап сәл тұрды да екінші қапталдағы есікпен дәлізге шықты» [12, 113]. Иә, кеше ғана «Димеке!», «Димаш аға!» деп жүгіріп жүргенниң бірі де қасына жуымағанын көргенде Жұмабек Тәшенов сында төрт-бес жігітті қасына жинамағанын «Қонаев жоғарыға қызмет қылды, Тәшенов төменге қызмет қылды» деген халықтың сөзімен нағымды бейнелеген. Жұмабек Тәшенов жөнінде кезінде академик С.Қирабаевтың: «Ұлттық нағызы құшті, қаны бар азаматтардың кеңес басшылығына ұнамағаны бүгін елдің көбіне мәлім және олар жөнінде айтылып та, жазылып та жүр. Ұлтжанды азаматтар отаршылдық режимнің орыс емес ұлттарды тежеп ұстап, ұлт саясатын бұрмалауына көнбеді, оған ашық қарсылығымен көзге түсті. Ертеректе, кеңес өкіметінің алғашкы жылдарында Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Кожанов сияқты қайраткерлер Голощекин құғындауына ұшырап елден безіп кетті, сыртта жүріп белгісіз жағдайда қайтыс болды. Кейін біз көрген тұста осындағы құғынға түскен ұлкен азаматтың бірі Жұмабек Тәшенев еді», – деп жазғаны белгілі (Халық ұлы. Кіт.: Өмір тағылымдары).

Он жеті минутқа созылған Пленумның шешімі Қазақстанның ойран ботқасын шығарды. Қонаевтың орнынан үміткер болып жүрген Айтуаровтың Пленум шешіміне наразылық білдірмек ниетпен біреудің қолымен от көсемек болған пиғылы насырға шауып, КГБ бастығы Миронин екеуі өздері тұтатқан отты сөндіре алмай әлекке түседі.

Горбачевтің қашаннан бері сынайтын жер таппай жур-
ген «Метель» операциясын сынау үшін жастардың бейбіт
шеруін бейбіт шешуге тырыспағандығы Қонаевты алан-
ға жібермегендігімен түсіндірлген. Қазақтың шенеунік-
тері керек етпей теріс айналған тұста, Қонаевтың аланға
шығуын талап еткен жастардың алдына шығып сөйлемек
болғанында, оны КГБ адамдары күшпен тоқтатқанын жа-
зушы дұрыс келтірген. Кешегі бірінші басшыға бір күн-
де катардағы әскердің қоқан локкы көрсетуі оны жүрек
талмасына дейін алып баруы жазушының әрбір детальды
тиімді пайдаланудағы стильтік ерекшелігін байқатады.
М.С.Горбачевтің алдынан басын имей шалқайып шы-
ғатын Д.А.Қонавтың Колбиннің кабинетіне кіре алмай
есіктің алдына сарылып отырған кездегі көніл күйлері
адам баласы бойындағы әртүрлі сезім күйлерін бейнелеу-
дегі жазушы шеберлігін толықтыруға қызмет етеді.

Күні бүгінге дейін саясаттанушылар мен тарихшылар
әйгілі Желтоқсанның ресми бағасын бере алмай жүр.
Оның тәуелсіздік үшін құрестің соңғысы және нәтижелісі
екенін айтуға ауыздары бармайды. Бұл – жетпіс жылға
жуық қеңестік империяның қол астында отарлаудың бар-
лық түрін басынан өткізіп, титықтаған жалпы қазақтың
бас көтеруі еді. Оны алаңға шыққан жастардың мына сөз-
дерінен көруге болады: «...Ал біз ше? Миллиардтап астық
береміз, миллиондан ет-сүт өткіземіз. Елу миллион қой
өсірсек те көтенішегі аузымызға тимейді. Сонда да жақ-
сы деп айтқан кім бар бізді? Қайда барсақ та шетқақпай
көреміз!

– Рас айтасың! – Тәпелтек, қысық көз жігіт тесі қай-
қайып алға ұмсына түсті. – Өз ел, өз жеріміз деп гүжіл-
дейміз. Бізде ел де, жер де жоқ. Өгейміз. Өгей болмасан,
бір мекемеге барып бір жапырақ қағазды қазақша толтыра
аласың ба? Жиналыста бір ауыз қазақша айта аласың ба?
Жүз қазақтың ішінде бір орыс отырсын ше, қазақша сөй-
лей бастасан: «шо ты балтаеш на своем? Говори на понят-
ном языке!» деп зекиді. Өгей болмасан, осы тұрғандарың-

ның қайсынның пәтерің бар, қолдарыңды көтеріндерші?.. Міне, көрдіндер ме, бәріміз бала-шагамызбен жатақхана-ның жалғыз бөлмесінде тығылып, не көрінгеннің боса-ғасында қаңғып жүрміз. «Жетім бұрышқа» баршы, пәтер іздең жаутандағанның бәрі – қазақ. Бір орысты көрмейсін. Жалғызбасты шал-кемпіріне дейін екі-үш бөлме үйі бар. Еріккен соң ит ұстайды. Қазак сол ит күрлү да болмадық кой» [12, 62]. Өз қандасы Д.А.Қонаев ел басында отырғанда осындай мүшкіл халді басынан өткізген қазақ байғұс-тың Ресейдің бір түкпірінен, қазақ деген елдің барынан бейхабар, өзге ұлт өкілі келген кезде зәре-құты қалмағаны да шындық. Бұл күнімізге зар болармыз деген қорқыныш пен үрей олардың әрқайсысының көкірегінде жатыр еді.

Романның негізгі жетістіктерінің бірі – Желтоқсан оқи-ғасына әділ бағаның берілуі. Оны бас кейіпкер басынан өткен оқиғалар арқылы суреттеген. Алғашында үйінде, тө-сек тартып жатқан әкесінің қасында болып, Алматыдағы оқиғадан бейхабар болған Әзиз-Сұлтан жол-жөнекей өз-бек проводникпен сөйлесіп, өмірі сынға ұшырап жүретін Өзбекстан мен Қазақстан халқының тұрмыс-тіршілігін са-лыстырып біраз ойға батады. Отанға миллиард пүт астық тапсыратын, жер қойнауында Менделеев элементтерінің бәрі шығатын қазақ халқының Шерхан Мұртаза тілімен айтқанда «Алтын сандықтың үстінде жаланпүт отырға-нына» кайран қалған кейіпкердің алғашында Қонаевтың орынан түскендігіне қызыбаланбай, оны салқын қанды-лықпен қабылдауы орынды. Бірақ, өзі дүниеге келгеннен бері Қазақстанды басқарып, Л.И.Брежnevтің сеніміне кір-ген басшының неге аяқ астынан керексіз болып қалған-дығы таң қалдырады. Ол кезде зейнетке шығатын басшы-ларды ел алдында қошеметтеп, бар сый-сияпатын жасап шығарып салатын. Міне, осындай ойлардың мазалауымен аланға шығып, бейбіт шеру жасамақ болған жастар шын мәнісінде Қонаевты қөргісі келді. Егер оны жастардың алдына шығарғанда ол қан төгілмейтін де еді. Осындай

саударға жауап іздеген жазушы сол қанды оқиғаның негізгі себептерін ашуға тырысқан.

Коммунистическая (қазіргі Абылай хан) көшесімен жоғары көтеріліп келе жатқан демонстранттардың жазушылар Одағының алдына келгенде ұлтжанды Олжастан (сол кездегі Қазақ КСР Жазушылар одағының бірінші хатшысы) демеу күтіп, сол жерде біраз саябыrlағаны сол күндердің шындығы болса, жастары медет тұтқан ақын ағасын КГБ жендеттері қарауылдан үйіне қамап ұстағаны О.Сүлейменовтің азаматтық бейнесін толықтыруға қызмет етеді. Семей полигонын жабуға мұрындық болған ақын Олжас еркіне салса жастармен бірге болмак болып аланға үмтүлғанда, оған тап берген жендеттердің ақынды тырп еткізбей, тіпті ешкіммен хабарластырмай телефон сымын үзіп тастауы да романның шынайылық сипатына қызмет етеді. Сол күндері қалаға келетін – темір, тас, әуе жолдарының барлығы дерлік қатаң құзетке алынып, байланыс жүйесінің үзілгендігі де рас. Жазушы оны Сүлейменов пен Қонаев үйінің телефон сымының үзілуймен, Әзиз-Сұлтан келе жатқан поезд составына казактарды отырғызыбау мен вагондарды тінтіп қазактарды түсіріп тастау эпизодтарымен суреттеген.

Романда көркемдік қиялдан ғері деректілік, тарихи сипат басым. Оны шығармадағы негізгі оқиғалар туралы кезінде әртүрлі мақалалардың газет-журнал беттерінде жарилғандығы растайды. Бір түнде Алматыны дурліктіретін Мирониннің жансыздары, Сәбира басынан өткен Цирктің желке тұсындағы шағын гүлзардағы қасіретті оқиға, аланға барған жастарды ұрып-соғу, қыстың көзі қырауда өрт сөндіргіш машинамен аландағы демонстранттарға су шашу, аланда әлсіреп, қансырап жатқандарды жиып алып қала сыртына апарып төгу, тар қапастағыларды тұздалған балықпен қактау, т.б. оқиғалардың барлығы да желтоқсаншылардың өздері қуә болып, газет бетінде жарияланған, Т.Айтбайұлы құрастырған З томдық «Желтоқсан» атты жинаққа және Қ.М.Табиев пен тарих-

шы Б.Төлөпбергеннің бірнеше енбектеріне енген мақалалардан, нақты деректерден алғынған. М.Шахановтың жарқұлағы жастыққа тимей айтып жүрген «Метель» операциясының қалай жүзеге асқандығын тәптіштей отырып түсіндірген жазушының тарихи шындықтан ұзап кетпеуге тырысқандығы әрбір оқиғаға қатысты детальдардан байқалады. Оны КСРО ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Елисевтің Алматыға шұғыл ұшып келуі, Новосибирск, Челябинск, Свердловск, Фрунзе, Тбилиси, Ташкент, Уфа қалаларынан әскер күштері тартылуы, қала дағы жасақшылардың арматуралармен қамтамасыз етілуі, түрмеде ауыр жазамен отырған қылмыскерлерді уақытша босатып, қолдарына соыыл беріп алаңға жіберуі, бейбіт шерудің саяси мәнін бұрмалау мақсатымен аландагыларға арақ пен наша таратуы, Айтуаров пен Миронин жансыздарының демонстранттарды арандатуы, т.б. деректерден байқауға негіз бар. Әрбір детальды белгілі мақсатпен ойната қолданған автор негізгі көзделген мақсатына жеткен. Романда КСРО ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Елисев есімі Денисов етіп өзгертулгенімен оқырман оны жазбай таниды. Сол секілді бас кейіпкерлердің аттарын қанша жасырғанмен, олардың прототиптерін жазбай тануға негіз бар.

Мирониннің «Қазактар балабақшаға басып кіріп орыстың балаларын бауыздап кетіпті», «Кіші станица жақта бір топ қазақ жігіті орыстың қыздарын зорлап, айуандықпен өлтіріпті...» деген лақаптарды таратуы шиеленісті одан ары ушықтырып жібереді. Жазушы бұл оқиғаның ұлтаралық қақтығыс емес екендігін түсіндіру мақсатында орыс ұлтының өкілі Костя Новиковқа қатысты оқиғаны пайдаланған. Ол тың игеру кезінде келген тың игерушілердің баласы. Экесі қайтыс болып, шешесі араққа салынып кеткенде қарындасты Ангелина екеуін қолдарынан жетелеп өсірген Сапарбай аға мен Күмісжан тәтенің жақсылығын қалай ұмытсын. Бұл олардың баласы Қайратпен, қарындасты Ангелина мен Жұмагүл жасты болғандықтан

мектепте де бірге оқыды. Әскерге кеткенше қазақ көршілерінің қамқорлығында болған Костя қазақ деген даркан халықты сол үшін де сыйлайды. Ангелина мен Жұмагул сынды қарындастары болғандықтан да Сәбираға жасалған зорлық пен зұлымдыққа ортақтаспайды. Орыс ұлтының атынан жасалып жатқан сүркія әрекеттерге төзे алмаған ол екі күннің ішінде қасындағылардың жасаған есепсіз қылмыстарын беттеріне басқаны үшін соққыға жығылады. Аракқа тойып алған өз қандастары тепкілеп өлтіріп, оны қай жерде қазақтардың қалай тепкілеп өлтірғеніне дейін келісіп алады да жаланы қазақ жастарына аударады. Шығармада аландағы операторды да, Костяны да өздері тепкілеп өлтіріп, солардың қанын Әзиз-Сұлтан сынды бейқұнә жастарға арқалатудың қалай жүзеге асқаны нағымды бейнеленген. Міне, Желтоқсан шындығының толық ашылмайтындығы да осыдан. Жастардың қанын арқалаған жауыздарды әшкерелеу үшін ұрпақ ауысу керек, сондықтан жабулы қазанның жабулы жатқанына ширек ғасыр болды.

Осындай шындықтың бірі Жұбан Молдагалиевка қастьсты оқиға. Бірінші хатшының Жазушылар одағына келген кезде Жұбан айтқан «Мен ұл-қыздарымыздың Аланда итке таланып шыңғырған дауысын естігенде Отан соғысының от-жалынынан аман келгеніме өкіндім. Ұрпағымызды өстіп қорлату үшін соғысып па едік!..» деген жалынды сөзі Желтоқсан туралы барлық шығармаларда тілге тиек болған. Қеңестік дәүірдің тұсында қазағым, халқым деп жар салған ақын бұл қорлыққа шыдамай көп ұзамай дүниеден озғаны белгілі.

Шығармада шындықтың шенберінен асып барып, кейіпкердің рухани ахуалымен таныстырудың бір амалы ретінде реалды мекеншакта жоқ тарихи тұлғалармен сұхбаттарды сынамалап енгізу де кездеседі. Мұндай көркемдік тәсіл қазақ әдебиетіндеге бұған дейін де қалыптасқан болатын. Қ.Аманжоловтың әлем ақындарымен сұхбатасуын Н.Айтұлы «Мұқағали – Желтоқсан» поэмасында

пайдаланғаны мәлім. Бұл дәстүрдің жалғасын Ш.Мұртазының «Тамұқ» романындағы Тұрарға экесі Рысқұлдың келіп алып кететін эпизодынан да білеміз. Т.Сәукетаев қазак әдебиетінде қалыптасқан осы дәстүрге өз тарапынан сынамалап жаңалық енгізген. Оны Алматы қаласында осыдан елу жыл бұрын Сәкен Сейфуллин жатқан НКВД түрмесіндегі №13 камерадағы оқиғага негіздеген. Жазушының мақсаты айтылып, ақын туралы жазылып жүрген әңгімелерді кейіпкердің рухы арқылы оның аузына салып ақ-қарасын ашу. Бұған Сәкен Сейфуллиннің Әзиз-Сұлтанға айтқан сөздері мысал бола алады. Тар қапастағы НКВД жандайшаптарының зорлығына шыдай алмаған Сәкен өмірінің сонында есінен ауысып қалыпты деген қауесетті сейілтпек болған жазушы оны ақынның өз аузына салған. Сұлу Сәкеннің танымастай болып өзгерген, адам шошырлық түрінен шошып шегіншектеген Әзиз-Сұлтан:

«– Сізді бұлай көрмей-ақ қойғаным жақсы еді!
– Бұл – менің бетім емес, заманның беті, жауыздықтың жазуы, бақиға алып кеткен еншім.

– Сіз түрмедегі қинауға шыдай алмай, ақырғы сәтте жынданып кетті деген сөз бар. Сол рас па? – деді Әзиз-Сұлтан ел аузында жүрген лақапты есіне алып.

– Есім ауысып кетсе, жақсы болар еді ғой, ештенені ойламайтын, ештенені білмейтін... – Аруақ басын төмен салып, мұңайып аз-кем үнсіз қалды. – Бекер. Гүлбаһрам бейшараның тусінбей айтқан сөзінен елге тарап кеткен өсек қой. Гүлбаһрам соңғы рет жолығуға келгенде есімдерін әйелдің аттарына айналдырып, дос-жарандардың хабарын сұрадым. Құлағы едірейіп көк желкеде тұрған күзетшіге білдірмей әдейі жұмбактап отырғанымды ол түсінбеді. «Қайдағы қатындарды айтқанша, өз баланың жағдайын неге сұрамайсын?» деді ашуланып. «Несін сұраймын, ол өліп қалған жоқ па!» дедім. Қайдағы өлген, не сандырақтап тұрсын? Ойбай, мынау жынданып кетіпти!» деп сол жерде бақырып, түрмені басына көтерді. Жалғыз ұлым Аянның

бұғ дүниелік емес екенін түсімде көріп, күдерімді үзгенмін. Көп етпей түсім айна-қатесіз келді» [12, 422], – дейді.

Жазушы революцияның қызыл сұнқары атанған Сәкенді ақтау үшін емес, оның рухы жас революционердің көрген азабына көрде тыныш жата алмай, оған басалқа айтуға келгенин ұқтырады. Алаш арыстарымен келісе алмағанына, елі аштықтан қырылып жатқанда «Советстан, біздің Стан, Совстан, Экспресс, талма екпінді шабыстан... Тарт-тат-тат, жасасын, жасасын!» деп жырлаганына кеш өкінген Сәкен ақын Әзиз-Сұлтанның өлсе де арманы жоқ екеніне, оның өлімі ақ өлім болатындығына сендіріп оған күш-қайрат, жігер береді.

Осындай мысалдың бірі Мұхаммед-Шәріптің (Әзиз-Сұлтанның әкесі) түсіне Шегір атасы кіріп, шойырылған белін үқалап кеткен соң, ол аурудан құлан-таза айырып аяғынан тік тұрады. Қазақ халқында сан ғасырдан бері қалыптасқан, ислам дінінде жоқ нағым-сенімдер бар. Атабаба аруағына сыйынатын қазактар әулиелердің басына түнеп тілек тілейтін болған. Және сол әулиелердің аруағы қолдап, тілегі қабыл болып жатады. Мұндай оқиғалар өмірде күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Кезінде мешіт салдырып, Аллаға құлшылық жасаған Шегір атасының да әулие кісі болғанын Мұхаммед-Шәріп былай еске алады: «– Қорықпа, бәйбіше! – Орнықты дауыс қолын созып, күдіктің шырмауынан суырып алды. – Жаңа қасыма Шегір атам келді. Ол кісі әулие болған фой жарықтық. Көкбастаудағы зиратына бала кезімде ауру-ғаріп, құрсақ көтермеген әйелдер шырақ жағып түнеп жататын. Кейін Хрушевтің тұсында жаппай жүгері егу науқаны басталғанда Көкбастауды да жыртып, шаңын аспанға шығарды емес пе. Арақ ішіп ап, зиратты таптап өткен екі троктаристің бірі жынданып суға кетіп өлді, екіншісі тіл-аузынан айрылып, мүгедек боп қалды. Қазір де сүйек жатқан жердің үстінен келгенде трактор өзінен өзі сөніп, тоқтап қалады екен» [12, 508]. Осы мысалға қарап отырып, екі дүние арасындағы тылсым күшті аңғаруға болады. Тәннен ұшып кет-

кен жан өзінің ұрпақтарын желеп-жебеп, олардың басына қыыншылық түсінде төнірегінен кетпей, шыр айналып жүреді деп жатады. Автор ғылым дәлелдей алмаған, бірақ адам санасына сінген, осындай табиғаттың адам күшінен тыс жасалып жататын құдіретін нағымды бейнелеген.

Кеңестік дәуір тұсында ата-баба зиратының қыратылып, мұрделердегі сүйектердің қорланғаны белгілі. Әзиз-Сұltтан тергеуге алына бастағанда коммунистер оны жеті атасына дейін тексеріп, Шегір атасының діншілдігі мен ұлтшылдығын бетке ұстап, ұлтшылдықтың қайдан келгендігін дәлелдеп әлек болғанын да жазушы жадында ұстап отырған. Тергеу тұсында Әзиз-Сұltтанның өзі ғана емес, оның отбасына да қысым жасалғаны белгілі. Осы оқиғаларды автор анасының совхоз басшыларынан бір шана шөп сұрап келген эпизодымен бейнелеген. Сол тұста істі болған жастандардың бәрінің де шыққан тегі тексеріліп, олардың бойынан ұлтшылдықты іздеген коммунистер, ата-тегіне қарап, қылмысты бойына ілгени тарихи шындық.

Жазушы роман мен тараулардың атын қоюда шеберлік танытқан. Шығармадағы қаралы оқиғалардың барлығы айқараптысында болған деп түсінген жазушы алдағы уақытта қазақ халқының айы тек онынан тууын тілейді. Әрбір тараудың аты сол тараудағы оқиғаның мазмұнын толықтыра түседі. Мысал үшін «Қанатсыз самғауда» дарынсыз Айтуаровтың қалай биікке көтерілгеніне, біріншіліктен дәмесі бар екендігіне қанықсақ, «Балқаннан-Балқонға» тарауында Д.Қонаев пен О.Сүлейменовтің балконнан түсे алмай, торға қамалған құстай шарқ ұрған күйіне кезігеміз. «Тәтті азап» тарауынан Шынарбай Әшетовичтің шырмауына түсken Сәбираның болашағы жарқын болатынын түсінсек, «Ботасын жоқтап боздаған» тарауына Мұхаммед-Шәріп пен Нұрғайшаның баласын жоқтап боздауы негіз болған.

Мұхаммед-Шәріп ақсақалдың: « – Жарадың, құлыным! Атанаң күшін, ананаң сүтін ақтады деген осы. Біз естуге тиісті, бізден ілгерінді-кейінгі ұрпақ атқаруға тиісті ұлы

ерлікті сен жасадың. Біз еңсе көтере алмадық, серіппеміз басылып, іштей булықтық; қарсылығымызды қанжардай жұтып, қорлық пен тепкіге үнсіз көндіктік. Ал, сен құлныным, тәнірдің таңдауына іліктің. Ерекше нұры туспіп, аруақ конда... Соранды ағызбай, тоқтат енді бәйбіше! Қазақтың қай баласының қолынан мұнданай ерлік келіп еді. Осындағы ұл тапқанына мактанбайсың ба!» [12, 509-510], – деп кемпірін жұбатқанмен іші қан жылап тұрғаны белгілі. Ана байғұс тар құрсағын кеңіткен, тас емшегін жібіткен баласын ауыл тұсынан қай күні алғып кететінін білмесе де, жүргегі құрғыр сезіп, сол күні станция бойында торуылдап жүріп баласының даусын естіп қалғаны адам айтып жеткізе алмайтын, ана мен бала арасындағы шексіз маҳаббаттың көрінісі емес пе? Автор ана маҳаббатын Нұрғайша ана бейнесімен нағымды бейнелегенін баса айтқан жөн.

Тарихи оқиға арқылы замандас бейнесін сомдаған романның осындағы жетістерімен бірге атап өтетін кемшіліктері де бар:

Біріншіден, «Адамға табын, жер енді!» (1961) О.Сүлейменовтің поэмасы екені белгілі. Ал оның басқа бір жазушысымақтың шығармасы етіп көрсетілуі оқырманды шатастырады. Қалай дегенмен мұнда бүтінгі замандастарымыздың көркем бейнесі жасалғаны белгілі. Оқырманды шатастырудың қандай қажеттілікten туғаны негайбыл. Автор мүмкін өзін ешкім танымайтын, бірақ бар атақты алғып алған кейбір жазушысымақтарды емеурін арқылы көрсеткісі келген болар.

Екіншіден, кез келген заттың екі жағы болатыны ес-көрілмеген. Кеңестік дәуірді сыйыра даттау басым. Кеңес заманының сүркія ұсқынсыздығы барлық оқиға тұсында ашылып жатқаны аздай, Сәбираны өзімен он жыл бір сыйынта оқып, туғанындағы болып кеткен кластастарының басынуына жол болсын. Ол заманың жастары (біз де сол дәуірдің үрпағымыз) қазіргі жастар сықылды ерте туып, ерте есейген емес. Бірге жүрген құрбыларына әйел, ерекк

деген көзқараспен қарау ол кезде болмаған нәрсе. Себебі, көгілдір экрандарда тек қана тәрбиелік мәні бар дүниеслер ғана көрсетілетін. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғой балабақшадағы балаға дейін телевизордан сүйісуді, т.б. сұркияларды көріп-біліп жүргені. Осы тұрғыдан алып қараганда қай дәуірдің де өз жетістігімен бірге кемшілігі болғанын жазушы ағамызың жадында ұстап отыру керек еді.

Ушіншіден, кең құлашты эпикалық романның әрбір кейіпкері типтік дәрежеге көтерілуі керек еді. Бас кейіпкер Әзиз-Сұлтанның көркем бейнесі типтік дәрежеге көтерілген, ал оның сүйгені Сәбираның не хат жазуға, не іздел баруға жарамай, тек екі көзіне ерік берген дәрменсіздігі, әлсіздігі жауынгер қазақ халқының батыр қыздарының бейнесін көрсете алмайды. Роман басында ғашықтық отына шырмалып сүйіскен, бірі-біріне адальық танытып (оңаша түнде арасына пышақ қойып жатқан), қиналған сэтте сүйеу болған Әзиз-Сұлтанды басына іс түскенде Сәбираның іздел келмеуі ақылға сыймайды. Желтоқсаншылар кешегі алаш азаматтарының жалғасы болса, қыздар АЛЖИР-дегі аналарымыздың сарқыты емес пе еді? Бұл тарихи окиғаға негізделген шығарма болғандықтан мұндағы кейіпкерлердің барлығы да өмірден алынған таныс және бейтаныс кейіпкерлер. Осы тұрғыдан алғанда жігіттердің жанына жалау болып, оларды ерлікке бастаған қыздардың әлсіздік танытуы мен намыссыздығы шындыққа үйлеспейді. Құлак естіп, көз көрмеген қорлық пен зорлыққа тәзген Сәбираның өмір үшін күресе алмайтын дәрменсіздігі желтоқсаншы қыздарды намыссыз етіп көрсетеді. Жазушы желтоқсаншы қыздардың «Арым – жанымның садағасы» деп өскен арлы да ибалы, намысты да қайсар, жігерлі де төзімді бейнесін жасау керек еді. Олардың Желтоқсанның қырғынынан аман қалғанда бітіргені не? Міне, осы сауалға жауап іздеу жетіспейді. Осы жағынан келгенде жазушының әйел баласының жандуниесін аша алмағандығы байқалады. Бұл тұрғыда қазақ жазушыларының ішінде әйел жанын (психологиясын)

терен игерген қаламгерлер қатарында Б.Нұржекеұлы мен қырқыншы жылғы келіншектердің сом бейнесін жасаған Ш.Мұртаза есімдерін ерекше атауға болады.

Кез келген ата-ананың «Баламның табанына батқан шөнгे, мениң мандайымға кірсін» деп тілейтіні белгілі. Ал Сәбира әкесінің өзгеден жапа шегіп қорланған қызына қамкор болудың орнына теріс айналып, оны өлдіге санап, бар-жоғын да байқамағансып теріс айналуы шындыққа қаншалықты үйлесер екен. Шығарманы оқып отырып, «жер дауы» мен «жесір дауын» куалап, бір-бірімен ымыраға келмеген қазақтың қаршадай қыздарының көз жасын жоқтайтын намысты азаматтың XX ғасырдың соңғы, XXI ғасырдың алғашқы ширегінде болмағаны ма деген ойға батасын. Бұдан «Қарындастың қамы үшін, Қатын менен бала үшін» деп атқа қонаған Махамбеттің бүгінгі ұрпағы қайда? деген сауал туады.

Корыта айтқанда, бұл – 1986 жыл оқиғасының бар шындығын көркем бейнелеген шығарма. Негізгі оқиғаларға қатысқан басты кейіпкерлердің барлығының да аянышты тағдыры оқырманың бей-жай қалдыра алмайды. 1986 жылы алаңға барғандардың бұл шығарманы көзіне жас ала отырып оқытыны анық. Алаңға шықкан жастардың бұл әрекетін жазушының тәуелсіздік, бостандық, азаттық жолындағы күрес етіп көрсетуі орынды. Романның негізгі жетістігі – Желтоқсанға қатысты көп саулалың беті нақты деректермен, нақты кейіпкерлермен әшкереленуі. XX ғасырдың соңғы ширегінде өзінің бар екенін білдірген қазақ жастарының бұл ерлігі тек қана көркем шығармаға арқау емес, тарих бетіне алтын әріптермен жазыллатыны белгілі. Олай болса, шындықты бүркемелемей шынайы бейнелеңген шығарманың да ғұмыры ұзак болары даусыз.

Желтоқсан шындығының бір қырына Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романынан қанығамыз. Аталған шығармада жазушы 1986 жылғы қазақ жастары дүрбелеңін басып-жаншу кезінде нақақтан сотталған жас жігіттің өзгеше тағдырын кеңес түрмелері мен лагерьлерінде өткен

ауыр жылдарымен бейнелеген. Тоқсаныншы жылдардың басындағы рынок деп аталағын қоғамдағы жаңа, тосын тіршілік бүкіл елдің басынан өткен заманауи өзгерістермен сабактастырыла суреттелген. Тың дерек, бөлек тәсіл арқылы замана шындығын шынайы әрі әсерлі бейнелеу мақсатында автор ширыққан тартысты оқиғаларды ірік-теп алған.

Роман жас әдебиетшілердің 2001 жылы өткен республикалық кенесінде жогары бағага ие болды.

«Қапас тұн жарық күнмен, қоңырсалқын көленке шыбыған ыстықпен теңесе алмас» деген Құранның Фатыр сүресінің 20-21 аяттарын эпиграф ретінде алған жазушы жарық, бейбіт күн мен қапастағы өмірді салыстыра сөз еткен. Уш тараудан тұратын романның «Тар жерде» деп аталағын бірінші тарауы аты айтып тұрғандай, тар қапастағы оқиғаға негізделген. Құрмаштың хатымен басталған оқиға Хақанның не себепті тұрмеде отырғанын лирикалық шегініспен түсіндіреді. Құрмаштың өз түсін «Жақсыға жорыдым. Босанып шығады екенсің. Декабристер акталды деп жатыр фой. Сен де ораласың, Хақан.

Былтыр бізден шыққан әлгі депутат Мәскеуде, съезде сөйлепті фой, сендерді актау керек деп. Так что куаныш алда» деп жақсылыққа жоруы Хақанның алдынан жарық күннің туатынынан хабар берер штрих. Алайда, Мұхтар Шахановтың Мәскеуде съезде қазақ жастарын ресми актауды көтеруі 1988 жыл болатын. Ал, хат 1992 жылы 28 наурызда жазылып отыр. Жылы жағынан осынданай айырмашылықтар болғанмен, бұл хаттың негізінде шындық бар. Автор тарихи мәліметтерді көркем деталь ретінде пайдаланған.

«Ең ұстамды, жүйкесі темір кісінің өзі айлап, жылдан трюмде отырса, жынданып кететін шығар» деп ойлады тас еденде малдасын құрып отырып. «Адам баласы әлсіз. Азап пен қорлыққа шыдап жүре беретін жан жоқ. Ерте ме, кеш пе, морт етіп сынады. Иілмес, бірақ сыннып тынар». Міне, алты жыл болыпты тұрме мен лагерьдің

дәмін татқанына. Алты жыл. Ең асыл жылдары!.. Уыздай жас кезінде соттап жіберіп, қайран бал дәурен шақ зонада өтіп жатыр» [13, 12], – деген үзіндіден саяси қылмысқер ретінде танылған жастардың бірнеше жылдан кейін ғана ақталғандығы байқалады. Негізгі кейіпкердің осы күйге қалай душар болғандығынан хабар беру мақсатында жазушы оның өткен өмір белестерін өз аузына салады. Қасында жатқандардың Желтоқсан туралы тұртпектеп сұрай беретіні, оларға айта-айта жауыр болған оқиғаны және бір қайталауға бет бұрган Хақан сол бір қасіретті күнге ойша оралады. Сөйтіп оқиға лирикалық шегініс арқылы өрбиді.

Жүйкені тоздырган сұрак-жаяуп, бір сауалдың бірнеше түрленіп қойылуы, берген жауабының бірі де қабылданбай, өз дегенін істеген тергеушілердің құйтырқы әрекеті кенестік дәүірдегі ғана емес, жалпы заң қызметкерлерінің екіжүзділігін ашуға қызмет етеді. «Алтын көрсе періште жолдан таяр» дейді атам қазақ, адам тағдырын тәлекекке айналдырып тапқан наны қалай тамағынан өтеді еken, өнешіне қадалып қалмай деп таң қаласын. Құлқынның құлды болған сондай жанкештілерді «Мың асқанға бір тосқан» болмай, қара жер қалай көтеріп жур еken деп те ойлайсын.

«Таңғы ауаны жаңғырықтыра, абалай үрген иттер жұлдынып, жеп коярдай болып тұр. Автозак артқы есігін вагонға қарата тоқтаған. Жамбасынды «Макаров» пистолетінің қайыс қабы ілінген, еңгезердей капитан:

– Слезай по одному! Шаг влево, шаг вправо – считается попыткой побега, стреляем без предупреждения! – деп айғай салған.

Осы кезде ғана бұлар өздерінің ауыз да аша алмайтын шын тұтқын екенін сезінген. Солдаттар вагонға артыла алмай кідіріп қалған бұларды резенке таяғымен ұрып, темір тақалы етігімен теуіп, малша айдал бірақ кіргізді.

Бесін ауғанша күн астында қантарылып тұрған тұтқындардың вагоны зорға дегендегенде пойызға тіркелген» [13, 61], – деген үзінді Хақанның аса қауіпті саяси тұтқын ретінде

сотталғанын, оның алдағы өмірі бүгінгіден де жаман болатындығын байқататын сурет. Осылайша ана сүті аузынан кетпей жатып, он-солын танымай, саясат деген сайқал иттің не екенін білмей жатып аса қауіпті тұтқын ретінде танылған оның өмірі бір сәтте шыр айналып кете барады.

Алғашында Маңғышлақ, кейін Қостанай түрмесінде талай қыншылықты басынан өткізген оны бір түрмеден екінші түрмеге ауыстырудың астарында да ұлken саясат жатыр. Қазақстандағы «енбекпен түзеу» лагерьлерінің ең ауыры, ең жаманы Маңғышлақтағы зона болса, Хақанды сол жерге апарып ауыр енбекпен түралатып тастауды көздегендерін түк те шықпайды. «Сені, сумелек, итке тастап, сүйегінді шашып жіберсем де, ешкім қой дей алмайды. Ешкім заңсыз деп айта алмайды, үйткені сен, – сұқ саусағын кезеген, – сен құлсың. Тем более политический заключенный! Резать всех надо!», - деп, тепкінің астына алғанда бүйрекінен қатты зақым алған оны кіші дәретке отыра алмай қиналып жатқанда санчастьтағы Валяның жедел жәрдем жасамақ түгілі декабрист деп маңына да жолатпай қойғандығы, т.б. осы секілді оқиғалар саяси тұтқындардың тағдыры қай кезде де онай болмағандығын байқататын эпизод. Тіпті Ұлы Отан соғысы кезінде де тұтқындарға қарсы жақтың дәрігерлері жедел жәрдем көрсеткенін еске алатын болсақ, желтоқсандықтарға басқыншы неміс әскерлерінен де қауіпті жау ретінде қарғанын түсіндіруге болады. Тепкілеп өлтіре алмайтынын білген олар Хақанды жұмыстың қайдағы ауырына салып бағады. Содан кейін ауылда күрек ұстаган казақ баласын ауыр жұмыспен мұқалта алмайтындығын сезген ішкі істер қызметкерлері қазағынан гөрі өзге ұлты басым солтүстік өнірдегі Қостанай түрмесіне ауыстырады. Ондағы максат – жас декабристі көзін шел басқан жаналғыштардың арасына апарып жаңын жаһаннамнан келтіру. Жаңа жерге барып, оның басбұзарларына (пахандарына) үйренгенше талай қорлық көріп, итше таланып, күр сұлдері қалып, терісі сүйекке ілінген Хақан өмірі – тар қапастың қай жерде де

тозақ екендігінің көрінісі. Жазушы тор көздің арғы жағындағы түрме шындығын нанымды бейнелеу мақсатында кеңес түрмесінде отырған қылмыскерлердің өмір тіршілігінен толық мағлұмат беру үшін сол жақта қолданылатын жаргон сөздерді молынан пайдаланған. Белгілі бір топ арасында ғана қолданылатын волчок, кормушка, гайдамак, трюм, шконка, кум, кумовя, наследка, компромат, бродяга, отстойник, промзона, чифир, ходка, крадун, щипач, писак, СИЗО, ДПНСИ, коньды, карцер, конвой, стаканчик, семейка, малява, положенец, т.б., жаргон сөздерге анықтама беріп отырған. Жаргон сөздер бір ортада өмір сүретін топтардың өмірінен хабар беріп қана қоймай, олардың өзіндік ерекшелігін аша түседі. Бұл жерде жатқандардың қылмыстары да түрліше. Бірі жастайынан жетім қалып, алғашында құнқөріс үшін, кейін әдетке айналған қалта ұрысы болса (Колян), екіншісі жазықсыз жазаланған бейқұнә жандар (Мұқан). Жазушының олардың әрқайсысының қылмысы мен кесілген жазасына айрықша тоқталғандағы мақсаты – «әділ сот» деп ел сенген, халық мол үміт артқан кеңес сотының әділетсіздігін әшкерелеу. Жаламен құрдымға кету тек қана Хақанның басында еместігін, қасындағылардың әнгімелерінен байқауға негіз мол.

1986 жылы 17 желтоқсан күні Брежнев аланындағы жиналғандардың не талап етіп жатқанын, бейбіт шерудің неге ұзаққа созылып кеткенін білгісі келген жастардың ұстаздарының қадағалауынан қашып шығып, аланға жетпей қолға түсіп, куғын болуы сол күндердегі тарихи шындықтың бір көрінісі. Біреудің мұрының қанатпак түгілі, аланға жетпей ұсталған Хақан өмірін 86 жылы жазықсыздан жазықсыз сотталған, куғын көрген (жұмыстан босатылып, окудан шығарылған) мындаған жастардың типтік бейнесі ретінде тануға болады. Себебі, оның тағдыры Қайрат Рысқұлбековтің басынан өткен оқиғаға да ұқсас.

Алаңнан қашып шыққан қызды сапер күрегімен сұлатастып салып, шашынан сүйрей жөнелгенін көрген Хақан оған араша түсіп, прaporщикті иек тұстан салып қалға-

ны үшін алты жылға сотталып кететінін қайдан білсін. 16 желтоқсан күні бейбіт шеруге шыққан жастар келесі күні осылайша мұздай қарумен құрсанып, бес қаруын асынған әскерге жолығып еді. Жастарды аланға кіргізбей, осылайша топтап-топтап тоғытып, койشا иіріп, сапер курекпен сұлатып салып, машинаға лақтыра бергені де рас. Батыр бір оқтық дегендей, алпамсадай жігіттердің қарумен құрсанған, қатыгез әскерге қарсылық көрсете алмай, баудай қырылғаны да содан. Міне, осы шындықтың бәрін көзімен көрген Хақан сынды жандар болмаса, көпшілік үшін теле экраннан көріп журген көркем фильмнің белгілі сюжеттері секілді әсер ететіні жасырын емес. Алайда, қас пен көздің арасында өткен осы оқиға қаншама жастардың өміріне балта шапты. Олардың көпшілігі алаңда не болғанынан бейхабар еді. Жастарға үгіт-насихат жүргізілді, оларды бастап алып барған белгілі топ бар дегенге де сене беруге болмайды. Мүмкін белгілі топ жұмыс жасаған шығар. Бірақ олардың үгіті барлық жастардың құлағына жеткен жок. Керісінше, «Ит қорыған жерге өш» дегендей, «бармандар, болмайды, арты жаман болады» деген ұстаздарының үркітуінің артында қаншалықты шындық жатқанын білгісі келген жастардың көпшілігі аланға өз еріктерімен барғандығын автор Хақан бейнесі арқылы көрсетуге тырысқан: «Рас, ес жидырмады. Осының бәрі қас пен көздің арасында өтіп еді. Хақназарға тұс сияқты көрінген. Тіпті өз көзіне сенбей отыр еді: бір ауыз сөзге келмей, итше сабағанды кім көрген» [13, 21].

Милиция, ерт сөндірушілер, шекара әскерінің курсанттары, ішкі істер әскерінің бір жерге жиналып, жасақталғанын көрмеген жастардың кинодан ғана көретін мұндай оқиғаны өз көздерімен көру үшін қызықтап барғандары қаншама. Сондай қызығушылықпен барғандардың бірі – Хақан. Он сегіз жастағы балаң жігіттің қай бір саясаттан хабары бар дейсіз. Ал, оларды саяси тұтқын ретінде ұстап, бірнеше жылға соттап жіберу де басқа сыймайды. Хақанға болмаған жайтты айғақ етіп, бір емес екі күәгермен

істі дәлелдеп жүрген жәбірлеуші Звягинцев пен куәгер Рыжова екенін ескеретін болсақ, осындай арсыздардың бір Шыгаевқа емес, қаншама жастың мойнына жасамаған қылмысын қыып салғаны да белгілі. Осы романдағы Қақанның жалғыз ілікті аナンЫң құрсағынан шыққан жалғыз басты жігіт екенін ескеретін болсақ, алдын ала жоспарланған, тайдырмайтын айғақтарды ішкі істер қызметкерлері осындай іздеушісі жоқ жандарға жапқанын аңғаруға болады. Қолына рупорды ұстап, бір емес, екі-үш күн аланды шарлаған кейбір белсенділердің сottалмақ түгілі, бір тал шашы түспегенін, көп ұзамай-ак, желтосандықтар ресми акталмай жатып асығы алшысынан туып алшаңдап, тасы өрге домалап шыға келгенін ескертін болсақ, осы оқиғаның артында ашылмай жатқан қаншама шындықтың бар екенідігі күмән туғызбайды. Жазықсыз сottалған жүз төрт адам мен әртүрлі жауапкершілікке тартылған жеті жарым мың адамның ақтау қағазына осы күнге дейін қол қойылмағаны бүл сөзіміздің айқын дәлелі [14].

« – 1986 жылы 17, 18 желтоқсан кундері Отанымға борышымды өтеп, Алматыдағы Брежнев аланында өз қызметімді атқарып жүргем. Өздерініз білесіздер, сол күні экстремистік, террористік топтар белгілі бір мақсатқа жету үшін сол жерде қоғамдық тәртіпсіздікке жол берді ғой... Мен адап қызметімді көрсеттім ол кезде», - деп, Отанына адап қызмет ететін Звягинцев екі беті бүлк етпей жалған сөйлеп, жазықсыз жанға жала жауып, оның жас өміріне балта шапқанымен ісі де жоқ.

Көркем тәсілдің бірі – шығармада кейіпкер түсін орынды пайдалану. Жазушы түсті алдағы уақытта, болашақта болатын оқиғалардан алдын ала хабар беру мақсатында пайдаланған. Осындай көркемдік деталь қатарында шығарманың басындағы Құрмаштың түсі мен Хақанның түрмеден босар алдындағы түстерін атауға болады.

Ертеректе болған ертегі-аныздарды айтылар негізгі оқиғамен ұштастыра пайдаланып, оқырманға үлкен ой салу да көркем тәсілдің бірі. Осы түрғыда автор негізінен

Адам ата Хая ана мен Пайғамбарлар өміріне қатысты аныз-әнгімелерді молынан пайдаланғандығын баса айту керек. Оның да өзіндік бірнеше себептері бар. Біріншіден, жазушы сол оқиғалар арқылы қазіргі таңдағы имандылықты ұмыта бастаған замандастарымызға ой салса, екіншіден, қазақ әдебиетіндегі ислам тақырыбын жаңаша түлетуге дең қойған.

«Кияда» деп аталатын тарауға Хақан мен Самал, Құрмаш пен Айгүл арасындағы махабbat линиясы арқау болған. Шет тілдер институтында оқытын қыздармен бірге тауға барып конъки теуіп, таза ауда демалып жүрген сәттер Хақан өмірінің бір сәт дамыл тапқанын байқатқанмен, оның аяқтан таусылып пәтер іздеуі, екі қолға бір күрек таба алмай сандалуы – сол тұстағы қоғам өмірінен хабар береді. Осындай тығырыққа тірелген Хақан тосыннан жолыға кеткен курсасты Ернардың ұсынысын қабылдауға мәжбүр еді. Алғашында Ернардың барахолқадағы бір контейнерін жалға алып, саудамен айналысқан ол қожайынының ұсынысына қалай көніп қалғанын өзі де білмейді. Бірге сауда жасап жүрген серіктес бір қытайды жыирма мың (20 000) АҚШ долларымен лақтырып кетуді көздең Ернар отты Хақанның қолымен күрейді. Осылайша алайқтардан ат тонын алып қашқан Хақан қалайша сыйайлас болып қалғанын өзі де білмейді. Ақша қалай келсе, солай кететінін Хақанның қалтасынан 500 АҚШ долларын ұрлатып алуымен түсіндірген жазушы арам ақшаның титтей құны болмайтындығына сендіріп баққан. Алайда, қалтаға түсетін, киімнің ішіндегі ақшаны іліп кететін, сумканы тіліп кететін ұрылардың тоқсаныншы жылдары барахолканы ғана емес, қоғамдық көліктерде де қаптап кеткенін еске алатын болсақ, Хақанның басынан өткен бұл оқиға сол кездегі алайқтардың ісін айғақтауға қызмет етеді.

«Қаза» деп аталатын үшінші тарауда жетпіс жылдан аса өмір сүрген Кеңестер Одағы ыдыраған соң, өз алдына тәуелсіз ел болған Қазақстанның экономикалық тығырыққа тіреліп, базар біткеннің бәрін жауап алған қытайлар

мен ала қап арқалап, базар жағалаған қазақтардың мүшкіл халі сөз болған. Құрмашты іздеп жүріп базарда жолығып қалатын Алданғордың әйелінің өтініші бойынша затын тасып бермек болған Хақанның баяғы қытайдың қолына түсіп, ішке сұққан пышақ жарақатынан бауыры закымда-нып, үш күн Қалқамандағы ауруханада жатып жан тапсы-руы, оның жансызы денесін ауылдағы анасына алып баруы – бәрі де қайғылы қазаның көркем суреттері. Қектемнің караөзек шағында қазага ұшыраған Хақан өлімі, тоқса-ныншы жылдардағы тәуелсіз жас мемлекеттің қараөзек шағын көз алдымызға елестетеді.

Осы тараудағы Консерваторияны бітірген Құрмаштың табиғат берген өнерінің түккө жарамай, жұмыс таппай сенделіп ақыр аяғында барахолқадан тиянақ табуы – дом-быраның қулағында ойнаған күйшілермен бірге ұлттық өнеріміздің құрдымға кетіп бара жатқандығынан байқатар эпизод. Қысы-жазы аяқтан өткен сыз ақыр түбі Құрмаштың екі өкпесін тесіп тынады. Шығарманың эпилогында республикалық Тубдиспансерде жаткан Құрмаштың тесік өкпесі қазақ біткеннің жаңын мазаласа керек. Сол секілді шиеттей бала шағасын асыраудың қамымын алғашында шемішке сатып, кейін Ерланнның бір контейнерін жал-ға алатын Алданғор мен Үрзипа сынды ерлі-зайыптылар өмірі, Шет тілдер институтында оқып журген қыздардың құрбыларының көпшілігі бастарына киыншылық түскен-де кришна дініне өтіп кетуі – ащы болса да өмір шын-дығы. Тоқсаныншы жылдары жеке дербес ел болған Қазақстанның экономикалық тығырыққа тірелуінен қазақ отбасыларының жаппай тұрмыстық әл-ауқатының нашарлауы, ауылдағы совхоз, колхоздар таратылған соң, қалаға қарай ағылып ала қап арқалаған қазақтар мен ислам діні-нен хабары жоқ жастардың басқа дінге топ-тобымен өтіп кетуі – бәрі де тоқсаныншы жылдардағы Қазақстанның астанасы Алматы қаласының тыныс-тіршілігін көз алды-мызға шынайы қалпымен алып келеді.

Хақанның жан дүниесінде болып жатқан сезім толқынын шынайылықпен бейнеленген шығарма оқырманын тез баурайды. Алайда, шығарманың шешімі үлкен ой салады. Алты жыл тар қапаста талай қорлықты көріп, өмірдің тек қана ақ түстен емес, ақ пен қара түстен тұратынын білген жанның, екі аяқты хайуандардың арбауына түсіп, анғалдық танытқаны көнілге сыймайды. Тәуелсіздік жолындағы соңғы күрестің құрбаны болған Желтоқсандықтардың болашақ өмірі нұрлы болуы керек еді. Оқырманың күткені Хақназардың емес, Зиягинцевтің қазасы еді.

Драматургия.

Қазіргі қазақ әдебиетінде желтоқсан оқиғасы үлкен бір тақырыпқа айналып отыр. Бүгінгі ұлттық әдебиеттің проза, поэзия, драма жанрларының баршасында да Желтоқсан тақырыбы түрліше игерілу үстінде. Драматургияны жеке алып қараганда, осы жанрда Желтоқсан тақырыбына алғаш түрлен салған О.Бекейдің «Желтоқсан желі» атты сахналық туындысы екені даусыз. Бұдан бергі кезеңде С.Асылбекұлының «Желтоқсан тұні», Ө.Ахметтің «Желтоқсан ызғары», М.Байғұттың «Жоғалған жұрнақ», Иран-Файыптың «Былыққа батқан қала» («Портмоне»), И.Сапарбайдың «Мәжнүн» атты идеялық нысаны мен көркемдік-эстетикалық деңгейлері әрқиылды драмалары жазылды.

С.Асылбекұлыны 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын арқау еткен «Желтоқсан тұні» пьесасы екі бөлімнен тұрады. Оқиғаға бар-жоғы алты-ақ адам қатысады. Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығы қарсаңында аталған спектакльдің Жастар мен жас өспірімдер театрында тұсауқесері болды. Мұнда автор 20 жыл бұрынғы сол бір аты шулы қаралы қүндерді қайта тірілткен. Қойылым он жылдан бері сахнада қойылып келе жатыр.

Аланға бара жатқан бір топ жастар көрермендер отырған залдың ішін дүр сілкінтіп жүгіріп өтеді. Үріп ауызға салғандай мөлдіреген жастарды көріп көнілің алай-дүлей болды. Біреудің басын шығарып, көзін көгертуек түгілі,

тал шыбықтай майысып, өздері әрен жүрген жастарға қандай күйелер жақты. Сол кезде бірі сottалып, екінші бірі оқудан, үшіншісі жұмыстан шығарылып, тіпті барлығы дерлік қаладан аластатылды емес пе? Адам айтса сенгісіз жазалардың түрі де көбейді, жазықсыз сottалғандары қаншама? Көрмермендер залынан дүркірек жүгірген жас демонстранттар, олар – кешегі біздер едік. Иә, сол ұрандарап бара жатқандар менің құрбыларым болатын. Соңдықтан да мен сахнадан өзімді және жақын құрбыларымды көрдім. Әсіресе «держите! Не упускайте! Бей... Пни! Не жалейте!!...» «Апа!.. Апажан!...», «Ах, ты дикарь, тебе надо было пасти овец, а не демонстрировать тут свою грамотность!...» деген сөздердің барлығы сол кезде, сол жерде айтылғаны анық. «Бүгін 1986 жылдың 18-желтоқсаны. Алматы уақыты бойынша кешкі сағат 22.00. Соңғы хабарларды тындаңыздар. Үстіміздегі жылдың 17 және 18 желтоқсан күндері астанамыздағы Л.И.Брежнев алаңында бір топ наркомандар мен олардың ықпалына ерген оқушы жастар ереуілге шықты. Олар қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің соңғы пленумының шешімдеріне наразылық білдіріп, ұлтшылдық, экстремистік, сепаратистік ұрандар көтеруде, сөйтіп, сүйікті партиямыздың айбынды авангардының салиқалы, парасатты шешімдеріне шәк келтіруде», – деп, қазақ радиосынан берілген жаңалық шығарманың шынайылығын ғана емес, драматургтың шеберлігін танытса керек. Ендеше шығармаға қайта оралайык.

Қанды оқиғаны автор перденің арғы бетінен суреттеуді жән деп тапқан Себебі ұрып-соғудың қаншама түрін сахнада көрсету мүмкін емес. Драматург сол қаралы күннің бар шындығын көрсету үшін алғанға жақын маңдағы бір бөлмелі пәтерді таңдаап алыпты. Ондағы мақсат – аландығы оқиғаны терезе жарығы арқылы перденің арғы бетінен көрсету. Оқиға өтетін жерді дұрыс таңдай білген, бұл – екі күнге созылған қыргынның шешуші сәті болып табылатын 1986 жылдың 18 желтоқсан түні. Оқиғаға қатысушылардың әрқайсысы жекелеген әлеуметтік топтар-

дың өкілдері. Оның бірі – сталиндік репрессияның құғынын көрген, өмірінің он жылын Сібірге жер аударылған карт зейнеткер. Пәтер иесі – бүгінде зейнетке шыққанымен білікті ғалым, Одаққа танымал тарихшы Баймырза. Екіншісі – зейнет жасындағы Баймырзаның жұбайы Талшын. Келесі кейіпкер – әскерден жаңа келген, демонстрацияға қатысушы жасы 21-дегі студент жігіт Қайсар. Келесі демонстрантымыз – жасы 24-тегі аяғы ауыр жас келіншек Ақмарал. Ал, жасы 45-50 шамасындағы Баймырзаның көршісі Мария Петровна Қазақстандағы өзге ұлыс өкілі. Жасы 45-тер шамасындағы бейmezгіл қонақ Тимур Қалдыбаевич – Коммунистік партияның мүшесі. Бұл буын өкілдері кешегі сталиндік қырғын мен екінши дүниежүзілік соғысты (Ұлы Отан соғысы) тарихтан ғана білетін, бір аяғы социализмде, екінші аяғы коммунизмде тұрған бақытты ұрпақтың интеллигенциясы. Көріп отырғанымыздай автор оқиғаға қатысушыларды әртүрлі ортадан, әртүрлі жас шамасынан таңдай білген. Бірақ бәрі – кәмелетке толған өзіндік қезкарасы қалыптасқан жандар.

Екі бөлімнен тұратын шығарма «Алматы. 1986 жыл. 18-желтоқсан. Қыскы кеш. Ел орынға отырған мезгіл. Бір бөлмелі қалалық жайлы пәтер. Үстіне пижама киген Баймырза залдағы диванның үстінде электр шамның жарығымен кітап оқып отыр» [14,341], – деп, Баймырзаның пәтеріндегі жайма-шуақ өмірден басталады. Осы көріністің өзі-ақ қазекемнің мандайының соры бес елі екендігінен хабар береді. Оның біріншісі – көп қабатты үйлердің тек бірінші, не бесінші қабатының қазактарға ғана берілуі. Міне, Баймырзаның үйі де тек қазактарға тиесілі болған бірінші қабатта тұр. Бірінші қабаттың астынан қысы-жазы сыз өтіп, едені еш уақытта жылымайды. Ондай денсаулыққа зиянды үйлерді өзге ұлт өкілдеріне беруге болмайды. Қазактар қонақжай халық болғандықтан, жылы жұмсағын қонақтың аузына тосатыны белгілі, олай болса бірінші қабатта тұруға өздері ешқандай арланбайды. Сол

үшін де жоғары қабатты келімсектерге беруге қарсылық білдірмейді.

Екінші ерекшелік – кең далада еркін өскен қазақтарды қаланың да өзгерте алмайтындығы. Ол – есіктің қашан да ашық жататыны. Қала халқы әдетте есікке бірнеше ілгіш салып, қонырау соғылғанда сығалап қарап отырады емес-се? Ал біздің қазақ – сығалауды білмейтін, есігін шалкасынан ашып тастап, құдайы қонағын күтіп отыратын дархан халық. Міне, оқиға басталмай жатып, осындай ұлттық ерекшеліктерге жолығамыз.

Күғыншылардан қашып келіп, есігі ашық пәтерге жансауғалаған Қайсар мен Ақмарал екеуі бір-бірін танымайды да. Бұл да сол кезде болған шынайы шындық. Жайма-шуақ өмірде бір-бірімен ісі болмайтын жастар, сол бір ауыр күндерде бір-біріне бауырмалдық танытып, ағалы-қарындастай жақын болғаны белгілі. Мұздай қаруланған әскерді бірде тықсырып, бірде шегініп кезек-кезек шегініс жасап отырған кездерде әртүрлі қақтығыстар болды. Соғылған жығылған қыздардың үстіне құлаған жігіттер ол қыздарды шын мәнісінде танымайтын еді. Үдере қашқан кездерде аяғы мұзға тайып, сүрініп жатқан қыздарды екі қолтығынан сүйемелдеп ала қашқан да өзіміздің бауырларымыз болатын.

Сол оқиғадан кейін қазақтардың бір-біріне деген бауырмалдығы арта түскені көз алдымызда. Оған дейін қазақша сөйлеу деген Алматы қаласында болмаған нәрсе. Автобустың ішінде билетті компастерге тестіру үшін де «передайте» деп жататынбыз. Содан кейін қазақтарға кәдімгідей жан бітіп, бір-біріне қазақша еркін сөйлейтін болды. Автобусқа кіргенде бұрынғы «проездной» деген сөздің орнына, енді «жол ақысы төленген» дейтін болдық. Сол жүргенде жетісіп жүрген ешқайсысы жоқ, демонстранттардың бәрі де сұрақ-жауаптың астында қалып, окудан, жұмыстан шығу қаупі төніп тұрган болатын. Аялдамада, автобуста, қоғамдық ортада еркіндік сезіле бастады. Баяғы біздің бұйығы күйіміз енді өзге ұлт өкілдеріне ауысты. Әсіресе еу-

ропа нәсілдеріне, себебі үйғыр, қыргыз тәрізді мұсылман халықтары бізге туысымыздай сезілетін. Автобусқа мінерде, түсерде қазақ жігіттері апалары мен қарындастарын сүйемелдеп, бір-біріне жылы шырай танытып жататын.

Шығармадағы Ақмарал есімді кейіпкеріміздің Қайсармен өз сінлісін таныстырығысы келетін әңгімесі де шындыққа саяды. Біздің түсінігімізде аланға барып, өздерінің қазақ екенін сезінген патриоттар мен үйде бұқпантайлап, терезеден қарап отыргандардың айырмашылығы жер мен көктей еді. Аланға шығып келгендер ол жердегі қыргынды көрген соң, саябыр тауып үйде отыра алмай, сол жаққа қайта барып қолға түскені белгілі. Ал, аланға бармағандар ол жақта не болып жатқанына басын қатырып әлек болмай үйлерінде шайларын ішіп, жылы көрпеге оранып, қара басын сауғалағанына мәз-мейрам болды. Осындай сәтте өзіміз де аланға шыққан жігіттерді қалай қинағанын көрген соң (аудандық бөлімшелерде), сондай ержүрек, отанышыл жігіттерді сыйласап, құрметтеп бақтық.

Қайсар мен Ақмаралдың ашық тұрған пәтерге тығылатыны да шындық. Ит жетектеген жендеттер қоқыстың арасына дейін тінтіп, демонстранттардың сонына түсті. Сол сәтте әр подъездің есігін бір қағып, тығылатын тесік таптай қиналған құрбыларымыз да болды. Менінше, автор осындай оқигалардан қорытынды түйін жасап, Қайсар мен Ақмаралды Баймырзаның үйіне алып келген. Баймырза мен Талшын – өмірден алынған шынайы кейіпкерлер.

«Әй, сен коясын ба, жок па?! Біле білсен, бүгін маған бақ пен бақыт қонған күн!.. Кенесары бабамның аруағын тірілтем деп, сонау Сібірде отырған он жылда «Апыр-ай, бұқ қазактың аяқта тапталған ар мен намысын жақтайтын ерлер қашан туады, не қылған сорлы елміз, ез елміз...» деп, көкірегім шерге толатын еді. Кешеден бері сол сорлы елдің намысын қорғауға бел буған мына балалардай мындаған ұл-қызды қөріп, төбем көкке екі елі жетпей тұр. «Бар екен ғой, иә, Жасаған!..» деп, ішімнен мың тәуба

айттым жаратқанға түнімен. Сен оны қайдан түсінейін деп едің...» [14, 344], – дейтін кезінде құғын-сүргіннің талайын көрген, Кенесары үшін он жыл жер аударылған Баймырзаның прототипі – тарихшы Ермұхан Бекмаханов.

«Құт па, жұт па – оны бір Жаратушының өзі ғана біледі. Сен мениң өйтіп тілімді қышытпа, білдің бе!.. Қазақ-қазақ дегенде көкірегін қарс айрылады. Сол қазактың намысын жартып, он жыл түрмеде, айдауда жүргенде солардың біреуі артында қалған жесірін мына мен ана қызыл иек, аш құрсақ шиеттей үш бала-шағаңа қол ұшын беріп пе еді? Соларды енді екі көзінен қанды жас ағызып, иттей тістелеп жүріп, кәмелетке жеткізген сол сенің айта беретін қазағың ба еді, алде мына мен бе едім? Елуінші жылдың аяғында түрмеден арып-ашып келгенінде саған қызмет тауып бермек түгіл, кеңсенің есігін сығалатпай қойған төрелер де сол сенің айта беретін қазактарың емес пе еді? Енді бүгін келіп... О, несі, жұдә, көсемсі қалғаны» [14, 344], – деп, қайдағы шерді қозғап қүйінетін Талшын әкелері мен жарлары «халық жауы» ретінде ұсталып кеткенде, «халық жауының баласы», «халық жауының жары» аталған, бала-ларын бағып-қағып, қатарынан қалдырмай өсірген мындаған ардақты аналарымыздың жиынтық бейнесі.

Баймырза мен Талшынның мектепте оқытын баласы әке-шешесін алдап, аланға қашып кетеді. Тектіліктің қанмен келетіні тәрізді, отанышылдық, патриоттық сынды қасиеттердің қанмен берілетін белгілі. Ол – қалада орыс мектебінде оқып, қазақша шала сөйлегенмен жүректері қазақ деп соккан ұлтжанды қазақ жастарының жиынтығы. Ұлтжандылық ауыл, қала түрғындарына олардың тұрғылықты жеріне қарай берілмейді.

Шығармадағы келесі кейіпкер Баймырзаның көршісі – Мария Петровна. Басқа ұлт өкілі болғанмен алаңдағы оқиғаға бейтарап қарай алмағандықтан, басы шытынап ауырып тұрғандай әсер береді. Себебі, бұл – өздері қазақ елінде отырғандықтан ұлтаралық қақтығыстарға үркे қарайтын өзге ұлыс өкілі. Ол бәрін де білгісі келеді,

Баймырзаның үйіне тұнғыш келіп отырған қонақтарының алыс туыстары екеніне сенгісі келмей отырғаны да сондықтан. Аландығы оқиғаны көзімен көріп отырған ол, төпелеген соққының астында қалып құлышында шынғырған қыздар мен оған араша болмақ болып өзі сойылға (дубинка) жығылған өрімдей ұлдарды көріп отырғандықтан бұлардың сол жақтан қашып келгенін іші сезеді. Оның: «Бәке, өзініз-ақ айтыңызшы енді. Бүгін орталық алаңнан өтіп бара жатып, өз көзіме өзім сенбедім. Кілең бір – екіленген қазақ жастары. Бізге түсініксіз бір тілде бұзық ұрандар салып жатыр. Не жетпейді соларға – түсінсем бұйырмасын. Кешке қарай дүкенге кірдім – бәрі толып тұр: сары май дейсіз бе, ет, жұмыртқа дейсіз бе, колбаса мен сервелаттың түр-түрі... енді соларға не керек – түсінсем бұйырмасын» [14, 349-350], – деген сөзі жаңалықта айтқандай «нашақор, бұзақы» жастарды кінәлауға саяды. «Бізге түсініксіз бір тілде бұзық ұрандар салып жатыр» деген сөзге мән беретін болсақ, түсінбесе не айтып жатқанын қайдан біледі? деген сауал туады. Бұл – оған дейін Қазақстанда қазақ тілінің қандай мүшкіл халде болғанын анғартатын эпизод.

Келесі кейіпкер – Тимур Қалдыбаевич. Автор осы кейіпкер арқылы қазақтың құрдымға кетіп бара жатқандығын көрсеткісі келген. XX ғасырдың соңғы ширегіне шейін қазақтың оқығандары елім, ұлтым, жерім деп еніреле, Тимурдың қазақтың жастары алаңда қырылып жатқанымен шаруасы жоқ. Ол жолдасының кандидаттық диссертация корғанына күэ болып, сол дастарханның басында ішкеніне мәз болып отырған кеудесі құыс жан. «Я коммуни-ист-т со стажем!.. Партияға жиырма бір жасымда өткем. (Сұқ саусағын шошайтып). Жиырма бір-і-ір жаста!.. Так что, біздермен, коммунистермен ойнауға болмайды!.. Қажет болса. Біз әлгі жолымызға кесе-көлденен тұрып көрсін! Табамыз біз оларды құртып жіберудің айласын!.. «Костюмнің ішкі қалтасынан бір қызыл книжканы сұрып алып). Нанбасаныз, міне партбилет!.. Партияның

ойнап көрсін олар!.. Әлгі ұлтшылдар мен... кім еді... империалистерді, экстремистерді айтам. (Партбилетті қайтадан орнына салып жатып). Мен мұны жаңымнан өлсем де тастамаймын. Түсінесіз бе, өлсем де... Бәрібір партбилет аман қалуы керек!.. Ал, кәне, Мария, алып жіберелік... Денсаулық үшін....» [14, 364], – дейтін Тимур Қалдыбаевич кешегі коммунистік партияның белсенді мүшесі.

Сыртта қыздардың: – Апа!... Апажан!... бауырларым-ау, құтқарсандаршы, мыналардан! Құртты ғой бә-рі-міз-зиді!, – деген жан айқайын – Ә, бәлем, жандарың қысылды ма?!, – деп табалап отырған Тимурды Қайсар қылқындырып өлтірмек болады. Оларға Ақмарал араша түсіп Тимур далаға сыйылышты шығады.

Авторлық ұстанымды «(Одан сайын оны қылғындыра түсіп). Не қылғанды көрсетем қаз-з-ір-р!... Сатқын!... Бұқіл ғасырлар бойғы қазақ халқының акқан көз жасы сендей сатқындардың мойнында, білдің бе?! Бізді құртқан жонғар да, қытай да, орыс та емес – мына сендерсіндер!... егер казақ халқы шын мәнінде келер күнін ойлайтын болса, ең алдымен мына сендерден құтылулары керек. Сендер тұрғанда бізге келешек те, бақ та, бақыт та жоқ!... Сондықтан да мен сениң қазір қанынды ішем-м!...» [14, 368] немесе «Уақыт пен заманың атын жамылып, тілін де, дінін де, ар-ожданын да – бәрін де сатып бітуге таядындар!... Бұл өздеріңін болашақтарынды сату екенін түсінемісіндер өздерін?!» [14, 369], – деген Қайсар сөзінен көруге мүмкіндік мол.

Осы эпизод казактың жауы қашан да қазақ болғанын байқатады. Кешегі сталиндік репрессия түсында бірге туған ағайын-туыстарын, көрші-қоланың қолының ұшымен көрсетіп, Итжеккенге айдатып, өздері көкті тіреп тұрғандай болып шалқайып жүрген екіжүзділердің тірлігін бүгіндері архив деректерінен, көркем шығармалардан оқып-біліп жатырмыз (Н.Айтұлының «Қәмей ұшқан» поэмасына да осындаш шындық негіз болған). Бұл кезде де қазақ жастарын ұстап берген Тимур сынды сатқындар болатын.

Шығарманың шешімі жендеттерден үрейі ұшқан Ақмаралдың мерзімінен екі ай бұрын босанып қоюы болып табылады. Өмірге келген сәбі өмірдің жалғастығын байқатса, осы оқиға үстінде дүниеге келген шарана «мың еліп, мың тірілген» қазақ халқының болашағы алда екенінен хабар береді. Шығарма Баймұрзаның: «...Бар екен гой сендердеге ержүрек ұл-қыздарым! Тек мұнымды жаратқан асылық көрмесін...» [14, 374], – деп жас ұлтшылды далаға ертіп кетуімен аяқталады. Бұл XX ғасырдың басындағы және соңғы ширегіндегі «ұлтшыл» атанған азаматтардың тілегінің бір жерден шығуы болса, олардың барлығы да қазақ халқының бостандығы, тәуелсіздігі үшін курескен қүрескерлер екенінің белгісі.

Шығармадағы әрбір кейіпкер өз ортасының, сол әлеуметтік топтың, замандастарының жиынтық бейнесі болып табылады. Драматург жоғарыдағы оқиғаға қатысқан кейіпкерлерінің барлығын да типтік бейнеге көтерген. Баймұрза кеңестік идеологияның теріс саясатын қолдамағаны үшін жазықты болып қуғын-сүргін көрген мындардың бірі болса, Талшын қыын-қыстау құндерде күйеуіне сүйеу болған, шиеттей бала-шағасын асырап шаңырақты шайқалтпай арды ойлаған қазақ әйелдерінің жиынтығы. Өзінен екі мүшел ұлken адамның жағасына жармасып жүрген Қайсар езгеге намысын таптатпаған қазақ халқының қайсар ұланы болса, Ақмарал жігіттердің намысын қайрап, оларға күш-қуат беріп, елге жау шапқанда атқа қонған жауынгер қазақ халқының батыр қыздарының бүтінгі таңдағы жалғасы. Көп ұлтты кеңес халықтарын интернационализмге тәрбиелеген кеңестік идеология ұсақ ұлттарды жоюды көздеді. Сондықтан оқыған, көзі ашық қазактар арасында Тимур сынды коммунистер көбейді. Олар үшін Коммунистік партия халықтан жоғары еді. Себебі бұлар – лениндік партияның адал ұлдары мен құлдары еді. Коммунистік партияның негізгі көздегені жандайшаптары бойына құлдық психологияны сініріп, солар арқылы қара тобырды қойдай тоғыту еді. Алайда

ұлттық қасиетін таза қалпында сақтаған ауыл жастары Қазақстанның астанасы Алматыға білім алуға көптеп келе бастағандықтан, бұл содырлы саясат жүзеге аспай қалды. Қазақ жастарын қаладағы өндіріс ошақтарының қара жұмысына жегу саясаты да партияның өзіне шок-пар болып тиді. Жұмысшы жастар мен білім іздеп шалғай ауылдардан келген қазақ жастары жетпіс жылдай өмір сүрген коммунистік партияның шешіміне қарсы шығып, өз проваларына қол сұғуға қарсылық білдірді. Бұл – Коммунистік партияның көсемі В.И.Лениннің «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы» еді.

Жоғарыда сөз болған шығармаларда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының қазақ халқына алып келген қасіреті жекелеген кейіпкерлер өмірімен шынайы бейнеленді. Саяси айыпты болып табылған құғын-сүргін құрбандарының кеңес түрмелері мен лагерьлерінде өткен күндері тың деректермен оқырманын өзіне баурады. Бұл шығармалардың барлығы тәуелсіздік үшін құрескен қазақ жастарының азаттық жолындағы арпалысының көркем суреттері ретінде танылды. Желтоқсан оқиғасының аяқ астынан өршіп кетуі, аланға шыққан жастарды басып жашшу, оларға жүргізілген сұрақ-жаяуп процестері, қыспакқа алушын салдарынан құғын-сүргін құрбандарының тағдырдың тауқыметіне ұшырап қыын-қыстау күн кешуі, түрмеге түскен жастардың мезгілсіз қыршынынан қылұлы – барлығы да сол тұстағы ел өміріндегі шындық. Бұл шығармалардың негізгі жетістігі – жетпіс жылдан аса өмір сүрген Коммунистік партияның халыққа жасаған қиянатын, бар болмысымен көркем шындыққа айналдыруы. Мызғымас Кеңестер одағының құрамына енген қазақ халқына жасалған сынап тәжірибесі («Метель» операциясы) қаншама жастың болашағына балта шапты. «Бас жарылса, бәрік ішінде» дейді атам қазақ, тән жарасы жазылар, алайда араға жиырма бес жыл салғанмен жан жарасы жазылмайтыны анық.



Көріп отырғанымыздай, тәуелсіздік жылдарындағы поэзия, проза, драматургия жанрларының бәрінен де Желтоқсан оқиғасы кеңінен орын алды. Аты шулы бұл оқиға қазақ ақын-жазушыларының бәрін де тебірентіп қалам ұстартты. Үстіміздегі жылы 30 жылдық мерекесін атап өткелі отырған тәуелсіздік, азаттық үшін құрестің қазақ тарихынан алар орны ерекше. Сондықтан да қаламгерлер Желтоқсан оқиғасын шағын жанрдан бастап, кең құлашты эпикалық шығармаларда да шынайы бейнелеп, тарихи шындықты көркем шындыққа айналдырды. Осындай туындылардың қатарында А.Егеубаевтың «Желтоқсан», Н.Айтұлының «Мұқағали – Желтоқсан», Ж.Бөдешұлының «Исатай», М.Бектемірованың «Тәуелсіздік – тірегім» поэмаларын, Т.Сәукетаевтың «Қылыштағы» («Ай қарандысы» 1998), «Желқайық» (2011), Н.Қуантайұлының «Қараөзек» (2002), Ә.Ібырайымұлының «Ұяластар» романдары мен Мир Шайырдың (акын Мырзагали Інірбаевтың) «О, Данышпан дүние» атты трилогиясын, Н.Ораздың «Тазқара», Ө.Ахметтің «Желтоқсан ызғары» хикаяттарын, А.Алтайдың «Сібір офицері», «Прописка» әңгімелерін, О.Бекейдің «Желтоқсан желі», С.Асылбекұлының «Желтоқсан түні», Ө.Ахметтің «Желтоқсан ызғары», М.Байғұттың «Жоғалған жұрнақ», Иран-Ғайыптың «Былыққа батқан кала» («Портмоне»), И.Сапарбайдың «Мәжнүн» пьесаларын атаяға болады.

Тәуелсіздік жолында күғын-сүрген көрген кейіпкерлердің тәуелсіздік тұсындағы өмірі жарқын болуы керек еді. Алайда біздің негізгі кейіпкерлеріміздің барлығы дерлік адам аяғандай аянышты күн кешіп жүруі өкінішті. Қашан да актың қараны женетіні тәрізді оқырмандар да желтоқсандықтардың болашағы жарқын болуын қалайды. Сондықтан алдағы уақытта қаламгерлер жазықсыз қазақ жастарының қанын арқалаған екіжүзді қылмыскерлердің кейінгі өмірін әшкерелейтін шығармалар жазуы керек. Себебі, ақшаға сатылған, адамгершіліктен ада болған екіжүзділердің өмірде жолы болмақ емес. Ал, «ерек

тоқты құрбандық» деп жазықсыз құрбандыққа шалынған жандарға мемлекет тарарапынан көніл аударылғаны жөн. Себебі олар сан ғасырлар ансаған тәуелсіздіктің, бостандықтың соңғы құрбандары. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» дегендей, өз батырларымызды ардақтайдық ағайын. Үстіміздегі жылы жиырма жылдық мерей тойын тойлағалы отырған тәуесіздігіміз мындаған қазақ жастардың қанымен келгендігін ұмытпайық. «Ел боламын десен, бесігінді түзе», – деп М.Әуезов айтқандай, бесігімізді түзейік қазағым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Бөдешұлы Ж. Бұрылых. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 296 б.
- 2.Айтхожина М. Желтоқсанның желі гулеп.
- 3.Бактыгереева А. Ақ Шағала. Өлеңдер. – Алматы: Өлкө, 2001. – 252-253-б.
- 4.Аманжол Қ. Мешітті ғалам. – Алматы: Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясы, 2009. – 136 б.
- 5.Шарахымбай Б. «Желтоқсан» атты шоғырлы өлеңдерінен
- 6.Кәріпжанәулеті А. Желтоқсанның төлі едік түнекте өнген // Жалын. – №12. – 2009. – 20-22 б.
- 7.Егеубаев А. Аламан: Дастандар. – Алматы: Тұлға, 1996. – 212 б.
- 8.Жакан Д. Жерлеу ғұрып фольклоры. Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 812 б.
- 9.Бөдешұлы Ж. Құбылых. – Алматы: «Глобус» Баспа үйі, 2009. – 400 б.
- 10.Айтұлы Н. Құланойнақ: Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2009. – 160 б.
- 11.Бектемірова М. «Тәуелсіздік – тірегім. Кіт.: Отанымыздың тәуелсіздігіне тарту. – Алматы: AIAN-Media, 2006. – 380 б.
- 12.Сәукетаев Т. Ай қаранғысы.
- 13.Қуантайұлы Н. Қараөзек. – Алматы: Қаламгер, 2002. – 240 б.
- 14.Асылбекұлы С. Шығармалары. – Астана, 2008. – Т.2. – 416 бет.



ЕКІНШІ БӨЛІМ

ПОРТРЕТТЕР



ӘДИ ШӘРІПОВ *(1912-1993)*

Мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, партизан жазушы Әди Шәріпов 1912 жылы 19 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданының Мариновка селосында (қазіргі таңдағы Әди ауылы) дүниеге келген.

Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын тәмамдаған Әди Шәріпов өмірінің дені шәкірт тәрбиелеуге арналды. Еңбек жолын Красноводскідегі педагогикалық техникумда (1937), Қаскелен қаласындағы мектепте (1938) қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі болып бастаған ол 1939 жылы Отан алдындағы борышын өтеш үшін әскер қатарына алынады. Соғыстың алғашқы қундерінен бастап, Белоруссия жерінде басқыншы жаумен бетпе-бет келген ол 1944 жылы жарапанып елге оралады.

Алғашында ұлағатты ұстаз, кейін қаһарман партизан, одан қоғам және мемлекет қайраткері, атақты жазушы, білікті ғалым болған Әди Шәріповтің қаламынан «Азамат жолы», «Партизан қызы», «Ормандагы от», «Капастағы жұлдыздар», «Тон», «Сойқанды жылдар» секілді деректі хикаялармен бірге «Сахара қызы» сынды эпикалық роман да туды.

Партизан жазушының «Сойқанды жылдар» атты деректі хикаясына майдандағы емес, Оқу министрлігінде (халық комиссариатында) қызмет еткен жылдарындағы аты шулы айтыс-тартыстар негіз болған. Ол өзі куә болған оқиғаларды өзгеріссіз, шынайы қалпында баяндаған. Сондықтан да мұнда өмірде болған адамдар мен нақты оқиғалар таратыла сөз болады. Жекелеген оқиғаларды баяндау ба-рысында Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші

хатшысы П.К.Пономаренко, Орталық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімі менгерушісінің орынбасары Гаврилов Журин, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Жұмабек Ташенов, Орталық партия комитетінің үгіт-насихат және мектеп бөлімінің менгерушісі Храмков сынды басшылардың толымды бейнесі жасалады.

Орталық партия комитеті Оқу комиссары Әбдіхамит Ібінейұлы Сембаевқа орынбасар етіп, соғысқа дейін ұстаздық еткен, Отанды жаудан қорғауда жанкешті батырлығымен танылған Әди Шәріповты тағайындаиды. Алғаш жұмысқа келген сәтінде министр кезекті еңбек демалысында болады да, өзіне беймәлім жұмысты нeden бастиарын білмей дал болғанын: «Жұмысты нeden бастан, нeden қоятынымды білмеймін. Құніне әрқиыл кенсе қызметкері келіп-кетіп жатады. Олардан бір нәрсені сұрайын десем на мыстанамын», – деп есіне алады. Алғашында осылай қысылған Әдекен көп ұзамай, Оқу министрлігін (Оқу комиссариаты осылай аталауды) толық игеріп, мектеп жұмысын басқаратын орынбасардың қызметін өз дәрежесінде атқарды. Бұл – білім, ғылым саласындағы сойқанға толы қырқыншы жылдар еді. Бүкіл елді алан-даткан 1947 жылғы «Қазақ Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының өрескел саяси қателер туралы» Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің аты шулы қаулысы ұлттық мұраларымызға қауіп төндіргені белгілі. Ал, осы қаулыға тікелей жауап беретін Оқу министрлінің мектеп жұмысын басқаратын орынбасары екені айтпаса да түсінікті. Орталық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімін басқарған Храмков «көртартпа, ұлттық ақын» саналған Шортанбай, Мұрат, Әбубекір, Дулат және Ғұмар Қарашев сияқты ақындарды мектеп оқулықтарынан алғып тастауды талап етеді. Ә.Шәріпов басқарған Оқу-методикалық кеңестің С.Мұқанов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Қ.Жармаганбетов, Ә.Сыздыков, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, С.Кеңесбаев тәрізді мүшелері оларды түгел алғып тастауға болмайтындығын ескеріп, шығармаларын ашықтан-ашық сынап айту керек дегенге тоқтайды. Осы тұста

коммунист Ә.Шәріпов партияның шешіміне қарсы шығып: «Әр халықтың әдебиетінде екі түрлі ағым болады. Қазақ әдебиетінде көртартпа, оған қарсы прогрессивтік бағыт болды, Сондықтан біз екі түрлі ағымдағы әдебиетті қарама-қарсы қойып талдаймыз», – деген пікірді бетке ұстап, оларды түгелдей алып тастауға болмайтындығын дәлелдеп, табандап тұрып алады. Бірақ Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайлов сынды авторларды мектеп оқулығында қалдыруға шамасы жетпей дал болады. Тұрақты авторларынан айрылған тұста Әдекен тағы бір батырлыққа барып, 1951 жылы орта мектептің VIII-IX сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығын «Редакциясын басқарған – М.Фабдуллин» деп шығарып жібереді. Екі батырдың осы ерлігін ол кезде баспада редактор болып жұмыс істеген Тұрсынбек Кәкішев «Қамқоршы» деген естелігінде тарата айтқан болатын. Қ.Жұмалиевтің аты-жөні алынып тасталғанмен, оқулық мазмұны сол қалпында қалған-дықтан Әдекен бұл ерлігі үшін жауап берді. Басшылық осындай өрескел қателікке барған, «Оку құралдарының авторларын дұрыс ірікте алмаған» баспа директоры Әбу Сәрсенбаевты қызметтен босатады. Сонымен бірге тексеру комиссиясы мектеп оқулыктарына «И.Маманов, Ш.Кәрібаев, Ә.Шәріпов, Ф.Бегалиев, С.Кенесбаев сияқты тағы басқа ірі байлардың балалары авторлардың құрамында елі жүр» деген айып тағады.

Мектеп оқулыктарының тұрақты авторлары сottалып кеткен соң, жаңа оқулық жазатын жас авторларды дайындауға бел шеше кіріскең Ә.Шәріпов сол тұста әдебетке белсene араласып жүрген З.Қабдолов, А.Нұрқатов, М.Базарбаев, С.Қирабаев, Б.Сахарiev тәрізді жастарды оқулық жазуға тартады. Аға буын екілдерінің жаппай қуғын-сүргінін көрген бұл буынға заманның, қоғамның өзі үлкен міндет жүктеді. Сондықтан бұлардың авторлығы ұзақ сақталып, XX ғасырдың екінші жартысы мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мектеп оқулыктарында қалды.

Мұның артынша 1951 жылы «Қазақстан тарихын маркстік-лениндік бағытта игеру үшін» деген мақала

шығады. Мұнда профессор Бекмахановқа соққы беріледі. Мақала авторлары: «XIX ғасырдың орта шенінде болған Кенесары-Наурызбай көтерілісі Ресейге қарс болған көтеріліс еді. Профессор Бекмаханов осы көтеріліске прогрессивтік көтеріліс деген баға беріп, жеке-дара кітап шығарды. Сөйтіп, саяси қате қорытынды жасады. Ол ұлтшылдық сарында жазылған еңбек», – деп соқты. Осылайша Қазақстан Орталық партия комитетінің үгіт-насиҳат жөніндегі хатшысы Илияс Омаровтың тұсында жүрт бірінің үстінен бірі негізсіз арыздарды қаптатып жатты. Бұлар – І.Омаров пен Ә.Шәріповке қарай тасадан атылған тастар еді. Тексеру комиссиясы 1950-1951 оку жылындағы кәмелеттік атtestatқа арналған тарих пәнінің емтихан сұраптарына: «Ұлт аймақтарының Россияға қосылуының прогрессивтік мәні өте зор болғанын ашық айтпайды, оның орнына орыс халқы мен Россия халықтарының мәдени байланысын (астын сыйған біз) ғана айтады да, біздің еліміздің халықтарының мәдени өсуіне алдынғы қатарлы орыс мәдениетінің жетекші қасиетінің басты мәселе екенін естен шығарды (45-билетке қара, 2-сұрау)», – деген айып тағады. Осы тұста оқулықтар мен емтихан билеттерінен табылған саяси қателіктерге тойтарыс беру онай шаруа болған жоқ. Осы даудың бәрін басу үшін Әдекен бар күш жігерін, білік-білімін жұмсап, майдан дала-сынан жинап келген атақ абыройын салды.

Мектеп оқулықтарын ары сынап, бері сынап оны қызыметінен босата алмағандар енді шыққан тегінен кілти-пан іздеуге тырысады. Екі жасында дүниеден өткен әкесі Шәріп пен атасы Қайранбайдың Меккеге барып қажылық жасағанын, олардың ауқатты кісілер болғанын бетіне салық етіп, енді өз басына тиісе бастайды. Бұл тұста Әдекенді Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы П.К.Пономаренко: «Шәріпов – Ұлы Отан соғысы кезіндегі енбегі үлкен адам. Жудың тлында жүріп, партизан отрядын ұйымдастырып, ерлік істеген кісіні оның екі жасында өлген әкесі мен әкесінің іні-агалары үшін айыптау, қызметінен босату ешқандай әділдікке жатпай-

ды. Мұндай адамды қошеметтеудің орнына қудалау – барып тұрған солақайлық, сорақылық», – деп қорғап, себепсіз арыздардың жөнсіздігін айтып тойтарып тастайды. Осылайша, оны атеизм тұсында қажы аталарының аруағы қолдап, аман алғып қалады.

Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы И.Д.Яковлев болып тұрған тұста тағы бір дүрбелең басталады. Бұл қазақ газеттерін орыс тілінен аударып шығару жөніндегі тартыс еді. Мұнда да Ә.Шәріпов Ж.Тәшенов сынды азаматтармен бірге жолсыздыққа жол бермей, Журиншілдермен (екінші хатшы) ашық күреске түсті. Осы кезде ана тілінің жырын жырлаған Рахманқұл Бердібаевтың мақаласын басқан «Қазақ әдебиеті» газетінің өзін жабу керек деген «данышпандар» да табылды. Ушығып кеткен бұл мәселе Қазақстан орталық партия комитетінің бюросында қаралады. Ол жөнінде: «Айналдырған құдай алмай қоймайды» дегендей, Журин өз ұсынысын өткізеді. Ол бюроға қатысуышылдардың ішінде Жұмабек Ташеновтен басқа қазақ атаулылар ауыздарын буған күйінде отырыпты. Ал Жұмекен болса, Журиннің республика газет-журналдарын орыс тілінен аудармаға айналдыру – қазақ тілінің келешегіне ор қазыу, біздің мәдениетіміздің тоқырауына, құлдырауына мүдделі болу. Мен бұл ұсыныска қарсымын деген ойын ашықтан-ашық айтады. Бірақ «жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаны шықпастың» кері болды», – дейді Ә.Шәріпов. Жұмабек Ташеновтің халқы мен елі, ана тілі алдындағы көзсіз батырлығы кейін өз басына сор болып жабысқаны белгілі.

Оку министрлігінде жүргенде оның тындырған тағы бір ісі – «Қазақстан мұғалімі» («Учитель Казахстана»), «Қазақ тілі мен әдебиеті» сынды мұғалімдерге арналған республикалық газет-журналдардың шығуы. Бір ашылып, бір жабылған бұл басылымдар күні бүтінге дейін елге қызмет етуде. Сонымен бірге бұл жылдары мектептерді өндіріс орындарымен байланыстырып, оқушыларды енбекпен тәрбиелеу ісіне көніл аударылды. Ауылдық жерлердегі мектептерге жер бөліктегі беріліп, мектеп жанынан әр-

түрлі шеберханалар ұйымдастырыла бастады. Ә.Шәріпов ұлт тілін орыс мектептерінде міндепті түрде оқыту, ұлт мектептеріндегі ана тілі мен әдебиетінің сағатын көбейту сының пікірлерін РСФСР оку министрлігіне сынамалап жүріп өткізді. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде аралас мектептер көбейіп, казак мектептері жабыла бастады. Бостандық ауданы Өзбекстанға өткенде 150 қазақ мектебі тұтасымен Өзбек Республикасына қарады. Қазақ мектептерінің санын көбейту, аралас мектептерді жою Оқу министріне оңай болған жоқ. Оның жолында шыдам мен тәзім таусылып, жүйке жұқарды.

Оқу министрі тындырған игілікті шаруаның бірі – аудан, облыс орталықтары мен Алматы қаласында шалғайда жатқан малшылардың балалары оқытын мектеп-интернаттар салу. Осындай интернаттардың қатарында Алматы қалдастындағы №4 мектеп-интернатты атауға болады. Сонымен бірге ол Шымкенттен химия-технология, Алматыдан Қыздар педагогикалық, Консерватория, Дене шынқытуру, Семейден Медициналқ және Мал дәрігерлік, Оралдан Ауылшаруашылық, Карагандыдан Медицина және Кооператив институттарын ашып, оларды құралжабдықтармен, оқытушылармен қамтамасыз етті. Автордың өзі айтқандай сойқанға толы бұл жылдар Ә.Шәріповтің өмірінен ғана емес, казақ халқының тарихынан үлкен орын алар айтыс-тартыстарға толы еді. Ол дауға айналған кез келген мәселені казақ халқының, өз ұлтының пайдасына шешүге тырысты. Айтыс-тартыстардың мемлекет тарапынан он шешімін табуға атсалыса жүмыстарды шебер ұйымдастырды.

Әди Шәріпов Әзілхан Нұршайықовтың – Әр күнді қандай тілекпен бастайсыз? – деген сауалына – Әр күнім адамдарға пайда келтірумен өтсе еken деймін, – деп жауап берген екен. Әр күнін адам баласына пайда келтіруге арнаған ол қазақ халқының жарқын болашағы үшін жаудан да, даудан да қорықпай ашық күресті. Майданның алғы шебінен табылған партизан бейбіт өмірде де алдыңғы

шепте қызмет етті. Біз оның Оку министрлігінде қызмет еткен кезіндегі тек білім, ғылым жолындағы құрес-керлігін ғана сөз еттік. Ал, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі тәрағасының орынбасары, Жазушылар одағының бірінші хатшысы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болған жылдары талай иғлікті шараларды жүзеге асырғаны өз алдына бөлек әңгіме...

* * *

Ел өмірінен ерекше орын алып, өшпес із қалдырган тарихи оқиғаның бірі – Ұлы Отан соғысы. Оны батыр Бауыржан Момышұлының сөзімен айтатын болсақ, «Қазақта соғыс өрті шалмаған шаңырақ қалған жоқ». Қазақ тарихынан ұлken орын алған бұл айтулы оқиға қазак әдебиетінен де өз орнын алды. Бірсыныра қаламгерлер ел басына күн туған алмағайып заманда қаламдарын қаруға айырбастап, Отанды басқыншы жаудан қорғау үшін майданға аттанып, елі мен жері үшін шаһид болса, келесі бір топ қан майданды кешіп келіп, майдандастары туралы өздері күә болған оқиғаларды қағаз бетіне түсірді. Қазақ әдебиетінде не соғыс даласындағы кескілескен шайқасты, не тылдағы еңбек майданын арқау етпеген қаламгер жоқтың қасы. Себебі, басқыншы жау олардың бірсынырасының жалындаған жастық шағын қайғы мен қасіретке айналдыrsa, ендігі бір парасының бақытты балалық шағын ұрлады. Ана құрсағында қалған тағы бір топтың әкелері майдан даласында қалып, жетімдіктің күйін кешті. Сейтіп, соғыс қасіреті үш буын өкілдерінің жан жарасына айналды.

Соғыстың алғашқы күндерінен басқыншы жаумен бет-пе-бет келіп, Ұлы Женіс күнін халқымен бірге тойлаған майдангерлер қатарында Әди Шәріпов есімін атаяға болады. Қазақ әдебиетіндегі Ұлы Отан соғысы тақырыбына мол үлес косқан майдангер қаламынан «Азамат жолы», «Партизан қызы», «Ормандағы от», «Қапастағы жұлдыздар», «Тон» секілді деректі хикаялармен бірге «Сахара қызы» сынды эпикалық роман да туды. Жазушы

бұл шығармаларында майдандастарының ел басына күн туған қасіретті жылдарда Отанды қорғау жолындағы жанкешті ерліктерін арқау етті. Қазақ әдебиетінде Москва мен Курляндия түбіндегі шайқастар Б.Момышұлы мен Ә.Нұршайықов шығармаларына негіз болса, Беларусия, Украинаның партизандық жорықтары даңқты партизандар Әди Шәріпов, Жұмағали Сайн, Қасым Қайсенов, Тоқтағали Жанкелдиндердің әңгіме-повестері мен өлеңдеріне арқау болды. Бауыржан Момышұлы, Әди Шәріпов, Мәлік Ғабдуллин, Қасым Қайсенов, Тоқтағали Жанкелдиндердің арпалыс жылдардағы майдандастары туралы жазбалары өскелен үрпақты отан сүйгіштікке тәрбиелейтіні даусыз.

Әди Шәріпов – соғыстың алғашқы құндерінде қоршауда қалып, Беларус ормандарында партизан соғыстарын ұйымдастырушылардың бірі. Оның қаламынан туған шығармалар – осы майдандағы оқиғалардың көркем шежіресі. Сондықтан да аталған туындыларды бір-бірінен бөлек қарауга болмайды. Олар – бір-бірінін жалғасы ретінде, бірін-бірі толықтырып отыратын дүниелер.

Жазушы өзімізден бірнеше есе күші басым басқыншылдарды қалай жендік деген сауалға көркем шығармалары арқылы жауап беруге тырысқан. Ол соғыстың бір бағыттаған емес, жан-жақты жүргендігін жау тылдындағы партизандық қақтығыстар арқылы растанды. Алғашында орман ішінде адасып қалған партизандар қатарының күн санап өскендігі, олардың Отан үшін жасаған жанкешті ерліктері оқырманың шынайылығымен баурайды.

«Қапастағы жұлдыздар» (1969-1970) хикаясы «Сол жылы Рославль қаласы ерекше көркейіп келген еді. Ұзыннан көсліл жатқан көшелердің екі қапталы қуалай өскен қалың ағаш. Жасыл жапырақ арасынан шашырай орналасқан аласа үйлер ағарападаң әзер көрінеді» (Әди Шәріпов. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Екінші том. Жол хикаясы және повесть. – Алматы: Жазушы, 1971. – 337 б.), – деп басталады. Уақыт пен кеңістік жағынан бұл шығарманы соғыстың батыс майданындағы алғашқы құнінен

бастап арқау еткен туындылар қатарына жатқызуға болады. Себебі, оқиға соғысқа дейінгі бейбіт өмірден басталады. Рославль қаласындағы жеміс-жидек техникумының толық курсын сырттан оқып бітірген Лидия Андреевна Герасимова заводта жұмыс істей жүріп, алдағы уақытта осылайша сырттай оқып, жоғары білім алуды арман етеді.

Жазушы жекелеген кейіпкерлерінің бейнесін олардың ой-армандарымен, мақсат-мұдделерімен, іс-әрекеттерімен, сөйлеген сөздерімен толықтырып отырған. Оған хикая басындағы мына бір диалогтан үзінді келтіруге болады.

«– Енді қызметің де, еңбек ақын да өсетін болар? – деді Зина дипломды Лидага қайтып беріп жатып.

– Қызметтің жоғары, тәмен болғаның қойшы. Әйтеуір, жүртқа пайдам тисе болды да.

– Кісіге не үшін керек? Меніңше, ең алдымен өз басындың бақыты үшін оқыдың емес пе?

– Зина сен тым ұшқары ойлайсың, өзгеге пайдаң тимесе, адамдыңың қайсы? Сен де оқы. Білімің болса, сениң де халыққа пайдаң тиеді» [338-б.], – деген диалогтан апалы-сіңлілі Лида мен Зинаның өмір туралы көзқарастарын байқауға болады, Ә, дегеннен екі түрлі пікірмен көрінген Лида мен Зина ел басына күн туған сәтте де екі қырынан танылады.

«Рославльдің шаһар іші ғана емес, сол жылы оның бүкіл айналасы да құлпырып кетті. Маусым айында қала маңындағы орман ағаштарының сұлу көркі жер жаннатына ұксайды. Алуан түсті бояуға малынып, жұз құбылады. Сұлулығына көзің де, көнілің де тоймайды. Баяу соқкан жел екпініне елбен қаққан жапырақ үні асыл жібек судырындар адам жүрегін қытықтап, бір рахат тыныштыққа бөлейді» [341-б.]. Фашистік Германия міне осындей мамыражай тыныштықты бұзып, бейбіт елге соғыс ашты.

« – Соғыс! Соғыс! Германия бізге қарсы соғыс бастапты...» деп, опыр-топыр жүгірген жүртты басу үшін завод партия үйімінде хатшысы Андрей Васильевич Беляев митинг ашады. Ол мінбеге шығып жиналған жүртқа әс-

керді азық-түлікпен қамтамасыз ету керектігін айтып, за-
вод жұмысшыларының алдағы міндеттерін түсіндірді.

Сол күні-ақ бүкіл коммунистерге әскерге шақырту
келіп жатты. Олардың ішінде Андрей Иванович те екі қы-
зын халқына аманаттап әскерге кете барды.

1941 жылы екінші августа қаланды неміс фашисттері ба-
сып алды. Олар қалаға келген бойда өз тәртіпперін жургі-
зе бастады: «Қала тұрғындары неміс командованиесінің
жана тәртібіне бағынуға міндетті. Қалада жасырынып
қалған коммунистерді, еврейлерді, совет солдаттарын ұс-
тауға көмектесіндер! Егер оларды жасырып қалған адам-
дар болса, неміс коменданттына хабарланадар. Осы тәртіпті
бұзған адамдардың бәрі сотсыз өлім жазасына бұйыры-
лып, дарға асылады» деп өз үндеулерін таратты. Олар бұл
айтылғандарды бұлжытпай орындады да.

Қалалық партия комитеті партия қатарындағы жастар
арасынан сенімді топ құрып, басқыншыларға қарсы ас-
тыртын жұмыс істейтін топ ұйымдастырады. Оның құ-
рамына Ліда Герасимована, Владимир Ольховты, Аня
Петрована, Ольга Тимофеевнаны, Нинаны тартады. Бұ-
лардың барлығы да Отанға адал қызмет ету үшін «Мен
Отан үшін бір қасық қаным қалғанша қызмет етемін. Бар-
лаушы қатарында болып, неміс-фашистерінен уақытша
басып алған жерді босатып алу жолында барлық қүшімді
жұмсаймын» деген тіл хат жазып береді. Осылайша Ліда
бірге тұған сіңлісі Зинаға айтпай, партияның тапсырма-
сын мұлт жібермей атқара береді.

Жау әскері басып алған жерлеріне өз әмірлерін жургі-
зе бастайды. Жергілікті халық ендігі жерде оларға жал-
данып қунелтүге мәжбүр болады. Күнделікті тамақты
табу мақсатымен Зина қаладағы теміржол комендатура-
сына үй сыпыруышы болып, Ліда өсімдіктен жасалатын
май заводында жұмыс болмай, асханаға жұмысшы болып
орналасады. Зина күні үшін кала комендантты Фольбердің
ашынасына айналып өзінің әлсіздігін танытса, Ліда оған
қарама-қарсы кейіпкер. Жазушы бір анадан ала да құла
да туатынын осы екі қыздың тағдыры арқылы нанымды

бейнелеген. Асханада екі айдай жүріп өзінің дәмді тамақ дайындауымен көзге түскен Лиданы генерал Рихтер өзіне жеке аспаз етіп алады. Неміс тілін мектепте жүргенде еркін игерген Лида аспаз бола жүріп, немістердің құпияларына қаныға түседі. Генералға келіп-кететін, бірге тамақ ішетін адамдардың әңгімелерін партизандарға жеткізе жүріп, аэродромға алып келген техникалар мен қару-жараптарды бомбалату да осы қаршадай Лиданың тірлігі. Ол өз басына төнген қауіптен қорықпай, Отан үшін көzsіз батырлық әрекеттер жасап, көрген-білгенін дер кезінде жеткізіп отырады. Генерал Рихтерге аэродромға тамақ апарып берген болып, ол жердегі самолеттер мен зенит зенбіректерінің қай жерге қалай орналасқанын мұлт жібермей көнілге тоқып, көрген-білгенін сол қалпында партизандарға хабарлайды. Партизандар ақпаратты алған күні-ақ ертеніне қалдырмай сол жерді бомбалап немістерді мол шығынға ұшыратып отырады. Тіпті Батыс майдандағы әскер бөлімдерін Шығыс майданына әкеле жатқанын, қай күні қай эшолонға қандай қару-жарақ артатынын, келесі келетін зенит зенбіректерін аэродромнан жыраққа апарып, көзден таса болу үшін жермен бірдей етіп орналастыратынын да генералдың әңгімесінен естіп алған Лида партизандарға сол күннен қалдырмай хабарлайды.

Партия комитеті астыртын жұмыс істейтіндерді бірбірінен құпия ұстағанмен, вагон жөндөйтін заводтағы инженер Володя, аудармашы Алтай Сырымбетов, аспазшы Лида, фельдшер Аня «Мылтық», «Автомат», «Зенбірек» деген парольдар арқылы бір-бірімен кездесіп, партияның тапсырмасын бірлесе атқарады.

Жазушы кейіпкер бейнесін басқа кейіпкерлердің сипаттамасы, мінездемесі арқылы да толықтыруды мақсат етеді. Оны Мария Павловнаның округтік полицияның бастығы Артемовқа берген мінездемесінен байқауға болады: «Ол дүниенің тузу кезінде де көзі қызыарып, қасқырға ұқсап, біреуді жеп қоятындаі боп жүретін, қолына билік тиген соң, кімді аяйды ғой дейсің. Өзі мына осы жердегі кулактың баласы» [384-б.]. Басқыншылар совет өкіметіне

наразы кісінің қолына билік беру арқылы өз дегендерін істеп бағады. Себебі ол – шаш ал десе, бас алатын баскесер. Артемов немістердің тапсырмасы бойынша деревнялардан азық-түлік, тон жинап оларға жағына тұседі. Қасына он шақты полицай ертіп, Г.Деревнясындағы қамбадағы астықты алып кетуге келген Артемов қамбаның есігі шалқасынан ашылып, қамбада бір дән қалмағанына таң қалауды. Оны қасындағы аудармашы Алтайдың айтуы бойынша сол түні партизандардың алып кеткенін қайдан білсін.

Жазушы жекелеген эпизодтар арқылы кейіпкерлер болындағы ерекшеліктерге де назар аударып отыруды жөн санаған. Мәселен Генрих Гейненің өлеңдер жинағын оқып отырып, Әбділда Тәжібаевтың «Сырдария» өлеңін окуы Алтайдың әдебиетке жақын екендігін байқататын эпизод. «Өз жерінді, өз суынды, өз елінді, міне, біздің Әбділдадай сүйе біл», деді Алтай ішінен жырдың соңғы шумағын айттып болып.

Бұл өлеңнің аяғы қиялға айналып, Алтайды еріксіз өзінің туып-өскен Ертіс баурайына, Алтай тауына алып кетті» [423-б.], – деген үзінді Алтайдың Қазак даласынан барған партизан екендігінен хабар береді.

Ал: «Нинадан ертеңіне тұс ауа хабар келді. Оның айтуынша, жаудың жазалаушы тобы ертең таң сәрісінен Ворга поселкасын басып, тұс кезінде Ершичи қаласына барып жетпек. Кешке таман Артемовка, Трансо-Исаево деревнялары арқылы Сукромля деревнясына бармак. Онан әрі қарай баратын жолы белгісіз. Еш жан білмейтін көрінеді. Бұл хабардың бірде-бірін шашау қалдырылмай, сол күні-ақ, партизан командирлеріне жеткізілді. Оның ертеңінде, дәл Нинаның хабарлаған мезгілінде, сол көрсетілген маршрутпен орманға қарай жаудың жазалаушы тобы жүріп кетті деген хабар бүтін қала тұрғындарына белгілі болды» [427-б.], – деген үзінді партизандардың көзі мен құлағына айналған жандардың деревня ішінде басқыншылармен бетпе-бет жүргендігіне мысал. Партизандардың ел ішіндегі сенімді өкілдері ел мен жерді басқыншылардан азат ету үшін олардың әрбір ісі мен алда-

ғы жоспарларын қалт жібермей қадағалап, дер шағында жеткізіп отырады.

Орманда жатқан партизандардың өздерінің әрбір ісін көріп-білгендей бақылып отырғандығынан сезіктенген басқышылар жергілікті тұрғындардың бәріне үрейлене, күмәндана қарап, құдіктілердің артына тыңшыларын салып қояды. Өздерінің артына адам түскенін сезген Ліда: «...сол күні-ақ барлық барлаушыларды өте сақ болуға шақырды. Ол өз манайындағы жұрттың үнін қас қақпай тындаумен, байқаумен болды. Жау қаланың өзінде де ойранды бастады. Көрінген кісіні ұстап алып, ату-асуды көбейтті. Қолына түскен адамдардан жөн сұрамай, жабық машинаға бүктеп апарып тығып жіберетін болды. Өз адамдарынан осы дүбірлі күндерде жүріп-тұруды азайтуды талап етті» [427-б.].

Жазалаушы топ партизан отрядтарына қарсы ұрысты он күннен аса жүргізіп, көп шығынға ұшырап, арып-ашып қалаға қайта оралды. Олар партизандарды түп-тамырымен құртып-жойдық деп көкіді. Міне, осы кезде бірінші, екінші, ушінші Клетня партизан бригадалары темір жолдарды әр жерінен бұзуға кірісті.

Қаладагы жаңалықтарды дер кезінде жеткізу үшін Петька мен Алексейді радиокабылдағыштарымен қалаға жіберуге тұра келеді. Антонина Ивановнаның үйіне тоқтаған бұл екеуі талай ақпаратты партизандарға жеткізіп үлгереді. Иішшілдердің таяқ астында қалған оларды өздерінің сенімдеріне кіріп алған неміс солдаттары құтқарып қалады. Тінту-тексеру көбейе бастаған соң, бастарына қауіп төнгенін сезген олар кемпірдің көмегімен орманға қашып құтылады.

Жазушы практизандардың «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын» ертегі кейіпкерлері емес, ет пен сүйектен жаралған пенде екенін жадында ұстап отырған. Сондықтан, олардың әрекеттері де түрліше. Мәселен, Алтайдың көмегімен қамаудан қашып шыққан Павел Соломонович аштыққа шыдамай өзін ұстап береді. Кешке дейін шыдамай, сиыр сауып журген әйелден наң сұраймын деп

партизандар көмеккө келмей жатып қайта қолға түседі. Тепкінің астында қалған Павел көп қинаудың бірінде «Чистяков» деген фамиляны айтқаны сол екен, жауыздар Нина Чистякованы тұтқынға алады. Нина олардың айуандығына шыдай алмай, тергеудің бір ауыр түрінде – Бізді басқарып жүрген бас барлаушы – Лидия Андревна Герасимова, – деп айтып салады. Осылайша Лиданың Генерал Рихтердің сейфіндегі картаны ұрлап алғаны әшкере болып тұтқынға алынады. Қоріп отырғанымыздай, партияның тапсырмасын әркім әртүрлі орындардан бергенде оның тәжірибелілігін салғанын көркемдік қиялдан гөрі шындыққа жақын.

Бұл кезде Алтай мен Володя Аня мен Рудольфты алғып қаладан қашып шығады, бірақ Лида басқыншылардың қолында қалып Отан үшін азаптың барлық түрін тартады. 1943 жылдың август айының бір күнінде фашисттер Лиданы кала зиратының басына алғып барып дарға асады:

«– Қандай тілегің бар, – деп сұрады.

– Жасасын коммунизм!... Сендердің де дарға тартылар кездерін жақын қалды, жауыздар, күресі жа... – дей бергенде соңғы сөзінің аяғын айттырмай, кендір арқан Лидия Андреевнаның денесін жоғары қарай созып, тартып бара жатты... Бір күн өткен сон достары ұрланып барып, оның денесін сол зиратқа жерледі» [486-б.]

Осыдан кейін тұра қырық күннен соң Алтай Сырымбетов, Владимир Ольхов, антифашист Рудольф және басқа достары қаланы басқыншы жаудан босату шабуылына қатысып, жауды батысқа қарай құсыра жөнелді.

Неміс әскерінің ішінде жүрген чех, поляк жігіттерінің өзі де басқыншылыққа қарсы. Хикаядағы Рудольф, Антон сынды жігіттердің астыртын партизандар жағына шығып кетуі гестапа әскерінің күшпен жиналғанынан хабар береді. Басқыншылық әрекетке қарсы болған осындай жандар «орыстардың Гитлерге қарсы күресіне қолым-

нан келгенше көмек көрсеткім келеді» деп, жолын тауып кенес әскеріне қарай ауысып кетеді. Рудольф темір жол вокзалағына барған болып, ол жердегі бүкіл жаңалықты партизандарға жеткізіп, әскер мен әскери техника тиелген эшолондарды дер кезінде Аня арқылы көрсетіп беріп жүреді. Тіпті жерге түсіп қалған неміс әскерінің хатындағы Москва жақтан қайтарылған әскерді Харьков жаққа жіберетіндігін де олар біліп алады.

Жазушы жау тылындағы партизандар санының күн санап өсіп отырғандығын басқыншылық әрекетке қарсы кейбір неміс солдаттарының партизандар жаққа өтуімен, неміс тұтқындағы кенес әскерінің құтқарылуымен, басқыншылардан жәбір-жапа шеккен жергілікті халық өкілдерінің партизандарды панарап орманға келуімен суреттесе, партизандардың жау тылында жүріп оларға шексіз зиян келтіргендігін қару-жарақ, әскер, азық-түлік тиелген вагондардың қисапсыз киаратылуы, темір жол рельстерінің үздіксіз миналануы, көпірлердің бұзылуы арқылы нағымды бейнелеген.

«Партизан қызы» хикаясы: «1941 жылдың июні. Совет армиясының Н. бөлімі Брест қаласынан жиырма шақырым жердегі үлкен селога орналасқалы бес-алты ай болған-ды. Баталон штабында бір тәулікке жуық көз ілмей, орта бойлы, кең иықты, жүзі қатыңқы келген, қара торы жігіт біресе стол үстіндегі беті ашық жатқан кітапқа үніліп, біресе телефоннан жауап қайтарып отыр. Кезек ауысатын уақыты жақындағанын білгісі келді ме, қалтасынан сағатын алғып қарай бергенде, телефон ұзак шылдырады.

— Сізді тындалап тұрган кезекші кіші лейтенант Ақәділов, айта берініз, — деді де, өні бір қуарып, бір қызырып, даусы дірілдеп шықты.

Сөзін бітірген Жылбек:

— Герман фашистері соғыс бастапты. Роталар тез қамдаңып, жауға тойтарыс беруге дайын болсын. Қосымша бүйрекшілік батальон командирінен күтсін. Ал, тез өз роталарыңа хабарланадар, — деп полк штабының бүйрекшілік

ғын айтты», – деп басталады (Әди Шәріпов. Таңдамалы. Бірінші том. Повестер. – Алматы: Жазушы, 1982. – 12 б.).

Міне, бұл хикаядағы оқиға да Соғыс басталған сәттен басталады. Алғашқысы бейбіт халық тіршілігімен басталса, мұндағы оқиға әскер өмірімен бірге өрбиді. Жазушы соғыс басталған сәтте бейбіт халық пен әскерде жүрген жауынгерлер арасына бірдей ала құйын алып келгендігін жекелеген шығармалары арқылы нактылай түсті.

Штабқа ентіге кірген батальон командирінің – Шапшан, тревога беріңіз!, – деген бұйрығын орындаған Жылбек кезектен босаған соң, бөліміне келе жатқанда Қазақстаннан шекараға жақында әкелген сүйген жары Жамал түсті. Бұйрық бір сәтте орындалып, көзді ашып-жұмғанша Жылбек Жамалмен қоштасып та үлгерді. Аяғы ауыр Жамал офицерлер отбасыларымен бірге елге қайту үшін Брестке баратын машинаға отырады.

Мұлгіген тыныштықтың аяқ астынан ойранын шығарған «Жендеттер самолетінің астынан тобықтай болып үзіліп түсken бомбалар жерге жақындағанда үлкен бөренедей ысылдап келіп, бейбіт жатқан жердің қыртысын ойдым-ойдым қып, шаңын аспанға шығарып, әлемді күн күркірегендей етір жіберді» [13-14-б.]. Ел мен жерге қауіп төнген кезде алғашкы кезекте әскери борышын өтеп жүрген солдаттар мен қатардағы коммунистер сапқа тұрды. Бейбіт өмірде ан, не құс атып көрмеген өндірдей жастар қолдарына қару алып басқыншыларға қарсы шықты. Өмір мен өлім беттескен сәтте олардың алдында бір-ак таңдау тұрды. Ол – не өлім, не өмір. Жауды өлтірмесен, ол сені өлтіретінін түсінген олар өз бастарын ғана емес, Отанын жаудан қорғау керектігін түсінді.

Күні бойғы атыстан кейін түн ішінді Жылбек взводы корғанысты тастав кейін шегінетін болды. Үздіксіз айқас кезінде шегінген полктің штабын қорғайтын Жылбек взводы полктан көз жазып, аз адаммен қоршауда қалып кояды. Оншақты жауынгерімен Барановичи облысындағы бір орманға еніп кеткен. Соғыс басталған жылдың декабрінде жау қоршауында қалған совет азаматтарынан құралған

ат тәбеліндегі шағын-шағын партизан отрядтары әр түрлі жолмен келіп осы Клетня орманында тоғысқан. Тимофей Михайлович, Павлик Смирнов, Әлім Тілеулин, Петъка, Батырхан, Мәжит, т.б. бір тілек үстіндегі совет азаматтары.

Федор карт партизандар штабына атылуға ұйғарылған қырық шаруаны құтқаруын сұрап келеді. Азық-түлігі таусылған партизандар басқыншылардың қолына өткен қамбаның құзетшілерін өлтіріп, астықты қолдарына түсіреді. Неміс әскеріне тұтқыылдан шабуыл жасап, олардың оқ-дәрілерін тартып алып, тұтқындарды босатып отырады. Басқыншылардың зорлығын көрген тұтқындардың барлығы да партизандарға қосылып, олардың тобын көбейген үстіне көбейте түседі. Олар орман ішінде неше ай аш жүргендеріне қарамай Петр Лебедов пен Коротченконың басқаруымен фашистерге әлсін-әлсін шабуыл жасап оларды шығынға ұшыратып, ілгері басқан аяқтарын кейін шегіндіртіп әлекке салады.

«Тұнімен көз ілмеген партизандар шала-пұла тамақтағып алды да, үстіндегі киімдерімен біріне-бірі қисайып, үйқыға кірісті. Бұлардың монша көрмегендеріне талай уақыт өтті. Ишкі киімдері кірден тұтқыштай қап-қара» [41-б.]. Неше ай далада жүрген партизандардың ақ жағалы жейдеден гөрі осылай жүргені шындыққа жақын. Бұл жағынан алғанда жазушы шындықты бұрмаламай, сол қалпында бейнелеуге тырысқаны белгілі. Василий Зарецкий мен Жылбек Ақәділов роталарының жазалаушылармен күресі де шығарманың шынайылығына қызмет етеді. Екі жақтың қардай бораған оғынан аман қалған жау әскерінің қарсыластарына бағынып қол көтеріп берілуі, жазалаушылардың минадан қорқып алдына тұтқындарды салып отыруы, көгілдір экраннан көріп жүрген көркем фильмдерімізді көз алдымызға елестетеді. Он шақты күн партизандардың қыр сонынан қалмаған фашистердің жазалаушы отряды оныншы күн дегенде сап тыйылып, кейін қайтып кетеді.

Оқырманның есінде ұзак сақталатын кейіпкердің бірі – Жылбек Ақәділов. Дубровка деревнясының күншығыс

жағына майданнан зақымданып қайтқан жау самолетінің еріксіз қонғанын, экипажының самолет жаңында жүргенін көріп, олардың экипажындағы радиоқабылдағышты қолға түсірмек болған Жылбек Ақәділов жігіттерінің немістермен қақтығысы, Будвиец деревнясын тонап бара жатқан жау әскерін қолға түсіруі, тапсырмаларды тиянақты орындауы – оның ерлігін паш етер эпизодтар.

Барановичи станциясына жете бергенде бомба астында қалған Жамал Минск облысына таяғанда жолдастарынан ажырап қалып, жаяу жалпы Будвиец деревнясына жетеді. Жылбек пен Жамал қайта табысып, Жамал аяғы ауыр болса да партизандарға еріп орманға кетеді. Партизандардың ортасында туылған қызға олар «Мая» деп есім қояды. Жазушы Маяны отбасының, бейбітшіліктің символы ретінде алған. Жау әскерімен қатты қақтығыс кезінде Маяны бауырына басқан Жамалдың партизандардан көз жазып қалуы, оларды Рябушин қарттың үйіне паналатуы, Жылбек пен Мәжит бастаған партизандардың Жамал мен Маяны ізден табуы, өткелде Маяның суға кетіп қала жаздауы, оны Павликтің құтқарып қалуы сынды эпизодтар оқырманың қызықтыра түсірі даусыз. Орманда туған партизан қызының тағдыры кім-кімді де ойландырмай қоймайды.

Маяның сүйкімді құлқісі мен былдыrlаган тілі Женістің белгісі іспетті. Жау тырнағынан аман алған қалған партизандардың барлығы Маяның жолында өлуге даяр болса, Мая да оларды алаламай бәріне бірдей қыз болуга бейіл. Тілі шыққан Маяның – Партизан қызымын, – деп айтуы арқылы жазушы партизандардың арман-мұддесінің ортақ екенін көрсеткен. Ол – жауды женіп Женіспен елге оралу, отбасына аман-есен жету.

Жазушы шалғайдағы қазақ ауылынан келген Жамалдың тағдырдың тауқыметімен орман ішінде босануы, от пен оқтың ортасында жүріп шындалуы, жау тылына барлауға барып олжалы оралуы, колына қару ұстап жауға қарсы шығуы арқылы оның да партизандар ішінде жүріп, Отанын жаудан қорғауға өз үлесін қосқанын мақтан етеді. «Осындай араны ашылған ажал мен өлім үшін емес, өмір

үшін алысқан шайқастың нық ортасындағы от ішінде Жамал да кегін жіберер емес. Ішінен: Маяны Роман қарттың үйіне қалдырып, жауға қарсы аттанған Жамалдың да жаудан алар кегі бар еді. «Мая не болып жатыр екен. Кім білсін мұна қаптаған оқтың бірі жас сәбиді жалмап кетер ме екен» дегенде, жүргегі дір ете түседі. «Жоқ сәбидің жазығы не, өспей жатып өшетін», – деп, өзіне-өзі қайрат беріп қояды» [195-б.], – деген үзінді ел басына күн туған заманда жауынгер қазақ халқының қыздары да атқа қонып, жаумен шайқасқандығын растайды. Жамалдың Мәншүк, Әлия, Хиуаз сынды батырлар шыққан елдің қызы ретінде бөбекі үшін, Отаны үшін батыл әрекеттерге баруы қуантады.

Хикаядағы орталық кейіпкердің бірі – Иван Михайлович. Ол партизандарға көмек ету мақсатында немістерге қызметке орналасады. Сол өнірді жақсы билетін адам болғандықтан оны бургомистр етіп сайлап, әрбір үлкен елді пункттерде полицай бөлімшелерін үйімдастыруды тапсырады. Осы мүмкіндікті пайдаланған ол полицайға өз адамдарын өткізіп, немістердің басқан қадамын партизандарға жеткізіп отырады. Староста Дурновтың басшылығымен ел арасынан жиналған азық-түлік пен жылы тондарын Сукромля деревнясында партизандар тонап алып, қактығыс кезінде Дурнов қашып құтылады да біраз полицайлар партизандар жағына өтіп кетеді. Осының бәрін Дурнов пен Иван Михайлович Беляковтың мойнына іліп, өзін асып өлтіртеді. Бұл жерде Иван Михайлович жаудың назарын совет өкіметінің жауына аударса, Дурнов өзімен бақталас адамның көзін жоюды ғана мақсат еткені анық. Өзінен мандыртымды жауап ала алмаған подполковник Ранкенау оны халық алдында дарға асып жазалады. Совет өкіметінің қас жауының халық алдында дарға асылуын халық қолдамаса, еш өкінген жоқ.

Иван Михайлович Епишево деревнясындағы шіркеуге священник етіп сенімді адам Кузьма Сергеевичті тағайындейді. Келім-кетімі көп жерде кездесу сырт көзге күдік туғыза қоймас деген оймен олар шіркеуді де өз пай-

даларына асырады. Иван Михайлович өз шәкірттері Сережа мен Валяны да накты тапсырмалар беріп партизандар қатарына қосады. Олардың міндегі – күндізгі атыс-шабыстан кейін далада қалған жаудың кару-жарағын жинап-теріп партизандар қолына жеткізу.

Жау қоршауында қалған партизандардың бас сауғалап жата бермей, айнала қоршаған жауға тұтқылдан тиісіп, оларды қан қақсатып отыруы, барлаушылардың төніректе болып жатқан оқиғаларды мұлт жібермей, партизандардың жергілікті тұрғындарға дер кезінде көмекке баруы партизандар мен халық арасындағы байланысты қүшайте түссе, басқыншылдардың жазықсыз халыққа жасаған озбырлығы оларды өзіне қарсы әрекет жасауға итермелеп бақты.

Әлім бастаған партизандар тобы Артемовка деревнясының құншығыс жағындағы орманмен түн қата жүріп, орманның екінші жиегіне жеті-сегіз шақырым жол жүріп келіп, арқалаған жүктөрін темір жолды жағалай қойып шығады. Жылбек пен Павликтің темір жолға қойған миналары жау әскерін ғана емес, олардың кару-жарағын да құл талқан етіп, оларды мезгіл-мезгіл есенгіретіп отырды. Партизандардың бүлігінен шаршаған жазалаушы отряд жердің тілін білмеген соң, орман ішіндегі батпактарға кезігіп, әуре-сарсанға түсіп, өкшелеп күш келе жатқан партизандарынан көз жазып қалады.

Иван Михайловичтің айтудымен автобазада істейтін үш совет тұтқыны немістердің жөнделген машиналарының ішіне мина салып жарып жібереді де өздері қашып партизандарға қосылады. Осылардың бәрін Иван Михайлович істеп жүргенін білген подполковник Ганс Ранкенау оны тұтқынға алып бес күн бойы азаптап ешқандай жауап ала алмайды. Елдің алдында дар ағашына асып жатқанда:

«– Бауырлар, баки болындар! Қорықпандар адап ажалдан! Неміс басқыншылары жойылсын! Жасасын Коммунистік партиясы! – деп ұран тастаған бойы қыл арканмен жоғары тартылып кете барды» [113-б.]. Партизандарға осындаид ержүрек адамдар қол ұшын бермегендеге олар басқыншылардың жоспарын білмейтін еді. Жазушы пар-

тизандарға көп көмек көрсеткен жергілікті тұрғындардың ішіндегі партияға адал коммунистердің жанкешті ерлігін олардың өз істерімен паш етті.

Партизандар гитлершілерді жену үшін, оның тылындағы соғыстарды күшайте тұсу мақсатында майданға кетіп бара жатқан кару-жарақ тиеген, әскер тасыған поездарын мина қойып құлатып, жаудың тылдағы қоймаларын, темір жол тораптарын, көпірлерді талқандап, жау тылында булдірушілік әрекеттер жасаумен айналысады. Осы мақсатпен олар деревняларға барып үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, өз еркімен партизандарға қосыламыз дегендердің қолына қару беріп, Отанды жаудан қорғауға кіріседі. Партизандар саны күн санап көбейе бастаған соң оларға «Бірінші Клетня», «Екінші Клетня», «Үшінші Клетня» деген ат береді. Орман ішінде өз әскерлерінен адасып жүрген босқындардың да катарға келіп қосылуы, өз ротасынан көз жазып қалған дәрігердің Сергейдің аяғына операция жасап, оны ажалдан аман алыш қалуы, жеркілікті халықтың партизандарды азық-түлікпен қамтамасыз етуі – кеңес халқының басқыншы жауға бірлесе құрессенін айқындастырын эпизодтар.

Тамара Подгурскаяның Пригорья станциясынан алыш келген акпаратынан кейін «туған елінің әрбір ағашын бекініске айналдырған партизандар» жаудың өздерінен бірнеше есе басым екеніне қарамай, «атысса да, алышса да, алған бағытқа жеткісі» келіп, үлкен шайқасқа дайындалды.

«Ормандагы от» хикаясын автор майдандас достарыма ескерткіш деп атайды. Бұл хикаяны рельс үшін соғыс деп атауға да болады. Себебі мұнда да өзімізге таныс Тимофей Михайлович, Әбдіғали Төлегенов (Батырхан), Тамара, Жамал (қызы Мая), Жора, Павлик, Зарецкий, Ақәділов сынды партизандардың темір жол рельсі бойындағы соғысы суреттеледі. Әрбір партизанның темір жолға тол қоюы, жарғыш капсюльді пайдалануы, шнур тұтандыруды жетік білуі арқасында жауды мол шығынға ұшыратады. «Панасы – орман, серігі – түн» болған, кен даланың құсына ұксайтын партизандар басқыншыларға жергілікті халықпен

бірлесе күрес жүргізеді. Мұнда «Үлкен жердің» тапсырымасы бойынша партизандар рельс соғысын бастайды.

Берлин өз әскерінің тылындағы Н. қаласына әккі оффіцер Ранкенауды жіберген болатын. Оқиға өзі сақ, қырағы Ранкенаудың жұмысқа келген бойда стол тартпасындағы қағаз бетіндегі шаңнан өзге біреу қолының ізі түскенін байқап, дереу бөлмені тексертуінен басталады. Тексерушілер диван ішінен бір, темір пеш ішінен екі, стол тартпасындағы қағаз астынан бір мина тауып алады. Бұл миналарды партизандардың қай уақытта қойып кеткенін білмей антарылған ол әр нәрсеге сезіктене қарайды. Бұл жерге кіретін бір-ақ адам бар. Ол – тамақ тасуышы қызы. Бірақ одан мұндай шығады деп ойламаған олар жаудың қай жақтан келіп қаларын білмей дал болады. Осы сэтте партизандардың су қоймасының күзетшісін өлтіріп, оны мина қойып жарып кеткені мәлім болады. Осылайша олар ауыз суға зар болып, оны тездетіп жөндеуге кіріседі. Әккі подполковник дереу қаладағы бар еркек біткенді аланға жиып, арамызда жүрген партизандарды ұстап беруін талап етеді. Елді қорқытып өз дегенін жүргізуді көздеген подполковник өзіне тұра қараған бір адамды сол жерде қолма қол дарға асып, екі құлагын кесіп олардың алдына лақтырып тастайды. Сейтіп олардың ішінен Владимир Хомяковты өзіне алдырып түндегі оқиғаға катысты не білесін деп тексере бастайды. Володядан мардымды ештene ала алмаған соң оны босатады. Володя үйіне келсе, есік шалқасынан ашық жатыр. Көршілерінің айттысына қарғанда күндіз неміс әскері келіп, кемпірді партизандармен байланысын бар деп әбден қинаған, зорлаған, тіпті арқасынан жүлдізша етіп ет кесіп алған. Қансырап жатқан кемпірге дәрігер шақырады. Көмек көрсеткен дәрігер баласына адам болар-болмасы екі талай деп, көрші кемпірге оның жүрек соғысы әлсірегенін, адам қатарына қосылмайтынын жасырмай айтып кетеді. Көрші кемпір Володяның қасында күйбендең жүргенмен мола басына баруға немістерден бата алмайды. Ел ішінде ат-арбаның жоқтығынан Володя шешесін қол арбамен жалғыз сүйреп

апарып жерлейді. Бұл оқиғалар қала халқының басқыншыларға тегіннен-тегін кектенбейтіндігін ашуға қызмет етеді. Күні бойғы сұрақ-жаяуп Володяға біраз ой салса, анасының жазықсыздан-жазықсыз басқыншылардың азаптауынан қаза табуы, жолда қүзетшілердің табытты аштырып, анасының мәйтін аударып-төңкөріп тексергені оған үлкен кек болып байланады. Дұшпанынан кек алуғаbekінген ол қолынан келгенін істеуге бел шеше кіріседі.

Қойылған минаны әшкерелеу үшін Ранкенең ақ көйлекті жігітті дарға асты, жазығы жоқ кемпірді бейнетпен өлтірді, көп адамды залогпен тұтқынға алды. Гестопа бастығы өзінің қанішерлігін елге осылай әшкерелеп жатқанда, қойылған минаның жарылмай қалғанына өкінген партизандар «Атқан оқ нысанана тисін; қойылған мина жарылсын; ұшқын шашсан, өрт болсын! Жеміссіз адам болмасын!» – деген қорытынды жасап жатты.

Тамараны Н. қаласына Беседь өзеніндегі темір жол көпірін бақылауға жібереді. Оның міндеті – сол көпірді құзеттін неміс бөлімшесінің қүшін, дот, дзоттарын, мина қойылған жер мөлшерін білу болса, Жамалдың міндеті – Беседь өзенінің шығыс бетіндегі бес километр шамасында орналаскан Бони разъезіндегі жау қүшін анықтау. Тамара мен Жамалдың алып келген акпараты партизандардың жоспар құруына көп септігін тигізіп, олар темір жол бойындағы басқыншыларға тікелей шабуылға шығады.

Батырхан мен Павлик ұстаған жансыздарынан біраз мәлімет алады. Қолға түскен жансызben арпағысы, қарсы келіп қалған жаумен шайқасу, жазалаушылардың төпеген оғының астынан аман шығуда ысылған партизандар өмір мен өлім беттескен сәтте шұғыл қимылдар жасауға шебер.

Оқиғаға қатысатын негізгі кейіпкердің бірі – Шура. Темір жол асханасында жұмыс істеп жүрген ол партизандарға Сталинград майданында тойтарыс алып, кейін шегінген жау әскери, енді Орел Курс қалаларының маңына шоғырланып жатқанын дер шағында жеткізіп отырады. Шураның жанкешті ерлігін үйінің шатырына шығып, радиоқабылдағыш арқылы: «Н. станциясына жаудың бір-

неше эшелоны келіп тоқтады. Франциядан келе жатқан екі эшолон әскер, қалғаны әскери техника (танк, артиллерија). Офицерлердің айтуынша, бара жатқан беті Орел қаласы мен Курск қаласының бағыты. Мүмкіндігінше, алдымыздың түні самолет келіп бомбалайтын болсын. Біздің самолетке беретін белгіміз – жасыл ракета. Жауабын тұнгі ондағы сеансыда хабарлауынызды сұраймын. Барлық жолдастарға көптен-көп сәлем. 30-нөмір», – деп хабарлауынан да байқауға болады. Басына қандай қауіп төніп тұрғанын сезсе де ол түнде екі минуттық байланысқа шығып, тұнгі бір шамасында самолеттерге белгі беру керектігін анықтайды.

Темір жолда тұрған составты құл талқан етіп бомбалап кеткеннен кейін, радиоқалдағыш арқылы хабар берілгенін сезген басқыншылар ертеңіне үйме-үй жүріп тінту жұмыстарын жүргізеді. Шураны сенімді адам деп түсінген олар оның үйін тінтімейді, бірақ ол кезде радиоқабылдағыш үй сыртындағы төбешіктे жатыр еді. Сезікті адамның қай жерден белгі бергенін білген олар үйретілген овчаркаларын ізге салғанда, жазықсыз өз салдаттарын ұстап береді. Франциядан шыққаннан қалтасында келе жатқан ракета мен ракетницасын дәлелдей алмаған жазықсыз солдат иттің қателігінен дарға асылады.

Радиоқабылдағышпен хабарласу қауіпті болған соң, Шураны іздең келген Тамара оған кешкі сағат сегізде «Орман патшасының» өкілімен кездесуі керектігін айтып хат тастап кетеді. Тамара, Шура, Володялар бір-бірімен «Ай», «Күн», «Жер» парольдері арқылы табысып, Яков картпен бірлесе отырып, алдағы іске жұмыла кіріседі. Володя қолына белгілі уақытпен жарылатын мина түссе, анасының кегін қайтаруға бел байлап жүргенде оны Тамара іздең келіп, көктен сұрағанын жерден тауып береді. Володя вагондарды тексерген болып жүріп, жанар май цистернасының бір қуысына мина тығып жібереді. Барлауға келген Тамара Яков қарт пен Володяның көмегі арқылы Белинковичи станциясы мен Бони разъезіндегі жаудың қарулы күшін анықтайды.

«Шура міне жұмысына күндеғісінен ертерек келген. Асхананы айнадай етіп сыйыру, стол үстін беліне қыстырған ақ орамалмен таза сұрту, жалпақ қалайы табаққа төрт бұрыштап тілінген кесек-кесек қара нанды қалау, стол басы төрт жерден шанышқы, пышак, қасық әкеліп қою – Шураның әдеттегі көрнекті ісі. Мұндағы өткінші қожаларға Шура осындай таза жұмысымен жаққан, сенімдеріне де кіріп алған. Немісше тілге жетіктігі және бар» [313-б.] деген сипаттама Шураның бейнесін толықтыра түседі.

Яков қарт пен Володя сияқты, ержүрек Шура тәрізді жау алқымында тұрған партизан штабының жасырын саусақтары олардың тірек пункттері еді. Володяның темір жолдан естіп келген тағы бір жаңалығы «– Бұғін түстен кейінгі хабарға қарағанда, түрмедегі жатқан біздің жігіттерді тексерусіз, сotsыз ататын болыпты. Кеше түстен кейін оларды қаланың шетіндегі былтыр жанып кеткен түрменің қарсы алдындағы, бұрын астық құятын қамбаға апарып қамаған көрінеді. Ранкенаудың ондағы ойы – олардың атылғанын қала халқына білдірмеу» [318-б.], – еді.

«Орман патшасына» хабарласатын уақыт тығыз болғандықтан тұтқындағы жолдастарын ажал аузынан арашалауға Володя мен Яков қарт өздері аттанады. Сол күні асханада неміс әскері ойын-сауық құрып, Ранкенау Шураны иемденіп қайта-қайта биге шақырып жүргенде олар мылқау мылтықпен күзетшілерді өлтіріп, тұтқындарды орманға қашырып жібереді де мылтықтарын жасырып, үйлеріне келіп жата қалады.

Володя сонына тыңшылардың түскенін біліп, «Орман патшасымен» иті Тигрды байланыстырып отырады. Тигр екі жақтың хатын тасып жүріп, көзге түсіп оққа ұшады.

Бұл кезде Жамал да өз тапсырмасын орындалп разъезд жаққа барып керек мәліметтерін жинап алады. Жамалға қол ұшын берген Тамара Подгурскаяның жіберген қариясы оны келінім деп ертіп жүріп-ак талай шаруаны тындырады. Жазушы бұрын соғыс көрмеген жандардың бойында корку, үркү сезімдерінің болатынын да ұмытпаған.

Оны разъезге үлкен тапсырмамен бара жатқан Жамал бойындағы қорқыныш сезімінен байқауға болады:

«— Сен, шырағым ұндеңей қалдың ғой? Өңің бірде қызырып, бірде қуан тартып, қобалжып келесің. Тегі қорқып, разъезге бару-бармауды ойлап, өзің екі ойлы болып келе жатырсың ба, қалай? Исті қолға алғаның шын екен, онда нede болса, тәуекел деу керек, шырақ! – деді қарт қайратты үнмен» [331-б.].

Жау ордасынан мол мәлімет жинаған Жамал мен Тамара түні бойы тоқтамастан сүйт жүріп, ауыр жолды еңсеріп, таң атқан соң ит тұмсығы батпайтын орманның ішіне кіріп аялдады. Күндіз жүру қауіпті болғандықтан партизандар түнде ғана жұмыс істеуге дағыланған. Дегенмен жазалаушы отрядтың бұл жерден шегінгенін білген олар біраз тыным алған соң қайта жолға шығады. Олар жолда аялдаған деревняларында басқыншылардың қанішерлігіне күә болып, оларға тістерін қайраған үстіне қайрай түседі. Корғаны жоқ шал-кемпірлердің үйін тонап, қалғаның өртеп кетіп бара жатқан басқыншылардың бұл әрекеті – партизандарды қолына түсіре алмағандықтан «ашуын тырнадан» алу еді.

Жоғарғы штабтан полковник шенін алған Ранкенау енді жұмысқа құлшына кіріседі. Бұл кезде партизандар Жамал, Тамара, Володялардың алып келген мәліметтері бойынша Беседь өзенін кесіп өтетін темір жол көпірін бұзуға дайындық жасалып жатыр еді.

Бұл хикаяда біз өзімізге таныс партизан қызымен және кездесеміз. Ол жөніндегі авторлық ұстаным: «Мая қолдан қолға көшеді, бірдің емес, көптің жұбаныш, ермегі де сол. Бейбіт күн белгісі, үй, семья дегеннін белгісі де – сол Мая» [348-б.], – дегенге саяды.

Жазушы табиғат суреттерін де орынды пайдаланған. Жау самолеттерінің партизандардың жатқан жерін анықтап бомбалаймыз деген күні күннің көзі ашылмай самолеттар күннің қолайсыздығынан әуеге көтеріле алмай жатқанда партизандар мекендерін ауыстырып үлгереді.

Осының өзінен туған жердің табиғаты да өз перзенттеріне қарасып жатқанын байқауға болады.

«Аспанды торлаған кара бұлт батальондармен бірге ілесіп, бірге қатуланғандай. Қараңғылық жан-жақтан түнеріп, жерді басып тұр. Қатая түскен жел де ышқынып, күтпеген жерден үйірле соғып кетті. Табиғаттың бұл құбылысы да жаудың алқымынан алып, оны мынау партизандармен қосыла бірге қылқындырғалы тұрған тәрізді» [350-б.], немесе «Жел дауылға айналды. Ышқынып, үйірліп, ойнак салып ішін тартып тұр... Жерге етпетінен жабысып жатқан Володя ішінен: «Соқ дауыл! Соға тұс! Сен де көмектес бізге» – деп қалды» [351-б.] деген жолдар жауға қарсы құресте табиғаттың да септігі тигенін байқатса, үлкен шайқастан кейін ауа-райының мейірлене түсіі көнілге қонымды: «Шаңқай тұс. Күн шайдай ашық. Тұған жердің биязы әуесі жанға тыныш, көнілге тоқ, мұлгіп қалыпты. Баяу соққан самал жел құмістей сыңғыраған орман жапырақтарын ақ бас толқындаі тенселтіп, женіл, сазды бір күй шертіп тұрғандай көрінеді. Жел үні саусактарынан бал тамған өнерлі күйшіге ұксайды. Дәл осы бір күн – бейбітшілікті елестеткендей, келешек тыныштық өмірдің нышаны іспеттес еді». Бұл сурет табиғат аナンың күнәсіз перзенттерінің женісіне деген қуанышын байқатқандай әсер берері даусыз.

Шешуші шайқаста полковник Ранкенаудың Володяның колына түсін де құптауға болады. Себебі ол анасының қанын жүктеген қанішер. Ендеше басқыншылық әрекеттеріне ар мен зан алдында жауап беруі орынды. Бұл қолға тірідей түсірген Володяның анасының бейіті басында берген антымен ұштасып жатыр. Тимофей Михайлович командованиенің тапсырмасын орындағанына риза болғанмен, шайқаста Тамара мен Павликтің жаракттанып қалғанына қобалжулы.

«– Жолдас командир, сіздің тапсырманың бойынша Павлик пен Тамараның жарасын көріп шықтым. Ешқандай қауіп жоқ, екеуі де тәуір болады, – деді бригада дәрігері.

Дәрігердің бұл жақсы хабары Тимофей Михайловичтің онсыз да көтерінкі көңілін онан арман өсіре түсті.

– Бұл жерде көп аялдаға болмайды. Ілгері қарай жүрген жөн, – деген бұйрық болды. Партизандар жүріп кетті» [354-б.].

Жазушы осындай алмагайып заманда да жастардың болашаққа сеніммен қарауын Лида мен Владимир, Шура мен Володя, Жамал мен Жылбек, Тамара мен Павел линиялары арқылы жадында ұстап отырған.

Автор Қазақстандық жауынгерлердің қазақ екенін, Қазақстаннан екенін естігендердің барлығы Қазақстан деген жердің бар екенін, қазақ деген елдің бар екенін біллетінін де жадында ұстап отырған. Себебі бұл кезде кеңес жауынгерлері жыр алдыбы Жамбылдың «Ленинградтық өренім» өлеңін жатқа айтатын еді. Сталинград түбінде ауыр соққыға душар болған басқыншылар амалсыз артқа шегініп бара жатты. Кеңестер Одағын тізе бүктірмек болып, ентелей кірген басқыншылар Беларуссия ормандарының әрбір талы мен ағашы өздеріне қарсы тұрып айбат шегетінін, кеңес жауынгерлері қасық қаны қалғанша күресетінін білмей, қатты соққыға душар болып, көп шығынға ұшырап кейін шегінеді.

Әди Шәріповтің жоғарыда сөз болған шығармалары Беларусс жеріндегі партизандар мен жергілікті тұрғындардың басқыншы жаумен құресте жанкешті ерлік көрсеткенін шынайы бейнелеген туындылар. Қаһарман партизан өзіне пана болған Беларуссияның Мухин орманының әрталы мен ағашына жан бітірді. «Екінші Клетня» партизан бригадасы комиссарының орынбасары Ә.Шәріпов аталаған шығармаларында майдандас достарының шынайы бейнесін жасап, Отанды жаудан корғау жолындағы партизандардың өшпес ерлігін паш етті.

МЫРЗАБЕК ДҮЙСЕНОВ **(1928-1988)**

Дүйсенов Мырзабек Төлегенұлы – әдебиеттанушы-ғалым, сыншы, жазушы. Ол 1928 жылдың 20 желтоқсанында Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, 1-Май ауылсоветінде дүниеге келген.

Әдебиеттанушы-ғалымның әдебиетке келуі тегінен-тегін емес. Оның өзіндік бірнеше себептері бар. Біріншіден, өскен ортасы, екіншіден, Құдай берген тума талантты болса, үшіншіден, сол таланттын құтіп-баптай білген еңбекқорлығы еді. Ол жөнінде автордың өзібылай дейді: «Бұл жақта Шораяқтың Омары, Ешниязұлы Жұсіп, Тұрмағамбеттің өлеңдерін жұрт дәптерге көшіріп алып, қолдан-қолға таратады еken. Бір дәптер менің де көліма түсті. Термелерді жаттап алды...

Құрманғазы, Соқыр Есжан, Сейтектің оннан аса күйін үйреніп алғам, ел ішіне тараган халық әндерінің бәрі болмаса да көбісін білем. Домбырашы, күйші болсам деген арман пайда бола бастады». Сыр өнірінің тумасы қобызшы Нышан мен жырау Раҳмет Мәзходаевтардың аузынан шыққан жыр, термелерді жаттай жүріп өзі де домбыра үйреніп, жүрген жерін той-думанға бөлейтін әнші жігіт атадан балаға мирас болып қалған жыршылық, күйшілік, әншілік, шешендік өнерді жалғастыра білген өнерпаз да болды.

Әдебиетке деген осындағы құштарлық оны Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне алып келді. Университетте ауыз әдебиетінің білгір маманы Мұхтар Әуезовтен тындаған мәнді де мазмұнды дәрістер болашақ әдебиетшіні ұлттық құндылықтарымыздың астарына үнілуге жетеледі. 1948 жылы Республикалық «Лениншіл жас» газетін-

де төртінші курс студенті Мырзабек Дүйсенов тура-лы «Отличник» деген мақала жарық көрді. Осылайша жиырма жасында республикаға танылған оның бүкіл ғұмыры ұлттық әдебиеттің төнірегінде өтті. Мектепте озат, жоғары оку орнында үздік оқыған Мырзабек 1949 жылы қолына дипломын алған соң, Қазақ ССР Ғылым академиясына қарасты Тіл және әдебиет институтына жұмысқа орналсты. Ғылыми зерттеу институтына келген соң, әдебиет әлеміне жол ашыла бастады. Бұған дейін өзі қызығы жырлайтын жырлардың бірнеше нұсқасы болатынын, олардың өзара ұқсастығы мен айырмашылығы бар екенін білген ол халық мұрасын терендете зерттеуге кірісті.

Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасында оқып (1952), әдебиеттанудағы тыңғыштықты зерттеулерімен филология ғылымының кандидаты (1953), филология ғылымының докторы (1968) дәрежесін алды. Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкерінен бастап (1952), аға ғылыми қызметкері (1956), Жамбылтану бөлімінің менгерушісі (1972) қызметтерін атқарды. 1966 жылдан СССР Жазушылар ода-нының мүшесі қатарына өтті.

М.Дүйсенов көркем проза, сын, әдебиет ғылымы салаларында бірдей енбек еткен карымды қаламгер. Оның 3 әңгімелер жинағы, 20 повесть, 7 ғылыми монография, 200-ден аса ғылымы, сын мақалалары жарияланды.

Ол негізінен балалар әдебиетіне қомакты үлес косқан жазушы. «Алтын ұя» (1957), «Мен қалай торғай болдым» (1958), «Жолың болсын» (1959), «Қалындық» (1962), «Ана махаббаты» (1965), «Гүлжан сүйеді» (1969), «Меймандар» (1971), «Ант» (1974), «Үміт» (1979), әңгімелері мен повестер жинақтарының басты кейіпкерлері балалар мен жастар. Ал «Біз – күн перзентіміз» (1984), «Бір – аспанның астында» (1986), «Сағанатас сырлары» (1992) повесть-эссе циклында әлемнің жаратылышы, жан-жануарлар мен адамзат ба-

ласының қашан пайда болып, қалай өсіп-өнген тарихи жолдары ғылыми негізде қызықты әңгімеленеді.

Жазушы алғашқы әңгімелерін былайша еске алады: «Ең алғашқы әңгімем 1948 жылы «Қазақстан пионері» газетінде басылды. Содан кейін-ақ әңгіме, очерк жаза бастадым. Сол жылы «Социалистік Қазақстанда» «Қызыл тулы колхоз» деген очеркім жарық көрді. Редакцияға бір келгенімде Аскар Лекеров, Зулфуқар Айтмағамбетов деген редакция қызметкерлері:

— Бала, қадамың жаман емес, жаза бер, — деп тілек білдірген соң, көнілім тасып сала берсін.

1949 жылдың январь айында біз біреудің бір бөлмелі үйін жалдап тұрдық. Мен университеттің соңғы курсында оқып жүрмін. Жатақханада орным болса да, көбіне ағайымның үйінде жүремін. Бір күні үйге Аскар Тоқмағамбетов келді. Бұл кісі ағайыммен әрі құрдас, әрі жолдас.

— Оқуың қалай? — деп сұрады Асекен.

— Жаман емес.

Мен былтырғы «Қазақстан пионері» газетінде басылған «Жас мерген» әңгімемнің қындысын бердім. Ол кісі мұқият оқып шықты да:

— Эй, мынауың балаларға лайық, жақсы дүние екен. Жазуды тастана, - деді. Жасы үлкен, тәжірибелі ағаның бұл сөзін мен шын ықыласпен қабылдадым. Содан кейін балалар бақшасы туралы повесть жазуға кірсейін. Бір жағынан «Алпамыс батыр» туралы диплом жұмысын да жазып жүрмін, повесім шықпады.

Университетті бітіріп, аспирантураға түсken соң да бір жағынан оқу, кандидаттық минимумге дайындалып, екінші жағынан әңгіме жазумен айналыстым. Тәжірибе аз, тақырып тапшы. Дегенмен әңгімелерім «Қазақстан пионері», «Пионер» журналы, «Лениншіл жас» газеттерінде аз да болса жарияланған бастады. 1955 жылы «Нұрқанның үйінде» деген әңгімем «Қазақстан әйелдері» журналында жарияланды (№5).

Жаздын күні Мұхаметжан Қаратаев жеке бір үй жалап шықты. Қыдырып сол үйге келсем, Тайыр Жароков отыр екен.

— Мынау менің нағашы інім, — деп таныстырды Мұхан.

— «Қазақстан әйелдеріндегі» әңгіме сенікі ғой, — деп Тайыр аға жымия күліп бетіме қарады.

— Ие.

— Жақсы. Тек концовканды ойлауың керек. Әсіресе, бірінші жақпен сөйлеп отырған кейіпкеріңің сөзі онша сәтті шықпаған. Плакаттау. Қарапайымдау сөйлесін.

Бұл әңгімені Мұхаметжан аға да оқыған екен. Оған да ұнаған сияқты. Сонымен әңгіме жазуды тоқтатқаным жоқ. Жасы үлкен ағалар менің тауымды шақпағын деп жылы сөздер айтты, оны мен, әрине, кейінірек түсіндім. Алғашқы әңгімелер жинағым балаларға арналып, «Мен қалай торғай болдым» деген атпен 1958 жылы жарық көрді. Келесі жылы «Жолың болсын» деген атпен екінші әңгімелер жинағым шықты.

«Мен қалай торғай болдым» әңгімелер жинағының өзім қойған аты – «Бақытты балалар» болатын-ды. Кітап шыққанда оның өзгеріп кеткенін көрдім. Оқушыны кітап атымен де тартып тұруы керек деп осылай өзгерткен студент кезімнен досым, баспа қызметкери Амантай Байтанаев екен. Оған, әрине, ренжігенім жоқ. Балалар үшін жазу онай шаруа еместігін мен кейін түсіндім. Бала психологиясына лайықты идеяны тандау, оқиға, сюжет құру, тартымды композиция, әсіресе, олардың қабылдануына оңай тіл табу керектігін ертерек түсінсем де, «көнілдегі көрікті ойдың» қағазға түскенде әрі қаша беретіні болады екен. Жинақтағы кейбір әңгімелерім өзіме ұнағанымен біразы көніліме онша қона бермеді. Тәжірибесіздік бой танытты. Қазір жазсам, әрине, басқаша жазар едім, біразын тіпті жинаққа енгізбеген де болар едім. Дегенмен осы жинаққа баспа бетінде екінші мақала жарияланды. Қ.Мырзалиев сын айтты, Ә.Нарымбетов, Ә.Нұршайықовтар, тіпті, есіре мактады.

«Жолың болсын» әңгімелер жинағы негізінен юмористік бағытта жазылған. Ондағы әңгімелердің бірағы менің күнделігімнің негізінде пайда болған. Кейде өмірдің өзі дайын тақырып, оқиғаны, характерлерді алдына баса бермей ме? Соны сәл-пәл ғана әдеби жанрдың сипатына лайықтап жазасың. Кейбір әңгімелер, әрине, осылай болуы керек-ау деген киялдан да туады».

Әдебиетке осылай келген жазушының шығармаларын көпшілік оқырман жылы қабылдап, әдебиетшілер қауымы оң пікірлерін білдіріп жатты. Оның «Гүлжан», «Ана махаббаты» повестері орыс, «Емтихан» повесі өзбек тіліне аударылуы да тегіннен тегін болмаса керек.

Сыншы ғалымның «Әдебиеттегі форма мен түрдің бірлігі» (1962), «Илияс Жансұғіров (өмірі мен творчествосы)» (1965), «Ақын мұраты» (1967), «Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі» (1977), «Ұлы Октябр шуағы» (1982), «Халық ақындары творчествоның көркемдік сипаты» (қосалқы автор, 1982) тәрізді монографиялары мен көптеген ғылыми-сын мақалаларында қазактың көне мәдени мұрасы, ақындық-жыршылық импровизаторлық өнері, айтыс жанры, қазак совет поэзиясының даму жолдары мен мәселелері, Илияс Жансұғіров, Ә.Тәжібаев тәрізді көрнекті ақындардың өмірі мен шығармашылығы тыңғышты зерттелді. 1968 жылы 27 іюньде «Илияс Жансұғіров және қазіргі казақ поэзиясы» деген тақырыпта докторлық диссертация корғады.

«Илияс Жансұғіров» атты көлемді монографиясы мен диссертациялық ғылыми енбегі сол кездің өзінде С.Мұқанов, Н.Фабдуллин, Т.Нұртазин, С.Қирабаев, С.Қасқабасов тәрізді бірқатар ғалымдар тарапынан өз бағасын алады.

«Илияс Жансұғіров» (1965) – қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушылардың бірінің өмірі мен шығармашылығын тыңғышты зерттеуден туған монография. Монографияның жазылған уақытына қарайтын болсақ, өткен ғасырдағы мәдениет пен әдебиет төңірегіндегі

айтыс-тартыстардың еріксіз еске оралатыны анық. 1957 жылы сталиндік репрессияның құрбаны болған ақынның азаматтық, идеялық үні ресми акталған соң, оның шығармаларын зерттеу әдебиеттану ғылымының кезекті міндеттерінің бірі саналды. Міне, осындай сәтте зерттеу нысанына алынған тақырып өз нәтижесін көрсетті. Фалым ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеуде оның ауыз әдебиеті мен Абай поэзиясының озық дәстүрлерін қалай менгергендігіне, толыса келе үйренуші бала ақыннан дара ақынға жету жолдары сыршыл лирика мен кең құлашты эпикалық поэмаларын негізге алды. И.Жансүгіровтің өлеңдері мен поэмалары, әңгіме-фельетондары, романдары мен пьесалары түгелге жуық ғылыми сараланды. Ұлттық әдебиеттің осы аталған жанрларымен бірге сатираның өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ақынға берілген «қазақ совет поэзиясын тақырыптық, жанрлық, көркемдік сапа жағынан қауырт дамытуда И.Жансүгіров салған олжалар аз емес» деген баға қашан да өз құнын жоймайтыны белгілі. Ақын сюжетті, оқыфалы, реалистік поэмаларында лирикалық-философиялық ой түйгендігін жадында ұстаған зерттеуші «... ол халық поэзиясының озық дәстүрінен үлгі ала отырып, көп жағдайларда Абаймен ақындық өнер таластыру дәрежесіне көтеріледі», – деген тұжырым жасайды.

Еңбекті ақынның алғашқы тырнақалды туындысынан бастап, оның сөз өнерін еркін игере келе озық үлгіде жазылған шығармаларына жасалған әдеби талдаулар құрайды. Ақын шығармаларындағы жаңа тақырып, жана образ, лирикалық, эпостық жанрларды менгеруі оның творчестволық даму жолдары ретінде танылды.

Қазактың көрнекті ақыны Әбділдә Тәжібаевтың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арналған «Ақын мұраты» (1967) атты монографиясында фалым ақын шығармаларын өзі өмір сүрген қоғам шындығымен бірлікті қарады.

«1915 жыл. Күз. Көмірдей қара тұнде күніренген сұық жел әлсін-әлсін демін ішіне тартып, екпіндей соғып тұр. Алты жасқа толған Әбділда тәтті ұйқының құшағында қаннен-каперсіз жатыр еді. Көптен бері төсек тартқан әкесі Тәжібай сол бір сұық тұнде біржола көзін жұмды», – деп басталады «Туған, өскен орта» атты бірінші тарау. Ғалымның сөз саптауынан жазушыға тән суреткерлікті тану қыын емес. Зерттеуші ақынның өмір жолын оның поэзиясы арқылы өрбітеді. «Еске алу» атты поэмасында жиырма алты жасар жесір жоктауының зарлы әуені ұлы Әбділда мен қызы Зылиқаның жанын жарапап, көңілдеріне ұялап, құлақтарында мәнгілік сақталып қалғанына көніл аударды.

1949 жылы шықкан «Қазак совет әдебиеті тарихының очеркіндегі» М.Әуезовтің Ә.Тәжібаевтың шығармалары жөніндегі қысқаша монографиялық тарауы мен Е.Ысмайлов, М.Қаратаяев, С.Мұқанов, Р.Бердібаев тәрізді ғалымдардың мерзімді басылым беттерінде жазылған мақалаларынан кейін туған толымды еңбек ақынның өмірі мен шығармашылығын түгелдей камтуымен ерекшеленді.

«Іздену жолдары, өсу жолдары» атты екінші тарауда Әбділданың ақындығының өсу жолдарына қаныға түсек, «Биік өре, кен өріс» атты үшінші тарауда ақынның толысып кемелденген шағын дөп танимыз. Ғалымның Ә.Тәжібаев шығармалары жөніндегі: «Ақын жыл асқан сайын бірден бір күрделі ойларға ойысып, өмірдің әр саласы туралы батыл-батыл пікірлер айттып отыр. Сол ойды лирикалық сезімге бөлеп, бере алды. Сезімге жеткізетін тұр, әдіс-тәсілдердің нақтылығын, нәзіктігін, байлығын ерекше атаймыз. Лирикалық өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін сактауда да үлкен шеберлік көрсетті», – деген пікірі оның творчествосын тұтастай зерттеуден туғаны анық.

Оның Әбділда Тәжібаевтың шығармаларын ғана зерттеп қоймай, онымен тонның ішкі бауындар арасындағы автордың естелік-эсселерінен оқуға болады.

Онда Әбділда Тәжібаевтың мерейтойын Рахманқұл Бердібаев пен Мырзабек Дүйсеновтің жүргізгенін, олардың әуелетіп салған «Ақтолғай», «Ағажан» әндере Алатаудың бөктерінде қалықтап тұрып қана қоймай, жиналған көшіліктің ыстық ықыласына бөленгені туралы айтылған.

Фалымның 1949-1988 жылдар арасында қазақ әдебиеттану ғылымина қосқан еңбектерін саралайтын болсақ, оны бірнеше бағытта таратса сөз етуге тұра келеді. Біріншісі, әдебиет тарихын зерттеу, дәлірек айтсақ, қазақ әдебиетінің белгілі кезендерін зерттеу, екіншісі, жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттеу, ал үшіншісі, әдебиеттегі мазмұн мен форма, жанр, стиль мәселелерін зерттеу. Әдебиеттің тарихы, сыны, теориясын бірліктे ұстаған фалым еңбектері ұлттық әдебиеттің әр қырын қамтыды.

Бірінші топқа Т.Кәкішевпен бірлесе жазған «Ұлы Октябрь шуағы» атты зерттеуін жатқызысақ, екінші қатарды «Михаил Шолохов – совет әдебиетінің аса көрнекті жазушысы», «Ілияс Жансутіров», «Ақын мұраты» атты монографиялары толықтырады. Ал, үшінші топты ғалымның «Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі», «Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселелері» атты зерттеулері мен К.Сейдеханов, С.Негимовтармен бірлесе жазған «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты» атты еңбектері қамтиды.

Осы аталған еңбектердің әрқайсысы жөнінде екіауыз сөз айтуға тұра келеді. Себебі олардың бірі қазақ әдебиеті тарихының белгілі бір кезеңін зерттеуге арналса, екіншісі жекелеген қаламгердің шығармашылығына арналды. Т.Кәкішевпен бірлесе жазған «Ұлы Октябрь шуағы» (1982) енбегінің жазылған уақытына көз жіберетін болсақ, бұл қазақ әдебиетін Қазан төңкерісінен бермен қарай ғана сөз етуге тырысқан социалистік реализм қағидаларының белен алып тұрган шағы еді. Алаштың ардактысы Қошке Кеменгерұлының: «Не нәрсені де өз заманына қарай бағалау керек», – деген қағи-

дасын жадымызда ұстайтын болсақ, бұл сонау елуінші жылдардағы алаш арыстарының ақталмаған, қазак әдебиеттің тұтас бір дәүірі актандак болып жатқан кез еді. Зерттеушілер жоқтан бар жасап, әдебиеттің ақ қалған беттерін толықтырып окушылар қауымына әдебиеттің тұтастығын танытуға тырысты. Демократияшыл бағыттағы әдебиеттің реалистік, романтикалық сипаттарын социалистік реализм әдістерімен байланыстыра қарау онай шаруа болған жоқ. Кеңестік дәуір тұсында біржакты бағаланған Алаш қайраткерлерінің шығармалары түгілі, аттарын атауға болмайтындығын ескеретін болсақ, бұл еңбекте Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Б.Күлеев, С.Садуақасұлы, С.Қожанов тәрізді қаламгерлердің есімдері там-тұмдан аталуының өзін ерекше атауға болады.

1955 жылы жазылған «Михаил Шолохов – совет әдебиеттің аса көрнекті жазушысы» атты лекторларға көмекші құралында кенес әдебиеттің жеткен жетістігі М.Шолохов шығармалары негізінде тұжырымдалған. Оның басты себебі, өздерінізге белгілі болғандай көпұлтты кенес әдебиеттің түрі басқа, тілегі бір Кеңестер одағына ортақ мұра ретінде зерттелуі.

Ал, «Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі» (1962) атты еңбекте социалистік реализм әдісімен дамыған көптілді кенес әдебиеттің идеялық, мазмұндық тұтастығы мен ұлттық формасы зерделенді. Зерттеуші көркем образ, характер, тіл ерекшеліктері мен әдеби форма түрлеріне талдау жасайды. Фалым мазмұн мен түр жөнінде: «Мазмұн мен форма бір-бірімен жымдасып, қабысып, бірін-бірі жүзеге асырып отырған жағдайдаған, шығарма шын мағынасындағы көркем шығарма болады. Сондаған шын мағынасында окушыға идеялық, эстетикалық тәрбие бере алады. Мазмұн мен форманың өзара тығыз байланыстылығы да, міне, осында», – деген болатын. Ол бұл ұстанымды «Мен қалай торғай болдым?», «Жолың болсын», «Қалындық», «Ана махаббаты», «Гүлжан сүйеді», «Меймандар»,

«Ант», «Үміт», «Біз күн перзентіміз», «Бір аспанның астында», «Фасырлар сиро» тәрізді көркем шығармалары арқылы нақтылай түсті.

«Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі» атты еңбекте ұлттық драматургияның жанр, стиль мәселеі Ә.Тәжібаев, М.Әуезов, Ф.Мұсірепов сынды драматургтердің драмалық шығармалары негізінде зерттелді. Ә.Тәжібаевтың «Терен көл», «Жомарттың кілемі», «Көтерілген күмбез», «Гүлден дала», «Дубай Шубаевич», «Майра», «Жартас», «Қыз бен солдат», «Монологтар» тәрізді драмалық шығармалары мен опереттаның (операның шағын жанры) либреттосына лайықталып жазылған «Құзетші» мен «Қүйеулері» өлеңмен жазылды. Осы шығармаларға талдау жасай келіп, ғалым: «Ә.Тәжібаев драматургия, кинодраматургия салаларында елеулі еңбек етіп келе жатқан жазуышыларымыздың бірі. Оның реалистік, романтикалық үлгідегі драмалары, комедиялары қазақ драматургиясының дамуына өзіндік үлес болып қосылды», – деген қорытынды жасайды. Ғалым бұл еңбекте аталған драматургтердің шығармалары арқылы көркем ой, метафоралық тіл, кейіпкерлердің психикалық сипаты, характер жасаудағы негізгі шарттар, диалог, монолог, лирикалық монолог, кейіпкер тілінің өзіндік сипатын трагедиялар мен комедияларда шеберлікпен пайдаланылғандығын драматургтердің тілдік ерекшелігі ретінде тани білген. Бұл – қаламгерлер творчествосының харakterі, стилі тұрғысынан ақын-драматургтің прозашы-драматургтен тілдік-стильдік жағынан айырмасы болатындығын ғылыми тұрғыда дәлелдеген еңбек.

1979 жылы шыққан «Ақын-жыраулар» атты өмірбаяндық анықтамалықта 261 қаламгердің шағын шығармашылығы жасалса, 1982 жылы жарық көрген М.Дүйсенов, К.Сейдеханов, С.Негимов үшеуі бірлесе жазған «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты» атты еңбекте халық ақындарының шығармалары тыңғылықты зерттелді.

К.Сейдеханов, С.Негимовтармен бірлесе жазған «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты» (1982) атты монографияда ақын-жыраулар творчествосының көркемдік ерекшелігі қарастырылған. Мұнда ақындық өнер табиғаты және оның даму ерекшеліктері, поэтикалық тіл мен бейнелеу құралдарының сипаты, өлең-жырлардың өлшем-өрнектері мен құрылымы жүйесі талданған. М.Дүйсенов жазған «Ақындық өнер табиғаты және оның даму өрісі» деп аталатын тарауда Сүйінбай, Жамбыл, Бөлтірік, Омар, Кенен, Нартай, Иса, Үмбетәлі, Нұрпейіс сынды халық ақындарының шығармашылығы арқылы ақындық, жыраулық дәстүрдің дамуын сөз етсе, ақындық дәстүрдің бүгінгі жалғасы қандай деген саяулға Құлжабай Төлеуов, Әсімхан Қосбасаров, Қалдыбек Әлікұлов, Қалихан Алтынбаев, Манап Қекенов, Қекен Шәкеев, Сара Тоқтарбаева, Шолпан Қыдырниязова, Камал Ендібаев, Аяз Бетбаева, Надежда Лушникова, Райхан Нәкеева тәрізді айтыскер ақындардың өнерімен жауап береді. Бұл енбекте тек қазақ халқына ғана бұйырған суырып салма ақындық пен ақындар айтысы өнерінің кешегісі мен бүгіні, бүгіні мен болашағы туралы ой түйілген.

Сонымен бірге ол «Қазақ әдебиеті тарихының очеркі» (1958, 1959 қазақ, орыс тілдерінде), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (III том, екі кітап 1967, орыс тілінде 1971), «История многонациональной советской литературы» (1-том, Москва 1971) сияқты ірі-ірі академиялық кешенді енбектердің белді авторларының бірі және редколлегия мүшесі болды. Сонымен бірге тұнғыш қазақ совет энциклопедиясына (12 томдық) белсенді қатысқан авторлар қатарында есімі аталмақ. «Ақын жырлары» (1958) деген жинақ пен «Қазақ әдебиетінің хрестоматиясын» (орыс мектептерінің IX-X кластарына 1968-1986) құрастырды. Көптеген ғылым кандидаттарын дайындаған, ғылымға жолдама берді. Қазақ ССР FA және Қазақ мемлекеттік университетінің филология ғылымдарының біріккен ғылыми кеңестерінің мүшесі болды.

Қаламгердің осы аталған еңбектері ескеріліп, «В.И.Ленин туғанына 100 жыл толуына байланысты үздік еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдары, «Қазақ ССР-н 50 жылдығы», Бұқілодактық Білім қоғамының «Белсенді еңбегі үшін» белгілерімен наградталды.

Соңғы жылдары М.Дүйсеновтің інісі Елеусін Төле-генұлының қолға алуымен бірқатар еңбектері (М.Дүй-сенов. Таңдамалы. 2-том. Алматы. ҚАЗАҚПАРАТ 2004.) қайта басылып, оқырман қауыммен қауышты. Сондай-ак М.Дүйсеновтің университет табалдырығын атта-ғаннан өмірінің соңғы жылдарына дейінгі аралықтағы табанды ықжадағаттылықпен жазылған күнделік-эссе сі Қызылорда баспасынан 2006 жылы «Жылдар мен сыр-лар» атты 2 томдық кітап болып жарық көрді. 2013 жылы «Бекзат бомыс» атты ол туралы естеліктер жи-нағы шықса, үстіміздегі жылы көптомуздық шығармалар жинағы баспада өндірісте жатқаны бар.

Мырзабек Дүйсеновтің мұраларын зерттеу, насхат-тау, қайта жариялау, атын мәңгілік есте қалдыру тәрізді иғілікті істердің бәрінін басы-касында інісі Елеусіннің жүргені баршаға аян. Қазіргі танда Мырзабек Дүйсенов атында Қызылорда қаласында көше, мектеп бар. Осылардың барлығы еліне адал қызмет жасаған перзентіне жасаған қазақ халқының ыстық ықыласы мен ерекше күрметі екендігі белгілі.

ШЕРИАЗДАН ЕЛЕУКЕНОВ *(1929 жылы туған)*

Бұтінгі қазақ әдебиеттану ғылымының іргесін ұстап тұрған ғалымның бірі – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шерияздан Рұстемұлы Елеуkenov.

Әдебиеттегі қадамын журналистикадан бастаған ол өз замандастары Кәкімжан Қазыбаев, Сапар Байжанов, Баянжан Мәдиев, Ұзак Бағаев, Сматбек Төреbekов, Қайыркен Сағындыков, Мұқан Mamажанов, Бекежан Тілегенов, Тельман Жанұзаков, Бекмырза Баймаханов, Хайдолла Тілемісов, Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердікұлов, Әбілмәжін Жұмабаев, Әбілфайыз Ідырысов, Темірбек Қожакеев, Камал Смайылов сынды сана-лы ғұмырын қазақ журналистикасының ыстық-сұрығына арнағаны белгілі. Қазақ журналистикасының қоржынын олжамен толтырған ол ұлттық әдебиеттану ғылымына да қомақты үлес қосып келеді.

Академик Г.И.Ломидзенің жетекшілігімен «Қазақ романы және қазіргі заман» (1996) деген тақырыпта кандидаттық, «Қазақ романының идеялық-көркемдік және жанрлық ерекшеліктері» (1989) атты тақырыпта докторлық диссертация корғаған ол – бүгінгі таңда әдебиеттану ғылымына айқын із салған білікті ғалым. Осы тұрғыда оның «Казахский роман и современность» (1968), «Замандастарасаты» (1977), «От фольклора до романа-эпопеи» (1987), «Жана жолдан» (1989), «Мағжан» (1995), «Әдебиет және ұлт тағдыры» (1997), «Гасырмен сырласу» (2004), «Тәуелсіздік биігінен» (2007), көптөмдік шығармалар жинағы т.б. тәрізді зерттеу еңбектерін ерекше атаған жөн.

Ғалым зерттеулерін өз ішінен бірнеше салаға бөліп сөз етуге болады. Олардың ішінен бірінші көзге түсетіні – қазақ романы туралы зерттеулер. «Сұйекті жанрдың» арғы-бергі тарихын жете зерттеген ол қазақ романының Абайдың эпистолярлық романынан бастау керектігін ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді. Ол жөнінде зерттеуші: «Ұлы ақынымыз орыс поэзиясының елуге жуық өлеңдерін аударып, түп нұскадан қай жағынан да кем түспейтін шеберлікпен қазақ поэзиясын жана тұр, соны сөзben байытты. Пушкиннен шалыс ұйқас алды, өлең жолын сегіз буыннан құрайтын өлшем енгізді» – деген.

Кең байтақ романның махабbat жырына айналуында, Пушкиннен өзгеше бітім алуында бірқатар сыр бұғулі», – дей келіп, аталған шығармаға тыңғылықты талдау жасады. Нәтижесінде қазақ романының тарихы Абайдың эпистолярлық романынан бастау алды. Мұның өзі оның қазақ романының тарихы мен көркемдік қуатын жете зерттеуге ден қойғандығын аңғартады.

Оның зерттеулерінің бір парасы – монографиялық зерттеулер. Мағжан Жұмабаев, Әбділда Тәжібаев, Илияс Есенберлин, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Тахауи Ахтанов сынды ақын-жазушылардың шығармашылық портретін жасаған ғалым монографиялық очерктің өз ерекшелігін танытты. Ол – кез-келген ақын-жазушының өмірі мен шығармашылығын толық қамту арқылы олардың творчестволық өсуін, ұлт әдебиетіне қосқан үлесін анықтау. Зерттеулерінен қазақ әдебиеті туралы алыс-жақын шетелдік ғалымдар мен сыншылардың, жазушылардың жазғандарын мұқият қадағалап, назарда ұстая ерекше көзге түседі. «Мағжан» атты монографиясы үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанған ғалымның тәуелсіз қазақ ақындары Кәкімбек Салықов («Мағжан аға») пен Темірхан Медетбектің («Мағжан жыр») ақын ағамен сыр бөліскең жырларына дейін назарда ұстап отыруы – ғалымның зерттеу объektісіне деген шынайы құштарлығын танытары даусыз.

Бұғінгі таңда қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған негізгі міндет – тәуелсіздік кезең әдебиетін зерттеу. Тәуелсіздік кезең әдебиеті бұғінге дейін толық зерттелмегендіктен оны басқарудың өзі оңай болған жок. Жоғарыда аталған «Қазақ әдебиеті тарихының» 10 томы «Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ әдебиетін» (1991-2001) қамтиды. Әрбір жанрдың өз маманы болады. Ал, институтта аталған кезеңді зерттеп жүргендер жоқтың қасы еді. Осындай сәтте бар ауыртпалық аталған тақырыптың басшысына түсери белгілі. Аталған кезең әдебиетін зерттеуге белгілі ғалымдар тартылған. Соңғы жылдар әдебиетін зерттеудің өз қыншылығы да жетерлік. Оны осы 10- томның 50 пайызын кітаптың бас редакторы өзі жазғанынан көруге болады. Кітаптың құрылымы «Алғы сөз», «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде (кіріспе)», «Проза: Роман», «Повесть, хикаялтар», «Әңгіме», «Деректі әдебиет», «Сатира», «Фантастика», «Лирика», «Поэма», «Драматургия», «Қазақстан халықтарының әдебиеті», «Әдебиеттану», «Әдеби-көркем сын», «Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары» сынды негізгі шолу тараулармен бірге осы кезеңің «Әдеби өмір шежіресі» мен «Библиографиялық көрсеткішін» қамтиды. Қазақ әдебиетінің белгілі библиограф ғалымы Әbdілхамит Нарымбетов бүкіл ғұмырын арнап келе жатқан әдебиеттің библиографиясы мен шежіресін жасау – екінің бірінің қолынан келмейтін шаруа. Олай болса, бас редакторы авторларын үлкен талғаммен таңдай білген. Шежіре мен көрсеткіштің толықтай көлемді етіп берілуі де құптарлық. Себебі аталған кезең әдебиетін зерттеуде мұндаидар көрсеткіштердің аса қажет екендігі анық. Сонымен бірге Ә.Нарымбетов – казақ поэмасын тұрақты зерттеп жүрген бірден-бір ғалым. Ендеше, бұл тарауды да негізгі маман жазғаны анық. Тақырып жетекшісі осылайша әр жанрдың өз маманын таңдап алуда ұтқырлық танытқан.

Кітаптың алғы сөзінде Ш.Елеуkenov: «Әрине, жаңа кезең көркем кітабының бәрі бірдей қалам ұшына ілік-

кен жок. Кейбір татымды туынды әртүрлі себеппен на-
зарға тұспей қалды да. Тұспей қалуының өзге де себебі
болуы мүмкін. Әдебиет тарихы баспа жүзін көрген шы-
ғарманың құнын айырмай шетінен тықпалай беруді кө-
термейді. Қазір не көп – қағаз топаны көп. Проза әлемі-
не де, өлең өлкесіне де кіруге лайықсыз, әдебиетпен үш
қайнаса сорпасы қосылмайтын шалажансар шимайлар
бүгіндер қаптап кеткені жасырын емес. ...кітапта бүгінгі
тәуелсіздік әдебиетінің әжетке жарайтыны, жілігі тати-
ды дегендері ғана іріктеліп талданды», – дейді. Аталған
кезең әдебиетіне еңбегі сінген негізгі көрнекті акын-жа-
зуышылдардың шығармалары жаңр бойынша сөз болған.
Ал олардың жекелеген шығармашылық портретін жасау
алдағы уақыттың еншісіне қалып отыр. Себебі, бұл –
қозғалыс, даму үстіндегі кезең әдебиеті.

Проза жанрының денін («Алғы сөз», «Кіріспе», «Ро-
ман», «Повесть, хикаяттар») филология ғылымдарының
докторы, профессор Ш.Елеуkenов зерттеген. Қазақ про-
засын жете зерттеп жүрген, роман жанрының білікті ма-
маны ретінде танылған ғалымның бұл жанрды зерттеуде
алдына жан салмасы белгілі. Прозаның жетекші жан-
рын зерттеуде осы кезеңде жазылған негізгі шығарма-
лар іріктеліп алынған. «Үлкен прозасыз үлкен әдебиет
жок», – деп М.Әуезов айтқандай бүгінгі қазақ әдебиеті
үлкен тұғырға шыққаны анық. Тәуелсіздік тұсында ро-
ман жанры жаңа биікке көтерілді десек артық айтқан-
дық емес. Ә.Нұрпейісовтің «Сонғы парызы», «З.Қабдо-
ловтың «Менің Әуезовім» роман-эссеци, Ш.Мұртазаның
«Ай мен Айша», М.Мағауниннің «Мен», Қ.Ысқақовтың
«Аксу – жер жаннаты», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмба-
ғы», Ә.Таразидің «Жаза», Т.Әбдіковтің «Парасат майды-
ны», С.Сматайдың «Жарылғап батыр», Қ.Жұмаділовтің
«Дарабоз», Қ.Исабаевтың «Шоң би», Б.Мұқайдың
«Өмірзая», О.Сәрсенбайдың «Шенбер», К.Сегізбайдың
«Беласқан», Б.Нұржекеевтің «Әйел жолы жінішке»,
Т.Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы», Ж.Ахме-
дидің «Шырғалаң», Х.Әдібаевтың «Отырар ойраны»,

Ұ.Доспанбетидің «Қызыл жолбарыс», А.Алтайдың «Алтай новелласы», Ә.Асқардың «Өр Алтай, мен қайтейін биігінді», С.Елубайдың «Мінәжат», Т.Нұрмамбетовтің «Айқай» атты романдары осы жылдардың жемісі. Зерттеуші роман жанрын зерттеуде осы аталған шығармалар қазак әдебиетінде қалыптасқан дәстүрді қалай жалғастырды, мазмұндық, түрлік қандай жаналық қости деген мәселелер төнірегінде қарастырған. Жекелеген шығармалардың жетістігі жазушылардың көркемдік шеберлігі негізінде сараланған. Сонымен бірге зерттеуші бүгінгі қазак прозасының жанрлық табыстарын да тілге тиек етіп, нақты шығармаларды талдаумен тың ғылыми тұжырымдарын ұсынған. Ғалымның: «Тәуелсіздік дәуірі он жылдық әдеби процесс арнасын жаңа бағытка бұрды. Ел көnlінің ғулін ашқан әдеби дәуірдің алғашқы жемістерін тере де бастадық. Сөз өнерінің зор саласы – проза, жетекші жанры – роман бабында екені ерекше қуантады» немесе «XIX, XX ғасыр – әдебиетіміздің көркемдік әлемінің шың-құздарына қанат қаққан ғасырлары», – деген пікірлері бүгінгі қазак әдебиетіне берілген әділ баға.

Ал, фантастиканың негізгі маманы профессор А.Мархабаевтың «Фантастика», сатираны жете зерттеп жүрген ғалым Ү.Уәйдаұлының «Сатира», аталған кезең лирикасын ғылыми айналымға түсірген филология ғылымдарының кандидаты Ә.Қайырбековтің «Лирика», белгілі театр сыншысы Ә.Сығайдың «Драматургия», профессор Р.Тұрысбектің «Әдебиеттану», профессор К.Әбдезұлының «Әдеби көркем сын», профессор Б.Мамраев пен С.Ананьеваның «Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары» деген тарауларын жазуы да құптарлық. Бүгінгі қазак әдебиетінің білікті мамандарының бірі К.Әбдезұлының: «Бір мүшелді толтырып, енді екінші мүшелге аяқ басқан жас, егемен еліміздің туған әдебиеті мен өнерінің бірден-бір жанашыры, яғни жаксы мен жаманын, арзаны мен қымбатын қалт жібермей ажыратып айтып, оқырман назарына әрдайым ұсынып отырған, бүгінгі көркемдік дамуымыздың күре тамырындаған болып

лып кеткен әдеби-эстетикалық сыйнымыздың әлі де алар асулары алда», –деген сөзінен қазақ әдебиеттану ғылыминың күн санап өсө беретінін анғарамыз.

«Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары» атты тарау тәуелсіздік алғаннан бергі Қазақстан Республикасының әлемнің сан алуан елдерімен дипломатиялық байланыста болғанын аша түседі. Соның ішінде шығыс елдерімен мәдени және әдеби байланыстардың кеңеңе түсіі жан-жақты сөз болған. Түркі тілдес Түркия, Өзірбайжан, Қыргызстан, Өзбекстан, Түркменстан және басқа елдермен бірге соңғы жылдары Монголиядағы және Қытайдағы қазақтардың әдеби байланыстары да кеңеңе түскендігін зерттеушілер жеткілікті түрде зерттей білген. Тұысқан түркі тектес халықтар әдебиетінің кейінгі жылдары бірлікте қаралуы да осы кезең әдебиетінің жетісітігі.

Бұл зертттеу тәуелсіздік әдебиетінің толық бағасын берді деуден аулақпыз. Себебі, бұл даму үстіндегі кезең болғандықтан, ол жөніндегі зерттеулер де тыңдан түрән салғандығымен бағалы. Дегенмен, Бұл ұжымдық еңбек – сол кезең әдебиетін зерттеудегі негізгі бағытты көрсетіп, алдағы үлкен зерттеулерге жол салды.

Екіншісі – «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» («Алатау» баспасынан шыққан) деп аталатын Ш. Елеуkenovтің зерттеу еңбегі. Бүгінгі базар нарқы шарықтап тұрған шақта әдебиетшілердің кітаптарын жарыққа шығару да онай шаруа емес. Аталған еңбектің Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылғаны қуанарлық жай. Тәуелсіздік кезең әдебиеті ғылыми айналымға түсе қоймаған уақытта мұндай сұбелі зерттеудің әдебиет сүйер қауымға ауадай қажет екені айтпаса да түсінікті.

Алғашқы еңбекке басшылық жасау барысында ғалымның көп ізденгендігін оның екінші зерттеуінен байқауға болады. Кітаптың құрылымы негізгі екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде аталған кезең әдебиеті проза, лири-

ка, поэма сынды негізгі жанрлар бойынша сөз болады. Екінші бөлімге бүгінгі заман тілегінен туған әдеби сын, зерттеу мақалалар топталған. Бұлардың дені жекелеген жазушылардың шығармашылық портретін жасаған монографиялық очерк. Кітаптың кіріспесінде ғалым: «Бұл кітап болашақ туындыларға ой түрткі боларлық қызмет атқарса, қалың оқырманның қаптай шығып жатқан әдеби көркем дүниелер хақындағы білмекке құмарлығын өтеуге септессе, – автор еңбегінің еш кетпегені», – дейді.

Біздінше, автор алдына қойған мақсатына жеткен. Олай дейтініміз, бұл – аталған кезең әдебиеті жөніндегі бас-аяғы жинақы, толыққанды зерттелген тұғыш еңбек. Ғалымның айтуынша XX ғасырда қазақ әдебиеті үш кезеңді басынан өткізсе, соның үшінші кезеңі – «қазақ халқының тарихындағы ең бақытты дәуірден, мандағы жарқырап, тәуелсіздік туын желбіретіп, мерейі үстем болған және елімізді демократиялық жолға түсірген 1991 жылдың 16 желтоқсанынан басталады». Кіріспеде осы аталған кезеңдегі қазақ әдебиетінің жай-күйі қандай болғандығы сол тұстағы мәдени, әдеби шаралармен байланыстырыла сөз болады. Әдеби процесті жанды козғалыс ретінде таныта білген ғалым бүгінгі әдебиеттің даму үстінде екендігін жан-жақты аша түскен. Кеңестік дәуір тұсында цензура мен партиялық бақылауда болған қазақ әдебиетінің тәуелсіздік тұсында қол жеткізген табысының ұшан-теніз екендігі де шынайылықпен көрсетілген. Әдебиеттің «ақтандак» беттерінің зерттеліп, ұлттық әдебиетіміздің тұтас бір кезеңі, дәлірек айтқанда, 20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті жаңа есімдермен толыға түскендігі де осы кезеңнің жетістігі екені белгілі.

«Тәуелсіз елдің еркін тынысты прозасы» атты тарауда аталған кезеңдегі қазақ прозасы зерттеу нысанына алынған. Сүйекті жанр болып табылатын романның бүгінгі күйі қандай деген сауалға ғалым нақты шығармаларды талдау арқылы қол жеткізген. Қазақ әдебиетіне еңбегі сіңген көрнекті жазушы Ә.Нұрпейісовтің кеңестік дәуір тұсыннан бастап 25 жылда жазылып біткен «Соңғы

парыз» романы бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымынан өз бағасын алған. Олай дейтініміз: «Қазақ әдебиетінің XX ғасырдың ақырғы он жылдарың бетке ұстар туындыларын сөз еткенде, алдымен тілге үйірілетін туынды – жазушы Әбдіжеміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» роман-дилогиясы (1999)», – дей келіп ғалым өзінің осы ойын өзіне дейін жазылған еңбектермен дәлелдейді. Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетіне еңбегі сіңген белгілі ғалым академик Зейнолла Қабдолов тағы басқалармен бірге алыс-жақын шетелдік сыншылар мен жазушылардың, Башқұртстанның халық жазушысы Мұстағай Кәрімнің, Берлиндік жазушы-публицист Леонгард Кошут тұжырымдарымен өз пікірін ұштастыра білген ғалым ғылымдағы ізденімпаздығын да байқата түскен. Жекелеген шығармаға талдау жасауда сол жөнінде өзіне дейін кімдердің не айтқанын мұқият есте сақтап отыру да ғылым мәдениетін танытар әдіс-тәсіл. Егер жеке өз пікірін ғана білдірсе, ол зерттеуден гөрі жеке адамның монологы болып шығар еді. Ендеше, бүкіл әдеби процесте не болып жатқанын жіті бақылап, оған өз көзқарасын білдіріп отыру да ғылыми зерттеудің құнын арттыра түсері даусыз.

«Лирика» тарауында бүгінгі жырдан сарай салған қазақ ақындарының көркемдік табыстары қазақ лирикасының жетістігі ретінде танылған. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары Темірхан Медетбектің «Тағдырлы жылдар жырлары», Иран-Ғайыптың «Қорқыттың көрі», Нұрлан Оразалиннің «Ғасырмен қоштасу», Марфуға Айтқожинаның «Аңсау» атты жыр кітаптары зерттеу нысанына алынған. Т.Медетбек «Тәуелсізбін» атты көлемді өлеңінде кешегі XX ғасыр сонындағы қазақ жастарын қынадай қырған Орталыққа деген аңы зарын төгіп, тәуелсіздік кезең лирикасын ұлт мұддесі тұрғысынан сөйледеді. «...Нұрлан жинағы қам көңіл. Өзіне қояр сауалы көп», – деп түйген ғалым ақын өлеңдерінің астарына үніліп онымен сыр шертіседі. Ақын қойған сан сауалға жауап іздейді. Мағжандай

ақын бабаларымен қайта табысқан тәуелсіз ел ақындарының ата рухына айтары да шексіз. Темірхан Медетбек «Мағжан жыр», Кәкімбек Салықов «Мағжан аға» атты өлеңдерінде ақын ағамен сырласса, ғалымның да Мағжанға ерекше ілтипат жасауы орынды. Бұтінгі қазақ ақындарының бірін-бірі қайталамайтынын аңғарған ғалым: «Мұхтар (Шаханов) өлеңдері капитализмнің қазақ даласында алғашқы қордалануының жүрген-құрықсыз кеткен бейбастықтарын, былық-шылықтарын аяусыз әшкерелейді», – десе, «Қабылхан (Күзембаев) үйыстырған өлең жолдары аруақ шақырып айбынданады, жырау жылғаларына қайта су толтырып ағыннатады. Орғытып тоқсан толқытады. Тәуелсіз өмірдің қуатына қуат қосатын оптимизм халық жігерін арттыра түседі деп есептейді. Өзі тарих боп сөйлейді», – деп тұжырымдайды.

«Поэма» тарауында бұтінгі кең құлашты эпикасымен танылып жүрген ақындардың шығармалары негізге алынған. Аталған кезеңде «Ойлан, казак», «Желтоқсан», «Өліара», «Аламан», «Мың бір тұннен соң», «Тайқазан», «Шу батыр», «Мыс шаһары», «Сарайшық», «Астана», «Жыл басы» дастарын жазған Аскар Егеубайды ғалым «тыңнан жол салғыш дастаншы» деп бағалайды. Мұхтар Шахановтың «Өркениеттің адасуы» атты дастанын тәуелсіздік кезең поэзиясының татымды жемістерінің біріне балаған зерттеуші: «Дастанда басынан аяғына дейін түзілген тұтас сюжет жоқ. Есесіне оның құрама үзінділердің әрқайсысының шағын сюжеті бар. Сюжет парадокске, күтпеген, шектен тыс оқиғаға құрылады да, тәлімдік, танымдық маңызы бар қорытындымен аяқталауды», – деп түйіндей келіп, осы пікірін нақты талдаулармен дәлелдейді.

Ғалым назарын ерекше аударған шығарманың бірі – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Есенғали Раушановтың «Сарыөзен» поэмасы. «Есенғали поэмасы бұтінгі тәуелсіздігіміздің құны қазақ үшін қандай қымбат екенін тарихи оқиға негізінде көрсеткен. Өзге көп поэмалардан артықтығы – төгіліп тұрған тілінде. Тисе қарғаға, тиме-

се арбага деп әйтеуір айтыла салатын дүдемал тіркес, олақ сөйлем кездеспейді. Әр сөз орнын тауып қаланады. Мұдіріс болса, тілге байланыс емес», – деп жоғары бағаланады. Көріп отырғанымыздай ғалым шығарманың мазмұнын баяндаудан аулақ. Ол өзі тілге тиек еткен туындылардың жетістігі мен кемшілігі неде деген сауалдарға жауап берे отырып, бүгінгі қазақ поэзиясының шыққан биғін бағамдайды.

Екінші бөлімнен көзге оттай басылатын тарау – «Жұсіпбек Аймауытовтың роман айнасы». Олай дейтініміз, Жұсіпбек Аймауытов шығармалары жөнінде академик С.Кирабаевтан кейін не айтуға болады деген ой туары даусыз. Алайда, ғалым жазушының әрбір шығармасына өз тарапынан баға беріп, бұрынғы айтылғандарды қайталамауға тырысқан. Мәселен, «Қартқожаны» – роман хроника, «Ақблекті» – психологиялық роман» деп бергені ешбір дау туғызбасы анық. Себебі, мұндай ғылыми тұжырым нақты зерттеуден жасалып отыр. Сонымен бірге Ақблек жөнінде, «Күнікейдің жазығындағы» Күнікей туралы тың пікірлер ұсынған. Осыған қарағанда, қандай шығарма туралы да қанша көп жазылса, оның авторының сан қыры ашыла түседі еken. Ендеше, бір тақырып неғұрлым көп зерттелсе, ұлттық әдебиетіміздің өсуіне соғұрлым септігін тигізері даусыз.

Қолымыздағы еңбекті жапқан кезде мынадай ой келді. Бүгінгі казақ әдебиеттану ғылыминың енсесін «Әдебиет – ардың ісі» деп көтеріп жүргендер – аға буын өкілдері. Соңғы он-он бес жылдың ішінде ғалым тәуелсіздік дәүір әдебиетінің маманы болып алды. Ол қандай да бір жаңа шығарма шықса, соған міндettі түрде алғашқылардың бірі болып пікір білдіріп отыруды әдетке айналдырып алған.

Қаламы жүйрік қаламгер осындағы сүбелі зерттеулермен бірге көркем шығармадан да қол үзген жок. Әр жылдары жарық көрген «Сұлулыққа інкәрлік» (1999), «Әттең, дүние...» (2001) атты кітаптарға енген Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Кенен Әзірбаев, Габиден

Мұстафин, Faфу Қайырбеков, Кемел Тоқаев, Садықбек Адамбеков, Зейнолла Қабдолов, Шерхан Мұртаза, Өзбекәлі Жәнібеков, Тауман Амандосов, Сапар Байжанов, Камал Смайылов, Сағат Әшімбаев туралы әсселерді оқырман қауымның ыстық ықыласпен қабылдағаны белгілі. Өзімен жақын араласқан замандастарының тек шығармашылығы туралы ғана емес, олардың табиғи болмысы туралы сыр шерткен бұл әсселер қызығылықты тілімен баурайды.

1951-1959 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық «Алтай большевигі», кейін «Коммунизм туы» газетінде қызмет істеген қаламгердің алғашқы туындылары да осы газетте жарияланды. Әдебиет майданына елуінші жылдары келген қаламгер алғашында «Тыңға шабуыл», «Үлкен жолда», «Ерекше көктем» тәрізді очерктер жазса, келе-келе ел өміріндегі келенсіздіктерді арқау еткен «Түймеден түйе», «Айлалы алаяқ», «Тартыста табысқандар» тәрізді фельетондар жазумен шұғылданды. «Коммунизм туы» газетінде жарияланған «Сұрапылда» әңгімесі мен «Шимайқан», «Қотыр торғай» атты сатиравық өлеңі қаламгердің қаламын ұштай түсті.

Облыстық газетте әртүрлі жанрда қаламын ширай түскен ол ендігі кезекте республикалық басылымдарда да бағын сынап көрмек болып, 1959 жылы «Мас молда» атты фелетонын «Қазақ әдебиеті газетіне жібереді. Газеттің сол кездегі бас редакторы З. Қабдолов замандастының шығармасы туралы былай дейді: «...редакция ұжымы бол «Мас молда» деген сатиравық новеллаға таңтамаша қалдық... біз үшін Шериаздан Елеуkenov деген қаламгер осыдан басталды». Міне, осылайша елуінші жылдардың соңын ала республика қолеміне танылған қаламгер күні бүгінге дейін көркем шығарма жазуды бір сәт те ұмытқан емес.

«Мас молда» былай басталады: «Марқакөлдің Шенгелді ауылындағы Сапыш шал өлгенде жаназасын шығарғаны үшін алған түйені екі мың сомға сатып, оны кіл Ақмағамбетке жұмсап, біраз ләйліп алған Зұрихан мол-

да енді садақа каржыны тауысып алып, қолдан ашытқан сыраға телміріп, үйінде жападан-жалғыз кіржиіп отыр». Сөйлемді алғаш оқығанда үлкен әріппен жазылған Ақмағамбетті кісі есімі деп қабылдауының күмән туғызбайды. Алайда «басы зырқ-зырқ етіп, жас сыраны тыжырына ұрттап» отырған молданың сыйқын көргенде оқырманның өзі де тыжырына қалары даусыз.

Осылайша жазушы XX ғасырдың екінші жартысындағы «Аңқау елге арамза молда» болып жүрген екікүзділердің бетін айызынды қандыра тілгілейді. Фасыр баындағы әдебиеттен үлкен орын алған арамзалардың кеңестік дәуір тұсында да Коммунистік партиядан қорықпай құлығын асырып, бір басып, екі асап жүргеніне таң қалсаң, бұл – әрине жазушының өмірдің көленекелі жақтарын шынайы қалпында бейнелеген шеберлік қыры. Жазушының осындағы шеберлікпен жазылған алғашқы шығармалары қатарында бір топ эсселері мен әңгімелерін атау ләзім. «Әке сыны», «Тұңғыш», «Тасыр», «Мұһимин атай», «Мұратжанның қазақшасы», «Базарлық» әңгімелерінің барлығы да өмірден алынған шынайылығымен баурайды. Осы әңгімелердің ішінен «Тұңғыш» әңгімесін ерекше атауға болады. Жазушы көпшілік мән бере бермейтін ұсақ-түйектердің өмірде үлкен мәні бар екенін ерлі-зайыпты Қойшыбек пен Бәну тірлігі арқылы шынайы бейнелеген. Аспан айналып жерге түскен шілденің аптап ыстығында өкпесі өшіп дүкеннен екі сөмкені арқалап келе жатқан Бәну – қайда жүрседе үйдегілердің ауыз суын ойлай жүретін әйелдер қауымының жиынтық бейнесі болса, көмектесудің орнына ініне тығылған суырдай үйіне зып беретін Қойшыбектің қылығын неге жоруға болады. Жазушы отызды еңсереде бастаған Қойшыбектің шаруаға қырсыздығы арқылы ереккектер қауымының табиғи болмысына, өздеріне ғана тән ерекшелігіне жан бітірген.

Жазушы Бәнудың: «–Неменеге қарайсың? Үш балалы тұдым, бір баланы – тұңғышты асырап алдым. Сені тұңғыш бала демей, не дейін? Қырқынан шықпаған

нәрестедей күтім тілейсің. Апыр-ау, менсіз қалай өмір сүргенсің? Таңым бар. Бірақ онда шешен ғайын болды-ау. Бір әйелден бір әйел асыраған екен-ау. Ер жұртының бәрі дәп сендей болса, әйелсіз үш күн өмір сүре алмай қырылар еді шетінен?», – деген сөзіне үлкен әлеуметтік жүк арта білген. Қойшыбек – әйелі болмаса дәрменсіз болып қалатын еркектердің жиынтық бейнесі.

Осындай шағын жанрлармен бірге кең құлашты эпикалық шығармалар да жазды. Олардың қатарында «Әттең, дүние» романы мен «Қайдасың, сол күндер» роман-эссе сін, «Мұхамеджан – Мархума» хикаясын ерекше атаған ләзім. Хикаяға әдебиеттанушы-ғалым, академик Мұхамеджан Қаратаев пен Мархума анамыздың басынан өткерген өмір соқпақтары негіз болған. Бір отбасы басынан өткен ауыр күндер қазақ халқының өткен тарихынан сыр шертіп тұр.

2000 жылы жазылған «Әттең, дүние...» романы – оның көркем шығармадан кол үзбегендігінің айғағы. Роман бейбіт өмір тұсында шипажайда демалып жатқан Можекеңнің шырт ұйқыдан шошып оянуымен басталады. Егер сонау бір сұрапыл жылдар болса, мұндай детальға көніл аудармауға болады. Алайда, ел аман, жұртынышта «әскер қатарынан босап, отставкаға шыққанына жарты ғасыр болған қарт полковниктің мазасын алып мезі еткен бұл не пәле? Бұнда не сыр бар?» деген сұрақ қасындағы серігі Омарбектің мазасын алады. Осылайша екі кейіпкердің диалогынан басталған роман лирикалық шегініспен өрбиді.

Можан бейнесі әңгімелуе үстінде толығып отырады. Можанның оң жақ санынан жарапланып алғаш рет госпитальда жатқан кезіндегі армян жігіті екеуінің арасындағы оқиға оның табиғатын ашуға мол септігін тигізген. Жағдайын сұрай келген Машаға «Пошла ты на...», – деп кружка лактыратын армян жігіті мен оған араша түсу үшін төсек астындағы уткасын лактыратын қазақ жігітінің қақтығысы арқылы олардың табиғи жаратылысы ашыла түскен. Осы көріністің өзі-ақ қазақ халқының

қыз балаға ерекше құрмет жасайтыны, оны өз еліне кеткенше қонақ ретінде сыйлайтыны жөнінде хабар береді. Себебі, Можан сондай ортада өскен жігіт. Осы арада жазушы армян халқы мен қазақ халқының қыз балаға деген атадан-балаға мирас болып келе жатқан ұлттық қасиеттерін көрсетуге тырысқан. Осылайша бас кейіпкердің өмір, адам жөніндегі түсінігі мен көзқарасы оның бейнесін толықтыруға қызмет етеді. Бұл қасиет кейінгі уақытта Можанның Инганы алақанға сала аялауымен толығып отырады. Майдан шебіндегі жасаған ерлігін бейнелейтін Мұқанның әңгімесі де оның батырлығына, Отанға адалдығына мысал бола алады. Ал, туған жер, қазақ елінің тарихы, салт-дәстүрі, сөз өнері (жыр-дастандары, мақал-мәтелдері, көркем әдебиеті) туралы әңгімелері оның елі мен жеріне деген шынайы сүйіспеншілігін толықтыруға қызмет етеді.

Можан мен Инга арасындағы махабbat – Можанның өзі көп айтатын бір-біріне қосыла алмай махаббаттың құрбаны болған Қозы мен Баян, Қызжібек пен Төлеген сынды ғашықтардың сұрапыл соғыстан кейінгі жылдардағы жалғасы. Адам баласы не нәрсеге де тыйым салған сайын құмартта түсіп білгісі, көргісі, дәмін татқысы келіп тұратын әдеті ғой. Кеңес одағы жауынгерлері мен Германия елінің жастарына қосылуға болмайтыны жөнінде мемлекет тараалынан тыйым салынғанмен, жүрек шіркінге ешқандай әмірдің журмейтінін Петр мен Эмма, Можан мен Инга арасындағы үлкен махабbat сезімі растай түсken. Автор махаббаттың ұлт талғамайтынын қазақ жігітінің неміс қызына құлай ғашық болуымен ашуға тырысқан. Араға жарты ғасыр уақыт салса да жүрек шіркіннің аһ ұрып сол бір сәтті толассыз аңсауы, жыл өткен сайын арта түсуі – махаббаттың жарасын уақыттың да емдей алмайтындығына мысал.

Қазактың әрбір ырымға ерекше мән беретінін Можанның аяғы ауыр Инганың сүрініп қалуын жаман ырымға жоруынан байқауға болады. Елде көрген түс те сол тұстағы Инганың жайынан хабар берер тәсіл. Олай болса,

автор түсті де белгілі бір мақсатпен пайдалана білген. Тұс адам ойының үйқыдағы бейсаналы көрінісі болатын болса, байғыздың елу жылдан аса Можанға маза бермеуі сол бір қарғыс атқыр Бухенвальд концлагерінің қакпасына тормен бірге құйып жазылған «Jedem das Seinem» («Каждому – свое», «Пешенене не жазылса, соны қөреспін») деген мәтел мен соның ішіндегі «Қашшама жұтса да әкел-әкелдің астына алатын қомағай апан ауыз сегіз пеш – сегіз айдаһар, сегіз тажалдың» 1945 жылдың 11-сәуірге дейін күндіз-түні бір толастамай будақтауына себеп болған тағдыр иелерінің жан түршіктірер жазасы. Гете мен Шиллердің касиетті қаласындағы әсем ғимараттарды көрмек болған қос ғашықтың түбіне жеткен де сол Бухенвальд концлагері. Бухенвальдтің тор қакпасына құйылған темір сөзді автор Данте Алигьеридің «Құдіретті комедиясындағы» «Бұл табалдырықтан аттаған, үміт атаулыдан күдерін үзсін» («Оставьте всякую надежду, входящий сюда») деген тамүқ маңдайшасындағы сөзben салыстыру арқылы әлем әдебиетінен де хабар береді.

Германия жерінде өтіп жатқан орталық оқиғаның төнірегінде жүретін келесі кейіпкерлер – Мұқан мен Қизат. Автор Можан, Мұқан, Қизат үшеуінің бейнесі арқылы казактың үш жүзге бөлініп басы бірікпейтінін көрсетуге тырысқан. Елден шалғайда жүрген үш жігіттің басы бір жерге сыймауы абын болса да шындық. Оны олардың өмір жайындағы таным-түсініктерінің әркелкі болуынан деп пайымдауға болады.

Финал – Инганың қайтыс болуы.

Романның прологы «Жүректе адал сезім сақтау – зор бақыт! Осындаі махабbat иесі бақытсыз болса да бақытты!» дегенді ұғындырады. Себебі, Можан – өзін бақытсыз санағанмен, махабbat атты үлкен сезімді ғұмырына азық еткен бақытты жан. «Көзінен сорасы акқан теңіз тасбақасының суретін» өз суретінің орнына беруі арқылы автор Можан мен теңіз тасбақасының ұқсас тағдырын салыстыруда үлкен жетістікке жеткен. Бала-

ларын тірі жетім етіп қалдыратынына жылайтын тасба-
қа секілді Можан қарт енесінің қызының «көлденеңнен
тапқан көрдемшесін» ізім-ғайым жоғалтқанын ешқашан
ұмытпақ емес. Себебі, ол – Можаннан туған тірі жетім.
Олай болса, баласының не тірі, не өлі екенін білмейтін
Можанның да күйі теңіз тасбакасына өте ұқсас екендігін
автор осындай салыстыру арқылы ұтымды жеткізген.

Жазушының «Үмбет қасқа» атты деректі новелласын
бүтінгі ұлттық әдебиеттің жаңа табысы деп айтуға бо-
лады. Оған бірінші себеп – тақырып сонылығы болса,
кеlesісі – деректілік сипаты. Автор Дәу қара бейнесі
арқылы ешқашан, ешкімге қиянат жасамау керектігін
ескертіп, Алланың құрығы ұзын екенін есімізге салады.
Шериаздан Рұстемұлының «Үмбет қасқа» атты деректі
новелласын бүтінгі ұлттық әдебиеттің жаңа табысы деп
айтуға болады. Оған бірнеше себеп те бар.

Новелладан бірінші көзге түсетін – тақырып сонылығы. «Дін – апиын» деп ұрандаған тоталитаризм заманын-
да қазақ жазушылары шектеулі тақырып аясынан шыға
алмағаны мәлім. Біз XX ғасыр басындағы әдебиетті ак-
тандақ деп жүргенімізде, тұтас бір дәуір әдебиеті және
ақсал жатты. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрдің
үзіліп қалуы ұлттық әдебиетімізге ғана емес, қазақ хал-
қына өз зиянын тигізіп бақты. Себебі, әдебиеттің өмірден
алынатынын, әдебиет пен адамның тығыз байланыста
екендігін ескерсек, мұның тек зиянды жағы ғана болға-
нын көруге болады. Бұл жөнінде бас мұфти Ә.Дербіса-
лы былай дейді: «Иә, біз 70 жыл бойы атеизмнің ұраны
мен үгіт-насихатының әсерінен дініміздің күллі адам
баласына ортақ адал да пәк құндылықтарынан айыры-
ла жаздадық. Оны құбыжық етіп көрсеткен идеологияға
сендік. Сол себепті де Ислам дінінің достық, мейірбан-
дық, тазалық, парасаттылық, адамгершілік діні екенін,
оның тек мұсылмандарға ғана емес, сондай-ақ өзге дін-
дегілерді өзара бейбіт қатар өмір сүрге үндейтініне мән
бермедік».

Бұғінде тарих қойнауына «Алтын ғасыр» болып енген XX ғасыр әдебиетінің ең үлкен дәуірі – кеңестік дәуір. Ендеше, жетпіс жылдық тарихы бар кеңестік дәуір әдебиетінің де басты кемшілігі осында жатыр. Еліміз егемендік алғаннан бері осы олқылықтың орны толып келе жатқаны қуанарлық жайт. Оның бір мысалы – алдымыздада жатқан «Үмбет қасқа» новелласы.

Келесі ерекшелік – шығармадағы деректілік. Новелла алғашында Қызылорда обкомының насиҳат және үгіт бөлімінің менгерушісі, Облыстық партия комитетінің хатшысы, ұзақ жылдар Орталық Комитеттің идеологиялық бөлімінде жауапты қызметтер атқарған Дәүірхан Айдаров туралы сыр шертеді. Бас кейіпкер төнірегінде өткен оқиғаның негізгі лейтмотиві – имандылық. Шығармада исламдық наым-сенімнің жалғасуы қазақ арасында сақталуы көзге түседі. Осыдан келіп Коммунистік партияның идеологиясына адал қызмет еткен басшының аяқ астынан діншіл бола қалағаны қалай? Оның сырьы неде? деген сұрақ туары даусыз. Қазақ баласы көзін ашқаннан «Құдай қаласа», «Құдайдың көзі тұра болсын!», «Алла жар болсын!», «Е, Алла жаратқаның шүкір», «Жаратқан ием, жар бола гөр!», «Адамның айтқаны болмайды, Алланың айтқаны болады» деген сықылды сөздерді естіп өседі де Жаратушының бар екендігіне сенеді. Материалистер тәрізді қолмен ұстауға, көзben көруге болмайтын құдіреттің бар екендігін іштей мойындал, оны санасына сіңіріп өскен адамның атеист болуы да неғайыл. Новелла кейіпкери де осындай таныс, бейтаныс жүздердің, мындардың жиынтық бейнесін көз алдымызға алып келеді.

Қазіргі таңда исламға біржола бет бұрып келеміз. Бір қуанарлығы тәуелсіз қазақ жастары «Дін – апиын» деңгенді естіген жоқ. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда қаншама мешіт салынды. Бір ғана Алматы қаласында 30 мешіттің елге қызмет жасап отырғанын ескеретін болсақ, қазақ халқына 70 жылдан аса жүргізіл-

ген идеологияның өзі ештеңе істей алмағанын байқауға болады.

Келесі бір жетістік – шағын детальдар арқылы үлкен мәселелерді көтеру. Оның бірі – қазақ халқының қасиетіне айналған 1937 жылдың ойраны. Новеллада 1937 жылы «Халық жауы» ретінде ұсталып кеткен Үмбеттің қаска жүйрігін бәйгеге қосқан Дәуекенің әңгімесі арқылы өрбіген оқиғаға шегініс жасалады. Өзі ұсталып бара жатқанда «... сабыр, сабыр. Күләш, жылама, кішкентайымыз шошыр. Анау торы қаска құнаннның ендігі күтімін Сүйеу сейістен сұра» деп кete барған Үмбеттің соңғы аманаты да жүйрігі болғанын оқып отырғанда ат кекілін тарамаса отыра алмайтын қазақты айнаңтайпай танимыз. Төрт тұліктің де өз иесі, пірі болатындығына автор ерекше көңіл бөле отырып, оны нанымды бейнеленген.

Сонымен бірге «Алматының төрінде орналасқан алты қабатты үйдің бірінші қабатындағы әдемі, жасауы келісті, әрқашан шытынап таза тұратын пәтеріне анда-санда соғып кетіп жүремін» деген жолдарды оқып отырғанда кеңестік идеологияның жургізген тағы бір жыныскы саясаты еске түседі. Ол не? Ол – қазақтарға тек бірінші және ен жоғарғы қабаттағы пәтерлердің берілгендігі. Осындай әңгімелерді үлкен кісілерден естіп, көзіміз көріп жүргенде соның тағы бір мысалына күә болдық. Бар ғұмырын партия аппаратына арнаған жаңының зейнетке шыққанға дейін бірінші қабатта тұргандығы әрине оқырманға ой салар дүние. Осындай мысалдардан автордың шағын детальдарға үлкен ой сыйғыза білгенін атаяуға болады.

Шығармада кейіпкер түсі көркемдік қызмет атқарған. Оны автор болашақта болатын оқиғадан хабар беру үшін пайдаланғаны анық. Бапкер Сүйеу сейіс атты бәйгеге қосар алдында досы Үмбетті түсінде көреді. Ол ештеңе айтпаса да қолымен нұқсап бұларға жол сілтейді. Міне, осы арқылы автор екі дүние арасында тылсым құштің болатындығына көңіл аударады.

«Аруақ атқан оңбайды» деген халық даналығын Дәу қара өмірінен көруге негіз бар. Алты алашқа аты жайылған Құлагерді мертіктірген Батыраш тұқымының тек қайғы-қасірет арқалап, азып-тозып кеткені тәрізді. Дәу қара да перзент сүйе алмай қу бас атанып кетеді. Міне, осыған қарап отырып, жүйріктердің де пірі болатындығын мойындауға болады. Олар адам болмағанмен, Алла Тағаланың ерекше сүйіп жаратқан жануарлары. Ендеше, Алланың нұры жауған жандарға (жануарларға) қолдан қасастық жасағандар өздері қазған орға түсетіні рас. Дәу қара бейнесі арқылы автор ешқашан, ешкімге қиянат жасамау керектігін ескерtedі. Авторлық ұстанымнан елге жасаған жақсылығын да, жамандығын да алдыңа келеді дегенді байқауға негіз бар. Ол жөнінде атам қазақ «Адамнан қайтпаса, Алладан қайтады» деп жатады. Осы окиға арқылы автор Алланың құрығы ұзын екенін шынайы суреттей білген.

Қаламгер «Аруақ! Аруақ!» деп айқайға басқан бәйге баланы өмір бойы Үмбеттің аруағы қолдап жүргенін оның ғұмырының жарқын беттеріне сыйғызыса, « – Қалқам-ай, атқа шабуынды ағаннан өзім қолқалап сұрап алып едім, обалына қала жаздадым-ау... Құдай сактады, әйтеуір. Рақмет, таудай жігіт бол, айналып кетейін, мың жаса!» – деген Үмбет жесірінің батасы «Батамен ел көгерер» деген халық даналығын растай түсken.

Шығармадан көзге түсетін үлкен тәрбиелік мәні бар келесі мәселе – бала тәрбиесі. Қазақ халқында тұңғыш баласын өз ата-аналарының баласы ретінде үлкен кіслердің бауырына салып, туған әке-шешесі онымен ағаженгесі ретінде қарым-қатынас жасайтын дәстүр қалыптасқан. Мұның негізгі мақсаты баланың еркін өсуіне алып келеді. Кемпір мен шалды арқа тұтқан бала батыл болып өседі. Олардың барлығы да ақылы бар тентек болатынын көріп те журміз (тентек дегенде бұзакы емес, қайтпас, қайсар, өжет деген мағынада – Г.Орда). Өзіндік айтары бар, өз көздегеніне жетпей қоймайтын баладан болашакта үлкен жауапкершілікті сезінетін аза-

мат өседі. Және бір көңіл аударатын нәрсе кемпір-шалдың тәрбиесін көрген балалар ешқашан өрескел әрекетке бармайды. Себебі, аузында Алласы, қолында Құраны бар қариялар біреудің ала жібін аттамау, ешқашан өтірік айтпау керектігін өз істерімен көрсетіп, баланың сана-сына сіңіріп отырады. Қазақ қашан да баласын «Біреудің ала жібін аттама», «Бас кеспес болса да тіл кеспек жоқ», «Ешқашан өтірік айтушы болма», т.б. сынды ұлагатты сөздер арқылы имандылықпен тәрбиелеуге аса мән берген. Сондықтан да кемпір-шалдың бауырында өскен балалар үлкен жетістіктерге жетіп, биіктеді бағындырып жатады. Бала тәрбиесіне қатысты авторлық ұстанымнан осыны байқауға болады. Себебі, автордың өзі де кемпір-шалдың қолында өсіп, өз балаларын да ата-анасының бауырына сала білген жан. Оны «Сұлулыққа іңкәрлік» (Толғау-эссе, хикая, әңгіме, очерк, пьесалар, әдеби сын-зерттеулер) кітабындағы «Бұл кітабымды бауырында өсken батагей әжем Зейнеп Дүйсеккызы Шөдік келінінің аялы рухына арнаймын» деген сөзінен байқауға болады. Әже бауырында өскендіктен, өз қызын да анасының бауырына сала білгендіктен қызы Гүлнар күні бүгінге дейін әкесін Ағабай деп атайды. Ендеше, автордың өз басынан өткерген осындай жайлар оқырманды шынайылығымен баурап отырады.

Новелланың көтерген жүгі өте ауыр. Олай дейтініміз, мұнда бүгінгі намазхандардың (иманды жандардың) қайдан шыққандығы туралы үлкен келелі мәселе козғалады. Қазақ әдебиетіне исламның енуі туралы сөз еткенде біздің ойымызға бірінші кезекте Ы.Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» мен Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты» еске оралады. Ислам діні келгеннен бері жазылған түркі текстес халықтардың әдебиетінен үлкен орын алған осы дәстүрге кеңестік дәуір тұсында балта шабылса, сөз болып отырған шығарма сан ғасырларда қалыптасқан дәстүрдің тәуелсіздік тұсында қайта жалғасын тапқандығын көрсетеді.

Кез келген көркем шығырманың мақсаты оқырманға ой салу болса, автор бұл мақсатына жеткен. Олай дейтініміз новелланың алғашқы жолдарын оқып отырғанның өзінде әртүрлі ой мазалайды. Соның бірі – қазақ халқының ғана бойына дарыған ұлттық ерекшелік. Olsen – «Айына көрмесе ағайын жат, жылына көрмесе жекжат жат» дейтін халқымыздың бауырмалдығын көрсететін мысал. Оны бас кейіпкердің кіндік қаны тамған жерге «ат ізін суытпай» барып тұруынан көруге болады. Той-томалаққа бармаса да ағайын мен жекжаттың өлімжітіміне міндетті түрде барып тұратын қазақ баласына осы тәрбие қайдан келді деген сауал туады. Автор осындағы сауалдарға жауап берे білген. «– Қазакта Құдайын ұмытты деген сөз бар. Ал, Ҳақ тағала – жүректе. Аринабат ше? Оны да жүргегіңмен сезесін» деген автордың философиялық тұжырымы қазақ халқының жүргегінен орын алған үлкен де ұлы сезімді ұзақ билік жүргізген коммунистік идеологияның санамыздан өшіре алмағандығының танытады.

Автор мен кейіпкердің кездесуі олардың арасындағы тең диологы – осы деректі новелланың өзекті сипаты. Бір арнаға құятын екеудің пікір алмасуы өмірдің биік мәнді мағынасын түсінуге жол ашады. Ауыл үшін... таң емес немесе ат бәйгесін суреттейтін картинадан өмірдің терең қойнауындағы ізгілік, әділдік, сенім секілді адам-касиеттерді ашады. Жүйрік тұлпар киесі жолындағы кейіпкерлер арасындағы қақтығыстан автордың біліктілігі байқалады. Жауыздың жазалануы – казіргі әдебиеттің өткір проблемаларының бірі екенін ескерсек, бұл новелланың мәңгілік тақырыпты көтеріп тұрғаны анық.

Жазушының 2002 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Шырғаланда» эссеі жылдың үздік шығармалары қатарында аталғаны оның көркем туындыларының бүгінгі таңдағы алатын орнын анықтап тұрғаны анық.

Прозалық шығармаларымен өзінің бір қырын танытқан жазушы драматургия жанрында да бағын сынап «Атқоюдың әлегі», «Емтихан» пьесаларын жазды.

2008 жылдан бермен қарай «Қазығұрт» баспасынан көп томдық шығармалар жинағы шығып келеді. Қолымыздығы көп томдық жөнінде автор былай дейді: «Көп томдықтың негізгі мазмұны – тәуелсіздік кезеңіндегі ізденістер. Бетбұрыс аталатын дәүірден бастап мен бірыңғай жазу-сызумен айналыстым. Жарияланған жиырма шақты кітабымның тек үшеуі ғана кеңес кезінде жағық көріпті». Осы сөзге сүйенетін болсақ, қаламгердің негізгі зерттеулері тәуелсіздік тұсында жазылғанын байқауға болады. Оның қолымызға тиген 6 томын параптап отырып біраз сырға қанықтық. Енді сол сырларымызben бөлісіп көрелік.

Қолымыздығы көп томдық 1929 жылы Шығыс Қазақстан облысының Аршалы ауданында дүниеге келген Шериаздан Рұстемұлының саналы ғұмырын қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетіне арнағанына көзімізді жеткізеді. Киров атындағы Қазак университетінің (казіргі әл-Фараби) журналистика факультетін үздік тамамдаған ол туған өлкесіне барып, өзі сүйген мамандығына құлшына кірісті. Әдебиетке журналшы болып келген қаламгердің қаламының жүйріктігі оған әдебиеттің әр саласында қызмет етуге жол ашты. Облыстық газетте қаламын ұштаған журналшы араға сегіз жылдай уақыт салып өзі білім алған қара шаңыраққа келіп ұстаздықпен айналысты. Ол кезде ғылыммен айналысқысы келетін талапкерлердің Кеңестер одағының астанасы Мәскеуге барып білімін толықтыратыны белгілі. Осылайша ол да өз замандастары тәрізді Мәскеудегі Қоғамдық ғылымдар академиясына барып үш жыл оқыды, білімі мен білігін шындалды.

Ғалымның Мемлекеттік сыйлық алған «Мағжан» атты монографиясы көп томдықтың бірінші томының мазмұнын құрайды. Беташар ретінде берілген бұл еңбек – ғалым зерттеулерінің ішіндегі жілігі татыры. Мұнда реп-

рессия құрбаны болған Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы тұтас зерттелді. Бұл – 1990 жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған сүбелі еңбек. Монографияның алғы сөзінде автор: «Әдебиетіміздің үлкен тұлғасы, Абай шынына иықтаса орналасқан сенгірі, сыршыл өлең жырдың бәйге бермес шабандозы Мағжан Жұмабаев ұзақ жылдардан соң алды кең, тынысы еркін, адамгершілігі мол бетбұрыс заманының есігін айқара ашып, ортамызға қайта оралды», – дей келіп, Мағжан қазақ әдебиетінің боз үйіне сәлем беріп кіріп келгенде оған төргі орындардың бірін босатуға тұра келгенін айтады. Араға біраз жыл салып барып ұлттық әдебиет жаңа есіммен толықты. Екі бөлімнен тұратын монографияның «Өмір өткелдері» атты бірінші бөліміне ақынның сан соқпақты ауыр да қасіретті өмір жолы негіз болса, «Сағындырған сұлу жыр» бөлімінде ақынның қазақ поэзиясына қосқан жаңалығы сарапталған.

Қаламгердің жазушылық қырын ашатын көркем шығармалары екінші томға топтастырылыпты. Автор ірілі-үсақты көркем дүниелері бір кітапқа сыймагандықтан олардың бірді-екілерін келесі томдарда беріп отыруды жөн санаған.

Кейінгі томдардың барлығы дерлік ғалымның зерттеушілігін танытатын еңбектер. Сондықтан да оларда хронологиялық тәртіп сакталған. Келесі томға ғалымның «Казахский роман и современность» (1968), «Замандас парасаты» (1977) атты зерттеу еңбектері енген. «Қазақ романы және қазіргі заман» деген такырыпта кандидаттық дисертация корғаганын есімізге түсіретін болсақ, бұл – ғалымның алғашы монографиясы екенін байқауға негіз бар.

Төртінші томның мазмұнын «Фольклордан роман-епопеяға дейін» монографиясы мен «Айалалы алаяқ», «Миллиард қалай жырланды?», «Қымыздықпен жазды алды...», «Талмас қанат», «Боташевтің ботқасы», «Дүниекор дүмшелер» тәрізді тырнақалды очерк, рецензия, фельетондары құрайды. Қазақ романын тыңғылықты

зерттеуге ден қойған ғалым «Қазақ романының идеялық-көркемдік ерекшеліктері» деген тақырыпта докторлық диссертация қогады. Бұл зерттеуінде қазақ әдебиетінің бүгінгі жеткен биігін тақыр жерден пайда болмағандығымен дәлелдеп, мифтер мен аныз-ертеғілерден бастап тарата зерттеу арқылы ұлттық әдебиеттің қалыптасу, өсу, көркею, даму белестерін тығыз байланыста қарастырды.

Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың өмірі мен шығармашылғы туралы зерттеулері «Жаңа жолдан» («С новой стоки») атты еңбегіне енгені белгілі. Сондықтан да 5-томға ғалымның аталған зерттеулері мен сынни мақалалары енген.

«Әдебиет және ұлт тағдыры» атты еңбегіне енген зерттеулері мен сынни мақалалары алтыншы томның мазмұнын құрап тұр. Кітаптың алғы сөзінде:

«Әдебиет және ұлт тағдыры...

Бұл тақырыптың нағыз атасы, шын мәнісінде, – бұрын болжауға да батыл бармас жаңа тірлік – Қазақстан тәуелсіздігі», – дейді автор.

Сөйтіп ол Абайдан басталған қазақ әдебиетін тәуелсіздік тұғырынан жаңаша бағамдайды. «Хакім мен ақын» деген зерттеуінде: «Әр әдебиеттің айырықша жұлдызы жанатын кезеңі болады. Орыс әдебиетінде Рушкин мен Лермонтов туғызатын алтын ғасыр іспетті. Қазақ әдебиетінің сондай алтын ғасыры Абай мен Мағжаннан бас алады», – дей келіп, ұлттық әдебиеттің алтын ғасырын тілге тиек етеді.

Ғалым А.Құнанбаев, Ж.Жабаев, М.Жұмабаев, Ф.Мусірепов, Ф.Мұстафин, Ә.Шәріпов, Ә.Нұрпейісов, Ә.Нұршайықов, Қ.Жұмаділов тәрізді ақын-жазушылардың шығармалары арқылы әдебиеттің аяқ алысын бағамда-са, әдебиеттанушы-ғалым С.Кирабаев туралы мақаласы әдеби сын мен ұлттық әдебиеттанудың өткені мен бүгінінен сыр шертеді. Автор әр дәуір әдебетін зерттей келе әдебиеттің ұлтпен бірге жасайтынын нақты мысалдармен дәлелдейді.

Қолымызыдағы кітаптарды қарап шыққанда көп томдықтың алты томына қаламгердің 1960-1990 жылдары жазған дүниелері енгеніне көзіміз жетті. Оның кейінгі жылдары таза зерттеумен айналысып жүргенін ескеретін болсақ, бұл жылдардың туындылары алдағы томдардың еншісіне тимек. Соңғы оншакты жылдың ішінде жарық көрген «Сұлулыққа інкәрлік», «Ғасырмен сырласу», «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде», «Тәуелсіздік биігінен», т.б. зерттеулері – қазақ әдебиетінің әр дәуірі мен тәуелсіздік кезеңінен мол мағлұмат беретін еңбектер.

Сонымен бірге ғалым Дулат пен Махамбет поэзиясына да бүгінгі күн тұрғысынан баға берсе, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, К.Әзірбаев, С.Адамбеков, Т.Аманdosов, К.Тоқаев, Ә.Жәнібеков, З.Қабдолов, Ш.Мұртаза, Сапар Байжан-Ата, Ә.Қалмыраев, К.Смайылов, С.Әшімбаев, Т.Нұрмажембетов, А.Егеубаев туралы эсследері мен естеліктері, зерттеулері мен макалалары қаламгерлердің шығармашылығы мен сол тұстағы қоғам өмірінен хабар береді.

Ол – 2004-2008 жылдары «Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты академиялық еңбектің 8-9-10 томдарда бірнеше зерттеулерін ұсынды. Олардың қатарында «Ғабидан Мұстафин», «Әбділда Тәжібаев», «Ілияс Есенберлин», «Тахауи Ахтанов», «Әбдіжәміл Нұрпейісов» тараулары мен 1960-1980 жылдардағы заманауи тақырыптағы қазақ романын «Осы заманғы роман» деп зерттесе, тәуелсіздік тұсындағы әдебиетті зерттеген 10-томына басшылық етті.

Қазіргі қазақ романын тұрақты зерттеп жүрген екі адам болса бірі, біреу болса соның өзі – Шериаздан Рұстемұлы екендігі әмбебеге аян. Ол сиясы кеппеген том-том романдарды окудан әсте жалықкан емес. Оның тәуелсіздік тұсында жарық көрген Б.Жандарбековтың «Сақи», Қ.Жұмадиловтың «Дарабоз», Қ.Исабаевтың «Шоң би», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Б.Қыдырбекұлы-

ның «Алатау», Ж.Ахмадидың «Дүрбелең», «Шырғалан», Х.Әдібаевтың «Отырар ойраны», С.Сматасевтың «Елім-ай», Ұ.Доспанбетовтың «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы», Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар ке-зен» тәрізді тарихи романдарына алғашқылардың бірі болып пікір білдіруі – аттан түспеген жүйріктігінің ай-ғағы. Бұл еңбектеріне қарап, бір кездे Мағжанға қараты айтқан «сыршыл өлең сөздің бәйге бермес шабандозы» деген аталы сөзін ғалымның өзіне қараты «әдеби сынның бәйге бермес шабандозы» деп айтуға әбден болады.

Бұл айтып отырғандарымыздың қатарында кейіп-керіміздің педагогтығы мен мемлекеттік қызметтері, кітаптану ғылымының негізін қалағаны туралы айтыл-мағанын ескеретін болсақ, оқырман қауым олардың өз алдына жеке әңгімеге арқау болатынын жадында ұстағаны жөн. «Жігітке жеті өнер де аз» деген халық даналығын жадында ұстаған Шериаздан Рұстемұлы – «Сегіз қырлы, бір сырлы» дарын екенін күнбекүн дәлелдеп жүрген тума талант.

Қорыта айтқанда, қолымыздағы көп томдық шығармалар жинағына Ш.Елеуkenovtің жазғандарының төрттен бірі ғана енгеніне көзіміз жетті. Сондықтан алдағы уақытта ғалым қаламынан туған еңбектердің осы қатарды толықтыруына тілекtesпіз. Сырға толы, мазмұны терен көп томдық шығармалар жинағы – Ш.Рұстемұлының ғана емес, көркейген қазақ әдебиеті мен қазіргі ұлттық әдебиеттану ғылымының сүбелі олжасы болмақ. Авторға оқырманың ынтықтырар жазары көбейсін дегіміз келеді.

МЫҢБАЙ РӘШ *(1930 жылы туған)*

Ақын, сатирик, көсемсөзші Мыңбай Ахметкәрімұлы Рәш (Тотыяйын Рамазанов) 1930 жылы 19 қазанды қазіргі Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей), Аягөз ауданының «Алғабас» совхозында туған.

Жастық шағы Ұлы Отан соғысына тұра келген Мыңбайдың да өз замандастары тәрізді сұрапыл соғыстың тақсыретін тартты. Әкесін майданға беріп, анасынан алты жасында айрылған ол қаршадайынан балалар үйінде тәрбиеленді. Жаз айларында туған ауылы «Алғабасқа» барып, шөп шауып, қозы бағып, қолғабыс тигізіп жүреді. Ашқұрсақ болса да, әдебиет кітаптарын көп оқығандықтан ауыз әдебиеті саласындағы хиссалардың көбін жатқа айтады. Бала кезінен бастап «Қобыланды», «Алпамыс», «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» тәрізді жырларды жатка орындайтын оның репертуарына кейінірек ақындар тәржімалаған қырғыздың «Манасының» біраз тараулары қосылды. Осылайша Мыңбайдың ағамыз бала кезінен бастап жыршы атанды.

Ұлы Отан соғысы женіспен аяқталған соң, тылдағы қара жұмысқа салынған бір топ бозбалалар мен майданнан оралғандар білім қуып астанамыз Алматыға келе бастады. Осы кезде мектеп бітірген Мыңбайдың да өзі сүйетін әдебиетті жағалап, Қазактың Абай атындағы педагогикалық институтының тіл және әдебиет факультетіне оқуға түседі. Мектепте жургенде қыска, арнау өлеңдер жазған ол осылайша 1946 жылдардан бастап әдебиетке келіп еді. Институт қабырғасында жүріп жаза бастағанын: «Қабырға газетіне F.Қайырбеков, С.Қирабаев, Қ.Шәменовтармен бірге жазып тұратынмын. 1955 жылы Қазактың көркем әдебиет баспасынан «Алғашқы боразда» деген өлеңдер жинағым жарыққа шықты», – деп еске алады. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, сол кезде

atalған қара шаңырақта бір топ ұлы ұстаздар шәкірттерге дәріс оқыды. Олардың ішінде әдебиет үйірмесін басқарған Қайнекей Жармағамбетовтың А.Нұрқатов, Н.Ғабдуллин, С.Қирабаев, Байсалов, Ш.Сәтбаева, М.Рәш, т.б. сынды бір топ жастардың әдебиетке келуіне тікелей септігі тиді. Өз замандастары секілді Мыңбай да ұстазының үмітін актап, әдебиет атты айдынға сапар шекті. Әдебиеттің негізгі үш жанрында (поэзия, проза, сатира) қатар қалам серменең ол Габит Мұсірепов, Дихан Әбілев, Қалижан Бекхожин, Әзілхан Нұршайықов, Темірбек Қожакеев сынды ұстаздардың ақ батасын алды.

Кейін «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеті мен «Ара» – «Шмелъ» журналдарында бөлім менгерушісі болған. Әзіл-сықақ журналдарында қызмет етуі оның сықақ жанрында өндіре жазуына септігін тигізді. Журналдың алғашқы бас редакторы ұлы жазушы Габит Мұсіреповтің тәлім-тәрбиесінде болған жылдары жемісті болды. Оның осы тұстағы еңбегін «Ара – Шмелъ» журналының алғашқы бас редакторы F.Мұсірепов: «Мыңбай Рәшев сатирик ретінде біздің журналда істеп жүргенде өз колтанбасын таныта бастады» деп бағаласа, профессор Темірбек Қожакеев «Социалистік Қазақстан» газетіне: «Сатира жанрына жаңа сарбаз келіп қосылды» деп жазған еді.

Оның «Терек пен тікенек», «Біле қойдым», «Бетің кисық болса», «Қисық айна», «Суылдақ», «Бүйімбай», «Тсс... тісіңнен шығарма», «Мұржа мұрын», «Кері тартқанды бері тарт» т.б. сатиralық жинақтары басылды. Сықақтары мен мысалдары «Крокодил қосымшасы» сериясында, «Крокодил», «Дружба народов» журналдарында да жарық көрді. 1957 жылдан Жазушылар одағының мүшесі болған ол оқырман қауымға уытты тілмен жазылған «Бастау» (1975), «Бетің кисық болса» (1969), «Фасыр жолы» (1983), «Дәүір – дастан» (1990), «Суылдақ» (1990), «Терек пен тікенек» (1958), «Тоғыз жұз күн» (1971), «Тс- с ... тісіңнен шығарма...» (1996), «Тандамалы шығармалар» (үш томдық, 2009) т.б. сынды өлеңдер жинағын, сықақ әңгімелерін,

әзіл-оспактарын ұсынды. Таңдамалы шығармалары орыс және туыстас елдер тіліне тәржімаланған.

2009 жылы сатириктің М.Рәштің үш томдық таңдамалы шығармалар жинағы басылып шықты. 1-томға («Кері тартқанды бері тарт») сатриалық, 2-томға («Шабыт шағаласы») поэмалары мен баллада, толғаулары, 3-томға («Жұлдыздар жаңғырығы») естеліктері енгізілген.

Сонымен бірге Крылов, Пушкин, Лермонтов, Мицкевич, Маяковский, өзге де әлем классиктерін қазақ тілінде сөйлету арқылы көркем аударма саласына да үлес қосты.

Ол «Ерен еңбегі үшін», «Тың жерді игергені үшін», «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медальдарының иегері және «Қазақстан Республикасына еңбек сінірген мәдениет қызыметкері», Халықаралық сыйқақшылар конкурсының, Дүниежүзілік жастар фестивалі, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы «Алтын алма» байқауының лауреаты.

Әдебиетке елуінші жылдары келген ол тек сатирик қана емес, эпик ақын. М.Рәшевтің тұңғыш өлеңдер жинағы 1955 жылы «Алғашқы боразда» деген атпен жарық көрді. Қырыққа тарта кітаптың авторы Мыңбай жиырмаға жуық поэмалар мен балладаларын оқырман қауымға ұсынды. Бі раз өлеңі орыс тіліне аударылып жеке кітап бол басылды. Олардың ішінде Шоқан Уәлиханов туралы «Жұлдызды жиһанкез», Қаныш Сәтбаев туралы «Данышпан», Мұхтар Әуезов туралы «Ұстаз», 28-гвардияшы-панфиловшы батырлар, қаһарман батырларымыз Төлеген Тоқтаров, Мәлік Габдуллин, Бауыржан Момышұлы өмірінен жазылған поэмалары – «Батыр дастан», ғасыр сазгері атанған Тілендиев туралы «Киелі домбыра», шұбартаулық жас шопандар өмірінен өрнектелген «Бастау», «Тұлпар», еліміздің тәуелсіздігіне арналған «Топжарған елім» және әзіrbайжан халқының ұлы ағартушысы, драматургі, ақыны Мырзғали Ахундов жайынан жазған «Сабухи» поэмалары – жеке-жеке кітап болып шығып, оқырмандардың ыстық лебізіне бөлөнген әдебиетіміздегі елеулі туындылар. Осылардың қатарын Қазақ мемлекеттік педагогикалық универ-

ситеті география факультетінің деканы, география ғылымдарының докторы, профессор, академик Әлия Бейсенова хақындағы «Аңызға айналған ару» атты деректі дастаны мен «Мархаба» атты лирикалық поэмасы толықтырады.

Осы шығармалары жөнінде автор: «Менің шығармаларымның дені көзім көріп, құлағым естіген деректі шығармалар. Мұның сыртында Шоқан Үәлиханов хақында «Жұлдызды жиһанкез», Қаныш Сәтбаев туралы «Қарсақбай хикаясы», өз ұстазым Мұхтар Әуезов туралы «Ұстаз», Қазақтың хас батырлары Мәлік, Бауыржан, Төлегенге арнал «Батыр – дастан» өзге де көптеген поэмалар жаздым. М.Әуезов атындағы әдебиет, өнер институтының аға ғылыми қызметкері Ә.Нарымбетов соңғы шығармамнан үзінділер келтіріп «шабытпен жазылған туынды» деп бағалағаны есімде», – дейді.

Ол сыйқакты әртүрлі формага құра біледі. «Қала әкімі Бракунов мырза мен су иесі Сүлеймен пайғамбардың айтысы» қала әкімі мен Сүлеймен пайғамбардың айтысына құрылған. Екеуінің аузына сөз сала білген автор ауыз суды сатқан әкімнің халықтың қамын ойламайтындығын «Сүйектей итке тастар бес жұз теңгे Әкім-ау, жұртты жүр ғой таластырып!» деп шеней білген. Немесе «Басың бар ма?», «Аушардағы дау-шар», «Төрекханның тізімі» сынды диалогтарынан оның сыйқакты әртүрлі тәсілмен жеткізе білетіндігі көрінеді. Оның қазақ сатирасын тек мазмұнымен ғана емес түрімен де байытқандығына монологқа құрған «Бұлдіршіндер монологы» мен толғай үлгісіндегі «Үнгірлер мен мінгірлер» атты Алматы қаласындағы метро құрылышы жөніндегі Мұрын жыраудың шөпшегі Мыңбай жыраудың мұнды және прозальқ үлгіде Чеховтың ізімен жазылған «Ешкі аттас фамилиясы» мен жекелеген адамдарға арналған эпиграммалары, өсекші, есепқой, жағымпаз, алышатар, жәдүгей, уәдешіл, селтенбай, жебір, жалмауыз, жылмысқы, өсекші, ұмытшақ, кекеш, сарыуайымшылдар туралы бірқақпайлары мысал бола алады. «Күлкі – көңіл ажары, Күлкі – өмір базары» дейтін сатирик өмірдің көленкелі тұстарын әжуалай отырып, аңы құлкімен шенейді. Оның сатирасы-

на жалақор, жәдігөй сүркиялар мен «Биені бүгімен Түйені түгімен» жұтқандардың жымысқы іс-әрекеті арқау болған. Ақын ондайлардан басқаларды сақтандыра отырып, оқырманын тазалыққа, пәк адамшылыққа шакырады.

Оның доллар үшін даурығып, кенірдек жыртысып жүрген «мешкейлері» де, сынап сынды ұстаптайтын «сыргақпайлары» да, алды-артына қарамай «жигулидай» жүйткітін «багасы» да, өсек, жала іздейтін «мұржа мұрыны» да, әмпей-жәмпей болып жүретін қымқыруға машықкан «бас бух» пен двойной оклад алатын «жас бух» та, не жарығы, не ішетүғын сұы жоқ «Әйгерім» ауылының тұрғындары да өмірден алынған шынайы кейіпкерлер. Осылайша ол заманың толғақты мәселелерін ауыр құлқімен түреп-түреп отырады. Сықақшы жауынгер жанрдың әртурлі ұлтілерімен жазылған сықақтарының бәрінде өзіміз көріп, араласасып жүрген жағымсыздар мен жүгеніздерді өткір тілмен ірейді.

Бүгінгі ұланғайыр өміріміздің елеулі де ауыр мәселесі – экология, ядролық жарылыштар мен соғыс атаулыға ашы наразылығын ашына жазды. Ақын XX ғасырдың өзекті мәселесіне айналған тіл, ономастика, тарихи һәм мәдениет тұлғаларының ескерткіштерін көздің қарашығындағы сақтау сынды XXI ғасырда шешімін таптай жатқан мәселелерді шындықпен шымқалған, үш көріністі қиялы қойылыммен жеткізе білген. Қаныш Сәтбаев, Сәбит Мұқанов, Әлікей Марғұлан, Ахмет Жұбанов, Бауыржан Момышұлы, Құләш Байсейітова, Қасым Аманжолов сынды қазақтың нар қасқаларын көрде де тыныш жатқызбайтын бүгінгі қазақтардың ісі әрине аянышты. Кеңестік дәүірде «Ана тілім» деп жар құлағы жастыққа тимеген F.Мұсірепов пен Б.Момышұлының аруағы егемен елдің азаматтарына ой салса жаман болмас еді. Мұхан, Ахандар бастаған, Кеңесбаевтар қостаған ғылым ордасының небәрі бес-алты ғана толық мүшесі бар заманда орталықтағы Мәскеуге неше рет барып жүріп Ғылым Академиясын аштыrsa, тәуелсіздік тұсындағы отызға тарта академиктің сол ордадан айрылып қалғаны ашы болса да шындық. Сондықтан да о дүниелік болған қазақтың батырлары жиналып, төтенше мәжіліс

ашуға мәжбүр болып отыр. Бір қарағанда комедия секілді көрінетін қойылымда сатира басым. Әрбір сөздің астарына көп мағына сыйғызатын автор осылайша замандастарын түйреп қана қоймай, мақтамен бауыздап, керек жерінде іреп-іреп алады.

Ол сатириктік өрнегін поэзияда ғана емес, прозада да көрсетіп келеді. Сықақ, әзіл-оспақ өлеңдері тәрізді қара сөзben жазылған әңгімелері де ықшам, тап-түйнақылығымен татымды да тартымды оқылып отырады. Оқиғалары нанымды. М. Рәштің сықақтары, фельетондары мен мысалдары өзге тілдерге де аударылған. Жазушы проза жанрынан «Женіс жолдары» хикаятын, «Мен айтпай сірә, кім айттар», «Жұлдыздар жаңғырығы» (Үш томдық шығармаларының бір томы) естелік жазбаларын жарыққа шығарды. Шағын көлемді скетчтердің авторы. Оның фельетондары мен новеллалары, памфлеттері, көсемсөз бен жол суреттемелері әр түрлі басылымдарда үзбей жарияланып келеді. Үш томдық шығармаларының «Кері тартқанды бері тарт» деп аталатын бірінші томына сатриктің сын-сықақтары топтастырылыпты. Ол көлемі ықшам, тартымды сықақтарына өмірдегі сан қылышыздықтарды арқау ете білген. Кітаптың беташары автордың өзі ұзак жылдар қызмет істеген «Ара» журналының қызметкерлері жөніндегі әзіл-эссесімен ашылған «Жүсекенің сасқан жері, Садықбектің қашқан жеріне» «Ара» журналына Жүсіп Алтайбайұлының бас редактор болып келген кезіндегі оқиға негіз болған. Ғабаңың (F.Мұсірепов) «сал дәүіріне», Қайнекейдің (Қ.Жармағамбетов) «Ұсақ-түйекке мән бермейтін мейлінше кең заманына» еті үйреніп қалған «Ара» журналына Ж.Алтайбаев бас редактор болып келген тұста «Сөйтіп жаға жайлауда, тәбе қыстаудағы күндер адыра қалып, қызметке тоғызда келетін» күн туады. «Кенседе отырып қызмет атқаруға жаңы қас Садықбектің» (С.Адамбеков) осы мекемеден кетуіне іссапарда болған Жамбыл облысынан қос нәрестесімен іздең келген келіншектен қашуы себеп болғанын автор «Коянның қашуына мылтықтың басуы» туралы келгендігімен жеткізе білген. Сонымен бірге оның

кілтін көп жоғалтқандығынан есігінің құлпы көп екендігі, Сырдарияның бойында Сырбайды (С.Мауленов) алдайтындығы, Қайнекей, Сырбай, Жұбан, Тахауиларды Алматы вокзалының ресторанына отырғызып қойып, әрқайсысының үйінен 500 сом алып, Шымкент – Алматы поезына «Гудбай, оревуар!», «Хош болындар, Садықбектеп дос болындар! Ақшаларың менде, Ренжімесін төрт женге!» – деп қулана кетіп отыратыны «Әзілің жарасса атаңмен ойна» дейтін қазақы қалжынның әдемі көрінісімен баурайды. Автор қысқа да нұсқа сөйлей отырып, оқырманың баурай біледі.

Елуінші жылдары әдебиетке келген оның Мұхтар, Сәбит, Габит сынды «Алыптар тобына» енген ұстаз ағалары туралы естеліктері нақты деректер арқылы сөйледі. Сонымен бірге студент кезінен аралас-құралас болған С.Қирабаев туралы «Сүлей сынның серкесін» де ерекше атауға болады. Оның: «Иә, қарт ҚазПИ ұясынан, ғылымның асқар қиясынан қанатты бірге қатайтып, әдебиет әдеміне бірге самғаған қастерлі дос! Шабыттыңыз оргтаймасын, жаныңыз қартаймасын!» деген жүрек жарды тілегі досқа деген адал сезімін анғартса, «Ар бол, Ыстыққөл, бар бол, Мұсеке!» атты естелік-эссесінен әдебиетке өзімен қатар келіп, ұлттық әдебиеттану ғылымына мол үлес қоскан М.Базарбаевтың жаңа қырларын танимыз. «Ғабенің батасы», «Қаралғловтың қалжындары», «Нұртас келгенде...», «Свежий балык», т.б. сынды әзіл-эсселері өмірден алынған кейіпкерлердің шынайы іс-әрекеттерімен өрбіп отырады. Ол не жазса да ықшам, қысқа да нұсқа жазады. Шығармалары ұзақ сонар баяндау тәсілінен бойын аулақ салып, көбіне көзі көріп, көніліне ұялаған детальдарды қызықты етіп жазады. Женіл оқылады, тартымдылығымен дараланады. Автордың өзіндік стилі бар деуіміз де осыдан.

80 жылдық мерейтойға да ағамыз құралакан келген жоқ. Кірпіштей үш томдық таңдамалы шығармаларын арқалай келді. Өкініштісі, үш кітаптың үш баспадан ала-құла болып шыққандығы. Мұның өзі қазіргі таңда әдебиеттің тасада қалып бара жатқанын байқатса керек. Автор әр кітабын жеке атпен атауды жөн санапты.

«Сықақшылар туралы одасында» сатирик «Бейімбеттің «Садағы», Жүсіпбектің «Шаншары», Ілиястың «Балғасы», Бұлар деген шалқиган Сатираның арнасы. Ал Көпеннің «Арасы» Осылардың жалғасы», – дей келіп, қазақ сатирасына қомақты үлес қосқан, қосып жүрген сықақшыларды былайша таныстырады:

*Осы жолда шыныққан,
Су ішкен сол құдықтан.
Ахмет те, Абай да
Сенбесеңдер мысал, мысқылдарын
Оқып шығыңдар жарай ма?!*
*Көз жүгіртпін маңайға,
Төмендейік, давай ма?
Осып айтқан Оспанхан,
Кесіп айтқан Қалтай.
Асыра сынаған Асқар,
Тауып әзілдеген Табыл.
Үмбетбай Уайдин, Мыңбай Рәши,
Сағаділда Әжібай, Ілиясұлы Қажытай.
Әмір-бек Копен, Әлімбек Төкең,
Бұлардың бері әсігіт
Қыздар да қалмасын ұмыт.
Айсұлу мен Фарида,
Содан кейін Үміт,
Айтпақызы: Садырұлы Берекен,
Шайхыұлы Ерекен.
Тізе берсем осылай
Сатириктер де бір тайпа ел екен.*

М.Әуезовтен дәріс алған шәкірттің ұстазы туралы жазғандарынан оның ұстазға деген үлкен ілтипатын тануға болады. Аудиторияда отырған алғашқы әжылдарынан бастап, Мұхтардың 50 және 100 жылдың мерей тойларының бел ортасында журуі де ақынның ұстазына деген құрметіне жалғай түсken. Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған «Сүйінші» атты триптихы мен «Өткенім мен жеткенім» атты толғауларынан қазақ елінің бүтінгі жеткені тәуелсіздігі мен оның арғы-бергі тарихына шолу жа-

салған. XX ғасырдағы тарихи оқиғалардың бірсынырасын еске ала отырып, қазақ халқының басынан өткен ауыр күндеріне күйзеле білген автор оның бүгінімен марқайып шаттанады. Алайда қазіргі таңдағы келенсіздіктер де ақынды бей-жай қалдыра алмаған. Сондықтан да ол «О, оқырман, кезексіз сөз аламын Құбылмалы мезілдің мінбесінен!» дейді. «Қабырға кенесте» үш жүздің билері бас қоскан «Мәртөбедегі» жиыннан сыр шертеді. Білекті күші, найзаның ұшымен қорғаған қазактың кең байтак жерін жаудан қорғау мен елдің бірлігін сақтау керектігі жөнінде ақын былай дейді: «Жауынсыз болса – жер жетім, Бірліксіз болса – ел жетім. Басшысыз болса – ер жетім». Мұның өзі ақынның ел бірлігі мен елді басқарар басшылардың алты бақан алауыз болмауын аңсаудан туғандығы анық.

Өмірдің өзін сахнаға айналдырып, «Алпамыс батыр», «Манас» жырларын жатқа оқитын сықақшының Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ахмет Жұбанов, Серке Қожамқұлов, Шәкен Айманов,Ғабит Мұсірепов, Ғабиден Мұстафин, Асқар Тоқпанов, Сырбай Мәүленов, Қайнекей Жармағамбетов сынды ұлт зиялышарының және ұзақ жылдар КСРО-ны басқарған Леонид Ильич Брежнев және басқа басшылардың дауыстарын айнұттай салатынына ел күә.

Қазіргі қазақ сатирасының ақсақалы, сатирик-ақын, «бір өзі – бір театр» атанған Мынбай Рәш XX ғасырдың елуінші жылдарынан бері қарай қалың оқырманға етене таныс. Отанға деген шексіз сүйіспеншілік, халықтар досстығы, қарапайым еңбек адамдарының өмірі, бүгінгі замандас бейнесі сынды алуан тақырыпты қамтитын таңдамалы шығармалар жинағы өмірдің өзекті мәселелерін уытты тілмен нысанага алуымен құнды. Сондықтан да жазушы, сатирик, эпик ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы орны ерекше. Ол не жазса да ықшам, қысқа да нұсқа жазады. Шығармалары ұзақ сонар баяндау тәсілінен бойын аулақ салып, көбіне көзі көріп, көңіліне ұялаған детальдарды қызықты етіп жазады. Женіл оқылады, тартымдылығымен дараланады. Автордың өзіндік стилі бар деуіміз де осыдан.

НҰРҒОЖА ОРАЗ *(1932-1916)*

Алғашында Атырау педагогикалық училищесінде, кейін Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде дәріс алғып, ұлағатты ұстаздардың тәлім-тәрбиесін бойына жинаған ағамыздың алғашқы өлеңдер топтамасы «Жас жүрек» атты жас ақындардың жинағына енген болатын. Содан бергі уақытта қолынан қаламы түспей, ақындық пен журналистікті қатар алғып жүрген Нұрғожа Ораз ағамызы – қазіргі қазақ поэзиясына үлес қосып жүрген аға буын өкілдерінің бірі.

Еңбек жолын мектепте бала тәрбиелейтін ұстаздықтан бастаған ағамызы Қостанай облыстық газетінде, «Тың өлкесі» газетінде жұмыс істеді. Біраз жылдар Целиноград облысаралық бөлімшесінде жауапты хатшы қызметтерін де атқарды. Кейінгі жылдары ол «Сарыарқа» журналының Бас редакторы болды. Осы журнал туралы Қазақстан Республикасының еңбек сінірген қайраткері Зейнолла Серікқалиев «Сарыарқаның» тарихи деректерге қатысты өз көзқарасы, өз ынғайы бар. Сірә, мұны соншама мол тарихи деректерді ұтымды жеткізуудің онтайлы бір жолы десе де болар.

Біздің ойымызша, жаңа журналдың сәтті қадамдары тарих сабактарын зерделілікпен пайымдау. Басылымның басты мақсаты да сол болғанға ұксайды», – десе, журналдың 10 жылдығы қарсанында ҚР ҰҒА академигі С.Қасқабасов: «Сарыарқа» тарихтың тереңінен сыр тартып, ежелгі би-шешендерді, көсемдер, хандар шежіресін таратып, халық ауыз әдебиеті мұраларына да көптеген материалдар жариялады. Өзінің сара жолы, айқын бағыт-бағдары бар басылым екенін 10 жыл бойы дәлелдеп келеді. Еліміздің ертеңі – жастардың ғылым жолында-

ғы ізденістеріне жол ашып, жұртшылыққа таныстыруға да өз үлесін қосты», – деген болатын. Осы пікірлердің өзі-ақ журнал Бас редакторының қандай жұмыстарды атқарғанын байқатса керек.

Ұлттық поэзияны «Тұңғыш кітап», «Кім табады?», «Шұғыла», «Көңіл көктемі», «Тың тулегі», «Қырандар ұясы», «Тың тынысы» тәрізді жыр жинақтарымен байытқан ағамыздың қаламынан біршама прозалық туындылар да туды. Баспасөзде қызмет ете жүріп жазған очерктері оны прозалық көркем шығармалар жазуға жетеледі. Оның «Достар хаты», «Таңдау» хикаяттары мен «Жауқазын шақ», «Дала демі» тәрізді кітаптары – прозалық дүниелері. Қаламгер қаламынан туған шағын әңгімелер мен хикаяттар оның бүл жанрды да еркін игергендейгіне мысал бола алады.

Нұрғожа Ораз – қазіргі қазақ поэзиясы мен журналистикасына өз үлесін қосып жүрген аға буын өкілдерінің бірі. XXI ғасырда жарық көрген «Мама батыр», «Тәуелсіздік таңы атты» жыр жинақтары оның ақындығын аша түссе, «Талқандалған тарихат» қаламгердің журналистігіне қызмет етеді. «Тәуелсіздік таңы атты» поэмалар мен өлеңдер жинағын тарихымызға тәуелсіздік тұғырынан қараган XXI ғасыр әдебиетінің жетістігі деп бағалауға негіз бар.

Жинаққа енген шығармаларын үлкен-үлкен төрт бөлімге жіктелеген. «Тәуелсіздік таңы атты» бірінші бөліміне «Бостандықтың бағасы», «Тарих ракурсі» атты поэмалары топталған. Ақын тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэмасын «Мама батыр», «Бостандықтың бағасы», «Тарих ракурсі» сынды тарихи поэмаларымен байытты. «Бостандықтың бағасы», «Тарих ракурсі» поэмаларында қазақ халқының қазіргі таңдағы тәуелсіздігімен шаттанған ақын лирикалық шегініс арқылы оның бағзы заманнан бері қарай өзінің тәуелсіздігі үшін басқыншылармен айқасқан ерлігі мен тектілігін тарих қойнауынан мысалдар келтіре отырып жырлайды. Ақын бостандықтың қадыр-қасиетін, құдіретін түсіндіру үшін жүгірген аң, үшқан құстың торға қамалған қуйинен мысал келтіреді.

Аң патшасы арыстан, санқылдаған сұңқар, тарпаң мінез тұлпардың да өз басына бостандық іздейтінін әдемі суреттеу арқылы адам баласының, тұтас бір халықтың басына түскен бұғаудың қандай болмағынан хабардар ету үшін, қазіргі тәуелсіздікке қалай қолымыз жеткенін түсіндіру мақсатында екі-үш ғасырға шегініс жасайды. Тарихи-философиялық поэмада интеллектуальды проzanың элементтері де жетерлік. Екі-үш мың жылдықтағы қазақ халқының өткенінен хабар бермек болған ақын тарихи мәліметтер мен накты деректерді орынды пайдаланған. Бостандықтың, тәуелсіздіктің оңай жолмен келмегендігін тарихи деректермен дәлелді де, нанымды түрде бейнелеуге дең қойған.

Поэмада Заратуштра, Анахис, Спонтамана, Дарийлардан бастап сөз еткен ақын сақ, ғұн тайпаларының тарихынан хабар береді. Рим империясын бағындырған Еділ патшаның ерлігі мен Хазар патша, Елтеріс батыр, Тоныкек, Білге қаған сынды арғы ата-бабаларымыздың жанкешті ерлігі қазақ халқының жауынгер халық екендігін байқатады. Курихандар мен Қырғыз қағанаты, Оғыз-ұйғыр қағанатының тұсындағы қазақ жерінде өткен шайқастарды Шыңғысханның жорығымен байланыстыра отырып, қазақ халқының монголдармен қаны араласқанын айта келіп, Алтын Орданың бой көтеруін қазақ хандығымен ұштастыра отырып шынайы бейнелеген. Керей хан мен Жәнібек сұлтан Қазақ атын шығарып, елді тәуелсіздікке бастады. Ақын «Қасым салған қаска жол» мен «Есім салған ескі жол» деп аталатын Қазақ хандығының заң-жобаларының да халықтың бейбіт өмір сүруіне негізделгендердігін баса айтты. Үш жүздің басын біріктірген Абылай хан туралы тарихи деректер бұған дейін қазақ әдебиетінде молынан кездескенмен, Мәтен қызы Сапар келіншек туралы деректер әдебиетте жоқ екендігі белгілі. Осы тұрғыдан қарағанда ақын бұл поэмада қазақ халқының тәуелсіздік, бостандық жолында күрескен 22 жасар Сапар келіншектің бейнесін әдебиетте тұнғыш рет бейнелеп отыр. Ресей империясының

отарына айналған қазақ халқының аргы-бергі тарихынан хабар берген ол XX ғасырдағы қасіреттерді толықтыра түсken. 1928 жылы ірі байларды, 1929 жылы әлді шаруаларды тәркілеудің жаппай ашаршылыққа алып келгеніне, сталиндік репрессияның қазақты қынадай қырғанына баса көңіл бөлу арқылы қазаққа тәуелсіздіктің оңайшылықпен келмегенін түсінуге болады. Оны ақын:

*Репрессия – құғын-сүргін жалғасты,
Кем соқпады қырғыннан да алғашқы.
Халқымыздың бар қаймағын сыйырды,
Батты сол бір трагедия жсанға аиң,*

– деп бейнелейді.

Ұлы Отан соғысына ереккі кіндіктің бәрін қойша көгендеп бергеніміз, кем-кетік пен жарымжан, ақыл-есі кемтар жандардың да әскер қатарына алынғандығы жасырын емес. Ақын ел өміріндегі осындай шындықты шынайы бейнелеген. Сталинград, Ленинград, Москва, Курскі түбіндегі қанды шайқастарда қазақ жауынгерлерінің ерекше ерлік көрсеткендігімен мақтана отырып, сол сұрапыл соғысқа қазақтың құрбандыққа шалынған-дығына күйінеді:

*Майданда өлген әр ұлттардың өкілін –
Бас-басына санағанда өкінім,
Әрбір ұлтты шаққан шақта пайызга
Қазақ алға шыққанында опындым!*

Өз ойын Бауыржан Момышұлының «Соғыстан соң екі жарым миллион Қалғаныңа куандың ба, күн шығып?!» деген сөзімен дәлелдей отырып, «Женіс! Женіс!» деп куанған елге, сол Женістің оңайшылықпен келмегені жөнінде ой салады. Одан кейін қазаққа келген тағы бір қасірет тың және тыңайған жерді игеру науқаны еді. Мыңғырған малдың жайылымына егін салу арқылы тың жердің эрозияға айналғанын ақын жүрек «Мыңғырған мал шыырлаған кең дала Үқсап кетті келбетіне тозақтың» деп жеріне жеткізе бейнелейді. Осылайша қазақтың кең жазира даласы эрозияға ұшырап, отарлаудың және бір түрі жүзеге асты. Тыңға келген өзге ұлт өкілдерінің басым бөлігін қазақ

жерінің шұрайлы жерлеріне қоныстандыру арқылы қазақты өз жерінен тау-тасқа, шөлейтке қуып шығарғандығы да жасырын емес. Миллиард пүт астық өндірген қазақтардың Қытай, Куба, Эфиопия, Ангола сынды аш елдерді тойындырамыз деп өздері ашқұрсақ болып отырғандығы да кеңестік заманың бір шындығы ретінде бейнеленген. «Етікшінің етікке жарымайтыны» тәрізді миллиард пүт астық өндірген шаруалардың ашқұрсақ күн кешуі ашы болса да XX ғасырдың шындығы-тын. Бұл Шерхан Мұртаза айтқандай, қазақ халқының «алтын сандықтың үстінде жалаң пүт отырумен» бірдей еді.

Кеңестік дәүір тұсында орыс тіліне көніл аударылып, қазақ тілі тасада қалуының салдарынан ана тілін білмейтін мәнгүрт ұрпақ өсти. Тілін білмеген адамнан ешқандай патриот шықпайтынын ескеретін болсақ, мұның өзі белгілі саясатпен жасалған қасірет еді. Тәуелсіздік жолында шейіт болғандардың соңғы өкілдері – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан қазақ жастары. Мұздай қару-жарапен құрсанған әскердің бейбіт шеруге шықкан қазақ жастарын жер жастандырғаны да заман шындығы. Оны ақын «Ерлік кетті кең жайылып Одаққа. Жастар жайы түсіп шыққан тозаққа» деп бейнелеген.

Олай болса, ақынның екі-үш мыңжыл бойы тәуелсіздік, бостандық үшін күрескен бүгінгі тәуелсіздігін:

*Ақырында теңдік алған ел болдық!
Тәуелсіздік! Таудан биік жер көрдік.
Елбасының ерен ісін құптадық
Халқымызды «ұлы» елдермен теңгердік,*

– деп жоғары бағалауы орынды.

Жоғарыда аталған жинақтың «Шабытим шақырғанда», «Өмірдің белортасы», «Бақытты шак» атты бөлімдеріне соңғы жылдары жазған лирикалық өлеңдері топталған. Кез келген қаламгердің өз заманының жырын жырлайтыны тәрізді Нұрғожа ағамыз да тәуелсіздік дәүірінің жыршысы. Сондықтан ол бүгінгі тәуелсіздігімізді, қазақ халқының XXI ғасырда қол жеткізген табысын шаттана жырға қости. «Сен мені ғашық етіп қолдағалы, Өмірдің

белортасын кешіп келем» дейтін ағамыз өлеңге шабыттым шақырғанда кешікпе деп еркелейді. Шабытына мінген кезде ол халқының өткені мен бүгінін ой елегінен өткізеді. «Халқымен бірге Елбасы» өлеңінде «Бірінші Алла, екінші патша» дейтін» әкесінің өсietіn есіне алған ақын халық пен Елбасын бөліп-жаруғы келмейтін егіз ұфым ретінде қабылдайды. «Ханның күні қарашасымен» екенін жадында ұстаған ол бұқара халық пен Елбасының бірлігі мен берекесін тілейді. «Ердің күні елімен» болатындығын «Арманымның ақ сырьы» өлеңіндегі «Сол қазак қой жан дүниесі сырымның Сол халыққа тебіремен де талпынам» деген жолдармен жеткізсе, «Халқым – менің бақыттым» өлеңінде жетпісінде «Жігітсін»» деп ақ тілегін ақтарған халқына «арманыма қанат берген елжұрттым» деп еліне, халқына деген ризашылығын білдіреді. «Әр адам бір тамшысы теңіздің» өлеңінде теңіздің тамшыдан құралатыны тәрізді әр адамның казак орманының бір талы екенін еске салады. Мұның өзі ақынның қара басын құйттеген замандастарын шеней отырып, халықты әр қазақтың құрайтындығына сендіреді.

Кім-кімге де туған жері ыстық болатыны белгілі. Қазақ ақындарының барлығы да өз туған жерін жер жаннатына теңейтіні секілді Нұрғожа ақын да кіндік қаны тамған жерін жер біткеннің төресіне балайды. Туған жердің сыйбыр қаққан тал, терегі, қайыңы мен құстарының бұлбұлдай сайраған үніне деген сағыныш лирикалық кейіпкердің өзегін өртейді. «Елде болып шалқыдым» өлеңінде ақын туған-жер мен жерлестеріне деген сүйіспеншілігін «Әр адамын жырыма орап алып, Орамасам, сағынып тоңары анық» деп жеткізеді. Осы қатарды «Аяулы анам – ауылым», «Ардағым – Қаршығалым», «Қаршығалы», «Сол жандарды сағындым», «Ауылым қайда?», «Асыл елім – Қостанай», «Аманбысың, ақ қайың?», «Асыл елім – Қостанай», «Тобылым менің арманым», «Сандуғашты ауылымды сағындым», «Туған жерге жетейін...» сынды өлеңдері толықтырады.

Кіндік қаным тамған жерге жетейін,

Бұл өмірден пәк перзент бол кетейін.

Койынына алар мені ұлы анам,

Сол жұмақта иман айтып өтейін!,

– дейтін ақын үшін туған жерден артық құт-мекен жоқ. Ақын поэзиясында туған жерге деген сағыныш басым. Оның «Қаршығалы, қайран жерім, қайран ел, Сағыныштан сарғаймауға айла бер» деп тілеуі сондықтан.

Жоғарыда аталған поэмаларында арғы тарихымызға шегініс жасап, бостандық, азаттық жолындағы сан мыңдаған шайқастарға жан бітірген ақын замандастарына бүгінгі тәуелсіздігімізді бағалау керектігін «Бағалай біл, ей халық, бейбіт құнді» деп түйіп айтады. Осы ойымызды ақынның тәуелсіздік тұсындағы поэзиясы туралы КР ҰҒА академигі С.Қирабаевтың: «Нұрғожа Ораз:

А, құдайым, еркіндікті бердің бе?

Гайыттан бір бақыт күтті ел кунде.

Құл қылсаң да, күн қылсаң да пендекіді

Құдырыті, әр қашан да еркіңде

– деп жырлады. Ақын азаттықтың онай келмегенін, талай ерлердің қаны мен тері арқылы жеткенімізді өленге қосып, екі ғасыр бойы болған сәтсіз күрестерді еске алды», – деген пікірі растайды. Бүгінгі қол жеткізген тәуелсіздігімізді баға жетпес құндылық ретінде қабылдаған ақын тәуелсіздікке «Ең қымбаттым осы күн» және басқа өлендерін арнады.

Оның «Елбасына», «Сен бар жерде мен де аман», «Халқымен бірге Елбасы» сынды өлендеріне Қазақстан Республикасының тұнғыш Президенті негіз болса, Елбасының бастамасымен іске асқан Астана қаласының келбеті «Шабыт қала» және басқа өлендерінде бейнеленген. Н.Назарбаев: «Астананың халқымыз мактандың ететін қала боларына, жиырма бірінші ғасыр архитектурасымен түрғызылатын жаңа ордамыз боларына күмән жоқ», – деген еді. Айтса айтқандай, Астана қаласы қазіргі таңда сәүлеті жағынан әлемдегі алдыңғы қатарлы қалалардың қатарына қосылды. Астана туралы кез-келген ақынның шабыттана жазатыны да сондықтан. Қазақ елінің

бүгінгі жеткен биігін Елбасының данышпандығымен түсіндірген ақынның:

*Нұрсұлтаның болмаса
Баққа, қазақ, кедейсің.
Ғұмыр тілеп ұлыңа
Соның қамын жегеісің!,*

— деп жырлауы да қисынға келеді.

Ақынның бұл жинағына соңғы жылдары жазған өлеңдері топталғандықтан мұнда адам баласының жетпіс сынды жасына қатысты өлеңдер көп. «Әр жастың өзіне сай лайығы бар» екенін білген ол замандастарына жақсы қартауды тілейді. Оның ұлғайған шағында жазған өлеңдерінде үгіт-насихат, өсиет-өнеге басым. Ол да Абай секілді өсек-өтірік, мактанды, еріншектік пен жалқаулықты, күншілдік пен қасқунемдікті шеней отырып, арамызда жүрген арамзаларды әшкерелейді. Ақын «Бір адым алға озғанға Өшіккен итше қараған, Жөн айтқан жанды жөнсіздер Жыбырлық сөзben талаған» жандардың бүгінде арамызда жүргеніне қүйінеді. Төңіректе болып жататын келенсіздіктерге ой сала білген ол өз замандастарына сын көзben қарап: «Бүгінде жаны аласа «биіктер» көп, Солардан жанға түскен күйіктер көп» дейді. Өмір сүріп отырған қоғамдағы замандастарының шектен шықкан даражалығы да ақын жанын жабыркатаады. «Дарақылық» өлеңінде жалақысын ала алмай отырғандардың даражалығын жеткізе сынайды. Құнін әрен көріп отырғандардың ең қымбат мейрамханаға той жасап, бір-бірімен бәсекеге түсі де өмірден алынған XXI ғасырдың шындығы. Өмірден өткендерді соңғы сапарға шығарып салудың өзін бәсекеге айналдырған жандарға қаратा «Иман-шарт, шаригатта жоқты істеп, Жайлады-ау астамшылық көрер құнің» дейді. Бүгінде «мұсылмандың парызы – дұға қылу екенін» ұмытқандар өз білгенін жасап, әлекке түсude. Өлікті соңғы сапарға жөнелтудің өзінде құранда жоқ жыртыс дегеннің бүгінде бәсекенің құралына айналғаны өмір шындығы. Ондайды қазақ «өлік жоқтың артын ашады, бардың атын шығарады»

дейді. Осындай келенсіздіктерге қуә болған ақын замандастарын имандылыққа шақырып:

*Жыламай бір Аллаға сиыныңдар.
Кездесер алда талай қының бар.
Қыннан қыстырып кәсіп жаса,
Ақыл тап нарықтың да күйін ұгар,*

– деп, ақыл-кеңес береді. Оның ойында келмеске кеткен кер заман кеңестік дәуірмен кеткендігі байқалады. Өткен ғасырда атеистік тәрбие алған ұрпақты бүгінде имандылыққа шақыру тәуелсіз елдің өзекті мәселелерінің бірі болса, ақын назарына осындай мәселелердің ілігуі қуантады.

Өсиет өлеңдердің қатарын «Заман толғауы» мен төрт тағандары толықтырады. Төрт тармаққа белгілі бір ойды сыйғыза отырып, замандастарына ақыл-кеңес айтуды көздеген ол бірде:

*Баяғыдан бүгінгіге келіп ем
Адасқан жсан секілдімін елінен.
Шала қазақ шалдуарлар көбейді
«Атекені» «аташкага» теліген,*

– деп, ана тілін білмейтін, қазақ тілінде сөйлеуге арланағын жаңа қазактарды сынasa, енді бірде:

*Ұлтқа бөлмей адам болу – ұлылық,
Ұлы Отанды сонда орап жылылық.
Осындай бір қагиданы Елбасы
Тубегейлеп, түптен тартып түр үгып,*

– деп адамзат баласын гуманизмге шақырады.

Ақынның келесі топты құрайтын өлеңдері – арнаулар. Қазақ поэзиясының арғы-бергі тарихынан мол орын алған бұл өлеңдердің қатарын оның Мұхамеджан Сералин туралы «Айқап» еді «Сарыарқаның» атасы», «Сұлтан-махмұтке», Тұманбай Молдағалиев туралы «Жасай бер», «Тұмаштың мерейтойына», «Хатпен жіберілген кітаптағы қолтанба», Сара мен Рамазан туралы «Достарды еске алу», «Қос қанатым – достарым», В.Гундарев туралы «Достығымның парызы», С.Кулагин туралы «Ақынның алғысы», «Тұған күніңмен, Мұқтаржан»» және «Бүркіт аға»,

«Күләнда женгеме», «Қонысбайға», «Ініме», ««Гүлжаным туған күн», «Маралым – мактандышым!» тәрізді арнаула-ры толықтырады. Қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, құда-құдағилар, туған-туыстарға арналған арнаулардың қатарында құдай қоскан құдасы Кенжеғали мен құдағы Софияға арнаған «Арнау» өлеңін ерекше атауға болады. Кенжеғали Сағадиевтің отбасын құт-мекенге балаған ол «Меккедей үй ұйытқы болып туысқа Ұлті болған жүрген орта – ұлысқа» деп, қасиетті Меккеге балайды. Құдалардың тойына арналған жыр-шашу қазақ халқының «құда-ларын құдайындау сыйлайтынына» қызмет етеді.

Ақын өз заманының ұлы ретінде өзі өмір сүрген дәуірдің, дәлірек айтсақ XX-XXI ғасырдың күнгейімен бірге көлең-келі жақтарын да жадында ұстап отыруды көздеген. Ел ба-сына түскен ауыр да қаралы күндер ақын назарынан тыс қалмауы орынды. Осы қатарда XX ғасырдың бірінші жар-тысындағы Ұлы Отан соғысы туралы «Ұмытылмас құр-бандар!», соңғы ширегіндегі Желтоқсан оқиғасы туралы «Қарда үсіген жауқазындар...» атты тарихи оқиғаларды өзек еткен өлендерін атауға болады. Жастық шағын соғыс-тың сұрапылы ұрлаған ақын есейген шағында тағы бір та-рихи оқиғаға күә болды. Аналардың кез жасымен, боздақ-тардың қанымен келген Женісті қадірлеуге шақырған ол Желтоқсан оқиғасын да тәуелсіздік үшін құрестердің ка-тарына қояды. Кеңестік дәуірдегі Коммунистік партияның күн көсемінің «Ұлттардың өзін-өзі билеу» қағидасын көз-деп, «Қазаққа қазақтан басшы» сайлауды талап етіп алаң-ға шықкан өрімдей казақ жастарының сол ерлігі бүгінгі таңда казақ әдебиетінің негізгі тақырыптарының біріне айналды. Қазақта аты шулы Желтоқсан оқиғасы туралы жазбаған қаламгер жоқтың қасы. Нұрғожа ақын – сол оқи-ғаға жан бітіргендердің бірі. Оның айтып отырған Жел-тоқсанның ызғарында үсік шалған жауқазындары қазақ жастары екенін айтпаса да түсінікті. Кекті үмітке жалғап, аяздан да, бес қаруын асынып мұздай құрсанған әскерден де тайсалмаған жастардың ерлігін ақынның көктен түскен жасынға теңеуі орынды.

ӘКІМ ТАРАЗИ *(1933 жылы туған)*

Әкім Тарази 1933 жылы 9 қыркүйекте Алматы қаласында дүниеге келген. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін (1955), Мәс-кеудегі сценаристердің жоғары курсын бітірген.

«Құйрықты жүлдіз» атты алғашқы повесі 1966 жылы жарық көрді. Ол қазақ әдебиетін «Үлкен ауыл» (1968), «Асу-асу» (1970), «Киян-соқпақ» (1976), «Бұлтқа салған үясын» (1978), «Тасжарған» (1980), «Басынан Қаратаудың...» (1985), «Кен» (1986), 3 томдық таңдамалы шығармалар (2006), «Мұстафа Шокай» (2008) сынды үкенді-кішілі прозалық туындылармен бірге «Құлмейтін комедия» (1966), Жақсы кісі» (1968), «Жолы болғыш жігіт» (1972), «Қос боздақ» (1985) т.б. пьесалармен байытты. Сонымен бірге «Тұлпардың ізі» (1984, реж. М.Бегалин), «Арман атаман» (1965, реж. Ш.Бейсенбаев), «Қараш-қараш оқиғасы» (1972, реж. Б.Шемшиев), «Мұстафа Шокай», т.б. кинофильм сценарийлерінің авторы. Осы туындылары үшін Қазақстанның еңбек сініріген кайраткері (2000), ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Қазақстан Жазушылар одағының Б.Майлин атындағы сыйлықтың лауреаты атанды.

Ол «Әнім сен едің» атты алқашқы әңгімесінен бастап, оқырман қауымның ыстық ықыласына бөленіп, өзіндік қолтаңбасын танытқан қаламгер тәуелсіздік жылдарында қазақ әдебиетін ірлі-ұсақты жанрлармен байытты. «Сол жылы қектем ерте шықты; сол жылы қектемде ауылдағы бозбала бірі қалмай бәрі ғашық болды; сол жылы қектемде ауылдағы бозбала бірі қалмай бәрі бір қызыға ғашық болды» [5-б.], – деп басталатын әңгімегегі бір ауылдың бозбалаларына хор қызындаі көрінген

Ләйліге деген бала махаббатты шынайылығымен бейнелеген жазушы адам бойындағы психологиялық іірімдерді терең менгергендігін байқатып еді. Ләйліге деген таңданысын жасыра алмай әлек болған Әтімжанның: «– Бестібайдың жириң қасқа дөненін айтам да, ұшқан құска жеткізбейді-ау, жеткізбейді!» деген сөзі еріксіз күлкі үйіреді. Осылайша ә, дегеннен өзіне баурап ала-тын әңгіменің негізгі өзегі – дірменші Ақмырзаның немересі Мирас пен Ләйлі арасындағы алғашқы махаббат. Ауыл балаларының Ләйліні сырттай иемденіп, оған кезек-кезек хат жазып, қызғаныштың қызыл отына ма-лынып өзара төбелесіп мұрын қанатып жүргенінің бәрі бос әурешілік екендігі Ләйлі ісімен нағымды суреттеген. Бозбала біткеннің бәрінен хат алған Ләйлінің оларға бір-ақ жауап беріп, хат жазбаса да Мираңқа іштартуымен махаббаттың «көзбен көріп, іштей сезетін» тылсым күшін ашуға тырысқан. Осындай әдемі лиризмге құрылған әңгіменің кейбір эпизодтарынан астарлап айту ма-шығы да байқалады. Ауылдағы кітап біткенді тауысып оқып, өзі де қолына қалам алғып роман жаза бастаған Мирастың сол қолжазбасы кеңестік дәуір тұсында жа-зуышылардың ашық айта алмаған жайттарынан хабар бе-рер эпизод. Бір қарағанда бала махаббатын арқау еткен әңгіменің астарында үлкен ойлар тұмшаланып жатқаны жасырын емес. Соғыстан мүгедек болып келген Талғат ағайдың Мирастың романының қолжазбасындағы Көке-маранға ханның бірінші болып тұскенін естіген сәттегі көңіл күйінен көп сыр анғарылады. Ол – бай мен пат-шаны, хан мен сұлтанды бұқара халыққа қарсы қойып, оларды тек қана жауыз, қанышер етіп көрсетуге тырыс-қан таптық идеология. Осы эпизодтың өзі әңгіме авто-рының ашық айта алмаған жайттарды тұспалмен, иша-рамен беруге дең қойғандығының нышаны. Осындай әңгіменің бірі «2999999+1». Бұл әңгімеде отызыншы жылдардағы жаппай қудалаудың салдарынан ОГПУ қыз-меткерлерінің қазақ даласына жасаған құғын-сүргінінің бір көрінісі елес береді. «Абыз аға ұзак сөйлемеді. Асық-

пай сөйледі. Тіпті, баппен, мәнерлеп сөйледі. Айтқаны – өз тарихы. Өз тарихы дегені ел тарихы. Ел тарихы дегені тағы да өз тарихы» деген үзіндіден қазақ халқының басынан өткен тарихты Абыздың өмір белестерімен бейнелеу көзделгені байқалады. Осыдан елу бес жыл бұрын өткен оқиғаға лирикалық шегініс жасаған жазушы бір кездегі ОГПУ қызметкері Абыздың өмір жолына үніледі. Сексен беске келген Абыз қарттың XX ғасырдың басындағы тап жауларымен күресуінен бастап, 20-30 жылдардағы «халық жауларымен күресу науқанына белсене араласқан большевик басынан өткен тарих, әрине қазақ халқының тарихы. Абыздың «Үш миллион сүйек жиналмай қалғанда, үш қарғаның құны қанша? Қа-анша-а?» деген сөзі отызыншы жылдардағы қазақ даласын кезген ашкөз ашаршылықтан қырылып қан сасығанын көз алдымызға елестетсе, темір жолды жағалай сұлап жатқан мүрделер соның нақты мысалы. Осы әңгімедегі 2999999-шы адамға қосылған Омар өлімі іздеусіз қалған 3000000-шы адам еді. Жүк поездың бір вагонын елден тартып алған дүние-мұлік пен кептірілген етке толтырған ОГПУ қызметкерлері жол жағалай аштан қырылып жатқандармен ісі де жок. Бірақ осының бәрі Абыз сынды жас большевикке оңай тимегені анық. Әсіреле, жас большевик «Қосан мен Гүлғайша» атты поэмалың кейіпкері Гүлғайшаның қос анарын кесіп алып, ақ жібек орамалға орап алған ОГПУ қызметкерлеріне не жасасын. Бұл бір Абыз көрген оқиғағана еді. Ал, казактың кең сахара даласында мұндай қанқұйлы әрекеттердің қаншасының беті ашылмай жасырын қалды. Осылайша жазушы Абыз өміріне шегініс жасау арқылы қазақтың кешегі қайғылы тарихына жан бітірді.

«Қыз Жібек» әңгімесіндегі Қыз Жібек, Төлеген, Бекежан болып рөлде ойнап жүрген Сауран, Ләйлі, Мирас арасындағы ыстық сезімді өшіре алмаған жазушы оны Ләйлінің себепсізден себепсіз ағыл-тегіл жылаған көз жасымен бейнелеген. Әңгімелерінің біразы бозбалалар, жастар мен үйлі-баранды жасамыстар арасындағы бір

сәттік өткінші сезім мен махаббат атты үлкен сезімді арқау етсе, «Қарабай» әңгімесіне қазіргі арамызда жүрген замандастарымыздың бакталастығы мен бақастығы негіз болған. Қарабай сынды тоғышарлардың арамызда жүргенін автор профессор Ардабай Жакенов бейнесімен суреттеген. Диссертациялық кеңесте диссертациясын қорғап тұрған жап-жас жігітке көрер көзге қиянат жасаған «Қарабайдың» іс-әрекеті өзінен басқаның жұлдызы онынан туғанын көре алмайтын қызғаншақтық, көреалмаушылық, іштарлық сынды кері мінездерді бойына жинақтағандығынан байқалады. Әбділхамит Әбділмахаметовичті бір сүріндірмек болған ниетпен жасалған қысастықтың артында бір адамның тағдыры жатқанын сезінбеген ол өз қызы Баянның да сүйген жігітіне күйеуге шығуға қасастық жасайды. Баян әкесінің қойған спектаклін кездейсоқ оқиғаға балайды. Осындағанда екі оқиға үстінде бар болмысымен танылған профессор жалғыз қызын бақытты ете алмаған Қарабайлардың бүгінгі жалғасы екендігі рас.

«Келін» әңгімесіндегі бір ауылды серілігімен дүрліктірғен Танабай, бір сәттік сезімнің құрбаны болған Жауһаз, «Өлім» әңгімесіндегі Кірпішбайдың айрандай ұйыған отбасына іріткі түсірген досы Еркебұлан, оның серілігіне ерген Бәтиха сынды кейіпкерлердің арамызда жүргені де жасырын емес. Осылайша жазушы таңыс және бейтаныс кейіпкерлерін құнделікті өзімізben араласып жүрген жандардың арасынан іздейді. Ол үшін тосын оқиға мен тосын жағдай да керек емес, құнделікті өмірдің құйбің тіршілігімен бірге өтіп жататын бұл оқиғалар оқырманға ой салары белгілі. Олар әр кейіпкердің бойынан қажетін алып, қажет емесіне сын көзбен қарары даусыз. Мұның өзі жақсыдан үйреніп, жаманнан жириенуге баулиды.

Ешкімге ұқсамайтын Сұлтанмен оқырман бірнеше әңгімеде кездеседі. «Ауыл шетіндегі үйдегі» қарындасын құсқа сататын, «Жабы сәйгүліктері» Көкала атты айырларға талатып өлтіретін, «Саяул» әңгімесіндегі арақ-

қа тойып елге масқара болатын ол әпенділігімен оқыман есінде ұзақ сақталатын кейіпкер.

Тәуелсіздік жылдары қазак романы жаңа мазмұнмен толыға түсті. Олардың қатарынан кешегі ауған соғысы да орын алды. Ә. Таразидің «Жаза» романы (1998) ауған соғысы туралы жаңаша ой қозгайтын туынды. КСРО құрамындағы барлық республика өкілдерінің ауған соғысына бір кісінің баласындай үлес қосқанын білеміз. Ал, соғыстан қайтпаған талай боздақтардың қаны не үшін, кім үшін төгілгеніне бүгінде жауап беру қиын. Біз әдетте Ұлы Отан соғысы туралы шығармалардың басты кейіпкерлерімен мақтанып, олардың Отан қорғау жолындағы жанкешті ерлігін үлгі етіп, өскелен ұрпакқа насиҳаттап жатамыз. Ал, «Жаза» романындағы соғыс өрті тіптен бөлек. Жазушы мақсатсыз соғыстың жеңісі де, жеңілісі де мақсатсыз болатындығын түсіндіруге тырысан. Сондықтан да оның бүкіл әлемге танымал кейіпкерімен біз мақтана алмаймыз. Қазақтан шыққан «Қара майорды» неге Б. Момышұлы сынды батырлардың қатарында аттай алмаймыз. Себебі не? Жазушы оның себебін соғыс салған қасіретпен аша білген. Бұл романнан ұғарымыз соғыстың да екі түрлі болатыны, бірі – әділетті соғыс, екіншісі – әділетсіз соғыс. Романдағы негізгі оқиға осының екіншісіне жатады. Әділетсіз соғыстың адам өмірінде ешқандай мәні жоқ екендігі анық. Сондықтан да өмір мен өлім туралы ұлken философиялық ой қозғаған жазушының аталған романы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Осылайша ол қазақ прозасын жаңа тақырып-пен толықтырды.

2007 жылы Алашорда үкіметінің дүниеге келгеніне тоқсан жыл толды. Осы тұста алаш азamatтарының XX ғасырдың басындағы ерен ерлігі туралы бірсыныра көркем шығармалар дүниеге келді. Осылардың қатарында Ә. Таразидың «Мұстафа Шоқай» атты романын атауға болады. Мұстафа Шоқай да басқа алашшылдар тәрізді қазақ халқын отаршыл патша империясының бодандық бұғауынан босатып, түркі халықтарының дербестігі

үшін күресте танылған қайраткер. Алғашында патша империясының, кейін большевик партиясының өз ұлтына жасаған отаршылдығын түсінген ол – Парижде эмиграцияда жүріп те өктем зорлыққа карсы күресін тоқтаптаған күрескер.

Ә. Таразидың «Мұстафа Шоқай» романы түркі әлемін тұтастандыру жолында орыс отаршылдарымен күресіп өткен Мұстафа Шоқайға арналған. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлғаларға арналған шығармалар қатарын толықтыратын романның бірінші кітабы Мұстафандың азамат болып қалыптасу жолдарын баян етеді. Ш.Мұртазаның «Қызыл Жебе» романындағы бала Тұрардың әкесімен бірге Верный түрмесінде отырып, қоғам, өмір туралы ой түйетіні секілді бұл кітапта да бала Мұстафандың өзін қоршаған ортадағы әр алуан оқиғаларға араласа жүріп, азамат ретінде қалыптаса бастағанына күә боламыз.

Жазушы Мұстафа Шоқайдың күрескер ретінде қалыптасуының бірінші себебін оның отбасынан іздейді. Сондықтан да Шоқай әuletі туралы бірсыпыра мәлімет береді. Арғы атасы Сыр бойы қазактарын билеген Хиуа ханының датқасы. Ханның ең сүйікті атын мініп кете бергендігі туралы аныз оның ханнан да именбекенін танытады. Мұстафа мен Вадим елге келген кездегі Шоқай бидің үйіне түсетін Сафиннің отбасына көрсетілген үлкен қошамет арқылы би әuletінің тектілігін жазушы назарда ұстап отырған. Бұл қатарды Мұстафанды Оспан ағасы кездесетін эпизодтар толықтырды. Біз Оспанмен алғашында базарда ат үстінде, екінші рет Мұстафа мен Вадимнің елге келген сәтінде, үшінші рет оларды Петерборға окуға алып бара жатқан кезде кездесеміз. Осылардың бәрінде сән-салтанатқа аса мәне беретін Оспан өзінің тектілігімен ерекшеленеді. Қашқар мен Қорасанға мал жіберіп тұратын Оспанның халық арасында сыйлы, құрметті жан екендігі оның іскерлігі мен көпшілдігінің, ақ пейілдігінің нышаны еді. Жүрген жерін той думанға бөлеп, қонағын құдайындағы күтетін Оспанның сырт

көзге салтанатты көріну үшін інісін екі күймемен оқуға әкетіп бара жатқаны да содан.

Мұстафанаң құрескеге ретінде қалыптасуының тағы бір қыры – оның білім алған ортасы. XX ғасырдың басындағы Ташкенттегі патша империясының жандайшаптары жүргізген әміршіл-әкімшіл саясаттың күәгері бола жүріп, қоғам жөнінде ой түюіне ЭСЕР партиясының мүшесі, ең жақын досы Вадим Чайкиннің де тікелей ықпалы болды. Ұлты басқа болса да Вадим ұлтаралық қақтығысты тудыратын жайттарға өте сак. Мерзімді басылым беттеріндегі әрбір мақалаға мұқият зер салып жүретін оның «Түркістан патша ағзамның шын берілген азаматтары, орыстардың ғана жері болуы керек» деген газет бетіндегі ұран мен қалалық бақтағы азиялықтар мен еуропалықтар арасындағы төбелестен кейін жатақханаға келіп қол жия бастауы, шіркеу қызметкерін атып кеткен кезде «Иттер ел ішін бұлдіру үшін әдейі жасап жатыр бұл, иттер, сүмелектер! Патшаның иісшіл иттері, әдейі жасап жатыр. Орталыққа жағыну үшін» деп, елде ұзақ жата алмай қалаға тез қайтуы, саяси қауіпті адам ретінде Кобриннің бақылауына алынып, екі күн түрмеге жатып шығуы оның Мұстафаға қарағанда саясатқа ерте-рек араласқанын байқатады.

Романда негізгі оқиға бірнеше кейіпкердің төнірегінде жүріп жатады. Негізгі орталық кейіпкердің бірі – ұстаз Дорре. Өтірік айта алмайтын, тек ақиқатты, әділдікті жақтайтын ұстаз Мұстафана шынайы сүйеді. Себебі, ол көп шәкірттің ішінен оқ бойы озық шыққан талапты да талантты шәкірт. Жарты Құдай, Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Самосов алтын медаль мен күміс медаль иегерлерін жариялаған кезде Вадим Чайкин бастаған гимназия шәкірттері түгелдей қарсылық білдіреді. Осылайша жиналған жүрт алдында генерал-губернатор Сомосовтың алтын медальды тек ұлы халық өкіліне беру керек, өзге ұлтқа алтын медаль беруге болмайды деген идеясы аяқ астынан күл талқан болады. Ол кейін бәрібір халықты наразы етпей үшін Дорренің шешімі-

не келісіп, Мұстафа Шоқайға өзі апарып тапсыруын сұрайды. Көптің талап етуі бойынша Санкт-Петербург университетінің зан факультетіне сынақсыз түсү үшін алтын медаль Мұстафа Шоқаевқа, күміс медаль Беляев Алексейге берілді. Айтқанынан, өз шешімінен қайтпайтын бірбеткей Мұстафа медальды қолына ұстамауға өзіне серт бергендейктен, медальды ұстазынан досы Вадимнің қабылдан алуын өтінеді. Өзімен бірге Санкт-Петербургке бірге барытын досының сонда алып барып тапсыратынын айтып, ұстаздың көңілін жықпастық танытады. Осылайша Мұстафа мен Вадим алғашқы эпизодтан бастан өз тұлғаларын қалыптастыра бастайды. Гимназияны бітірер-бітірмес бала шәкірттер өмір атты мұхиттың әр түрлі дауылы болатындығын сезіне бастайды. Екеуі де өмірде кездесетін дауылдарға қарсы жузіп, тек әділдік жолында құресуге ден қояды. Ташкент қаласында өткен әртүрлі оқиғаларға тікелей күә болып, басы-касында жүрген Мұстафа қазактың бүгіні мен болашағы туралы өзіндік ой-пікірін қалыптастыра бастайды. Бірінші кітаптың төртінші тарауында «Маскара емес пе. Бір бөлегін Омбыға бағындырып қойды, бір бөлегін Барнауылға бағындырып қойды, бір бөлегін Орынборға бағындырып қойды, бір бөлегін Астраханға бағындырып қойды, бір бөлегін мына Ташкентке бағындырып қойды. Қазақ соны түсініп те отырған жоқ. Әйтеуір өзім аман болсам деп, бас-басына би болып жүрген ылғи қиқымдар. Данышпан Абай зарлай, жылай ішкүста болып өтті дүниеден. Ел болудан қалдық.

«Әбдіраман аканың отбасы қандай еді? Енді не болды?» [295-б.] - деген Мұстафа сөзі оның саяси жағынан өсіп, кайраткер ретінде қалыптаса бастауының белгісі.

Дорреге қарама-карсы кейіпкер – Зеленский. Гимназия директорының орынбасары өзінің жағымпаздығымен, иненің көзінен өтетін жылмақайлығымен Самосовтың сеніміне кіріп үлгереді. Бүгіннен бастап гимназия директоры өзіңсін деген ашу үстінде айтқан Самосовтың сөзін арқаланған ол билік қолына тисе түркі халықтары-

на отаршылдықтың неше атасын жасамақ ойда. Бірақ, Доррені себепсізден себепсіз орнына босата алмайтынын сезген Самосов өз шешімінен тез қайтып үлгереді. Тіпті ол Кобриннің тапсырмасы бойынша Доррені оқça байлап, шіркеуге ертіп те барады.

Отаршыл патша империясының жандайшаптарының бірі – құпия полиция бастығы полковник Кобрин. Азиялықтар мен европалықтар арасына іріткі салумен, жергілікті халықтың наразылығын тудырумен, ұлттар арасындағы қақтығыстармен генерал шенін алу жолында неге де даяр. Оның түпкі мақсаты – түркі халықтарының бірігіп одақ құрып кетуіне кедергі жасау, оларды ақ патшаның отары ретінде бодандықта ұстау. Жергілікті халықтың наразылығын тудыру мақсатында халыққа сыйлы, ел құрметіне бөлөнген Доррені құрбандыққа шалмақ болғандағы ниеті де ұлттар арасындағы қақтығысты ушықтыру. Бірақ, атылған оқтың Дорреге емес, шіркеу қызметкеріне тигені олардың ойлағанынан да артық олжа еді. Олар адам өлімін өз пайдаларына шешіп, ұлттар арасындағы қақтығысты қүштейтуге әлек. Тіпті Кобриннің қолымен қалалық бақтағы жастар арасындағы төбелестін болуы, оның негізгі кейіпкері Балтун мен Шукірді іздеушілері жоқ болғандықтан құрбандыққа шалу – бәрі де қолдан жасалған кияннаттың кен өріс алуы.

Жазушы сол тұстағы ел өмірінен хабар беру мақсатында Мұстафа араласып тұратын өзбек Әбдіраман отбасындағы оқиғалар легін де келтіріп отырады. Молда Әбдіраманның аяқ астынан шайтанның азғыруына еріп Зуһрамен көніл қосуы шарифатқа қайшы болса, ол сол отбасындағы жағдаймен бейнеленген. Әкесінің шешесінің көзіне шөп салғанын кешіре алмай психологиялық тығырыққа тірелген Шукірді жергілікті басқарушылардың өз мүддесіне пайдалануы – әрине саясат. Полиция бастығы қашан да өмірден күйзелген, тығырыққа тірелген жандарды өз мүддесіне пайдаланып отыргандығын жалдамалы Балтун мен Шукірге қатысты оқиғалар растайды. Әйелінің жеңіл жүрісіне шыдай алмай, оны өлтіріп,

өзі кезбе болып жүрген Балтун мен әкесінің шешесіне жасаған қиянатын кешіре алмай дал болған Шұқірдің өз ерітерінен тыс, Кобриннің мұддесіне қызмет етуі отаршылдардың негізгі көздеген мақсатына бағындырылған.

Көркем шығармадағы көркем тәсілдің бірі кейіпкерлердің психологиялық тығырыққа тіреліп, екіге жарылуы. Бұл шығармада тығырыққа тірелген кейіпкерлер бойындағы екіге жарылу Әбдіраман бойынан анық байкалады. «Кешіре гөр, Алла, кешіре гөр, Алла! Өзіне-өзі қол жұмсау мұсылман баласына жат, мұсылман баласына жат, күнә! Екінші дауыс: – Күнәһар, күнәһар! Босқа тепсініп тұрынц, қолынан келсе, кеңірдектен тарт та жібер. Бүкіл ұттыңды, бүкіл күнәнді өзің ғана арқалап кет! Кет, енді. Жоқ! Болмайды мен мұсылманмын...» [123-б.], - деген үзіндіден адам бойындағы бір-біріне қарама-қарсы екіге жарылуды байқаймыз.

Жазушы авторлық ұстанымды кейіпкер сөзімен жеткізуді басшылыққа алып отырады. Оған Мұстафаның қазақ елін патшалық империяның басқару жүйесі туралы, Кобриннің қазақ халқы туралы Мұстафаға айткан сөздері мысал бола алады. Кобриннің: «Сіздің халықта оқыған азаматтар баршылық. Бірақ жетіспейді. Мынау өздеріңіздің бауырлас көршілеріңізде сіздердей өркендеп өскен зиялды қауым жоқ деуге болады. Бұлардың тәрбиесі де басқа, айырмашылығы көп. Мен оны білемін. Еңкейіп жүріп енбек ететін халық, кеудесін кең кере алмайды. Кеудесін керіп кең далада жүрген сіздің халық, еңкейіп жүріп енбек ете алмайды. Оны да білемін. Сіздің халықтың ең үлкен қасиеті кең далада кеудесін керіп еркін жүретін болса, сіздің халықтың осал жері де сол деп ойлаймын», - деген сөзі қазақ халқына берілген баға. Отаршылдар осындағы еркін өскен халықтың мойнына бұғау салып, басына бодандық ноқтасын кигізіп бақты. Осы бұғаудан құтылуды көздеген алаш азаматтары Түркілік одак құруға бет бүрді. Алайда оны XX ғасыр басында жүзеге асыру мүмкін емес еді. Сон-

дықтан мындаған қайраткерлер «ұлтшыл» атанип, қоғам өмірінен және тарихтан біржолата аластатылды.

Бірінші кітап, Мұстафанаң саяси қауіпті адам ретінде екі күн түрмеге жабылуымен аяқталған. Құпия полициясының бастығы полковник Кобриннің екі сөтке Мұстафана түрмеде ұстап, оны Гүржигеннің ақымақтығынан көріп, жылы жауып ақталуы әрине ақылға сыйымсыз. Бастығының тапсырмасынсыз Гүржигеннің өз бетінше оны түрмеге жабуға құқы жоқ екені белгілі. Олай болса, Мұстафанаң ағасы Оспанның қалаға келуі полиция бастығын өтірік айтуға мәжбүр етіп отыр. Мұның өз Кобриннің жергіліктілер арасында халық алдында беделді жандармен ауызбірлікте болуды қалайтынын байқатады. Мұстафанаң қоғам, өмір туралы сан-саулға жауап таба алмай, отаршыл империяның боданы болуға болмайтындығы туралы ойының қалыптасуының ең басты себебі қазактар мен кірме казактар арасындағы шұрайлы жерге деген таластың адам өлімімен аяқталуы. Казактардың төрт ұл, екі қызы мен әке-шешесін, яғни бір отбасын түгел атып кетуі – бір отбасына емес, күллі қазақ халқына жасалған қиянат еді. Ел өміріндегі осындай шиеленістен туған қайғылы қаза Мұстафанаң отаршыл империяға деген наразылығын қалыптастырып, болашақ үлкен күреске дайындалды. Олай болса, бірінші кітаптың соңындағы осы шешуші оқиға болашақ үлкен де тарихи оқиғалардың негізгі себебі еді.

2006 жылы жарық көрген үш томдық таңдамалы шығармаларының бірінші томына жазушының «Қиянат» атты романы енді. «Тоймайдан», «Жанмайдан», «Оймайдан», «Қанмайдан» сынды төрт тараудан тұратын роман-ға төрт дәптердің жазбалары негіз болған. «Тоймайдан» тарауы Сарқасқа дөнен жөніндегі әңгімeden өрбиді. Қаратаудың етегін мекен еткен Қараспан ауылы тұрғындарының бейбіт өмірдегі тірлігі негіз болған бұл тараудан той десе қу бас домалайтын қазақ ауылындағы әр алуан тойлар төнірегіндегі оқиғалар легі көркем суреттелген. Негізгі оқиғалар Сағаттың «Шіркін, Пірәлидің Сарқасқа-

сы-ай!» деп жұртты тамсантқан дөненнің бәйге жарысынан жүлделі орынды иеленуімен басталып, «Майқорық» совхозының тұрғындары Пірәли мен Ақмаржанның тоғымен аяқталады. Негізгі орталық кейіпкердің бірі соғыс ардагері Пірәлидің төнірегінде өтіп жататын оқиғалардың негізгі арнасы ел өміріндегі оқиғалардан хабар береді. Бұл тарау Химзаводка окуға аттанған Сағаттың «Ата, ататай, маған сенің жолынды берсін, мен – сен болуға ант етемін!», «Саған да ант етемін, Қараспан баба!» деп үлкен антты арқалауымен аяқталған.

«Жанмайдан» деп аталағын екінші тарау Ботабайдың отбасына байланысты оқиғалармен өрбиді. Ботабайдың шешесі Балзия ертерек дүние салып, әкесі Дараз дұшпанға оң аяғын беріп, соғыстың екінші жазында ауылға келіп, орманшы Иванның қасында журіп кейін өзі де орманшы атанған әділ, турашыл жан. Галия мен Ботабай арасында өсіп келе жатқан Сәнияны олардың асырап алғандығы жөнінде білетін көрші Маша женгейдің осы құпияны қызға айтып жүргегін жарагалақ болғаны әрине орынсыз. Сәнияның жүргегін жарагалағысы келмеген қос мұнлық Қыыр Шығыстан тұра қашып Қаратаудан орын тебеді. Қайда барса да Қорқыттың көрі дегендей мұнда да Кәкіш сынды қасқунемдер табылып, Ботабайды тағы солай корқыта бастайды. Стасик деген иттің қолымен жазылған: «Әй, сенің қызыым-қызыым деп жүргеніңің асыранды қыз екенін біз білеміз, түсіндің бе?! Ал енді бір алтанаң ішінде Қыыр Шығыстан қалай қаштың, Қаратаудан солай қаш, көшіп қаш. Әйтпесе бар ғой, үйіне келеміз де қызыңа бәрін айтып береміз. Білдің бе?» [155-б.], – деген сөздер тағы алдынан шығады. Осылайша Сағат пен Сәнияның үйленбек ниетіне Кәкіш пен Мәкіштің арам пиғылдары келіп араласады. Бетіне қараған жалғыз қыздарының көңіліне дақ түсіргісі келмеген ата-ана енді қайтадан Қыыр шығыска көшуге бел байлайды.

«Оймайдан» тарауында жоғарыдағы оқиғаға Сағаттың Мәскеуде совет сауда институтында оқытын ағасы Балбала келіп қосылады. Сағат пен Сәния, Стасик пен

Люся, Нұрәлі – Гүлсім – Кәкіш, Сәбира – Сабыр – Кәмәлия арасындағы махаббат линиялары негізгі оқиғаны толықтыруға қызмет етеді. «Қанмайданда» болмашы ұсак-түйектен басталған көреалмаушылық үлкен өшпендейлікке ұласады. Кезінде қызыңа асырап алғанынды айтып қоямын деп қоқан лоққы жасаған Кәкіш аяқ астынан қаза болған жары Гүлсімді Ботабай өлтірді деп жала жапса, Ботабайдың өлімінің астары ашылмаған күйінде қалады. Гүлсімнің ажалауна кінәлімін деп өзі барған Бәкен сегіз жылға сottалса, ол ұсынылған орден мен депутаттық орынға басқа біреу ие болып шыға келді. Зия өліміне қатысты апаттан басталған роман Ботабайдың өлімімен акталады. Бірақ бұлардың ешқайсысы да ашылған жоқ. Оны жазушы романнның эпилогында «Ботабай өліміне байланысты ешкім сотқа тартылған жоқ. Кәкіш – Мәкіштерді зан орындары біраз әуреледі де жәйіне қалдырыды. «Себебі – белглі ғой!..» – деді жұрт.

Зия апаты мүлде ашылмай қалды. «Себебі... Берген бере білетін жігіт!» – деп жүр ғой кепшілік» деп түсіндірді. Бақастықтың түбі адам казасына алып келгенін бірнеше отбасы арасындағы шағын оқиғалармен ұштастырыған жазушы казіргі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдағы бассызыңтарды әшкереledі. Романнның негізгі идеясы обырды тобыр ешқашан жеңе алмайтындығына сайды. Сондықтан да шығарманың аты айтып тұрғандай, бұл роман жазықсыз жандарға жасалған есепсіз қияннатордың XXI ғасырдағы жиынтығындағы әсер береді.

Шығармалар жинағының екінші томына жазушының соңғы жылдары жазылған шығармаларынан «Шер» атты романы енді. «Мұн», «Құлазу», «Зарығу» атты үш тараудан тұратын романда өткен соғыс өткелектері ұшқыш Зорданың өмір жолы арқылы бейнеленген. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлғалар қатарын толықтаратын романға өмірде болған Ұлы Отан соғысының ардагері, Кеңес Одағының батыры Талғат Бигелдинов өмірі негіз болған. Роман жөнінде: «Бұл шығармаға желі болған Талғат Бигелдиновтің ғұмыры. Иә, иә кәдімгі кеңес Одағы-

ның Батыры атағына екі мәрте ие болған генерал Бигелдиновтың ғұмыры. Еңбек үстінде жаза келе, «қыз келе», материалдардан едәуір алыстап кеткенімді аңғардым. Кеш аңғардым. Сондықтан, амал жок, кейіпкерлердің аты-жөнін өзгертіп алуға мәжбүр болдым», – дейді автор. Автор айтса айтқандай, бұл кезінде үлкен дау туғызыған шығарма. Өзінің көркем бейнесінің шындықтан алшақтап кеткендігіне наразы болған Т.Бигелдиновтың өзі роман авторының қатты сынағаны белгілі. Себебі романың басынан-аяғына дейін он екі жігіттің командирімен көк жүзінде самғамақ түгілі қолдарына темір ұстап көрмегендегі әрине қысынға келмейді. Шындығында Батыр жөніндегі көркем шығарма басқаша болмақ. Сондықтан романның басты кемшилігін жазушының өзі де мойыннады. Себебі романдағы басты кейіпкер жазушы сөзімен айтқанда, оқырманына «төркінін сағынған келіншектей» әсер қалдырыды. Оның бас кейіпкері немістердің құлқісіне ұшырап, өзін-өзі «Қорқақ! Қоян жүрек! Сені де кенес ұшқышы дейді-ау!» деп қайраудан аспады. Ал, оқырман басқыншы жауға қыргидай тиіп, оларға ес жиюға мұрша бермей, үсті-үстіне бомбалап жатқан Батыр Талғат Бигелдиновтың көркем бейнесін күтіп еді.

Ушінші томға әр жылдарда жазылған «Ақбердінің ауласы», «Тырна, тырна, тырналар», «Әнім сен едің», «Ауыл шетіндегі үй», «Жабы сәйгүлік», «Сауда» сынды хикаяттары мен әңгімелер енген.

Көріп отырғанымыздай XXI ғасырдағы қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуіне әңгіме, хикаяттарымен бірге кен құлашты эпикалық романдарымен үлес қосып жүрген Әкім Тарази қазіргі қазақ прозасының белгілі өкілі. Оның қаламынан туған шығармалардың негізгі жетістігі өмірдің күнгей жақтарынан гөрі, көленкелі жақтарына көбірек көніл бөлуінде. Бірсыныра шығармаларында XX ғасырдың әр түрлі тарихи оқиғаларынан хабар берген ол – қазіргі қазақ прозасын XXI ғасырдағы замандастарымыздың көркем бейнесімен толықтырып жүрген жазушы.

МАРФУҒА АЙТХОЖИНА *(1936 жылы туған)*

1936 жылы 25 тамызда Құлжа қаласында (КХР) дүниеге келген. 1956 жылы Құлжадағы қыздар гимназиясын тәмамдаған ол әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін (1965), Мәскеудегі Жоғары әдеби курсі бітірді (1971). 1961-1969 жылдары «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан мұғалімі» газеттерінде әдеби қызметкер болып істеді.

1959 жылы «Қазақ әдебиетінде» бір топ өлеңдері жарияланған ақын 1962 жылы шыққан «Балқұрақ» атты тұнғыш жинағынан бастап бірнеше жыр кітаптарын ұсынды. Шығармалары болгар, поляк, венгр, чех, парсы, т.б. тілдерге аударылды.

Ақынның казақ әдебиетіне сінірген еңбегі жоғары бағаланып, 2002 жылы «Аңсау» атты жыр жинағына КР Мемлекеттік сыйлығы берілді. «Құрмет белгісі», «Парсат» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталды.

Басқа ақындар тәрізді Марфуға Айтхожина жырларына да өзі өмір сүрген қоғамдағы өмір шындығы мен өзінің басынан кешкен оқиғалары негіз болған. Еліміз тәуелсіздік алған соң, ақындардың барлығы дерлік кеңестік дәуір тұсында еркін жаза алмаған, еркін айта алмаған тақыптарына қайта үніліп, кешегі өткен тарих қатпарларына жан бітіріп, ол туралы сыр шертті. Оның 1992 жылы жарық көрген «Жапырақ сілкінген кеш» атты жинағына енген жырлар осы ойымызды толықтыра түспек. «Қашқын» атты өлеңінде өзі өмір сүрген кеңестік дәуір тұсындағы қазақтың тарихынан хабар беріп, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы жаппай қудалау мен ашаршылықтың салған зардабын:

*Әкемді әкеткенде ұстап менің
Басыңа қыс қырауы қыстап сенің,
Аштыққа бәрін берін,
Аяулы, ана,
Қайғының қара бұлтын құштап па едің,*

– деп шынайы бейнеледі. Мұның өзі сол бір қасіретті жылдардың көркем шындығы екені белгілі. Осындай қыын-қыстау күндерді басынан өткізіп бала тәрбиелеген анасының Аяқөздегі сынақты көрмегенін «Болмайтын жарылыштар жер бетінде, Анашым! Бақытты екен бала кезің!» деп жанына медет етеді.

«Тасқындан қалайын бір нөсердейін, Орамай тұрғанда жер жөргегіне» дейтін ақын жырлары ақ нөсердей құйылып жатады. Табиғаттың әрбір құбылысы мен затына жан бітіріп, бұлт туралы «Шүйке бұлттар саусағындаш шебердің – Өрнек салып бара жатыр аспанға» десе, шындар туралы «Шындар тұр, бір-бірімен тай-талақан, Аспанның аршын төсін шайқап ашқан» дейді. «Толқын жатыр жағаны сүйіп-шалқып», «Ақ қайындар сүйеп қалып бір-бірін, Дірілдейді жапырақтар – сырғалар», «Жиектен толқын қашып бара жатыр, Жұлдыздарды билетіп, арқасында ай», «Ақ қайың ару ақ балтыр, Ақша бұлт көлге көміліп», «Қой тастар сузып түскен қыз шашынан, Ұқсайды күміс шолпы тізбегіне», «Ақша бұлттар мінгесіп бара жатыр, Алатаудың ақ жалды өркешіне» сынды тіркестер қазақ поэзиясындағы кейіптеудің қатарын толықтырады. «Тау өзені» деген өлеңінде:

*Ал тунде іАЗІК айды құшаққа алып,
Ақ шатыреға өркесі ұқсан қалып.
Жар төсін тепкілесе жата қалып,
Маржандар шашылады ұсақталып,*

– деген бейнелі сурет жасайды.

«Сынғырлап бір күлдің де сынай қарап, Садағына түйредің сұрақтардың», «Жартастары кеуденің жаңғырығып, Жүйріктей бұлқынады көрмедегі», «Дірілдеген, толқындаған сезімдей, Жас арудың толықсыған кезіндей», «Бұлқынған асаудайын қайран көңіл, Бұл күнде

әр нәрседен шайлығыпты», - деп жансызға жан бітіріп, бейнелі образ жасайды.

Оның жырлары сергек сезім, нәрлі ойға құрылған өзіндік үні бар, жалынды жастық жырларымен қатар, туған еліне, жеріне деген шынайы махаббат, сүйіспеншілікке толы. «Қайран Талқы таулары-ай» топтамасына енген өлендері тұтастай туған жерге арналған. «Мекенденеп Алатауды жүрген жай бар, Тусам да Тәніртаудың етегінде» деп өзі айтқандай, Алатауда жүргенмен Тәніртауды бір сәт те естен шығарған емес. Сондықтан да туған жер туралы:

*Тұған ел!
Өзіңе арнап өлең жазам,
Көз емес,
Жүргегімнің жасыменен!*

- дейді.

Туған жерге, қазақ топырағына деген сағыныш сезімінің қандай болатындығын сыртта жүрген бауырластар жақсы біледі. Өз елінде жүрген жандардың өзі туған жерден ұзаған сайын оған деген сағынышы аса түсетін болса, сыртта жүргендердің жайы мүлде бөлек. Екі елдің арасында жүргендіктен де Ақұштаптың «Келеді шекара-дан ұшып кеткім, даланың секілденіп көбелегі» деуі зан-ды. Шекарадан бері өтсе ар жақты, ары өтсе бер жақты сағынатын лирикалық кейіпкерде сағыныш сезім басым. Оны ақын «Сарғаю жақсы – Ағашқа, Сағыну жақсы – Адамға» деп суреттейді. Сондықтан да туған жердің бір уыс топырағына оның бар құдіретін сыйғызады:

*Қаниама артық болса да басқа қала,
Жетер ме өз тұған жер, тас қораңа..*

*Бір уыс топырагы үшін тұған жердің,
Жатады қантөгіс қып қаниша халық.*

Туған жермен бірге ақын шығармаларынан үлкен орын алғын – махаббат лирикасы. Сүйген жарға деген сағыныш пен ынтық сезімді нәзік жүректі ақын өте сипайы жеткізеді. «Аққұым менің» деген өлеңінде:

*Жұғіре шықтым қыр үстіне, соқты самал желтініп,
Жатыр еken табанымда толықсыған көл тұнып.
Жатыр еken бұратылып сан құбылып ойнақшып,
Сәуле құшиқан толқын ерні дір-дір етіп*

Қаймақшып.

*Көрдім-дағы сол бір қалтын жүрек кетті толқындан,
Жагалауда нәзік қайың ыргалады солқылдақ.*

*Жагалауда нәзік құрақ сусылдайды бұрымдай,
Самал тынбай тербетеді бірін қатты, бірін жай.
Сыбырлайды, сыйбырлайды,*

*Сыңғырлайды бар маңым,
Төксін дей ме жүрек толы сағынышын, арманын.
Жұлқылайды, шымшилайды, қытықтайды бал
Сезім,*

*Мейлі-мейлі бар еркімді балқытып бір алишы өзің, –
дейді.*

Адам мен табиғатты тұтас бірліктे қарап, табиғаттың әрбір деталына жете үнілген ақын сүйген жүректің сыңарын іздең сағыныш қүйін осылайша жанды бейнелеғен. «Келдің бе, жаным, көктеммен, Жанымды өртеп от деммен. Қаңтардың қатқыл қысындар – Күндерім сенсіз өткерген, Келдің бе, жаным, көктеммен!..» деген жолдардың контарсты сезімге құрылуының өзі ақын шеберлігін танытады. Ақын жүрек махаббаттың тылсым күшіне жан бітіріп, оны окушы қауымға бар шынайы қалпымен жеткізуге тырысқан.

Сапарда туған жырлардан Қазақстанның төрт бұрышымен бірге алыс-жакын шетелдерді де кездестіруге болады. Қазақ зиялышары білім нәрімен сусындаған Омбыны көріп марқайған ақын Ертіске қарап тұрып «Тіздірген ойдан талай бойға маржан» Мағжан ақынын іздейді. «Қапсырмада» женешесінің сырғасын туған айға балаған ол қапсырмасына қарап отырып, қазақтың атадан-балаға мирас болған қолөнерінің XXI ғасырда, яғни жарылыс заманында жоғалып кетуінен қауіптенеді:

*Үдеген сайын Семей жарқылдары,
Таулар да шөгін жатыр нар тұлғалы.*

*Халқымның бар өнерін жояр ма екен,
Аралдың сияқтанып тартылғаны.*

Амангелді, Естай, Майра, Жамбыл тағы басқалардың туған ауылын жырға қосқан ақын сұлу Көкшеге де жыр арнады. «Жасыбай! Жарқыраған лағыл жүзік!» десе Баян тауын Жасыбайдың күзетшісі етіп көрсетеді: «Жасыбайдың күзетіп тыныштығын, Кірпік ілмей қарап тұр Баян батыр». Осындай арнау өлеңдердің қатарын «Ертіс әуендері», «Ақ Еділ – арман», «Пермь дәптерінен», «Балтық жырлары», «Кавказ әсерлері», «Болгария әуендері» сынды топтамалары толықтырады. Жол сапарлардан туған бұл жырларында ақынның табиғаттың сұлулығын ғана емес, сол елді мекен еткен халықтарды да қызықтыратындығын байқауға болады. Оның өзгенің қуанышын бөлісіп, қайғысына ортақ бола алатын нәзік жүректі ақын екендігіне осы топтамалары мысал бола алады.

Өз заманының жырын жырлаған ол бірде бүгінгі күннің жетістігіне масаттанып марқайса, енді бірде ки-сыны кеткен тірлік пен кері кеткен әдет-ғұрыпты көргенде жаны күйзеледі. «Қара бұрым толқындаған тілерсекте» атты өлеңінде ардан безген қазақ қыздарының некесіз туған тастанды балаларды көбейтіп жатқанына егіліп, кешегі атам қазақтың «Оң жақтағы» қыз жүкті болды десе, бар ауылға таңба болып басылатын» заманының өткенине күйзеледі. Мұның өзі XXI ғасырдың дертіне айналып бара жатқан өзекті мәселелердің бірі екені жасырын емес.

«Тобық», «Қыр қызғалдағы», «Киіккескен», «Бас киім», «От ішіндегі гүл», «Қарағым-ай» балладалары халқымыз бастан кешкен өмір белестерін хабар береді. XX ғасырдағы кан құйлы соғыстың ақын шығармаларынан мол орын алуды занғы. «Тобықта» сүйгеніне тобық қалдырған жауынгердің майданнан аман-есен оралғанына кезіксең, «Бас киімде» бес баласын бірдей майданға берген қарт пен кейуананың олардан қалған бес бас киімді медет тұтқан шерлі күйіне жолығамыз. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл өмірі кейіпкер сөзімен шынайы берілген:

*Еңкейген кәрі, жас бала,
Алмайтын еді-ау бір тыным.
Бұра алмай мойын асқа да,
Ұмытқан еді жүргт үйін.*

*Осылай өтіп жасты күн,
Күндіз-түні жоқ тыным.
Талайдың ұрлап шаттығын,
Сөндіріп кетті-ау от нұрын.*

Осылайша, сол тұстағы құллі елдің қайғы-қасіретін бар қызығынан айрылған бір отбасына сыйғыза білді. Бұл сол тұстағы азаматын майданға жіберіп, кемпір-шал мен жас балаға қарап қалған әрбір отбасының көркем бейнесі екені белгілі.

«От ішіндегі гүл» де сол бір қасітерке толы жылдардан хабар берсе, «Женеше-ай» – қырқыншы жылдардағы келіншектердің қазақ әдебиетіндегі бейнесін толықтыра尔 туынды. «Жанымды жастай егілтіп, Женгелер мұңын көп ұққам» дейтін ол Құдай қосқан жарынан бір, ақылшысы болған енесінен екі айрылып, «Сағынышын ақылға бағындырыған» қазақ келіндерінің бір отбасын асырау жолындағы ауыр бейнеті мен қайғылы қасіретін «Жанышла күрсінеді кейде сонша, Устіне қара жартас құлағандай» деп суреттеген.

«Қыр қызгалдағында» окуда, еңбекте озат болған қазақ қызының Отан корғау үшін майданға аттанып ерлік көрсетуі арқылы қазақ әдебиетіндегі қазақ қыздарының көркем бейнесін толықтырды. Ақын жарадар қыздың Ерлігін Қызыл Ту ордені мен Отан даңқы медаліне сыйғызыған. «Қарағым-ай»-да Беріккара сайындағы құз басынан қосақтап құлатқан қыз бен жігіттің акқуға айналып ұшып кеткені жөніндегі анызды тірілтіп, оған жан біртірсе, «Киіккескенде» екі аяқтыларды оққа байлаған бүгінгі адамзаттың ісіне жолығамыз. Үйірінен бөлініп, лағын қорғамақ болған киіктің қүйін ақын былай бейнеледі:

*Атылған мылтықты ақын есітпеді,
— 268 —*

*Болды-ау өкінішті кешіккен.
Көз алдыма жас ана елестеді,
Бәбекін қорғаштаган
Бесіктегі...*

Аңшылардың ісіне қарсы үкім айту аналарға ғана тән екені белгілі. Себебі, Марфуға да бала тәрбиелеген ана. Баласын қоғау – әрбір ананың мақсаты мен міндеті. Оны ақын «Шілдехана» атты толғауында жете жырлаған:

*Ана жсанын ана болсаң ұгарсың,
Алдыңдағы ол бір биік құзар шың.
Балаң үшін кеуде кере мақтанып,
Балаң үшін биіктен де құларсың –
Ана жсанын ана болсаң ұгарсың.*

«Қызық бар ма ана үшін басқадай, Нәрестеден артық оған жоқ тілек» деген ақын жанын тек аналар ғана түсінірі анық. Осылайша қазақ поэзиясына әйел-ананың балаға деген кіршіксіз үлкен маҳаббатын шынайы қалпымен алып келді.

«Қазақ аруы» поэмасында Баян, Жібек, Ақтоқтының Шолпан, Әлия, Мәншүк сынды сінлілерінің ерлігін мақтан еткен ол қазақ қыздарының бейнесін асқақтата түсті.

Сыршыл лирикалары мен сюжетке құрылған балладаларында қазақ тарихынан сыр шерткен ақынның «Көктем әуені» атты балладасында кешегі киын-қыстау заманда үдере көшкен елдің шекарадан асып кетіп, енді туған елге жете алмай жүрген жайына кезігеміз. «Жадыра», «Ешкі өлместегі ескерткіш» поэмалары – кешегі замандас бейнесін жасаған туындылар. Темір тұлпарды бағындырған Жадыраның Отан қамбасына тапсырған Сыр күрішін мақтан еткен ол қазақ қыздарының қофамдағы орны мен атқарған еңбектерін жеткізе жырлады. Еңбектегі ерлігі үшін Қызыл Жұлдызға ие болған Жадыраның Отан алдындағы ересен енбегі өз замандастары мен бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге екені даусыз. Жадыраның:

*Аналық ыстық жүрекпен –
Өсірдім дәннің маржсанын.*

*Демеймін таудай ірімін,
Тірлігін еттім тірінің.
Өзімнің тұңғышы қызыымдай,
Бидайдың өрдім бұрымын...*

*Желіндегі есіп дағаның,
Күріштің шашын тараадым.
Ойлама жсанын темір деп,
Темірге мінген Ананың,*

– деген сөзі оның да бала тәрбилиген ана екенін еске салады. Осындағы бидайдың бұрымын өру, күріштің шашын тарау – ақынның қазақ поэзиясына алып келген бейнелі образдары.

«Ешкі өлмestегі ескерткіште» Нұрболат Тұшкенов басқарған ауыл тіршігінен хабар беріп, елді, малды, егістікті ойлап бір тыным таппаған іскер басшының еңбегін Отанға миллиард пүт астық тапсырумен көрсеткен. Бұл кешегі кеңстік дәуірде Коммунистік партияға адал қызмет еткен барша қызметкерлер мен адал азаматтардың типтік бейнесі екені жасырын емес.

«Бағараның батыры» – қазақ әдебиетіндегі замандас бейнесін толықтыратын туынды. Социалистік Еңбек Ері, КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаты Ажыхан Есқараевтың еңбектегі ерлігін жырлау арқылы қазақ халқының тарихынан сыр шертеді. Әкеден жастай қалған Ажыханың бір отбасын асырау жолындағы ауыр енбегі, кешегі соғыс жылдарындағы бұғанасы қатпаған балалардың бар міндетті атқарғанын еске салады. «Бұтін киім кимей-ақ ер жетті ол, Ескісін сүйрей жүріп әкесінің» деген жолдарға сол тұстағы елдің әлеуметтік жағдайын сыйғызыса, «Қаршадай болғанменен лезде есейіп, Аттанды ол балалықпен қоштасуға» деген тармактарда балалықпен ерте қоштасып, уақыт ерте есейткен соғыс жылдарындағы жасөспірімдердің бейнесі жинақталған. Аз сөзге көп мағына сыйғыза білген автор қос басында Ажыханы жылан шағу оқиғасы арқылы ана мен бала арасындағы шексіз махаббатқа көніл аударған.

Ақынның XXI ғасырда жазылған өлеңдері мен поэмалары «Тобылғы бүрлегенде» (2008) атты жинағына енді. XX ғасырда жазылған поэзиясында негізінен туған жерді аңсау, сағыну, еркіндік-азаттықты аңсау басым болса, тәуелсіздік тұсында ол тәуелсіздіктің баянды болуына көніл бөлді. Бұл жылдары тәуелсіздікті «Дала құды» атты өлеңінде «Тәуелсізбін, ешкімге бас ұрмаймын, Қол жеткен қуанышты жасырмаймын» деп жырлаған ақынның «Алатаудың ақ батасы» поэмасына да қазіргі тәуелсіздік негіз болды.

«Барысы жортып жүрген кең даланың!..» өлеңінде Астананы «Күншуақты, Астана, бой көтерді, Белгісіндей, бейне бір даналықтың!» дей келіп, оны кең даланы жортып жүрген барыска тенесе, «Мен Арқаға барғанда» өлеңінде «Аруақты аталар мекені бұл, Ғасырларға арманын тосқан алдан» дейді. «Астана төл перзенті Елбасының», т.б. шағын лирикалар қазіргі Қазақстан Астанасының бейнесін асқақтатқан туындылар. Ал «Шыңынан Алатаудың өрлеп күнім!», «Ару Алматы», «Абылай хан даңғылы», «Қуанышың ортақ бүкіл халыққа», т.б. казақ поэзиясындағы әсем қала Алматының бейнесін толықтыратын туындылар.

Ақын бірсыныра өлеңдері жекелеген адамдарға арналған. А.Құнанбаев («Кінә қойма, мыңмен жалғыз алысқан», «Абай күні», «Аян беріп», «Мұражай жанындағы ой», «Алдында бар ғаламды жүгіндірген», «Жұрттың бәрі жиен емес Абайға», «Құнанбай әuletтері», «Абай келді»), Ш.Құдайбердиев («Шәкәрім қажы»), М.Жұмабаев («Жапырақтан жас тамшылап»), І.Жансүгіров («Жан аға!»), М.Әуезов («Мұхтар аға»), Ж.Жабаев («Жамбыл ғасыр»), Т.Токтаров («Жас қазак»), Қ.Аманжолов («Халықтың қаһарманы, батыр Қасым»), Н.Назарбаев («Алланың нұры сүйіп...», «Дара тұлға», «Мықтылық», «Шыңынан Алатаудың өрлеп күнім!», «Елбасының елмен қауышуы») сынды тарихи қайраткерлердің бейнесін асқақтатқан туындылар тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясындағы аталған қалам және қоғам қайраткерлерінің көркем бейнесін толықтыруға қызмет

етеді. «Алланың нұры сүйіп...» өлеңінде Елбасын екінші сайлаудан алған әсерін «Ғасырлар тоғысынан таймай өттің, Өзінен бұрын ешбір, Ер өтпеген!...» деп бейнелесе, «Дара тұлға» мен «Мықтылық» өлеңдерінде Елбасын «Бар қазақтың бақыты үшін, Заманнан асып туған, Дара Тұлға!..», «Сіз келесіз, бүкіл әлем жұртына Қазағыңың – Кім екенін ұқтырып!» деп асқақ сезіммен жырға қости.

Дерексіз затты деректі затпен беру де ақын қаламына тән. «Жүйрік қой желген аттай уақыт деген, Жүргенді көтермейтін ырғалатын», «Самалың сипап жатыр, Сүйіп беттен», «Еркесі сияқты еді, Сарқырама, Жартасын жата қалып тепкілеген», «Өзіне созған қолым жетпесе де, Қанатын жүрек құсым қақты кілең», «Сайрамның жанарынан жас жаңбырлап, Егіліп жатқандығын сезер көніл», «Жүрген соң сағыныштан қанат байлап», «Бұлт қонатын шындарға мен өлеңнің, Қондырсам деп келемін көшін аман!» деген бейнелі образдармен дерексіз заттардың өзін көз алдымызға елестетеді.

Жансызыға жан бітіріп, айшықты образдар мен әдемі тенеулер жасау – ақын поэзиясының басты ерекшелігінің бірі. Ол «Күзгі аспандай жабығып жүрсің неден», «Ұқсаған аққу құска бір қыз көрдім, Тұратын ерініне ай қонақтап», «Бұралған бұрымындей жас арудың Самалмен ырғалады майда құрак», т.б. сынды айшықты образдар жасау арқылы ақындық шеберлігін танытты. Туған жердің әсем табиғатын, жас адамның жан дүниесін жырлаған ақынның шабытын қозғап, қаламын тербейтін де – замана құдіреті, еңбек дүбірі, кеңес адамдарының биік адамгершілік мұраты, тәуелсіздіктің тұрақтылығы. Марфуға да басқа ақындар секілді өз заманының жыршысы. Қазақ поэзиясындағы қалыптасқан 7-8, 11, 15 буынды дәстүрлі өлеңдерді жалғастырған ақын өз тарапынан түр жаңалығын қоспағанмен оны бейнелі тіл, әсем ырғак, сырлы әуенмен байытты.

ЖАҚСЫЛЫҚ САМИТҰЛЫ **(1939-2007)**

Жақсылық Самитұлы 1939 жылдың 5-тамызында Қытай Халық Республикасының Суар, Жеменей ауданының Жәке Ласты деген жерінде дүниеге келген. Оның өмір жолын қарап отырсаныз, көптеген жазушылар тәрізді әдебиетке поэзиямен аяқ басқағанын көреміз. Студенттік жылдары жарық көрген сыршыл өлеңдері мен алғашқы әңгімелерінен бастап көпшілік оқырманның ыстық ықыласына бөленді. Оның әдебиетке келуі Қытайдағы мәдениет төңкерісімен тұспа-тұс келгендіктен, оқырман қауым жас талантынан көз жазып қалды.

1958 жылдан бастап «қазақ ұлтшылдығы», «оңшыл опортонист» деген саяси айып тағылып, екі жылдай тергеуге алынған оны империялдық саясат 1960 жылы Қорладағы Жаза лагеріне айдады. Осындай жаппай қудалаудан шетте жүрген ағайындарымыз да аман қалмады. 1963-1978 жылдары Жеменей аудандық белсенділердің бакылауында еңбекпен түзеу колониясында болды. 1976 жылы Мао өлгеннен кейін ғана басына бостандық алған ол алғашында мектеп мұғалімі, 1980 жылдан бастап «Алтай аясы» атты әдеби журналдың бас редакторы, 1989 жылдан Шыңжан өлкелік телевидениесінде қызметтер атқарды [1, 363-390]. Осы қызметтер Жақсылық Самитұлына шығармашылықпен еркін айналысуға мүмкіндік туғызды.

1958-1978 жылдар арасындағы жиырма жылға созылған құғын-сүргін қарымды қаламгердің қаламын мұқалта алмады. Жетпісінші жылдардың соңынан өмірден өткенше шығармашылықпен айналысқан ол ұлттың рухани қоржынына олжа салды. Шығармашылықта өнімді еңбек еткен жазушының әр жылдардағы туындылары

көпшілік оқырман ғана емес, білікті мамандар тарапынан жоғары баға алғып жатты. Олардың қатарында Армиябек Сағындықұлы, Есей Женісұлы, Елім Алтайұлы, Жарас Ермекбай және басқа есімдерді атаған жөн.

Алпыс сегіз жыл өмірінің жиырма жылды құғын-сүргінмен өтіп, соңғы отыз жылда шығармашылықпен айналысқан жазушының бұл жылдарын да өз ішінен екіге бөліп қарауға негіз бар. Алғашқы он бес жылдығы Қытайдағы қазақ әдебиетінің еншісіне тисе, өмірінің соңғы жылдарында атажұртта өткен жылдары жазылған дүниелері тәуелсіздік тұсындағы ұлттық әдебиеттен орын алған туындылар.

Жақсылық Самитұлы шағын жанрдағы туындыларымен-ақ бір ғасырдың көркем шежіресін жасағандығына «Сары ала қаз» [1] жинағына енген әңгімелері мысал бола алады. Жинаққа енген әңгімелерге XX ғасырдың басында кіндік қаны тамған атажұрттан ұдерे көшкен елдің арғы беттегі хал-ахуалы мен еліміз тәуелсіздік алған соң, ғұмыр бойы жинаған мал-мұлкінен баз кешіп, туған жерден топырақ бұйырса деп келгенде көрген құқайлары жинақталған. Сондықтан да жазушының «Ана сүті», «Өке бейіті», «Қамашпен қайта кездесу», «Құлак», «Көк иірім», «Ұмытылмас қонағасы», «Ғажайып танқ», «Қызыл әскердің әйелі», «Тосын оқиға» әңгімелеріне қытай арасында жүрген қазактар өмірі негіз болса, «Офицердің жесірі», «Таныс дәрігер», «Тамшы», «Екі метр жер», «Адасқандар», «Өліп қалған тірі адам» шығармаларына бүгінгі өзіміз көріп отырған тәуелсіз қазақ елінің тыныс-тіршілігі арқа болған.

Алғашқы топтағы әңгімелерге қытай жеріндегі сұрапыл жылдар арқау болғанын төмендегі мысалдардан көруге болады. Мәдени төңкеріс жылдарындағы қинау мен сұрақ-жауап «Ана сүті» әңгімесінен меммұндалайды. «Ана сүті» – қазақ әйелінің ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін нағымды бейнелеген әңгіме. Өз ұрпағын өрліккө, ерліккө тәрбиелеген аналар жауынгер қазақ халқының санғасырлық шайқастарда жеңіп шығуына себепкөр

болғанын арысы Томиристен бастап, берісі Желтоқсан оқиғасының өзі дәлелдеп берген жоқ па?.. Иә, сондыктан осы әңгімегеді ана да ұлының ездігі үшін сүтін көкке саууға даяр. Қызына төрден орын берген, әйел-аналарды тіршілікті жаратушы деп құрметтеген қазақ баласы үшін ана шешімі – атазаңнан кем емес. Осындай аналардан тәлім алған қаракөздер мәдени төңкеріс кезінде адам төзгісіз азапқа да қаскайып қарсы тұрды, жау олардың өр басын ілтө алмады. Осының жарқын мысалы «Көк иірім» әңгімесіндегі «қырыққа бір» деп, Алтай даласына тәртіп орнатып, жауынгер халықтың өр көкірегін баспақ болып келе жатқан қырық хон вей бинді (қызыл әскердің жазалаушы отряды деп түсіндіруге болады) өзімен ала кеткен Қарақыздың ерлігі. Дала заны бойынша жеке-жекте жауырыны жерге тимеген Қарақызды қырық қытайдың ортаға алып тепкілегені тәнін ғана емес, жаңын да жарапал, ар-намысын таптап еді. Өмірінде біреу мұрның канатпаған оның мұндай қорлыққа шыдамай өр басын ер өлімге тігуі кейіпкер бейнесін толықтыра түсікен. «Ана сүті» әңгімесі ұлттық рухтың ана сүтімен берілетіндігін шынайы бейнелегендігімен бағалы.

«Қамашпен қайта кездесу» әңгімесіндегі аскан көрік, білгір білімімен күллі жігіттің қол жетпес арманына айналған ақ маңдай Қамаштың оншакты жылдың ішінде аузы омырайып, екі тістің арасынан қызыл тілі жалақтап отыруы арқылы сол дәуір тіршілігінен хабар берген автор Қамаштың өмір жолын «Кешегі бірге ойнап, бірге күлген құрбыма да «шешелетіп» қойды ғой... – деді де алқымы бүлкілдеп, үні шықпай, булығып қалды. Қыбырсыз тесірейіп жерге қараған көзінен кесек-кесек жас тамшылары да тамып кетті» деген жолдарға сыйғызған. Иә, Қамаш маңдай тісі мен аузын қоса қағып алса да шпиондығында мойында деп қаншама жала жауып, қинап-зорлауга төтеп берген қазақтың батыр қыздарының бірі екенин баса айтқанымыз жөн.

«Ұмытылмас қонақасы» әңгімесінен бұқара халықтың тұралаған тіршілігін түйсінуге болады. Осы әңгімегедегі

апталап жол жүріп жол-жөнекей ыстық тамақ ішпеген кейіпкерлерімізге «үйме-жүйме болып, ырсыып-ырсыып, бырысып, бүгіліп жатқан» қырық сирақты қысыла-қинала қонақасы ретінде алдарына тартқан жас отбасылардың ісі – «жоқ жомарттың қолын байлайтындығының» көрінісі. Ал, «Әке бейіті» әңгімесінде Ерубай мен Бөкеннің әкелерінің топырағына таласып жатқанына кез боламыз. Өлген адамның орнын қадірлейтін салт боғынша екеуі де әкелерінің басына белгі қоймақ ниетте. Жұмабек ақсақалдың Әкілбай мен Нұғыманды бір ұяға жерлегендіктен балаларының таласып тұрганы мынау. Жас-кәрі демей, түгел «секірмелі даму» тоғанын қазу жұмысына жегілгенде ауылда жалғыз қалған Жұмабек ақсақал Алтайдың қытымыр қысында үш күн жүріп, бір өлімнен қалып жер қойнауына тапсырғанын құрдастарының әруағы да көріп жатқан болса керек. Жарымжан кемпір-шалдан басқаның барлығы қыс бойы жұмысқа тартылғанда екі мұрдені жер қойнауына тапсырып, озі мұрттай ұшып түскен жерінен кемпірі іздеп келіп, тауып алмап па еді? Бұл әңгіме «Дажайдан үйрену» қозғалысы кезіндегі жайдан хабар берсе, «Құлак» әңгімесіндегі қыздан шыққан қолбасының бір кездегі жұлып алған құлағының иесі өз күйеуі шұнақ Байтұр екеніне не дерсін?

«Тосын оқиға» әңгімесінде үлгілі ұстаз, мейірімді ана, опалы жар болған Гулиша аймақтық партия мектебінен, біржылдық саяси курстан келгенде төбесінен жай түскендей болады. Облыстық соттың бастығы Қокымбай қылмыскерден бес мың доллар пара алышп, жалғызбасты кемпірдің баласын он бес жылға соттатып жібергенмен, оның жазасын кенже қызы Мейхуа тартып отыр. Қокымбай тәрізді түйені түгімен жұтып үйренгендер біздің де арамызда жетерлік. Осы оқиға арқылы автор оқырманға ой салады. Ол екі аяқты пендelerдің әрбір ісінің амал дәптеріне жазылып отыратыны, одан қашып құтыла алмайтындығы, біреуге жасаған қиянатымыздың сазайын ұрпағымыздың тартатыны. «Тосын оқиға» әңгімесінеге арғы беттегі оқиға негіз болғанмен, оны «Адасқандар-

дан» бөліп жаруға келмейді. «Адасқандар» әңгімесінде Мәнел мен Гүлбикенің, Мәнел мен Гүлзаттың махабbat линиялары арқылы қазіргі қазақ қоғамының қасіреті көтерілген. Жазушы адам пиғылышының бұзылуын бір отбасы төнірегіне жинақтаған. Баймен құда болып, ауыздары акқа тиген Совхозбек пен әйеліне баласының бақыты емес, құдасының байлығы керек еді. Жазушы ақшага құныққан балалар үйінің директоры Совхозбектің өз немесін Африкалықтарға АҚШ долларына саудалап жіберуі арқылы замандастарына ой тастаған. Әңгімені оқып шыққанда «Баламның табанына батқан шөңге менің мандайыма кірсін» дейтін аналар мен үрпақ жалғастырын ойлап, балаларының өсіп-өнгенін ойлайтын әкелер қайда? – деп көкірек кере бір күрсініп аласың. Иә, бұл – біздің тәуелсіз қазақ елінің шындығы. Шындықтықтың дәмі қашанда ашы (кермек) болады.

«Өліп қалған тірі адам» әңгімесіне де ақшага құныққан бас дәрігердің ісінен зардал шегіп жүрген кейіп-керімізге тап боламыз. Қытай еліндегі аса сыйлы мамандықтардың бірі болып табылатын мұғалімдікпен ғұмыр бойы айналысқан Торғауыт ақсақалдың атамекеніне келгендері күні тіптен мұшқіл. Ауруханадан адам болмайды деп үйіне шығарған соң, қазақы еммен емдетуге қаражат зәру болғандықтан бажасы бас дәрігердің қалтасына ақша тықпалап жүріп «өлеу туралы қуәлік» жаздырып алады да, ауылдық әкімдіктен қарияны жерлеуге деп қараждат алады. Қария үш-төрт айдан соң есін жиып, зейнетакысын алайын десе, ол өлілердің қатарында болып шығады. Міне, осылай басы шырғалған ақсақал неше ай жүріп өзінің тірі екендігін дәлелдей алмай әлек. Ресми тіл орыс тілі болғандықтан жағдайын айтуда тілі жетпей жүргенін көргенде жаңын ашиды. Бәрін айт та, бірін айт Елбасын қайта сайлаған кезде елім деп келген жаңның тірілердің қатарында жоқ болғаны үшін дауыс бере алмағанына не дерсін? Иә, бұл да біздің қоғамының адамға емес, құжатқа сенетін қағазbastылығының бір көрінісі. Алайда жазушы аудандық халыққа қызмет көрсету орта-

лығындағы келіншектің бейнесі арқылы біздің қоғамда да саусақпен санарлық жақсы адамдардың бар екенін еске салады.

«Екі метр жер» әңгімесінің айтпағы бұдан да соракы. Мұнда тоқсаныншы жылдары елге оралған Болатбектің әкесі Қадір ақсақал дүниеден өткенде басын тасқа да, тауға да ұрып, екі метр жер таппай сандалғанына қуә боламыз. Үш күн дегенде Алматы қаласына жақын ауылдардың біріндегі қорымға апарып, әкесін жер қойнауына тапсырган Болатбектің басынан өткерген күйзелісі жазушының адам психологиясын терең игергенін байқатады. Осындай әңгімелердің қатарын «Таныс дәрігер» толықтырады. «Қысылғаннан қызы болдым» дегендей, мал дәрігері Жакай мырзаның Отанына оралған соң, балашағасын асырау қамымен адам дәрігері болып жүргені киялдан туған емес, өмірден алынған шындық. Осындай жандардың арсыз тірлігін сынға алған жазушы «бір құмалақтың бір қарын майды шірітетінін» еске салады. Көпке топырақ шашуға болмайды, дегенмен қандастарымыз туралы келенсіз пікірлерді осындай пысықайлардың туғазатыны да жасырын емес.

«Офицердің жесірі» әңгімесіндегі Отанды қорғаушы офицердің артында қалған жесірі мен жетімдерінің жай-күйі жан түршігерлік. Жазушы бет-аузын бүркемелеп, мешіт жанында қайыр сұрап үш ботасын асырап жүрген Гулияның өмірін атак-данқ, мансап сұраған қайыршылардың тіршілігінен жоғары қояды. Адам бар жерде, байлық бар жерде қайыршылық та мәнгілік болып қала беретінін түсіндірген авторлық ұстаным «Бұл бір адал кәсіп. Ұрлық қылмайсың, өтірік айтпайсың. Кісі өлтіріп күнәлі болмайсың. Көріп жүрміз ғой, көп адамдар арамдақпен байыйды. Қазіргі байлардың көбі сондай. Тіпті жазықсыз біреуді өлтіріп, соның дайын мүлкіне ие болып, солайша ауқаттанғанын мақтан көретіндер де көп. Ал, мынада ешқандай құлық, сұмдық, жаман ниет дегендер болмайды. Таза, ак ниетпен: заман тыныш, дүниеде мейірімді, жомарт жандар көп болса екен!» деген

жалғыз тілекпен ғана тұрасын» [1, 118], – деген кейіпкер сөзімен берілген.

Көріп отырғанымыздай, жазушының көтерген тақырып ауқымы мол. Ол ел өміріндегі шегіне жеткен өзекті мәселелерді әңгімелеріне арқау ете білген. Қоғам дертіне шипа іздеғен жазушы тапқан дәруменін қалың оқырманның аузына тосқан. «Сары ала қаз», «Мүше бөлу» әңгімелерінде бүгіндері ұмытыла бастаған саяткерлік пен аңшылық туралы сөз еткен ол кең даланы мекен еткен дала қазақтарының атадан балаға ұласып отырған дәстүрін жаңғыртып, даласы тәрізді кең-мол пішілген дарқан халықтың ұлттық болмысын шынайы бейнелеғен әңгімелерін этнографиялық әңгімелер қатарына жатқызсақ, сыршыл сезімге құрылған «Гакку», «Жүргегіннен айналдым», «Дүрекей сәулем», «Сұлудың шарапат» әңгімелерін лирикалық әңгімелер қатарына жатқызуға негіз бар. Өмір мен өлім, адам мен қоғам жайында ой түйген «Офицердің жесірі», «Екі метр жер», «Тамшы» әңгімелерін философиялық әңгімелер қатарына жатқызсақ, «Ақбоз атты әулие» мифологиялық, «Әке бейіті», «Адасқандар», «Екі метр жер» психологиялық әңгіме екені анық. «Көк иірім» әңгімесіндегі азан шакырып қойған Баранқыз есімінің ұмытылып, Қарақыз атануы, «Қырсық» әңгімесіндегі Қырекеннің казакы мінезі шығармалардың ұлттық бояуын қанықтыра түссе, ел ішінде сақталған аңыз-әңгімелер арқылы бүгінгі өскелен үрпаққа айтар терең ойлы әңгімелерінің де берері мол дүниелер.

Жазушының келесі топтағы шығармалары – сыршыл сезімге құрылған «Қаданның ғашығы», «Гұлсара», «Саган бақыт тілеймін», «Атамекен» тәрізді лиро-психологиялық повестер. Жазылған уақытына қарай 1980 жылдардың үлесіне тиетін бұл шығармаларынан жазушының шағын әңгімелеріндегі кейіпкерлерін тану оңай. Мәселен, «Қаданның ғашығы» повесінде «Мәдениет төңкөрісінің» салдарынан жазықсыз жапа шеккен кейіпкеріміздің сол бір сойқанды жылдардағы тағдырын

Қадан, Гүлжамал, Айниса арасындағы махаббат линиялары толықтыра тұседі. Бейбіт өмірдегі Қадан мен Гүлжамалдың отбасындағы қазақы қалжынмен басталған оқиға лирикалық шегініс арқылы өрбиді.

«...Әке, сіз неге қайтып келмейсіз? Мамамнан сұрасам, қазір ол да айтпайтын болып алды. Сіздің суретінізді жоғалтып алдым деп жүрген. Мен ақша іздел жүріп, қапшығындағы кішкене айнаның артынан тауып алып едім, қатты ренжіді. «Бұл сенің әкен емес, сенің әкен жок», – деді маған ашуланып...» [2, 6] деген мазмұндағы хат құрдастардың жеңіл қалжынының расқа айналғаны да деген ой салады Гүлжамалға. Айрандай ұйып отырған отбасының ойраны шықпас үшін Қадан сол бір құпия сырды ашуға ден қояды. Міне, осылайша ә, дегеннен оқырманың елітіп ала жөнелген жазушы сол бір жылдарға шегініс жасайды.

Әңгіме былай болған. Қалындығы Гүлжамалға енді үйленемін деп жүргенде «мәдени тәңкеріс» Қаданды Тарымның құм теңізінен бірақ шығарған-тын. Балық зауытында еңбекпен түзеу колониясында жүрген ол Та-рым өзенін жағалап, иір-иір бүраланы көп сүрдек жолмен өрлең келе жатып, иен далада бір ізге тап болады. Тап-таза құмның үстінде бадырайып жатқан кісі киіктің ізі болмасын деп үрейленіп, сол ізді қуалай келе өлуге айналып талмаусарап жатқан баланың үстінен шығады. Бір жетіден бері нәр татпаған баланың судан каталап кенезесі keyіп, ерні тілім-тілім болып, қабырғасы ішіне жабысып, сүйегі терісіне ілініп қалған кейпін көрген ол аш өзекке түсірмей, ернін сулай отырып, күн бата бетін бері қаратып еді. Осы сәтті жазушы былай суреттейді: «Кешке таман баланың көзінің болаты оңалды. Ып-ыстық жалынын қалдырып, сол қызумен өзі де күйіп-жанып, қызыл күрең тартып, құлынның сауырындей жұп-жұмыр жотадан ары еңкейіп бара жатқан күн сәулесіне таласып, оның өніне де ажар кіре бастады. Жанарына нұр жүгірді. Мен де қуанып кеттім...» [2, 10].

Құ медиен далада аштық бір жағынан, үрей екінші жағынан зәре құтын қашырган баланың жанын аман алғап қалған Қаданға бауыр басып, одан бір елі айырылмай аяғына жармасуы осыдан еді.

Бұл кезде Айниса байғұс баласының өлі-тірісін білмесе де, құдерін үзіп жалғызының жетілігіне құран кәрім түсіріп жатқан жайы бар. Қаралы жиын үстінде Коммунаның бастығы, Еркіннің өгей әкесі Құдыспен алғаш кездескен оқырман одан іш тартып, тыжырынып қалады. Құдайға құнәлі болып, талай жігіттерді жазықсыз зарлатқаны аздай, құла түзден баласын тауып алғап, аман-есен әкеп қолына тапсырган жанды әке дегені үшін баласын талай таяқтың астына алуы, – онымен бұрыннан таныстығың бар деп, – Айнисаны көкала қойдай етіп сабауы, Қаданға жала жауып он бес құнге тар зынданға салдыруы оның жауыздығын торлықтырар эпизодтар. Сол бір астынан сыз өткен, аяқты созуға келмейтін тар зынданың қасіретін жазушы былайша бейнелейді: «Шығатын уақытың бастықтардың кәріне қарай белгіленеді. Үш ай жататындар да болады. Бұл кезде шаш дегенің көзіңе түсіп, дене-бойынды бит басып кетеді. Қолтығынан, шабынан, шашынан уыстап аласың, бір тәуірі, зынданнның битінде ауыз болмайды. Шақпайды да, қышындырмайды...

Енді бір қызығы, зынданға жатқан ғана қыын емес, онан құтылып, сүйретіліп жарық дүниеге шығу одан да қыын. Денене алғаш түскен күн нұрынан шошынғанда бойында әлің болса, актық демінді сарқа жұмсал, кемелек (кебенек) болған ешкіше секіресің. Тұла бойыңа қалың ине қадалып, сұққылап өлтіре жаздайды. Көзің ашқызбай суырып шаққылайды кеп. Бес-алты күн бойы жас токтамай парлап тұрады. Айна тауып карасаң өз реңінен өзің шошисың. Бет-аузың көкпеңбек, тарғылтарғыл жолақ, көк жағал болып кетеді. Көздерің қызарап, көз еттерің шүкір сіцип қалғандай сарғайып алады. Таза ауаға шыққанда, сонда ғана сезінесің: өз дененен

өзің жиіркенесің. Дененнен он-он бес күнге дейін нәжіс иісі арылмайды» [2, 31-32].

Осы жолдарды оқып отырып, Алла тағала тіршілікті жаратқанда тірі жанның барлығының иесі мен киесін қоса жаратқан ғой. Адам баласын осынша қорлаған жауыздардың алда көрері бұдан бір мыскал кем емес шығар деп өзінді жұбатасын.

Осылай тағдыр тауқыметін тартып, үміт оты үзілген шақта оған өмір сыйлаған Айниса еді. Күйеуінің қолымен жасалған жазаны женілдету үшін артынан іздел келіп, шешесінің өтінішімен үйіне апарып күтіп-бағып журген қарындастың қамқорлығы қалайша махаббатқа ұласып кеткені де дау туғызбаса керек. Жазушы бір шешенің туған кызы мен өкіл баласы арасындағы махаббаттың тылсым күшін тежеп, нәпсінің құлы болмай адами қалыптарында қалуы арқылы кейіпкерлерінің табиғи болмысын шынайы бейнелеген. Алайда баласына екінші өмір сыйлаған жанды аға деп сыйлаған қарындастың Қадан еліне біржола кетіп бара жатқандағы егіле жылаған көз жасы арқылы махаббат шіркінге ешкімнін де, ештеңенің де тоқсауыл бола алмайтынына нандырган.

Жазушы бір кейіпкердің бір тағдыры арқылы көп нәрседен хабар берген. Қаданның өмірі сталиндік репрессия кезіндегі боздақтарымызды еске салса, «мәдени төңкөрістің» құрығы қайда барса да қорқыттың қөріндей күтіп тұрғанын қандастарымыздың арғы беттегі қаралы құндерімен бейнелеген. Ал, Айнисаның тағдырлы өмірі қазақ қыздарына ой салары анық. Қазакта «Кіммен қарайсан, сонымен ағар», «Бірінші бақ – бақ, екінші бақ – бейбақ» деген аталы сөздер бар. Мұның барлығы «Қызға қырық үйден тыйым» деген халық даналығын еске түсіреді. Жалындан тұрған шағында арандалап қалған ақ маңдай қыздың корлықпен өмір кешуі, әрине, аянышты. Дегенмен, маңдайына жазғанды көрмей, көрге де түспейтінің белгілі. Осы тұрғыдан келгенде бұқара халықты қан қақсатқан қызыл коммунистердің бір-бірінен айырмасы жоқтығы айқын. Оның жарқын мысалы

– «мал көрмеген қуалап жүріп өлтіреді» дегендей, Құдыштың қолына қонған бағын бағалай білмеуі.

Осындай қылы тағдыр иелері арқылы адам мен қоғам, өмір мен өлім жайында ой түйген жазушы өмірге нәр сыйлаған махаббат атты тылсым күштің талай боздақтардың үміт отын жалғағанына нандырады.

Осы тақырыпты және бір қырынан толықтыратын повестің бірі – «Гүлсара». Мұнда да сондай содырлардың сойқандарына күә боламыз. Жазушы қаламына тән шеберліктің бірі – оқырманың ә, дегеннен баурап алатындығы екенін жоғарыда айттық. Бұл шығарма да сондай қызықты оқиғамен басталады. «Бас жарылса, бөрік ішінде» дейтін қазақтардың сынған аяқтарын салақтастып байлай салып, аттың үстінде журе беретінін «Ақбоз атты әулие» әңгімесінен оқыған болатынбыз. Мұнда да сондай батырларға тап боламыз. Солардың бірі, аттан жығылып сынған тобығы құртқа шауып, ота жасатып жатқан Айша болса, екіншісі, өмірінде біреуге масыл болып сүйреткізбек түгілі, қолтығынан деметіп көрмеген жігіттің аяғы қиғашталып, опырылып кеткеніне қарамай: «Атам заманнан бері қай қазақ сынған сүйегін укол қойғызып таңдырган дейсіз? Шешем мені тапқанда бір кой қалжа жеген шығар», – деп тістеніп жатуы. Осы бір эпизодтың өзімен-әк автор қазақтың нар тұлғалы жігіттерінің адам айтса наңғысыз ерлігіне қанықтыра түскен.

Келесі кейіпкеріміз Гүлсараның жағдай мүлде бөлек. Жап-жас, үріп ауызға салғандай келіншектің жүрек талмасымен жатуының себебін түсіндіру үшін оның өткен өмірінен сыр шертеді.

«Сен неме, ілініп ауруханада жатып алдың да менің бағымды байладың. Сен үшін сандаламын деп жүріп бригадирлықтан да түсіп қалдым. Малға да қарай алмадым. Қарала тайынша құйға түсіп өлді... Оның үстінен «халық жауының қызын алдың» деп ел де салық қып, жиын сайын бетіме басады. Не жазылып, адам құсап үйге қарамадың, не өлмедің...» [2, 67], – деген хаттың сау адамды ауру қылатыны белгілі. Ал мұндай сипат-

тағы хаттың жүрегі жаралы жанға қандай ауыр тиетіні айтпаса да белгілі.

Ауруханада жатқан сырқаттардың бәрінің көнілін тауып, қолғабысын жасай жүретін елгезек жанға құдай қосқан жарының айтып отырғаны мынау. Осы хаттың өзі-ақ оның авторының кім екенінен хабар берері хақ. Дүниеде «мәдениет төңкерісінен» басқа зор іс жоқ, – деп жар салған Құрмаштың пролетарлық коммунистік идеямен белсенділік танытып, өз әке-шешесіне қол көтергенімен тұрмай, қайын атасы мен қайын енесінің, құдай қосқан жарының түбіне жеткізген – «Ұлгілі қызылкорғаушы – Құмаш» деген мақала. Онда былай деп жазылған болатын: «Пролитарлық майданы берік, қарғысы мен махаббаты айқын ұлгілі қызыл корғаушы Құмаш жолдас өскелен құрескерлік рухпен төрт көнені киаратып, ескі салт-сананы быт-шыт етіп, халық жауларына соққы беруде өшпес енбек көрсетті. Өткен аптада он неше кемпірге қосып, өз қайын енесінің ұзын шашын кесіп, көйлегін шешіп алыш, сым кигізген еді. Онан соң жиырмадан астам шалдың сақалын күзеп әкеп тапсырған. Кеше өз қайын атасы, райынан қайтпаған оңшыл, ревизонист, табы жат, бұзық элемент Жақыпты өз қолымен байлап алыш, абақтыға айдал апарды...» [2, 158].

Гұлсараның демі үзілген соң келген Құмаш: – Мен баяғыда-ақ білгем. Бекер шығындалып, босқа жатқанша қайтып кетейік дегеніме көнбекен, – деп табалағаны аздай, көзімдей көрерсің деп қызына берген әкесінің алтын сағатын жастығының астынан алыш қолына салып жатып: – бүрсігүні біз ішкі өлкеге ұзак сапар, жаяу жорыққа аттанбақшы едік, – деп тайып отырады.

Автор ауруханада жатқан көnlі жарым жандардың бір-бірінің қабағын бағуы арқылы олардың жан дүниесіне үңілуімен кейіпкерлерінің психологиясын терен игергенін байқатады. Әсіресе, Гұлсараның басынан өткен ауыр жылдардың салған жазылмас жарасын оқып отырган жанның онымен бірге күйзелмеуі мүмкін емес. Он екі де бүр гүлі ашылмаған бейшараны әкесіне жағыл-

ған «халық жауы» деген жаладан арашалау үшін шеше байғұстың ойлап тапқаны осы еді-ау. Әке-шешесі жаксы адамдар, оның үстіне Жолдыбайдың қолы ұзын, басшыларға сөзі өтеді деген оймен Жақыпты арашалаймын деп, қызын құрбандыққа шалғанын ол кезде білген жоқ еді. Жолдыбай құдасы Жақыпты арашалауға жарағанмен, күйеу баласының қайта апарып абақтыға тоғытатынын ол кезде қайдан білсін? Оның бәрін алдын ала білсе, тұла бойы тұнғышы Гүлсарасын адам құрып қалғандай жарым сүрей, адудын есуасқа берер ме?

Көзі ашық, мектеп менгерушісі болып қызмет істеген Жақып ел алдында масқаралағанға шыдамай өзіне-өзі қол жұмсайды. Алғашында әкесінің өз кеңірдегіне пышақ салып, қан жоса болып жатқанын көргенде жүрегі ойнамалы болып қалған Гүлсараның Құмаштан көрген құқайы оны жүрек талмасына ұшыратты.

Осындай қылы тағдыр иелерінің тағдыры арқау болған шығарманың негізгі өзегі – Мақсат пен Гүлсара арасындағы махабbat линиясы. Мақсат өзіне атастырып қойған Жәмиланы ұмытпағанмен, Гүлсараға деген сезімін жасыра алмайды. Сүйгенінің қандай қорлықпен көз алдында жан тапсырғанын көрген ол бір сәт ақылестен айырылғандай еді. Осы кезде оған көмекке келген қалындығы Жәмила бұл жағдайлардан бейхабар болғандықтан: – Мен Гүлсараны сүйемін, Гүлсараны ғана сүйемін. Гүлсара – аяулым менің! – дегенін шалық барғай сөзінде деп түсінді. Жазушы бір отбасы төңірегіндегі трагедиялар арқылы сол бір қасіретті жылдардың салған жазылмас жарасына жан бітіріп, қазақ әдебиетін жаңа мазмұн, жаңа кейіпкерлермен толықтырды.

Осы тақырыпты толықтыратын келесі шығарма – «Саған бақыт тілеймін» повесі. Университетті жаңа бітірген Нұрланның ойын-сауық үйірмесіндегі әдебиет бөліміне келуі оның шығармашылығын ұштай түседі. Өнер иелерінің арасына келген сон, шабыты шалқып, шығармашылық шынына көтеріле бастайды. Бірақ келген жерден Ерғазының Тургеновтің «Алғашқы махаббатындағы»:

– Балам, махабаттан, сол бір удан аулақ бол, – дегенін есіне салғаны дұрыс болмады.

Бұл шығарманың кейіпкерлерінің де өмір тарихы аты-шулы төңкөріс кезіндегі оқиғалармен қабысып жатады. Ол кезде әскерде болған Нұрлан жазалаушылардан Қанағатты абақтыға тығып жанын сақтап қалса, енді екінші рет өмірін аман қалып отырған жайы бар. Әнші Гүлбану Қанағат ақсақалдың қызы екенін ауруханада жатқанда бір-ақ біліп отырысы мынау.

Гүлбанумен тіл табысып бір-бірін сүйіскең жандардың арасына сызат түсірген елдің сөзі болса, «Енді ұқтым, біреудің тіліне азғаның, өзіңе көр қазғаның екен...» деген Ергазының сөзі өз ісіне өкінгендігінің белгісі еді. Бұл кезде бәрі де кеш болатын. Сүйгені Гүлбанудан айырылып қалған Нұрланның той жасап алғаны бір жерде тұрмыста болған Зілиман еді. Авторлық ұстаным:

«Қолда барда алтынның қадірі жоқ,

Қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай! – депті ғой баяғыда белгісіз бір қазақ. Егер сол философтың басына мұнара орнататын болып жатса, өмір бойы сол мұнараның қара жұмысшысы болып өттүді ғана тілер едім құдайдан. Соның айшықты алтын айын күніне жүз уақ сүртіп тұруды теңдессіз бақыт санар едім», – деген кейіпкер сөзі арқылы берілген. Жазушы әнші Гүлбану, ақын жігіт Нұрлан, биші Зілиман арасындағы махаббатты таразылай отырып, «қолда барда алтынның қадірі жоқ» екенін ұқтырады. Жас Гүлбану мен Нұрланды алдап соқкан Зілиманнның қулығы мен сүмдигы еді.

«Атамекен» повесіне де мәңгілік тақырып – махаббат арқау болған. Оқиға Сәlimаның қызы Гүлнұрды ойнатып жүргенінен басталады. Ашық-жарқын мінезімен адам біткенді өзіне баурай кететін Сәlimаның жалғыз басы сопайып, күнде қызын ойнатып жүретіні жұмбак. Ақылы көркіне сай тал шыбықтай бұралған қигаш қас, ақ мандай сұлудың: «Туу, не деген қызық адамсыз. Кешке дейін айтатыныңыз бір сөз. Мұмкін емес ол. Мен өмірбаки осылай өтуге серт еткен адаммын. Оның үстіне

екі сөйлегенді жек көретін бір қырсық мінезім тағы бар. Ашық айтайыншы сізге, бұл өмірде мен енді ешкімді де сүймек емеспін. Құдайақы, шын сөзім. Менде жүрек бар дейсіз бе?! Жоқ. Денеге қан таратып беретін жұдырықтай бұлшық ет, өлі ет қана бар. Ерге деген махаббаттан, жар суюден ада болған бір жапырақ ет қана...» – деп, махаббат мәселесінен басын ала қашатыны түсініксіз. Осы сауалды ашу үшін автор негізгі оқиғаны Сәліманың құнделігіндегі жазбалар арқылы өрбітеді.

Қоғамдық қызметке жаңа араласқан жас кезінде жұмышылар үйінің би залында Қапаспен танысады. Олардың арасындағы сыйластық келе-келе үлкен махаббат-қан ұласады. Жастардың бас қоспақ болған шешіміне әкелері арасындағы кикілжің кедергі болады. Қапастың әкесі Macіfұт Асубайдың қызына құда түсе келгенде олардың арасындағы араздық өрті өрши түседі. Бір кездері ағалы-інілердей болған қимас жандардың арасындағы үлкен даудың себебі лирикалық шегініс арқылы өрбиді. Мәсіфұт «Жамбылға қамап тастапты. Контрабандылық істегендігі үшін қылмыска тартыпты» деген жаладан құтылып, арашашы болып барған Асаубай «шекара бұзып, жасырын сауда істеушілердің арасында» болғандығы үшін жазаланады. Мұндай қисынсыз үкімге шеше байғұс сенбей, баласын сатып кеткен Мәсіфұтты қарғап сілейді. Расында да Асаубай Мәсіфұттың алдауына сеніп, жазықсыз жазаланып, он бес күн қамауда болып, бірталай айып ақша беріп әрең шығады. Көрер көзге осындай сатқындық істеген жанмен енді ол қалай құда болмақ?

Асаубай аксақалдың көзі тіріде рұқсат бермесіне көзі жеткен жастар жасырын неке куәлігін жаздырып алғаны үшін қызын үйден қуып шығады. Махаббаттың тылсым күші осылайша Сәлімага не сүйгенін, не әкесін таңдау керектігін ұқтырады. Албырт жас алаулаган сезіміне беріліп сүйгені Қапастың етегіне ұстап кете барады. Арада жылдар өтіп, бір ұл, бір қызды болған кезде қайынатасы тағы да өнер аша бастайды. Енді ол жиған-тергенін

алып, жалғыз ұлды отбасымен бірге алып Австралияға көшпекке бел байлайды. Бұл шешім екі жастың арасындағы махабbatқа сызат түсіреді. Алғашында әкесінің шет елге қашып кетпек болғанын заң қызметкерлеріне бас бұзаклық деп айтып бергеніне, ол олай болмай социализмге, «ұш қызылтуға» қарсы контрреволюциялық әрекет деп табылып, әкесін соттатып жібергеніне бармағын шайнап жүрген Қапас әкесі мерзімінен ерте келіп, қайтадан ескі жырына салғанда бұл жолы әке жағына шығады. Қыңыр шал келінің келіспейтінін білген соң, жалғыздан туған жалғыз ұлды соттасып жүріп заңмен алып алады. Қапастың сүйемін-күйемін дегені әдірем қалып, Сәлимаға қызын тастан әкесімен бірге көшіп кетеді. Міне, осындай оқиғалар келіншектің жүрек отын сөндіріп кетіп еді.

Жазушы Сәлима мен Қапастың тірлігі арқылы олардың өсken ортасын, өмір туралы ұғым-түсінігін нағымды бейнелеген. Сәлима әкесі тәрізді бір сөздің адамы болса, Қапас өзіндік пікірі жоқ, былқылдақ, ерме жан. Олардың әкелерінің де болмыс-бітімі бір-біріне керегар жандар. Асаубайдың бойынан сертке берік қазактың дарқан мінезі мен мұндаласа, Мәсіғұт ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүріп, жоқ жерден пайда тауып үйренген алаяқ. Керек жерінде ол кімді де сатып кете алады. «Жетімдік, кедейшілік жүдептіп, көп сорладым. Аяқ жеткен жердің бәрін де шарладым. Бірақ, ешқайсысын да жерсінбедім. Қандай биік шоқысын да өзіміздің осынау даламызыдың бір төбешігіне баламадым. Адамның кіндік қаны тамған жерінен қымбат нәрсе жоқ екен. «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген сөз де сондай бір көпті көрген, ақыл дариясының аузынан шықты ма екен деймін. Мал екеш мал да жат жерді өгейлеп, қаншырдай қатады емес пе? Ал, адам деген әркілі fой. Соның ішінде тек құлқынның құлдары ғана мұны түсінбес болар...» [2, 268], – дейтін Асаубай үшін «Әркімнің өз туған жері Мысыр шәлісіндей». «Көрінеу жиган дүниеміз қазынаның ұлken қазанына түсіп, қара

құрыққа айланып, жұқарып отырған түріміз мынау» деп дүниеден басқаны ойламайтын Мәсіфұт үшін туған жер, атамекен деген түсінік жоқ. Жер дүниені аралап біткен оның арманы – қайда болса да дәuletті, бай өмір сұру. Құлжаға барып, орыс, татар, ногайдың алааяқ байларымен ақылдасып жүріп тапқан жері – «Қой мемлекеті» аталаып жүрген Австралия.

Бір отбасы төнірегіндегі осы оқиға үстінде екі мәселенің басы ашылады. Бірі – махабbat болса, екіншісі – туған жер. «Мен үшін өмірінің соңғы жартысын жападан жалғыз сопиып, сарғайып өткізіп, жетім шал атанаып еді-ау» дейтін Қапастың әке жағына шығуын да жазғыра алмайсың. Мұндайды қазақ «Қатын жолда, бала белде» деп түсіндіреді. Жазушы Қырым жағасында туған кемпірдің демі таусылғанша атамекенге қарап күн өткізгені, Сәлиманың махабbat пен атамекенді таңдау сәті туғанда туған жерін қимай қалып қоюы арқылы кіндік кескен жердің құдіретіне бас игізеді. Бүгінгі таңда жиған-тергенін шетелге таситындар, туған жерін менсінбейтін, жерсінбейтін миллионерлер қатары көбейіп келеді. Шығарма біздің заманың Мәсіфұттарына ой салса, нұр үстінен нұр болар еді.

Соңғы ширек ғасырдағы шығармаларды қарап отырсаныз, қаламгерлеріміздің тарихи такырыптарға дендер барып жүргені анық байқалады. Соның нәтижесінде қазіргі казақ прозасы тың такырыптармен, ұлттық қаһармандармен толықты. Қазақ әдебиетіне келіп қосылған айтулы қаһармандарымыздың бірі – «Кім менің діліме, дініме, жеріме, еліме тиіссе – сол менің жауым болды. Ол күресімнен ешқашан бас тартпаймын», – дейтін Оспан батыр Сіләмұлы.

Шығыс Түркістан үшін болған ұлт-азаттық көтерілістің көсемі, ерлігі ел аузында аңыз болып қалған тарихи тұлға туралы 1956 жылы Лондонда жарық көрген «Kazakh Exodus» («Қазақ босқыншылығы») деген кітаптың авторы Годфри Лайастың: «Оспан батыр осыдан бес-алты ғасыр бұрын туғанда Мөңке, Шыңғыс хан, Ақ-

сақ Темір сияқты даңқты қолбасшы болар еді», – деген пікіріне қарап, батыр туралы батыс баспасөзінде ертерек жарияланғанын байқауға болады.

Ал, бізде Оспан батыр туралы еліміз тәуелсіздік алғаннан соң ғана жазыла бастады. Соңғы жылдары батыр туралы бірнеше кітап құрастырылып, көркем шығармалар жазылды. Кітап құрастыруши журналистердің қатарында Жәди Шәкенұлы, Бекен Қайратұлы және басқалар бар. Жазушылар Жақсылық Сәмитұлының «Сергелден» (1996-2000), кейінгі жылдары «Қаһарлы Алтай» (2010) деген атпен жарық көрген роман трилогиясы, Сейітхан Әблілқасымұлының «Оспан батыр» романы, Бақытбек Бәмішұлының «Оспан батыр» дастаны батыр бейнесін әдебиет әлеміне алып келіп, халқымен қайта қауыштырды. Жазушы «Сергелден» романында батырды дәстүршіл, консервативті тұлға ретінде суреттесе, «Қаһарлы Алтай» трилогиясында батырдың өмірі мен күрескерлігі туралы ел арасындағы «батыр Оспан», «банды Оспан», «адам өлтіріп, кісі тонап, өкіметке қарсы оқ атып жүрген жеті қарақшы» деген тәрізді керегар пікірлерге біржолата жауап берді. Оспан батыр туралы жазуға үлкен дайындықпен келген «Қараһарлы Алтай» – жазушының шоктығы биік шығармасы. 1989 жылдан бастап 2000 жылдарға дейін жазылған трилогияның тек жазушының ғана емес, тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінің үлкен табысы екенін баса айтқанымыз жөн. Себебі, бұл – ауыз әдебиетінен қанып ішкен, қазақ қаламгерлерінен тәлім алған, әлем әдебиетімен сусындаған жазушының толысқан, толған, шығармашылық шынына жеткен шағында жазылған туынды.

Трилогияның бірінші кітабы «Бозмұнар», екінші кітап «Жылым», үшінші кітап «Ақ сұңғі» деп аталады. Романға 1940-1950 жылдардағы Шығыс Түркістанда өткен ұлт-азаттық қозғалысы негіз болған. Бұл 1933 жылы Жын Шурін өкіметін құлатып, орнына Шың-жанның бар билігін қолына алған Шың Шысайдың Нанжінмен өзара текетіреп тұрган кезі болатын. Шың Шысай Мәскеуге

өкіл жіберіп Сталиннен қолдау алған соң, күшейіп сала берді. Кеңес өкіметі оларды тікелей қару-жаракпен қамтамасыз етіп, саяси және әскери кеңесшілер жіберіп өкіметті қалай ұстап тұруды үйретті. Соның нәтижесінде 1934 жылы қазан айында Шың Шысай Шыңжанда құрылған өлкелік саяси тексеру мекемесі дейтін ұйымның төрағасы болып сайланды. Орынбасары кеңес адамы Богонин болса, бас хатшысы өмірін Монголияда шпиондықпен өткізген Сың Юфу еді. Қолдауы күшті ұйымның қанат жаюы да жылдам болып, тез арада Шыңжаның жер-жерінен бөлімшелер құрып үлгерді. Сың Юфудің өмірлік тәжірибесі бойынша жан-жаққа тыңшыларын жіберіп, Алтайды мекен еткен казак арасынан жапон шпиондарын іздеу науқаны осы тұсты үдеп сала берді. 1939 жылы Алтайға губернатор болып келген Жо Жинжиннің мылтық жинау науқанына кірісетіні осы уақыт болатын.

Ол жөнінде автор: «Шың Шысай өкіметі 1939 жылы Қазақ, Қырғыз, Моңғол құрылтайы дегенді шақырып, көшпелі елдің жұрт басыларын түгел Үрімжіге жинап алып, жаппай ұстаудың амалын жасады.

Осы шешіммен Алтай бетінен Әлен уаң, Әбілмәжін гүң, Шәріпхан дутұң, Бұқат бейсі, Шултым бейсі бастаған ейгілі би, төрелерге тағы да он тәйжі, төрт үкірдай, бірқанша залың-зәңгілерді қосып, жиыны қырық бес адамды Үрімжіге жиынға шақырды» [3, 42-43], – дейді. Бірінші шақырудан қалған жиырма шақты ру басыларды да осылай шақырып алып көзін жойғаны белгілі. Енді үшінші кезекпен Алтайдың жеті ауданынан тағы да көп адамды шақырылғандардың солардың кебін киетініне көздері кәміл жетеді. Алайда бармауға тағы болмайды, өкіметтің құрығы ұзын. Қаракұлдар ұсталғаннан кейін үшінші күні Ноғайбай, Ақтеке, Есімқандар Сарсұмбеден қашып кетеді.

Бұл Қытай еліндегі жаппай қудалаудың өршіп тұрған кезі болатын. Роман басталған кезде бар тамағын алдына тосып отырған ұста Қөнекбайды алдарына салып ала

жөнелетін Жарқаш пен Зияхан Шың Шысадың осындай шолақ белсенділері еді.

Бірінші кітап: «Был қар ерекше қалың жауды. Тау қыстаған ел желтоқсанның аяқ шенінде-ақ қос іздел келдік деп зарланып жүрді. Бұрын ұзын аяқты малдары қыстан тебінмен, өзаяғымен күйлі шығатын Шіңгіл, Бұлғын өзенінің екі қанатындағы қыстаулар да жылдағыдан ерте тарықты. Тіпті, тәменгі, ойдағы Сартоғай бойына да аттың жалпақ тізесінен қар түсті. Өзеннің екі жағындағы ұлан-ғайыр кең жазықта ақ селеудің көп шашақты аппак үкісі ғана әрең қылтиып түрді. Оナン өзге бүкіл өлкедегі сай-жылғаны қасат қардың нығыз тәні жып-жылмағай ғып, мықтап қымтап жатты. Көпті көрген ұлы кәрілер: «Дүңген төңкерісінен» (1933 жылы ішкі Қытайдағы дүңгендер Шынжанға әскери күшпен басып кірген) бір жыл бұрын осындай бір қалың қар жауып, қатты қыс болған. Был да қыс аяғы жұтқа айналмаса игі еді» деген сөйлемдермен басталады [3, 5]. Көріп отырғанымыздай, бұл үзінді алдағы үлкен бір оқиғадан хабар беріп тұр. Егер ол қуанышты жағдай болса, табиғат суреттері мүлде басқаша құлпырып сала берер еді. Бұл үзінді жазушының адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы байланысты табиғат суреттерімен (пейзаж) бейнелеудегі шеберлігінің бір мысалы ғана.

Сонымен бірге, автордың кейіпкер портретін бейнелеудегі шеберлігіне: «Шашын тақырлап алдырған шошақ төбелі жуан бастың тайқиган тақыр қабағының астындағы қысық көздер сығырайып түрғанымен, өнменіңе оқтай қадалады. Қара тастың жырығында жатқан жыланның көзіндей зәрлі тағылық танытады. Қашан болсын қап-қалың бол ісініп түрғандай көрінетін топтомпақ көз етінің астынан сұп-сұық ызғар шашырайды. Әсіресе, кішкене қарашығын қадап, кірпігін қақпай тесіле қарағанда уыты өнменіңнен өтеді. Сұсты, сұық түріне қарай сөздері де нығыз. Шіреніп, зілмен сөйлейді. Ішіндегі заһарын тісінің арасынан сыздықтатып, азуын

басып отырады» [3, 46-47] деген Көктогай ауданының әкімі Шүй Чыңың портретін мысалға келтіруге болады.

Алмағайып заман туып, Бір жағы Ресей, екінші жағы Монғолмен шектесетін Алтай өнірінің жағдайы күннен-күнге нашарлап, ел басына құн туғанда Есімхан мен Ірысхан дағдарған елдің басын біріктіріп, жанкештілік танытады. Осындай сәтте Көкенбай, Ноғайбай, Шіңгілбай, Ақтеке, Үмітбай, Шәкер бастаған билер ата-баба дәстүрі бойынша анттасу салтын жасап, атқа қонады. Бұл дүрбеленді Шың Шысай әкіметі қанды қырғынмен басқаны, аэропланнан бомба тастап, халықты қырып салғаны бәрі де ешқандай қоспасыз баяндалған. Қару-жарағын жиып алып, екі жақты келісім бір жыл өтпей қайта бұзылып, олар бұрынғы әуендеріне қайта көшті. Шіңгіл ауданына «алтын қазады», «кен тексереді» деп апарған екі жұз қытай қазақ даласының тыныштығын кетіріп, «атып кетті», «шауып кетті» деген хабарлар құн санап көбейе бастады. Бұл кезде Көктогай ауданының әкімі Рахат бастаған қазактар қайта атқа қонады.

Көктогай, Шіңгіл аудандық сакшылар Құбының құмында қашып жүрген жетіқарақшының ұстаймыз деп әлектеніп жүргенде олардың саны құн санап өсіп жатты. Өздерінің шамасы келмейтін болған соң, қазактың мерген жігіттерін жалдамақ болған ниеттерінен де түк шыкпағандықтан Яң Хұңбо Борбыжапты шақырып алып, Оспанды қолға түсіріп берсең, Көктогай ауданының әкімдігі боласың деп айдал салды. Көктогайда туып-өсікен, жергілікті Борбыжап қанша ержүрек, батыр, мықты азамат болғанмен үш рет шайқаста Оспанның екі адамын фана оққа ұшырды.

Оспанның үш құн соғысып генерал Людің қорғанын басып алуы, Құйғандағы пулеметпен қаруланған Қытай жамбылыны тықсыруы, Дөңтідегі соғыста мерейі үстем болуы, Сарсұмбеге шабуыл жасауы – батыр тұлғасын толықтыра түсетін эпизодтар [4]. Темірмен мұздай қаруланған Шың Шысай әкіметіне Оспан батырдың елді жинап, қолдан соққан берен мылтықпен қарсы тұруы

жауынгер қазақ халқының өліспей-беріспейтінің мысалы ретінде нанымды бейнеленген. Тұрлі шайқастарда Қытай шеріктерінен айласын асырып отырған Оспан батырдың бар болмысы соғыс даласында толыға түсті. Автор көтерілістің басталу себептерін тәптіштеп түсіндіру арқылы тығырыққа тірелген елдің мүшкіл күйін, ел ерге қараған сәттегі атқа қонған ержүрек Оспан батырдың ерліктерін нанымдылықпен суреттеген.

«Ақ сүнгіде» деп аталдатын үшінші кітап: «Сарсұмбे қаласы ұзак жылдық аласапыран арпалыстан кейін бір мезгіл тыныштық тапты. Өткен бір аумалы-төкпелі кезеңде бастарына қауіп төніп, әр сағат, әр минутта алуан тұрлі үрей үркітіп, жандарын қоярға жер таппаған тұрғын халық бас сауғалап, қаланы тастап босып кеткен болатын» [5, 5], – деп басталады.

Мұнда ұзак жылға созылған көтерілістің соңғы кезеңдері суретtelген. Жазушы батырдан туған батыр қыздың бейнесін сомдауда жетістікке жеткен. Романның сонында әкесінің мүрдесін туған жері Күртіге алып бара жаткан Мәнипаны Ұлттық армияның бір взвод әскері қамап алады да, Оспаның сүйегін бір құм төбенің үстіне әкеліп, таяздау ғана шұңқыр қазып жерлейді де, Мәнипа-ны өздерімен бірге алып кетеді. Мәнипа әкесінің үшінші төбеде жатканына көз жіберіп, үстіне белгі болсын деген оймен бір түп сексеуілді қалдырады.

Трилогияның сонында екі жүзге тарта жасақтың Баркөлдегі азаттық армиясына тұтқылдан шабуыл жасап, көп шығынға ұшыратқанына, Келес, Кешапат бастаған жеті адамның үш сөтке бойы қалың солдатқа төтеп бергеніне, Омаридың қолында қалған соңғы оқты өздеріне жұмсан, алтауы бірдей жер жастанғанына күә боламыз. Жетеудің ең жасы Омаридың тірі қалуы арқылы жазушы қазақтың көрер күні бар, болашағы бар дегенге мензейді. Авторлық ұстаным: «Ah! Еркіндік, бостандық ансаған, ойлы, милы қазақтың басы! Қай жерде қалмадың сен?! Дүниенің қай-қай түкпірінде... Тарымда, Бомбейде, Пишаварда, қырғыз Алатауында, Тайгада, Москвада, Ыстанбұлда, Берлинде,



Лондонда, Вашингтонда, Амстрдамда, ой, тағы да Жоқ. Санап тауыса алмайсың. Қайда барсан шашылып жатқан жұмырбастар. Қазақтың басы!» [5, 704], – деген романның соңғы сөйлемдері арқылы берілген.

Иә, «Мың өліп, мың тірілген қазақтың» басынан не өтпеді? Сол ата-бабаларымыздың барлығы бостандық, азаттық үшін шаһид болмады ма? Азаттық пен бостандықтың қадірін жақсы түсінген автор оқырмандарына осы сөздері арқылы тәуелсіздігімізді құрметтеп дег тұрған жоқ па? Осылайша өмірден алынған шынайы оқиғаларымен, ұлттық харakterлерімен қазақ әдебиетін байытқан жазушының 1985 жылы «Атамекен» кітабы үшін Қытай мемлекеттік сыйлығын алғаны белгілі.

Ұлттық әдебиетті осындай туындыларымен байытқан жазушының көркем аударма саласына қосқан үлесі өз алдына бөлек әңгіме. Олардың қатарында қытай жазушысы Яң Моның «Жастық жыры» романын, Еуропа, Америка классиктерінің таңдаулы әңгімелері мен повестерін, көптеген көркем фильмдер мен телефильмдерді қазақ тілінде сөйлеткенін айтсақ та жетіп жатыр. Ауыз әдебиетінен қанып ішкен, әлем классиктерін тәржімалай жүріп тәжірибе жинақтаған, ұлттық әдебиеттің дәстүрлі сүрлеуін жалғай білген, жүргегі қазағым, қаным деп соққан жазушының мұрасы қазақ халқы қанша жасаса, сонша жасайтыны анық.

Пайдаланылған әдебиет:

- 1.Самитұлы Ж. Сарыала қаз. Әңгімелер. – Алматы. «Мерей» баспасы, 2015. – 392 б.
- 2.Самитұлы Ж. Атамекен. Повестер жинағы. – Алматы: Дүниежүзі қазактары қауымдастыры «Атажүрт» баспа орталығы, 2008. – 296 б.
- 3.Самитұлы Ж. Қаһарлы Алтай. Тарихи трилогия. 1-кітап: Бозмұнар. Роман. – Алматы. ЖПС РПБК «Дәуір», 2010. – 672 б.
- 4.Самитұлы Ж. Қаһарлы Алтай. Тарихи трилогия. 2-кітап: Жылым. Роман. – Алматы. ЖПС РПБК «Дәуір», 2010. – 576 б.
5. Самитұлы Ж. Қаһарлы Алтай. Тарихи трилогия. 3-кітап: Ақ сұңғі. Роман. – Алматы. ЖПС РПБК «Дәуір», 2010. – 708 б.



ҰШІНШІ БӨЛІМ

**МАҚАЛАЛАР МЕН
ЕСТЕЛІКТЕР**



СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «МЕНИҚ АТЫМ ҚОЖА» ХИКАЯТЫН ҚАЙТА ОҚЫГАНДА ТУҒАН ОЙ

Қазақ әдебиетінің көлемді бір саласы – балалар әдебиеті. Жас ұрпақты рухани-эстетиткалық түрғыда тәрбиелеуде үлкен міндет атақаратын балалар әдебиетінің бастауқөзі тым арыда жатыр. Қазақ халқының бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгендігін ауыз әдебиеті үлгілеріне көруге болады. Ауыз әдебиеті ұсақ жанрларының қайсысын алып қарасақ та, балалардың жан дүниесіне, ұғымына жақын екенін байқау қыын емес. Тәрбиен бесіктен бастауды қөздеген қазақ халқының «Бесік жырының» өзінде үлкен тәрбие жатыр. Балаларға арналған өлең-жыр, санамақ, мазактама, жаңылтпаш тәрізді жыр үлгілерінің бәрінің де өзінің атқаратын міндеттері бар. Баланың жас ерекшелігіне қарай қолданылатын мұндай жанрлардың мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудегі тәлім-тәрбиелік мәні зор.

Қазақ әдебиетінің қай дәуірін алып қарасаңыз да ақын-жазушылардың балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөлгенін байқау оңай. Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Т.Жомартбаев, М.Кәшимов, Ә.Ғалымов, С.Дөнентаев, С.Торайғыров, С.Көбеев тәрізді көрнекті қаламгерлерлер шығармаларынан үлкен орын алған балалар әдебиеті құні бүгінге дейін дәстүрлі жалғасын табуда. Бұл түрғыда кенестік дәуір тұсындағы балалар әдебиетінің жақсы үлгілерін атап өтуге болады. Мәселен Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан», Ә.Сәрсенбаевтың «Дауылда туғандар», М.Ақынжановтың «Алтын сақа», С.Бегалиннің «Сәтжан», «Керкиік», Ж.Сыздықовтың «Әли қарттың әңгімесі», Б.Сокпақбаевтың «Мениң атым – Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді»,

М.Әлімбаевтың «Аспандағы әпке», С.Сарғасқаевтың «Сұлутөрдің балалары», М.Қабанбаев «Арыстан, виолончель, қасапхана және мен» және т.б. Бұл туындылар – көркемдік-эстетикалық деңгейінің жоғарылығымен, мазмұнының қызықтығымен ғана емес, жазылу шеберлігімен де назар аудартып, қазак балаларының сүйікті шығармаларына айналды.

Кешегі кеңестік дәүір тұсында қазақ ақын-жазушылары балаларға үлгі болар идеалдарды өз арамыздан, яғни замандастар ортасынан іздел тауып, олардың өмірін балалар мен жеткіншектерге, жасөспірімдерге үлгі-өнеге етті. Кеңестік дәүір тұсында балалар мен жасөспірімдерге арнап өндіре жазған жазушының бірі – Бердібек Соқпақбаев. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөніндегі кеңесші болған жазушының «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Он алты жасар чемпион», «Алыстағы ауылда», «Өлгендер қайтып келмейді» хикаялтары қазақ балалар әдебиетінің көкжиегін кеңейтіп, тақырыптық сонылық, идеялық көркемдік жаңалық алып келгені белгілі. Аталған шығармалардағы жас кейіпкерлердің жан сезімі, олардың бастан кешкен киыншылықтары шынайылықпен баяндалған. Кезінде әртүрлі көзқарасқа ие болған шығарманың негізгі кемшілігі – шығарманың бас кейіпкери мінсіз болу керек дегенге саяды. Осындай шығарманың бірі – Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаяты. Бұл мойнына қызыл галстук таққан балалардың бәрі дерлік үздік оқып, тәртіпті болу керек деген көзқарасты ұстанған дәүірде жазылған туынды. Осындай талаптан шықпаған қықар баланың басынан кешкендері кезінде сыншылар қауымының сыннына да ұшырады. Қожа қанша бұзықтық жасаса да, оқырман оны жамандыққа қимайды. Себебі, ол өзінің жасағанына өкініп, енді қайталамауға, тәртіпті болуға бел буып, мінезін, тәртібін өзгертуге тырысып отырады. Бұл шығарманың негізгі жетістігі – кеңес әдебиетінде қалыптасқан жаттанды схеманы алғаш бұзғандығы. Ол жағымды, жағымсыз кейіпкерлер деп екіге

бөле салатын кейіпкерлер арасындағы шекараның жо-
йылуы. Жазушы кез келген адам баласы бойында жақсы,
жаман қасиеттердің қатар жүретінін осы шығарма арқы-
лы дәлелдеп берді.

Өмір шындығын шынайы бейнелегендіктен Берді-
бек Соқпақбаевтың 1957 жылы жазылған «Менің атым
Қожа» хикаяты қазақ балалар әдебиетінің озық туынды-
сы ретінде бағаланды. Ол орыс, украин, француз, литва,
латыш, өзбек тілдеріне аударылып, 1963 жылы «Қазақ-
фильм» студиясы осы кітап бойынша жазылған кинос-
ценарийді экранға шығарды. Көшілік көрерменнің ыс-
тық ықыласына бөлөнген «Менің атым Қожа» фильмі
төрт жылдан кейін, дәлірек айтсақ 1967 жылы балалар
мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қала-
сында (Франция) өткен халықаралық фестивалінде ар-
наулы жүлдеге ие болды.

Хикаятта 1950 жылдардың орта тұсындағы қазақ ауыл-
дарының біріндегі кенес халқының түрмис-тіршілігі
бейнеленген. Себебі шығарманың бас кейіпкери Қожа –
1940 жылдардың басында дүниеге келген, әкесі Отанды
жаудан қорғауда шейіт болған жетімек. Ол жүздердің,
мындардың жиынтық бейнесі болуымен де құнды. Со-
ғыс өрті қазақтың әрбір шаңырағын шарпығаны, бір әу-
леттен қалған бір балалардың тағдыры бізге тарихтан
да, әдебиеттен де таныс. Олай болса, Қожа – қырқын-
шы жылдары дүниеге келіп, әке мейіріне қанбаған, өмір
бойы әкенің жылы алақанын сезіне алмаған, әкеге деген
сағынышпен сарғайған үрпактың өкілі.

Хикаятта Қожаның мектеп жасындағы бастан кешкен
әртүрлі қызықты оқигалары өз аузымен, бірінші жақ-
тан баяндалады. Шығарманың оқырманың ә, дегеннен
баурай кететіндігі – оның бірінші жақтан жазылғанды-
ғында. Сондықтан оқырман негізгі кейіпкермен бетпе-
бет келіп, онымен сырласа алады. Өз есіміне ғана емес,
болмыс бітіміне көнілі толмай, ренішпен қарайтын қи-
қар кейіпкеріміздің ойы да, ісі де, сөзі де қызығылықты
баяндалған.

«Бірінші тарауда» окушы шығарманың бас кейіпкерімен, яғни Қожамен танысады.

Хикаят: «Мениң атым... Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да, қазақ тілінен сабак беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын қәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл, өзіне де ұнамайды-ақ. Әттең, қолдан келсе, табанда өзгертіп, әдемі аттардың бірін иемденіп алар едің. Бірақ амалың нешік, сен қызыл шақа болып жөргекте жатқанда, сондағы ақымақтығынды пайдаланып, әке-шешең немесе шілдеханаға келіп, дуылдап отырған басқа біреу солай атап жіберген. Өскембайдың баласына Тыңжыртар деп ат қойған секілді...», – деп басталады. Осы үзіндіден екі нәрсені аңғаруға болады. Біріншісі, кейіпкеріміздің азан шакырып қойған атына деген реніші, екіншісі, Өскембайдың баласының аты Тыңжыртар аталуы. Балаға ат қоюға келгенде казақ қызық. Елдің көзі тимесін, көптің бірі болып жүре берсін деген оймен балаға не болса, соны коя салады. Тыңжыртар да кешегі Тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны кезінде қойылған есім. Қофам өміріндегі өзекті мәселелерді бала өміріне араластыру, әрине, дұрыс емес. Дегенмен ел өміріндегі тарихи оқиғалармен аталған есімдер де аз емес. Кеңестік дәуірде қойылған Октябрь, Совет, Кеңес, Женіс секілді есімдер катарын осы шығармадағы Тыңжыртар толықтырып тұр. Жазушы қазақ халқының не нәрсеге де немкүрайлы қарайтындығын бала есіміне мән бермейтіндігімен көрсеткен. Ет жеп, қымызы ішіп дуылдап отырып қоя салған аттардың, бала өміріне үлкен әсер ететіндігімен ісі жоқ.

Олай болса, бұл – жөргекте жатқан баланың емес, оның әке-шешесінің кемшілігі.

Кейіпкердің: «Енді одан көзің тіріде қашып құтыла алмайсың. Ұнатпасан да, мойныңа іліп жүре бересің», – деген сөзі қазақ халқында азан шакырып қойған есімді өзгертуге болмайтындығын растап тұр. Ал, Қытай елінде бала бес-алты жасқа келген соң, өзіне ұнаған есімді таңдал алатындығын кейіпкер сол үшін салыстырмалы түрде келтіріп отыр. Орыс халқында да кәмелетке толған соң, есімін өзгертуге рұқсат беріледі. Бірақ, мұндай еркіндік қазаққа берілмеген. Есесіне қазақ өз атының кім екенін ұмыттырып жіберердей, кез келген адам баласына лақап есім беруге шебер. Оны тәмендегі мысалдан көруге негіз бар.

«Менің атым Қожа. Көріп отырсындар, пәлендей әйдік ат емес. Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу куәлігінің өзінде солай деп жазылған. Бірақ дүниеде не қылы ғажайып құбылыстар бола беретіні тәрізді, бертін келе Қожабергеннің «құйрығы» үзіліп түсіп қалыпты. Бұл құбылыстың дәл кай жылы, кай айда, кай күні болғанын тап басып ешкім де айтып бере алмайды», – дейді Қожа. Көріп отырғанымыздай, қазақ халқы ат қоюға да шебер. Азан шақырып қойған атың құжаттың бетіне түскен соң, оны қалай өзгертсөн де өз еркің. Оның да бірнеше себебі бар. Біріншіден, ұзақ есімдерді қыскартып айтудан туса, екіншіден, қайната, қайнаға, қайынапа, қайыніні, қайынсіzlілерінің атын атамайтын келіндер оларға өздері ат қойып алады. Ол әрбір адамның жеке ерекшелігіне, қызметіне, мінезіне, жүріс-тұрысына, не болмаса есіміне байланысты өзгертулуда де мүмкін. Міне, осындағы қажеттіліктердің бірінен Қожабергеннің де есімі өзгеріп сала берген. Оның бір жаман жері – құжаттағы есімің атаусыз қалып, құллі ауыл-аймақ кейінгісімен атап жіберетіндігі. Олай болса, бұл – қазақ халқында кездесетін жазылмаған заңдылықтардың бірі. Көріп отырғанымыздай шығарманың ұлттық бояуы осылай қалындағы түседі. Оны Қожаның мына

сөзі растайды: «Сонымен, мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды». Алакандай ауылдан не жасыруға болады. Олар бірінің айтқанын бәрі бірдей қайталаіды. Олай болса, Қожа да Қожабергеннен қашан айырылып қалғанын қайдан білсін.

Бұл аз болса, мектепке барғаннан кейін тағы қызық басталады.

«Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Окушылар екеумізді шатастырып алмас үшін, өңімізге карап, мені Қара Қожа, оны Сары Қожа деп атайды. Өуел баста мен бұған да шамданып қалатын едім. Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп, дағдыланып кеттім. «Қара Қожа» дегендеге «әу» деп, жалт қарайтын болдым», – деген жолдарды оқып отырғанда еріксіз күлесің. Бұл да өмірден алынған шындық. Шығарманың негізгі жетістігінің өзі де өмір шындығын боямасыз сол қалпында суреттеуінде. Қожаның бұл сөздері өзімізге таныс жандарды еріксіз еске түсіреді. Біздің қазақ есімдері бірдей кісілерді олардың бойына, не болмаса түр-түсіне қарап ажыратуға шебер. Яғни, бұл – өзімізге таныс жайттардың нақты көрінісі.

«Жантас тәрізді қылжақтар оның өзін де дұрыс айтпайды, әдейі бұзып, келемежедеп, «Қара Қожа» деудің орнына «Қара Көже» дейді. Мен байқамай қалып «әу!» деймін. Бірақ бұл қылышы үшін, бейшараның обалы нешік, тиісті сыбағасын менен талай рет алды....», – деген жолдар біздің кейіпкеріміздің қиқарлығынан хабар береді.

Сонымен бірге, ол – әңгімешіл. «Фамилиям Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрдім. Бірақ жұрттың бәрі «ов» болып жатқанда, менің олардан алабөтен жырылып шыққаным жарамас дедім де, «Қадыровқа» қайтып келдім», – деген жолдар кейіпкеріміздің әңгімешілдігін ғана емес, ол өмір сүрген қоғамнан да сыр шертеді. Кенестік дәуір тұсында әкеміздің, не болмаса атамыздың есіміне орыс тілінің «ов», «ев» жүрнағын жалғап жүрдік. Ол кезде «ұлы» деп жазу «ұлтшыл-

дықтың» нышанындағай сезілетін. XX ғасыр басындағы Байтұрсынұлы, Құдайбердіұлы, Міржақыпұлы, Аймауытұлы, Кеменгерұлы тәрізді қаламгерлердің «халық жауы» болып ұсталып кеткенін білетіндер «ұлы» деп жазудан қорқып, кеңес өкіметімен бірге келген «ов», «ев» жүрнағын қоса қабылдады. Бұл еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ұмытыла бастады. Қазіргі таңда тәуелсіздік тұсында дүниеге келгендердің барлығы дерлік, әкелерінің, не болмаса аталарының есімдерімен жазылып жүргенін көріп жүрміз. Олай болса, жазушы сол орыс жүрнағы арқылы да көп сырдан хабар берген. Ол кеңестік дәүірдің осындай келенсіздіктерін әжұа, ашы құлқи арқылы әшкөрелеген. Ал біздің комедиялық шығарма деп табылатын хикаяттағы әрбір құлқінің астарында осындай үлкен әлеуметтік жүк жатқанын бүгінгі таңда ғана байқап жатқанымыз жасырын емес.

Осылайша оқырман әр жолды оқыған сайын тосын жаңалыққа кездесіп отырады. Қожаның әке туралы сиро да үлкен мәнгө ие. «Ex, қайран әкем! Егер сен тірі болсан, мүмкін, мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер-әлемді шулатып, сотқар Қожа атасып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шығар», – деген монолог Қожаның жан жарасын аша түседі. Ол – кешегі Ұлы Отан соғысы жылдары дүниеге келген, әкеден жастайынан жетім қалған, әкеге деген сағынышы басылмаған, әке мейіріміне зәру ұрпақтың өкілі. Шын мәнісінде Қожа бір әүлеттен қалған бір тұяқ. Сол үшін де әжесі онын бетінен қақпайды. Барын алдына тосып, жанын коярга жер таппай жүретін әжесінің еркесі. Әкесі болса, мүмкін көп баланың бірі болуы да ықтимал. Елдің әкесі жоқ жетім деп, оны есіркеп қарайтыны да жасырын емес. Бірақ мұндай мұсіркеулер Қожаны жұбата алмайды. Ол – өзіндік ойы бар, өз ойын жүзеге асыра білетін бірбеткей, қайсар жан.

«Ал күйеу керек пе әйелге? Меніңше, әбден керек» деген жолдар Қожаның ақылы бар тентек екенін байқады. Анасы Миллатқа Қаратайдың сөз салып жүргенін

біледі. Егер әкесі болса, ондай болмас еді. Осының бәрі Қожаның жан жарасын тырналай түседі. Анасын да қызғанады, қызғанғанмен не пайда оны да түсінеді. «Егер оның күйеуі, яғни менің әкем тірі болса, Қаратай ұтсыз мамама өзеуrep сөз айтпақ түгіл, оның маңынан жүре алмас еді», – деп ойлайтын Қожа бәрін де түсінеді, бәрін де біледі. Бірақ амал нешік. Сондықтан да оны кінелай алмайсыз. Себебі, ол – шаrasыз.

Жазушы негізгі кейіпкері жөнінде толыққанды мағлұмат берген соң, оның сырт бейнесімен таныстырады: «Сөйтіп, мен сендерге өзімнің аты-жөнімді айттым. Ал көркем шығармада кейіпкердің кім екені аталаپ қана қоймай, сырт бейнесі қоса сипатталатын дәстүр бар ғой. Енді соған көшейін. Тоқтаңыз, бұл үшін әуелі өзімді өзім айнадан байыптал қарап алайын... мынау, міне, мұрным. Әжем кейде менің атымды атамай, «тампыш неме» дейді. Оның айтқаны ып-рас екен ғой. Екі танауыма екі саусағым еркін сыйып кетерлік, қосауыз мылтықтың аузындау үнірейіп тұр. Екі шекемнің шығынқылығы болмаса, қарбыш тәрізді доп-домалак, тап-тақыр. Шашымды Өубәкір шал кеше ғана ұстарамен сыптырып алып тастаған.

Ол, менің шашым! Қаттылығы, қайраттылығы шошқаның қылшығынан бір кем емес. Осы ауылда оны алуға жарайтын бір ғана ұстара бар – ол Өубәкірдікі. Оның өзі де алғаш салған бетте тұтқырланып, жүрмей қалады. Шашымды әр алған сайын Өубәкір мені бірінші рет кездестірген адамдай таң қалып біtedі», – деп бейнелейді. Бұдан артық сурет бола ма. Адам портретін суреттеуде оның әрбір ұсақ детальдарына жан бітірген жазушы осылайша өзімізге таныс кейіпкерін одан да жақынырақ таныстыра түседі. Мұндағы мақсат – оның мінез-құлқын, жаратылысын аша тұсу. Жазушы ол мақсатына жеткен де. «Мынау шаш емес, тікенек қой. Тікенек. Мінезіңнің шатақтығы осыдан-ақ көрініп тұр» деген жолдарды оқығанда еріксіз жымиясың.

Повестің бірінші тарауы осылайша Қожамен танысумен аяқталған. Бесінші сыныпты бітірген Қожаның

бет-бейнесі осындағы. Бас кейіпкер автордың өзі екеніне оқырманның шүбәсі жок. Себебі, автор әр тарау басталарда оған түсінік беріп отырады. Бұл шығарманың негізгі ерекшелігі де осында. Ол әрбір тарауда бір кейіпкерімізбен толықтай таныстыруға тырысып, ол туралы толыққанды мағлұмат береді.

Жазушы екінші тарауда орталық кейіпкердің бірі Қаратай туралы мәлімет береді. Құні бойы футбол ойнап қалжыраған Қожа сүйретіліп үйге келе жатыр. Шығарманың шынайылығының өзі осында. Егер Қожа тап-таза мұнтаздай болып жүрсе, көңілге құмән келтірері даусыз. Себебі ол – ауыл баласы. Ауыл баласының құні бойы доп соңында салақтап, аяғындағы бір елі шаңымен үйге келе жатуы шындыққа жақын.

Немересін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай қызығыштай қорғап өсіретін әжесі мен ауылдың үлкен-кішісінің бәрі бірдей алдынан қия өтпейтін, елге құрметті, үлкен мен кішіге сыйлы Миллат мамасы – үшеуі бақытты өмір сүріп жүргенде оларға төртінші адам келіп қосылады. Ол – көрші колхоздың комбайншысы Қаратай. Әйелі дүние салған қырмасақал жігіттің анасына үйленбекші болғаны үшін Қожа оны жек көреді. Екі бірдей сайлауда қатарынан аудандық советке депутат болып сайланған Қожаның анасы аналардың ақылдысы, сүйкімді де сұлуы. Енбекте озат, ауылда үлгілі, үй мен түздің шаруасын қатар атқарып жүрген, әке орнына әке, шеше орнына шеше болып жүрген анасын ол қалайша Қаратайға қимақ. Анасын бөтен адамнан қызғану – бала біткеннің бәріне тән қасиет. Бұл – өмір заңы.

«Беті әжім-әжім, сақалы тікенектей кәрі біреу. Қаратайды мен қандай жексүрін көрсем, жағал мотоциклді сондай жексүрін көрем. Өйткені оны құстай ұшырып, зырылдатып, лезде алып келетін осы антүрған емес пе», – деген жолдарды оқып отырғанда Қаратайдың портреті өзін жек көретін адамның көзімен суретtelгенін байқау онай.

Қожаның мотоциклді теуіп қалуы – «Таз ашуын тырнадан аладының» кейіпі. Қаратайды жақтырмagan бей-

бақ, оған тиісе алмасын білген соң, оның мотоциклін теппегенде не істейді. Мұның бәрі – анасына деген қызғаныштың белгісі. Қожа анасын Қаратай түгілі одан жас жігітке де бермек емес, оған күйеу не керек, әжесі үшеуі онсыз да бақытты емес пе? «Жоқ менің мамам күйеуге шығуы мүмкін емес. Ол бізді ешуақытта та тастамайды. Ол ақылды, тәрбиелі адам», – деген жолдар бала ойынан хабар берер деталь. Себебі оның ұғымында ақылды әйел күйеуге шықпайды. Бұл – әрине, бала түсінігі. Ол Алла тағала адам баласын жаратқанда не себепті ерекк, әйел етіп жаратқаның қайдан білсін?

Автор әр тарауда не туралы айтатынын алдын ала ес-кертеді де сол туралы мәлімет беріп отырады. Ушінші тарауда кейіпкер өз ойынан хабар береді. Сонымен бірге мұнда құмдағы із жайлы сөз болады. Оның сыныптасты Жанар мен ұстазы Майқанова туралы пікірі қызық-ак. Бәрінен де адам ә дегенде үлкен болып, кейін бала болатын болса ғой деп армандауы қызық: «Сонда маған Майқанова қалай қарап еді. Үлкен кезінде ол әйгілі жазушы болған, оның есімі бүкіл дүние жүзіне мәлім. Олай болса, менің оған әкіреңдей бергенім жарамас, жазушыны сыйлау керек деп, тәубасына келер еді.

Бірақ амал қанша, өмірде бұлай болмайды, болмақ емес. Әуелі беделсіз, білімсіз бала болып жарапасын». Бұл тарауда арманшыл, қиялшыл Қожаның болашакта үлкен жазушы болғысы келетініне ғана емес, Жанар жайлы тәтті қиялына кенелеміз. Әсіресе, су жағасындағы құмдағы ізді Жанардың ізі болар деген кездегі жан тебіренісі нанымды суреттелген. Жазушының жассөспірім баланың жандүниесін дұрыс түсіне білгендігі – психологиязмді еркін игергендігінің белгісі.

Қожамен бір сыныпта оқытын Жантас Қожаны үнемі «Қара көже» деп мазақтап, өзін одан жоғары санайды. Білімі де, күші де Қожадан әлсіз болғанмен Жанарды ұнатқаны үшін Қожамен бақталас болып жүретін Жантастың да өзіндік ерекшеліктері жетерлік. Сонымен бір-

ге оқиғаға Жақанов, Сүттібайдың үлкен баласы Сары Қожа тәрізді Қожаның сыйыптастары қатысады.

Жантасқа пионер лагеріне баруға жолдама беріліп, Қожаға берілмеуі, оның шақ-шәлекей ашулануы үстінде шығармаға арқау болған оқиға шыырлана түсken. Оқырман Қожаны кінәлай алмайды, себебі оған Жантас тәрізді жылпостар өздері келіп соқтығысады. Оны мына жолдардардан көруге болады:

«– Қара көже, мынаның не екенін білесің бе?

– Ол не?

– Лагерьге жолдама. Біз лагерьге баратын болдық. Ал, сен көшедегі иттерді тәртіпке салуға ауылда қалатын болдың».

Келтірілген диалогтан Жантастың Қожаны Қара көже деп кекетуімен бірге, оны итке теңейді. Мұндай қорлық-қа қанша тәртіпті болсаң да шыдай алмасың анық. Біреумен біреуді шағылыстырып, елдің арасына от тастап жүретін Жантастың тәртіпті, улгілі бола қалғандығына шыдай алмаған Қожа сыйып жетекшісі Майқановамен де тілге келіп қалады. Осы тұста оқырман Қожадан гөрі мұғалімге ренжуі мүмкін. Қожаның дүкенге кезексіз кіріп кітап алғаны үшін қыр сонына түсіп алатын Майқановың өзін де кінәлауға болады. Титтей баланың қыр сонына осылай түсіп алуға бола ма?

Қожа мен Жанардың дойбы ойнауы және оның ұшқыр киялды туралы сөз болған тұста олардың бейнелері сомдала түседі. Сыйыптағы ең бір ақылды, сұлу қызы болып есептелеғін Жанардың ән салатыны тағы бар. Әдемі даусымен ән салып, басына үкілі тақия киіп, мың бұралып «Қамажайға» билейтін өнерлі қыздың киқар Қожаға болысып, оны арашалайтыны да қызық бейнеленген. Қожа Жанар үшін қабаган иттің жанынан өтуге, мияулауға, шарбақтан секіруге де әзір. Себебі, бұл – қиқар баланың бойын билеген Жанарға деген белгісіз сезімнің құдіреті еді. Бір қарағанда ұсақ-түйек тәрізді көрінетін әрбір дәталь мен штрихке ерекше көніл бөлу арқылы жазушы Қожа жанындағы үлкен сезімдерді шынайы бейнелеген.

Қожаның ұшқыр қиялы мектеп бітіріп, жоғары оқу орнында жүрген Жанарға жазылған құлаш-құлаш өлеңмен де бітпей, Отан қорғау борышын өтеп, ауылға Совет Одағы Батыры болып оралады. Сол кезде мектеп директоры Ахметовке айтып Майқанованы жұмыстан босаттыrsa, одан артық не арман бар. Майқанова сол кезде Қожаға лагерьге жолдама бермегені үшін ұялар, кешірім сұрап. Бұл үзінді «Бір атын насыбайдан көнілі қалатын» қазақтың бала көніліне онша мән бермейтіндігін байқатады. Жазушының тапқырылығы да осында. Бала да адам ғой, ода да көніл бар, сезім бар. Он екі жасында бойы бір жұз отыз тоғыз сантиметр болған Қожаның оқу бітіріп, ер жеткен соң, университетке түсуді, жазушы болуды армандайтыны оның болашақта үлкен жазушы болатындығынан хабар бергендей. Себебі, ол бос қиялшыл емес. Оқырман ұстазының сөмкесіне бақа салатын, сыныптасын сиялы рогаткамен ататын, балыққа барып, көршінің ауын «ұрлайтын» Қожаны бәрібір жамандыққа қимайды.

Шығарманың тартымды оқылатын тұстарының бірі – Қожа мен Сұлтан арасындағы оқиға. Осындағы: «– Шыбыным, әйтеуір ешкімге тимей, ұрынбай, жайына жүр. Тек жүрсөң, тоқ жүресің дейді атаң казак. Сенің тентектігінді менен басқа ешкім де көтермейді. Әйтеуір саған айтар ақылым, – тыныш жүр балам, тыныш жүр. Біреудің ала жібін аттаушы болма. Мешкей деген жақсы ат емес», – деп жүретін Қожаның әжесі типтік бейне ретінде танылады. Бұл – құллі үлкендердің кішкентайларға айтатын ақыл-кенесі. Қожаның түсінбейтіні – осындаі ақылгөйлердің бәлекорлыққа, жемқорлыққа, жалақорлыққа баруы. «Ендеше олар бізге, балаларға ақыл айттып, жөн сілтемес бұрын әуелі өздерін өздері түзеп алса, қандай жақсы болар еді», – деген Қожаның ойы үлкендерге қаратыла айттылған өкім тәрізді әсер береді. Өмірдегі сұмдықтың бәрі адам қолымен жасалады. Соның ішінде балалардың емес, үлкен адамдардың қолымен жасалатыны өмір шындығы. Жазушының негізгі жетістігі – авторлық ұстанымды кейіпкер сөзі арқылы

жеткізуі. Мұндағы негізгі кейіпкер жасөспірім болған-дықтан, автор Қожа арқылы замандастарына қарата ой тастап отыр.

Қожа мен әжесі екеуінің адамның маймылдан жаралуы туралы айтысына да үлкен мәселе негіз болған. Бұл біріншіден, қеңестік дәуірдегі атеистік тәрбиеден хабар берсе, екіншіден, сол қиялға балалардың имандай сенетіні. Себебі, оны мұғалімдер айтады. Мұғалімдердің сөзіне имандай сену керек, олар өтірік айтпайды деген көзқарас та қеңестік дәуірдің ұстанымы. Бір қарағанда Қожаның әжесі ескінің сарқыншағындағы әсер береді. Автор әженің аузымен бірнеше рет «Алла» сөзі мен Мұхамед пайғамбардың есімін атайды. Осы арқылы көне көз қарияның аузымен қоғамда болып жатқан бассыздықтарға тосқауыл іздейді. Ол – адамның маймылдан жаралуы тәрізді ғалымдардың дәлелдеп жүрген жаңалығы. Мұның да қеңестік дәуірдің бос қылжағы екеніне бүгінгі таңда көзіміз жетіп отыр. Соның салдарынан қаншама ұрпақ имансызы болып, діннен безді. Солардан туған мәңгүрт балалар бүгінде тегінің кім екенін білмейтін дүбәраға айналды. Бұл да қазақ халқына қеңестік идеология алып келген трагедия. Осылайша әрбір құлқінің астарына үлкен әлеуметтік ой сыйғыза білген жазушы қоғам, заман кемшіліктерін женіл юмормен әшкереlegen болатынын көрсетті.

Қожаның жан досы болып саналатын Сұлтан – оқырманның есінде ұзақ сақталатын кейіпкер. Қожадан екінші жас үлкен арық жігіттің жылқышы әкесіне көмектесе жүріп, жаман қылықтарға әуестігі оның оқуды тегіннен-тегін тастап кетпегендігін айқындал түр. Сұлтан жылқышы әкесінің аркасында бұрынғының сал-серілері тәрізді сәйгүліктен сәйгүлікті таңдал мініп, ылғи жортуылдал жүретін жан. Сол сері Сұлтан Қожаны жайлайға өзімен бірге ала кетеді. Қожаның қалтасынан шыққан он сомба жолға керек-жарақ алған Сұлтан жолда оған темекі тартуды үйретпек болады. Темекі тұтінін ішіне тартқан

кездегі Қожаның жай-қүйін оқып отырған балалардың ешқайсысы да темекіге жоламайтындаі әсер береді.

Келесі тарауда жаңа кейіпкер қойши Жұмағұлдың баласы Дәулетпен танысамыз. Жасы он бір-он екі шамасындағы Дәулеттің қылышы «Балалы үйде ұрлық жатпайды» деген халық даналығына жан бітіргендей. Жұмекен айтты дегенге сенген аңқау бала үйіндегі қымызында, етін де Сұлтан өтірікшінің алдына жайып салады. Дәулетті бір сомдық ақшамен алдап ұрған Сұлтан оның бермесін тартып ішіп, үйінен сыздаған қарнын сипап, ыңыранып шығады. Дәулеттің мінез-құлқын шынайы суреттеген жазушы балалардың психологиясын шебер игерген кәнігі суретші ретінде танылады. Үйіндегі барын бергені аз болғандай, беліндегі қайыс белдігін қоса бергісі келіп тұрған Дәулет ауылдың аңғал балаларының жиынтық бейнесі ретінде танылады.

Келесі кезекте Сұлтанның Дәулеттің үйінен көк қаракөлді ұрлап алып шыққанына, Қабанды деп аталатын ну қарағайлы жалпақ сайдың аузындағы Миллат тәтей сауыншы болып істейтін бірінші бригадаға тап боламыз. Жайлаудағы шопандар тойындағы бәйге, ұлттық ойындар және басқа да ойын-сауық түрлері шығарманың ұлттық бояуын қалындана түседі. Екі-үш күнге созылып, шілде айында тойланатын шопандар мерекесі негізінен жайлауда өтетін болған. Кеңестік дәуір тұсында мал шаруашылығымен айналысатын ауылдарда шопан той, егін шаруашылығымен айналысатын ауылдарда сабантой деңгендер жыл сайын міндетті түрде аталаип өтетін. Мұндай тойлардың негізгі мақсаты – біріншіден, еңбекшілердің енбегін бағалау болса, екіншіден, ұсак-түйек сыйлықтар арқылы оларды еңбекке ынталандыру. Сұлтан мен Қожаның белдесіп күресетіні – жайлаудағы осындаі кезекті шопан тойлардың бірі. Осы той үстінде Қожа анасын тағы да жерге қаратады. Әрине, өз қателігі үшін емес, ауылдан атына мінгестіріп жайлауға алып келген сері досы Сұлтанның жырындылығы үшін.

Хикаятқа бір ауылдың тұрғындары қатысатындықтан мұнда әртүрлі көсіп иелері бар. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі, сыныптың жетекшісі Сәбира Майқанова адамгершілгі мол, ақылды болғанмен, тәжірибесі аздау ұстаз ретінде танылады. Тәжірибелің аздығынан ол үнемі Қожамен ұстасып қала береді. Сынып жетекшісі Майқанова бейнесінің толыға түсетін бір тұсы Қожаны ауыл шаруашылығы жұмысына «Егер бармасаң, екінші жылға қалдырамын» деп қорқытуы үстінде. Енбек практикасынан себепсіз қалғандарды ол кезде міндettі түрде жазалайтын. Кеңестік дәуір тұсында мектеп оқушыларын еңбекпен тәрбиелеу деген болатын. Әр жердің шаруашылығына байланысты мектеп оқушыларын жазғы каникулда ақысыз еңбек науқанына жететін. Бірақ оған ешкім де арланбайтын, керісінше көптен қалып қоймауға тырысып, еңбек практикаларына бәрі бірдей жұмыла аттанатын. Өзіміз де жүк машиналарының үстінде хормен ән айттып егіс даласына барып, кешке сол салтанатпен әндепті ауылға қайтатынбыз. Мұндағы балалар да сол дәстүрмен ән шырқап, үрмелі оркестр музыкасы үнімен еңбек практикасына аттанып барады. Мектеп оқушылары отырған жүк көлігінің бортына «Ура! Біз практикаға кеттік!» деген плакат жапсырылуы да осыдан. Мұндай практикалар мектеп балалары үшін қызық көрінетін. Шаршауды білмейтін балалар таңың атысы құннін батысы тырбандаپ еңбек етіп, бір-ер айдан соң, үйлеріне күс-күс болып оралатын. Осындай өзімізге таныс эпизодтар шығарманың шынайылығын арттырумен бірге кеңестік идеологияның адам еңбегін жасырын қанауынан сыр шертеді. Қожа сынныптастарының жартысы шөп шабуға, екінші бөлігі қой қырқымына аттануынан бұл ауылдың мал шаруашылығымен айналысатынын байқау онай. Оның үстіне анасы Миллат та сауыншы болып еңбек етеді.

Оқиғаға қатысатын Майқановадан басқа да ұстаздар қауымы бар. Сондай ұстаздардың бірі орыс тілі пәнінің мұғалімі Анфиса Михайловнаның Қожаның ойынша «мұғалімдердің ішінде алтын адам» болып есептелетіні

ол – тәжірибелі ұстаз. Мектеп құзетшісі Сәйбек қарт – Қожаның әкесі Қадырдың досы. Қазакта «Әкең өлсе де, әкенің көзін көрген өлмесін» деген аталы сөз бар. Сәйбек қарт осы мақалға жан бітіріп, оқырманға қайта ұсынған кейіпкер. Әкесін жақсы білгендіктен ол Қожаның жанашыры ретінде танылады. Сондықтан ол Қожаға үнемі ақыл-кеңес айтып жүреді. Оның ұғымындағы Қадырдың баласы жақсы болуға тиіс. Сол себепті ол Қожаның келенсіз қылыштарын балалықтың белгісі ретінде қабылдайды. Сондай жанның бірі – зоология пәнінің мұғалімі. Кезінде әкесінің жан досы болғандықтан ол да Қожаны өз баласында жақсы көретін кейіпкер.

Жазушы оқиғаға тікелей араласатын Қожа, анасы Миллат, әжесі, Қаратай, Сұлтан, Жанар, Жантас тәрізді кейіпкерлерін типтік дәрежеге көтере білген. Хикаят жеткіншектер мен жасөспірімдерді өмірмен құресе білуге, өзін қайта тәрбиелеуге шакырады. Жазушы қиқар балалардың да бойында жақсы қасиеттердің мол болатынын Қожа бейнесі арқылы дәлелдеп берді. Мұнда киырда жатқан бір қазақ ауылындағы өмір шындығы бір дәүірде өмір сүрген кейіпкерлер арқылы көркем шындыққа айналды.

ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВТІҚ РОМАНДАРЫ

Қазақ әдебиетіне 60-жылдары келіп, ұлттық поэзиямыздың өсіп-өркендеуіне қомакты үлес қосқан Жұмекен Нәжіменовтіқ проза жанрында да өз еншісі бар. Ақынның поэзиялық туындылары әдебиетшілер тара-пынан өз бағасын алып келеді деп айтуға болады. Оның бір нышаны – Жұсіп Қадырдың 1996 жылы «Жұмекен Нәжіменовтіқ ақындығы» атты монография жазып, кандидаттық, докторлық диссертация қорғауы. Осылайша ақын поэзиясы жүйелі түрде ғылыми айналымға енді. 2007 жылы «Жұмекеннің жүргегі» атты естеліктер жинағы жарыққа шықты. Үш бөлімнен тұратын жинақта ақын туралы естеліктер, өлеңдер мен мақалалар, зерттеулер топтастырылған.

Әдебиетке осы тұста келген ақын-жазушылардың көпшілігі 1932 жылғы ашаршылыққа, 1937 жылғы жаппай қырғынға, Ұлы Отан соғысына әкесін беріп, өздері сол жылдары дүниеге келіп, әкесіз өскен жетімектер екені белгілі. Жұмекен өлеңдерінен де сол бір алапат жылдардың жазылmas жарасын көруге болады. Балалық шағын соғыс ұрлап, ерте есейген лирикалық кейіпкердің өмір жолы кешегі сан мындаған қазақстандық қандастарымыздың тарихы екені тарихтан мәлім. Азаматтың бәрі майданға аттанып, колхоздың бар ауыр жұмысын жасағып көрсете білген ақын өзінің шағын лирикалары мен поэмаларындағы негізгі орталық кейіпкерін проза жанрына да алып келді.

Поэзиялық шығармалары арқылы оқырманың сүйсіндірген ақын проза жанрында да бағын сынап көрді. Ә, дегеннен кең құлашты эпикалық туындыға ден қой-

ған оның қаламынан «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Данқ пен дақпырт» сынды бас-аяғы жинақы, өзіндік айтары бар шып-шымыр романдар дүниеге келді. Ақын кейінгі жылдары «Бетпе-бет» атты повесімен бірге «Домбыра және көсеу», «Шындық пен аңыз», «Аспан шақырады» (ертегі-хикая) «Шындық немесе кесілген бұрым», «Құм әңгімелері» сынды әңгімелер жазып прозадан қол үзген жоқ. Алайда қазақ поэзиясындағы жаңашылдығымен танылған ақынның прозалық туындылары сол жылдары бірсыныра сыншылар мен әдебиеттанушыларға қалам ұстапқаны белгілі. Олардың қатарында С.Қирабаев, Б.Сахариев, М.Сықақбаев, Т.Токбергенов, Б.Уақатов, Б.Ыбырайымовтардың есімдерін атауға болады. Алайда осы аталған туындылар соңғы жылдары тасада қалып жүргені де жасырын емес.

Нәжімedenovтың қаламынан туған романдардың арасына екі жыл салынып жазылғанымен, оларды бірінен-бірін ажыратып сөз ету мүмкін емес. Себебі, уш романда да бір ауыл, бір кеңшар өніріндегі оқиғалар арқау болған. Олардың негізгі кейіпкерлері де ортақ. Сондықтан бұл романдарды тұтас бірліктे қараған жөн. «Ақ шағыл» романының үзінділері 1971 жылы «Жұлдыз» журналы мен «Лениншіл жас» газетінде жариялана бастады. Кейін романның толық нұсқасы 1973 жылы жеке кітап болып шықты. Романға Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шалғайда жатқан қазақ ауылының тыныс-тіршілігі арқау болған. Роман еңгезердей азаматтың нағашысына келіп: «Нагашеке-ай, құйыдық қой, құйыдым ғой!» – деп еніреп қоя беруімен басталады. Сейсіметтің «соғыс, пионт тәңидің тәні болып тұйған жоқ па» деген сөзінің өзі-ак, қу соғыстың түк қоймай жалмап жатқанын көрсетеді. Ә, дегеннен-ақ сыйырып кеткені аздай, елде қалған бірен-саран еркек кіндікті де алып кеткелі тұр. Ажалдың аузынан аман келеміз бе, жоқ па деген Сейсіметтің құдігі де орынды. Бірақ ол бүкіл елдің басына түскен үлкен қасірет екенін Әжімгерей қарт былайша түсіндіреді: «Қарағым Сейсімет, – деді қарт, айтар сөзін

соның арасынан сүзіп алардай сақалын саусақтарымен кезіп, – қарағым Сейсімет, сені кемпір екеуміз қайратты, қажырлы жігіт деп мақтап отыратын едік. Мұның не? Ел басына күн туғанда ер боп, бізге ұсаған кәрі-құртандарға қайрат тастап, қатайып аттанудың орнына бала құсап (қатын құсап деуге аяды) балпылдан отырғаның?! Ортақ қасіретке ортаймас болар! – қиналып, қайғырып келген ағайынға қазақ жасайтын жақсылық – ақыл айту ғой, Әжімгерей де сол жақсылығын жамап-жасқап өткізіп жатыр, – Садықжанды беріп біз де отырмыз. Хат келменінің өзіне бүгін бір жыл, екі жұма, төрт күн болды. Жыласақ, өлмелі кемпір-шал, мына бір шики өкпелермен омалып қалған, біз жылайық та. Сен неге жылайың?! Мәруә келин шалымды адам. Екі балаңды еңбектеп жүрсе де асырайды. Кемпір екеумізді...».

Алғашында осылай еңкілдеп жылап отырған Сейсіметтің әрбір ісі еріксіз күлкі үйіреді. Әскерден аман-есен келгенде елге айтқан әңгімелері оның фашист деген итті көрмегенін де байқатса, Германия жерін алғандағы документім бар деп отырғаны мынадай анықтама: «Справка дана рядовому Айстанову С. В том, что он временно освобождается от боевых занятий в связи с болезнью дизентерии...».

Мәруаны қамшымен ұрғаны үшін Темірліні сабамакшы болып барған Сейсіметтің акырында өзі қашып құтылып, үйіне аман-есен жеткеніне тәуба жасауы, Еділхан мен Мәруаның өсегін естіп қалып, әйелін талақ етуі – күлкі үйірер эпизодтар. Кінәнің кімнен екенін білмей Темірлігеге ұмтылуы, әйелін талақ етіп алыш балаларын бір көруге зар болуы, шөпшілерге бригадир болып, оларға команда беруі, т.б. іс-әрекеттері оның бейнесін толықтыра тускен. Сейсімет бейнесі жөніндегі: «Жазушының, әсіресе, көбірек көніл аударып, молырақ суреттеген, неғұрлым, жанжақты көрсетсуге тырысқан кейіпкері Сейсімет.

...Жұмекен айнала болмыска юмористің көзімен қарап, өзіндік байлам-қорытындыларын реалист ретінде түйіндейтін секілді. Сондықтан да жалғыз Сейсімет

емес, романдағы бірталай кейіпкерлер юморлық-сатираптық ынғайдағы типтер болып шыққан», – деген М.Сықақбаевтың пікіріне сүйенетін болсақ, жазушы юморлық-сатиравық сипатпен-ақ талай сырдың бетін аша білген.

Романда қанша кейіпкер болса, сонша тағдыр бар. Олардың бірі екіншісіне ұқсамайды. Өскен орта бір болғанмен әрқайсының тағдырына әркелкі өмір тауқыметі жазылған. Сондықтан олардың мінез-құлқы да бір-біріне ұқсамайды. Күйреуік Сейсіметке басу айтып, жалғызын соғысқа беріп, қамкөңіл болып отырған жарым көңіл Әжімгерей карт – романның орталық кейіпкерінің бірі. Ол – ел сыйлаған, көпті көрген, өмірден алғаны мен көргені мол дария карт. Жалғызынан қалған жалғыз тұяқты медет тұтқан жанның жан жаrasы да осал емес. Садықжаннан келген соңғы хаттың құніне дейін санап отырғаны да содан болса керек. Карт бейнесі Темірәлі туралы әртүрлі әңгімелерді басу үстінде толыға түседі. Ол – не нәрсені де ақылға салып, кең пішетін дана қария. Кейбіреулер секілді сөзге еру, ауыл үйдің әңгімесін тери оған жат міnez.

Тылдағы ауыр еңбекті қажымай көтерген қайсар жанның бірі – «Әй, хакымақсың-ау, анаң-ды» деп жүретін, ер де ер мінезімен «ерек әйел» атанған Қараашаш. Ол да жалғыз ұлды соғысқа аттандырып, кебенек киген баласының артын тосқан көңілі күпті жан. Бір ауылда қанша шаңырақ болса, солардың бәрінің бас көтерері соғыста жүргеніне қарал, қарғыс атқыр майданға қазақ халқының қаншалықты азаматын аттандырғанын саралауға болады. Сіңлімнің қызы деп Талжібегінің әкесін жасырған Қараашаш та тағдыры ауыр жаннның бірі. Өсек-аянмен ісі болмайтын оның тілі де батыл. Ел ағасы атанған Әжімгерей карттың Қараашты ерекше құрметтеуі оның да тегін адам емес екендігіне мысал. Қанша ер жігітке бергісіз еңбек еткенмен ол да жаны нәзік, жүргегі жаралы тәмен етекті әйел. Талжібегіне бойжеткенше әкесі туралы айта алмай жүруі – оның да табиғаттың тылсым

күшіне қарсы тұра алмайтын әйел заты екендігін танытар эпизод.

Жазушы негізінен өмірдің күнгей жағын емес, көлеңкелі жағын көрсетуге тырысқан. Кеңестік дәуір тұсындағы жоспар-жоспар деп сан қуалаған шаруашылықтардың сапасы күрт төмендеп кетуі бір ауыл тіршілігімен ашила түскен. Ендеше, бұл – ауыл ауданға жоспарды артығымен беріп, оның орнын толтыра алмай шаруашылықтары кейін кетіп жатқан ауылдардың жиынтық бейнесі. Шөпшілердің жоспарды артығымен орындаған-дықтарын көрсету мақсатында шөпті шоқалақтың үстіне жинауы, соның қырсығынан қыс ортасында малға шөп тауып бере алмай мал шығынының көп болуы – бәрі де жоспарды артығымен орындау ұранынан келген кесел.

Автор жекелеген кейіпкерлерді де типтік бейнеге көтеріп, сол кейіпкерлер арқылы көп сырды ашуға тырысқан. Оған ел мұддесін ойлап, күні-түні ерден түспейтін Темірәліні үстінен жала жауып сottатып жіберген Сағынайдың бейнесі мысал бола алады. Пошташы Оразғалиды шақырып алғып, асты-үстіне түсіп үш конвертті беретін жеріне жеткізіп, Темірәлінің сонына түскен Сағынай колхоз председательдігінен үміт құткенмен оның ойлағаны да бола қойған жоқ. Автор осылайша әрбір шағын оқиғаның соны сәтсіз бітіп жатқанын көрсету арқылы ел ішіндегі деңдеп кеткен дерпті нысанана дәл алғып отырган. Сағынайдың екіжүзді екендігі Темірәлі мен Әжімгерей қарттың үйіндегі екі көрініспен толыға түскен. Әжімгерей қартқа Темірәлінің шаруаға қырсыздығын айту максатында сыпypyта жамандаған Сағынай өзін көргенде алдында құрдай жорғалайды. Темірәлінің хабарын айтайын деп келген Орекене: – Білем оны, – деді анау, сөздің артын тоқысы келмей, – білем бәрін де. Ер-тұрманың үйіне апарып түсіріңіз де, атты осында әкелініз. Темірәлінің үстінен жазылған арыздарды берерде жік-жапар болып пошташыны қонақ еткен, Сағынай өз шаруасы біткен соң онымен сөйлескісі де келмейді. Автор осындај жекелеген сюжеттер арқылы әрбір

кейіпкердің табиғи болмысын ашуға әрекет еткен. Оны Сағынайдың бір Орекене жасаған екі түрлі ілтиратынан анық көруге болады. Негізгі тапсырма болса да оның астарына үңілмей орындауға тырысатын пошташы Оразғалидың осы тапсырманы орындауда автор былайша түсіндіреді: «Ат қазығында қалды. Бұл карттың Совет үкіметі келгелі бергі орындаған бірінші бұйрығы еді». Темірәлінің қызметімен қоса, астындағы торы айғырды қоса алмақ болған Сағынайдың пигылы арман күйінде орындалмай қалады. Керісінше жаңа басшы Сағынайды торы айғырдан аударып өзі иемденіп алады.

Сол тұстағы әйел-аналардың бейнесін аша түсетін образдың бірі – Әжімгерей карттың кемпірі. «Кемпір, кемпір! Қажағаны мен! Кемірліп қал!» деп, бар ашуын құдай қосқан қосағынан алып жүретін Әжекең кемпірі де өмірден алынған шынайы кейіпкер. Автор қазақ кемпірінің типтік бейнесін жасауда оның осындай ерекше қасиеттеріне ден коя білген. Үйге жолаушы келсе, қолынан самаурыны түспейтін еңкейген қарияның бейнесі ақын-жазушылардың көп жырлаған аналар образын то-лықтырары даусыз. Тоғыз жолдың торабында отыратын қарияның үйіне жоқ іздеген де, сөз іздеген де басын бір сұқпай өтпейтін болса, солардың бәріне қабак шытпай ас-суын әзірлеп бір тынбайтын ана – казақ әйелдерінің типтік бейнесі. Кебенек киген келеді деп, қара хат келсе де жалғызын жамандыққа кимаған ананың ұлына сактаған сарқытының таусылмайтыны ананың балаға деген махаббатының шексіз екендігін аша түссе, Сағит сынды алаяқтардың балаңды көрдім деп жездесі мен апасын алдап, жалғызға сактаған сүрі біткенше өтірік айттып жатып алуын автор нанымды бейнелей білген. Қос мұң-лықтың «Құдай-ай өлеріміздің шағында есі, жөні дұрыс кісі де алдамады-ау» деп қамыфуы олардың жан жарасын тырнай түскен. Автор осы эпизод арқылы жезде мен балдыз арасындағы әзіл-қалжыңды орнымен қолдана білу керектігін Сағиттың жөнсіз өтірігімен шеней білген. Осы секілді орынсыз жайттарды ашы тілмен сынап,

дер шағында әшкөрелеп отыру – жазушы қаламына тән стильдік ерекшелік.

Әжімгерей қарттың келіні Мұғзиманың өміріне лирикалық шегініс жасаған автор ол туралы да мағлұмат бере білген. Алайда ол көбінде сол үйдің келіні ретінде ғана танылады. Балалардың бәрі де атасы мен әжесінен туған секілді өз аналарына бірі де жуымайды. Нәжімеденов поэзиясында кемпір болғанша ата-ене алдында именіп, өз баласын әжесінің тентегі, атасының бұзығы деп бір іскеуге батпай жүретін қазақ келіндерінің жиынтық бейнесін жасаса, сол кейіпкерлерін Мұғзима арқылы прозаға да алып келді.

Жазушы әрбір кейіпкерін типтік бейнеге көтеруге тырысқан. Өмірден алынған әрбір шынайы оқиғаның астында ацы мысқыл жатады. Бұл автордың ел ішіндегі дендеп кеткен кеселді жөндеу туралы көзқарасынан туғаны анық. Мәселен бір ауылдың ішінде хат танитын жалғыз Еділханның қаралы хаттың сыртын ғана көріп, Әжімгерей қартқа балаңнан хат келді деп түсіндіруі, сауатсыз Оразғали пошташының сүйінші алу мақсатында қаралы хатты ешкімге көрсетпей шаба жөнелуі – өмірден алынған шындық. Автор осындағы қолайсыз жайттарды суреттеу арқылы сол тұстағы ел өміріндегі келеңсіздіктерді сыйнай білген. Хабарсыз кеткен баласынан бір хабар келгеніне тәуба жасаған Әжімгерей қарттың қуанышы қайғыға, тойы қазага жалғасуы жекелеген адамдардың кінәсі болса, ел ішінде кездесетін осындағы жайттарды автор осы эпизод арқылы шенеп отыр. Осы түрғыда қарағанда романда ацы тіл де жетерлік. Бірде женіл юмормен, енді бірде ацы сатираға кезігіп отыра-мыз. Жазушы қаламына тән осындағы ерекшелікті кезін-дек сыйнышлар да байқай білді. Оған Төлеген Тоқтаровтың «Даңқ пен дақпырт» жөнінде айтқан мына пікірі мысал бола алады: «Романның тілінде женіл әжкуа бар. Оның өзі романның сипатына сай келген сыңайы бай-қалады. Автор сол уәждің өзін кейіпкер ойына тілшелеп

қана сіңіріп, нәзік қайыра білген». Осылайша уақыт, заман трагедиясы романдардың өн бойынан байқалады.

Осыған қарағанда, автор өмірден алынған шынайы оқиғаларды ешқандай боямасыз сол қалпында беруге тырысқан. Оны жекелеген кейіпкерлердің сөйлеген сөздерінен де байқауға болады. Әжімгерей қарт пен Сейсімет, Қараашаш пен Мәруа бір-біріне мүлде ұқсамайтын кейіпкерлер. Автор әрбір кейіпкердің бейнесін оның істеген ісі мен сөйлеген сөзі арқылы ашуға тырысқан. Мәруа – кебенек киген отағасының артын күте білмен тұрақсыз әйел. Темірәлігे қылымсығаны үшін таяқ жегенімен тұрмай, Сағынайдың сөзіне еріп «арыздануы» оның санасыздығын көрсетсе, Еділхан сынды жас қайнышын ауыздандыруы ар тазалығын төсек құмарлығымен жуып-шайған тұрақсыз да шыдамсыз, арсыз да төзімсіз, ақылсыз да санасыз жан екендігін байқатады. Автор осындай бір-біріне мүлде ұқсамайтын кейіпкерлердің іс-әрекетін суреттей отырып, оқырманын төрелікке шақырған. Ол жаманнан жирену, жақсыдан үрлену керектігін кейіпкерлерінің ісі арқылы көрсете білген.

Улкендермен қатар көрінетін тағы бір белгісіз кейіппер – Идаят. Ата-әжесін көке-мама деп өскен ол өз анасын үлкендерге еріп келін дейді. «Жалғыздан қалған жалғызы» деп бетінен қакпаған кара бала өз мінезімен таныла түседі. Ол Талжібектен өз бетінше домбыра үйреніп өнерге әуестігін анғартса, бәйгеге қатысып және бір сыннан өтеді. Ұзакқа созылған соғыс Женіспен аяқталған соң, катты қажыған халықты бәйге көріп, көніл сергітсін деген ниетпен аудан басшылары ауылдар арасында бәйге үйымдастырады. Құла қасқаны бәйгеге қосуға бел буған Сатым оған Идаятты сай көріп, Темірәлі де қалап отыр деп, оны көкесінен сұрап алады. Бәйге атты баптау үстінде өзіне деген үлкен жауапкершілікті түсіне білген Идаят дауға қалса да құла қасқаның арқасында «бәйге бала» атанады.

«Ақ шағыл» романы – аты айтып тұрғандай шағыл-шағыл құм арасында отырған қазақ ауылының Ұлы Отан

соғысы тұсындағы өмір тіршілігін бар болмысымен еш-қандай боямасыз көрсетуге құрылған шығарма. Бұл романға 1942-1946 жылдар аралығындағы оқиғалар арқау болған. Алғашында ереккі кіндіктің бәрін майданға ат-тандырған ауыл тұрғындары жеңістен кейін Темірөлінің үстінен домалақ арызды топырлатып оны да елден аластап тынды. Бас көтерер азаматын қолдан ұстап берген елдің күні жалакор мен бәлеқорға, ақсақ пен сақауға, есер мен тентекке қарап қалды. Осылайша, бірінші роман автор бас көтерер азаматы жок елдің алдағы күні не болмақ деген сауалмен аяқталған.

1973 жылы «Лениншіл жас» газетінде үзінділері жариялана бастаған «Кішкентай» романы 1975 жылы жеке кітап болып оқырманның қолына тиді. Бұл романда да біз жоғарыда аты аталған кейіпкерлермен қайта кездесеміз. Оқиға 1946 жылғы Қараашаштың отбасынан басталады.

«Әжеке-ай, қайт дейсің? Жалғыз қалдым ғой, жалғыз!..». Бір қолын майданға беріп келгені болмаса, жалғыз ұлы шүкір алдында. Талжібекі бой жеткен соң, қызы бала жат жүрттық деп жылап отырғаны болса керек. Сондықтан да Әжімгерей қарт оны былайша жұбатады: «Қараашаш олай деме. Жат жүрттық баланың жасы келгесін босағасын тапқаны мақұл. Шүкір, Жібегің сүтінді актады, жаман атын жайып, сүйек сындырған жок, бесігінің табын жоймай есігіне жетті, қайта қуану керек. Жалғыз деген сөз жаман, оны неге айтасын?! Азамат ұлын бар, шүкір ет, шүкір ғой, құдайға мың шүкір». Өмірәлі досының ауданда қызметке орналасқанын білген Қабен Қараашаштың қолына кіріп алмақ оймен Талжібекке сөз салады. Болашақ күйеу баланың: «Апа! Сізге оңай емес. Әрі кешегі күнде жұбаныш, серік болған жанды кісіге қиу. Тіпті осында-ақ тұра берейік. Мен де өз баланызбын» деген сөзін естігенде: «Ой, а-ана-анды ғана, күшік күйеу! Шық үйден! Намыссыз неме!», – деп қуып шыққаннан кейін ол біржола жоғалады да, Талжібек Жанботаға күйеуге шығады.

Бұл кезде ауыл адамдары атың өшкір қу соғысқа бар лағнет-қарғыстарын ақтарумен болды. Себебі, женіске жеткен халықтың жай-күйі де адам қуанарлықтай емес еді. Оны автор былайша бейнелеген: «...Пішен шабу, құдық қазу, қауға тарту сынды ауыр жұмыстарда еңсеріп кетер ерек ілуде біреу-ак. Құрық, бұғалық ұстар қуатты қолдың тапшылығынан жылқының көбі шу-acau. Он екі, он жастағы балалар тайды әрен үйретеді. Ал, ересек жылқының – құнаны дөнен, дөнені бесті боп, сол жүгендің құрық тимеген күйі кетіп барады. Сонымен Қошалақ соғыстың әбден жұтатып салғанын бір-ак білді. Біреу – ақсақ, біреу – шолақ, біреу – соқыр, біреу – сақау, біреу – есер. Қайсы бірі әрі ақсақ, әрі шолақ, әрі соқыр, әрі сақау, әрі есер. Қалғаны шетінен атқамінер әкім. Есесіне әйелдердің күш-қайраты көзге айқын түсті. Сөйтіп төрт жыл бойы мұнша ауыртпалықты арқалап шыққан сол әйелдердің иығы екеніне де осы, 1946 жылдың көктемі көз жеткізді. Әйткенмен жазда, пішенге адам іріктеңдеге «Жана өмір» бес-алты әйелге бір «бөрік кигеннен» қосып бөлді».

Көніл аудараплық оқиғаның бірі – бандының ізіне түсу. Мұнда да автор құғыншылардың бір жерден түстеніп, бір жерден қонақ асы жеп асықпай жүруін тұтқын кыздың хатымен аша білген. Ел ішіне тығылған қашқындардың әрекетін автор банды оқиғасымен көрсетуге тырысқан. Мұнда да мылтық ұстап көрмеген қыр казағының бандыны атудың орнына құла қасқаны басып салуы арқылы автор сол тұстағы Қанішкен милициялары сынды ел қорғаушылардың іс-әрекеттерін сынай білген.

Бұл романда да оқырман өзіне таныс кейіпкерлерімен қайта табысады. «Садықжанға тұрсын» деп қолына түскен тәуірдің бәрін сандыққа тыққыштайтын, қазысын ұнға салып сүрлейтін кемпір сол тұстағы күніне бір қырға шығып жалғызының жолын қарауылдайтын аналарды еске салары даусыз. Ғұмар жездесінің сөзіне еріп, құдай қосқан қосағын талақ еткен Сейсімет бұл кезде «Қайан нағашы екі-ай, ж-жиеніңіз қой болды ғой, қой. Қади біл-

мес қайанғы ағайынның ойтасында сойы қайнап...», – деп араққа тойып балпылдап жүрді. Автор Сейсіметтің ішімдікке үйір бола бастауын да соғыспен келген дерт екенін жеткізе білді. Алғашында елден жасырып ішетін ол, келе-келе шайтанның азғырындысына еріп кеткенін байқамай да қалды. Арыстай азаматтың ішімдікке беріліп қор болған бейнесі арқылы автор майданнан аман келген бірен-сарапдардың өзі қарғысатқыр соғыстың таусылмайтын ылаңына кез болғанын бейнелей білді.

Автор тұсті де белгілі бір мақсатпен пайдаланған. Мәруаның екі баламен амалсыз күйеуге шыққалы жатқан шағындағы оның қамкөnlін автор тұс арқылы аша түскен. Алғашында ажырасуға себепкер болған Ғұмардың осыдан кейін жалма-жан атқа отыруы да сол тұстің үлкен күдік туғызуынан.

«Кішкентай» – тұралаған елдің әлеуметтік, экономикалық тұрмысын қалпына келтіру жылдарындағы ауыр тұрмысты арқау еткен роман. Бұл романдағы негізгі кейіпкердің бірі – «бәйге бала» атанған Әжімгерей қарттың кішкентай қара баласы. Негізгі оқиға Идаят төнірегінде жүріп жататындықтан, автор бұл шығарманы «Кішкентай» атаса керек. Романның екінші бөлімінде әңгіме қара бала төнірегінде өрбиді. Ес білгеннен «бәйге бала» атандып көптін құрметіне ие болған Әжімгерей қарттың «жалғыздан қалған жалғызын» осы күнге дейін жан баласы бетінен қақпағаны мәлім. Бұзауды суғармағаны үшін екі беттен кезек-кезек салғылаған қара қатын (өз анасы) да көкесінен жаксылап сөз естіген. Қыркүйектің екісі күні Әжімгерей қарт баласын аудан орталығында дүкенші болып істейтін Темірәлінің жұбайы Қызыбалага алып келеді. «Ө-өөй, Әжатаның жалғызы! Же, садағаң кетейін!» деп үпектеп үстіне төніп отыратын жеңгесі тек Идаятты құту үшін жарапандай. Идаяттың қалтасына кәмпіт, пешенесін сыға толтырып беретін жеңгесі оның бетінен қақпақ түгілі, бетіне тұра келмейтін. Алайда, «Жалғыздан қалған жалғыздың» бетінен жан адамның қақпауы пайдасымен бірге зиянын

да алып келген еді. Мектепке алғаш барған күні төбелес ашатын қара бала өз мінезімен даралана түседі. Күнде өзімен бірге ханжаппай ойнап жүрген завшкол Қанағаттың мұны тәртіпсіздігі үшін жер бауырлатып жүргізген жазалауы қара баланың тағы бір қырын аша түсті. Оның оңашада қамқорсып жүріп, достарының алдында жазалағаны жаңына батты. Илектелген саз балшықтың кетпей қаларын білгенде өлсе де жер бауырламайтын Идаят оны ауылдың шағыл құмы тәрізді деп ойладап қапыда қалды. Осы оқиғадан кейін үлгілі озат оқушы бір күнде ізім-қайым жоғалып кетті. Етегі жасқа толған Қызыбала мен бүкіл мектеп жабыла іздесе де Идаятты табар емес.

Осы оқиға үстінде Әжімгерей қарт пен немересі екеуінің де бір-бір қыры ашыла түскен. Қарт баласына жазаламаса несіне мектеп болады деп, Қанағаттың ісін орынды деп түсіндіріп бақты. Ал, «бәйге бала» өзін жазалату түгіл басынан сөз асырмайтын өр мінезімен танылды.

Мектепке дейін Талжібекten өріп таныған Идаят бірінші тоқсанды бестікпен аяқтап, екінші тоқсанда екінші сыныпқа көшеді. Жазғы демалыста мектептен көрген тәрбиесін, оку-білімін карындастарына үйретпек болған ол өзін оқыған, сауатты жігіт санайды. Қара бала биыл да бәйгіге қатысқанмен, «бәйгі бала» басқа атану басқа біреуге бұйырды. Мұны көрген кемпір: «Күдайдың қара талауы келгір! Жалғыздан қалған жалғыздың тауын шақты-ау. Қайдан ғана мініп едің иттің малына!» – деп түс ауғанша бат-бүттап жүрді. Осылайша қара бала «бак» деген қайырымсыз ұғымды жек көріп кетті. Бес жылда мектепті тәмамдамақ болған баланың ойы да өзі ойлагандай болған жоқ. Сынып жоғарылаған сайын үштік көбейіп, оның да көптің бірі екендігі байқала бастады. Идаят осылайша алдыңғы шептен шығып, көптің қатарына қосыла берді.

Автор бұл романда аудан орталығындағы жаңалықтардың ішінен өнерпаздардың тіршілігіне көніл бөле түсті. Қыз күнінде жігіт біткеннің қол жетпес арманы болған Талжібек сахнаға шығып ән салғаннан кейін-ақ әйел ба-

қытынан айырыла бастады. Енесі мен күйеуі бұдан құдіктеніп, әншілігімен көпті таңқалдырған талантты келіннен жиреніп, белгісіз де өнерсіз жан болғанын қалайтынды шығарды. Бұл тұстағы ел азаматтарының да ой-пиғылдарын автор олардың істеген істері арқылы көрсетуге бакты. Оны бір Талжібек төнірегіндегі алыш-қашпа сөздер мен Темірәлінің түбіне жеткен журналистің мақала жазбақ болған ниеті аша тұсті. Соғыстан құтылған бейбіт елдін арасын ендігі кезекте бос мылжың мен сөз куғандар бұлдіре бастағанын жазушы нақты кейіпкерлердің нақты әрекеттері арқылы шеней білді. Осы екі романның да негізгі көркемдік жетістігін сыншылар кезінде М.Сықақбаев айта білді: «Сонымен, бұл екі романда байқалатын әуелгі жетістік – жазушының жанды характерлер жасауға икемділігі десек, екінші ерекшелігі ретінде кітаптың өн бойына ыстық қан жүгіртіп, тамырын лұп-лұп соқтырып тұрган ойнақы юмордың молдығын атар едік».

1977 жылы «Данқ пен дақпырт» атты романы жарық көрді. Бұл романдағы негізгі оқиға Идаяттың төнірегінде өрбиді. Бұл роман қаладан келген Идаяттың өміріне шегініс жасау арқылы басталады. Мектеп бітірген жылы Әжімгерей қарт дүниеден озып, баласына: – Иә, кет, бұжерде не бар саған? Оқу ізде, өнер тап, – депті деген лақап тарап-ақ кеткен еді. Сондықтан да оның көкесінің қырқын берген күннің ертеніне қалаға оқуға кеткенін ешкім артық санаған жоқ. Идаяттың қаладан елге келуімен ауыл тіршілігінен хабар беруді көздеген жазушы бізге таныс кейіпкерлердің араға біраз уақыт салғаннан кейінгі жайқұйлерімен таныстырады. Бұл тұста алғашқы романнан бізге таныс Еділхан ел басқарған ел басшысы қызметін атқарады. Ескінің көздері бұл тұста қатары сиреп, некенсаяқ қана қалған. Жалғыздан қалған жалғыздан куанышты хабар күткен кемпірдің бұл шақта сұрақ белгі құсанап иіліп қалған кезі. Немере мен кемпір арасындағы мына бір диалог олардың бүкіл сырын ашуға қызмет етеді:

« – Үлкен кісі, осы мен нешедемін?..

– Сен құдай қойса, жиырма алтыға толасың.

- Сонда келіншек алатын жасқа келдім бе, жоқ па?..
- Қа-ша-ан келгелі. Сенің жасыңда Садықжанның үш... Баласы тағы бөліп жіберді:
- Ендеше мен үйлендім.
- А-а-а? – Кемпірдің тізесінде жатқан ұршық домала-нып кетті. – А-аа-а? Не дейді? – деп құбіге сүйеніп тұрған келініне қарады. Жанары әйнектеніп, шыңылтырла-на қойды.
- Иә, үйлендім, келіншек алдым. – Кемпірдің сексеуіл бұталарындағы буын-буын, кәрі саусақтары дір қақты. Кенет жастыққа, қайратқа тән жылдамдықпен баласын бас сап құшақтай алды. Арада дастарқан ұзындығында жер бар-ды. Бұған ол атылып келген сияқтанды. Манда-йынан, желкесінен жүлқылай сүйді. Бет-жүзі ебіл-себіл:

– Құлныым-ай, қарағым-ай, неге айтпадың? Қара қас-қа, мен қара қасқадан несін аядың? Куаныштың несін ая-дың? Куанайын-дағы мен де бір, мен қасқа, – деп балпыл-дады. Бұл сөздердің ұлына пәлендей әсер етпегенін көріп, кенет қысылып қалды: «Сөлемек бірдене істеп қойған кісі-ше келіні мен немересінің аузына кезек антарылды».

Бұл диалогтан екі сырды аңғаруға болады. Біріншісі, жалғызынан айырылған кемпірдің үлкен қуанышты за-рыға күтуі, екіншісі, немересінің өз қуанышына жан-тәнімен қуана алмауы. Оқырманның осы сырдың се-бебін іздеуі заңды. Оның жауабын Идаят қалаға келген соң-ақ табамыз. Ақсаңдай басып сандықтан үш қайтара үшкіріп, «Сфу! Сфу! Сфу! деп. Құдды құранның пар-ғы сын-ды үбектей» берген Садықжанның қалампыр ісі сіңген ит көйлектің қадірін түсінбеген келіннің: «Фу, га-дость какая! Твои родители так бедны, да? Для будущего внука дали вот это деръмо, да? – деп, лақтырып жібер-генін көргенде қайран кемпірдің өмір бойы сактаған ең асыл затының құны көк тын болғанына қарның ашады. Міне, осындей екі бөлек ортада өскен екі жастың өмір ту-ралы пайым-түсінігі де керегар болып шығады. Осылай-ша Идаяттың еліне жалғыз барғандығы оқиғаны ширата түседі. Оны Зібайра мені менсінбегені ме деп күдіктеніп

қана қоймай, жарының бойынан мін іздей бастайды. Адам баласы не нәрсені де мақтаса көкке шығаратын, жамандаса жерге тығатын әдеті ғой. Идаятқа сын көзбен қараған Зібайра оның бойынан адам сүйер ештене таппашының жазушыбы лайша жеткізді: «... Ел құрып, су құрып, қайдағы бір қарабайыр қалқан құлакқа тап қылған тағдырын тілдеп, тағы талай төгіледі. Ақыры өзі сын-ды сүйімді, сүйіп алған жарын ертпей, жалғыз тастаған ерінен тастай тұніледі. Әсіресе, осы соңғы қорлығына төзе алмайды, бұл кеткесін, сөйтіп, алты күн зарлап, жетінші күні Қүрәнзектегі төркініне тартып отырады...». Бір шаңырақ астындағы онсыз да үзіліп кетуге шақ тұрган жіптырнақ астынан кір іздеғен сайын жіңішкере түседі.

Бұл романда жазушы Идаяттың білім-ғылым іздең, арман қуып келген қала тіршілігіне көп көңіл бөледі. Негізгі оқиға Идаят төнірегінде жүріп жататындықтан әңгіме төркіні ауылдан алыстап, Қазақстанның астанасы Алматы қаласына ойысады. Жазушы бұл романда да қала тұрғындары арқылы сол ортаниң шынайы картинасын жасауға тырысқан. Бұл мақсатына жеткен де. Мұндағы Зібайра, Соня сынды сұлуулар – ауыл әйелдеріне мүлде үқсамайтын жандар. Жазушының негізгі жетістігі – қала тіршілігінің көленкелі жактарына көңіл бөлу. Оны әйелдер бейнесінен Зібайра мен Соня аша түссе, жұрт сүйген Жолымбол Жарқынов сынды атақты композитордың Идаяттың табиғат берген дара талантына құрмет жасаудың орнына оның жекебасындағы сәтсіздіктерін жілкө тізіп табалауы, өнердегі жолына кедергі жасауы оған мысал бола алады. Жазушы зиялды қауым арасында да атак-данқтың арқасында неше түрлі жолсыздықтарға жол беріп жататын аға буын өкілдері бар екенін Жолымболдың Қайырболаттың әндеріне ерекше құрмет көрсетіп, өз қамқорлығына алып, беделін салып қолдан талант жасау ниетімен көрсетуге ден койған. Ал, Кемел – таным-түсінігі мүлде басқа кейіпкер. Кемел бейнесі қазақтың «Жігітті жолдасына қарап таны» деген даналығына жарқын мысал. Ол атакқа да даңққа да құмар емес,

тек әділетті жақтаған, жақын досының мінін жылатып айта алатын, ұлттық өнердің жарқын болашағын ойлаған кіршіксіз жан. Осындай мысалдарға қарап отырып, ауыл мен қала тұрғындарының да арасында көп айырмашылық жоқ екенін байқауға болады. Жазушы әртүрлі мінез бен әртүрлі ниет-пиғылдың адамдары екі ортада да араласып жүруі арқылы бір-бірне кергәр мінез бүкіл адам баласының бойынан кездесетінін ұғындыра білген.

Бір қарағанда, бұл роман даңқ пен дақпыртқа мастанған өнер иелерінің озық үлгідегі шынайы өнерден айырылу себептерін ашуға ғана қызмет ететіндей болып көрінеді. Себебі, негізгі оқиға өнер иелерінің төңірегінде жүріп жатады. Осындай өзекті мәселенің жанында косақтала жүретін жанама тақырып бар. Ол – жас отау иелерінің өмірі арқылы көрсетілген қазақтың демографиясы. Береке-бірлік – отбасының негізгі шаттығы, бақыты болса, осыдан айырылудың себебін автор жас отау иелерінің өмір жолдарынан шынайы мысалдар келтіре отырып дәлелдеуге тырысқан. Оны Идаят пен Зібайра, Идаят пен Соңя арасындағы махабbat линиясынан табамыз. Құдай қосқан қосағының бойынан мін іздеген Зібайра кінәсіз сәбидің көрер жарығына балта шабу арқылы казақ демографиясына зиян келтіріп отыр. Ол шолақ ойлаудың салдарынан әйел бақытынан айырылған бақытсыз жан. Идаятты бір алдан, екінші күйеуін екі алдан жүрген оның негізгі және үлкен қылмысы нәрестенің дүниеге мезгілсіз келуімен толықкан.

Елге енбегі сінген, атақты әншінің жалғыз қызы Соңя да өмір жайлы келте ойлайтын жан. Біркүндік қызықтан басқаны ойламаған оның да өмірі адам қызығарлықтай емес. Әке-шешесі жалғыз деп бетінен қақпаған, өмірден ешқандай қыындық көрмеген, барға мастанып өскен жастардың көбінің бақытсыз болу себебін осындай кейіпкерлердің өмір жолынан байқауға негіз бар. Көп балының ішінде өскен ауыл балалары көбіне өмірге икемді келіп жататыны олардың бар мен жоқтың қадірін түсінуінен, қолқанат болғаннан бастап еңбекпен тәрбиеле-

нуінен екенін байқауға болады. Жазушы ішкені алдында, ішпегені артында, ең соңғы үлгідегі киімді бірінші болып киоді ғана ойлайтын бір-екі баланың эгоист, өзімшіл, өркөкірек болып өсуі өмір заңы екендігін қала жастарының тыныс-тіршілігімен түсіндіруге тырысқан. Оған жеңіл мінезді Соняның ел сыйлаған әкесін жерге қаратуы мен Зібайраның әке үмітін ақтамауы мысал.

Жоғарыда сөз болған романдар Ұлы Отан соғысы басталған шактан бастап, шаруашылықты қалпына келтіру, елдін бейбіт күнге жету кезеңдерін қамтиды. Бірінші романға барын майданға аттандырып, аш-арық тұралған елдің ауыр тұрмысы арқау болса, екіншісіне соғыстан кейінгі бандымен құрес, шаруашылықты қалпына келтіру жылдарындағы әртүрлі оқиғалар, үшіншісіне ұлттық өнердің қазіргі жай-күйі мен болашағы, қазақ отбасы, қазақ демографиясы сынды өзекті мәселелер арқау болған. Қырқыншы жылдардың ауыр тіршілігімен ес жиған, әкесін майданға беріп атасын әкем деп өскен «жалғыздан қалған жалғыздың» өмір атты үлкен майданға араласудағы әртүрлі сәтсіздікке ұшырауын автор шынай бейнелей білген. Бұл романдар қазақ ауылы мен қала қазактарының көлеңкелі тұстарын ашы болса да өмір шындығы етіп көрсетуімен құнды. Кеңестік дәуір тұсында сыншылардың назарына іліккен бірінші мәселе де өмірдің көлеңкелі жақтарын баса көрсетуі болатын. Шығармадан жағымды, жағымсыз кейіпкер іздеғен сыншылар Идаяттың бойындағы әралуан қасиеттерге тосырқай қарал, кейіпкерлерді қай топқа жатқызыарын білмей дал болды. Ал, автор бірынғай ұнамды және ұнамсыз кейіпкерлер бейнесін сомдаған жоқ еді. «Мен қарасөзбен жазылған кітаптарымда (әсіресе, «Данқ пен дақпыртта») осы, өзімше, адам санасына әсер еткен дәуір, уақыт белгісін тек өз құралыммен көрсетуге тырыстым» дейтін Жұмекен ақынның поэзиядағы таныс-бейтаныс кейіпкерлері осылайша қазақ прозасына да келіп қосылды. Ауыл мен қала тіршілігі жөнінде ой түйген жазушы екі аяқтылар арасындағы мәңгілік майданның бітпес дауын өмірден алынған шынайы қалпын-

да жеткізе білген. Олай болса, бұл романдар жетпісінші жылдардағы қазақ прозасын шынайылығымен, тақырыбының өзектілігімен байытты. Кеңестік дәуірдің ақын-жазушыларға қойған бірінші талабы өмірдің қүнгей жағын көрсету болса, бұл шығармалар өмірдің көлеңкелі жақтарын баса бейнелеуімен құнды. Жазушы «Ауруын жасырсаң, өлгенде қайда қоясың» деген ел ішіндегі «індеттің» алдын алуды көздеген болса, ол бұл мақсатына жетті де. Шығармаларды оқыған кез келген оқырманның әрбір кейіпкерге өзінше баға беріп, олардың сөзі мен іс-әрекетіне төрелік берері даусыз.

Бұдан шығатын түйін Жұмекен Нәжімеденов – ұлт әдебиетін поэзиялық, прозалық туындылармен байытқан дара талант иесі. Бекмұрат Уахатовтың сөзіне жүргінер болсак: «Рас, Жұмекен Нәжімеденовтің прозаик ретіндеге өзгелерге ұқсамайтын ерекшелігі, өзіндік дара стилі, сөз қолданысы, бейнелеу құралдары бар. Автор жас азаматтарды жамандықтан жиренуге шақырады. Шығарманың мәні де осында болса керек».

«Бетпе-бет» повесінде жазушы 1947 жылғы Ханшәйіні ұрлап кететін банды оқиғасынан кейінгі жайдан кеңірек мағлұмат беруді көздеген. Романда банды оқиғасы да Ханшәйім де жанама қызмет атқарып, негізгі оқиға Идаяттың төнірегінде өрбіп отыратын. Жазушы сол оқиғаны толықтыру мақсатында аталған повесті жазды. Повесте небары үш-ак кейіпкер бар. Оқиғалар сол кейіпкерлердің өміріне жасалған лирикалық шегініс арқылы өрбіп отырады. Жазушы бар шешімді, бар үкімді оқырманның өзіне қалдырған. Повестің сонындағы прологына қарағанда бұл соғыстан кейінгі жылдардағы шалғайда жатқан құм ішіндегі бір оқиғаның бейбіт өмір тұсындағы жалғасы екендігі айтылады. Жұмекен өзі өсken ауыл тұрғындарының басынан өткізген тарихы жөніндегі ауыздан-ауызға аныз болып тараған оқиғаны көркем бейнелеуде проза жанрында да жетістікке жетті. Үш бөлімге арқау болған үш тағдыр иесінің бір хат арқылы табысуының өзі автордың повестің құрылышын ерекше құра білуі деп айтуға негіз бар.

«Домбыра және көсөу» әңгімесіне Едіге күйшінің қырық жыл түсіне томар кіріп, дұрыс домбыра жасай алмай дүниеден озуын арқау еткен. Ұлттық мұраларға балта шапқан кеңестік дәуір шындығын жазушы атақты күйшінің баласы жаңа үкімет келгенде бай баласы болып кудалауға түскендігімен көрсете білген. Осылайша, Жұмекен Нәжімеденов поэзиядағы лирикалық кейіпкерінің бейтаныс тағдырын прозамен толықтыруды көздеді. Тек ақындығымен танылған ол – ұлттық прозамызға шағыл-шағыл құм арасындағы қазақ ауылы мен олардың тыныс-тіршілігіне жан бітіріп, көпшілік оқырманнан таныстырган жазушы. Оның шағын жанрға құрылған прозалық туындылары мен кең құлашты эпикалық повесі мен үш романы жетпісінші жылдардағы қазақ прозасына қосылған соны үлес.

Қазақ поэзиясын мазмұн, түр жағынан байытқан жаңашыл ақынның тәуелсіз қазақ елінің ән ұранына айналған «Қазақстаным» ән-өлеңі – ақын мұрасының қазақ халқымен бірге жасайтындығының белгісі.

Әдебиеттер:

- 1.Қирабаев С. Журнал және өмір («Жұлдыздың» жылдық номірін шолғанда) // Социалистік Қазақстан. – 1972. – 15-январь.
- 2.Сахариев Б. Айқын жол, соны із («Ақ шағыл» романы туралы сын) // Лениншіл жас. – 1974. – 9 апрель.
- 3.Сқақбаев М. Шығарма шырайы – шындық («Кішкентай» романы туралы) // Қазақ әдебиеті. – 1976. – 26 март.
- 4.Тоқбергенов Т. Сыншы сарабына салсақ («Данқ пен дақпырт» роман туралы) // Жұлдыз. – 1978. – №8, 193-196 б.
- 5.Уакатов Б. Табигилық тұрғысынан өлшесек («Данқ пен дақпырт» романына сын) // Қазақ әдебиеті. – 1978. – 31-март.
- 6.Ыбырайымов Б. Пікір кайшылығының сыры неде? («Ж.Нәжіміденовтің «Данқ пен дақпырт» атты романына «Жұлдыз» журналының №8 санында жазылған талдау туралы пікір») // Қазақ әдебиеті. – 1979. – 10август.
- 7.Нәжіміденов Ж. Ақ шағыл. – Алматы: Жазушы, 1973. – 4-б.
- 8.Нәжіміденов Ж. Кішкентай. – Алматы: Жазушы, 1975. – 4-б.
- 9.Нәжіміденеев Ж. Данқ пен дақпырт. – Алматы: Жазушы, 1977. – 22-б.
- 10.Нәжіміденов Ж. Ал автор не айтар екен? // Жұлдыз. – 1978. – №8. – 192-б.

ВАЛЕРИЙ МИХАЙЛОВТЫН «ҒАЛАМАТ ЖҰТ ШЕЖІРЕСІ»

Қазақ тарихында қара әріппен жазылған XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы нәубат әдебиеттен де өз орнын алғаны белгілі. Ақын-жазушылардың бірсыптырасы жаппай, әрі жеделдете ұжымдастырудың салдарынан болған ашаршылық туралы көркем шығармалар жазды. Олардың көшілігі жекелеген отбасылар арқылы сол тұстағы казақ даласын әбжыландай жалмаған ашаршылыққа жан бітіріп, қазақ даласының төрт бұрышын түгел шарлаған нәубат туралы біраз мағлұмат бергені белгілі. Солардың қатарын қазақстандық орыс жазушысы Валерий Михайлотовтың «Ғаламат жұт шежіресі» атты деректі хикаяты толықтырады. 1992 жылы жазушының «Ұлы» жұттың жазбалары» деген кітабы жарық көрген болатын. Сол кітап толықтырылып 2008 жылы орыс тілінде шықты. Ашаршылықтың 80 жылдығы қарсаңында соңғы нұсқадан ықшамдалып аударылған «Ғаламат жұт шежіресі» атты хикаят «Мектеп» баспасынан жарық көрді (2012).

Бұл шығарманың негізгі жетістігі – қазақ халқының басынан өткен трагедияның қазақстандық орыс жазушысының көзімен бейнеленуі. Қасіретті жылдар туралы бұған дейін жекелеген қаламгерлердің естелік-эсселерінен оқып журсек, В.Михайлотовтың аталған шығармасында бірнеше қаламгерлердің естеліктері рет-ретімен пайдаланылуы шығарманың деректілік сипатын арттырған. Шығарма Faғу Қайырбековтың бала кезде еміс-еміс есінде қалған естеліктерімен басталған.

«— Ай. Күздің сұық күнінде біз әлдебір жаққа көшіп барамыз. Мен шайқалақтаған арбаның үстінде көрпеге ораулы жатырмын...

Ай... Көшіп барамыз... Өліктер... Бұл отыз бірінші жыл болатын, біз қаңырап бос қалған ауылдан Торғайға қарай жол тартқанбыз...», – деген сурет екі жасар бала-ның жадында қалай сақталып қалған десенізші.

Иә, баланы күлкіден, үлкенді үйқыдан айырған ашаршылық балаларды ерте есейтіп, үлкендерді уақытынан бұрын қартайтып, әрбір жанның жүргегіне жазылмас жара салғаны тарихтан белгілі. Әкесінің сауаттылығының, нағашысының Тұтынушылар одағында жұмыс істегенінің арқасында аман қалған Ғафу Қайырбековтің балалық шақтан есте қалған естеліктері ашаршылық жылдарындағы елдің мүшкіл халін ешбір боямасыз көз алдыңа елестетеді. Төрт аяқтап ілгері жылжуға шамалары келмей, кескен теректей болып жол үстінде сұлап жатқан өліктер, еңбектеп келіп қасапханадан қос уыстап малдың қанын ішетін аштар, өлі туған мал етін қолмақол паршалап, шикілей қылғытатындар – баланың жадында ұзақ сақталып қалған аш-жалаңштардың бейнесі еді. Жазушы Торғай даласындағы ашаршылықты ендігі кезекте өлкелік комитеттің тапсырмасымен шыққан Ғабит Мұсіреповтің естелігімен жалғастырады.

«... 1932 жылы Қазақстан сүмдық аштықтың құрсауында қалды. Мұсірепов төрт жолдасымен бірге өлкелік комитетке хат жазды. Онда ұжымдастырудың асыра сілтеушиліктер туралы айтылды. Бірақ олардың берін «ұлтшылсындар» деп айыптауды.

– Несі бар, егер сен өзінің халқың үшін осынша алаңдайтын болсан, Торғайға барып қайт, – деп оған Голошекин мысқылдай қарады. – Онда ешқандай аштықтың жоқ екенін өз көзіңмен көресін» [9-б.].

Осылайша бірінші басшының тапсырмасын орындау мақсатында өлкелік комитеттің шенеуніктерімен сапарға шыққан Ғабит Мұсіреповтің Торғай даласынан көргенін айтып жеткізу мүмкін емес. Оны жазушы былай бейнелайді: «Кенет Мұсіреповтің көзіне әлдене шалынғандай болды: анадай жердегі күртік қардың арасынан бір нәрсе қарандайды, бейне бір сексеуілдің жапырылған

қисық бұтағы секілді. Ол шанадан ырғып түсіп, әлгінің қасына барды. Қар астында адам өліктері жатты. Қалай болса солай, ретсіз, қаз-қатарынан сұлап жатыр. Одан әрі жүре түсіп еді, бірінің үстіне бірін қабаттап, текше етіп жинаған отын секілді үйілген адам мәйіттерін көрді. «Олар бекеттердегі мұнараға ұқсайтын еді, – деді Габен. – Соларға қарап жолды бағдарлаған, мәйіттер жолдың екі жағына да үйілген. Одан өткен сүмдықты мен көрген емеспін...» [10-б.].

Екінші сурет бұдан да аянышты. «Жүк жиналған теңнің қуықтай ғана тесігінен әлдебір кіп-кішкене тірі жан атып шықты да, адамдарға тұра ұмтылды. Ол қанға малшынған еді. Қансұнгі болып қатып қалған ұзын шаштары мүйізге ұқсап, жан-жағына сорая шығып тұр, аяқтары бейне бір қарғаның сирактары сияқты қап-қара, шидей. Көздері ойсыз, бетіне қатып қалған қаннның үсті жаңадан аққан қан тамшыларымен әлеміштенген. Тістері ақсиып, аузынан қызыл көпіршік ағып тұр» [13-б.].

Не иттің қыңсылына, не мысықтың зарына, не аңың қорсылына, не адамға, не жынға ұқсамайтын ыңырсыған жіңішке ацы дыбыс қазактың жеті-сегіз жасар қызының үні екеніне не айтасын? Жылдағыдан қысы ерте түскен 1932 жылдың казан айының сонындағы қазактың жайкүйі осындай болса, астанамыз Алматыда Қазақстанның он екі жылдығы барша сән-салтанатымен тойланып жатуы біз өмір сүріп отырған қоғамдағы керегарлықтың жарқын мысалы. Қала көшелеріндегідей қаз-қатар тізілген киіз үйлі қалашықтар қанырап бос қалып, бір колхоздан тірі қалған жаннның адам айтқысыз күйге душар болуы сол бір қарғыс атқыр ұжымдастырудың қазакты жер бетінен жою үшін жасалғанын байқатады. Себебі ашаршылық тек Торғай даласын шарлаған жоқ. Оны автор Қазақстанның түкпір-түкпірін мекен еткен қаламгерлердің естеліктерімен растайды. Осы қатарда шығармаға негіз болған академик Жабағы Тәкібаев, Данабике Байқадамова, Әлжаппар Әбішев, Қалмұқан Исабаев, Камил Икрамов, Мұхтар Мағауиннің естеліктерін ерекше

атауға негіз бар. Ф.Ахмедовтің естелігінде Әулиеатадан жеті шақырым жердегі Я.М.Сверлов есімімен аталған ұжымшардан тірі қалған жалғыз жігіттің адам етімен азықтанып, ақыл-есінен айрылғанынғ қуә болсақ, Д.Байқадамовың естелігінен Алматының іргесіндегі ауылдардың бірінде әйелі мен екі баласын жеген жігіттің көршісінің өлім үстінде жатқан баласының жүргегін суырып алып отқа қақтап отырғанына кезігеміз. Ә.Әбішевтің естелігі Қарағандыдағы бір ауылдан екі адам қалғаны, тоқсан төрт адамы бар бір әулеттен ұжымдастырудан кейін жеті адам қалғаны жөнінде мағлұмат береді. 1932 жылғы Солтүстік Қазақстан облысының тексеру актісінен «Тексеру кезінде болғандардың көпшілігі өлексемен, бұзылған етпен, сүйек сорпасымен, кебек көжемен және қайнатылған терімен қоректенді» 15 отбасы мүлде жұдеп, ісініп кеткен» деген тәрізді мәліметтер келтірілсе, Ырғыздан, Балқаштан, Павлодардан, Сарқант, Атбасар, Солтүстік Қазақстан облысынан келген жеделхаттардағы деректер адам жаңын түршіктіреді.

Хикаятын деректілігін арттыра түсудің келесі тәсілі – тарихи құжаттардан деректер келтіріліп, өмірде болған тарихи кейіпкерлердің оқиғаға тікелей араласуы. Оқиғаға тікелей араласатын орталық кейіпкердің бірі – РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің жаңа хатшысы Филипп Исаевич Голощекин. Оның Қазақстанға келуі оқиғаға тікелей қатысты болғанмен жазушы негізгі кейіпкердің өмірі туралы толыққанды мағлұмат беру мақсатында лирикалық шегініс жасайды. Оның 1876 жылы Витебск губерниясында дүниеге келгенінен бастап сөз ете отырып, өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдеріне тоқталады. II Николайды тақтан құлатқан большевиктердің катарында белсенділігімен көзге түсken Ф.И.Голощекиннің патша ағзамның отбасын ешбір заңсыз атып өлтіруге тікелей басшылық жасағандығы оның қаніпезерлігі мен қанішерлігін аша түседі.

Сонымен бірге II Николай патшаның, Айырықша қызмет үйінің жаңа комендантты чекист Юровскийдің күн-

делік жазбалары мен Юровскийдің күзеттегі сенімді адамы большевик Павел Медведевтің тергеуде берген жауабы, БОАТКОМ төрағасы Сведловтың дәйектері, Н.И.Бухариннің «Ашы жазбалары» шығарманың деректілігіне қызмет етеді. Юровскийдің «16.7-де (16 шілдеде) Пермьнен Р-дың (Романовтардың) көзін жою тұралы... бұйрық бар шартты тілдегі жеделхат келді.

16-сы күні кешкі 6-да Филипп Г-н (Голощекин) бұйрықты орындауға нұсқау берді. Сағат 12-де мәйіттерді әкету үшін машина келуге тиіс болды....» деген жазбалар шығарманың деректілігін арттыра түскен. Патша мен отбасына қарасты он бір адамды ешбір заңсыз атып тастауы, мәйіттерді өртеп, айғақ ретінде үш басты спирттеп ағаш жәшікке салып Мәскеуге Кремльдегі Свердловтың үйіне алып келген Ф.И.Голощекиннің өткен өмірі оқырманға үлкен ой салады. Патшаның басын кескен жауыздың көп ұзамай қазак біткеннің басын доптай домалатканы ашы болса да өткен ғасырда болған шындық.

Қазақ жеріне аяғы тигеніне екі жарым ай өтпей жатыптақ, Голощекин: «... ауылда, шын мәнінде, Қенес өкіметі жоқ, тек байлар ұstemдігі, рулар ұstemдігі ғана бар» деген корытынды шығарды. «Ауылдарды кенестендіру» ұранын бетке ұстаған бірінші басшы жаппай ұжымдастыруға қарсы болғандарды «жаппай сипат алған анти-советтік қарсы әрекеттер» деп бағалады. Бірінші басшы «Бұрын сән-салтанаты келіскең ақ туырлықты киіз үйлерде иісі жұпар аңқыған қымыз ішіп, дәмі таңдайдан кетпес майлы жылқы еті мен қазы-карта жеп, үйрlep жылқы айдал, мыңғырған қой, түйе мен сиыр өсіріп, бақытты өмір сүрген... қазактар енді шөп-шаламмен, иісі мұнқіген сасық шыбын-шіркеймен, иттің, тышқанның етімен коректенуде...», – деген F.Тогжанов; – Қазақстан жаппай егіншілікке өтуге дайын емес, – деген Т.Рысқұлов; – Егер бізде тері бар болса, оны Москваға тасудың қажеті жоқ, Қазақстанда завод салып, өзіміздің қазактық жеке (кулкі) ұлттық терімізді өңдеуіміз қажет (кулкі)..., – деген С.Садуақасов сынды өзіндік пікірі бар қайрат-

керлерді «ұлтшыл-жікшілдер» деп әшкерелеп, оларға ашықтан-ашық қарсы шығып, «ұлтшылдармен» күрес науқанын үдettі.

Ф.И.Голошекин капиталистік 16 елде орналасқан көмекке өте мұқтаж 36 түрмеге қамқорлық жасау мақсатында жергілікті кулактармен күрес науқанын қызған үстіне қыздыра түсті. Мерзімді басылым беттері науқанды ұрандардан көрінбей қалды. Нәтижесінде Қазақстанда 1928 жылы Голошекинге қарсы келетін бірде-бір казак қалмады. Қазақстандағы «бай-кулактармен», «ұлтшылдармен» күрестің аяғы «кулак-террористердің» атылуына алып келді. Автор осындай тарихи деректерді рет-ретімен орынды пайдаланған.

Келесі кезекте Қазақстанда қамбадағы астық қалдықтарымен бірге адамдардың жүрегінен Жаратушы Иені де жүліп тастауды көздеген большевиктер мешіттерді клубтарға, мәдениет үйлеріне айналдырып, «Діни алаңдаушылыққа катан соғыс жариялаймыз», «Діни мендуананы жүліп тастайық!» деген ұрандарды көтеріп, дінді жерлеуге бет бұрды. Большевиктік өкімет өзі үшін ең қымбаттыны – құдайсызықты сыйласа, жетпіс жылдан аса өмір сүрген коммунистік партия имансыз үш-төрт ұрпакты тәрбиелеп шығарды. «Осылайша жанды «адам материалынан» табиғи, тамырлы, ерекшенің бәрін кесіп тастау арқылы нұрлы болашақ конструкторлары совет адамын жасап шығарды» [203-б.]. Имансызықтың зардалтары тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдан асса да аяғымызға тұсau болып келе жатқаны бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның шындығы. Қазіргі таңда төнірегімізде болып жатқан қанішерлік, зұлымдық әрекеттер – адам бойына дендеп кірген атеистік тәрбиенің көрсеткіші.

Өлкелік комитеттің плenумдарында сөйлеген сөздерден, мерзімді басылым беттерінен келтірілген нақты сандар шығарманың деректілігін арттыра түскенін баса айту керек. Бұл шығарма авторының XX ғасырдағы ғана емес, жалпы қазақ трагедиясы жөнінде көп ізденгендігін байқатады. Тарихшылардың пайдалана бермейтін де-

ректерінен келтірілген мысалдар шығарманың көркемдігінен гөрі деректілік сипатының жоғары екендігін аңғартады.

Қазақстандағы алапат жұт туралы тарихи құжаттарды орнын тауып қилюастыра білген жазушы осындай ашаршылықтың біршама елдерде белең алғанын да назардан тыс қалдырмаған. «Қазақ жерінде, Ресейдің көптеген облыстарында, Украинада, Орта Азия мен Сібірде ондаған мың адам өлігінен тау тұрғызылды. Алайда заң бойынша да, саяси тұрғыдан да аштық құрбандары қылмыскерлер емес болатын» [31-б.] деген жолдар атың өшкір ашаршылықтың кім-кімді де аямағандығын байқатады.

Қазіргі таңда қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні мемлекет тараапынан қолға алынып, арнайы аталып өтеді. Сол күні ашаршылықтың құрбаны болған жандарды да еске алып жатамыз. 1932 жылғы ашаршылыққа 80 жыл толғаны 2012 жылы кеңінен алатып өтті. Мұның барлығы бүгінін білгісі келетіндердің өткен тарихымызға үңілуіне алып келеді. Сондықтан бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің кешегі қаралы тарихының көркем шежіресін жасаған В.Михайловтың аталған хикаятын деректі про заның жақсы үлгісі ретінде қабылдаған жөн.

Б.МАЙТАНОВТЫҢ «ТӘУЕЛСІЗДІК – КҮРЕС МҰРАТЫ» АТТЫ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕГІ ТУРАЛЫ

Бақытжан Қаясханұлының «Тәуелсіздік – күрес мұраты» (Құс Жолы, 2012) еңбегі мен «Майтанов Бақытжан Қаясханұлы» атты биобиблиографиялық көрсеткіш оның 60 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көріп отыр. Зерттеуде ғалымның сонғы жылдары мерзімді басылым беттерінде жарияланған зерттеулері мен мақалалары топтастырылған. Ғалым бұл кітабын Қазақстан Республикасының 20 жылдығы қарсаңында шығаруды көзделген болатын. Алайда дүниеден мезгілсіз өткен соң, аталған еңбектің қолжазбасы өзі қызмет еткен бөлім қызметкерлерінін қолында қалып қойды. Ағамыздың қырық күндігі өткен соң, қолжазбаны көтеріп институт директоры Сейіт Аскарұлына бардық. Ол кісі ұсынысымызды қолдап, мақұллады. Алайда институт қоржынында үнемделген қаржы болмағандықтан аталған кітап 2011 жылы жарық көре алмай қалды. Жыл басында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры ауысып, басшылыққа филология ғылымдарының докторы Уәлихан Қалижанұлы келді. «Піскен астың күйігі жаман дегендей» тартпада жатып қалған қолжазбаны көтеріп, жаңа басшыға және бардық. «Бітер істің басына жақсы келер қасына» дегендей, Уәлихан Қалижанұлы ұсынысымызды құп көріп, аталған қолжазбаны дереу Ғылыми кеңеске қойды да, кітапты жеделдетіп шығаруға күш жұмсады.

Өмірде ғана емес, ғылымда да ақырын жүріп анық басқан Бақытжан Майтанов – әдебиеттану ғылымында өзінің атын ойып қалдырған ғалым. Ол әдебиеттің жауыр болған такырыптарынан қашып, кез келген жанрды белгілі бір проблема төнірегінде зерттеп, әрдайым жаңа мәселені

көтеріп, тыңға түрен салуымен ерекшеленетін. Біздің бұл сөзімізді «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі» атты тұңғыш монографиясына берген академик Серік Қирабаевтың: «Осы бір шағын еңбекте көтерілген психологиялық талдау өнеріне қатысты теориялық проблеманы Б.Майтанов қазақ әдебиеттануында алғашқы бол диссертациялық көлемде зерттеді», – деген пікірі растайды. Осылайша ол алғашқы зерттеулерінен бастап, «Тәуелсіздік – күрес мұраты» атты соңғы зерттеуіне дейін ұлттық әдебиеттің теориялық мәселелерін зерттеумен айналысты.

Енді сиыс кеппеген жаңа кітапты қолымызға алып, ғалымның соңғы зерттеулерін әдебиет сүйер қауыммен бірге бөлісептік. Кітаптың аты – «Тәуелсіздік – күрес мұраты». Кітаптың атын сынайтындар да табылар, ғылыми зерттеу еңбекке мұнданай ат қоюға болмайды дейтін «білгіштер» де шығар. Біз бір нәрсені қатты ескеруіміз керек. Ол – бұл кітаптың Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына шашу екендігі. Екінші ескеретін жай – тәуелсіздік деген сөздің өзі айтып тұрғандай, ғалымның ұлттық әдебиеттің көптеген мәселелерін тәуелсіздік тұғырынан қарастыруы. Арысын айтпағанның өзінде соңғы онжылдықта шыққан бірсыныра зерттеу еңбектердің атын тәуелсіздікпен байланыстыра қою үрдіске айналып келеді. Олардың қатарында академик С.Қирабаевтың «Тәуелсіздік рухымен» (2002), «Тәуелсіздік өрісі», Ш.Елеуkenovtің «Ғасырмен сырласу» (2004), «Тәуелсіздік бийтінен» (2007) атты еңбектерін атасақ та жетіп жатыр. С.Қирабаев, Ш.Елеуkenов, Б.Майтановтардың әдебиетші екенін билетіндер бұл кітаптардың қандай рухты, өрісті, биікті, куресті сөз ететінін айтпай түсінетін анық. Себебі, екі ғасыр тоғысында өмір сүріп, екі дәүірдің күәгері болған Бақытжан Майтанов есімі XX ғасырдың 70-жылдарынан бері көпшілікке етене таныс.

Институт директоры У.Қалижанның «Аманат» атты алғы сөзінде ғалымның көзі тірісінде шәкіртеріне қалдырып кеткен аманатына қиянат жасамай, оның қазақ ғылымына сіңірген еңбегін ескеріп, аталған еңбекті әдебиет сүйер қауымға жеткізгендігі айтылған. Ғалымның өзі үшін емес, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиетшілері

үшін аса қажет еңбек «Галымның хаты өлмейтіндігін» рас-
тап отыр.

Галым кітапка енген зерттеулері мен мақалаларын бірінің астына бірін тізіп беруді жөн санамаған. Автор мұндағы дүниелерді әдебиеттің белгілі проблемаларына қатысты жекелеген бөлімдерге бөлген. «Біткен іске сыншы көп дегендей» кітаптың құрылымына көнілі толмай, бөлім атауларын сынушылар да табылар. Сондықтан ендігі ке-
зекте кітаптың құрылымына, жіктеу жүйесінің принциптеріне тоқталып көрелік.

Төрт бөлімнен тұратын кітаптың «Тәуелсіздік рухы» деп аталағын бірінші бөліміне М.Әуезовтің өмірі мен шығар-
машылығына қатысты зерттеулер топтастырылған. Соңғы жылдары мұхтартануға қосылған еңбектердің жеке бөлім құрауы құптарлық. «Абай жолы» және «Тәуелсіздік рухы»
деп аталағын тараушада бұған дейін жете көніл бөлінбеген шығарманың мәтіндік жүйесі, автор болмысы немесе ав-
тор образының поэтикасына жете көніл аударылып, «Абай өмірі мен мұрасы М.Әуезов туындысында автор атты құді-
ретті ұғымның интеллектуалды, эмоционалдық характеристте-
месі (деятельность) нәтижесінде көркемдік-эстетикалық
образдар жүйесінің мазмұнын құрағаны» пайымдалған.

Роман-эпопеядағы тәуелсіздік туралы идея жаңа үрдіс-
тер, жаңа құндылықтар жасау жолында болып жатқанды-
ғын автор «қалың елі – қазағы, қайран жұртын» үйқыдан
оятуға тырысқан ақынның тірлігімен түсіндіріп, «Бұл кү-
рес – найза соғыстырып, бас қағу емес, ақыл-сананың ұлт-
тық намыс жолындағы күресі болатын», – деген тұжырым
жасайды. Аталаған эпопеядағы тәуелсіздік идеясын ғалым
«автор және адресат», «әңгімелуе дәстүрі», «мәтін және
интертекст» мәселелері төнірегінде карастырған. М.Әуе-
зовтің «Абай жолы» мен Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұм-
бағы» романдарындағы нарратив, мекеншашқ (хронотоп),
өзін-өзі суюшілік (нарцис), ортақ тел сөз (қос ұнді сөз),
өмір сипаты (рема), лұғат (речь), интертекст (текст туралы
текст), алқисса (сказ), ризоматика (іштей бұтарлану, бірнеше қабат, сыр алу), рефлексивті код (жамылғы) мәселелері
салыстыра сөз ету арқылы ашыла түскен. Жекелеген оки-

ғаларға қатысты деректер аталған шығармалардың көркемдік-эстетикалық жетістігіне қызмет етіп тұр.

«М.Әуезов және Абай өмірбаянының нұсқалары» деп аталауда М.Әуезов дайындаған ұлы ақынның өміріне қатысты төрт нұсқа (1 (1927-1933), 2 (1940), 3 (1945), 4 (1950)) салыстырыла сөз болған. 1924-1927 жылдары Абай шығармаларының текстологиясымен айрықша шүғылданғанын айта келіп, содан кейінгі жылдары ақынның өмірі туралы мәліметтерді тәптіштеп жинағандығына назар аударады. Галым аталған нұсқалардағы жекелеген оқиғаларға қатысты деректерді салыстыра келіп, «Ең жағындағы монография құрамына кірген 4-нұсқа. Өмірбаяның құрық көрмеген асас, арындысы, неғұрлым шыншылы – 1-нұсқа», – деген тұжырым жасайды (105-б.).

«Абай жолы» романының сюжет желісі» деген зерттеуде аталған эпопеядағы негізгі оқиғалар желісі сөз болса, «Абайдың билігі және С.Зиманов мұрағатындағы бір дерек» деген мақалада Абайдың көптеген алқалы жиындарда төбе би міндегін атқарғандығы таратыла айтылады. 1985 жылы мамыр айында Шар өзені бойында Қарамола төтенше съезінде қабылданған 74 баптан тұратын «Ережені» зангерлердің «Абай ережесі» деп атауының негізгі себептерін нақты мысалдар арқылы өрбітеді. Оны «Абай жолы» эпопеясындағы Салиха қызының дауына қатысты және басқа оқиғаларға мәліметтер раставиды.

«Ғұлама Галым гибраты» деген мақалада М.Әуезовтің «Абайтанудан жарияланбаған материалдары» деген көлемді еңбегі жөнінде «Осы кітап ұлы жазушының ұлы Абайға деген махаббаты – туған халқына деген махабbat, зор мағынасында әлемдік мәдениет, шын мәніндегі боямасыз ғылым алдындағы аскан адамгершілік парызын берілік болғанын дәлелдей түседі» (127-б.), – дей келіп, аталған еңбекке токталады. Ақынның өмірбаянына, шығармаларының текстологиясына, мұрасының рухани көздеріне, ақындық мектебіне, ол жайлы еңбектерге, эпопеяның жазылу тарихына токталады. Сонымен бірге «Абайтанудың арнаулы курсы», «Баяндамалар, сөздер, пікірлер» «Абайтану

жайлы еңбектерге пікірлер» деген сыйылды тараушалардағы атаптап мәселелерге кеңінен тоқталған.

Ш. Үәлиханов атындағы сыйылқтың лауреаты Ләйла Мұхтарқызы Әуезова туралы «Адам, дос және менің жалғасым» мақаланың да негізгі айттар ойы Мұхтар Омарханұлына келіп саяды. Мектеп қабырғасында жүріп «Сөз бен қалам» үйімі мен «Ұйқы мен Тыныштық» қоғамын құрып жүрген ұлтжанды қызының болашағынан мол үміт күткен жазушы қызы Ләйланы «... адам, дос және менің жалғасым» деп тегін айтпағандығы оның өмір жолына жасалған шолудан байқалады. 1961 жылы жазушы дүниеден өткен соң, оның атын мәнгілік есте сактау мақсатында жазушы атындағы институттың жаңынан «М.О. Әуезовтің шығармашылық мұрасын зерттеу» бөлімі ретінде реңми тіркелген әдебимемориалды музей-үйінің ашылуы үшін, ол ашылғаннан кейін әке аманатын актау жолындағы қызының еңбегіне тәнті болған қаламгер оның Л. Толстой, А. Чехов мұражайларын аралап, тәжірибе жинақтаумен жасаған ерен еңбектерін ілтипатпен еске алған. Ал, «Асыл қызы халқының» мақаласы М. Ломоносов атындағы Москва университеті шығыс факультеті, тарих бөлімінен білім алған Ләйла Мұхтарқызы Әуезованың өмірі мен еңбек жолынан сыр шертеді. Оның тарих ғылыминың кандидаты дәрежесін алған «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда егіншіліктің дамуы» деген зерттеуіне тоқталған. Автор мақалада Л. Мұхтарқызының талантты ғалым, сүйікті жар, аяулы ана, шынайы дос болғандығын нақты деректер арқылы ашуға дең қойған.

«Нұрлы өмірдің көзіндегі тамшы жас» мақаласы «бекзаттығы мен биіктігі, нұрлы жүрегі, сергек те сезімтал санаалы» Мұғамила Мұхтарқызы жөнінде. Галымның «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында жетекші бола жүріп, Мұхтар Омарханұлының шығармашылығымен ғана емес, оның ұрпақтарымен де етене жақын араласқандығын растайтын бұл мақалада Мұғамила апайдың есте қалған естеліктері арқылы жазушы өмірінің кейбір тұстарынан хабар береді. Жазушының өмірі мен шығармашылығын әр қырынан толықтыруды көздеген автор бұл бөлімде «Абай

жолы» эпопеяға қатысты зерттеулерімен бірге осында мақалаларды да белгілі мақсатпен топтастырғаны анық.

«Автор және көркем мәтін құбылыстары» деп аталағын екінші болімге негізінен прозалық шығармаларға жасалған талдаулар жинақталған. «Менің Әуезовім»: автор және стиль» деп аталағын мақала жазушы шәкіртерінің бірі Зейнолла Қабдолотовтың роман-эссе сі жөнінде. Эссеңің стильдік ерекшелігін авторлық баяндау еркіндігімен түсіндірген ғалым мәліметтерді лирикалық, эпикалық, драмалық баяндау үрдістерін алмастырып отыруды көркемдік-эстетикалық деңгейдің салмағын арттыру ретінде таниды. Уақыт пен кеістік меридиандарының авторлық стиль аясында көрініс табуына көніл аудара отырып, эпикалық әсірелеу сарынының реалистік детальдармен ұштасуын авторлық стильтің ерекшелігі ретінде көрсете отырып, аталған шығарма жөнінде мынадай қорытынды жасайды: «Автор-баяндаушы кейіпкер міндетін де атқарады. Стильдік тұрғыда ол аспандай биікке шығып сөйлеуді ұнатады. Қөтерінкі әуеннің ақиқатпен жарасымы таң қалдырады. Ол таң қала отырып, танғалдырудан танбайды. Бұл сұлулыққа ғашық жанның қанатын шалқып жаюын әліптемек. Зенгір көктен қарағанда жер беті әдемі көрінетіндей» [160-б.]

«Негізгі шындық» мақаласында Қ. Найманбаевтың «От пен ойын» романы мен «Бейmezгіл қонақ», «Шілде» атты кітаптарына енген «Көкем екеуміз», «Тұнгі жол», «Керім-салдан кейін», «Бастау» повестері және «Қоштасқым келмейді» әңгімесі зерттеу нысанына алынған. Автор жазушы шығармаларына өмірдің күнгей жақтары емес, көлеңкелі жақтары негіз болғанын айта келіп, аталған туындыларда дүние-әлемдегі негізгі шындықтардың айтылғандығына көніл аударған.

«Азаттық күрес мұраты – тәуелсіздік» деген мақалага Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір» романдарының бас кейіпкері Рысқұл мен Тұrap Рысқұловтың азаттық жолындағы күресінің мұраты – тәуелсіздік екендігін нақты деректермен пайымдаған. Бас қаһарманның ысылған коғам қайраткері болып қалыптасу кезеңдеріне ток-

талу арқылы жазушының саяси-мемлекеттік қателіктерді объективті тұрғыда бейнелеу ретінде қабылдан, «Т.Рысқұлов туралы романдар Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту міндетіне кірісіп кетті» деп түйіндейді.

«Бақ пен сор» мақаласына Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» романы негіз болған. Автор «жарлы-жақыбайды паналатқан Қанағат бидің ауылын ұлт-азаттық төңкеріс женеңіске жеткен Шығыс Түркістан мемлекеті тұсындағы қазақ елінің шағын үлгісі» ретінде таниды [189-б.]. Фалым жазушының ««Соңғы көш» пен «Тағдыр» – көршилес Қытай жеріндегі қалың қазақтың бағы мен сорын қатар суреттейтін дүниелер» екендігін уақыт – орта – Адам – жағдай арасындағы диалектикалық байланыс арқылы пайымдаған.

«Автор және көркем мәтін құбылыстары» деген мақалада қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік-эстетикалық ізденістер сараланған. Мұхтар Магауннің «Жармақ» романы мен «Кесікбас» повесі, Роза Мұқанованың «Монастырь», «Сарқаншық», «Өзің» әңгімесіндегі, Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы, Үміт Тәжікенованың «Ақиқатқа жұғіну» кітабына енген «Жалған дүние», «Мәңгіліктің бір сәті» сынды новелларындағы модернистік және постмодернистік баяндау тәсілдері арқылы қазіргі прозадағы көркемдік ізденістер сараланған.

«Диалогтағы сезім шынайылығы» мақаласында М.Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда», С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», А.Нұрмановтың «Құланның ажалы», Қ.Исабаевтың «Айқызы», Ш.Мұртазаның «Қызы жебе», «Жұлдыз көпір» романарындағы характерологиялық міндеттер атқаратын полилог пен диалогты қолдану ерекшелігін жекелеген кейіпкерлердің дүниетанымы арқылы түйіндеген. Аталған шығармалардағы диалогтарға жасалған талдаулар шұбаланқы диалогтарды орынды-орынсыз жиі пайдаланудың жазушы стилінің кемшілігі болып табылатындығына қызмет етіп тұр.

«Аңыздың ақыры»: мекеншақ пен семиозис» деп аталағын мақалада Ә.Кекілбаевтың аталған шығармасындағы уақыт пен кеңістік, хронотоп, яғни мекеншақ, семиозис (семиозис, семиосфера – таңбалық мағыналар тоғысы –

Б.М.) мәселелері қарастылса, «Миф және шындық» мақаласында А.Алтайдың «Алтай балладасы» атты роман-мифі мен «Кентавр», «Сібір офицері», «Шаһид», «Альпинист» әңгімелеріне негіз болған аныз-әнгімелерге талдау жасайды. Фалым «Оның туындыларында романтика да да бар, бірақ тргизм басым» екенін айта келіп, постмодернистерге тән бейтараптықты еркін пайдаланатындығына көніл аударады.

«Көркемдік-эстетикалық ізденістер» деп аталатын үшінші белімге қазіргі қазақ поэзиясы туралы зерттеулері топтастырылған. «Қазіргі қазақ поэзиясы және тәуелсіздік: уақыт пен кеңістік» деген зерттеуінде Фалым тәуелсіздік тұсындағы ұлттық поэзияны «тарих уақыт және оны қабылдау», «ұлттық мұрат және поэтикалық мекеншак», «лиризм, драматиз және мекеншак» сынды проблемалар төнірегінде зерттеген. Қазіргі поэзияға жасаған талдаулар «Тәуелсіздік идеясы – қазақ әдебиетінде ежелден қоныс тепкен ұғым» екендігіне, «тәуелсіздік дәүірінде бұл мәселе қиялдан гөрі нақты шындық ретінде жырлана бастағандығына» көніл аударды. Фалым Қ.Мырза-Әли, Т.Молдагалиев, Қ.Шамшиев, Ж.Сомжүрек, Қ.Бұғыбаева, Ә.Иманасов, С.Иманасов, Н.Оразалин, О.Асқар, Е.Дүйсенбайұлы, Ж.Әбдіраш, К.Мырзабеков, Д.Стамбекұлы елендеріне талдау жасау арқылы қазіргі поэзиядағы көркемдік ізденістерді сарапап берді.

«Қазіргі поэзия және постмодернизм» деген зерттеуінде Т.Медетбек, Ж.Ерман, Т.Әбдікәкімов, Ә.Қайран, Б.Қарағызыұлы, А.Жатқанбай, Б.Сарыбай поэзиясына жасалған талдаулар қазіргі поэзиядағы постмодернистік үрдістерді көрсетсе, З.Елғондинова, Е.Раушанов, Г.Салықбай, А.Әлімұлы, Е.Жақыпбек, Ә.Смайылов, Т.Ешенұлы, А.Әлтаев, М.Райымбекұлы поэзияларына жасалған талдаулар қазақ лирикасындағы модернистік үрдістерді тануға, білуге қызмет етеді.

«Белгісіз мұң, қоныр мұң» мақаласы – қазіргі поэзияның белгілі өкілі Н.Оразалиннің, «Өлеңнің еркін тынысы» Ұ.Есдәuletтің шығармаларын жан-жақты танытатын дүниелер. «Тағылым тамыры теренде» Орысбай Әбділдаұлының «Төлеген-толғау» дастаны мен «Жамбыл: «Өтеген

батыр» дастанындағы әсірелеу поэтикасы» қазіргі әдебиеттану ғылымына қосылған соны зерттеулер. Ғалым бұл мақалалар арқылы қазақ дастандарының кешегісі мен бүгінінен хабар береді. Өтеген батырдың қазақ халқының бірлігі, азаттығы, бостандығы жолындағы күресін қазіргі тәуелсіздігімізben ұштастырған автор «бұл мақсат қазір де қынаптан қылыш сұрып тұрғаны даусыз» деп бағалайды. Себебі ұлттың бүгінде қол жеткізген азаттығы жолында Өтеген сынды талай қазақ батырлары шаһид болғаны тарихтан мәлім. Ғалым бұл мақалада аталған дастаның сюжеттік желісін қуаламай оның көркемдік кестесіне үнілді. Дастандағы әсірелеуді ассоциативті-логикалық салыстырудың ұлғайған түріне жатқызған автор дастанның синтаксистік-стилистикалық құрылымына көңіл аударып, синтаксиситік параллелизм, сандық ұғымының асыра қолданылуы, эпитет, нарратив құрылымындағы полифонизм, тұрмыстық, этномәдени детальдар, зооним, фитоним және ландшафтық атрибуттарды қолданудағы әсірелеу тәсілін жан-жақты қарастырды. Ал, «Төлеген-тогаудың» бас кейіпкері – өзіміздің замандасымыз Т.Қожамқұлов. Төлеген Әбдісағиұлының өмір жолын арқау еткен поэма жөнінде ғалым: ««Төлеген-толғай» атты дастаннан түйетін басты ұйғарым – ізгілік, парасат, дарындылық тәрізді аскак ұғымдар көктे кезіп жүрген жоқ, қасымызда, көз алдымызда тұрғанын әрдайым түсіну, оны қадірлеп, бағалай білу жүрекке міндет емес, табиғи қажеттілік екенін бағамдауға барып саяды» [381-б.], – деген тұжырым жасайды.

«Жүректегі жауқазын» Мұхамедия Жұмагалиевтің жырлары жөнінде. Ақын шығармаларындағы сыршылдықты «шерлі махаббат», «тойымсыз сағыныш», мұн, масаттану сынды тәсілдермен көтеруде жетістікке жетті.

«Естелік – жады мұрағаты» деп аталағын төртінші тарапуда ғылым корифейлері туралы мақалалар мен естеліктер топтастырылған. «Сыншының сегіз қыры» академик С.Қирабаевтың сыншылық қырынан сыр шертсе, «Дәлел және тұжырым» Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиеті тарихының мәселелері жөніндегі зерттеулерінен хабар береді. Автор ғалымның кеңестік дәүір тұсындағы қазақ әдебиетін

дәуірлеуге қатысты өткір пікірлері мен XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиет туралы зерттеулеріне тоқталу арқылы қазақ әдебиеті тарихындағы орнын көрсетті. «Жарқын жанның шуағында» Шемшиябану Сәтбаеваның ұлттық әдебиеттану ғылымына қосқан үлесін саралайды. Салыстырмалы әдебиеттану ғылымының негізін салған ғалымның «Қазақ-европа әдеби байланыстары», «Қазақ әдебиеті және Шығыс» атты еңбектеріне тоқталып, қазақ әдебиетінің Батыспен, Шығыспен байланысы жөнінде сөз етті. «Даралық» М.Әуезовтің үміт артқан шәкірті Зейнолла Қабдоловтың талдаулар мен толғаныстардан тұратын «Көзқарас» кітабы жөнінде. Қазақ халқының мәдениеті мен ғылымы жетім баланың қүйін кешкен өлара кезеңде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, академиктер Салық Зиманов, Жабайхан Әбділдин, ардақты ұстаз Хамза Санбаев сынды зиялды қауым өкілдерінің үнін қажет деп тапқан автор олар туралы сыр актарады. Қоғам мен адам беттескен сын сағатта осындаі белгілі тұлғалармен бірге жазушылар қауымын кең қамтыған кітап туралы «Мақтайдын істі ашық ниетімен жеріне жеткізіп, ағыла төгіліп, дәлеліне кір шалдырмай сөйлейтін әдетімен ұстаз-жазушы дәуір шындығын тарихи фактіге айналдырады» [415-б.], – дей отырып, оны Махамбет пен Абайдан бастап, Мұсілім Базарбаев, Садықбек Адамбеков, Темірбек Қожакеевке дейінгі шығармашылық иелерімен ұштастырады. «Дос болу қын емес» мақаласында жас рефолюционер, географ, геолог, этнограф, жазушы, суретші, ұйымдастырушы, ұстаз тәрізді жан-жакты өнер иесі Дмитрий Ивановтың «Очерктер, ертегілер, суреттері» жөнінде сөз қозғайды. Профессор К.Ш.Кереева-Қанафиева мен өнер зерттеушісі Т.Г.Казакова құрастырған бұл еңбек Д.Л.Ивановтың өмірі мен қызметінен толық мәлімет беретін дүние. XIX ғасырда өмір сүріп, Қазақстанға жер аударылған азаматтың көркем-әдеби, педагогтік мұрасы туралы хабар да мол тарай қоймаганын ескерген автор оқырманды оның еңбектерімен толығырақ таныстыруды көздеңген. Осы мақсатта жинаққа енген «Балықшыларда», «Қарасудағы түнeme», «Бәйгі», «Қой» сынды очерктеріне тоқтау арқылы оның

қазақ халқының меймандастығына, бауырмалдығына деген шексіз сүйіспеншілігі мен ұлттық мінез-құлық, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге деген қызығушылығын аша білген. Кітаптың екінші бөлімін құрайтын «Д.Л.Ивановтың педагогикалық мұрасы» қызығылшты әрі тартымды. Әдістемелік нұсқаулары мен бейнелеу өнері саласындағы төл туындылары оның көп қырлылығын танытары белгілі. «Өз еліміздің көне дәстүр, тұрмысын адамгершілік сүйіспеншілікпен бейнелеген орыс ғалымын, жазушысын құрметтеп, жұрт назарына ұсыну мол ғибратты қадам, әрі азаматтық парыз» [425-б.], – деген ғалым пікірі ұлтын құрметтеген өзге ұлт өкіліне жасалған ыстық ілтипат екені даусыз. «Ғылыми мұрат әсемдігі» әдебиеттанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың өмірі мен шығармашылығы туралы. Зерттеу нысанына ғалымның «Таланттар, туындылар» (1969), «Көркемдік ізденістер» (1991) атты зерттеу-сын кітаптарында әдебиеттегі көркемдік-эстетикалық үрдісті сараласа, «Қазақтың қара өлеңдері» (1974), «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» (1979) атты монографияларын қазақ фольклортануын тағы бір белеске көтерген еңбектер ретінде бағалайды. «Ерекше адам» – белгілі әдебиеттанушы ғалым Әбділхамит Нарымбетов туралы естелік. Әди Шәріпов, Мұсілім Базарбаев, Зейнолла Қабдолов сынды белгілі ғалымдармен үлкен досытық қатынаста болған ағасының табиғат берген бітімін сөз ете отырып, «өз басым Әбекенді бойынан кінә таппай ұнаттым» дейді. Сонымен бірге мұнда «Қазақ совет поэмасы» атты монографиясына талдау жасалған. Автор оның қазақ поэмасының аргы-бергі тарихын тұтас зерттегенін айта келіп, оның «Қазіргі қазақ поэмасы» атты монографиясын аталған еңбектің жалғасы екенін, онын толықтыратынына көніл аударды. «Ертеден шапса, кешке озған» – қазақ әдебиеттану ғылымының белгілі өкілінің бірі, академик Р.Нұрғалидың 70 жылдығы қарсанында «Жұлдыз» журналында жарияланған мақала. Мұнда Р.Нұрғалидың «Кек қауырсын» (1964, «Жұлдыз» атты тұнғыш мақаласынан бастап қарастырылған. XX ғасырдың алпысыншы жылдары әдебиетке келіп, әдеби-сынға белсене араласқан сыншының С.Асанов, Б.Әбдіразаков Қ.Бұғыбаева сынды жас ақындардың тұнғыш

жинақтары туралы, Р.Тоқтаровтың «Бақыт» романы туралы сын-рецензияларынан бастап, әдебиеттану ғылымына қосылған «Күретамыр», «Сырлы сөз», «Айдын» сынды сүбелі монографиялық зерттеулерімен токталады. Ал, «Тайбурыл» – Рымғали Нұргали туралы естелік. Шекіртерін тани білген ұстаздың басынан өткен қыншылықтар шынайылығымен баурайды. Әсіреле, Мәскеудегі ЖАҚ мүшелерінің «Өлі жас қой, азаптанып көрсін» деп 33 жастағы зерттеушінің бетін қайтарып тастағаны ғылыми дәреже мен атақтың оңайшылықпен келмейтіндігін раставиды. ««Сырлы сөз» – эсселер жинағы. «Трагедия табиғаты», «Талант тағдыры», «Күретамыр», «Өнер алды – қызыл тіл», «Өнердің эстетикалық нысанасы», «Айдын», «Телағыс», «М.Әуезов және Алаш әдебиеті», т.б. монографиялар – әдебиеттануға қосылған зор үлес. «Қазақ энциклопедиясының» қысқаша төрт томдығынан басқа да осы ұжымдағы неше алуан құнды басылымдар Р.Нұргалидың тікелей басшылығымен жарық көрді. Ол «Әдебиет теориясынан» нұсқалық (хрестоматия), «Қазақтың жүз романы» аталағын өзі де авторлар қатарындағы жаңалықты сипаты мол, ұжымдық еңбектің идеясын да, орындалуын да, жариялануын да жедел түрде жүзеге асырды. Ол жеті томдық шығармалар жинағын қалың оқырманына ұсынды. Ол ерекше ұйымдастыруышылық қабілет иесі болатын. Ол достық, жолдастық, ұстаздық жолында ешқашан іркіліп қалмайтын, соңғы шекке дейін алансыз сеніммен баратын» [461-б.], –деген жолдар ұстазға деген шекірттің құрметін танытарты анық. Академик Р.Нұргалиды әдебиеттану ғылымының «ертеден шапса, кешкे озатын» Тайбурылдай тұлпарына теңеу – ғалым еңбегіне берілген жоғары баға еді. «С.Қасқабасов еңбектеріндегі фольклор мен фольклорлық жанрлардың ерекшелігі» атты мақала академик Сейіт Аскарұлының фольклортану ғылымына қосқан еңбектерін саралауға арналған. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын 2001-2011 жылдары басқарған ғалымның ғылымдағы ұйымдастыруышылығы мен ғалымдығы қоса өрілген мақалада академиктің шығармашылық білік тұлғасы сомдалды. «Әдебиет теориясы – іргелі ғылым» деген еңбегінде А.Байтұрсынұлы, Е.Ысмайлов, З.Шашкин,

Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов тәрізді ғалымдардан бастап осы салада қызмет етіп жүрген замандастарымыздың барлығының да әдебиет теориясына қосқан үлесі сараланған. Әдебиеттегі жекелеген жанрлар жөніндегі зерттеулер мен зерттеушілердің есімдерін жеке-жеке атаған ғалым қазіргі әдебиеттану ғылыминың жетістігін арысы Ахметтен (Байтұрсынов), берісі Ермекке (Қаныкей) дейінгі аралықтағы әдебиет теориясы бойынша атқарылған шаруларға шолу жасайды. «Атаға лайық ғалым ұл» Мәшһүр-Жусіп Көпейұлының ұрпағы – филология ғылымдарының докторы, профессор Куандық Мәшһүр-Жусіптің өмірі мен шығармашылығы жөнінде. «Бір әйелдің өмірі», «Армандастар», «Қыздар, жігіттер», «Өлең – сөздін патшасы», «Қазақ лирикасындағы стиль мен бейнелілік», «Көркем сөздін күдіреті» сынды еңбектеріне тоқтала отырып, ғалымның көркемдік әдіс пен стиль мәселелеріне көңіл аударғандығын нақты талдауламен көрсетті. Ғалымның әдебиет, тіл пәндерінен, әдістемеден дәріс оқытындығы айта келіп, оның әдебиеттанау мен оны оқытудың жолын үйретудегі еңбегін «Көркем сөздін күдіреті» атты кітабы арқылы пайымдаған.

Көріп отырғанымыздай, жоғарыда сөз болған зерттеулер мен мақалалардың барлығы да тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеттану ғылыминың қол жеткізген табысы ретінде саналмақ. Ғалым өмірінің біразын әуезовтануға арнағанын осы кітаптың төртен бір бөлігін құрап тұрған соны зерттеулер раастаса, әдебиеттің көркемдік-эстетикалық қырларын саралайтын зерттеулері кітаптың негізгі мазмұнын көтеріп тұр. Белгілі әдебиеттанушы ғалымдар Б.Кенжебаев, З.Қабдолов, Ш.Сәтбаева, Б.Уақатов, Ә.Нарымбетов, С.Кирабаев, Р.Нұргали, С.Қасқабасов, Қ.Жусіп туралы мақалалары мен естеліктері әдебиеттану ғылыминың өткені мен бүгінін хабар берер дүниелер. Сондықтан да жоғарыда сөз болған зерттеулер мен мақалалардың барлығы да тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеттану ғылыминың қол жеткізген табысы ретінде саналмақ. Сондықтан өз замандастарынан оза шауып, әдебиет теориясының талай биіктерін бағындырған, «Қазақ әдебиетінің Баҳтині» атанған Бақытжан Майтак новтың бұл еңбегінің де ғұмырлы болары даусыз.

ҰСТАЗЫМ МЕНИҢ *(Әбділхамит Нарымбетов – 80 жыл)*

«Ұстаз» деген сөздің астарында қандай үлкен ұғым жатыр. Оны әркім әртүрлі түсінетін де шығар. Біреулер мектепке алғаш барғандағы тұңғыш мұғалімін, енді біреулер өмірдегі ұстазын айтып жатады.

Менің де өмір жолымда аттарын мақтанышпен айтатын бірнеше ұстаздарым бар. Солардың бірегейі – филология ғылымдарының докторы, профессор Әбділхамит Нарымбетов. Біздің арамыздағы жақындық ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынастан асып, әке мен бала арасындағы сыйластыққа ұласқан еді. Осындай үлкен сыйластыққа негіз болған бірнеше себепті атап көрсетіп, кейбір оқиғаларды еске алғым келеді.

1992 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 5 курсын бітіріп жатқанбыз, мемлекеттік емтиханның тәрағасы болып М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор Ә.Нарымбетов келіпті. Ол кісінің оған дейін атын естігеніміз болмаса, өмірде көрген адамымыз емес. Емтихан қабылдаушылардың құрамында негізінен өзімізге бес жыл дәріс берген ұстаздарымыз болды. Біз үшін ешкіммен салыстыруға келмейтін ұстаздарымыздың үстінен келген тәрағаға бәріміз де тандана қарағанымыз жасырын емес.

Ол кезде аталған институттың директоры ҚазПИ-де ұзак жылдар ұстаздық еткен ф.ғ.д., профессор С.Қирабаев болатын. Сейтсек, бұл институтта сол жылы Деректану, библиография және ғылым тарихы деген бөлім ашылған екен. Бөлім менгерушісі Ә.Нарымбетов болғандықтан институт директоры өз қызметкері жоғары оқу орындарына (ҚазҰПУ және ҚазҰУ) мемлекеттік емтиханның тәрағасы болып бара жатқанда: – Сол оқу орындарынан қызыл дипломға

бітіріп жатқан студенттерді ала кел, – деп тапсырма беріп жіберіпті. «Сырт көз сыншы» деген, сырттан келген тे-раға осылайша біз туралы ұстаздарымызбен сөйлесіп, біз жөнінде біраз мағлұмат жинаған тәрізді.

Жоғарғы оқу орнын бітірушілердің өз мамандықта-ры бойынша диплом жұмысын қорғайтындары болады. Мениң дипломдық жұмысымның тақырыбы «Изафеттік тіркестер» болды. Бізге қазақ тілінің морфология курсынан ф.ғ.д., профессор Н.Оралбаева дәріс оқығандықтан, ғылыми жетекшім де сол кісі болатын. Бірақ мен оған дейін С.Хасанованаң жетекшілігімен екі-үш жыл жұмыс істеген болатынмын. Себебі Секерхан апай бізге 1-курс-та тәлімгер болды да, сол кезден өзі тәрбиелей бастады. 4-5 курстарда Секерхан апай жетекшілік ететін қазақ тілі үйірмесінің хатшысы болдым. Қазақ тілі пәнінің жұмыста-рына белсене араласып жүргендіктен, ұстаздарымның бәрі де мені тілші болады деп ойлайтын. Тіпті төменгі курстың студенттері болашақ ұстаздары тәрізді сыйлап, қошемет білдіріп жүретін. Осындай тұстарда әдебиетші ағаларым қызығаныштарын жасыра алмай: -ып, іп» деп жүресің бе?, – деп те жататын.

Соңғы емтиханды саясаттану пәнінен тапсырдық. Бар-лық емтихан біткен соң, емтихан қабылдаушы ұстаздары-мыз бер төраға бізді құттықтап, бәріміздің еңбек жолымызға ақ бата беріп, ақ жол тілеп жатты. Осы сәтті пайдаланып, Әбділхамит Нарымбетов (төраға) студенттердің емтихан тапсыру, диплом корғау сәттерінен бір-ер жақсы мысалдар келтіре отырып, бәрімізді құттықтады. Сөзінің соңын: – Ал енді мен университетті үздік бітірген сіздердің шәкірт-теріңіз Гүлжанан Ордаеваны өзімізге жұмысқа шақырып отырмын, – деп аяқтады. Ресми шаралар біткен кезде мені мемлекеттік емтиханның төрағасы оңаша шақырып алды. Ағайдың маған қойған бірінші сауалы:

- Әке-шешең бар ма?
- Бар.
- Бақытты екенсін.
- Отбасың бар ма?
- Жок.

– Тіпті жақсы. Мен отбасы құрмағанымның несі жақсы екендігін түсінбей қалдым.

– Алматыда қалуға әке-шешен рұқсат берे ме?

– Рұқсат береді. Себебі, оған дейін де үйде мұндай әнгімелер болған. Мен қандай шешім жасасам да әке-шешем бір Аллаға табыстайтынын білдірген. Себебі олардың үмітін ақтап, жоғары оку орынын үздік бағамен бітіріп отырмын. Арасында екі жыл оқуымның үзіліп қалғандығы олардың да қабырғасына батқан фой (Желтоқсан оқиғасына байланысты). Осылайша ел бес жыл оқитын оқуды мен жеті жыл дегенде тәмамдап шықтым.

– Бізге жұмысқа келесің бе? Ғылыми зерттеу институтына қандай көмек беруге жарайтынымды түсіне алмай ойланып тұрғанымда ол кісі мениң атқаратын шаруамның қандай болатынын түсіндіре жөнелді. «Түсі игіден түңілме» деген өзі бөлім менгеруші болса, тікелей бастығым да осы кісі болатын түрі бар. Айтысина қарағанда, мұндай мүмкіндік екінің біріне бұйыра бермейтін тәрізді. Не керек, көп ойлануға мұрша да берместен қолымнан жетектеген күйі институтқа тартып отырды. Қол ұстасып келген бойда директордың кабинетіне кірдік. Директор да бөтен адам емес, өзіміздің ұстазымыз Серік Смайылұлы. Ол кісі сөзге келмestен өтініш жазсын деді. Қызықтың көкесін қараңыз. Менің қолымда дипломым да жоқ. Бірақ жұмысқа өтініш жазуым керек. Директордың алдында кадр бөлімінің менгерушісі Бакыт Жұмағалиева аттай отыр екен. Сол кісінің айтуы бойынша бұйрық 17-тамызда шығатын болды. Оған дейін мениң үйге барып, демалып келуіме уақыт бар. Сол кезде алып келетін құжаттардың тізімін қолыма ұстасып, директор мен бөлім менгерушісі қол қойған өтінішті қабылдап алды. Ең қыны Алматы қаласында тұрақты пропискам болу керек. «Сабакты ине сәтімен деген» Құлпара деген құдашам Медеу ауданының паспорт столында жұмыс істейтін. Соның көмегімен ол жағын да заңдастырып алдым.

Күзде жұмысқа келсем, ҚазҰУ бізben қатар бітірген студенті Жұмашай Исаева отыр. Онымен студент кезімізде қазақ тілі мен әдебиетінен жоғары оку орындары студенттері арасында өткен олимпиадада танысқан болатынмын.

Бастығымыз келді де, екеуміздің қай жылы туғанымызды сұрады. Менің екі жас үлкен екендігімді білген соң, жасымызға қарай отыратын орнымызды көрсетті. Таңертең жұмысқа кешігүе, кешке ерте кетуге болмайтынын, жұмыс тәртібін қатаң сақтау керектігін түсіндірді. Сонымен бірге ішкі тәртіп деген тағы бар. Ол танертең ерте келген адам есік-терезені ашып, бөлмені желдетіп, терезенің алды мен столдардың шанын сұртетінін ескерпті. Жұмысқа жаңа келген жастар үшін мұның бәрі қызық. Ұсақ-түйектің бәріне үлкен мән беретін ағамыз осылайша бізді жауапкершілікке, құннтылыққа үйретті. Бір-екі жылдан кейін өзіммен бірге бір курста оқыған құрбымды көрдім. Сейтсем, ол біздің институтқа сол кездे жұмысқа келіп, екі айдай әдебиет тарихы бөлімінде отырыпты. Біздің бөлме қуыста болғандықтан, біз сыртқа да шықпайтынбыз. Танертең келіп кіргеннен, түскі шайды іште ішіп, кешке бір-ак шығамыз ғой. Ете тәртіпті болғанның да жөні солай болады екен...

Бізге берілген жоспарлы жұмыс – мерзімді басылым беттеріндегі әдебиет пен өнерге қатысты материалдарды жинап, 1961-1964 жылдар аралығындағы қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткішін жасау. Екеумізге газет-журналдарды тең етіп бөліп бергендейтін аткарап міндеттіміз де бір. Кітапханаларда отырып жинаған дүниелеріміз кейін кітап болып шықты (Қазақ әдебиеті (Әдебиеттану, сын және өнердің библиографиялық көрсеткіші). – Алматы: КР FA кітапханасы, 1997. Том 4, 1 бөлім. 310-бет. (Ә.Нарымбетов, Ж.Исаевамен бірге), Казахская литература (Библиографический указатель по литературе и искусству). – Алматы: РК МН-АН ЦНБ, 1998. Т.4. Ч.2. 88-стр. (Ә.Нарымбетов, Ж.Исаевамен бірге).

Екінші тапсырма – жекелеген тақырып аясында ізденіп, жұмыс жасап ғылымға араласу. Бұл әдебиеттегі актандактар мұрасын зерттеу, оларды қайта жариялау науқанының қызып тұрған шағы болатын. Сондықтан менің несібеме «Қошке Кеменгерұлының әдеби мұрасы» деген тақырып бүйірдь.

1994 жылдың жазында аяқ астынан алпысқа келмеген әкем қайтыс болды. Елге барып келген соң, ұстазым

қайғыма ортақтаса отырып, мені жұбатқаны болса керек: – Енді сенің әкен де, ұстазың да мен боламын, – деді. Айтқандай-ақ, ол кісі маған ұстаздан да жақын әкемдей болды. Отбасымен жақын араластық, туған-туыстарына, дос-жораларына көзі тірісінде мені мұрагерім деп таныстырып жататын. Өзі өмірден қайтқан соң, «Аманатқа қиянат» журмейді деп, бар жиған-терген кітаптары мен бүкіл қағаздарын өзі ғұмыр бойы отырып жұмыс істеген Орталық ғылыми кітапханаға тапсырдық.

Ұстазымның тағы бір қыры өте ырымшыл болатын. Менің кандидаттық жұмысым бекіп, қолыма диплом алдым. Дипломымды көргенде: – Қазақта көрімдік деген бар, – деп қоярда қоймай көрімдік берді. Осы жағдай кейін М.О.Әуезов атындағы сыйлықтың лауреаты болған кезімде де қайталанды.

Кандидаттық жұмысым бекіген соң түрмисқа шығып, үйде төрт-бес жыл бала күтімімен отырып қалдым. Сол кезде қыздардан сәлемдеме айтып, ғылымнан қол үзіп қалмауымды қадағалаумен болды. 2001 жылы 16-қазанды ф.ғ.к., профессор Серік Мақпышұлының жетекшілігімен Оразова Гүлназ Пірімжарқызы 10.01.02 – Қазақ әдебиеті мамандығы бойынша филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Н.Ғабдуллин прозасындағы кейіпкерлердің адамгершілік мәселесі» атты диссертациялық жұмыс қорғайтын болыпты, сол жұмысқа мені ресми оппонент етіп бекітіпті. Содан кейін үйде отыра бेrudің ретін таппай жұмысқа шықтым. Жұмысқа шыққан соң, қыруар жұмыс және басталып кетті. Мен өзім ҚазҰПУ-де оқығанмен, ұстазымның жетектеуімен ҚазҰУ-де өтетін қорғауларға жиі баратынмын. Өзі жетектеп жүріп сол жақтағы әдебиетшілер қауымымен таныстырыды. Диссертациялық кеңес жұмыс істеп түрғанда сол дәстүр бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жылына екі-үш рет ресми оппонент болатынмын. Олар маған үйреніп кеткені сонша, кейде Гүлжанан ҚазҰУ-де оқыған деп те жатады. Осының бәрі қарап отырсам, ұстаздың шәкіртін өмірге, ғылымға баулудағы үлкен көрегендігі екен ғой. ҚазПИ-дегі ұстаздарым болса да мені бі-

леді ғой, оларға таныстырудың қажеті жоқ. Ал, ҚазҰУ-дегі әдебиетшілерге апарып таныстырып жүргені араларында әдеби байланыс болсын деген көрегендігі емес пе?

Жалғыз мен емес, өзінің барлық шәкірттеріне де сондай үлken камқорлық білдіріп жүретін. Біз институтқа алғаш келген кезде Дина Есенжанова «Қазактың қаһармандық жыры Қарасай-Қазы (Сюжетика, варианты, сабак-тастық)» деген тақырыпта кандидаттық диссертациялық жұмысын корғайып деп жүрді. Біздерді бір-бірімізben таныстырып: – жақын араласып тұрындар, – деп жататын. Өзінің бар ғұмырын арнаған Қалижан Бекхожиннің поэмаларын зерттеуді бір шәкірті Жібек Досбайға тапсырып, сол тақырыптан кандидаттық диссертация қорғатты. Үйде отырганда сыртынан еститін Жібекті көрген кезде ескі таныстарша тез араласып кеттік. Ол кісі шәкірттерінің бір кісінің баласындай тату болуын қадагалап отыратын. Библиографиядан Гұлсім Искаковаға «Казахская литературная библиография», түркі әдебиетіндегі үндестіктен Нұрлан Сағындықовқа «Сходство и различие сюжетов старо-турецких письменных памятников и казахского устного творчества (на основе героического эпоса, рассказов, сказок и легенд)», кітаптанудан Жұмағызы Шалғымбаеваға «История казахского книгоиздания: фольклор, художественная литература и их цензура (XIX-XX вв.)», ежелгі әдебиет жазбаларынан Гауһар Аскароваға «Рабғузидің «Ки-сас-ул анбийя» ескерткішіндегі «Жүсіп Сыддық» кіссасы «түп-теркіні мен поэтикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғатты. Бұғінде осы аталған шәкірттерінің бәрі де бір-бірімізді көргенде туыстарымызды көргендей мәре-сәре болып жатамыз.

Әбділхамит ағайдың шәкірт тәрбиелеудегі тәжірибесі еврей халқының бала тәрбиелеуіне ұксайтын. Не шаруа болса да: – Сенің қолыңнан келеді, сен жаза аласың, – деп үлken сенім артып отыратын. Әсіресе өзінен кейінгі жастардың жазған-сызғандарына пікір білдіргенде: «Қолда өскен аттың тай аты қалмайды», – деп жастардың еңбегіне ерекше көніл бөліп, мақтап жататын. «Жазғаны түкке жарамайды, қолынан түк келмейді» деп отырса, жастардың

жасып қалатынын ескеретін ұстазымыз аз еңбегімізге жақсы пікір білдіріп, қолпаштаудан жалықпайтын. Мұның өзі бала тәрбиесінде таптырмайтын әдіс. Олай болса, ғылымда тұрақтап жүруіміздің де бір ұшы ұстаздың тәрбиесінде жатқаны анық. Сонымен бірге институтқа жаңадан келген жастардың бәрін бақылап, қадағалап отыратын. Жастардың жазған-сызғандарын мұқият оқып, үнемі өзінің пікірін білдіріп жүретін. Институт жастарының ішінен А.Әбдірәсілқызының ақындығы мен зерттеушілігін қатар айтЫП, оны өзгеге үлгі етіп мақтап жүретін. Ал, өзімен бір бөлімде жұмыс істеген Нұрдәulet Ақышұлына: – Сен жа-зушысың ғой. Көркем шығарма жазуды тастана, ғылыммен бірге қатар алғып жүр, – деп жиі айтатын.

«Бәріміз де ауылда өскен қазақпыз ғой. Ғылым деген шөптің арасынан ине іздеумен бірдей» деп көп айтатын. Өзі айтқандай, ол – саналы ғұмырын қазақ әдебиеттану ғылымына арнаған үлкен ғалым. 1948 жылы Қазақ ССР ФА-ның Тіл және әдебиет институтына аспирантураға қабылданды. 1951 жылы аспирантураны бітіргеннен кейін, осы институтқа кіші ғылыми қызметке қалдырылды. 1961 жылдан бастап М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкер, 1985-1990 ж.ж. Қолжазба және фоножазу бөлімінің менгерушісі, 1992-1995 ж.ж. Деректану, библиография және ғылыми тарихы бөлімінің менгерушісі, 1995 жылдан қазіргі қазақ әдебиет бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері қызметтерін атқарды. Осы жылдар аралығында екі рет жасалған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты ұжымдық зерттеуге араласты. XX және XXI ғасырда жазылған кешенді зерттеудің кеңестік дәүіріндегі библиографиялық көрсеткішін, әдеби өмір шекіресін жасап берді. XX ғасырдағы қазақ поэмасы мен «Тайыр Жароков», «Қалижан Бекхожин», «Қадыр Мырза-Әли» сынды монографиялық тарауларды жазды.

Ол кісі ғылымға өте адал болды. Біздің институттамыз өзің жазғаннан гөрі, елдің қолжазбасын оқуға көп уақыт кетеді. Олар негізгі жоспарлы жұмыс болмағандықтан, ешқандай ақша да төленбейді, сондықтан елдің көбі ондай қолжазбаларды атусті аударып-төнкеріп қарап шығып-ақ пікір

білдіріп жатады. Мен Әбекеннің бір қолжазбаны оқымай, өтірік пікір айтқанын көрген емеспін. Қандай қолжазба болса да, міндетті түрде оқып, конспектілеп алғып пікір айтатын. Өмірінің соңғы уақыттарында өзіміздің институттың жігіттерінің біріне ресми оппонент болды. Ұстазымды аяған мен: – Ағай, маған сенесіз ғой. Осы пікірді мен-ак жазып шықсам қайтеді?, – деп едім. – Жоқ, болмайды, – деп жаны қалмады. Өзім ішімнен ойладым: – Япрай, талай оппоненттерді көріп жүрміз ғой, өзің жазып әкел дейтін. Онысы не еken? Кім жазса да бәрібір емес пе?, – деп. Қандай қиналып жүрсе де сол пікірді өзі жазып шықты. Осыған қарап отырып мен ойлаймын, Әбекен нағыз ғылымға адал берілген жан еді деп. Бұгінде өзіміз де сондай көп қолжазбаны оқып, пікір айттып жүрміз. Мен де ұстазым тәрізді оқымай пікір айтпайтын адаммын. Ол, әрине, жаман емес. Бір жақсысы, жұмыс туралы накты айтқан пікір ары-бері бұрмалауға келмейді. Себебі, онда жұмысқа сүйеніп, бетін көрсетіп айтасың ғой. Ал мен өз басым екішті пікір айттып, алғашқы сөйлеушілерге ешқандай дәлелсіз қосыла салатындарды, қолжазбаны аудырып-төңкеріп отырып дәлелсіз, жалпылама сөйлейтіндерді көргенде жыным қозып кетеді. Тіпті ондай екіжүзділерден іргемді аулақ салып жүретін әдетім бар. Қазакта «күйелі ағашқа жақындасан, күйесі жұғады» деген дана сөз бар. Оның екінші жағы тағы бар. Аға буынның пікірі басым болады да, кейінгілер сол пікірге қосыла кетеді. Мұндай жағдайда әркімнің өзіндік айтары болғаны жөн. Біреудің пікіріне қосылу – сол адамның тайыздығы мен тайғақтығын, тіпті екіжүзділігін ан-ғартады. Себебі әрбір айттылған пікір қолжазба авторының тағдырына тікелей әсер ететіндігін жадымызда ұстап отырғанымыз жөн. Мұны ғылымда жүрген әрбір ғалым ойлай жүргені аблаз.

Біз қайда барсақ та кол ұстасып жүретінбіз. Жиын, тойларға барған кезде де үйге бірге қайтамыз. Бір күні сондай бір дастарқаннан қайтқанда бір машинаға отырдық. Өзі орталықта тұратын болған соң, бірінші ол кісінің үйіне барып, Гүлғайша апайға табысталап кетемін. Сол үрдіспен үшінші қабаттағы үйіне көтерілдік. Сөйтсем ағай маған

қоярда қоймай, үш бума ақ қағаз (A/4) көтертіп жіберді. Жазу-сызудың төнірегінде жүрген адамдар қағаздың қадірін жақсы біледі (Себебі, таза қағаз түгіл, екі беті шимайлантанған колжазбаларымызды да тастамай сақтаймыз). Ол кез ағайдың жұмыстан қала қоймаган, өндіріп жазып жүрген шағы болатын. Сөз арасында қағаздарды Астанада тұратын қызы алғып келгенін де айтып жатыр. Мен аң-таң болып, өзіне керек екендігін ескертіп әлекпін. Оның үстіне кірпіштей қалың қағаздың ауыр болатыны тағы бар, көтеріп кетудін өзі де оңай шаруа емес. Сөйтсем: – Докторлық диссертацияна керек болады, – дейді. «Сөз тапқанға қолқа жок» деген осы. Жақсы ниетпен берген қағаздарды жұмысқа апаруға қимай, үйге алғып келдім. Ол кезде диссертациям бітпесе де, қағаздарды ештенеге қимай, сарымайша үйде сақтадым. Күндердің күні болғанда ағам берген қағаздарға өзінің ең жақын досы Мұсілім Базарбаев туралы жазылған жұмысымды шығардым. Жалпы, қазақ баласы ырымшылғой. Соның ішінде Өбекең «мен ырымшылмын» деп жиі айтып отыратын. Мен де ырымшыл болсам керек, сол қағаздарды 3-4 жыл сақтағаныма қарағанда. Айнымас досы туралы тақырыпты маған икемдеген де өзі болатын. Жұмыстың біткенін көрмегенмен, үнемі мені қамшылып, үлкен үміт артып отыратын. Диссертациямды шығаратын қағаздарды ағамның Астанадан алдырып бергенін мен қалай ұмытайын...

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы ғылыминың қара жұмысына бүкіл ғұмырын арнаған ғалым бұл шаңырақты ешқандай мекемеге айырбастамайтын. Бір жылдары З.Ахметов Қыздар педагогикалық институтына жұмысқа шакырған екен. Ол кезде де көп ойлаңып, өзінің бауыр басқан шаңырағын қып, тастап кете алмаған. Сондай әңгімелерді жиі айтып, бұл шаңырақтың киелі екендігін түсіндіруден жалықпайтын. Кеңестер Одағы ыдыраған 90-жылдары Қазақстанның экономикасы құлдырап, қалт-құлт етіп тұрғаны мәлім. Сол уақытта ғылыминың жайы мүшкіл хәлді басынан кешірді. Жас ғалымдардың жалақысы жалдап тұратын пәтерлеріне жетпей қалды. Сондай кездерде ғылым түгіл Алматыдан кетіп қалғымыз келгені жасырын емес. Бірақ ұстазым ақыл-кеңес

беріп, сабырға шақыратын, өзінің басынан кешкен қыншылықтарын айтатын. Өзінің де баспа наға оңайшылықпен қолы жетпегенін естігендे: – Е, елдің бәрі солай болған екен ғой, – деп сабырға түсіп қалатынбыз. Сондай ауыр күндердің бірінде қолымнан жетектеп отырып директорға кірді. Институт директоры С.Қирабаевтың бір қоңырауымен жатақхана алдым (Ол жөнінде «Қамкор ағалар» деген мақаламда жазғанмын). Бұгінде мен де ұстазым секілді осы шаңырақты ештегеге айырбастағым келмейді. Мен үшін басқа жерде жұмыс та, нан да жоқ секілді. Себебі, көзімді ашқалы қөргенім осы институт қой. Кейінгі жылдары өзімізден кейінгі есіп келе жатқан жастар мені «Нарымбетова» деп атайдынды шығарды. – Сіз де ағаңыз секілді осы жерден зейнетке шығатын шығарсыз, – деп өзілдеп те жатады. Оны кім біледі? 19 жыл бір жерде тұрақтап жұмыс істеп жүргендіктен бе, ағамның айтқандары санама қатты сіңгендіктен бе, мен үшін де осы институттың ғана емес, рухани тазалықтың қара шаңырағы тәрізді. Соңғы жылдары институтта бізден кішкентай жастар көбейгендіктен біз де ескінің көзі болып келе жатырмыз.

Ә.Нарымбетов Ана тілінің болашағын ойлаған ұлтжанды азamat болды. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1956 жылғы 22 сәуірдегі санында жарияланған Рахманқұл Бердібаевтың «Ең үлкен мәдени байлық» атты мақаласын қолдаймыз деп бастарына бәле тілеп алған «жас ұлттылдардың» қатарында Ә.Нарымбетов есімінің жүрөі – оның ұлтқа деген шексіз сүйіспеншілігіне мысал. Ұлттық тіліміздің мүшкіл халі мен аянышты тағдырына байланысты өзекті мәселелерді ашық айтап, оны жан айқаймен көтере білген Рахманқұл Бердібаев мақаласын қолдап, артынша Әбділхамит Нарымбетов «Ана тілін ардақтайық» (1 маусым) атты мақаласын жазса, іле-шала Тұрсынбек Кәкішев, Рахметолла Сәрсенбасов, Хамит Хасенов, Төрекан Әлішеров, Ағзам Байшин, Әдиет Мұхтаров, Құрманбек Әбілдаев, Қыдыр Әлиасқаровтардың «Тіл мәдениеті» (17 тамыз) атты мақаласының шығуы – сталиндік зұлматтың курбаны болған қазақ халқының ұлты үшін туған ерлерінің ісін жалғастырап ұрпақтың бар екендігін тарих алдында паш етті. Сол кездегі жастардың басына үйірлген

қауіпті Ә.Нарымбетов былайша еске алады: «Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті 1956 жылы желтоқсанның 10 күні жарияланған қазақ тілі туралы жоғарыда аталған мақалалардың саяси «қателігін» қатты әшкерелеген қаулы қабылдады. Сол қаулының негізінде «Социалистік Қазақстан» газетінде 1957 жылғы 29 қантарда, «Казахстанская правда» газетінде 31 қантарда «Қазақ халқының мәдениетін көркіте берейік» атты жоғарыда аталған авторларға өлтіре соққы берген редакциялық қолемді мақала жарияланды. Міне, осылайша, Қазақстанда «Жас ұлтшылдармен» аяусыз күресу науқаны лезде басталып та кетті. Жоғарыда аталған азаматтардың бәрі де күғынға ұшырады».

Сол кездегі қудалаудан Мұсекенің арқасында аман қалғанын айтып отыратын. Аудандық партия комитетінің хатшылары келіп, жоғарыда аттары аталған институттың жастарына қатаң сөгіс бермекші болады. Баяндама жасау сол кездегі директордың орынбасары М.Базарбаевқа тапсырылады. Ол кісі жас ұлтшылдарға сөгіс бермек түгілі, олардың аттарын атап та көрсетпейді. Оған күйінген Партия комитетінің хатшылары тістерін қайрап кете барады. Сол кездегі мүшкіл хәлін кейінгі жылдарға дейін ұмыта алмаған Әбекен Мұсекене деген шексіз ықыласын білдіріп отыратын. Ол екеуінің арасында тек әріптестік сыйластық емес, үлкен достық болғанына барша әдебиетші қауым куә.

Әр жылдары ұстазымның қазақ әдебиеттану ғылыми на сінірген еңбектері жөнінде Қазақстан энциклопедиясы, ғылыми жинақ, мерзімді басылым беттерінде «Әдеби әлемнен шежіре шерткен», «Ғылымгер һәм гибраткер», «Қазақ әдебиетінің ардагері», «Ғабит Мұсірепов шығармаларының басылымдары», «Әбділхамит Куанұлы Нарымбетов» (Қазақстан энциклопедиясы, Қазақ әдебиеттану ғылыминың тарихы. Екі томдық. 1-том, Қазақ жерінің зиялды азаматтары. XIII том.), «Поэзия зерттеушісі», «Библиография белгірі» сынды арнайы мақалалар жазылғын. Ол мақалаларда библиограф, қазақ әдебиетінің ғана емес Қазақстан Жазушылар одағының шежіресін жасаған шежіреші, поэзия жанрын зерттеуші, F.Мұсірепов басылымдарының жанашыры, қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші, ғылымның

қара жүгін көтерген қара Нар екендігі жан-жақты айтылғандықтан, бұл жерде ол мәселелер қайталанған жок. Қазақ әдебиеттансу ғылымының тарихын жасап жатқан кезде Ә.Нарымбетовтің ұлттық әдебиеттансу ғылымына қосқан үлесін сыйымдаپ, 2-3 бет көлемінде жазып беру керек болды. Мен бар жазғанымды елеп-екшеп жаздым да: «Қалып қойғандары бар ма?», – деп, ағайдың өзіне көрсеттім. Оған дейін де жазғандарымды оқып жүр ғой. Қолжазбаны қарап шықты да: – Өзің ештеңені қалдырмасың ғой, – деп ма-саттанып қалды...

Өмірінің соңғы айларында мені шақырып алғып, институттың жаңаңықтарын сұрап отыратын. 2008 жылдың 1 қантарында 80 жасқа толған мерейтойы болатын болды. Соған арнап бір кітап шығарғысы келді де, 2007 жылдың күзінде бұрын жазылған естеліктерін жинатты. Естеліктерді жинап-терсек, 80 беттей қолжазба болды. Сол қолжазбаны институттың шағын типографиясынан шығармақ болып едік, оның реті келмеді. Мен ол хабарды ауырып жатқан ұстазыма айтып барудың ретін таппай, ойланып жүріп «Арыс» баспасының директоры Ғарифолла Әнеске бардым да, бар жайды айттым. Ол кісінің көп шаруаларға байланысты ағаймен тығыз араласқанын білетінмін (Әсіреке Махамбеттің биобиблиографиясына қатысты).

Ғарифолла ағай ұсынысымды қуана қарсы алды, бірақ көлемі тым жұтаң болмас үшін қасына соңғы жылдарда жазылған зерттеулерін қосу керек екендігін айтты. Каражат жағынан ештеңе сұрамайтынын, ағасының мерейтойына жасайтын шашуы болатынын да ескертті. Сонымен қуанышым қойнима сыймай, соңғы жаңаңықты қуана жеткіздім. Кітаптың қолжазбасы дайын болып, енді баспаға барғалы жүргенімде 2007 жылдың аяғы да жақындағы қалды. Сол кезде ғайыптан біздің институтта кітап басуға бөлінген ақшалар артылып қалмасы бар ма. «Іздегенге сұраған» деген осы, көктен сұрағаным жерден табылып отыр.

«Жүгірген жетпейді, бұйырган кетпейді» деген осы болса керек, кімде дайын тұрган қолжазба бар деген сауал туғанда, мениң сейфімде екі кітаптың қолжазбасы жатқанын айттым. Оның бірі – содан екі-үш жыл бұрын дайындалып, қаржы-

ның реті болмай жатқан өз жинағым болатын да, екіншісі – жоғарыда айтылған кітап. Содан аяқ астынан екі қолжазбаны баспаға бір мезгілде тапсырдым. Кітапта XX ғасыр поэмасы тұтас зерттеліп, сол дәүірде өмір сурген ақын-жазушылар туралы естеліктер берілгендейдіктен «Ғасыр жыры» деп атап едім. Белім менгерушісі, академик, Серік Смайылұлының түзетуімен «Ғасыр сыры» деп өзгерптік. Бірақ ағай кітапты қолына ұстап көре алмады. Сол кітапты институт директоры Сейіт Аскарұлының басшылығымен ағайдың қырқында (қайтыс болғанына қырық күн болғанда) туған-туыстары мен келген қонақтарға естелік ретінде сыйфа тарттық.

Сейіт Аскарұлы Қасқабасов институтқа директор болып келгеннен бері біздің ұжымда Жана жыл мен Наурыз мерекесін ұжым мүшелерімен бірге қарсы алу дәстүрге айналып келе жатыр. Әбділхамит ағай ұжымның сондай той жындарына барғанды жаксы көретін. Себебі, ондай жерде елдің бәрі жаңа қырынан танылып, жасырын жүрген өнерлері ашылып жатады. Біреу би билеп, екіншісі ән салып бар өнерлерін ортага салып, өнер бәйгесін қыздырады. Өзіне кезек келгенде, ешқандай қолпаштаусызың-ақ «Мариям Жагорқызын» айта жөнелетін. Ағайдың сүйікті әніне баршамыз қосылып мәре-сәре болып жататынбыз. Сондай кештерден кейін: – Біздің Гүлнара мен Манаубек биши, – деп, олардың биіне ешкім жете алмайтындығын жіңі айтатын. Бұл да ұстазымыздың өнерге деген үлкен құрметінің бірі болса керек. Бүгінде біз осындағы жындарда ерекше өнер көрсеткендеге «Әбділхамит Нарымбетов» атындағы жүлде тағайындастық. Себебі қазір бізде ағайдың көзін көргендегер жеткілікті. Жастар жағы ол не сыйлық екенін сұрағанда, Әбділхамит ағайды көргендегер түсіндіріп жатамыз.

Ұстазым туралы айтарым да, жазарым да шексіз. Рухани әкем болған асыл ағамды жіңі іздеймін. Амал не, енді ол кісі қайта келмейді. Сондықтан сарғайған сағыныштарды ақ қағаз бетіне түсіруге тұра келеді. Бұл соның соңғысы болмас...

2010 ж.

АРДАҚТЫ АҒАЛАРЫМ АЗАЙЫП БАРА ЖАТЫР...

Уақыт шіркін қандай жылдам десенші. Біздің де еңбек майданына араласқанымызға аттай жиырма жылдың бедері болып қалыпты. Содан бері сағат тілі дамылсыз сырғып, жылдар байқатпай жылжып өтуде. Жиырма жылдың ішінде қаншама жайсан ағаларымызбен бірге қатар жүріп, олардың бойынан қаншама ізгіліктер мен ірліктерді көріп үлгі-өнеге алдық. Төңірегіне қуаныш сыйласап, жүрген жерін әзіл-қалжынға толтырып жүретін жаны жайсан, жүргегі жомарт, өзі сері ағаларымыздың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмағали Ысмағұлов еди.

2011 жыл М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты үшін қуанышы мен қайғысы қатар жыл болды. Куанышы – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық мерей тойына аталған институттың жеке шанырақ көтеріп, Тіл білімінен бөлініп шыққанына 50 жыл толып екі айтулы мерекенің қатар келуі. Қайғысы – ұзақ жылдар институтта табан аудармай еңбек еткен, ғылымға өмірлерін арнаған Жұмағали Ысмағұлов, Бақытжан Майтанов сынды ардақты ағаларымыздың бірі жылдың басында, екіншісі жылдың сонына таман арамыздан мезгілсіз кетіп қалуы. Өмір заны – қатал, өз дегенін істейді. Тумақ бар да, өлмек бар. Ку ажак біреуге ерте, біреуге кеш келеді. Бірақ адам баласы қызық қой, өзінің жақын адамдарын есте жаманшылыққа қимайды. Сондай жақын көретін, аға тұтып еркелейтін ағаларымыздың мезгілсіз қазасы олардың отбасына, үйдегі женгейлерімізге ғана емес, екінші үйіне айналған жұмыстағы әріптестеріне де онай тиген жоқ.

Тоқсаныншы жылдары Жұмағали ағаймен бас изесіп сәлемдескеніміз болмаса, жақын араласа қойған жоқпыз. Ол кісімен жақынырақ араласудың сәті соңғы онжылдықта, дәлірек айтсақ 2002 жылдардан бермен қарай,

мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты ұжымдық еңбекті дайындау барысында түсті. Бұл кешенді еңбекте көңестік дәуір әдебиеті үш кезеңге бөлініп зерттелді. Оны зерттеуге ҚР ҰҒА академиктері З.Ахметов, Р.Бердібаев, З.Қабдолов, С.Кирабаев, Р.Нұргалилармен бірге ғылым докторлары Ә.Нарымбетов, Ш.Елеуkenov, Т.Кәкішев, Б.Құндақбаев, Ж.Ысмағұлов, А.Егеубаев, Б.Ібыраіым, Д.Ысқақұлы, Т.Сыдықов, Қ.Ергөбеков, Х.Әдібаев, З.Сейітжанов, Г.Елеуkenova, М.Имангазинов, Н.Ақыш, Г.Орда сынды авторлар қатысты. Аталған іргелі зерттеуді жузеге асыру барысында осы авторлардың бәрімен де жақынырақ араласудың сәті түсті. Тақырыпқа академик С.Кирабаев жетекші болғандыктан, ұсақ-түйек ұйымдастыру шараларын маған тапсырып қоятын. Оның негізгі себебі, әр ай сайын, тоқсан сайын Білім және ғылым министрлігі атқарылған жұмыс жөнінде қызметкерлерден есеп талап етеді. Қай автор қандай жұмыстарды атқарды, енді не істейді деген сауалдарға жауап беру үшін авторлармен тығыз байланыс жасау керек. Фалымдардың екінші қыры осындай сәттерде ашыла бастайды. Бірі ұмытшақ, жайбасар болса, екіншісі ширактық танытып, өз істеріне аса мұқияттылықпен, жауапкершілікпен қарайтындар бар. Жұмағали аға екінші топтағы фалымдардың қатарынан еді. Өзіне тапсырылған жұмысқа тап-түйнектай, еш нәрсені де екі рет айтқызбайды, өтінішінді өз уақытында орынданап береді. Осындай тиянақтылығының арқасында Абайтану бөлімінде жұмыс істей отырып, Қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінің екі үлкен жобасына қосынша автор болды. 2003-2005 жылдары зерттеген «ХХ ғасырдың 60-90 жылдарындағы қазақ әдебиеті әлемдік әдебиет контексінде» атты жоба бойынша «Faifu Қайырбеков», «Әдеби байланыстар» атты екі үлкен тарауды жазып берді. Бұл тараулар 10 томдық әдебиет тарихының 9-томына, дәлірек айтсақ көңестік дәуірдің үшінші кезеңін (1956-1990 ж.ж.) қамтыған ұжымдық еңбекке енді.

ХХ ғасыр басындағы әдебиетті Абайтану бөлімі зерттеңдіктен Жұмағали Ысмағұлов 10 томдық еңбектің 6-тының «Міржақып Дулатов», «Ахмет Байтұрсынов» деген үлкен портреттік тарауларды жазып берген болатын. Ол тарауларда қаламгерлердің өмірі мен шығармашылығы толық қамтылып, олар туралы тың деректер ұсынылды.

Қазіргі қазақ әдебиеті бөлімнің 2006-2009 жылдары зерттеген «Қазіргі қазақ романы және оның тарихи дәстүрі» атты ғылыми-зерттеу жобасына «Қазақ романының алғашқы үлгілері», «Махаббат трагедиясы» сынды тарауларды жазып берді. Бұл тараулар кейін «Қазақ романы: өткені мен бүгіні» атты ұжымдық монографияға енді. Академик Серік Қирабаевтың көңілінен шығатын санаулы авторлардың бірі ретінде біздің бөлімге қолғабыс жасаған Жұмағали ағай осы жылдары өзін жақынырақ таңыта тусты.

«Қазақ романының алғашқы үлгілері» атты тарауда «Қыз көрелік», «Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу», «Кім жазықты», «Қалың мал», «Әділ-Мария» сынды алғашқы қазақ романдары зерттеу нысанына алынды. «Қыз көрелік» пен «Бақытсыз Жамал» кеңес дәүірінде авторларымен бірге күгінға ұшырағандықтан, «Қалың мал» қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман санағанын баса айтқан зерттеуші жанр жағынан келгенде «Қалың малдың» мойыны озық тұрғанына көніл аударды. Бұл зерттеуде автор «Қыз көрелік», «Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу», «Кім жазықты», «Қалың мал», «Әділ-Мария» сынды алғашқы қазақ романдарына бүгінгі күн талабына сай әділ бағасын берді.

«Махаббат трагедиясы» деген шағын тараушада «Адасқандар» романы зерттеу нысанына алынды. «Адасқандар» – қазақ елінің шындығын, жастардың трагедиялы махаббатын қазақ әдебиетіне 20-жылдары алып келіп, қазақ прозасын мазмұн, түр жағынан байытқан сүбелі роман екенін айта келіп, осы оқиға негізінде «Мәлдір махаббат» романы жазылғанына баса көніл бөлді. Зерттеуде «Адас-

қандар» қазақ романының қалыптасуы мен дамуына қосылған қомақты дүние ретінде бағаланды.

Осылайша 5-6 жыл бірлесе жұмыс істеп, біздің бөлім дайындаған екі үлкен ұжымдық енбекке автор болды. Осы жылдары біз Жұмағали ағаймен жақынырақ араластық. Ол өте білімді ғалым еді. Жазған қолжазбаларына аса мұқият болатын. Маржандай етіп жазып келген қолжазбасын мұдірмей теріп шығуға болады. Бірақ өз жұмысына аса жауапкершілікпен қарайтын ағамыз қолжазба терілген соң, түпнұсқамен асықпай салыстырып текстерін. Орфографиялық, пунктуациялық қате дегенді көзі көргіш. Байқаусызыда ұрланып қалып қойған үтір, нүктелерді әп-сәтте тауып алып, орнына қондыра қояды. Ондайда біз таңқалып, ағамыздың ұзак жылдар Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жаңындағы Мемлекеттік ақпарат агенттігі (ҚазТАГ) директорының орынбасары, директоры болғанын есімізге алып жататынбыз. Оған дейін де баспа ісінде «Коммунист» (қазіргі «Ақиқат» журналы), «Үгітші блакноты» («Блакнот агитатора») жұналдары мен «Қазақ әдебиеті», «Жетісу», «Коммунизм туы» газеттерінде бөлім менгерушісі, жауапты хатшы, бас редактор сынды жауапты қызметтер атқарған ағамыздың көзі қырағы еді. Мұндай қырағылық кейінгі буын өкілдеріне бұйырмаған қасиет еkenі жасырын емес. Осы жағынан келгенде, Жұмағали Ысмағұлұлы берімізге де үлгі-өнеге көрсетіп жүретін.

Жұмағали Ысмағұлұлы – жұмыска ғана емес, төңірегіндегі әрбір адамға ерекше көніл бөлетін жаны жомарт жан еді. Сырт көзге паң, маңғаз, сырбаз көрінген ағамыз өмірде өте кішіпейіл, ақжарқын болды. Бас ғылыми қызметкерден бастап, ең кішісі лаборанттарға дейін Жұмағали ағай үлкен құрмет көрсетіп, ерекше ілтипатпен сәлемдесіп жататын. «Сәлем – сөздің атасы» дейді атам қазақ. Ал, біздің арамызда берген сәлемінді алмайтын ғұламалар қаншама. Осылар алдындағы ағаларынан неге өнеге алмайды еken деп ойлайсын. Баласындағы біздерге есік ашып, өзі тосып тұрғанда, алдына түсіп өтуге ынғайсыз-

данатынбыз. Соңғы уақыттары қолына ұстаған таяғын артық көріп ынғайсыздық танытқан тұста, біз керісінше ондай әдемі таяқтың сері ағаларымызға жарасатынын баса айтып көнілін көтеріп қоятынбыз. Алайда, өзінің қартая қоймағандығын байқату үшін қыз-келіншектерге ілти-пат жасап, әзіл-қалжынын араластыра жауап қайтаратын. Біздің бөлімде ұзақ жылдар бірге жұмыс істеген Әбділхамит Нарымбетов ағаймен жи әзілдесіп отыратын. Ол кісі Шериаздан Рұstemұлы екеуін күйеу деп әзілдеп, «Пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған» деп қоятын. Сол кезде Жұмағали ағай қуланып, бөлім менгерушісі, академик Серік Қирабаевтың отыратын орнын көрсетіп, – мына кісі де күйеу емес пе?, – десе, Әбділхамит аға шошып кетіп, ыршып түсетін. Осылайша бір-бірімен әзілдесіп, жақын араласқан ағаларымыз бір бөлімде отырғандықтан бізді де бауырына баса сөйлейтін. Алдымызда асқар таудай ағаларымыз жүргенде өзімізді бала сезініп, сол кіслерге арқа сүйеп отыратынбыз. Институттың Ғылыми кенесінде мүйізі қарағайдай ағаларымыз сөйлегенде, олардан кейінгі буын өкілдеріне айтатын сөз қалмай жататын. Қайран сол күндер бүгінде көзден бұл-бұл ұшты емес пе?..

«Өгізге туған күн, бұзауға да туады» дегендей, ғылыми ортада жүрген соң, 2010 жылы диссертация қорғау кезегі бізге де келді. Жұмағали Ысмағұлұлы жаздың кезінде қатырақ науқастанып жүрген соң, көп мазаламаға тырысып, жұмысымды сектордағы талқылау кезінде оқуға бермей, бірақ шай ішуге міндettі түрде келуін қадала өтіндім. Ондағы ойым – өзі шаршап жүрген ағама қолжазбамды тықпалап мазаламай, әріптестерімен бірге арқажарқа отырып шай ішкізу болатын. Кейбір пысықайлар ауруханада жатқанда да қолжазбаларын оқытып мазалап жүргенін көзіміз көргендіктен, мен ондай іске есте бармадым. Кейін біраз айығып, жақсы болған соң, Ғылыми кенестің талқылауына бара жатқанда қолжазбамды қарап шығуын өтіндім. Өзі бір үлкен істі қолға алып, белімдегі лаборант қызы Шолпанды үйге шақырып, диктовка жасап отыр екен. Соңда да арасында уақыт тауып, менің

көнілімді жықпай жұмысымды қарап, жанашырлық пікірін айтты. Жанашырлық деп айтатынымыз – қолжазбамен толық танысып, жетістігі мен кемшілігін түгелдей сүзгіден өткізу. Оң ескертпелер жұмыстың ширауына септігін тигізе, жетістігін көрсету авторының енбегін бағалағандығы болып табылады.

Жұмағали ағам мені ерекше сыйлайтын деп айта ала-мын. Себебі, менің елімді, жерімді сұрайтын да, – сен арғын бола салшы, – дейтін. Ағамның көнілін жықпай, – жарайды, – деп қоятынмын. Қай ел болғанда да бір қазақтың баласы емес пе? Ал, ғылымдағы қарындастарына ренжігенде, – өзінің қалай қорғағанын ұмытып қалған екен, – деп отыратын. Асыл ағам өзінің маған деген қамқорлығын докторлық диссертациямды қорғау сәтінде көптің алдында және көрсетті. Ресми талқылау біткен соң, бейресми талқылау басталады. Ол кезде не аяғынан шалғысы келгендер, не қол ұшын бергісі келгендер ғана сөйлейді. Академик Зейнолла Қабдолов айтқандай «Толмаған Толстойлардың» кейбір сынаржақ пікірлерін қолдамаған Жұмағали ағам орнынан көтерілген кезде арқа басым кеңіп сала берді. Себебі, ғылыми кеңесшім Серік Смайыұлы сырқаттанып қорғаға келе алмай қалып еді. Осындай жабырқап отырған сәтте кімнің қандай оймен сөйлем жатқанын бақылап, сын көзben қарап отырасың. Диссертант ушін қол көтерген адамның қандай сауал қоятыны, орнынан түрегелген адамның не айтқалы мінбеге келе жатқаны – бәрі де қолмен қойғандай белгілі болып түрады. Сөзімді сөйлем академик ағам отыrsa, талай пікірлер өзгеріп сала берері де даусыз. Сол кісінің жоқтығын пайдаланып, араша талауға дайын тұратындарды да көзіміз көріп жүр.

Жұмағали ағам мінбеге шыкты да өздерінің замандасты Мұсілім Базарбайұлы туралы диссертацияның жазылғандығын қолдай келіп, оны жазған автордың да аз енбектенбегендігін санамалап көрсетіп берді. Осы тұста Тұрсынбек ағам (Т.Кәкішев) тәрізді мен де 2010 жылы 3 желтоқсанда сағат 15.00-де ҚР Білім және ғылым ми-

нистрлігі Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жанындағы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 53.34.01 Диссертациялық кеңестің мәжілісінде сөйлеген Жұмағали Ысмағұлұлының өз сөзін беруді жөн деп санап отырмын:

«Орда Гүлжаһанның 10.01.02 – Қазақ әдебиеті мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынып отырған «Қазақ әдебиеттану ғылымының проблемалары және Мұсілім Базарбаев зерттеулері» атты диссертациялық жұмысын біз Әдебиет тарихы секторы мен институттың Ғылыми кеңесінде талқылаған болатынбыз. Бұл жұмыспен толық танысып шыққанбыз. Бұл – докторлық диссертация талабына сай келетін, толық аяқталған, өзіндік айтары бар жұмыс. Диссертант М.Базарбаевтың алғашқы тырнақалдысынан бастап зерттей білген.

Соңғы уақытта фольклортану мен ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуге аса дең қойылып жүргені белгілі. Алайда бүгінде тарих қойнауына енген XX ғасырдағы әдебиеттану ғылымын зерттейтін де уақыт жетті. Осы түрғыдан алғанда қорғауға ұсынылып отырған жұмыс өзекті тақырыптардың бірін көтере білген. М.Базарбаев 1961 жылы жаңадан ашылған Әдебиет және өнер институтының тұнғыш директоры болды. Әдебиет институты тіл институтынан бөлініп шыққан жауапты кезеңде Мұқан Мұсілімді тегіннен-тегін директор сайлаған жок. Ол өзіне оң қол етіп, өзіне сенімді серік ретінде Мұсілімді таңдап алды. Содан бастап ол аталған институтты ұзак жыл басқарды. Мұсілім өзінің кең эрудициясының арқасында қыруар шараларды атқарды. Көп томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» жасалды. Сондықтан да казақ әдебиеттану ғылымында Мұсілім Базарбаевтың орны ерекше. Елуінші жылдары аға буын өкілдері қудалауға түскенде жас буын өкілдері дағдарып, нені қалай жазу керектігін білмей қалды. Сол тұста М.Базарбаев әдебиет тарихын зерттеуге белсене аласып, өзінің пікірлерін дәлелдеп бақты. Оның кандидат-

тық диссертациясына арқау болған «Қазақ поэзиясындағы еңбек адамының бейнесі» атты тақырыбы сол тұстағы ең өзекті мәселелердің бірі еді. Ақын-жазушылар кеңестік дәүірдегі еңбек адамының бейнесін қалай жасаймыз деп жатқанда Мұсілім зерттеуші ретінде оның жолын тауып көрсете білді. Еңбектің адам өміріндегі мәнін жоймайтындығы тәрізді еңбек адамының бейнесі де қай дәүірде де өз қажеттілігін жоғалтпаса керек. Ол 15 жыл осы қара шаныракты басқарған кезде қыруар шара аткарды.

Кейін тәуелсіздік алған жылдары да Мұсілім қазіргі қазақ әдебиетінің менгерушісі болып отырғандықтан, әдебиеттің актаңдақ беттерін зерттеуге басшылық жасады. Зерттеушінің толысып толған кезінде алаш әдебиетін зерттеуге белсене кіріскені мәлім. Оның Әлихан, Шәкәрім, Мағжан туралы зерттеулері осы жылдардың жемісі. Диссертант солардың бәрін де салыстыра отырып зерттеуге ден қойған. Сондықтан да бұл жұмыста тек қана М.Базарбаевтың емес, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бірнеше жылдық енбекі жинақталып, топталып, белгілі мәселелер төнірегінде салыстырыла зерттелген. Кеңестік дәүірдегі әдеби процесті зерттеуде диссертант жақсы жұмысты алып келіп отыр. Гүлжаһан қарындастырылған көп ізденіп, еңбектеніп, үлкен жұмысты алып келіп отыр. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларын М.Базарбаев зерттеулерімен әдемі ұштастырған еңбекті 50-90 жылдардағы әдеби процесті ғылыми саралаған алғашқы еңбектердің қатарында атауға болады. Гүлжаһан Орда институттың қалыптасқан, пісіп жетілген белді қызметкери, сондықтан осы жұмысы үшін Гүлжаһан Ордаға филология ғылымдарының докторы атағын беруге болады».

Осылайша Жұмағали ағам «Өзім деген адамға өзегін жұлдып беретіндігін» көрсетті. Дуалы ауыздан шықкан аталы сөз далаға кеткен жоқ. Иә, бұл Жұмағали Ысмағұловтың соңғы сөздерінің бірі ретінде тарихта қалды. Алдағы уақытта асыл ағаларымыздың мол сенімі мен үлкен үмітін актау бізге сын.

Ардақты ағамның кеш соына дейін көнілді отырған отырысы сол да старқан болды. Себебі, ағаларым асықпасын деп, үйдегі женгелерімді қоса шақыруды ұмытпаған едім. Мұсекенің жары Гүлбараш апайдың қасына серік болсын деген ниетпен Әбділхамит Нарымбетов ағамның жесірі Күлгайша апамды, Жұмекенің жары Фарида апамды, Құнімжан Байқадамова апаларымды шақырған болатынмын. Мен ойлағандай, Жұмағали ағам мен Фарида апам өз замандастарымен әңгімелесіп, көніл көтеріп біраз отырды. Оның үстіне менің бір әпкелерім Фарида апайдың шәкірттері болып шықты да, қу қыздар көптен көрмеген сері жезделерін биге шақырып, ағамызды біраз шаршатып тастанды. Ағамның сол күнгі сөзі, биі бәрі де бүгінге дейін көз алдымызыда...

Қазакта үлкенді сыйлау, үлкенге құрмет, кішіге ізет жасау деген сықылды жазылмаған қағидалар – атадан балаға жетіп, қанымызға сіңген қасиеттердің бірі. Осындай санғасырлар қалыптасқан халықтық педагогиканы бойына сінірген асыл ағаларымыз үлкенге құрмет, кішіге ізет жасаудың жақсы ұлгісін көрсетіп кетті. Одан біреулер үйреніп өнеге алса, енді біреулер аспаннан түскендей көрсе де көрмеген болды. Ал, біздің буынның екі ғасыр тоғысында өмір сүріп, екі қоғамдық формацияға куә болған ардақты ағаларымыздан ғылым мен өмір жолында алған өнегеміз болса жарап еді.

15 ақпан, 2012 жыл

АБЗАЛ АЗАМАТ

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушыларынан Құләш апамыздың Тұрсынбек ағамыз туралы естеліктерді жинап, қырыққұндік асына дейін кітап шығарғалы жатқанын естідім. Мұны естіген соң ағам туралы жазғандарымды қарасам, көпшілігі зерттеулері туралы екен. Естеліктер жинағы болған соң, асыл аға, абзal азамат туралы ойымда жүрген бірді-екілі жайттарды қағаз бетіне түсірейін деп, қолыма қалам алдым.

Оның біріншісі – асыл ағамның досқа деген адалдығы.

Қазакта «Досты періште қосады» деген аталы сөз бар. Ал, дос дегеннің түрі көп болады. Бірі – есепке құрылған қысқа достық, екіншісі – ешқандай есепсіз баянды достық. Өмір, қоғам, орта туралы ортақ пікірлі, бір максатты көздеңген жандардың достығы берік, әрі ғұмырылы болатындығын әдебиеттанушы-ғалымдар Мырзабек Дүйсенов, Рахманкул Бердібай, Тұрсынбек Кәкішұлы ағаларымыздың арасындағы ажырамас достықтан көрдік.

Тұрсынбек ағамыз елуінші жылдардың соңын ала, дәлірек айтсақ 1958 жылы Қазақ ССР Фылым академиясының Тіл және әдебиет институтының аспирантурасына түскен соң, өзімен пікірлес әріптестер, айнымас достар тапқан еді. Кезінде «три мушкетер» атанған олардың арасындағы қимас жолдастықты, досқа деген адалдықты олардың өз естеліктерінен оқыдық, қастарында жүріп куә болдық.

Саналы ғұмырын қазақ ғылымына арнаған Рахманкул Бердібай ағамыз өмірден өткенде Тұрсынбек Кәкішұлының Түркістанға күніреніп барып, адал досын егіле жоктағанын ел біледі, бүгінде оны көргендер ұмытқан жоқ.

Ал, өмірден ерте кеткен Мырзабек Дүйсенов туралы «Дос сыры», «Мақтауға да, мақтануға да лайық азамат», «Рухы биік дарын», «Шынайы достық» тәрізді естелік-эсселері мен макалалары Тұрсынбек ағамыздың жан досының әрбір мерейтойында қолына қалам алып, есте жүрген естеліктерін қағаз бетіне түсіргеніне мысал. Осылардың ішінен М.Дүйсеновтің 85 жылдығы қарсаңында жазыл-

ған «Шынайы достық» мақаласының жазылуына мен де күөгер болып едім. Ол туралы автордың өзі былай дейді: «М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, өзінің ғұламалық келбетіне дақ түсірмей үлкен абыраймен келе жатқан қарындасты Гүлжиһан Орда мен сонау Қызылордадан – беделіне дақ түсірмей келе жатқан атпал азамат Елеусін Төлегенұлы: – Дүйсенов Мырзабек ағамыздың 85 жылдығына арнап естелік кітабын шығару ісін қолға алып едік. Мырзакеннің ең жақын достарынан Сіз ғана көлендеп жүргенізге қуанып, телефон соғып жа-тырмын, – деген соң екі-үш жылдан бері қалам ұстамаған қолима қарап ем, «келіс, уәде бер!» дегендей саусақтарым жыбырлап қоя берді.

«Жарайды» дегенді мен оп-оңай айта алмаймын. Өйткені «Уәде – Құдай сөзі» екенін ешуақытта ұмытпай келе жатқаныма көзіқарақты әлеумет ісіне араласып жүргендер хабардар. Мырзабектей жан досыма жүрмелеген қаламды сындырып, лақтырып жіберуге бармын ғой».

Иә, солай болды да. 2013 жылдың тамыз айында Қызылорда қаласынан Елеусін Төлегенұлы телефон соқты.

– Гүлжиһан қарындасты, ағамның 80 жылдығын Сейіт Асқарұлы Алматыда атап өтті ғой. Биыл 85 жылдығын елде атап өтпекпіз. Мерейтойға дейін ағам туралы естелік-кітап шығарсам деген ойым бар. Кітапты шығаруды Астанадағы Мұратбек інім мойнына алып отыр. Бірақ көзін көрген ғалымдардың көпшілігі Алматыда ғой. Сондықтан, саған үлкен өтініш жасап отырмын. Алматыдағы замандастарынан біраз естелік жинап берсөн. Тұрсекең жақын досы ғой, ол кісімен хабарласып менің атымнан өтініш жасасаң, – деген тілегін білдірді.

– Қарындастым, – деп, жақын тартып тұрган ағама қалай – жоқ, – деп айтайын. – Жарайды, – деп уәде бердім де, іске кіріспін кеттім. Біздің институтта жұмыс істегендердің бірталайына телефон соқтым. Бірі жақын араластығым жоқ еді, – десе, енді бірі – жақсы білмеуші едім, – деген сылтаумен құтылып жатты. Жазады-ау, дегендердің қыр-сонына түсіп жүріп, бірсыныра қолжазбаны жинап алдым. Қолға

түскенін түскендей Мұратбек ағама жөнелтіп отырамын. Осылайша бір кітаптың жобасы жасалып та қалды.

Белгілі әдебиеттанушы-ғалым, жазушы М.Дүйсеновтің туғанына 85 жыл толуына орай 2013 жылдың 5-6 желтоқсанында Қызылорда қаласында өтетін конференцияға Алматы қаласынан Т.Кәкішев, Н.Ақыш және мен, Астана қаласынан С.Негимов, М.Тоқтағазин тәрізді әдебиеттанушылар бардық. 5-желтоқсан күні жергілікті телевидениеде отырып, бір сағаттан аса сұхбат жүргіздік. Онда Мырзабек Төлегенұлының өмірі мен шығармашылығы толығымен қамтылды. Біздің әңгімеміздің көрігін қыздырған Тұрсекеңнің қызықты естеліктері болды. 6-желтоқсанда өткен конференцияда Тұрсынбек ағамызың ұзақ сөйлемді. Бірақ сөйлеген сайын айта түссе екен деп, сілтідей тынып отырған тындармандар, өз жерлестерінің қандай ғалым, қандай азamat болғандығын естіп, таңдайларын қағысты.

М.Дүйсеновтің туған ауылына барып, ауыл мешітінде марқұмға құран бағышталды, Қызылорда қаласындағы өзі тұрған үйге ілінген тақтаниң алдында құран оқылып, суретке түстік, телевидениеге сұхбат беріп, конференцияда баяндамалар жасалды. Осыншама шараларды атқару барысында Тұрсекең таңың атысы, күннің батысы бір шаршадым деген сөзді айтқан жоқ. Керісінше әр шара өткен сайын, жузі нұрланып, ерекше құлышыныспен жүрді. Менің бұл сапардан түйгенім – Тұрсынбек ағамының досқа деген адалдығын қаламымен де, ісімен де дәлелдеп қайтқандығы еді.

Қызылордадан келген соң, 19-желтоқсанда өзі қызмет істеген М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында конференция өтті. Ағама тағы телефон соқтым.

– Тұрсынбек аға, Қызылордада айтқан әңгімелерініздің біразын біздің институтқа келіп айтып берсөніз, ғылыммен айналысам деп жүрген жастарға үлгі-өнеге болар еді. Ағам сөзге келмей, келісімін беріп, айтулы күні келісілген мерзімде Мұхтар Омарханұлы Әуезов атындағы мемориалдық мұражай-үйіне келіп, досқа деген құрметін және көрсетті.

Бұл конференцияда М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ҚР ҰFA корреспон-

дент мүшесі, филология ғылымдарының докторы Уәлихан Қалижанұлы кіріспе сөзінде Мырзабек Дүйсеновтің өмірі мен шығармашылығына қысқаша тоқталып, ғалымның осы шанырақта тұрактап қызмет еткенін ерекше атап өтсе, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Тұрсынбек Кәкішұлы шынайы достықтың қалай болатындығын дос туралы естелігінде нақты мысалдармен өрбітті. Филология ғылымдарының докторы, профессор Өтеген Күмісбаев өз сөзінде ғылымға адалдықтың белгілерін Мырзабек бойынан атап көрсетсе, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Жамбылтану ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Бекен Бекмұратұлы қаламгердің «Біз күн перзентіміз», «Бір аспанның астында», «Ғасырлар сыры» кітаптарының ғылыми танымдық қырларын таратса сөз етті. Сол университеттің Қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасының менгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірхан Сақаұлы өз баяндамасында ғалымның «Әдебиеттегі мазмұн мен түрдің бірлігі», «Ілияс Жансұгиров», «Ақын мұраты» атты монографияларының өзектілігіне тоқталды.

Ал М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкерлері, филология ғылымдарының докторлары Нұрдаulet Бабиҳанұлы баяндамасында жазушының «Гүлжан сүйеді», «Ана маҳаббаты» «Емтихан» хикаяттарының көркемдік қырларына тоқталса, мен әдебиеттанушы-ғалымның қазақ әдебиетінің тарихы, сыны, теориясын бірлікте зерттегенін «Ұлы Октябрь шуағы» (Т.Кәкішевпен бірге), «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты», «Ақын-жыраулар» (С.Негимов, К.Сейдехановтармен бірге) монографиялары негізінде өрбітіп, уақыт өтіп, қоғам өзгергенмен бұл зерттеулердің құны да, өзектілігі де арта түсетеңдігі жайында баяндалып.

Конференция соңында Мырзабек Дүйсеновтің келіні Зәуре Қадырқызы мен немересі Ерденқызы Мадина Дүйсеновалар М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер инсти-

тутының директоры Уәлихан Қалижанұлы мен ұжым мүшеріне шексіз алғыстарын білдірді.

Осы жиынға қатысушылар алдағы уақытта жазушы, әдебиеттанушы-ғалым Мырзабек Дүйсеновтің көптомдық шығармалар жинағын шығаруды қолға алу керектігін баса айтқан болатын. Сол іс қолға алынып, өткен бір-екі жылдың көлемінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Б.Кәрбозовтың басшылығымен жазушының көркем шығармаларының электрондық нұсқасы жасалды. Облыстық кітапханада жазушының көркем шығармалары сақталмағандықтан, оларға Алматы қаласындағы кітапханалардағы кітаптарды жеткізіп беруге тұра келді. Ғалымның зерттеу еңбектері Алматы қаласындағы «Ғылым ордасы» Орталық ғылыми кітапханасында сакталғандықтан, ендігі кезекте сол іс Алматы қаласында жалғасын табуда. М.Дүйсеновтің көптомдық шығармаларын жинау, бастыру туралы сөз болғанда Тұрсынбек ағам: – Бұл істі тек Гүлжиһанға ғана сеніп тапсыруға болады. Оны тек Гүлжиһан ғана жасай алады, – деген болатын. Ағамның сол сөзі шынға айналып, бүгінгі таңда көптомдық шығармалар жинағын дайындал жатқан жайымыз бар.

Екіншісі – мағжантану мен сөкентануға сінірген еңбектеріне қатысты.

2012-2014 жылдары біздің институттың ғалымдары «Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы аясында 34 томдық «Классикалық зерттеулер» сериясын шығарды. Жоба бойынша әдебиеттану мен өнертану ғылымына еңбегі сінген ғалымдардың әрқайсысына бір-бір том арнамақшы болдық. Бірақ бөлінген қаржының аздығына байланысты жоспарланған көптомдықтың үштен бірін ғана шығаруға тұра келді. Осындағы қысылтаяң уақытта бір томға екі немесе үш ғалымның зерттеулерін топтап беретін болып шештік. Тәуелсіздік дәүірдегі әдебиет және көркем публицистика бөлімінің еншісіне тиген авторларды іріктегендеге 2012 жылы F.Мұсірепов пен F.Мұстафиннің «Әдебиет туралы» зерттеулері бірінші томға енді. Ал 2013 жылы М.Базарбаев, Т.Кәкішев, С.Қирабаев еңбектерін шығару жоспарланды.

Академикке бір том, екі докторға бір том беретін болдық. «Жазған құлда жазық жоқ» дегендей, біздің бөлімнің томдарына жауапты болған сон, адам жұмысамай ағамның алдына өзім барайын деп шештім. Телефон соғып, келісілген уақытта үйіне бардым. Сөйтсем, ағам да ку ғой, мені түскі асқа туралап шақырып, етін астырып отыр екен. Ондағы ойы «от ала келгендей» болмасын, асықпай отырып әңгімелесейік дегені болса керек. Бұрынғы басшы, байырғы қызметкерлерден басталған әңгімә жана басшы мен жаңа жобалар төңірегінде тоғысып жатты. Жекелеген қызметкерлер туралы ойды ортаға салған сон, алдағы жобалар төңірегінде ой болістік. Біртіндеп келіп, классикалық зерттеулер сериясына ауыстым. Мұсілім Базарбаев екеуіне бір том беретіндігіміздің негізгі себептерін, әдемілеп жеткізіп-ақ жатырмын. Екеуіңіз құрдассыздар, бір оку орнында оқыдыныздар, әдебиетке бірге келдініздер, ғылым докторысыздар, зерттеу нысандарыңыз әдебиет тарихының төңірегінде түйіседі деген тәрізді басы ашық дүниелерді санамалап жатырмын. М.Базарбаев екеуінің арасындағы әңгімеге қанық мен бір жерден ши шығарып алmasам деп те қылпылдап отырмын. Асықпай отырып тыңдал болған сон: – Солай шешсөндер, мен неге қарсы боламын, – деді. Келісімін алған сон, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Б.Майлин, С.Шеріпов, Ж.Тілепбергенов, Е.Бекенов, С.Ерубаев туралы жазғандарының төңірегінде әңгімे тарта бастап едім.

– Жоқ, біз «Сайысты» берейік, ол өзі бір шыққан сон қайта басылған жоқ еді, – деді. Әңгіме бітті. Бұл – ағамның ғұмыр бойы тыңғылықты зерттеген мағжантану мен сәкентануға деген махаббатының бір көрінісі еді. Осылайша Мағжан мен Сәкенді таразының екі басына салып, олардың арасын ақыратқан саяси-әлеуметтік ахуалдың астарына үнілген зерттеуді алатын болдық. Олардың Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқыған жылдары, жастандарын «Бірлік» үйімы, М.Дулатовтың балдызы Гүлшашра сұлуға қатысты деректер, шығармашылық жолындағы ізденістер, Мағжанның «Шолпан», Сәкеннің «Өткен кундер» тәрізді тұңғыш жыр жинақтары туралы мәліметтер – бәрі де нақ-

ты деректерге сүйене баяндалғандықтан, бұл зерттеудің құндылығы құн өткен сайын арта түсетіні даусыз.

Осылайша көп томдықтың «Әдебиет – дәуір айнасы» деп аталатын 13 томы М.Базарбаев пен Т.Кәкішев зерттеулеріне арналды. Жыл аяғында аталған кітапты алып барғанда, – Гүлжиһан, сен мықты екенсін, өмірде басымыз қосылмаған Мұсілім екеумізді бір кітапта қостын, – деді ағам ағынан жарылып.

Үшінші айтайын дегенім – «көке» деген сөзге байланысты. Бұл сөздің не мәні бар екенін «Сұлтан Бейбарыс» көркем фильмін көргендердің бәрі білсе керек. Ес білмейтін бала кезінде тұтқын болып кеткен Бейбарыстың қартайған шағында атақтан да, даңқтан да баз кешіп, қолына аса таяғын ұстап елге оралуының үш себебі бар еді. Бейбарысты өмір бойы туған жерге тартқан құдіреттің бірі – қымыздың дәмі, екіншісі – жусанның исі, үшіншісі – «көке, кө-ө-ке-е» деген өз сөзі болатын, яғни ана тілі. «Көке» сөзінің мәнін ол сөзді өз орнында қолданатындар жақсы біледі, ол – жасы үлкендерге жаппай қолданыла бермейтін, «әке» деген сөздің орнына, не болмаса әкесіндегі қамкор да, жаңашыр адамға қаратыла айтылатын сөз.

Жоғарыда айтылған шаруалармен барғыштап жүргенде үйге екі өндірдей жігіттің кіріп-шығып жүргенін көрдім. Емін-еркін жүрістеріне қарағанда бірінші рет келіп тұрған қонақ емес, сол отбасының бір мүшесі тәрізді. Арасында: – көке, – деп, бұрыльып келіп шарауаларын айтып жатады. Оңтүстікте айтылатын бұл сөз мениң де жаныма жаға түсті. Алғашқыда апрай, «көке» дегендеріне қарағанда бұл жігіттер оңтүстіктен болды-ау, олар кім болды екен, – деген жұмбақпен кеттім. Келесі барғанда ағам бажасының осында оқып жүрген студент баласы екенін, тіпті өз баласында жақын болып кеткендігін құліп отырып әңгімелеп берді.

Қытай, Монголия және Ирандағы қазақ диаспоралары на барған экспедицияларында қасында болған баласының қызықты әңгімелерін айта отырып, арасында: – әй, Противный, – деп те қояды. Ағамның немересін еркелеткендей болып марқайып отырғанын көргенде үйге ризашы-

лық көнілмен қайттым. Бір барғанымда Күләш апамның жоғын білдірмей, асханада асын дайындал, көкелеп балдызы жүрді. Екі-үш рет барып, әр барған сайын көнілім толып қайтқан мен, ағамның онтүстіктің қызын алғанына іштей қуанып, және оған сүйсініп жүрдім. Бір отбасының адамдарында шүйіркелескен тірліктеріне тәнті болып, қазактың азamatын аялаған қазақ қыздарына деген құрметім бүрүнғыдан да арта түсті.

Осындай мәнді де, маңызды кездесулердің бірінде Тұрсынбек ағам: – шопырым дайын, үйге машинамен апарып саламын, – деп қарап отыр. Қаланың бір шетінде тұратын мен ұяттан жерге кірердей болып: – өзім кете беремін, осы жерден автобус жүреді, – деп қарсылық білдіргенімде, Күләш апам: – әуре болма, ағаң айтты, бітті, – деп кесіп салса, Тұрсынбек ағам: – қайта біз қаланы аралап қайтамыз, – деп, машинаға жайғасып, әңгімесін жалғай түсті...

Бәрін айт та, бірін айт Күләш апамның: – ағанының 85 жасқа толған тойынан өзіңе арнап алыш қойып едім, – деп қолыма жүзігін салып, Көкжиек ықшам ауданында тұратын мені көлігімен үйге жеткізіп салғанын қалай ұмытаяйын. Иә, Асыл аға, сіздің немереніздей балаға осындай құрмет жасағаныңызды мен ішімде бүгіп қала алмадым. Өзіңіз туралы ғалымдығыныз, азаматтығыныз әңгіме болып жатқанда, мен бүгін үлкен АДАМГЕРШІЛІГІНІЗ туралы айтқым келді. Әр азamat өзіңіз секілді ақын, ғалым, шенеунік болуды емес, АДАМ болуды ойласа, қазактың болашағы жарқын болар еді-ау...

2015 ж.

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ ЗЕРТТЕУЛЕР

Қазіргі поэмадағы мәңгілік мұраттар.....	4
Қазақ прозасының көркемдік көкжиегі.....	43
Желтоқсан шындығы әдебиетте.....	100

ЕКІНШІ БӨЛІМ ПОРТРЕТТЕР

Әди Шәріпов	164
Мырзабек Дүйсенов.....	192
Шериаздан Елеуkenov.....	204
Мыңбай Рәш.....	230
Нұргожа Ораз.....	239
Әкім Тарази.....	249
Марфуга Айтхожина.....	263
Жақсылық Самитұлы.....	273

ҮШІНШІ БӨЛІМ МАҚАЛАЛАР МЕН ЕСТЕЛІКТЕР

Б. Соқпақбаевтың «Менің атым қожа» хикаятын қайта оқығанда туған ой.....	297
Ж. Нәжімedenovтің романдары.....	313
В. Михайловаң «Ғаламат жұт шежіресі».....	332
Б. Майтановтың "Тәуелсіздік – күрес мұраты" атты зерттеу еңбегі туралы.....	339
Ұстазым менің (Ә. Нарымбетов).....	352
Ардақты ағаларым азайып бара жатыр (Ж. Ысмағұлов).....	365
Абзал азамат (Т. Кәкішев)	374



Гүлжанан ОРДА

Сөз құдіреті

Зерттеулер мен мақалалар

(Қазақ тілінде)

«Каратай КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –
Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжсанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсепбай*

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.
Пішімі 84x108^{1\32}. Шартты баспа табағы 20
Таралымы 2000+120дана.
Тапсырыс №

«Каратай КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143. офис 400
Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.
Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ISBN 978-601-7505-22-6



A standard linear barcode representing the ISBN number 978-601-7505-22-6. The barcode is composed of vertical black bars of varying widths on a white background.

9 786017 505226

1607-10

Б-Університетський Кінозалів
Науковий Академічний Себіоніум ГІ



000001516870



Гүлжан Орда

1992 жылы Абай атындағы Қазак педагогикалық университетінің филология факультетін бітірді. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет істейді. 1996 жылы «Кошке Кеменгерұлының әдеби мұрасы» деген тақырыпта кандидаттық, 2010 жылы «Мұсілім Базарбаев зерттеулері және әдебиеттану ғылыминың мәселелері» деген тақырыпта докторлық диссертация корғады.

Ол 1992-2012 жыл аралығында «Алаштын бір ардағы» (1998), «Көркем ойдың құдіреті» (2008), «Мұсілім Базарбаев зерттеулері және әдебиеттану ғылыминың мәселелері» (2010) атты зерттеу еңбектер жазып, «Қазақ әдебиеті» (1997), «Казахская литература» (1998), «Қазак журналдарындағы әдебиет және өнері» (1998), «Мұсілім Базарбайұлы Базарбаев» (2007), «Серік Смайылұлы Қирабаев» (2007), «Бакытжан Қаясханұлы Майтанов» (2012) сынды библиографиялық көрсеткіштерді құрастырды.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жасалған 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты ұжымдық еңбектің кеңестік дәүір әдебиетін зерттеуге арналған 7, 8, 9 (2004-2006) томдарының және «Қазақ әдебиеттану ғылыминың тарихы» (2008) атты ұжымдық еңбектердің негізгі авторларының бірі. Бұл еңбектерде Кошке Кеменгерұлы, Фали Орманов, Дихан Әбілев, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев сынды қаламгерлердің және казақ әдебиеттану ғылыминың ардагерлері Серік Қирабаев, Мұсілім Базарбаев, Әбділхамит Нарымбетовтердің өмірі мен шығармашылығы тәуелсіздік түрғысынан жаңаша зерттелді.